	Цилиндр және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (цилиндр); 2) цилиндр элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шешу; 3) есептерді шығаруда цилиндрдің қасиеттерін және оның элементтерін пайдалану.	1) Цилиндр және оның элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде цилиндрді таниды; 3) цилиндрді жазықтықта бейнелейді; 4) цилиндрдің жазықтықпен қималарын бейнелейді; 5) цилиндр элементтерін және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.
		1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (конус, қиық конус);	1) Конус, қиық конус және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде конусты, қиық конусты таниды;

Айналу денелері және оның элементтері	Конус және оның элементтері	2) конус, қиық конустың элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шығару.	3) жазықтықта конусты, қиық конусты бейнелейді; 4) конустың, қиық конустың элементтері және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.
	Сфера, шар және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін (сфера, шар және олардың элементтері) анықтау; 2) сфера, шар элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шығарады.	1) Сфера, шар және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде сфераны, шарды таниды; 3) сфераны, шарды жазықтықта бейнелейді; 4) сфера, шар элементтері және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.
Дененің көлемі	Денелер көлемінің жалпы қасиеттері. Көпжақтардың көлемі	1) Призма, пирамида және қиық пирамиданың көлемін анықтауды меңгеру.	1) Призма, пирамида және қиық пирамиданың көлемін табу формуласын қолданады.
	Айналу денелерінің көлемі	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін анықтауды меңгеру.	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін табу формуласын қолданады; 2) айналу денелерінің көлемін есептеу үшін есептер шығарады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
2-қосымша

Педагогикалық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Информатика" оқу пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың болашақ кәсіби қызметте заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша терең білім мен дағдыларын қалыптастыру.

3. Оқу пәнін жүзеге асыру келесі міндеттерді қамтиды:

1) білім алушыларда қоғамдағы ақпараттық процестердің рөлін, болашақ педагогикалық қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

2) білім алушыларды есептеу жүйелерінің, оның ішінде компьютерлердің қуаты мен тиімділігін дамытудағы заманауи қағидаттар мен тәсілдермен таныстыру;

3) талдау, абстракциялау, модельдеу және бағдарламалау арқылы білім алушыларды әртүрлі есептерді шығаруға үйрету;

4) білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеуіш ойлауын дамыту, оның ішінде жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және ортақ заңдылықтарды бөліп көрсету, тапсырмаларды шешудің тиімді және ұтымды жолдарын табу;

5) білім алушылар арасында ақпараттық мәдениетті – жалпы қабылданған ережелерді сақтауға және жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғамның мүдделері үшін әрекет етуге қалыптастыру;

6) пән аясында білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық сөздік қорын байытуына ықпал ету;

7) білім алушыларды есептеу платформасы негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды әзірлеу, құрастыру, бағдарламалау принциптері және әдістерімен таныстыру;

8) заманауи бағдарламалау ортасында бағдарламалау дағдыларын дамыту;

9) практикалық қолдану арқылы білімді тереңдету, оқуға деген ынтасын арттыру;

10) білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге және білім беру ресурстарын әзірлеуге қызығушылықты дамыту.

4. Пәннің мазмұны 7 Бөлімнен тұрады:

1) Денсаулық және қауіпсіздік.

2) Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету.

3) Мәліметтерді ұсыну.

4) Ақпараттық процестер мен жүйелер.

5) Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

6) Қосымшаларды әзірлеу.

7) Компьютерлік желілер.

5. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Денсаулық және қауіпсіздік" келесі тақырыптарды қамтиды: Жұмыс орнының эргономикасы. Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпарат пен зияткерлік меншікті қорғау. Киберқауіпсіздік және киберкультура негіздері.

2) "Аппараттық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету" келесі тақырыптарды қамтиды: Заманауи цифрлық құрылғыларды аппараттық-техникалық қамтамасыз ету. Мобильді құрылғылар. Иммерсивті оқыту технологиялары. Білім беру саласындағы бағдарламалық құралдардың (бағдарламалық қамтамасыз етудің) түрлері. Білім беру процесін басқаруға арналған бағдарламалық құралдар. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған бағдарламалық құралдар. Оқу процесінде қоғамдық және коммерциялық бағдарламалық құралдарды пайдалану.

3) "Мәліметтерді ұсыну" келесі тақырыптарды қамтиды: Ақпаратты кодтау. Екілік санау жүйесі. Сандарды әртүрлі санау жүйелеріне түрлендіру. Логикалық операциялар, ақиқат кестесі және оны құру.

4) "Ақпараттық процестер мен жүйелер" келесі тақырыптарды қамтиды: Ақпараттық жүйенің құрылымы. Мәліметтер базасының негізгі түсініктері: деректер мен атрибуттар, кілттер, өріс, жазба және байланыс. Реляциялық мәліметтер базасы. Реляциялық мәліметтер базасын құру: мәліметтер типтері, мәліметтер базасының құрылымын құру, мәліметтер арасындағы байланыстарды анықтау. Формалар, есептеулер. Құрылымдық сұраулар: дизайнер режимінде таңдау сұрауларын құру, команданың SQL, веб-парақшадағы мәліметтер базасымен байланыс; білім беруде мәліметтер базасын құру және пайдалану мысалдары.

Деректер туралы ғылым (Data Science). Үлкен деректерді талдау. Үлкен деректерді талдау үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану. Жасанды интеллект негіздері. Білім берудегі жасанды интеллекттің болашағы.

Заманауи цифрлық технологиялар. Блокчейн (Blockchain) технологиясы. Ашық білім беруде блокчейнді қолданудың болашағы, тәжірибесі және мәселелері.

Қазақстандағы цифрландыру. Электрондық үкімет. Қазақстанның білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы. Жаһандық цифрландырудың қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері.

5) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру" келесі тақырыптарды қамтиды: Бұлтты технологияның міндеттері мен жіктелуі. Бұлтты технологияларды қолдану салалары. Бұлтты технологиялар қызметтері. Google бұлтты қызметтері.

Бейнелермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар. Бейнеконтекст түсіру, монтаждау және өңдеу. Практикум. Жобаны әзірлеу және қорғау.

3D нысанды ұсыну; 3D панорама және виртуалды тур; 3D панорама құру; Виртуалды тур және сфералық панорама құру; виртуалды шындық (VR, Virtual reality) және толықтырылған шындық (AR, Augmented reality); білім беруде VR және AR технологияларын қолдану.

Білім берудегі дизайн. Сандық дизайн принциптері мен тәсілдері; компьютерлік дизайн негіздері; Web-дизайн. Сайтты әзірлеу: құрылымы, дизайны, сайттың басты беті, мазмұны, мультимедиа, сайтты жариялау және жылжыту; білім беру сайттарының шаблондары мен дизайны.

6) "Қосымшаларды әзірлеу" келесі тақырыптарды қамтиды: Қосымшаларды жобалау мен дамытудың негізгі кезеңдері. Даму орталары. Пайдаланушы функциялары мен рәсімдері; файлдармен жұмыс; сұрыптау әдістері; графиктер және оларды алгоритмдерде қолдану; Мобильді қосымшаларды әзірлеу. Мобильді қолданба интерфейсінің дизайны. Мобильді қосымшаларды құрастырушылар. Білім беру мақсаттары үшін мобильді қосымшаларды әзірлеу.

IT-стартап. Білім алушылардың стартап жобаларының мақсаттары мен міндеттері. Білім беру саласында IT қолданатын стартаптардың ерекшеліктері. Стартап-жобаларды коммерцияландыру негіздері: іске қосу, жылжыту және маркетинг. Білім беру стартаптарын жобалау және әзірлеу бойынша практикум.

7) "Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік" келесі тақырыптарды қамтиды: Компьютерлік желілер. Компьютерлік желілерді ұйымдастыру; желілерді жіктеу. Деректерді беру хаттамалары. Желідегі адрестеу жүйесі. Домендік атаулар, IP мекенжайы, DNS. Жергілікті және ғаламдық желілер.

6. Оқу жоспарларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндіктері:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, нысандарын, ұйымдастыру әдістерін және оқу процесін бақылау түрлерін таңдауға;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге сүйене отырып, пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының ретін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

7. Оқу жүктемесінің көлемі оқыту бағыттары мен біліктілігіне байланысты 48 - 72 сағат (2-3 кредит) аралығында.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
		Дәрістер	
		Теориялық	Практикалық
1 Бөлім. Денсаулық және қауіпсіздік.			

1.1. Эргономика және қауіпсіздік.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Жұмыс орнының эргономикасы. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы.			
Тақырып 1.1.2. Ақпараттық қауіпсіздік.			
Тақырып 1.1.3. Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау.			
Тақырып 1.1.4. Киберқауіпсіздік. Ғаламдық желідегі ақпаратты қорғау ережелері мен әдістері.			
Тақырып 1.1.5. Киберкультура. Желідегі байланыс ережелері мен мінез-құлқы. Желілік этикет.			
2 Бөлім. Аппараттық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету.			
2.1. Аппараттық-техникалық қамтамасыз ету.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Заманауи цифрлық құрылғыларды аппараттық-техникалық қамтамасыз ету. Мобильді құрылғылар. Иммерсивті оқыту технологиялары.			
2.2. Бағдарламалық қамтамасыз ету.			
Тақырып 2.1.2. Білім беру саласындағы бағдарламалық құралдардың (құралдардың бағдарламалық қамтамасыз етудің) түрлері.			
Тақырып 2.1.3. Білім беру процесін басқаруға арналған бағдарламалық құралдар.			

Тақырып 2.1.4. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған бағдарламалық құралдар. Оқу процесінде қоғамдық және коммерциялық бағдарламалық құралдарды пайдалану.			
3 Бөлім. Мәліметтерді ұсыну.			
3.1. Санау жүйелері.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Ақпаратты кодтау. Екілік санау жүйесі.			
Тақырып 3.1.2. Сандарды әртүрлі санау жүйелеріне аудару.			
3.2. Логика.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Логикалық операциялар. Ақиқат кестесі және оны құру.			
4 Бөлім. Ақпараттық процестер мен жүйелер.			
4.1. Мәліметтер базасы.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Ақпараттық жүйенің құрылымы. Мәліметтер базасының негізгі түсініктері: деректер мен атрибуттар, кілттер, өріс, жазба және байланыс.			
Тақырып 4.1.2. Мәліметтер базасының түрлері. Реляциялық мәліметтер базасы.			
Тақырып 4.1.3. Реляциялық мәліметтер базасын құру: мәліметтер типтері, мәліметтер базасының құрылымын құру, мәліметтер арасындағы байланыстарды анықтау.			
Тақырып 4.1.4. Формалар . Есептеулер.	+	+	+
Тақырып 4.1.5. Сұраулар. Құрылымдық сұраныстар : конструкторлық режимде таңдаулы			

сұраныстарды құру, SQL, веб-парақшаларда мәліметтер базасымен байланыс.			
Тақырып 4.1.6. Педагогикалық бағытта деректер қорын құру және пайдалану мысалдары.			
4.2. Ақпараттық процестер.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Деректер туралы ғылым (Data Science). Үлкен деректерді талдау. Үлкен деректерді талдау үшін машиналық оқыту әдістерін қолдану.			
Тақырып 4.2.2. Жасанды интеллект негіздері. Білім берудегі жасанды интеллекттің болашағы.			
Тақырып 4.2.3. Заманауи цифрлық технологиялар. Блокчейн (Blockchain) технологиясы. Ашық білім беруде блокчейнді қолданудың болашағы, тәжірибесі және мәселелері.			
4.3. Қазақстандағы цифрландыру	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи үрдістері. Электрондық үкімет.			
Тақырып 4.3.2. Қазақстанның білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы.			
Тақырып 4.3.3. Жаһандық цифрландырудың қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері.			
Бөлім 5. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру			

5.1. Бұлтты технологиялар.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Бұлтты технологияның міндеттері мен жіктелуі.			
Тақырып 5.1.2. Бұлтты технологияларды қолдану салалары.			
Тақырып 5.1.3. Бұлтты технологияларды қолдану салалары. Бұлтты технологиялар қызметтері.			
Тақырып 5.1.4. Google бұлтты қызметтері.			
5.2. Бейне контентті жасау.			
Тақырып 5.2.1. Бейне контентпен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар.			
Тақырып 5.2.2. Бейне контент түсіру, монтаждау және өңдеу.			
Тақырып 5.2.3. Бейне контент өңдеу бағдарламалары.			
Тақырып 5.2.4. Бейне контент қараудың стандартты бағдарламалары.			
Тақырып 5.2.5. Практикум. Жобаны әзірлеу және қорғау.			
5.3. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.			
Тақырып 5.3.1. Нысандардың 3D көрінісі . 3D модельдеу.			
Тақырып 5.3.2. 3D - панорама және виртуалды тур.			
Тақырып 5.3.3. 3D панорама құру. Панорамалық 3D бейне.			
Тақырып 5.3.4. Виртуалды тур мен сфералық панорама құру.			

Тақырып 5.3.5. Виртуалды шындық (VR, Virtual reality) және толықтырылған шындық (AR, Augmented reality).			
Тақырып 5.3.6. Білім беруде VR және AR технологияларын қолдану. Иммерсивті оқытуға кіріспе.			
Тақырып 5.3.7. VR/AR көмегімен оқытудың конструктивистік тәсілін жүзеге асыру.			
5.4. Білім берудегі дизайн .	+	+	+
5.4.1. Тақырып Сандық дизайн принциптері мен тәсілдері; Компьютерлік дизайн негіздері.			
Тақырып 5.4.2. Сайт құрылымы: сайттың басты беті, контент мазмұны, мультимедиа элементтері.			
Тақырып 5.4.3. Web-дизайн. Білім беру сайттарының үлгілері мен дизайны.			
Тақырып 5.4.4. Практикум. Сайт дизайны.			
5.5. Web-сайтты жобалау және әзірлеу.	+	+	+
Тақырып 5.5.1. Сайт дизайнын жасау. Сайттың басты бетін жобалау.			
Тақырып 5.5.2. Сайт мазмұнын жобалау және білім беру мазмұнын таңдау.			
Тақырып 5.5.3. Кесте, графикалық нысандар және мультимедиялық элементтер.			
Тақырып 5.5.4. Сайтты жариялау және жылжыту.			
6 Бөлім. Қосымшаларды әзірлеу.			

6.1. Алгоритмдеу және бағдарламалау.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Пайдаланушылар функциясы мен рәсімдері.			
Тақырып 6.1.2. Файлдармен жұмыс.			
Тақырып 6.1.3. Сұрыптау әдістері.			
Тақырып 6.1.4. Графикалық объектілерді бағдарламалау.			
6.2. Мобильді қосымшаларды әзірлеу.			
Тақырып 6.2.1. Қосымшаларды жобалау мен әзірлеудің негізгі кезеңдері. Әзірлеу орталары.	+	+	+
Тақырып 6.2.2. Қазіргі заманғы мобильді қосымшалар. Мобильді интернет пен мобильді қосымшалардың тарихы. Мобильді қосымшалардың түрлері.			
Тақырып 6.2.3. Мобильді қосымшаларды әзірлеуге арналған конструкторлар.			
Тақырып 6.2.4. Мобильді қосымша интерфейсі.			
Тақырып 6.2.5. Мобильді коннекторларды әзірлеу және орнату.			
Тақырып 6.2.6. Педагогикалық бағытта қолданылатын мобильді қосымшалар нарығына шолу.			
Тақырып 6.2.7. Білім беру мақсаттары үшін мобильді қосымшаларды әзірлеу.			
6.3. IT-стартап.	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Білім алушылардың стартап жобаларының мақсаттары мен міндеттері. Білім беру			

саласында ІТ қолданатын стартаптардың ерекшеліктері.			
Тақырып 6.3.2. Стартап-жобаларды коммерцияландыру негіздері: іске қосу, жылжыту және маркетинг.			
Тақырып 6.3.3. Білім беру стартаптарын жобалау және әзірлеу бойынша практикum.	+	+	+
Бөлім 7. Компьютерлік желілер.			
7.1 Желілік компоненттер және қауіпсіздік.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Компьютерлік желілер. Компьютерлік желілерді ұйымдастыру.			
Тақырып 7.1.2. Желілерді жіктеу. Деректерді беру хаттамалары. Желідегі адресстеу жүйесі. Домендік атаулар, IP мекенжайы, DNS.			
Тақырып 7.1.3. Жергілікті және ғаламдық желілер.			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Денсаулық және қауіпсіздік	Эргономика және қауіпсіздік	<p>1) Өртүрлі электрондық құрылғылармен жұмыс істеу кезінде денсаулық сақтау әдістерін қолдану;</p> <p>2) желідегі қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау;</p> <p>3) компьютерді қорғау үшін антивирустық бағдарламаларды пайдалану;</p>	<p>1) Өр түрлі электронды құрылғылардан келетін жағымсыз әсерлерден қорғау әдістерін тиімді қолданады;</p> <p>2) компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау үшін антивирустық бағдарламалық жасақтаманы қолданады;</p> <p>3) "ақпараттық қауіпсіздік", "күпиялылық" және "иммунитет" ұғымдарының мазмұнын ашады;</p>

		4) "ақпарат және қауіпсіздік", "күпиялылық" және "тұтастық". терминдердің мағынасын түсіндіру.	4) қауіпсіздік шаралары, оның ішінде деректердің сақтық көшірмесін жасау және шифрлау ұғымдарын сипаттайды; 5) ақпараттың қолжетімділігін, тұтастығын және күпиялылығын қамтамасыз ету процесін зерттейді.
Аппараттық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету	Аппараттық құрал	1) Орталық процессор компоненттерінің функциялары мен жұмыс принципін білу; 2) мобильді құрылғылардың негізгі компоненттерінің сипаттамаларын түсіндіру.	1) Процессордың жеке бөліктері ретінде функцияларды (басқару блогы), АЛС (арифметикалық логикалық блок) және жад регистрін сипаттайды; 2) мобильді құрылғылардың (планшет, телефондар) негізгі құрамдас бөліктерінің сипаттамаларын салыстырады.
	Бағдарламалық қамтамасыз ету	1) Виртуалды жад қолданылуын түсіндіру; 2) нақты мақсаттар үшін бағдарламалық құралды таңдау.	1) Виртуалды машиналар қалай жұмыс істейтінін сипаттайды; 2) педагогикалық бағыттағы бағдарламалық қамтамасыз ету мысалдарын келтіреді.
Мәліметтерді ұсыну	Санау жүйесі	1) Сандарды бір санау жүйесінен екіншісіне ауыстыру.	1) Бүтін сандарды оннан екілік, сегіздік, он алтылық санау жүйесіне түрлендіреді.
	Логика	1) Компьютерлік логикалық схемаларда қолданылатын ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, КЕРІ негізгі элементтерін түсіну; логикалық схемалар мен логикалық өрнектерді құру.	1) Логикалық амалдарды (дизъюнкция, конъюнкция, инверсия) қолданады; 2) берілген логикалық өрнек үшін ақиқат кестелерін құрады; 3) логикалық өрнектерді логикалық схемаларға және керісінше түрлендіреді; 4) Unicode (юникод) және ASCII (аск(и)і)

			таңбалары кодтау кестелерін салыстырады.
Ақпараттық процестер мен жүйелер	Мәліметтер базасы	<p>1) Мәліметтер қорының негізгі ұғымдарын сипаттау;</p> <p>2) бір кестелік мәліметтер қорын жасайды;</p> <p>3) көп кестелі мәліметтер қорын құру; мәліметтер типтерін жүйелеу;</p> <p>4) мәліметтер базасында есептерді, нысандарды, сұраныстарды жасау.</p>	<p>1) "Реляциялық деректер қоры" түсінігін түсіндіреді;</p> <p>2) терминдерге: өріс, жазба, көрсеткіш анықтамаларын тұжырымдайды</p> <p>3) көп кестелі мәліметтер қорын жасайды;</p> <p>4) конструкторды пайдаланып сұрау үлгісін жасайды.</p>
	Ақпараттық процестер	<p>1) "Жасанды интеллект және блокчейн технологиясы дегеніміз не?" деген сұрақтарға жауап беру;</p> <p>2) Қолдану салаларын және жасанды интеллект пен блокчейн технологиясын сипаттау;</p> <p>3) Білім беруде жасанды интеллект пен блокчейн технологиясын қолдану перспективаларын ұсыну.</p>	<p>1) Машиналық оқыту принциптерін, нейрондық желілерді (нейрондар мен синапстарды) түсіндіреді;</p> <p>2) педагогикалық бағытта жасанды интеллектті пайдалану мүмкіндіктерін сипаттайды;</p> <p>3) жасанды интеллект әзірлеуде "Мұғаліммен бірге оқу" әдісін қолдану салаларын сипаттайды.</p>
	Қазақстандағы цифрландыру	<p>1) Қазақстандық қоғамды цифрландыру үрдістерін білу;</p> <p>2) электрондық қызметтерді, оның ішінде білім беру саласында Е-Қазақстан Үкіметі ұсынатын қызметтерді қолдану;</p> <p>3) Қазақстандық әзірлеушілердің цифрлық ресурстары мен қызметтерін білу және пайдалану.</p>	<p>1) Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи үрдістерін талдайды;</p> <p>2) электрондық үкімет порталының педагогикалық бағытында көрсетілетін қызмет түрлерін пайдаланады.</p>
		<p>1) Бұлтты технологияларды</p>	<p>1) "Бұлтты есептеулер", "бұлтты технологиялар" ұғымдарын біледі;</p> <p>2) бұлтты технологиялардың түрлері мен бағыттарын сипаттайды;</p> <p>3) бұлтты қызметтермен жұмысты ұйымдастыра алады;</p>

	<p>Бұлтты технологиялар.</p>	<p>тапсырмалар бойынша ажырату; 2) бұлттық технологияларды пайдалана отырып, қашықтан өңдеу үшін құжаттарыңызға қолжетімділікті аша білу; 3) құжаттарды бірлесіп өңдеу.</p>	<p>4) бұлтты есептеулерді енгізудің үш моделін қарастырады, олардың жеке өмірде және бизнесте қолданылуын талқылайды; 5) қолжетімділік файлдарын (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, электрондық кестелер) қашықтан пайдаланады және бірлесіп өңдейді; 5) бұлтты есептеулердің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажыратады</p>
<p>Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру</p>	<p>Бейне контентті құру</p>	<p>1) Бейне контентті жасау; 2) сценарийлік бейнеклиптерді жасау, дыбыстарды, кескіндерді, эффектілерді, ауысуларды және мәтінді өңдеу және қосу; 3) бейнемен жұмыс істеуге арналған бағдарламаларды зерттеу және пайдалану; 4) бейнені өңдеудің әдістері мен функцияларын меңгеру; 5) графикалық файл пішімдерін ажырату.</p>	<p>1) Түсірілім мен бейнені өңдеудің негізгі принциптерін атайды; 2) бейнемен жұмыс істеу бағдарламаларымен және бейнені өңдеу ережелерімен танысады; 3) бейнежазбаны өңдеудің және бейнежазбаның негізгі принциптерін ұстанады; 4) бейнемен жұмыс істеуге арналған бағдарламаларды қолданады; бейнеклиптерді өңдейді; 5) графикалық файл пішімдерін ажырату және оларды түрлендіреді; 6) дыбыстарды, суреттерді, эффектілерді, қимыл-қозғалысты және мәтінді қосып, өз сценарийі бойынша бейнероликтер жасайды; 7) бейнемен жұмыс істеуге арналған бағдарламалардың мүмкіндіктерін салыстырады; 8) тәжірибеде бейне өңдеу бағдарламаларын қолданады.</p>
			<p>1) Виртуалды толықтырылған шындықтың адамның</p>

	3D модельдеу	<p>1) Адам көрінісімен 3D панорама (виртуалды тур) жасау;</p> <p>2) виртуалды шындықтың жұмыс принципін және оның әсерін түсіндіру;</p> <p>3) толықтырылған шындықтың жұмыс принципін түсіндіру;</p> <p>4) виртуалды шындық пен 360 бейне, виртуалды шындық пен толықтырылған шындық арасындағы айырмашылықтарды білу.</p>	<p>психикалық және физикалық денсаулығына әсерін түсіндіреді;</p> <p>2) "виртуалды өмірдің" жақсы және жаман жақтарын салыстырады;</p> <p>3) виртуалды тур түсінігін сипаттау;</p> <p>4) 3D панораманы құру кезеңдерімен танысады;</p> <p>5) виртуалды турларды құру үшін бағдарламалық қосымшаларды пайдаланады;</p> <p>6) педагогикалық бағытта VR және AR технологияларын қолдану мүмкіндіктерін түсіндіреді;</p> <p>7) 3D панорама-виртуалды тур жасайды.</p>
	Web-дизайн	<p>1) Веб эргономикасының ерекшеліктерін ескере отырып, графикалық редактордың көмегімен сайттың дизайн макетін әзірлеу;</p> <p>2) білім беру мақсаттары үшін сайт құрастырушысының көмегімен сайт жасау;</p> <p>3) веб-парақшаға мультимедианы ендіру (аудио және бейне);</p> <p>4) веб парақшаны жариялау;</p> <p>5) сайтты жылжыту әдістерін білу және түсіндіру.</p>	<p>1) "Педагогикалық дизайн" ұғымдарын түсіндіреді;</p> <p>2) "сайт" және "дизайн" ұғымдарын ажыратады;</p> <p>3) сайт дизайнының принциптері мен тәсілдерін біледі;</p> <p>4) әр түрлі дизайн элементтерін қолдана отырып сайттың макетін жасайды;</p> <p>5) конструктор көмегімен білім беру сайты жасайды.</p>
	Алгоритмдеу және бағдарламалау	<p>1) Функция мен процедураларды қолдана отырып алгоритм жасау;</p> <p>2) әр түрлі сұрыптау әдістерін қолдана отырып алгоритмдер жасаңыз.</p>	<p>1) Тапсырмаларды шешуде функциялар мен процедураларды қолданады;</p> <p>2) сұрыптау алгоритмдерін қолдана отырып есептерді шешеді.</p>
			<p>1) Конструкторда мобильді қосымшаның интерфейсін әзірлейді;</p>

Қосымшаларды әзірлеу	Мобильді қосымшалар	<p>1) Қосымшаны конструктор компоненттерін қолдана отырып, мобильді қосымшаның интерфейсін жасау;</p> <p>2) "смарт үй" жобасын жасау;</p> <p>3) оқытуға арналған мобильді қосымшаны әзірлеу.</p>	<p>2) смарт үй құрылғысын басқару бағдарламасын әзірлейді;</p> <p>3) смарт үй құрылғысы басқару бағдарламасын дамытады;</p> <p>3) смарт үй сенсорларынан деректерді беруді ұйымдастырады;</p> <p>4) педагогикалық бағытта қолданылатын қосымшаны әзірлейді.</p>
	IT Startup	<p>1) Стартап жобалар тұжырымдамасын сипаттау;</p> <p>2) білім беру саласындағы IT пайдалана отырып, стартаптардың ерекшеліктерін білу.</p>	<p>1) Startup тұжырымдамасын білдіреді;</p> <p>2) краудфандинг алаңдарының жұмыс істеу принциптерін түсіндіреді;</p> <p>3) стартап-жобаларды коммерцияландыру кезеңдерінің негіздерін ұсынады.</p>
Компьютерлік желілер	Желі компоненттері және қауіпсіздік	<p>1) Желілік компоненттердің жұмысын сипаттау (желі түйіндері, маршрутизаторлар, коммутаторлар);</p> <p>2) желідегі адресстеу жүйесін түсіндіру.</p>	<p>1) Компьютерлік желілердің жіктелуін біледі;</p> <p>2) желідегі адресстеу жүйесін түсіндіреді;</p> <p>3) домендік атауларды, IP мекенжайын, DNS анықтайды;</p> <p>4) ғаламдық және жергілікті желілердің мақсаттарын, мүмкіндіктері мен функцияларын түсіндіреді.</p>

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
3- қосымша

Педагогикалық бағыттың "Қазақ тілі" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Қазақ тілі" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ тілі" пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

3. "Қазақ тілі" оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) "Қазақ тілі" пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Оқу бағдарламасының ерекшелігі – тек пәндік білімді қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Оқыту нәтижелері білім алушылар бойында келесі негізгі құндылықтарды қалыптастыруға негізделген: патриотизм және азаматтық жауапкершілік, сыйластық, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

4. Оқу мақсаттары педагог пен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірліктік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) әдеби тіл нормасы.

"Тыңдалым және айтылым" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) негізгі ойды анықтау;
- 4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;
- 5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

"Оқылым" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) мәліметтерді өңдей білу;
- 6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

"Жазылым" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;
- 2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 3) эссе жазу;
- 4) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 5) шығармашылық жұмыс;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

Әдеби тіл нормасы Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) орфография;
- 2) орфоэпия;
- 3) лексика;
- 4) грамматика;
- 5) пунктуация.

5. Қазақ тілі пәнінің үлгілік бағдарламасында 10 Бөлім қарастырылған:

"Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті", "Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті", "Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Тілдік жүйе және норма", "Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі. Тілдік жүйе және норма", "Білім. Ғылым. Инновация. Тілдік жүйе және норма", "Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль", "Сәулет өнері. Стильдік ерекшеліктер", "Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер. Пунктуация", "Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Пунктуация", "Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер", "Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер", "Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер", "Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер", "Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер", "Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік

сөздер", "Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер", "Табиғат және экология. Шешендік сөздер", "Жаңа әлемдегі театр мен киноматография. Шешендік сөздер", "Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер".

Мазмұны:

1) Тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, тиісті ақпаратты анықтай білу, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану.

2) Оқылым: әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау, таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іс-қағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу.

3) Жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі, мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып

мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау, көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау.

4) Әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану, мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

6. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

7. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

8. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
		Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық

1 Бөлім. Тіл және алаш идеясы. Фонетика.			
1.1.Қоғамдық құндылық.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Алаш идеясы мен қозғалысы, ұраны, кітаби тілге қатысты белгілер. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдары.			
Тақырып 1.1.2. Алаш арыстары тіл туралы. Тілдің адам өміріндегі рөлі. Буын түрлері.			
Тақырып 1.1.3. Ахмет Байтұрсынов "Тіл құралы", Мағжан Жұмабаев "Педагогика" оқу-ағартуға қатысты еңбектері. Үндестік заңы, буын үндестігі.			
Тақырып 1.1.4. Ж. Аймауытов "Тәрбие жетекшісі", "Психология" еңбектері. Дыбыс үндестігі, ықпал түрлері.			
2 Бөлім. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Лексика. сөз мағыналары фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері.			
2.1. Қазақ халқының мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Мұхит асқан туынды, сөз байлығы. Омоним, синоним, антонимдер.			
Тақырып 2.1.2. Әбу Насыр әл-Фарабидің "Музыканың үлкен кітабы" атты еңбегі. Кәсіби сөздер, неологизмдер.			
Тақырып 2.1.3. Қазақ өнерінің әлемге танылуы. Ә.Қашаубаев, Шара Жиенқұлова, Отырар тарихы, өркениеті. Қазақ отбасының құндылықтары. Термин, диалект сөздер.			

3 Бөлім. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөзжасам.			
3.1.Қазіргі қоғам.			
Тақырып 3.1.1. Қазақ мәдениеті мен ақыл-ойының заңғар биігі . Шәкәрім, Мағжан мен Жүсіпбек.Сөз құрамы.			
Тақырып 3.1.2. Отырар тарихы, өркениеті. Қазақ отбасының құндылықтары. Сөз тудырушы,сөз түрлендіруші жұрнақтар.			
Тақырып 3.1.3. Көшпенділер өркениеті. Жалғау, оның түрлері.			
Тақырып 3.1.4. Әншілер мектебі. Сөз таптары.			
4 Бөлім. Қазақ тәрбие мектебі. Синтаксис. Сөйлем мүшелері.			
4.1. Қазақ халық педагогикасы.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Қазақ халық педагогикасы.Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.			
Тақырып 4.1.2. Асанқайғы, Мұхамед-Хайдар Дулати еңбектері. Сөйлем тұрлаусыз мүшелері, толықтау.			
Тақырып 4.1.3. Жүсіп Баласағұн "Құтты білік", Ахмет Жүгнеки "Ақиқат сыйы" еңбектері. Анықтауыш, пысқтауыш.			
Тақырып 4.1.4. Қазақ музыкалық шығармашылығындағы тәрбие мазмұны; халық күйлері, халық әндері. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.			

5 Бөлім. Ұлттық тәлім-тәрбие. Сөйлем түрлері.			
5.1.А.Құнанбаев шығармаларының тәрбиелік мәні.	+	+	+
Тақырып 5.1.1 А. Құнанбаев шығармаларының тәрбиелік мәні. Жай сөйлем, жақты, жақсыз, толымды, толымсыз түрлері.			
Тақырып 5.1.2. Ы. Алтынсарин шығармаларындағы білім-ғылым тақырыбы; тәрбиелік мәні.Жалаң, жайылма, атаулы сөйлемдер.			
Тақырып 5.1.3. Салт-дәстүр –тәрбие көзі. Құрмалас сөйлем.			
Тақырып 5.1.4. Қыз бала тәрбиесі. Салалас құрмалас сөйлем.			
Тақырып 5.1.5. Ер бала тәрбиесі. Сабактас, аралас, құрмалас сөйлемдер.			
6 Бөлім. Сәулет өнері. Пунктуация.			
6.1. Қазақстан сәулет өнерінің дамуы.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгісі.			
Тақырып 6.1.2. Киіз үй – ғажап сәулет туындысы. Сұрау белгісі.			
Тақырып 6.1.3. Қазақ жеріндегі ежелгі кесенелер. Леп белгісі.			
Тақырып 6.1.4. Әлемнің жеті кереметі. Нүктелі үтір, қос нүкте.			
7 Бөлім. Сөз мәдениеті және шешендік өнер.			

7.1. Шешендік өнер тарихы мен зерттелуі.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Шешендік өнер тарихы мен зерттелуі. Майқы би, Аяз би. Сөйлеу шеберлігіне қойылатын талаптар.			
Тақырып 7.1.2. Жиренше шешен, Асан қайғының нақыл сөздері. Сөйлеу мәдениетінің зерттелуі. Сөз дәлдігі.			
Тақырып 7.1.3. Шалкиз жырау, Бұқар жырау. Тіл – тарихтың айнасы. Қазақ әліпбиінің даму кезеңдері . Шешендік сөзер туралы жалпы түсінік.			
Тақырып 7.1.4. Қазақ билері. Бабалар сөзі – даналық көзі. Ауызекі сөйлеу тілі.			
Тақырып 7.1.5. М. Жүсіп Көпейұлының насихат сөздері.Сөз дәлдігі.			
8 Бөлім. Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма.			
8.1.Адам өмірін қорғау – басты міндет.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Адам өмірін қорғау – басты міндет. Әбети тіл.			
Тақырып 8.1.2. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Тіркестердің мағыналық байланысы.			
Тақырып 8.1.3. Адам өмірі және қоршаған орта . Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.			
Тақырып 8.1.4. Спорттың адам өміріне пайдасы. Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі.			
9 Бөлім. Жастар мәдениеті және мәселесі.Стиль түрлері.			

9.1. Ел тірегі – білімді жастар.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Ел тірегі – білімді жастар. "Болашақ" бағдарламасы. Ауызекі сөйлеу стилі.			
Тақырып 9.1.2. "Тәрбиеші", "Мұғалім" мамандықтарының қыр-сыры. Публицистикалық стиль.			
Тақырып 9.1.3. Қазақстан жастарын қауымдастығы. Көркем әдебиет тілінің стилі.			
10 Бөлім. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Тіркес түрлері.			
10.1. Қазіргі қоғам.	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Қоғам. Қазіргі қоғам. Тұрақты сөз тіркесі.			
Тақырып 10.1.2. Еуропамен миграциялық байланыс. Зияткерлік миграция. Еркін тіркес.			
Тақырып 10.1.3. Жастардың зияткерлік бағдарламасы. Жай сөз және күрделі сөз тіркестері.			
11 Бөлім. Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Ресми іс -қағаздар стилі.			
11.1. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар. Өмірбаян.			
Тақырып 11.1.2. Әлемді таңқалдырған қазақ өнерпаздары. Мінездеме.			
12 Бөлім. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Стиль ерекшеліктері.			
12.1.Тарихи жәдігерлер. "Мәдени мұра" бағдарламасы.	+	+	+

Тақырып 12.1.1. Тарихи жәдігерлер. "Мәдени мұра" бағдарламасы. Ғылыми, ресми стиль ерекшелігі.			
Тақырып 12.1.2. Ұлы даланың жеті қыры. Публицистикалық, көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері.			
13 Бөлім. Табиғат және экология. Мәтін.			
13.1. Қазақстанның табиғаты.	+	+	+
Тақырып 13.1.1. Қазақстанның табиғаты. Өңгімелеу мәтін, сипаттамылқ мәтін .			
Тақырып 13.1.2. Туған жер табиғаты. Баянауыл өңірі. Дәлелді мәтін.			
Тақырып 13.1.3. Семей полигоны. О.Сүлейменов үлесі. Жарнамалық мәтін.			
Тақырып 13.1.4. Арал теңізінің проблемасы. Газет мәтіні.			
14 Бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс Сөйлеу мәнерлігі.			
14.1. Еңбек нарығы және сұраныс.	+	+	+
Тақырып 14.1.1. Еңбек нарығы және сұраныс. Болашақтың мамандығы. Жазбаша сөйлеу.			
Тақырып 14.1.2. Цифрлы Қазақстан: мамандыққа сұраныс. Ауызша сөйлеу, диалог.			
Тақырып 14.1.3. Қазақстандағы жұмыс күші қозғалысы. Ауызша сөйлеу, монолог.			
Тақырып 14.1.4. Педагог мәртебесі туралы. Дикция.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Тіл және алаш идеясы. Орфография	Қоғамдық құндылық	1) Алаш арыстары тіл туралы нақыл сөздерін жаттау. Тілдің адам өміріндегі рөлін ұғу; 2) А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың оқу-ағартуға қатысты еңбектерін танысады	1) Алаш арыстары тіл туралы нақыл сөздерін ұғады, жаттайды. Тілдің адам өміріндегі рөлін ұғады; 2) А. Байтұрсынов, М.Жұмабаев; Ж.Аймауытовтың оқу-ағартуға қатысты еңбектерін оқиды, түсінеді.
Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Орфография	Қазақ халқының мәдениеті	1) Мұхит асқан туынды, мамандандырылған сөздерді меңгереді; Әбу Насыр әл-Фарабидің "Музыканың үлкен кітабы" атты еңбегімен танысу; 2) Қазақ өнерін әлемге танытқан өнер иелірімен танысу	1) Өнер және мәдениет қайраткерлерінің еңбектеріне шолу жасай біледі; 2) ұсынылған материалдармен жұмыс істеуге үйренеді.
Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Фонетика	Қазіргі қоғам	1) Халқымыздың ұлттық болмысын көрсететін мәдениеті, өнері, көшпенділер өркениеті, тілі туралы мағлұмат алу; 2) мәтіндегі негізгі ойды анықтау; 3) фонетика туралы жалпы түсінік қалыптасады	1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өндейді; 2) мәтін үзінділері бойынша өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 3) мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
Қазақ тәрбие мектебі.Әдеби норма	Қазақ халық педагогикасы.	1) Қазақ тәрбие мектебінің негізін қалаған зиялы қауым өкілдерін туралы білім жинақтайды; 2) оқылым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазуға дағдылану.	1) Ұсынылған материалдармен шығармашылық жұмыстар жасай біледі; 2) мәтін бойынша негізгі ойды анықтап, өз тұжырымымен бөліседі; 3) мәтіндердегі негізгі ойды талдайды, стиль түрлін анықтайды; 4) әдеби тіл мен көркем тіл ерекшеліктерін ажыратады.
		1) Ұлттық тәлім-тәрбие туралы түсінігін кеңейту;	1) Тақырып бойынша білімдерін жетілдіреді;

Ұлттық тәлім-тәрбие. Сөзжасам	А. Құнанбаев шығармаларының тәрбиелік мәні.	2) Ұлы ағартушылардың еңбектерінмен танысу, салт-дәстүрдің тәрбиедегі ролін білу.	2) шығармашылық бағытта әрекет ету дағдысы қалыптасады; 3) сөзжасам туралы жалпы түсініктері қалыптасады
Сәулет өнері. Синтаксис	Қазақстан сәулет өнерінің дамуы	1) Сәулет өнері туралы кең түрде түсінік алу, Қазақ елінің, әлемнің сәулет өнерімен танысады, киіз үйдің ерекшелігімен меңгереді; 2) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойын еркін жазып, жетізе білу.	1) БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала біледі, сілтеме жасайды; 2) қажетті моқу материалдарын қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады; 3) оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктейді; 4) мәтіндерді түзетеді және редакциялайды.
Сөз мәдениеті және шешендік өнер	Шешендік өнер тарихы мен зерттелуі.	1) Сөз мәдениеті, шешендік өнер туралы жалпы мәліметпен, бабалар қалдырған ұлы мұрамен танысу;	1) Алған білімді тәжірибеде ұштастырады; 2) мәтін бойынша негізгі ойды анықтйды, тұжырым жасайды; 3) сөйлеу мәдениетін меңгереді
Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және тілдік норма	Адам өмірін қорғау – басты міндет.	1) Адам өмірінің маңыздылығы және осы бағытта атқарылатын іс-шаралар туралы мағлұмат алу; 2) көпшілікке арналған очерктің жанрлық ерекшелігін талдау.	1) Әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады; 2) синтаксистік нормаларды сақтайды.
Жастар мәдениеті және мәселесі.Стиль түрлері	Ел тірегі – білімді жастар.	1) Қазіргі кездегі жастар мәселесін білу, жастарға арналған түрлі бағдарламалармен танысу;	1) Оқылым, жазылым материалдарымен жұмыс істей біледі; 2) шығармашылық бағытта топта әрекет ете

		2) Болашақ мамандықтың қыр-сырын меңгеру;	білу, эссе жазуға машықтанады;
Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс қағаздар стилі	Қазіргі қоғам	1) Қазіргі қоғам, ондағы өзгерістер мен миграция мәселесімен танысу; 2) жастардың зияткерлік бағдарламасын іске асыру жолдарын білу, Ресми іс қағаз түрлерін меңгеру.	1) Тындалған мәтіндегі, астарлы ойды бағалайды; 2) тақырыпта көтерілген мәселені сыни бағалайды; ; 3) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды; 4) ресми іс қағаз үлгілерін толтыра біледі.
Әлемді өзгерткен өнер табыстары Публицистикалық стиль	Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар.	1) Дүниежүзіне белгілі өнер иелері және ұлы жаңалықтармен танысу; 2) публицистикалық стиль, рецензияның құралы түсінік.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды; 4) мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтайды
Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Мәтін. Пікірталас	Тарихи жәдігерлер. " Мәдени мұра" бағдарламасы.	1) Қазақ елінің тарихи жәдігерлері, Ұлы дала жеті қырмен тансысу; 2) мәтін құрылымымен меңгеруі, деректерді талдау.	1) Тарихи жәдігерлердің өз тарихымызға қосқан үлесін біледі, болашаққа апарар жол Ұлы даланың жеті қырының әлеуметтік жағдайды көтеру жолы екендігін түсінеді.
Табиғат және экология	Қазақстанның табиғаты	1) Қазақстанның табиғаты, Семей полигоны, Арал теңізі жайында білімдерін толықтау.	1) Мәтінде көтерілген мәселеге баға береді; Қазақстан экологиясын жақсарту жолдарын меңгереді, өз үлестерін қосуға талпынады.
Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі	Еңбек нарығы және сұраныс.	1) Еңбек нарығы, Қазақстанды цифрландыру, педагог мәртебесімен танысу.	1) Берілген материал көздерінен қажетті деректерді ала біледі; 2) сөйлем және мәтін деңгейінде нүктелі үтір, жақша, тырнақша сияқты тыныс белгілерін қолданады;

Педагогикалық бағыттың "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнін оқытудың мақсаты – ұлтымыздың құнды мұралары арқылы білім алушылардың ой-танымын, ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын дамыту, тұлғаның рухани-адамгершілік әлемін, танымдық-эмоционалдық зиятын, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, креативті ойлауға бағыттау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;

2) мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын әдебиеттің ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі, тіл өнері арқылы бағалауды жетілдіру;

3) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтеуге, бағалауға баулу;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес жазба және ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту және дүниетанымын жетілдіру.

4. Пәннің мазмұны келесі Бөлімдерден тұрады: "түсіну және жауап беру", "анализ және интерпретация", "бағалау және салыстыру". Бағдарламаның бұл Бөлімі пән бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады.

"Түсіну және жауап беру" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

"Анализ және интерпретация" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс;
- 5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

"Бағалау және салыстыру" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 2) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) әдеби сын.

1) Түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну, әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.

2) Анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын ашу, әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

3) Бағалау және салыстыру: шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау, шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 Бөлім. Қазақ халқының ағартушы педагог ғалымдары.	+	+	+
Тақырып 1.1. Ы. Алтынсарин ағартушылық қызметі.			
Тақырып 1.2. Ы.Алтынсариннің ғибратты әңгімелері.			
Тақырып 1.3. А. Байтұрсынов "Қазақтың бас ақыны" мақаласы.			
Тақырып 1.4. А. Байтұрсынов педагогикалық ғылыми еңбектері.			
Тақырып 1.5. М. Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастағы тәлім-тәрбиесі.			
2 Бөлім. Қалың елім, қазағым.			

Тақырып 2.1. Абай шығармашылығы. "Сегіз аяқ", "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" өлеңдерінің тәрбиелік мәні.			
Тақырып 2.2. Абай "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңі.			
Тақырып 2.3. А. Құнанбаевтың "Масғұт" поэмасы. Тәрбиелік мәні, адамның мінез-құлқы.			
Тақырып 2.4. А. Құнанбаевтың он жетінші қарасөзі, отыз екінші қара сөзі.			
Тақырып 2.5. А. Құнанбаевтың заңгерлігі "Шар ережесі".			
3 Бөлім. Қазақтың Қанышы.	+	+	+
Тақырып 3.1. М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман-эссе.			
Тақырып 3.2. М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев", I бөлім . "Кенжетай".			
Тақырып 3.3. М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман эссесінің II бөлімі. "Үлкен Жезқазған".			
Тақырып 3.4. М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман эссесінің III бөлімі. "Бәрі де майдан үшін".			
4 Бөлім. Парасат пайымы .	+	+	+
Тақырып 4.1. А.Кемелбаева. "Шашты" әңгімесі.			
Тақырып 4.2. Тасқұл қарттың арманы.			
Тақырып 4.3. Т.Сұлтанбеков. "Көшпелі алтын" ғылыми фантастикалық әңгіме.			

Тақырып 4.4. Шайтантауға сапар.			
Тақырып 4.5.Үңгірдегі сыр.			
Тақырып 4.6. Оразақын Асқар. "Шетте жүрген бауырларға" өлеңі.			
5 Бөлім. Тарих тағылымы .	+	+	+
Тақырып 5.1. Ш. Мұртаза . "Бесеудің хаты" драмасы.			
Тақырып 5.2. Үй толы тозақ ІҮ сурет.			
Тақырып 5.3. Рысқұлов пен Мүсірепов.			
Тақырып 5.4. Ж.Бөдеш " Жалғыз" поэмасы.			
Тақырып 5.5. Бұл жалғанда кім жалғыз?			
6 Бөлім. Кеңістік пен уақыт.	+	+	+
Тақырып 6.1. О.Бөкей. " Атау кере" повесі.			
Тақырып 6.2. М. Мақатаев лирикалық шығармаларындағы әйел бейнесі.			
Тақырып 6.3. Қ. Мырзалиев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар. " Қазақ пен қонақ", " Домбыра".			
Тақырып 6.4. Б. Момышұлы шығармаларындағы отбасылық тәрбие. "Ана өмірі", "Ұшқан ұя".			
Тақырып 6.5. Ф.Оңғарсынова шығармашылығындағы, " Ұстаз туралы монолог.			
7 Бөлім. Зобалаң заман шындығы.	+	+	+
Тақырып 7.1. Б.Мұқай." Өмірзая" романы.			

Тақырып 7.2. Ш.Айтматов "Боранды бекет" романы.			
Тақырып 7.3. Ш.Айтматов "Алғашқы ұстаз" әңгімесі . Адам бойындағы қатыгездік".			
Тақырып 7.4. М.Мағауин "Шақан - шері" романы. Бастау. Кейіпкердің обрзын сомдау.			
8 Бөлім. Ғасырлық туынды.	+	+	+
Тақырып 8.1. М. Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы 1, 2-том.			
Тақырып 8.2. М. Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы 3, 4-том.			
9 Бөлім. Табиғат және адам.	+	+	+
Тақырып 9.1. Қ.Мырзалиев. "Қызыл кітап" поэмасы.			
Тақырып 9.2. С.Эрнест Хемингуэй "Шал мен теңіз" повесі. Психологиялық жағдайдан жол таба білу.			
Тақырып 9.3. 3-5-көрініс.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі
Қазақ халқының ағартушы педагог ғалымдары	Түсіну және жауап беру	<p>1) Қазақ халық ағартушылары еңбектерін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) А.Байтұрсынұлының "Қазақтың бас ақыны" мақаласымен таныстыру, мақаланың тақырыбын түсіну;</p> <p>3) М.Жұмабаевтың педагогика туралы</p>	<p>1) Шығармаларға сюжеттік-композициялық талдау жасау, көтерілген идеялық тақырыпты түсінеді;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) шығармалардың әдеби композициялық құрылымын талдап, идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p>

		тұжырымдарымен таныстыру.	5) шығармашылық жұмыстарда көркем шығармадан үзінді, дәйек сөздерді қолдана білу.
	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;</p> <p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
Қалың елім, қазағым	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;</p> <p>3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;</p> <p>4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшелігін талдайды;</p> <p>2) көркемдегіш құралдарды табады, орны мен қызметін талдайды;</p> <p>3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>4) көтерілген мәселелер бойынша шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады;</p> <p>5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
		1) Шығарманың тарихи және көркемдік	1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, өзіндік баға береді;

	Бағалау және салыстыру	<p>құндылығын анықтап, бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;</p> <p>3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығын сипаттайды және өзіндік көзқарасы тұрғысынан баға береді;</p> <p>3) көркем шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, жаңашылдығына баға беріп, сипаттамалық эссе жазады.</p>
Қазақтың Қанышы	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну,</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;</p> <p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) сюжет желісін негізге алып, идеялық мазмұнын түсінеді;</p> <p>3) шығарманың жанрын ажыратады;</p> <p>4) көркем шығармадағы кейіпкерлерге тән ортақ мінез-құлықтарды анықтайды, көркем шығармадан үзінді келтіре отырып салыстырады;</p> <p>5) шығармадан үзінді таңдап, шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазу.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>3) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазады.</p>
	Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің</p>	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, тарихи маңыздылығын талдайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды;</p>

		жаңашылдығына баға беру.	2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға береді.
Парасат пайымы	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;</p> <p>3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;</p> <p>4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметін талдайды;</p> <p>3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>4) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазады;</p> <p>5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
			1) Шығарманың тарихи және көркемдік

	Бағалау және салыстыру	<p>құндылығын анықтап, бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;</p> <p>3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>тарихи маңыздылығын талдайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды;</p> <p>2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға береді;</p> <p>3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.</p>
	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады.</p>
Тарих тағылымы	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;</p> <p>3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазу;</p> <p>4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметін талдайды;</p> <p>3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>4) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазады;</p> <p>5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
		1) Шығарманың тарихи және көркемдік	1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, тарихи маңыздылығын

	Бағалау және салыстыру	құндылығын анықтап, бағалау; 2) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	бағалайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды; 2) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.
Кеңістік пен уақыт	Түсіну және жауап беру	1) Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жалпылау және даралау;	1) Шығарманың тарихи-көркемдік құндылығын ашып, тарихи маңызын талдайды.
	Анализ және интерпретация	1) Ұлттық құндылықтардың мәнін контексттермен үйлестіру.	1) Көркемдік ерекшелігін анықтайды.
	Бағалау және салыстыру	1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;	2) Жұмыста көтерілген мәселелердің жаңалығын бағалайды.
Зобалаң заман шындығы	Түсіну және жауап беру	1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 4) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.	1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмірмен байланыстырады; 4) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.
		1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; 2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;	1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады; 2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады; 3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш

Анализ және интерпретация	4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 5) әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау.	құралдарың байланысын талдайды; 4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазады; 5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.
Бағалау және салыстыру	1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.	1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік құндылығын анықтайды; 2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, бағалайды.
Түсіну және жауап беру	1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 4) көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.	1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды; 3) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды; 4) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады; 6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.
	1) Әдеби шығарманың жанрына қарай	1) Шығарманың жанрын анықтайды және

Ғасырлық туынды	Анализ және интерпретация	<p>композициялық ерекшеліктерін айқындау ;</p> <p>2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;</p> <p>3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;</p> <p>4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;</p> <p>5) әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдау.</p>	<p>композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады;</p> <p>3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдарың байланысын талдайды;</p> <p>4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады;</p> <p>5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.</p>
	Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;</p> <p>3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік құндылығын анықтайды;</p> <p>2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, бағалайды;</p> <p>3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.</p>
	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды;</p> <p>3) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды,</p>

Табиғат және адам		арқылы өмір шындығын көрсету; 4) көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.	салыстырмалы талдау жасайды; 4) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады.
	Анализ және интерпретация	1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; 2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 5) әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау.	1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады; 2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады; 3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдарың байланысын талдайды; 4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады; 5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.
	Бағалау және салыстыру	1) Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.	1) Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, сыни баға береді; 2) шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
5- қосымша

Педагогикалық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;

2) адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;

3) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;

4) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;

5) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

6) көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;

7) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

4. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR -Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған.

4. Пәннің мазмұны келесі Бөлімдерден тұрады: "Еңбек нарығы және сұраныс", "Отандық өнеркәсіп өнімі Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті", "Ұлттық экологиялық мәдениет", "Мұхит – тіршілік мекені", "Ұлттық таным және мерекелер", "Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда", "Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне", "Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар", "Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек", "Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы", "Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік", "Қоғам және заң", "Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік", "Экология. Мұнай және атомдық индустрия", "Тіл. Өнер. Әдебиет", "Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі", "Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі

", "Ұлттық театр – өнер ордасы", "Туризм: Экотуризм", "Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты", "Толеранттылық-елбірлігі", "Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік", "Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші".

Мазмұны:

1) Тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тыңдалған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түртіп жазу және ақпараттарды жүйелеу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;

2) Айтылым: ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану, ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

3) Оқылым: мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау, қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау, мәтінді негізгі мәселеге баға бере отырып, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

4) Жазылым: ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) Тілдік бағдар: сөз таптары, ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану, сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану, мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану, сөйлем, оқшау сөздердің қызметін білу, айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1.Бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс.			
1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы. А. Байтұрсынов шығармаларының тәлім-тәрбиелік мәні.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы: сұраныс пен ұсыныс.Жаңа формация мұғалімі.			
Тақырып 1.1.2. Іскерлік әлемі. Келіссөз жүргізу әдебі.			
Тақырып 1.1.3. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім.			
1.2 Еңбек ер атандырады. Ы. Алтынсарин әңгімелері.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.			
Тақырып 1.2.2. Нәтиже сабақ. Ел болашағы – білікті педагог маман қолында (конференция сабақ).			
2. Бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі.			
2.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.			
Тақырып 2.1.2. Орталық Қазақстан – кенді аймақ .			
Тақырып 2.1.3 Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. " Қарағанды" романынан үзінді.			

Тақырып 2.1.4. Нәтиже сабақ. Жарнама жасау. (сынақ сабақ).			
3. Бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.			
3.1 Қазақ киносы.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қазақ киносының атасы.			
Тақырып 3.1.2. Қазақстанның мәдени өмірі.			
3.2 Қазақ театры.			
Тақырып 3.2.1 Театр фестивальдары.			
Тақырып 3.2.2. Дулат Исабеков "Әпке" шығармасы.			
Тақырып 3.2.3. Нәтиже сабақ. "Қазақ киносының қазіргі келбеті" эссе жазу.			
4. Бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет.			
4.1 Ұлттық экология.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Ұлттық экология бастаулары.			
Тақырып 4.1.2. Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. "Аралым..." өлеңі.			
4.2 Экологиялық мәдениет.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер.			
Тақырып 4.2.2. Экология және кәсіби маман мәдениеті.			
Тақырып 4.2.3 Нәтиже сабақ. "Қазіргі экологияның өзекті мәселелері" (диспут сабақ).			
5. Бөлім. Мұхит – тіршілік мекені.			
5.1 Мұхит әлемі.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Мұхиттағы жануарлар			

әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі.			
5.2 Мұхиттағы экологиялық проблемалар.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Мұхит және экологиялық проблемалар.			
Тақырып 5.2.2. Әбдіжәміл Нүрпейісов. "Қан мен тер" романы.			
Тақырып 5.2.3. Нәтиже сабақ. "Адамзат тағдырының жыршысы" (талқылау сабағы).			
6. Бөлім. Ұлттық таным және мерекелер.			
6.1 Ұлттық мерекелер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!			
Тақырып 6.1.2. Жүсіпбек Аймауытов. "Әнші" әңгімесі.			
Тақырып 6.1.3. Нәтиже сабақ. "Қазақстандағы діни мерекелер". Интервью алу.			
7. Бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда.			
7.1 Сауда тарихы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.			
Тақырып 7.1.2. Екіжақты келісімді сауда.			
7.2 Сауда мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы.			
Тақырып 7.2.2. Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?".			
Тақырып 7.2.3. Нәтиже сабақ. "Ұлы Жібек жолы тарихы" Саяхат сабақ.			

8. Бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне.			
8.1 Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Радиоарналарды тыңдаймын.			
Тақырып 8.1.2. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.			
Тақырып 8.1.3. Қазақтың тұңғыш дикторы.			
8.2 Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Отбасы және гендерлік саясат.			
Тақырып 8.2.2. Телефон – байланыс құралы.			
Тақырып 8.2.3. Нәтиже сабақ. "Гендерлік саясат – мемлекет пен қоғам ісі" аргументативті эссе жазу.			
9. Бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.			
9.1 Қауіпті қалдықтар.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Тұрмыстық қалдықтар.			
Тақырып 9.1.2. Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар.			
9.2 Жер тағдыры- ел тағдыры.	+	+	+
Тақырып 9.2.1. Қайнар Олжай. "Жер мен аспан арасындағы дастан" .			
Тақырып 9.2.2. Думан Рамазан. "Соңғы дем" әңгімесі.			
Тақырып 9.2.3. Нәтиже сабақ. "Жер тағдыры – ел тағдыры. Шағын мақала жазу.			
10. Бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек.			

10.1 Әлеуметтік теңсіздік .	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.			
Тақырып 10.1.2. Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.			
10.2 Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар.			
Тақырып 10.2.1. Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер. "Қара пима" поэмасы.			
Тақырып 10.2.2. "Қара пима" – трагедиялық шығарма.			
Тақырып 10.2.3. Нәтиже сабақ. "Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар". Пікірталас-полилог ұйымдастыру.			
11. Бөлім. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы.			
11.1 Зиянды әдеттер.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Нашакорлық – қоғамдық дерт.			
Тақырып 11.1.2. Темекі тарту – зиянды әдет.			
11.2 Салауатты өмір салты.			
Тақырып 11.2.1. Бердібек Соқпақбаев. "Он алты жасар чемпион" (әңгіме).			
Тақырып 11.2.2. Саламатты өмір салтын ұстанамын.			
Тақырып 11.2.3. Нәтиже сабақ. "Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі". Аргументативті эссе.			
12. Бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік.			

12.1 Сандық технология.	+	+	+
Тақырып 12.1.1. Сандық технология. Сандық теңсіздік. Электронды үкімет.			
12.2 Интернеттің пайдасы мен зияны.			
Тақырып 12.2.1. Мұхтар Шахановтың "Компьютербасты жарты адамдар" романындағы адам концепциясы.			
Тақырып 12.2.2. "Өркениеттің адасуы" (романнан үзінді).			
Тақырып 12.2.3. Нәтиже сабақ. "Интернет кітапты алмастыра ала ма?" Дебат-сабақ.			
13. Бөлім. Қоғам және заң .			
13.1 Ата Заң.	+	+	+
Тақырып 13.1.1. "Тәртіпке бағынған ел құл болмайды".			
Тақырып 13.1.2. Ата Заң.			
Тақырып 13.1.3. Ермек Өтетілеуұлы "Ата Заң " өлеңі.			
13.2 Құқықбұзушылық және қылмыс.	+	+	+
Тақырып 13.2.1. Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды.			
Тақырып 13.2.2. Тәртіпсіздік неден басталады?			
Тақырып 13.2.3. Нәтиже сабақ. "Заңды білу – заман талабы". Конференция сабақ.			
14. Бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік.			
14.1 Әлеуметтік теңсіздік .	+	+	+
Тақырып 14.1.1. Әлеуметтік мәселе			

туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер.			
Тақырып 14.1.2. Отбасы – құндылық. Жанұя – тәрбие мектебі.			
14.2 Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 14.2.1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 14.2.2. Ерболат Әбікенұлы. "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі.			
Тақырып 14.2.3. Нәтиже сабақ. "Жігітті намыс өлтірер..." сұхбат сабақ.			
15. Бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия.			
15.1 Қазақстандағы мұнай өндірісі.	+	+	+
Тақырып 15.1.1. Табиғатты аяла.			
Тақырып 15.1.2. "Жасыл ел" бағдарламасына қатысамын.			
Тақырып 15.1.3. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы.			
Тақырып 15.1.4. Гүлжауһар Сейітжан. " Қара алтыны халқымның. ..".			
15.2 Қазақстандағы атом өнеркәсібі.	+	+	+
Тақырып 15.2.1. Атомдық индустрияның болашағы.			
Тақырып 15.2.2. Туған өлкенің экологиясы.			
Тақырып 15.2.3. Нәтиже сабақ. "Қазақстандағы атом өнеркәсібі" пікірталас ұйымдастыру.			
16. Бөлім.Тіл. Өнер. Әдебиет.			
16.1 Өнер алды – қызыл тіл.	+	+	+

Тақырып 16.1.1. Екі тілді білген – екі адам.			
Тақырып 16.1.2. Қазақ тілі – қандай тіл? А.Байтұрсынов – қазақ тілі білімінің атасы.			
Тақырып 16.1.3 Шешендік сөз өнері.			
16.2 Әдебиет – өнер айнасы.	+	+	+
Тақырып 16.2.1. Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров .			
Тақырып 16.2.2. Ілияс Жансүгіров. "Күй" поэмасы (үзінді) .			
Тақырып 16.2.3. Нәтиже сабақ. "Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін" эссе жазу.			
17. Бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі.			
17.1 Жұмыссыздық мәселесі.	+	+	+
Тақырып 17.1.1. Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім.			
Тақырып 17.1.2. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 17.1.3. Кедейлік неден туады?			
17.2 Еңбек етсең ерінбей.	+	+	+
Тақырып 17.2.1. Ыбырай Алтынсарин. "Атымтай Жомарт" әңгімесі.			
Тақырып 17.2.2. Қазіргі заманның атымтайлары.			
Тақырып 17.2.3. Нәтиже сабақ. "Жұмыссыздық - әлеуметтік мәселеле". Рөлдік ойын.			
18. Бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі.			
18.1 Тәуелсіздік тарихы.	+	+	+
Тақырып 18.1.1. Ұлы даланың жеті қыры.			

Тақырып 18.1.2. Атқа міну мәдениеті. Заманауи ат спорты.			
Тақырып 18.1.3. Құсбегілік – ұлттық өнер.			
18.2 Тәуелсіз ел келешегі.	+	+	+
Тақырып 18.2.1. Дүкенбай Досжан. "Төрт патшаны көрген кейуана" (хикаят).			
Тақырып 18.2.2. Нәтиже сабақ. "Жаңа Қазақстанның келешегі". Пікір алмасу.			
19. Бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы.			
19.1 Сахна – өмір айнасы.	+	+	+
Тақырып 19.1.1. Қазақ театрының қайнары. Көсемше.			
Тақырып 19.1.2. Сахна – өмір айнасы.			
Тақырып 19.1.3. Ұлттық өнердің тарландары			
Тақырып 19.1.4. Сәбит Оразбай. "Өмірдің өзі – театр" (үзінді).			
Тақырып 19.1.5. Нәтиже сабақ. "Өзің кездескің келетін театр тарланы". Шағын әңгіме құрастыру.			
20. Бөлім.Туризм: Экотуризм.			
20.1 Туризм.	+	+	+
Тақырып 20.1.1. Туризм тарихын білесің ба? Туризмнің түрі көп... Көсемше.			
20.2 Қазақстандағы экотуризм.	+	+	+
Тақырып 20.2.1. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. Ойталқы.			
Тақырып 20.2.2. Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?			

Тақырып 20.2.3. Сәкен Сейфуллин. "Көкшетау" поэмасы.			
Тақырып 20.2.4. Ілияс Жансүгіров. "Жетісу" суреттері.			
Тақырып 20.2.5. Нәтиже сабақ. "Қазақстанда экотуризм саласының даму мүмкіндіктері". Аргументативті эссе жазу.			
21. Бөлім. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі.			
21.1 Отбасы құрылымы.	+	+	+
Тақырып 21.1.1. Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері.			
Тақырып 21.1.2. Асыл текті аналар.			
21.2 Қазақ отбасыларындағы гендерлік мәселелер.			
Тақырып 21.2. Гендер және тіл.	+	+	+
Тақырып 21.2.1. Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер.			
Тақырып 21.2.2. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда.			
Тақырып 21.2.3. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғақта.			
Тақырып 21.2.4. Нәтиже сабақ. "Атасын сыйлаған абыройға бөленер". Эссе жазу.			
22 Бөлім. Жастар мәселесінің түйіткілдері.			
22.1 Ел болашағы – жастар.	+	+	+
Тақырып 22.1.1. Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері.			

Тақырып 22.1.2. Талаптыға нұр жауар. Наноспутник жасаған жас ғалымдар. Септеулік шылаулар.			
22.2 Жастар мәселесінің түйіткілдері.	+	+	+
Тақырып 22.2.1. Жастар мәселесінің түйіткілдері. Демеулік шылаулар.			
Тақырып 22.2.2. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" (романнан үзінді), 3-кітап.			
Тақырып 22.2.3. Нәтиже сабақ. "Бүгінгі жастарға сенуге бола ма?" презентация дайындау.			
23. Бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.			
23.1 Жаһандық миграция.	+	+	+
Тақырып 23.1.1. "Жаһандық миграция" деген не?			
Тақырып 23.1.2. Иммиграция – үздіксіз процесс.			
23.2 Қазақ халқының көші-қон тарихы.	+	+	+
Тақырып 23.2.1. Көші-қон тарихы.			
Тақырып 23.2.2. Қабдеш Жұмаділов – каламгер.			
Тақырып 23.2.3. "Қаздар қайтып барады" повесі.			
Тақырып 23.2.4. Нәтиже сабақ. "Жаһандық миграция жағдайы". Баспасөз конференция сабағы.			
24 . Бөлім.Толеранттылық-ел бірлігі.			
24.1 . Толеранттылық – бейбітшілік кепілі.	+	+	+
Тақырып 24.1.1. Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер.			

Тақырып 24.1.2. Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты .			
Тақырып 24.1.3. Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға.			
Тақырып 24.1.4. Сайын Мұратбеков. "Телі өскен ұл" повесі.			
Тақырып 24.1.5. Нәтиже сабақ. "Қазақстан – біздің ортақ үйіміз". Фотоколлаж дайындау.			
25. Бөлім. Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік.			
25.1 Отан қорғау – парыз.	+	+	+
Тақырып 25.1.1. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді.			
Тақырып 25.1.2. Отан қорғау – парызым.			
Тақырып 25.1.3. Сағадат Нұрмағамбетов – халық қаһарманы.			
25.2 Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі.	+	+	+
Тақырып 25.2.1. Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі.			
Тақырып 25.2.2. Тыныштық – елге аманат.			
Тақырып 25.2.3. Несіпбек Айтұлы. "Бәйтерек" поэмасы.			
Тақырып 25.2.4. Нәтиже сабақ. "Ұлт қауіпсіздігі – ұрпаққа қызмет". Диспут сабақ.			
26. Бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.			
26.1 Бос уақытты жоспарлау	+	+	+
Тақырып 26.1.1. Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш.			
Тақырып 26.1.2. Демалыс мәдениеті.			

Тақырып 26.1.3. Мұқағали Мақатаев. " Сағатым қайда, сағатым? " өлеңі.			
Тақырып 26.1.4. Нәтиже сабақ. "Бос уақыт". Ойкөкпар.			

3- тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі
Еңбек нарығы және сұраныс	Қазақстандағы еңбек нарығы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады; 3) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
	Еңбек ер атандырады	1) Стильдер ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.	1) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады; 2) мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрастырады.
Отандық өнеркәсіп өнімі	Отандық өнімді пайдаланамыз	1) Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді тірек-схема, менталды карта, презентация түрінде ұсыну.	1) Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта, жарнама, презентация қорғайды; 2) көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдана алады.
			1) Драмалық шығарманы тыңдайды; 2) драмалық шығармада көтерілген

Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті	Қазақ киносы	1) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.	жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3) мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдайды, астарлы ойды анықтайды; 4) шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.
	Қазақ театры	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.	1) Мәтін мазмұны бойынша монолог және диалог құрастырады; 2) сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. 3) интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады;
Ұлттық экологиялық мәдениет	Ұлттық экология	1) Поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1) Мәтіннің негізгі идеясын (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілейді), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді; 2) поэзиялық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3) сан есімнің жасалу жолдарын біледі; 4) мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу).
	Экологиялық мәдениет	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.	1) Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады; 2) "Пікірталас -монолог", "пікірталас-диалог", "пікірталас-полилог" түрлерінде сенімді және еркін сөйлейді; 3) сан есімнің жасалу жолдарын біледі, мәтін құрауда орынды қолданады.

	Мұхит әлемі	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектiлеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру.	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтін- дердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін біледі; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздерді орынды пайдаланады.
Мұхит – тіршілік мекені	Мұхиттағы экологиялық проблемалар	1) Мәтін ішіндегі күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын айқындайды; 3) есімдіктердің жасалу жолдарын мәтін құрауда орынды қолданады; 4) публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады.
Ұлттық таным және мерекелер	Ұлттық мерекелер	1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1) Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 3) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары,

			мақсатты аудиториясы) талдау жасайды.
Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда	Сауда тарихы	1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.	1) Қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын талдайды; 2) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтін- дердің (мақала, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін біледі.
	Сауда мәдениеті	1) Мәтіндегі Бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау.	1) Бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді; 2) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді; 3) жанрлық және тілдік ерекшеліктерін айыра алады; 4) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне	Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 3) мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.
			1) Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай

	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат	1) Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.	отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды; 2) мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасайды; 3) шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданады;
Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар	Қауіпті қалдықтар	1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1) Прозалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша конспектілейді, жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді; 3) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.
	Жер тағдыры - ел тағдыры	1) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.	1) Деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды; 2) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады; 3) публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады.
			1) Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді

<p>Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек</p>	<p>Әлеуметтік теңсіздік</p>	<p>1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын ажырату.</p>	<p>талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 2) мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p>
<p>Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы</p>	<p>Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар</p>	<p>1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.</p>	<p>1) ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді; 2) әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды; 3) тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсынады (тірек-схема, менталды карта, презентация); 4) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.</p>
	Pros and cons of reading a book. Writing a blog post.	1) Блог жазуға арналған тақырыптар мен үлгілерді талдау кезінде құзыреттілікке негізделген тәсілді қолдану.	1) Блог жазу үшін тиісті айдарларды, модельдерді және байланыстырушы сөздерді өзгертеді.
Different Ways of Living	Stages of Life. Developing intercultural competence	1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды пайдалану.	1) Тақырыптың нақты ақпараты мен негізгі тұстарын айқындайды; 2) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті қолданады; 3) қажетті ақпаратты бөлектеу үшін оқу дағдыларын қолданады (skimming Reading); 4) педагогикалық тұрғыдан тақырып бойынша әртүрлі контексттердегі басқалардың пікірлеріне түсініктеме береді.
	Different ways of living. Reading comprehension	1) Автордың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, мазмұнды шығармашылықпен қайта ойластыра отырып, мәтінді қайталау.	1) Мәтіннің мазмұнын шығармашылық жаңғырту арқылы береді; 2) мәтіннің мазмұнын беру кезінде авторға тән презентация стилін қайта жасайды.
	Discussing whether money brings happiness. Skimming reading	1) Skimming Reading дағдыларын меңгеру; 2) тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша түрде білу.	1) Қажетті ақпаратты бөлектеу үшін оқу дағдыларын қолданады (skimming Reading); 2) сөйлеуде және жазуда тақырып бойынша белсенді лексиканы қолданады; 3) зерттеу және қажетті ақпаратты табу дағдыларын қолданады.
	Writing an opinion essay. Evaluating the benefits of living without money	1) Эссе рефлексия жазу кезінде рубрикалар мен модельдерді талдау дағдыларын қолдану; 2) тиісті байланыстырушы сөздерді қолдану.	1) Рефлексия эссе жазу үшін тиісті рубрикаларды, модельдерді және байланыстырушы сөздерді өзгертеді.

	Holiday Activities	<p>1) Топтардағы мәселелерді шығармашылық және бірлесіп шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын меңгеру;</p> <p>2) ағылшын тілінің интонациясын оқытудың негіздерін қолдану.</p>	<p>құрдастарымен талқылайды;</p> <p>2) белсенді лексиканы қолдана отырып, мәтінге сүйене отырып, дәлелді мәлімдеме жасайды;</p> <p>3) мағынаны тексеру және түсінуді кеңейту үшін рубрикалар мен сандық анықтамалық ресурстарды пайдаланады;</p> <p>4) әр түрлі фразалық етістіктер мен күрделі сын есімдерді қолданады.</p>
	Simply Unforgettable. Independent project – compare one of the tourist attractions in your country with one from the text	<p>1) Әңгімелерде нақты ақпарат пен негізгі ойларды бөліп көрсету.</p>	<p>1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды көрсетеді;</p> <p>2) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін құрдастарымен талқылайды;</p> <p>3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мәнмәтіннен мағынаны түсіндіреді.</p>
Amazing places	Into the Future. Design a future city-project work	<p>1) Тарих бойынша бұрын алған білімдерін қолдану;</p> <p>2) материалды зерттеу және таныстыру дағдыларын меңгеру.</p>	<p>1) Тарих бойынша бұрын алған білімдерін меңгерген;</p> <p>2) тиісті зерттеу дағдыларын көрсетеді;</p> <p>3) әртүрлі ресурстарды шебер пайдаланады;</p> <p>4) АКТ дағдыларын меңгерген;</p> <p>5) шешендік өнер дағдыларын көрсетеді.</p>
	Writing a for-and-against essay	<p>1) Эссе-пайымдау жазу үшін рубрикалар мен модельдерді талдау дағдыларын қолдану;</p> <p>2) тиісті байланыстырушы сөздерді қолдану.</p>	<p>1) Эссе-пайымдау жазу үшін тиісті айдарларды, үлгілерді және байланыстырушы сөздерді өзгертеді.</p>
		<p>1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды пайдалану;</p> <p>2) басқа пәндер бойынша бұрын алған білімдерін</p>	<p>1) Топтардағы мәселелерді шығармашылық және бірлесіп шешу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын қолданады;</p>

	Compare and contrast capital city of your country to London	<p>колдану (пәнаралық байланыс, CLIL);</p> <p>3) тақырып бойынша презентация жасау;</p> <p>4) топтардағы мәселелерді шығармашылық және бірлесіп шешу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдалану.</p>	<p>2) нақты ақпаратты және тақырыптың негізгі тұстарын айқындайды;</p> <p>3) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті қолданады.</p>
Work and inventions	Investigating the world of work. Pedagogy: history and development.	<p>1) Топтардағы мәселелерді педагогикалық шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын меңгеру;</p> <p>2) тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша түрде білдіру.</p>	<p>1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды көрсетеді;</p> <p>2) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін кұрдастарымен талқылайды;</p> <p>3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мәнмәтіннен мағынаны түсіндіреді.</p>
	Considering success in business	<p>1) Алған білімдерін таныс және бейтаныс жағдайларда қолдануға міндетгі.</p>	<p>1) Өткен тақырып бойынша грамматикалық және лексикалық материалды меңгерген;</p> <p>2) барлық тілдік дағдыларды дұрыс қолданады;</p> <p>3) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін кұрдастарымен талқылайды;</p> <p>3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мәнмәтіннен мағынаны түсіндіреді.</p>
Future Career Perspectives	Options for future careers	<p>1) Проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру ;</p> <p>2) тақырып, проблема бойынша өз пікірін білдіру;</p> <p>3) аудио және бейне материалдарының мазмұнын түсіну.</p>	<p>1) Мәтінге сүйене отырып, дәлелді мәлімдеме жасау;</p> <p>2) тақырыпқа және көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді;</p> <p>3) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті қолданады.</p>
		<p>1) Тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі және педагогикалық тәсілдерді қолдану тұрғысынан ауызша және</p>	<p>1) Тақырыпты ашу негізінде диалогтық және монологиялық</p>

	Making statements and providing information	<p>жазбаша мәлімдемелерді (өздерінің және құрдастарының) бағалау; 2) бейтаныс тақырыптардың шектеулі ауқымы бойынша сөйлесуді қоса алғанда, жалпы және оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша қолдау көрсетілмейтін кеңейтілген әңгімелерде нақты ақпарат пен негізгі ойларды бөліп көрсету; 3) диалогтық сөйлеуді әлемге қатысты бірқатар көзқарастарды ойлау және зерттеу құралы ретінде пайдалану.</p>	<p>мәлімдемелерді сипаттайды; 2) логикалық дәйектілік пен дұрыстықты сақтай отырып, туындының мазмұнын баяндайды; 3) талқылау барысын басқарады; 4) талқылау кезінде парафразалау және түзету сияқты құралдарды қолданады; 5) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мәнмәтіннен мағынаны түсіндіреді.</p>
--	---	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
10 - қосымша

Педагогикалық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

4. Оқу бағдарламасы тарихи ойлаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: тарихи дереккөздерді түсіндіру, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, тарихи талдау және түсіндіру дағдылары.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық;

6) интерпретация.

Пәннің мазмұны 8 Бөлімнен тұрады:

1) Өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және

қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі.

2) Этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. " Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы : этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі.

3) Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. " Мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. "Автономдық кеңес республикасы", "Кеңес одағы

республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары.

4) Мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі.

5) Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. "Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдары. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы.

6) Саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. "Аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. "Депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. "Көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.

7) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары ("Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты.

8) Білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. ХVІІІ-ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. ХІХ ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. ХІХ ғасырда -ХХ ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы

стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
Бөлім 1. Өркениет: даму ерекшеліктері.	+	+	+
1.1. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы.			
Тақырып 1.1.1. Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері.			
Тақырып 1.1.2. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы.			
Тақырып 1.1.2. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары.			
1.2. "Ұлы Дала" өркениеті.			
Тақырып 1.2.1. "Ұлы Дала" ұғымының			

тарихи-географиялық сипаттамасы.			
Тақырып 1.2.2. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі).			
Тақырып 1.2.3. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті.	+	+	+
1.3. Орталық Азия және әлемдік өркениет.			
Тақырып 1.3.1. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі.			
Зерттеу жұмысы. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала.			
Бөлім 2. Этникалық және әлеуметтік процестер.			
2.1. Қазақ халқының шығу тегі.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер.			
Тақырып 2.1.2. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары.			
Тақырып 2.1.3. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.			
Зерттеу жұмысы. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы.			
3-Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан.			
3.1. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қазақстан аумағындағы ерте			

мемлекеттердің саяси ұйымдасуы.			
3.2. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары.			
Тақырып 3.2.1. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері.			
Тақырып 3.2.2. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері.			
3.3. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет.			
Тақырып 3.3.1. Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі.	+	+	+
Тақырып 3.3.2. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары.			
3.4. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы.			
Тақырып 3.4.1. Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі.			
Тақырып 3.4.2. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.			
Тақырып 3.4.3. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы.			
Зерттеу жұмысы. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы.			
4 Бөлім. Мәдениеттің дамуы.	+	+	+
4.1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы.			
Тақырып 4.1.1. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері.			

Тақырып 4.1.2. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы.			
Тақырып 4.1.3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының қалыптастырудағы орны.			
Тақырып 4.1.4. Тарихи және мәдени ескерткіштер.			
Тақырып 4.1.5. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы.	+	+	+
4.2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті.			
Тақырып 4.2.1. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар.			
4.3. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы.			
Зерттеу жұмысы. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.			
5 Бөлім. Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері.			
5.1. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі.			
Тақырып 5.1.1. Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.			
Тақырып 5.1.2. Қолөнер мен кәсіптер.	+	+	+
5.2. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері.			
Тақырып 5.2.1. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.			

Тақырып 5.2.2. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері.			
Тақырып 5.2.3. X ғ.-XII ғ. қала мәдениетінің дамуы.			
Тақырып 5.2.4. XVIII – XIX ғғ.Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы.			
Тақырып 5.2.5. XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі.			
Тақырып 5.2.6. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы.	+	+	+
Тақырып 5.2.7. Қазақстан Республикасының экономикалық даму бағыты.			
Зерттеу жұмысы. Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері.			
6-Бөлім. Саяси-құқықтық процестер.	+	+	+
6.1. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы.			
Тақырып 6.1.1. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы).			
Тақырып 6.1.2. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.			
6.2 Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.			
Тақырып 6.2.1. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты.			

Тақырып 6.2.2. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі.			
Тақырып 6.2.3. Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.			
Зерттеу жұмысы.			
7 Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы.			
Тақырып 7.1.1. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы.			
Тақырып. 7.1.2. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
Тақырып 7.1.3. "Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары.			
Тақырып 7.1.4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары.			
7.2. "Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея.			
Тақырып 7.2.1. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері.			
Тақырып 7.2.2. "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары.			
7.3. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз .			

Тақырып 7.3.1. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі.			
Тақырып. 7.3.2. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары.			
Зерттеу жұмысы.			
8 Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.			
8.1. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы.			
Тақырып 8.1.1. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы.			
8.2. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы.			
Тақырып 8.2.1. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер.			
Тақырып 8.2.2. XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі.			
Тақырып 8.2.3. XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы ғылыми мекемелер мен кешенді зерттеулер.			
Тақырып 8.2.4. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары.			
Тақырып 8.2.5. Кеңестік кезеңде Қазақстанның орта білім беру, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін дамыту.			
Тақырып 8.2.6. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы.			
8.3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі.			

Тақырып 8.3.1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер.			
Тақырып 8.3.2. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы .			
Зерттеу жұмысы. Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
1.Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	1) "Орталық Азия" ұғымын аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану;	1) "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды; 2) әлемдік өркениеттегі Орталық Азия өркениетінің рөлін талдайды.
		2) әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлері негізінде қорытынды жасау;	1) Орта Азияның әлемдік өркениетке қосқан рөлін анықтайды; 2) әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлерін талдайды.
		3) орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау.	1) Орта Азияның ежелгі өркениетінің ерекшеліктерін анықтайды; 2) Орталық Азия өркениетінің ежелгі ошақтарының қалыптасуы мен дамуын талдайды.
		1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру.	1) "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтайды; 2) тарихи дереккөздерді талдау негізінде "Ұлы Даланың тарихи-мәдени құрамдас бөліктерін айқындайды; 3) Ұлы Даланың ежелгі мәдениеттерінің

	"Ұлы Дала" өркениеті		сабақтастығы мен өзара ықпалын белгілейді.
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	2) Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау.	1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтайды (энеолит, қола дәуірі); 2) Ұлы дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдайды.
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	1) Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін анықтау.	1) Отырықшы-егіншілік және көшпелі өркениет арасындағы сауда-экономикалық байланысты сипаттайды; 2) әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.
Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	1) Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау.	1) Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстан аумағындағы ежелгі және ортағасырлық тарихи оқиғалар арқылы этногенездің кезеңдерін сипаттайды.
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	1) Тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;	1) Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды; 3) дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымына баға береді.
			1) Қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "

		2) дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін ашып көрсету.	сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдаланады; 2) қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін анықтайды.
Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	1) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру.	1) Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттерді анықтайды; 2) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтайды; 3) Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы туралы дереккөздері мәліметтерін саралайды.
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	1) Деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау;	1) Түркі империясының саяси-экономикалық даму ерекшелігін түсіндіреді.
		2) XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау.	1) XIII-XV ғ.ғ. мемлекеттердің Еуразиядағы басты тарихи оқиғалардағы белсенділігін сипаттайды; 2) мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлы жүйесінің ерекшелігін талдайды
		1) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;	1) Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы фактілерін анықтайды және талдайды. 2) тарихи дереккөздер негізінде Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің табиғи нәтижесі ретінде дәлелдейді;

<p>Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет</p>	<p>2) Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу.</p>	<p>3) мемлекет құру мен нығайтудағы Қазақ хандарының рөлін бағалайды.</p> <p>1) Қазақ хандығының саяси институттары мен ерте көшпелі мемлекеттерін салыстырмалы талдау негізінде көшпелі өркениеттердің мемлекеттік құрылымы нысандарының сабақтастығын дәлелдейді</p>
<p>Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы</p>	<p>1) Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресін зерттеу;</p> <p>2) Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі кезеңіндегі қоғамдық-саяси дамуындағы жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын талдау;</p>	<p>1) Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтайды;</p> <p>2) Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің кезеңдерін сипаттайды;</p> <p>3) XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойдың қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дамытуға әсерін айқындайды;</p> <p>4) мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін күресте қазақ зиялыларының рөлін бағалайды.</p> <p>1) "Автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану арқылы Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін талдау;</p> <p>2) кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін сипаттайды;</p> <p>3) Қазақстанның кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси</p>

			дамуындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.
		3) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау.	1) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын саралай келе қазіргі кезеңдегі қол жеткізген табыстар мен салыстырады; 2) Қазақстанның болашақтағы дамуына байланысты болжамдар жасайды.
		1) Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы көлөнердегі жеткен жетістіктерін талдау;	1) "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттайды; 2) Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін сақтауда материалдық мәдениет пен қолданбалы өнердің орнын айқындайды; 3) Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдайды.
		2) Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы Ұлы Дала өркениетінің жалғасы екендігін дәлелдеу;	1) "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтайды.
	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	3) Қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтарын сипаттау ;	1) қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтарын, салт дәстүрін зертеу
		4) дала өркениетінің тарихы мен мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін сипаттау;	1) Дала өркениетінің тарихы мен мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін зерттейді; 2) типологиялық ерекшеліктерін ескере

Мәдениеттің дамуы		отырып, тарихи және мәдениет ескерткіштерін жіктейді.
	5) Қазақ әдебиеті мен музыкалық мұрасының маңызды жетістіктерін халықтың рухани - адамгершілік құндылықтары тұрғысынан сипаттау.	1) Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтайды; 2) фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін айқындайды.
Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	1) Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдау;	1) Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтайды; 2) кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктерді сипаттайды; ; 3) кеңестік дәуірдегі мәдениет саласындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.
	2) кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымның жетістіктерін талдау, олардың даму қиындықтарын анықтау.	1) Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуындағы жетістіктерді анықтайды; 2) кеңестік кезеңдегі білім мен ғылымның дамуына мемлекеттің әміршіл-әміршіл жүйесінің ықпалын анықтайды.
	1) Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы сипаттау	1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттайды; 2) халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіреді.
Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет		1) Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына

Өркениет: экономикалық дамудың ерекшеліктері

Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі.
Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері

<p>1) Көшпелі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының ерекшеліктерін анықтаңыз;</p>	<p>табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді; 2) көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып талдайды.</p>
<p>2) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде сипаттау;</p>	<p>1) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде талдайды; 2) Қазіргі қазақ қолөнерінің даму бағыттарын сипаттайды.</p>
<p>3) Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына Ұлы Жібек жолының тигізген рөлін талдау;</p>	<p>1) Картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттейді; 2) Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне баға береді; 3) Ұлы Жібек жолының құлдырауының себептерін талдайды.</p>
<p>4) Отырықшы және көшпелі өркениет арасындағы өзара байланыстарды сипаттау;</p>	<p>1) Сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттайды; 2) отырықшы және көшпелі халықтың өзара мәдени байланысын талдайды</p>
<p>5) X-XII ғасырлардағы Ұлы Жібек жолындағы қалалық мәдениеттің даму ерекшеліктерін талдау;</p>	<p>1) Картаны пайдалана отырып, Ұлы Жібек жолындағы қалалардың орналасуын айқындайды; 2) ортағасырлық қалалық мәдениеттің ерекшеліктерін талдайды.</p>
	<p>1) Ресейдің отаршылдық саясаты кезеңіндегі</p>

		<p>6) XVIII –XIX ғғ. Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық дамуын сипаттайтын факторларды талдау;</p>	<p>аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдайды; 2) капиталистік қатынастардың дамуын сипаттайды.</p>
		<p>7) XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреу себебін анықтау;</p>	<p>1) Дәстүрлі мал шаруашылығының бұзылуына Ресейдің отарлау саясатының тигізген әсерін талдайды; 2) кеңес өкіметінің жүргізген экономикалық реформаларының казак ұлтының жойылып кету қаупіне тигізген әсерін зерттейді.</p>
<p>Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы</p>		<p>1) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау;</p>	<p>1) "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасау; 2) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының даму бағыттарындағы басымдылықтар мен қайшылықтарды талдайды.</p>
		<p>2) Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау.</p>	<p>1) Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдайды, олардың қазіргі кездегі ерекшеліктерін анықтайды; 2) мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын талдайды; 3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағына болжау жасайды.</p>

Саяси-құқық тық процестер	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның калыптасу тарихы	1) Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу ;	1) "Аграрлық саясат", " көші-қонсаясаты", " моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне талдау жасайды; 2) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін анықтайды; 3) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін талдайды.
		2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін сипаттау.	1) "Депортация", "арнайы коньс аударушылар", " ұлттық саясат", " интернационализм", " толеранттылық" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның полиэтникалық қоғамын калыптастыру процесін түсіндіреді; 2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін айқындайды..
	Қазақстан Республикасы ның этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	1) Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты талдау.	1) Көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", " эмиграция", "иммиграция" ", "репатриант", " диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын талдайды;
		2) Ұлтаралық және конфессияаралық	1) Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және

		келісімнің қазақстандық моделін талдау.	конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісіне баға береді.
		3) Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айқындау.	1) Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін анықтайды.
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау;	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды; 2) Қазақ хандығының құқықтық ережелерінің маңыздылығын бағалайды; 3) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
		2) тарихи қайраткерлердің Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалау.	1) Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдері идеяларының маңыздылығын зерттейді; 2) XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдайды; 3) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына XIX ғасырдағы тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	1) "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау; 2) А л а ш автономиясының ұлттық-демократиялық бағытын сипаттау.	1) "Алаш" ұлттық идеясының біріктіруші рөлін айқындайды; 2) А. Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретіндегі қызметін зерттейді; 3) ұлттық зиялы қауым мен"Алаш" автономиясының тарихи рөліне баға береді.

	<p>"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз</p>	<p>1)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтау Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарын талдау.</p>	<p>1) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтайды ; 2) "Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіреді; 3) "Мәңгілік Ел" идеясының топтастырушы рөлін бағалайды.</p>
	<p>Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы</p>	<p>1) Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.</p>	<p>1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды; 2) XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды; 3) XVIII-XX ғасырдың басындағы білім беру мекемелерінің негізгі қызметін талдайды</p>
<p>Білім мен ғылымның дамуы</p>	<p>XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы</p>	<p>1) XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау;</p>	<p>1) XIX - XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы білім беру мекемелерінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіреді; 2) білім беру мекемелерін олардың қызметінің ерекшелігін сипаттайды.</p>
		<p>2) XX ғасырдың басында зайырлы білім беру мен қазақ зиялыларының қалыптасу тарихын талдау.</p>	<p>1) Дала өлкесінің ауылдық мектептерінде білім беруді сипаттайды; 2) қазақ зиялыларының қалыптасуының ұлттың оянуына әсерін талдайды.</p>
			<p>1) Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің және ғылымның даму кезеңдерін сипаттайды;</p>

	3) Кеңестік білім беру жүйесінің реформаларын және Қазақстандағы ғылымның дамуын талдау.	2) Қаз КСР Ғылым Академиясының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді; 3) кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалайды.
	4) Қазақстандағы орта, кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдау.	1) Қазақстандағы кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдайды.
Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	1) Әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау.	1) Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерделеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың алғышарттары мен маңызын айқындайды; 2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялаудың негізгі бағыттарын сипаттайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
11 - қосымша

Педагогикалық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты - салауатты дене дамуына, спортқа тән қозғалыс дағдылары мен дене қабілеттерін игеруге бағытталған дене шынықтыру негіздерін қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) дене шынықтыру және спорт саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды дамыту;

2) өзінің физикалық және психикалық денсаулығын жақсартуға ұмтылу мотивациясы;

3) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

4) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

5) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

6) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

7) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

8) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

9) теорияны зерделеу кезінде АКТ қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

10) болжанатын (болашақ) кәсіпті таңдау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

Дене шынықтыру пәнін өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және талдаудың басталуы", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 11 Бөлімнен тұрады:

1) Дене шынықтыру туралы білім

2) Жеңіл атлетика

3) Спорттық ойындар. Футбол

4) Спорттық ойындар. Волейбол

5) Спорттық ойындар. Баскетбол

6) Үстел теннисі

7) Гимнастика 8) ұлттық спорт түрлері.

9) Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10) Жүзу

11) Туризм

Пәннің негізгі мазмұны:

1 бөлім. "Дене шынықтыру" пәндегі қауіпсіздік техникасы. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау. Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы. Жеке гигиена. Шынығу. Тамақтану және тамақтану режимі. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Қазіргі қоғамдағы дене шынықтыру және спорт. Салауатты өмір салты және оның компоненттері. Жеке гигиена

2 бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

3 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4 бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру.

Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5 бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6 бөлім. Үстел теннисі

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7 бөлім. Гимнастика

5) Өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері ("экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия

және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі.

6) Саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар.

7) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар).

XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

8) Білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимназия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің ролі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер,

бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	практикалық
1 Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
1.1. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. " Өркениет" түсінігі.			
1.2. Өркениеттердің жіктелуі.			
Тақырып 1.2.1. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлықтүрі: көшпелі ж ә н е отырықшы-егіншілік.			
Тақырып 1.2.2. Өркениеттің индустриалдык даму кезеңі. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы.			
1.3. Әлем өркениеттерінің тарихы.	+	+	+
Тақырып 1.3.1. Ежелгі әлем өркениеті Ежелгі Ш ы ғ ы с өркениеттеріндегі тәрбие мен оқыту (Шумер, Вавилон, Ассирия, Египет, Үндістан, Қытай) . Ежелгі Грецияның негізгі білім беру жүйелері — спартандық және афиналық: мәдени тіршілік ету ортасы,			

оқыту мен тәрбиенің мазмұны. Римдік тәрбие мен білім беру жүйесі, о н ы ң азаматтық-патриоттық бағыты.			
Тақырып 1.3.2. Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері.			
Тақырып 1.3.3. Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.			
1.4. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі.	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.			
Тақырып 1.4.2. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық саласы.			
Тақырып 1.4.3. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси саласы.			
Тақырып 1.4.4. Мәдениеттер диалогі.			
2 Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер.			
2.1. Антропогенез және этногенез.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Адамның шығу тегі теориялары.			
Тақырып 2.1.2. Этностардың пайда болуы туралы теориялар.			
Тақырып 2.1.3. Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта.			
2.2. Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Этносаралық қатынастар: проблемалары және карама-қайшылықтары.			

Тақырып 2.2.2. Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері.			
2.3. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.			
Тақырып 2.3.2. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.			
3 Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан			
3.1. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары			
Тақырып 3.1.2. Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін			
Тақырып 3.1.3. Саяси режимдердің типтері			
3.2. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы.			
Тақырып 3.2.2. Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан орта ғасырларға өтудің бір факторы ретінде.			
Тақырып 3.2.3. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.			
Тақырып 3.2.4. Еуразия картасының өзгеруіне			

Шыңғысхан жорықтарының ықпалы.			
Тақырып 3.2.5. Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері.			
Тақырып 3.2.6. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері.			
3.3. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.			
Тақырып 3.3.2. Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде.			
Тақырып 3.3.3. Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.			
4 Бөлім. Мәдениеттің дамуы.			
4.1. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.			
Тақырып 4.1.2. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы.			
Тақырып 4.1.3. Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі.			

4.2. Өнер – қоғам дамуының бейнесі.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері.			
Тақырып 4.2.2. Заманауи өнердің даму тенденциялары.			
4.3. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.			
Тақырып 4.3.2. Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі.			
Тақырып 4.3.3. Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың тарихи оқиғалары.			
Тақырып 4.3.4. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі.			
5 Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
5.1. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері.			
Тақырып 5.1.2. Дәстүрлі (аграрлық) экономика.			
Тақырып 5.1.3. Нарықтық экономика.			
Тақырып 5.1.4. Жоспарлы социалистік экономика.			

Тақырып 5.1.5. Экономиканың аралас түрлері.			
5.2. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы.			
Тақырып 5.2.2. Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары.			
5.3. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.	+	+	+
Тақырып 5.3.1. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.			
Тақырып 5.3.2. Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары.			
6 Бөлім. Саяси-құқықтық процестер.			
6.1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Құқықтық мемлекет түсінігі.			
Тақырып 6.1.2. Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі.			
Тақырып 6.1.3. Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы.			

Тақырып 6.1.4. Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар.			
6.2. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі.			
Тақырып 6.2.2. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі.			
6.3. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер.			
Тақырып 6.3.2. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері.			
7 Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары.			
7.2. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер.			
Тақырып 7.2.1. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы			
Тақырып 7.2.2. Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы			
Тақырып 7.2.3. Н. Мандела –апартеидке қарсы күресуші			
7.3. XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы			

к ө р н е к т і саясаткер-реформаторлар	+	+	+
Тақырып 7.3.1. Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы.			
Тақырып 7.3.2. Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты".			
Тақырып 7.3.3. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы.			
Тақырып 7.3.4. Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы.			
Тақырып 7.3.5. Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад : "үшінші әлемнен бірінші әлемге".			
Тақырып 7.3.6. Н.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі.			
Тақырып 7.3.7. Тарихтағы тұлғаның ролі. К ө р н е к т і саясаткер-реформаторлардың оқу-ағарту саласындағы саясаты.			
8 Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.			
8.1. Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері.			
Тақырып 8.1.2. Құндылықтар-қатынастар, құндылықтар-сапа, құндылықтар-білім.			
Тақырып 8.1.3. Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (гимназия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер,			

<p>медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері.</p> <p>Батыс еуропа елдеріндегі XIX-XX ғасырлардағы мектеп пен тәрбие.</p>			
<p>Тақырып 8.1.4. Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгінгі Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері.</p>			
<p>Тақырып 8.1.5. Қазіргі әлемдегі білім берудің рөлі мен орны. Білім беруді дамытудың қазіргі тенденциялары. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі білім ұғымын түсіну.</p>			
<p>Тақырып 8.1.6. Педагогикалық интеграция білім берудің жаһандық мәселелерін шешу құралы ретінде. Интеграциялық педагогикалық процестер .</p>			
<p>8.2. Ғылыми-техникалық прогресс.</p>	+	+	+
<p>Тақырып 8.2.1. Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері Ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының ілгерілеуі.</p>			
<p>Тақырып 8.2.2. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары.</p>			
<p>8.3. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.</p>	+	+	+
<p>Тақырып 8.3.1. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар.</p>			

Тақырып 8.3.2. Қазіргі ғылымның перспективті салалары. (робототехника, космонавтика, гендік инженерия және тағы басқалар).			
Тақырып 8.3.3. Баспа ісінің тарихы. Полиграфиялық өндірістегі қазіргі заманғы әдістер.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Тарау атауы	Бөлім атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	<p>1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "өркениет типі" терминдерін қолдану;</p> <p>2) "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.</p>	<p>1) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы ғалымдардың пікірлерін талдайды;</p> <p>2) "Өркениет" ұғымын танудың негізгі бағыттарын анықтайды;</p> <p>3) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы эволюциялық және өркениеттілік бағыттардың айырмашылықтарын сипаттайды.</p>
	Өркениеттердің жіктелуі	<p>1) Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру;</p> <p>2) өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p>	<p>1) Өркениеттің түрлерін сипаттайды;</p> <p>2) ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды;</p> <p>3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды;</p>
		<p>1) Өркениеттің индустриалды және постиндустриалды түрлерін сипаттайды;</p> <p>2) ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды;</p> <p>3) индустриалды және постиндустриалды</p>	

Өркениет: даму
ерекшеліктері

	<p>дамуының ерекшеліктерін түсіндіру.</p>	<p>өркениеттердің айырмашылықтарын талдайды. 4) Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық техноло-гиялардың ықпалын анықтайды.</p>
<p>Әлем өркениеттерінің тарихы</p>	<p>1) Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау; 2) әлем өркениеттері мен діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау.</p>	<p>1) Ежелгі өркениеттердің дамуына діни сенімдердің әсерін анықтайды; 2) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды; 3) мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерделейді. 4) батыс пен шығыс тарихының дамуындағы эллинизмнің маңыздылығын анықтайды және бағалайды..</p>
	<p>2) Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау.</p>	<p>1) Дәстүрлі өркениет ошақтарын атайды және орналасқан жерін картадан көрсетеді; 2) аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.</p>
	<p>1) Әлемдік діндер іліміндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау; 2) әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау.</p>	<p>1) Әлемдік діндердің философиялық негіздерін анықтайды; 2) қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын сипаттайды; 3) қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалайды.</p>

Өркениеттердің өзара әрекеттесуі

<p>1) Себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау.</p>	<p>1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды; 2) қазіргі заманғы жетекші халықаралық ұйымдарды атайды, олардың іс-әрекетінің маңыздылығын бағалайды.</p>
<p>2) Қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау.</p>	<p>1) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтайды; 2) өркениеттерді жақындастыруда дипломатияның үлесін саралайды.</p>
<p>3) Отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды.</p>
<p>4) Өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау.</p>	<p>1) Мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің өркениетті деңгейін талдайды; 2) жаһанданудың оң және теріс жақтарын анықтайды, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалайды.</p>
<p>5) Адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды;</p>

			3) жаһандандудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды.
Этникалық және әлеуметтік процестер	Антропогенез және этногенез	1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау.	1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт", "социогенез", "формациялық әдіс", "өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолданады; 2) ұлтаралық қатынастардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
	Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	1) Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу.	1) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; 2) қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады; 3) ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін талдайды;
		1) Этникалық және мәдени әртүрлілікті, антропогенездің әртүрлі теорияларын тұжырымдау.	1) Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді; 2) әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын қорытындылайды; 3) антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелейді; 4) қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны болжайды.
			1) Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолданады;

	<p>Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер</p>	<p>1) Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар мен буржуазиялық революциялардың себептері мен салдарларын тұжырымдау.</p>	<p>2) тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды; 3) буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.</p>
<p>Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан</p>	<p>Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде</p>	<p>1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 2) тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 3) антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 4) дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды; 5) моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды.</p>
		<p>1) Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау.</p>	<p>1)Тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдайды; 2) революциялардың жағымды және жағымсыз салдарын анықтайды; 3) қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасайды.</p>
		<p>1) ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің</p>	<p>1) ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді. 2) әлемдегі ең ірі мұражайлардың</p>

Мәдениеттің дамуы	Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары	<p>мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау.</p> <p>1) Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын, әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау;</p> <p>2) әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру.</p>	<p>ерекшеліктерін анықтайды.</p> <p>1) Әлемдік мәдениеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдайды;</p> <p>2) бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін, оның қазіргі қоғамға әсерін негіздейді;</p> <p>3) қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының маңызын салыстырады;</p> <p>4) әлемдегі ең ірі мұражайлардың ерекшеліктерін анықтайды.</p>
	Өнер – қоғам дамуының бейнесі	<p>1) XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттегі тың құбылыстарды түсіндіру;</p> <p>2) тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдерін білу;</p>	<p>1) Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін "абстракционизм", "модернизм", "постмодернизм", "авангардизм", "футуризм", "кубизм", "сюрреализм", "экспрессионизм", "гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолданады;</p> <p>2) әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтайды.</p>
	Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары	<p>1) XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланыстыру, ерекшеліктерін анықтау.</p>	<p>1) Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін талдайды;</p> <p>2) жаһандандудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін қорытындылайды.</p>
			<p>1) Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдарын қолданады;</p>

	<p>Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық</p>	<p>1) Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың әсерін анықтау, қазіргі кезеңдегі әлем елдерінің экономикалық жіктелуін түсіндіру.</p>	<p>2) әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды; 3) экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіреді.</p>
<p>Өркениет: даму ерекшеліктері</p>	<p>Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі</p>	<p>1) Нарықтық экономиканың ерекшелігін саралау, табиғи-географиялық фактордың маңызын, рөлін бағалау.</p> <p>1) Аралас экономиканың ерекшелігін және дамушы мемлекеттердің, аймақтардың артта қалушылығына көмектесудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау.</p>	<p>1) Шаруашылық жүйеге әсер ететін факторларды анықтайды; 2) әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономиканың сипаттамалық ерекшеліктерін талдайды; 3) мемлекеттер мен өңірлердің шаруашылық мамандануын қалыптастырудағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді; 4) мемлекеттер мен өңірлердің біркелкі емес экономикалық дамуын салыстырады.</p> <p>1) Экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін талдайды; 2) қазіргі тарихтағы табиғи-географиялық факторларды шектейтін жағдайларда мемлекеттердің табысты экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды; елдер мен өңірлердің біркелкі емес экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтайды.</p>
			<p>1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының</p>

	<p>Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам</p>	<p>1) Әлемнің қазіргі саяси жүйесі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бағытындағы мемлекеттердің саяси дамуын болжау.</p>	<p>алғышарттарын зерттейді ; 2) саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам " постбиполярылық жүйе", " көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолданады; 3) құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды;</p>
<p>Саяси-құқықтық процестер</p>	<p>Әлемнің қазіргі саяси жүйесі Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі</p>	<p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолданады; 2) азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды ; 3) азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін айқындайды.</p>
		<p>1) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын түсіндіреді; 2) қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды; 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.</p>
			<p>1) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір</p>

	<p>Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы</p>	<p>1) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын, қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлін бағалау.</p>	<p>идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді; 2) XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді; 3) қоғамдық ойдың дамуын "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм", "гандизм", "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолданады; 4) қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі туралы қортындылар жасайды.</p>
<p>Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</p>	<p>XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер</p>	<p>1) Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық саяси ойдың дамуы, XX және XXI ғасырдың көрнекті саясаткер-реформаторлар туралы баяндау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолданады; 2) мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын саралайды.</p>
			<p>1) Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан</p>

	<p>XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар</p>	<p>1) Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың, тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушының еңбектерін, елдің стратегиялық бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау.</p>	<p>Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды; 2) "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін зерттейді; 3) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін дәлелдейді; 4) азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын қорытындылайды.</p>
	<p>Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде</p>	<p>1) Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің маңыздылығын айқындау; 2) білім беру орнын жалпыадамзаттық құндылық ретінде айқындау; 3) Ежелгі шығыс өркениеттерінде тәрбие мен оқыту туралы түсінік қалыптастыру;</p>	<p>1) Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін айқындайды; 2) адамзат тарихы контекстіндегі білім беруді дамытудағы өзгерістер мен сабақтастықты сипаттайды; 3) Ежелгі Шығыс өркениеттеріндегі тәрбие мен оқыту туралы біледі.</p>
	<p>Ғылыми-техникалық прогресс</p>	<p>1) Әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіптік революцияның нәтижелерін талдау; 2) білімнің, ғылыми-техникалық прогрестің құндылықтарын түсіндіру; 3) жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын зерттеу, олардың дамуының</p>	<p>1) Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіптік революция", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын пайдаланады; 2) әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіптік революцияның ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды;</p>

		<p>жалпы тенденцияларын анықтау; 4) білім беруді дамытудың қазіргі тенденцияларын сипаттау және білімнің әлемдік білім беру кеңістігіндегі рөлін анықтау</p>	<p>3) білім мен ғылымды дамытудағы алғашқы университеттердің рөлін айқындайды; 4) қазіргі әлемдегі білім берудің рөлі мен орнын айқындайды, қазіргі заманғы үрдістерді сипаттайды.</p>
<p>Білім мен ғылымның дамуы</p>	<p>1) Білім құндылығы, ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми технологиялардың дамуын болжау.</p>		<p>1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды; 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды; 3) мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады; 4) ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін айқындайды.</p>
	<p>Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар</p> <p>1) Қазіргі заманның жаһандық проблемаларын шешу үшін ғылым мен техниканың қазіргі заманғы түрлерін дамытудың маңыздылығын көрсету; 2) бірінші баспаның, баспа материалдарының пайда болу, даму тарихын айту; 3) адамзат тарихындағы баспа ісінің тарихи маңыздылығын түсіндіру; 4) алғашқы баспаханалар туралы, оның ішінде қазақ тілінде, оларды кітап басып шығару ісінің тарихымен байланыстыра отырып, айту;</p>		<p>1) Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі заманның жаһандық проблемаларының туындауына әсерін зерделейді; 2) ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын, рөлін бағалайды; 3) адамзат өркениетін дамыту үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды; 4) баспахана тарихын, баспа өнімін, арнайы мамандарды және баспа ісінде, оның ішінде қазақ тілінде қолданылатын терминдерді біледі; 5) баспа ісінің тарихын түсіндіреді; 6) адамзат өркениетін дамыту үшін ақпараттық</p>

5) типографиялық істе қолданылатын терминдерді меңгеру.	технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды.
---	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
16 - қосымша

Педагогикалық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "География" пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған педагогикалық, географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

4. Пәннің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: "Географиялық зерттеу әдістері", "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың ғаламдық проблемалары".

1 бөлім. "Географиялық зерттеу әдістері" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) жалпы географиялық әдістер;
- 2) өзекті географиялық зерттеу әдістері;

2 бөлім. "Картография және геоинформатика" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) картография;
- 2) заманауи картографиялық әдістер;
- 3) геоинформатика негіздері;

3 бөлім. "Табиғатты пайдалану және геоэкология" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) табиғатты пайдалану;
- 2) геоэкологиялық зерттеу әдістері;
- 3) табиғатты пайдалануды реттеу;
- 4) геологиялық зерттеулер негіздері;

4 бөлім. "Геоэкономика" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі;
- 2) шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері;
- 5) дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері;
- 6) экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе;
- 7) Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті;
- 8) Геоэкономикалық даму стратегиялары.

5 бөлім. "Геосаясат" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі;
- 2) дүниежүзінің геосаяси кеңістігі;
- 3) геосаясаттағы географиялық факторлар;
- 4) мемлекеттік аумақтың морфологиясы;
- 5) мемлекеттік шекара;
- 6) заманауи геосаяси үдерістер;
- 7) Қазақстанның геосаяси жағдайы;
- 8) Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі;
- 9) Қазақстанның геосаяси интеграциясы;

6 бөлім. "Елтану" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

- 1) дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру;
- 2) дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану;
- 3) дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны;

4) дүниежүзі елдерін салыстыру;

7 бөлім. "Адамзаттың ғаламдық проблемалары" Бөлімі келесі Бөлімшелерден тұрады:

1) ғаламдық мәселелерді шешу;

2) ғаламдық мәселелерді шешу жолдары.

"География" пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері". Жалпы географиялық әдістер: география бойынша зерттеу тақырыбын таңдау; географиялық мониторинг әдістері; географиядағы салыстыру әдістері. Өзекті географиялық зерттеу әдістері: географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері; эксперттік бағалау әдістері; географиядағы модельдеу әдістері.

2) "Картография және геоинформатика". Картография: заманауи картографиялық әдістер; геоинформатика негіздері; географиялық деректер базасы, географиялық деректерді визуализациялау. Геоинформатика негіздері: геоақпараттық жүйелердің геоақпараттық әдістері мен технологияларының ерекшеліктері; геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Педагогикалық мамандықтарда геоақпараттық жүйелер технологиясын қолдану.

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғатты пайдалану: табиғатты пайдалану түрлері; табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау; табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары, оқыту және тәрбиелік мәні. Геоэкологиялық зерттеу әдістері: геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі; геосфералардың ластануы; геоэкологиялық аудандастыру; геоэкологиядағы антропогендік факторлар; ғаламдық экологиялық мәселелер; геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе; экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар; Қазақстанның экологиялық мәселелері, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тәрбиелеу. Табиғатты пайдалануды реттеу : табиғатты пайдалану үдерістерін реттеу; қоршаған ортаны қорғау шаралары; табиғатты қорғаудағы жеке тұлғаның рөлі; Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың принциптері және тәрбиелік мәні. Геологиялық зерттеулер негіздері; табиғатты пайдалану тұжырымдамасы; қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері; табиғатты пайдалану; қоршаған ортаның сапасын бағалау; экология және адам денсаулығы; экологиялық мәдениетті дамытудың педагогикалық негіздері.

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері. Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі: геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері; геоэкономиканы оқу процесінде жас ұрпаққа педагогикалық ықпалы. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары; шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары.

Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы; дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы; Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері; дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру; дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу, дамыған елдер; білім берудегі дамушы елдердің топтары. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары; Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті: Қазақстан экономикасының салалық құрылымы. Геоэкономикалық даму стратегиялары: импортты алмастыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау.

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі; геосаясаттың мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні, негізгі категориялары; білім беру сапасы саласындағы геосаясат. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі: қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; білім беру геосаясатына әсер ететін жаһандық трендтер мен факторлар. Геосаясаттағы географиялық факторлар: геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы; педагогикалық және саяси факторлардың геосаясаттағы маңызы. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы: мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу. Мемлекеттік шекара; мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы; Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары, көрші мемлекеттермен қарым қатынасы, басты көрсеткіштері мен динамикасы. Заманауи геосаяси үдерістер: қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер. Геосаяси жағдай: Қазақстанның геосаяси жағдайы. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі: Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар; қауіпсіздіктің кәсіби педагогикалық мәдениеті: дамыту және жетілдіру жолдары; Қазақстанның геосаяси интеграциясы; Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланысы.

6) "Елтану". Дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру: дүниежүзі физикалық- географиялық аудандастыру. Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер; әлем елдерін салыстыру кезіндегі білім көрсеткіштері; әлем елдеріндегі білім беру технологияларының даму ерекшеліктері. Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны: ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның Жер серіктен түсірілген картасына дейін; мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер; Азия жүрегіндегі Ұлы дала елі. Дүниежүзі елдерін салыстыру; Қазақстанның білім беру саласындағы рейтингі; қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары.

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық мәселелерді шешу: адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері; дамушы елдердегі жаһандық проблемалар; жаһандану жағдайындағы білім беру мәселелері. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары: адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе; ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері; Жана Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас педагогтың рөлі.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабактар	
		Теориялық	Практикалық
1 Бөлім. Географиялық зерттеу әдістері			
1.1 Жалпы географиялық әдістер	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Географиядан зерттеу тақырыбын таңдау.			
Тақырып 1.1.2. Географиялық мониторинг әдістері			
Тақырып 1.1.3. Географиядағы салыстыру әдістері.			
1.2. Өзекті географиялық зерттеу әдістері	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Географиялық			

сараптаманың алгоритмі және түрлері.			
Тақырып 1.2.2. Эксперттік бағалау әдістері.			
Тақырып 1.2.3. Географиядағы модельдеу әдістері.			
2 Бөлім. Картография және геоинформатика			
2.1. Картография	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Заманауи картографиялық әдістер			
Тақырып 2.1.2. Геоинформатика негіздері.			
Тақырып 2.1.3. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау.			
Тақырып 2.1.4. Заманауи картографиялық әдістерді қолдану жолдары			
2.2. Геоинформатика негіздері	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктері.			
Тақырып 2.2.2. Геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Педагогикалық мамандықтарда геоақпараттық жүйелер технологиясын қолдану.			
3 Бөлім. Табиғатты пайдалану және геоэкология			
3.1. Табиғатты пайдалану	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Табиғатты пайдалану түрлері			

Тақырып 3.1.2. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау			
Тақырып 3.1.3. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары, оқыту және тәрбиелік мәні			
3.2. Геоэкологиялық зерттеу әдістері	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі			
Тақырып 3.2.2. Геосфералардың ластануы			
Тақырып 3.2.3. Геоэкологиялық аудандастыру			
Тақырып 3.2.4. Геоэкологиядағы антропогендік факторлар			
Тақырып 3.2.5. Ғаламдық экологиялық мәселелер			
Тақырып 3.2.6. Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау.			
Тақырып 3.2.7. Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе			
Тақырып 3.2.8. Экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар			
Тақырып 3.2.9. Қазақстанның экологиялық мәселелері, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тәрбиелеу			
3.3. Табиғатты пайдалануды реттеу	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Табиғатты пайдалану үдерістерін реттеу			

Тақырып 3.3.2. Қоршаған ортаны қорғау шаралары			
Тақырып 3.3.3. Табиғатты қорғаудағы жеке тұлғаның рөлі			
Тақырып 3.3.4. Қазақстан Республикасындағы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың принциптері және тәрбиелік мәні			
3.4. Геологиялық зерттеулер негіздері	+	+	+
Тақырып 3.4.1. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасы			
Тақырып 3.4.2. Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері			
Тақырып 3.4.3. Табиғатты пайдалану			
Тақырып 3.4.4. Қоршаған ортаның сапасын бағалау			
Тақырып 3.4.5. Экология және адам денсаулығы.			
Тақырып 3.4.6. Геоэкологиялық индикаторлар			
Тақырып 3.4.7. Экологиялық мәдениетті дамытудың педагогикалық негіздері			
Тақырып 3.4.8. Тұрақты дамуға көшу			
4 Бөлім. Геоэкономика			
4.1. Геоэкономика негіздері. Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері			
Тақырып 4.1.2. Геоэкономиканы оқу процесінде жас ұрпаққа педагогикалық ықпалы			

4.2. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары			
4.3. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы			
4.4. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері	+	+	+
Тақырып 4.4.1. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері			
4.5. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері	+	+	+
Тақырып 4.5.1. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру			
Тақырып 4.5.2. Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу. Дамыған елдер.			
Тақырып 4.5.3. Білім берудегі дамушы елдердің топтары			
4.6. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе	+	+	+
Тақырып 4.6.1. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары			
Тақырып 4.6.2. Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері			

4.7. Қазақстан Республикасы аймақтарының геэкономикалық жағдайы мен әлеуеті	+	+	+
Тақырып 4.7.1. Қазақстан экономикасының салалық құрылымы			
4.8. Геээкономикалық даму стратегиялары	+	+	+
Тақырып 4.8.1. Импортты алмастыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау			
5 Бөлім. Геосаясат			
5.1. Геосаясат негіздері. Геосаясаттың өзектілігі	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Геосаясаттың мақсаты мен міндеттері. Зерттеу пәні, негізгі категориялары			
Тақырып 5.1.2. Білім беру сапасы саласындағы геосаясат			
5.2. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	+	+	+
Тақырып 5.2.1 Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі			
Тақырып 5.2.2 Білім беру геосаясатына әсер ететін жаһандық трендтер мен факторлар			
5.3. Геосаясаттағы географиялық факторлар	+	+	+
Тақырып 5.3.1 Геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы			
Тақырып 5.3.2 Педагогикалық және саяси факторлардың геосаясаттағы маңызы			
5.4. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы	+	+	+
Тақырып 5.4.1 Мемлекеттік аумақтың			

морфологиялық ерекшеліктері			
Тақырып 5.4.2 Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу			
5.5. Мемлекеттік шекара	+	+	+
Тақырып 5.5.1 Мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы			
Тақырып 5.5.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары. Көрші мемлекеттермен қарым қатынасы, басты көрсеткіштері мен динамикасы			
5.6. Заманауи геосаяси үдерістер	+	+	+
Тақырып 5.6.1 Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер			
5.7. Геосаяси жағдай	+	+	+
Тақырып 5.7.1 Қазақстанның геосаяси жағдайы			
5.8. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	+	+	+
Тақырып 5.8.1 Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар			
Тақырып 5.8.2 Қауіпсіздіктің кәсіби педагогикалық мәдениеті : дамыту және жетілдіру жолдары			
5.9. Қазақстанның геосаяси интеграциясы	+	+	+
Тақырып 5.9.1 Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланысы			
6 Бөлім. Елтану			

6.1. Дүниежүзі аймақтары. Кешенді географиялық аудандастыру.	+	+	+
Тақырып 6.1.1 Дүниежүзі физикалық-географиялық аудандастыру			
6.2. Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану	+	+	+
Тақырып 6.2.1 Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер			
Тақырып 6.2.2 Әлем елдерін салыстыру кезіндегі білім көрсеткіштері			
Тақырып 6.2.3 Әлем елдеріндегі білім беру технологияларының даму ерекшеліктері			
6.3. Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны	+	+	+
Тақырып 6.3.1 Ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның Жер серіктен түсірілген картасына дейін			
Тақырып 6.3.2 Мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер			
Тақырып 6.3.3 Азия жүрегіндегі Ұлы дала елі			
6.4. Дүниежүзі елдерін салыстыру	+	+	+
Тақырып 6.4.1 Қазақстанның білім беру саласындағы рейтингі			
Тақырып 6.4.2 Қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары			
7 Бөлім. Адамзаттың ғаламдық проблемалары			

7.1. Ғаламдық мәселелерді шешу	+	+	+
Тақырып 7.1.1 Адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері			
Тақырып 7.1.2 Дамушы елдердегі жаһандық проблемалар			
Тақырып 7.1.3 Жаһандану жағдайындағы білім беру мәселелері			
7.2. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары	+	+	+
Тақырып 7.2.1 Адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе			
Тақырып 7.2.2 Ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері			
Тақырып 7.2.3 Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас педагогтың орны.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Географиялық зерттеу әдістері	Жалпы географиялық әдістер	1) Жалпы географиялық зерттеу әдістерін меңгеру.	1) Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдісінің элементтерін сандық салыстырмалы, әдістерді қолданады.
	Өзекті географиялық зерттеу әдістері	1) Зерттеу тақырыбындағы өзекті географиялық әдістерді тиімді және сауатты пайдалану;	1) Зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік модельдеуді бағалау әдістерін қолданады; 2) зерттеу нәтижелерінің электрондық нұсқаларын дайындайды.
	Картография	1) Заманауи картографиялық әдістерге сипаттама бере отырып геоинформатика негіздерімен таныстыру;	1) Картографиялық әдістерді қолдана отырып электронды карталармен жұмыс істейді; 2) тақырыпқа сай компьютерлік

Картография және геоинформатика		2) географиялық деректер базасын пайдалана отырып сандық т.б карталарды оқу және талдау.	бағдарламаларды, соның ішінде, Microsoft Excel-ді қолдану және географиялық деректер базасын құрады.
	Геоинформатика негіздері	1) Геоинформатика негіздері игере отырып Геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктерін, басқада педагогикалық зерттеулерімен байланыстарын түсіндіру .	1) Компьютерлік бағдарламалардың артықшылықтарын салыстырып географиялық деректерді жинақтап, таңдаулы мамандықтары бойынша геоинформатиканы қолданады.
Табиғатты пайдалану және геоэкология	Табиғатты пайдалану	1) Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, бағалап тиімді пайдаланудың қағидаттарын білу; 2) мамандыққа байланысты табиғатты пайдалану түрлерімен тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар беру.	1) Табиғатты пайдалану және мамандық арасындағы қажеттілікті түсінеді; 2) экологиялық таза өндірістік жобаларды дайындайды.
	Геоэкологиялық зерттеу әдістері	1) Геоэкологиялық зерттеу пәнінің өзектілігін түсіну; 2) геоэкологиялық кеңістіктегі антропогендік факторларды білу; 3) экологиялық жағдайдың мамандыққа қатысты мәселелерін шешудегі инновациялық технологияларға сипаттама беру.	1) Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтайды; 2) ғаламдық экологиялық мәселелерді біледі, оны шешудегі инновациялық технологиялардың рөлін анықтай алады.
	Табиғатты пайдалануды реттеу	1) Табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігін бағалау (жергілікті / өңірлік компонент негізінде); 2) табиғатты пайдаланудағы тұлғаның рөлін анықтау; 3) табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың тәрбиелік қағидаттарын үйрету.	1) Шаруашылық салалары бойынша табиғат пайдалануды реттеу тетігін талдайды; 2) табиғатты пайдаланудағы тұлғаның рөлін айқындайды; 3) табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың тәрбиелік маңызы қағидаттарын біледі.
		1) Қоршаған ортаның антропогендік	1) Табиғатқа әсер етуші антропогендік

	Геологиялық зерттеулер негіздері	өзгерістерін талдап, орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу және бағалау; 2) антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау барысында мамандық бойынша маңызды геоэкологиялық фактор екенін түсіну.	өзгерістердің адамзат қоғамының қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің тарихи аспектілерін, табиғатты пайдалану жолдарын біледі; 2) қоршаған орта сапасының нормалары мен түрлерін тіршілік үшін қажеттілігін біледі.
Геоэкономика	Геоэкономика негіздері. Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	1) Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктерін сипаттау; 2) Қазақстан аймақтарының экономикалық әлеуметтік дамуындағы географиялық кеңістіктің ролін айқындау.	1) Геоэкономиканың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсінеді; 2) Қазақстан аймақтарының экономикалық әлеуметтік және демографиялық жағдайын географиялық кеңістіктегі ролін айқындайды.
	Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары	1) Шаруашылықты ұйымдастырудың негізгі факторларын айқындау және заманауи орналасу факторларын сипаттау.	1) Шаруашылықтың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды орналастыру факторлары мен шарттарының жиынтығын талдайды.
	Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы	1) Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын білу.	1) Шекаралас елдерінің шаруашылық құрылымын салыстырмалы түрде Қазақстан экономикасымен байланысын біледі.
	Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері	1) Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы мен модельдерімен танысу; 2) шаруашылықты мамандықтар бойынша аумақтық құрылымына сипаттама беру және аумақтық құрылымының ерекшеліктерін сипаттау.	1) Дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерімен танысу; 2) мамандық бойынша аумақтық құрылымының сипаттамасын және ерекшеліктерін біледі.
	Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері	1) Әлем елдерінің Экономикалық даму көрсеткіштерімен, даму деңгейі бойынша сыныптамамен таныстыру;	1) Әлем елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырады, жіктеуді және сипаттауды біледі;

		2) білім берудегі дамушы елдер тобымен таныстыру.	2) білім берудегі дамушы елдердің топтарын біледі.
	Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе	1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларын. мақсатты көрсеткіштерін талдау.	1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға береді және мақсатты көрсеткіштерін біледі.
	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті	1) Қазақстан экономикасының салалық құрылымын сипаттау.	1) Тиімді шаруашылық құрылымын, салаларының арақатынасын, аумақтық құрылымын және экономикалық дамудың тиімді көрсеткіштерін айқындайды.
	Геоэкономикалық даму стратегиялары	1) Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктеріне сипаттама беру; 2) Қазақстан өнер кәсіптік кластерлік бастамаларын талдау.	1) Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктердің қызметін біледі; 2) кластер тұжырымдамаларын түсінеді, стратегиялық жобаларын ұсына алады.
	Геосаясат негіздері. Геосаясаттың өзектілігі	1) Геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін білу. негізгі; 2) геосаяси объектілері мен субъектілерін талдау. Геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдарын сипаттау.	1) Қазіргі геосаясаттың негізгі мақсаттары мен мәнін түсінеді; 2) геосаясаттың негізгі объектілері мен субъектілерін айқындай алады.
	Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	1) Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігіне баға беру; 2) білім беру геосаясатына әсер ететін трендтер мен факторларды айқындау.	1) Дүниежүзінің геосаяси кеңістігінің алуан-түрлілігімен танысып, оны талдайды; 2) білім беру геосаясатына әсер ететін геосаяси трендтермен және факторлармен танысады.
	Геосаясаттағы географиялық факторлар	1) Геосаясаттағы физика-географиялық факторлардың мәндерін түсіндіру; 2) геосаясаттағы педагогикалық, саяси, факторлардың маңыздылығын бағалайды.	1) Геосаясаттағы физика-географиялық, факторлардың рөлін бағалайды; 2) білім берудегі қазіргі геосаяси процестерді талдайды.
			1) Мемлекеттік аумақтың морфологиялық

Геосаясат	Мемлекеттік аумақтың морфологиясы	1) Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін сипаттау және жіктеу.	ерекшеліктерін талдайды және ерекшеліктері бойынша жіктей алады.
	Мемлекеттік шекара	1) Мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу; 2) Қазақстанның мемлекеттік шекараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштерін айқындау.	1) Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды; 2) мемлекеттік шекараның қалыптасуының негізгі көрсеткіштерін, серпінін және нығайту жөніндегі шараларды біледі.
	Заманауи геосаяси үдерістер	1) Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістерге сипаттама беру.	1) Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістердің ерекшеліктерін айқындап, оларды сипаттай алады.
	Геосаяси жағдай	1) Қазақстанның геосаяси жағдайына түсініктеме беру.	1) Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайына кешенді баға береді.
	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	1) Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсерететін факторларды анықтап, талдау жасау.	1) Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне ықпал ететін факторларды айқындайды.
	Қазақстанның геосаяси интеграциясы	1) Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстарын зерделеу және оларды нығайту жолдарымен танысу.	1) Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланысын зерттейді, оларды нығайту жолдарын біледі; 2) сыртқы саяси бастамаларды талдайды, халықаралық ұйымдармен байланыстарға баға береді.
Дүниежүзі аймақтары. Кешенді географиялық аудандастыру.	1) Дүниежүзінің түрлі белгілері бойынша физикалық-географиялық аудандарға бөлінуін картадан көрсете білі және талдау.	1) Әлемнің физикалық-географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіреді.	
	1) Дүниежүзі елдерін салыстыруда	1) Әлем елдерін салыстыруда	

	<p>Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану</p>	<p>қолданылатын көрсеткіштермен танысу; 2) әлем елдерінде білім беру технологияларын дамыту ерекшеліктерімен таныстыру.</p>	<p>қолданылатын көрсеткіштерді айқындайды; 2) әлем елдеріндегі білім беру технологияларын біледі.</p>
<p>Елтану</p>	<p>Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны</p>	<p>1) Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін анықтау, жағдайы мен қатерлерін болжау.</p>	<p>1) Қазақстанның физикалық-географиялық, тарихи-географиялық және геосаяси аймақтарындағы жағдайын айқындай алады; 2) Қазақстан Республикасының геосаяси, тарихи және қазіргі жағдайының өзгеруін түсіндіре алады.</p>
	<p>Дүниежүзі елдерін салыстыру</p>	<p>1) Білім беру саласындағы Қазақстанның рейтингін түсіндіру және бағалау; 2) қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын айқындауға міндетті.</p>	<p>1) Білім беру саласындағы индекстер мен рейтингтердегі Қазақстанның орнының динамикасын түсінеді; 2) көрсеткіштер жиынтығы бойынша есептелетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстанның орнына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және білім беру факторларын айқындайды.</p>
<p>Адамзаттың ғаламдық проблемалары</p>	<p>Ғаламдық мәселелерді шешу</p>	<p>1) Адамзат дамуындағы мәселелер және олардың критерийлерін анықтау; 2) ғаламдық мәселелерінің пайда болу, себептерін және салдарын анықтау және топтастыру.</p>	<p>1) Адамзаттың дамуындағы ғаламдық проблемаларды жіктейді, біледі және айқындайды; 2) ғаламдық мәселелерді шешудегі геоглобалистика ұғымының рөлін және оның географиямен байланысын анықтайды.</p>
	<p>Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары</p>	<p>1) Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешудегі әлемдік тәжірибесін саралау, анықтау; 2) ғаламдық мәселелердің Қазақстан аумағындағы көріністерін анықтау; 3) Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас</p>	<p>1) Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде әлемдік тәжірибені түсінеді; 2) ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында көрініс табатын мәселелерді шешу бойынша өз жобаларын ұсынады;</p>

	педагогтың рөлін айқындау.	3) Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас педагогтың рөлін айқындайды.
--	----------------------------	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
17- қосымша

Педагогикалық бағыттың "Графика мен жобалау" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Графика мен жобалау" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Графика және жобалау" пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды проекциялау әдістерімен, графикалық модельдеу заңдылықтарымен және кескіндер теориясының негіздерімен таныстыру, жобалық және шығармашылық іс-әрекеттің дамуына әсері, графикалық мәдениетін қалыптастыруына әсер ету. және заманауи және дәстүрлі графикалық құралдарды қолдану дағдылары және оларды практикалық қызметте қолдану үшін жағдай жасау.

3. Оқу пәнін жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді құрайды:

1) білім алушылардың бойында графикалық кескіннің бастапқы функциясы таным құралы, визуалды ақпарат беру құралы деген түсініктің қалыптасуына ықпал ету;

2) проекциялау әдістері заңдылықтары туралы білімдерінің, ақпартты көрсету, құру және берудің дәстүрлі және қазіргі құрал – жабдықтары туралы түсініктердің білімін қалыптастыруға ықпал ету;

3) білім алушылардың әр түрлі графикалық іс – әрекетпен байланысты интеллектуалды қабілеттері мен зерттеу дағдыларын дамыту және кеңейтуге, бейнелі, кеңістік, логиклық, абстрактілі және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

4) білім алушылардың жобалау, графикалық моделдеу мен макеттеу әдістерін меңгерулеріне ықпал ету, сонымен қатар барлық оқу қызметтерінде АКТ қолдану дағдыларын қалыптастыру (жобалау, зерттеу, көрсетілім), графикалық формада ақпаратты оқу және визуализациялау дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

5) шығармашылық жобалау үрдісінде эстетикалық талғамдарын дамыту.

4. Педагогикалық бағытына арналған "Графика және жобалау" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында 8 Бөлім қарастырылған:

1) "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары";

2) "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау";

3) "Кескіндерді түрлендіру";

4) "Пішін қалыптастыру және құрылымдау";

5) "Пішінді түрлендіру";

6) "Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері";

7) "Жобалау. Жоба графикасы";

8) "Шығармашылық тапсырмалар".

1 бөлімі "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі;

2) Ақпаратты визуализациялау құралдары;

3) Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер;

4) Сызбадағы геометриялық құрылым.

2 бөлімі "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Проециялау әдістері;

2) Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру әдістері;

3) Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу;

4) Қима мен тіліктер.

3 бөлімі "Кескіндерді түрлендіру" бөлімшелерді қамтиды:

1) Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру.

4 бөлімі "Пішін қалыптастыру және құрылымдау" келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары;

2) Беттердің жазбасы;

3) Пішін құрылымдау.

5 бөлімі "Пішінді түрлендіру" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру.

6 бөлімі "Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Стандарттау;

2) Тетіктерді біріктіру, құрастыру сызбасы;

3) Сәулет-құрылыс графикасының элементтері;

4) Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар.

7 бөлімі "Жобалау және жобалау графикасы" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Жобалау әдістері, жобалаудың негізгі кезеңдері;

2) Жобалық ұсыныстарды визуалдау.

8 бөлімі "Шығармашылық тапсырмалар" келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар;

2) Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар.

"Графика және жобалау" пәнінің негізгі мазмұны

1) "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары".

Кескіндердің ақпараттық визуализациялаудың рөлі мен кескін тарихы, адам қызметінің әртүрлі салаларындағы (ғылымда, техникада және өнерде) кескіндердің рөлі туралы түсінік бере. Графикалық кескіндерді орындау әдістері; ақпаратты визуализациялау құралдары; негізгі сызу құралдары; олармен жұмыс істеу тәсілдері және жұмыс орнын ұйымдастыру; сонымен қатар сызбаны орындаудағы негізгі ережелер; сызба сызық түрлері; сызбаны жобалау ережелері; стандарт, формат, масштаб, негізгі жазба; практикалық жұмыс: сызба сызықтарының түрлері, сызба қаріптері, сызбағы өлшемдерді түсіру; сызбалардағы геометриялық конструкциялар; кесіндіні, шеңберді және бұрышты тең бөліктерге бөлу; түйіндесуді орындау жайында түсінік беру. Компьютерлік графиканың негізгі түрлері; растрлық, векторлық, үшөлшемді және фракталды графикаға арналған бағдарламалар; 2D кескіндерді жасауға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету; 2D кескіндерді жасау; растрлық және векторлық графиканың түсті модельдері; растрлық және векторлық графиканың графикалық операциялары; графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сызбаны жобалау; примитивтерді (кітапханаларды) пайдаланып 2D объектілерін құру; примитивтерді қолданып геометриялық құрылымдар жасау; 2D нысандарын қажетті пішімде сақтау, 2D нысанында кескіндерді басып шығару.

2) "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау". Проекция, проециялаудың негізгі әдістері; екі және үш проекциялық жазықтықтағы тікбұрышты проекция; графикалық кескіндерді құрастырудың негізгі тәсілдері; аксонометриялық проекциялар ; техникалық сызба және эскиз; заттардың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және сызу; сызбаға өлшемдерді түсіру; сызбалардағы шарттылықтар мен ықшамдаулар ; сызбаны оқу және сызу. Қималар мен тіліктер; қималар мен тіліктердің түрлері; сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолдану ережелері. Компьютерлік графиканың көмегімен көлемді модельдеудің негізгі әдістері; 3D моделін құрудың негізгі кезеңдері; 3D модельдерді құруға арналған растрлық және векторлық бағдарламалардың мүмкіндіктері (аксонометриялық проекция, техникалық сурет); көлемді модельдеу операциялары негізінде 3D моделін құру; 3D модельдің визуализация түрлерін анықтау ; 3D модельдерді құру әдістерін таңдау; 3D модельдің текстурасы мен фактурасы; 2D

объектінің қималары мен тіліктерін орындау үшін бағдарламалық құралды таңдау; қималар мен тіліктерді сызу үшін көлемді модельдеу әдістерін қарастыру.

3) "Кескіндерді түрлендіру". Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс); Кескіндерді қайта құру (графикалық жұмыс). Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық редакторда жұмыс).

4) "Пішін қалыптастыру және құрылымдау". Геометриялық денелердің пішінін құрылымдау заңдылықтары; геометриялық денелердің (заттардың) жазбасы; заттардың (геометриялық денелердің) пішіндерін құрылымдау; нысанның пішінін өзгерту; объектінің кеңістіктегі орны мен бөліктерін түрлендіру. Компьютерлік графиканың көмегімен геометриялық денелердің (заттардың) жазбасын орындау; пішін құрылымдау; "құрылымдау" - ұғымын талдау; берілген параметрлер бойынша нысанның пішінін құрылымдау.

5) "Пішінді түрлендіру". Заттың кеңістіктегі орнын өзгерту арқылы пішінін түрлендіру, объект бөліктерінің кеңістіктегі қатынасын өзгертумен пішінді түрлендіруді жүзеге асырады; Бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістері арқылы 3D моделін түрлендіру; бөлшектерді жылжыту арқылы 3D моделін түрлендіру.

6) "Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері". Стандарттау; стандарттау жайында жалпы мағлұматтар, өзара алмастыру, бөлшектер мен құрастыру бірліктерінің жалпы түсініктері; құрастыру сызбасы; бөлшектерді қосу; ажыратылатын және ажыратылмайтын қосылыстар; құрастыру сызбасын орындау және рәсімдеу ережелері; архитектуралық құрылыс графика - элементтері; құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтер (жоспар, бас жоспар, қасбет, тілік); қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу. Құрастыру сызбасының 3D моделі; графикалық бағдарламалар кітапханасымен жұмыс істеу; графикалық редактордағы құрылыс сызбалары; инфографика (схемалар, графиктер, диаграммалар). Әр түрлі қызмет салаларындағы инфографика.

7) "Жобалау. Жоба графикасы". Жобалау әдістері; жобалаудың негізгі кезеңдері; жобаланған объектілерге қойылатын талаптар (функционалды, эстетикалық); жобалық ұсыныстарды визуализациялау; графикалық құжаттар; техникалық құжаттаманың құрамы және олардың ерекшеліктері; шығармашылық идеяларды визуализациялау; жобалық ұсыныстарға арналған графикалық визуализация құралдары (эскиз, сызба, макет).

8) "Шығармашылық тапсырмалар". Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар; шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктері; идеядан жобаға дейінгі тапсырмалар; жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар; техника/дизайн/ сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/ макеттеу) орындау; берілген тақырып бойынша шығармашылық жоба; жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық

тапсырмалар; киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау; киригами техникасы арқылы мерекелік жалаулар мен ойыншықтарды құрастыру; киригами техникасы арқылы сәулет нысанын орындау; гүл қоятын сөрені модельдеу; кітап қоятын сөрені модельдеу; кітапті безендіруге арналған қорапты модельдеу; ұялы телефонға арналған трансформер –тіреуіштің дизайнын әзірлеу; ұялы телефонға арналған трансформатор- тіреуішке ою-өрнектерді қойып дизайнын әзірлеу; қазақтың қымыз құятын ұлттық ыдысының дизайнын әзірлеу; колледжге кіру алаңы мен демалыс аймағын дизайнын әзірлеу; кітап дүкені ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлеу; "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 48-72 сағатты (2-3 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және - тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық
1 Бөлім. Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары.			
1.1 Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Кескіннің мәні мен тарихы.			

Тақырып 1.1.2. Графикалық кескінді орындау әдістері.			
Тақырып 1.1.3. Компьютерлік графиканың негізгі түрлері.			
1.2 Ақпаратты визуализациялау құралдары.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Сызу аспаптары мен құрал жабдықтары.			
Тақырып 1.2.2. Жұмыс орнын ұйымдастыру және сызу құралдарымен жұмыс істеудің тиімді әдістері.			
Тақырып 1.2.3. 2D кескінін құру үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету).			
Тақырып 1.2.4. 2D кескіндерді құруға арналған графикалық редакторлар.			
Тақырып 1.2.5. Векторлық және растрлық графикадағы түстік модельдерді талдау.			
Тақырып 1.2.6. 2D нысандарын құру үшін "құру", "көшіру", "көшірме", "жою", "сақтау" графикалық операцияларын қолдану.			
1.3 Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер.	+	+	+
Тақырып 1.3.1. Стандарттар туралы түсінік. КҚБЖ.			
Тақырып 1.3.2. Пішімдер және негізгі жазбалар.			
Тақырып 1.3.3. Сызба сызықтары түрлері.			
Тақырып 1.3.4. Сызба қаріптері.			

Тақырып 1.3.5. Сызбаға өлшемдерді түсірудің негізгі ережелері.			
Тақырып 1.3.6.Сызбаны рәсімдеу ережелері (пішім, масштаб).			
Тақырып 1.3.7. Негізгі жазбаны рәсімдеу ережелері.			
1.4 Сызбадағы геометриялық құрылым.	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Параллель және өзара перпендикуляр түзулерді салу. Кесіндіні және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу.			
Тақырып 1.4.2. Шеңберді тең бөліктерге бөлу.			
Тақырып 1.4.3. Түйіндесу . Түйіндесудің түрлері.			
Тақырып 1.4.4. 2D нысандарының примитивтерін пайдалана отырып, құттықтау мен визиткаға мәтін жасау.			
Тақырып 1.4.5. 2D объектінің примитивтерін пайдаланып педагогикалық портфолио құрылымы мен құжаттар тізімін құру .			
Тақырып 1.4.6. Түйіндеме, құжат-үлгілер , клип-арттар, кітапханалар әзірлеу кезінде қолданылатын 2D нысандар.			
Тақырып 1.4.7. Примитивтерді қолдана отырып, геометриялық құрылымдар орындау.			
2 Бөлім. Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау.			
2.1 Проециялау әдістері.	+	+	+

Тақырып 2.1.1. Проециялаудың негізгі әдістері.			
Тақырып 2.1.2. Екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау.			
Тақырып 2.1.3. Тік бұрышты проекциялар жүйесіндегі денелердің сызбасы.			
Тақырып 2.1.4. Техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелері.			
2.2 Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру әдістері.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Аксонометриялық проекциялар туралы жалпы түсінік.			
Тақырып 2.2.2. Көпбұрыштар мен айналу денелерінің аксонометриялық проекциялары.			
Тақырып 2.2.3. Техникалық сурет.			
Тақырып 2.2.4. Нобай туралы түсінік.			
Тақырып 2.2.5. 3D моделін құрудың негізгі кезеңдері.			
Тақырып 2.2.6. Қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін салу.			
Тақырып 2.2.7. 3D моделін құрудағы растрлық және векторлық бағдарлама мүмкіндіктері.			
Тақырып 2.2.8. Көлемді моделдеу операциясының негізіне сүйеніп 3D моделін құру.			
2.3 Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу.	+	+	+

Тақырып 2.3.1. Сызбаларға өлшемдерді түсіру.			
Тақырып 2.3.2. Сызбаны орындау кезіндегі шарттылықтар мен ықшамдаулар.			
Тақырып 2.3.3. 3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау.			
Тақырып 2.3.4. 3D моделдерін тұрғызу тәсілдерін таңдау.			
Тақырып 2.3.5. 3D моделдерін текстурасы мен фактурасы.			
2.4 Қима мен тіліктер	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Тіліктер туралы жалпы мәлімет			
Тақырып 2.4.2. Қарапайым тіліктер			
Тақырып 2.4.3. Күрделі тіліктер			
Тақырып 2.4.4. Көрініс пен тілікті біріктіру			
Тақырып 2.4.5. Қималар. Тіліктер мен қималардың айырмашылығы			
Тақырып 2.4.6. 2D нысанның тілігін орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау			
Тақырып 2.4.7. Тілікті орындауға арналған көлемді моделдеу тәсілдері			
3 Бөлім. Кескіндерді түрлендіру			
3.1. Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру			
Тақырып 3.1.2. Кескіндерді қайта құру			
4 Бөлім. Пішін қалыптастыру және құрылымдау			

4.1 Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру зандылықтары	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Нәрсе және оның пішімі туралы ұғым			
Тақырып 4.1.2. Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру зандылықтары			
4.2 Беттердің жазбасы			
Тақырып 4.2.1. Жазбалар туралы мәліметтер			
Тақырып 4.2.2. Геометриялық дене беттерінің жазбасы			
Тақырып 4.2.3. Педагогикалық кеңеске арналған қағаз модельдің жазбасы: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт және ашық құттықтау хат			
4.3 Пішін құрылымдауы	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Пішін құрылымдауы			
5 Бөлім. Нәрсенің пішінін түрлендіруі			
5.1 Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіруі	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Нәрсенің пішінін түрлендіруі			
Тақырып 5.1.2. Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіруі			
6-Бөлім. Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері			
6.1 Стандарттау	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Стандарттау			

Тақырып 6.1.2. Бұйым, бөлшек және оның элементтері			
6.2 Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Біріктірулер туралы жалпы мәлімет. Ажырайтын біріктірулер			
Тақырып 6.2.2. Бұранда туралы жалпы мәлімет			
Тақырып 6.2.3. Бұранданы кескіндеу және сызбада белгілеуі			
Тақырып 6.2.4. Бұрандалы біріктірулер			
Тақырып 6.2.5. Ажырамайтын біріктірулер			
Тақырып 6.2.6. Құрастыру сызбалары және бөлшектеу туралы жалпы түсінік			
Тақырып 6.2.7. Құрастырылатын бұйым тетіктерінің нобайын орындау			
Тақырып 6.2.8. Құрастыру бірлігінің 3D-моделі			
6.3 Сәулет-құрылыс графикасының элементтері	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат			
Тақырып 6.3.2. Ғимараттың жоспары, қасбеті мен тілігі			
Тақырып 6.3.3. Құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер			
Тақырып 6.3.4. Құрылыс сызбаларын оқу және орындау			
Тақырып 6.3.5. Құрылыс сызбаларының элементтері			

6.4 Инфографика / сұлбалар, графикалар және диаграммалар	+	+	+
Тақырып 6.4.1. Әр түрлі саладағы инфографика			
7 Бөлім. Жобалау және жобалау графикасы			
7.1 Жобалау әдістері. Жобалаудың негізгі кезеңдері	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жобалау әдістері			
Тақырып 7.1.2. Жобалау үрдісінің кезеңдері			
Тақырып 7.1.3. Жобалау нысандарға қойылатын талаптар			
Тақырып 7.1.4. Жобаланатын объектерге қойылатын талаптардың орындалуы			
7.2 Жобалық ұсыныстарды визуалдау	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Графикалық құжаттар			
Тақырып 7.2.2. Спецификация, есеп жүргізу және түсіндірме жазба.			
Тақырып 7.2.3. Шығармашылық идеяларды визуалдау			
Тақырып 7.2.4. Электрондық техникалық құжаттардың түрлері.			
8 Бөлім. Шығармашылық тапсырмалар			
8.1 Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктері			
8.2 Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	+	+	+

Тақырып 8.2.1. Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар			
Тақырып 8.2.2. Киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау			
Тақырып 8.2.3. Киригами техникасы арқылы мерекелік жалаулар мен ойыншықтарды құрастыру			
Тақырып 8.2.4. Киригами техникасы арқылы сәулет нысанын орындау			
Тақырып 8.2.5. Гүл қоятын сөрелі модельдеу			
Тақырып 8.2.6. Кітап қоятын сөрелі модельдеу			
Тақырып 8.2.7. Кітапті безендіруге арналған қорапты модельдеу			
Тақырып 8.2.8. Ұялы телефонға арналған трансформер -тіреуіштің дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.9. Ұялы телефонға арналған трансформатор-тіреуішке ою-өрнектерді қойып дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.10. Қазақтың кымыз құятын ұлттық ыдысының дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.11. Колледжге кіру алаңының дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.12. Колледждің демалыс аймағын жобалау			
Тақырып 8.2.13. Кітап дүкені ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлеу			
Тақырып 8.2.14. "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Ақпаратты визуализациялаудың	Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі	<p>1) Адам өмірі мен тіршілігіне байланысты әртүрлі салдағы (ғылым, техника, өнер) ақпаратты визуалдау және көрсетудегі (жеткізу) кескіндеудің маңызын түсінеді және білу;</p> <p>растрлық, векторлық, үш өлшемді және фракталдық графикалық редакторлардың негіздерін, олардың қолданылуын меңгеру.</p>	<p>1) Кескіннің мәні мен тарихын біледі;</p> <p>2) "графика", "карта", "сұлба", "диаграмма", "сызбалар", "суреттер" ұғымдарына анықтама береді;</p> <p>3) "топографиялық сызбалар", "жазбаларға" түсініктеме береді;</p> <p>4) "компьютерлік графика" ұғымына анықтама береді, компьютерлік графиканың 4 түрін бөледі: растрлық графика, векторлық графика, үш өлшемді графика, фракталдық графика;</p> <p>5) Растрлық графика мен векторлық графиканың артықшылық пен кемшілігін, сонымен қатар ұқсастық пен айырмашылығын көрсете алады;</p> <p>6) Растрлық графика, векторлық графика, үшөлшемді графика мен фракталдық графикада қолданатын компьютерлік редакторларды анықтайды;</p> <p>7) растрлық графика мысалдарын орындайды;</p> <p>8) векторлық графикадағы мысалдарды орындайды;</p> <p>9) үш өлшемді графикадағы мысалдарды орындайды;</p> <p>10) фракталдық графикада мысалдарды орындайды;</p> <p>11) компьютерлік графика түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды;</p>

<p>графикалық әдістері мен құралдары</p>			<p>12) графикалық жұмыстарды орындағанда сақтау, көшіру, түзету, өшіру амалдарын орындайды; 13) растрлық және векторлық графикалық редакторларда біздің күн жүйесінің (Күн, Жер, Ай) және аспан денелерінің суретінің аттарын орналастырады.</p>
	<p>Ақпаратты визуализациялау құралдары</p>	<p>1) Сызу аспаптарымен жабдықтарын біледі, графикалық жұмыстарды орындау кезінде сызу аспаптары және жабдықтарымен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдыларын көрсету; 2) 2D кескіндерді құруға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді анықтау, векторлық және растрлық графиканың мүмкіндіктерін сауатты қолдану; 3) кескінді принтерде сақтауды және басып шығаруды білу.</p>	<p>1) Сызу аспаптары мен жабдықтарын тағайындалуы бойынша, талап ережеге сәйкес дұрыс қолдана алады; 2) сызғыш, қарындаш сызу құралдарын қолдана отырып, түзу, перпендикуляр және параллель сызықтарды сызады; 3) транспортірмен 300, 450, 600,1200,1350,1500; бұрыштарды сызады; 4) циркульмен доға, шеңбер сызады; 5) векторлық және растрлық графикадағы түстік модельдерді ажыратады және талдайды; 6) 2D нысандарды құруға арналған графикалық редактордың құралдары мен мүмкіндіктерін қолданады; 7) 2D нысандарды құруға арналған графикалық операцияларды қолдануды бағдарламада көрсетеді; 8) құрылған 2D объектілерінің қызметін анықтайды, орындалған практикалық жұмысты принтерде сақтайды және басып шығарады.</p>
			<p>1) МЕСТ стандарттарын түрлері бойынша жіктейді;</p>

<p>Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер</p>	<p>1) Стандарт бойынша сызбаны ресімдеу және орындау ережелерін біледі және сақтау;</p> <p>2) масштабтар, сызба сызықтарының және қаріптерінің түрлері мен типтерін, негізгі жазба жайында ақпараттарды білу.</p>	<p>2) "форматтар" және "масштаб" ұғымдарын есте сақтайды және ажыратады;</p> <p>3) тапсырма бойынша сызба сызықтарын сызады, тағайындалуына қарай ажыратады, дұрыс атайды және практикалық жұмыс кезінде қолданады;</p> <p>4) МЕСТ 2.304-81 бойынша Б типті қаріпті сызады;</p> <p>5) Б типті қаріпті сызу тәртібі мен ережесін біледі;</p> <p>6) негізгі жазбаны сызады, бағандардың аталуы мен тағайындалуын анықтайды;</p> <p>7) көркем шығармадан үзіндіні, Абайдың қара сөздерін, ұлы ғұлама ағартушылар даналық сөздерін Б түрі 750 көлбеу қаріппен сызады (таңдау бойынша).</p>
	<p>1) Түрлі сызу құралдарымен геометриялық сызбаларды сыза білу;</p> <p>2) түйіндесу, сопақ және қисық сызықтардың әртүрлі түрлерін қалай</p>	<p>1) Циркульдің көмегімен кесіндіні екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі;</p> <p>2) бұрыштарды циркульдің көмегімен екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі;</p> <p>3) циркуль мен тікбұрышты бұрыштықтарды қолданып шеңберді екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі;</p> <p>4) ішкі, сыртқы, аралас түйіндесуді түрлері бойынша анықтайды;</p> <p>5) түйіндесуді сызады, түйіндесудің қоршаған кеңістікте, жиһазда, құрылыста, машина жасауда, киімде,</p>

Сызбадағы геометриялық құрылым		<p>сызу керектігін көрсете білу;</p> <p>3) примитивтерді қолданып геометриялық сызбаны сызу;</p> <p>4) примитивтерді қолдану, 2D нысандарды құру және 2D нысандарды әзірлеу кезінде қолданылатын құжат-үлгілер, клипарттар, кітапханаларды тиімді қолдану.</p>	<p>тұрмыстық техникада, өнеркәсіпте қолдану мысалдарын анықтайды;</p> <p>6) примитивтерді қолданып, 2D нысандарды құрады;</p> <p>7) примитивтерді қолданып геометриялық сызбаны сызады;</p> <p>8) модульдер арқылы шеңбер мен шаршыларды тең бөліктерге бөледі, 2D нысанының шаблондарын қолданып абстрактілі және дұрыс пішіндерді жасайды;</p> <p>9) 2D объектінің примитивтерін пайдаланып педагогикалық портфолио құрылымы мен құжаттар тізімін құрады;</p> <p>10) 2D нысандарының примитивтерін пайдалана отырып, құттықтау мен визиткаға мәтін жасайды;</p> <p>11) түйіндеме құруға арналған құжат-үлгіні қолданып, 2D нысандарды әзірлейді.</p>
Проециялау әдістері		<p>1) Проециялау әдістері мен тәсілдерін біледі және түсіну;</p> <p>2) техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін сызбаны сызу барысында қолдану, анықтау.</p>	<p>1) Проециялаудың негізгі әдістерін (орталық проекциялау, аксонометриялық проекциялау, тікбұрышты проекциялау, сандық өлшемдік проекция) түсіндіреді;</p> <p>2) екі және үш проекция жазықтығында тікбұрышты проекцияны орындайды;</p> <p>3) нүктенің, кесіндінің, үшбұрыштың тікбұрышты проекция сызады;</p> <p>4) техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін графикалық жұмысты орындау барысында қолданады.</p>

	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құру	<p>1) Жазық геометриялық денелер мен көлемді пішіндердің (аксонометрия) бейнеленуін білу және түсіну;</p> <p>2) заттың берілген көріністеріне.</p>	<p>1) "Аксонометрия", " аксонометриялық проекциялар", " изометрия", "диметрия", "триметрия" ұғымдарын түсіндіреді және анықтайды;</p> <p>2) кубтың, шеңбердің изометриясын және диметриясын сызады;</p> <p>3) заттың берілген</p>
		<p>1) Аксонометриялық проекцияларын анықтайды; аксонометриялық проекцияны сыза білу;</p> <p>2) техникалық сурет пен заттың нобайын сызудың ерекшеліктерін білу және анықтау;</p> <p>3) графикалық есептерді шешу;</p> <p>4) қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сыза білу.</p>	<p>көріністеріне сүйене отырып аксонометриялық проекциясын сызады;</p> <p>4) техникалық сурет пен нобайдың ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>5) нақты заттың нобайын сызады;</p> <p>6) қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сызады;</p> <p>7) 3D моделін құру үшін растрлық және векторлық графиканың мүмкіндіктерін анықтайды және тәжірибелік тапсырмаларды орындайды;</p> <p>8) қатты модельдеу операциялары негізінде 3D моделін құру бойынша практикалық жұмыстарды орындайды.</p>
Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау	Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу	<p>1) Нәрселердің геометриялық пішінінің қасиеттерін ескере отырып, өлшем қою туралы білімдерін және өлшемдерді түсіру шеберлігін көрсете білу;</p> <p>2) сызбада шартты белгілер және ықшамдауларды пайдаланып, проекциялау</p>	<p>1) Заттардың геометриялық пішінін талдайды және сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>2) сызбадағы шартты белгілер және ықшамдауларды қолданып сызбаларды орындайды;</p> <p>3) МЕСТ бойынша сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>4) сызбаларды оқи алады және сыза алады;</p>

		<p>тәсілдері негізінде сызбаларды орындай білу ;</p> <p>3) бұйымдардың геометриялық формаларын талдай отырып, сызбаларды оқу, сыза алу.</p>	<p>5) 3D модельдерді құру әдістерін таңдайды және талдайды;</p> <p>6) 3D моделінің текстурасы мен фактурасын анықтайды. 7) 3D моделдердің визуалдау түрлері мен тәсілдерін таңдап, анықтайды.</p>
Қима мен тіліктер		<p>1) Сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолданудың мақсатын білу;</p> <p>2) сызбада қималар мен тіліктерді орындау ережелерін білу және қолдану;</p> <p>3) қималар мен тіліктерді орындаудың шарттылықтары мен ықшамдаулардың қолдану;</p> <p>3) 2D нысанның қимасы мен тілігін орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау;</p> <p>4) 2D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі үрдістерін анықтау.</p>	<p>1) Тіліктердің барлық түрін анықтайды, сонымен қатар оның арналуын және сызбада сызылу жолдарын біледі;</p> <p>2) тіліктің графикалық рәсімделуін біледі;</p> <p>3) қарапайым және күрделі тіліктерді ажыратады;</p> <p>4) сызбада жергілікті және қиғаш тіліктерді анықтап сызады;</p> <p>5) жүргізілген және қабаттасқан қималарды анықтайды;</p> <p>6) сызбалар бойынша ресімдеу және белгілеу ережелерін біледі;</p> <p>7) қималар мен тіліктерді орындау кезінде шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданады;</p> <p>8) тәжірибелік жұмыста шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданып көрсетеді;</p> <p>9) 2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растырлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдайды;</p> <p>10) қималар мен тіліктерді орындау үшін көлемді модельдеу әдістерін анықтайды және тәжірибелік жұмыста қолданады.</p>

Кескіндерді түрлендіру	Кескіндерді қайта құру	<p>1) Проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың сызбаларын орындай алу;</p> <p>2) кескіндердің түрі мен құрамын немесе масштабын өзгерте отырып, заттардың сызбаларын орындай алу;</p> <p>3) кескіндерді қайта құру әдістерін меңгеру және білу.</p>	<p>1) "Қайта құру" түсінігіне анықтама береді және талдайды;</p> <p>2) кескіннің бөліктері арқылы объектінің кескінін қайта құрай алады;</p> <p>3) сөздік сипаттамаға сүйеніп объектінің сызбасын немесе графикалық кескінін сызады;</p> <p>4) кескіннің түрі мен құрамын түрлендіруді орындайды (графикалық жұмыс);</p> <p>5) кескінді қайта құрып сызады(графикалық жұмыс);</p> <p>6) графикалық редакторда кескіннің түрі мен құрамын түрлендіріп сызады.</p>
Пішін қалыптастыру және құрылымдау	Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары	<p>1) Геометриялық денелерді және басқа да заттарды кескіндеудің негізгі заңдылықтары мен принциптерін меңгеру;</p> <p>2) әр түрлі беттердің пішінін қалыптастыру туралы білімі мен түсінігін көрсете білу.</p>	<p>1) Геометриялық денелерді кескіндеу заңдылықтары мен әдістерін түсінеді және анықтайды;</p> <p>2) "ұлғайту", "жою", "кезектестіру" тәсілдерін қолданып пішін құрастырады;</p> <p>3) пішінін өзгерте отырып, тіліктерді пайдаланып бөлшектің нобайын сызады.</p>
	Беттердің жазбасы	<p>1) Жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін біледі және түсіну;</p> <p>2) қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сыза біледі және орындау;</p>	<p>1) "Жазба" терминінің қолданылуын талдайды және анықтайды;</p> <p>2) қарапайым геометриялық денелердің жазбасын анықтайды және сызады;</p> <p>3) жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>4) шырша әшекейлерінің, кондитерлік өнімдердің, косметикалық немесе басқа да өнімдердің қаптамаларын жазуды жүзеге асырады;</p>

		<p>3) компас-3D кітапханасының не екенін білу;</p> <p>4) жылжыту, айналдыру, кинематикалық тәсілді қолданып геометриялық денелер модельдерін салу ретіне сипаттама беру.</p>	<p>5) компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызады;</p> <p>6) педагогикалық кеңеске арналған қағаз модельдің жазбасы: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт және ашық құттықтау хат жасайды.</p>
	Пішін құрылымдау	<p>1) Құрылымдау және жобалау, техникалық жобаны құру кезеңдері туралы бастапқы мәліметтерді алады.</p>	<p>1) "Құрылымдау" түсінігіне талдау жасайды;</p> <p>2) берілген параметрлер бойынша заттың пішінін құрылымдап сызады;</p> <p>3) жобаны біріктірудің техникалық кезеңдерін түсінеді және талдайды;</p> <p>4) көрсетілген параметрлер бойынша нысанның құрылымдалуын анықтайды.</p>
Нәрсенің пішінін түрлендіру	Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру	<p>1) Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып нәрсенің пішінін түрлендіреді; бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіреді.</p>	<p>1) Заттың кеңістіктегі орын өзгерту арқылы пішін түрлендіруді орындайды;</p> <p>2) нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру арқылы пішінін өзгертеді ;</p> <p>3) бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістерін қолдану арқылы 3D модельді түрлендіруді орындайды;</p> <p>4) бөлшектерді қою және басып шығару арқылы 3D модельді түрлендіруді графикалық түрде ұсынады.</p>
			<p>1) "Стандарттау", "өзара алмастыру", "біріктіру", "құрастыру сызбасы" жалпы ұғымдарын анықтайды;</p> <p>2) "бұйым", "бөлшек", "құрастыру бірлігі", "</p>

	Стандарттау	<p>1) Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгереді.</p>	<p>жиынтық", "кешен" ұғымдарын талдайды және түсінеді; 3) "Тетікбөлшек", "құрастыру бірліктері" ұғымының өзара байланысы мен айырмашылығын талдайды; 4) бұйымның кескіндеріне талдау жасайды; 5) тетіктің немесе құрастыру бірлігінің бейнесін анықтайды.</p>
	Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.	<p>1) Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер және оларды бейнелеу ережелерін біледі; құрастыру сызбасын рәсімдеу және орындау ережелерін біледі және орындайды; 2) құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызылуын біледі және орындайды; жиынтық бірлігінің 3D моделін орындайды.</p>	<p>1) құрастыру сызбалары туралы жалпы ақпарат береді; 2) ажырайтын және ажырамайтын біріктірулерді анықтайды ; 3) бұрандалы қосылымды , бұрамда профилінің пішіндерінің түрлерін, бұрамданың белгіленуін және бөлшектерін талдайды; 4)бұрандалы біріктірулерді сызады; 5) құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызбасын орындайды; 6) МЕСТ бойынша спецификацияны сызады; 7) құрастыру бірлігінің 3D модельін анықтайды және талдайды.</p>
Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері		<p>1) Сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын біледі;</p>	<p>1) Құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтерді, сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын анықтайды; 2) "бас жоспар", "жоспар", "қасбет" және "ғимарат тілігі", "құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер" ұғымдарын анықтайды;</p>

	Сәулет-құрылыс графикасының элементтері	<p>2) шартты белгілер арқылы қарапайым құрылыс сызбаларын орындайды және оқиды;</p> <p>3) жалпы ережелер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып талдайды.</p>	<p>3) азаматтық және өндіріс ғимараттарының құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды;</p> <p>4) құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады;</p> <p>5) құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды;</p> <p>6) шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.</p>
	Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар	<p>1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды біледі.</p>	<p>1) "Инфографика", " зерттеу", "эскиз", " бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді;</p> <p>2) қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды;</p> <p>3) инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді;</p> <p>4) инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды;</p> <p>5) эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.</p>
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	<p>1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтайды.</p>	<p>1)"Жоба", "жобалау", " жобалау әдістері", " жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды;</p> <p>2)жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.</p>
			<p>1) Графикалық құжаттарды, техникалық</p>

	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын біледі.	құжаттаманың құрамын және олардың ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2) шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды; жобалық ұсыныстардың графикалық визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
Шығармашылық тапсырмалар	Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Жобаламас бұрын, алдыға қойылған мақсаты мен міндеттерін, жобалау кезеңдерін анықтайды.	Жобалық іс- шараларға дайындықты анықтауға арналған тапсырмалар: 1) дағдылар тізбесін талдау және анықтау, тақырып пен бағытты таңдау, сондай ақ осы жобаны топтық немесе жеке жүзеге асыруды таңдау; 2) жұмыс орынын дайындау (компьютер, дайын шаблондар мен символдар, материалдар- картон немесе тәжірибелік жұмысқа арналған басқа құрылғылар, сызу құралдары); 3) сызба эскиздерін құру және оқытушымен бекіту .
		1) Техника/дизайн/ сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі	1) Жобалық іс-әрекетті таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдай және анықтай алады. Өртүрлі графикалық құралдарды қолданып (қолмен / компьютерлік графика / макет) берілген тақырыптарға шығармашылық жоба әзірлейді; 2) киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау; 3) Киригами техникасы арқылы мерекелік жалаулар мен ойыншықтарды құрастыру;

<p>Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар</p>		<p>графика құралдарымен (қолмен орындалатын/компьютерлік графика/макеттеу) орындайды.</p> <p>2) Жеке немесе топпен жұмыс істеу амалын таңдайды, сонымен қатар шаблон мен символдар, макеттеуге арналған материалдар, жобаны далпы әсемдеуге және негізін таңдайды, алдын ала эскиз сызбасын бекітіп, жобаны жүзеге асырудың кезеңдік міндеттері мен әдістерін анықтайды.</p>	<p>4) киригами техникасын қолдану арқылы сәулет нысанын жасайды;</p> <p>5) гүл қоятын сөрелі модельдеу;</p> <p>6) Кітап қоятын сөрелі модельдеу;</p> <p>7) кітапті орауға арналған қорапты модельдеу;</p> <p>8) ұялы телефонға арналған трансформертіреуіштің дизайнын әзірлеу;</p> <p>9) ұялы телефонға арналған трансформатортіреуішке ою-өрнектерді қойып дизайнын әзірлеу;</p> <p>10) Қазақтың қымыз құятын ұлттық ыдысының дизайнын әзірлеу;</p> <p>11) колледжге кіру алаңының және демалыс аймағын дизайнын әзірлеу;</p> <p>13) кітап дүкені ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлеу;</p> <p>14) "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу.</p>
---	--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
18- қосымша

Педагогикалық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №

348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидағар, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне жәрдемдесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, Физика дамуының қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етуге;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде проблемалық жағдайларды шешу үшін үйренген физикалық білімдерін пайдалануға игеруіне ықпал етуге;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы өнерге қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Бұл ретте Бірліктердің Халықаралық жүйесін, оның негізгі және туындыларын, еселіктерін және үлестік бірліктерін қатаң пайдалану қажет. Бағдарламада зертханалық жұмыстарды жүргізуге Оқу уақытының 10% дейін бөлінеді.

Бағдарламада материалды зерттеудегі сабақтастық, математика, биология, химия, география, тарихпен пәнаралық байланыс қарастырылған.

4. Оқу пәнінің мазмұны 9 Бөлімді қамтиды:

1) механика;

2) молекулалық физика;

3) электр және магнетизм;

4) тербелістер;

- 5) толқындар;
- 6) оптика;
- 7) кванттық физика;
- 8) нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) космология.

1 бөлім. "Механика" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) кинематика;
- 2) динамика;
- 3) статика және гидростатика
- 4) сақталу заңдары;
- 5) гидродинамика.

2 бөлім. "Молекулалық физика" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалық физика;
- 2) газ заңдары;
- 3) термодинамика негіздері;
- 4) сұйық және қатты денелер.

3 бөлім. "Электр және магнетизм" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электростатика;
- 2) тұрақты ток;
- 3) әртүрлі ортадағы электр тогы.
- 4) магнит өрісі;
- 5) электромагниттік индукция.

4 бөлім. "Тербелістер" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) механикалық тербелістер;
- 2) электромагниттік тербелістер;
- 3) айнымалы ток.

5 бөлім. "Толқындар" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электромагниттік толқындар.

6 бөлім. "Оптика" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) толқындық оптика;
- 2) геометриялық оптика.

7 бөлім. "Кванттық физика" келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) атомдық және кванттық физика;
- 2) атом ядросының физикасы.

"Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

- 1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері;
салыстырмалы қозғалыс; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.

- 2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері; қатынас ыдыстар; Паскаль заңы; атмосфералық қысым; Торричелли тәжірибесі.

4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары; серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы; денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".

6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары; термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар; қатты денелердің; сұйықтар мен газдардың моделі; молекулакинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс.

8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс; жылу мөлшері; жылусыйымдылық; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары.

9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; шық нүктесі; сұйықтың беттік керілуі; жұғу; қылтүтіктік құбылыстар.

10) "Электростатика".

Электр заряды; Кулон заңы; электр өрісі; электр өрісінің кернеулігі; біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс; электрсыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы.

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы; ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы; электр тогының жұмысы мен қуаты; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті; пайдаланылған энергия құны.

Практикалық жұмыс: "Тұрмыстық құралдардың тұтынатын қуаты мен жұмысын есептеу".

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; жартылай өткізгішті құралдар; электролит ерітінділеріндегі электр тогы; электролиз заңы; газдардағы және вакуумдегі электр тогы.

№ 2 Зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болуын зерттеу".

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері; Ампер тәжірибесі; магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид.

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны; электромагниттік индукция; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы.

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.

16) "Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық.

17) "Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.

№ 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау".

18) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары.

19) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы.

№ 4 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау".

№ 5 Зертханалық жұмыс: "Поляризация құбылысын бақылау".

20) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары; жазықпараллель пластинадан шағылу; толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар; оптикалық құралдар.

№ 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін анықтау".

21) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография.

22) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар.

№ 7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периоды анықтау".

23) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері; өзекті мәселелері және дамуы; наноматериалдар.

24) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; кара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; кара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 -тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, Бөлімше және тақырыптар атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық
Бөлім 1. Механика.			
1.1 Кинематика.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері. Салыстырмалы қозғалыс. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.			
1.2. Динамика.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары Бүкіл әлемдік тартылыс заңы Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы.			
1.3. Статика және гидростатика.	+	+	+
Тақырып 1.3.1. Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері. Қатынас ыдыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану. Торичелли тәжірибесі.			
1.4. Сақталу заңдары.	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары.			
1.5. Гидродинамика.	+	+	+
Тақырып 1.5.1. Сұйықтық кинематикасы.			
№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".			
Бөлім 2. Жылу физикасы.			
2.1. Молекулалық физика	+	+	+
.			

Тақырып 2.1.1. Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар.			
2.2. Газ заңдары.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс.			
2.3. Термодинамика негіздері.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Термодинамика заңдарын қолдану Жылу қозғалтқыштары.			
2.4. Сұйық және қатты денелер.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүіктік құбылыстар.			
Бөлім 3. Электр және магнетизм.			
3.1. Электростатика.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Электр өрiсi. Электрсыйымдылық. Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері.			
3.2. Тұрақты электр тогы.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы. Толық тізбек үшін Ом заңы. Электр тогының жұмысы мен қуаты.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тогы.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі,			

электродиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы.			
№ 2 Зертханалық жұмыс: "Электродиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу".			
3.4. Магнит өрісі.	+	+	+
Тақырып 3.4.1. Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі. Ампер күші, Лоренц күші. Заттың магниттік қасиеттері. Жасанды магниттер. Соленоид.			
3.5. Электромагниттік индукция.	+	+	+
Тақырып 3.5.1. Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар. Магниттік-резонанстық томография.			
Бөлім 4. Тербелістер.			
4.1. Механикалық тербелістер.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Механикалық гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.			
4.2. Электромагниттік тербелістер.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер.			
4.3. Айнымалы ток.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Айнымалы ток генераторы. Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток. Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс. Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор. Қазақстандағы және			

дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.			
№ 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау".			
Бөлім 5. Толқындар .			
5.1. Электромагниттік толқындар.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы. Радиобайланыс. Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары. Байланыс құралдары.			
Бөлім 6. Оптика.			
6.1. Толқындық оптика.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы.			
Дифракциялық торлар № 4 Зертханалық жұмыс: " Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау". Жарықтың поляризациясы. № 5 Зертханалық жұмыс: " Жарықтың поляризациясын бақылау".			
6.2. Геометриялық оптика.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Геометриялық оптика заңдары. Оптикалық құралдар.			
№ 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін жазық паралель пластинаның көмегімен анықтау".			
Бөлім 7. Кванттық физика.			

7.1. Атомдық және кванттық физика.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы. Спектрлік талдау. Электромагниттік сәулелену шкаласы. Фотоэффектіні қолдану. Жарықтың химиялық әсері. Рентгендік сәулелену. Лазерлер.			
7. 2. Атом ядросының физикасы.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы. Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардың бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция . Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану. Ядролық реактор. Ядролық энергетика.			
№7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периодын анықтау".			
Бөлім 8.Нанотехнология және наноматериалдар.			
8.1. Нанотехнология и наноматериалы.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері. Наноматериалдар.			
Бөлім 9. Космология.			
9.1. Космология.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар. Жұлдыздардың классификациясы. Қашықтықты анықтау. Күңгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы. Үлкен			

жарылыс теориясы. Қызыл ығысу.			
Физикалық практикум.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Механика	Кинематика. Динамика. Статика және гидростатика. Сақталу заңдары. Гидродинамика	1) Механикалық қозғалыс заңдарын білу және табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттау және түсіндіруде қолдану.	1) Кинематика теңдеулерін есеп шығару барысында қолданады; 2) Ньютон заңдарын түсінеді, Паскаль заңын сипаттайды; 3) импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдарын есептер шығаруда қолданады.
Жылу физикасы	Молекулалық физика. Газ заңдары. Термодинамика негіздері. Сұйық және қатты денелер	1) Газдардың негізгі қасиетін түсіндіруде молекулалық кинетикалық теорияны білу және қолдана алу.	1) Молекулалық кинетикалық теорияның негізгі қағидалары мен идеал газды сипаттайды, газ заңдарын есептерді шығаруда қолданады; 2) термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мәнін сипаттайды, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; 3) шардың жылдамдығы бойынша оның ішкі үйкеліс коэффициентінің мәндерін анықтайды.
Электр және магнетизм	Электростатика. Тұрақты электр тогы. Әртүрлі ортадағы электр тогы. Магнит өрісі. Электромагниттік индукция	1) Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру;	1) Электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін сипаттайды, толық тізбек үшін Ом заңын қолданады, тұрмыстағы электр құралдарының жұмыс құны мен қуатына практикалық есептеулер жүргізеді; 2) өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды анықтайды, магнит ағыны өзгеру салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіреді, электромагниттік

		2) Ом заңын біртекті және біртекті емес, тұйық тізбекте қолдана алу.	құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіреді; 3) электролиттерде токтың пайда болу шарттарын эксперимент арқылы анықтайды.
Тербелістер	Механикалық тербелістер · Электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	1) Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастықтарды ажырату.	1) Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді, еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) трансформатор орамдарының санын анықтайды; 3) еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды; 4) компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттейді.
Толқындар	Электромагниттік толқындар	1) Электромагниттік толқынның таралу механизмімен түсіндіру.	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды, радио қабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді.
Оптика	Толқындық оптика. Геометриялық оптика	1) Геометриялық оптика заңдарын түсіндіре білу, жарықтың толқындық қасиетін сипаттау. 2) Нақты есептерде Гюйгенс және Френель принциптерін қолдану.	1) Ж а р ы қ толқындарының интерференциясы және дифракциясы пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) жарықтың поляризация құбылысын эксперимент арқылы зерттейді; 3) линзалар жүйесінде (телескоп, микроскоп және лупадағы) сәулелердің жолын салады және түсіндіреді. Шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтайды.

Кванттық физика	Атомдық және кванттық физика. Атом ядросының физикасы	1) Жарық көздерін топтастыра білу, Стефан-Больцман, Вин және Планк формуласын абсолют қара дененің жарықталынуын сипаттауда қолдана білу; 2) Эйнштейн теңдеуі мен фотоэффект заңдарын есептер шығаруда қолдану.	1) Электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатын дәлелдейтін мысалдар келтіреді; 2) электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажыратады; 3) Графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтайды.
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология, наноматериалы	1) Нанотехнологияның негізгі жетістіктерін түсіндіру.	1) Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды және қолданылуын атайды.
Космология	Космология	1) Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын сипаттау.	1) Жұлдызды аспан мен негізгі қағидаларды жұлдыздар бойынша бағдарлауды сипаттайды, Хаббл заңын қолданып, әлемнің жасын анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
19- қосымша

Педагогикалық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогикалық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсының мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;

5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;

7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 4 Бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті".

"Жаһандық құзыреттілік" Бөлімі келесі Бөлімшелерді қамтиды:

1) Жаһандық құзыреттер дегеніміз не.

2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) Жаһандық құзыреттерді қолдану.

4) Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары.

"Қаржылық сауаттылық" Бөлімі келесі Бөлімшелерді қамтиды:

1) Жеке қаржыдағы кірістер.

2) Жеке қаржыдағы шығыстар.

3) Отбасылық бюджет.

4) Жинақтау және жинақтау.

"Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" Бөліміне келесі Бөлімшелер кіреді:

1) Қарым-қатынас мәдениеті.

2) Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.

3) Әлеуметтік мәселелер.

4) Экологиялық қақтығыстар.

5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

"Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" Бөлімі келесі Бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.
- 4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

"Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті" Бөлімі келесі Бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.
- 2) Кәсіби менеджмент.
- 3) Компанияның инновациялық саясаты.
- 4) Жобалар мен процестерді басқару.
- 5) Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері.
5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.

2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен қоғамдастық арасындағы серіктестік; алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.

4) "Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.

5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.

6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.

7) "Отбасылық бюджет". Отбасы бюджетінің кірістері; отбасы бюджетінің міндетті шығыстары; отбасы бюджетінің міндетті емес шығыстары; отбасы бюджетінің түрлері; отбасы бюджетін жоспарлау; отбасының қаржылық мақсаттары; отбасы бюджетін жүргізу ережелері.

8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.

9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыпайылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.

10) "Қақтығыстар. Түсінгі. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғаишілік қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; аландаушылық деңгейін төмендету.

11) "Әлеуметтік проблемалар". Қоғамның әлеуметтік проблемалары; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, қамту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және тағыда басқалар); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік проблемалар және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.

12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері; экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.

13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы. Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.

14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге

дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация". Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) "Педагогикалық бағыттың мамандандырылған компоненті". Мамандықтағы жаһандық құзыреттер. Білім берудегі серіктестік. Педагогикалық стратегиялар. Технологиялық сауаттылық. Кәсіби даму.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін Бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің Бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және тақырыптардың атаулары	Сағаттар саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 Бөлім. Жаһандық құзыреттілік.			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не.			

Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану.			
Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары.			
2 Бөлім. Қаржылық сауаттылық.			
2.1 Жеке қаржыдағы кірістер.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс.			
Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс.			
Тақырып 2.1.3. Жеке табысты арттыру жолдары.			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары.			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары.			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы.			
2.2 Жеке қаржы шығындары.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану.			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар.			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу.			
Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі.			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы).			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады.			
2.3. Отбасылық бюджет.	+	+	+

Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері.			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары.			
Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары.			
Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері.			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары.			
Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері.			
2.4. Жинақ және жинақтау.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы.			
Тақырып 2.4.2. Жлайинақтау тәсілдері.			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте.			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржылық пирамида.			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық.			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар. Қаржылық тәуекелдердің түрлері.			
3 Бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу.			
3.1 Проблемалар түрі.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті.			
Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Түсінігі. Түрлері. Шешу жолдары.			

Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік проблемалар.			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қалыптасуы.			
Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.			
4 Бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну.			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.			
5-Бөлім. Педагогикалық бағыттың мамандандырылған компоненті.			
Тақырып 5.1 Мамандықтағы жаһандық құзыреттер .			
Тақырып 5.2 Білім берудегі серіктестік.			
Тақырып 5.3 Педагогикалық стратегиялар.			
Тақырып 5.4 Технологиялық сауаттылық.			
Тақырып 5.5 Кәсіби даму			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері

Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	1) Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну; 2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) Жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.
		1) Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржыдағы кірістер	1) Белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіру.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
	Жеке қаржы шығындары	1) Қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1) Несиелендіру мәселесін түсінеді және қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) Отбасылық бюджеттің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) Отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) Отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) Ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі; 3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
Проблемалар түрлері		1) Эмпатия мен ынтымақтастық қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	1) Басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы бар проблемаларды талдайды.
		2) Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Қақтығысты шешу алгоритмін құрайды; 2) медиация негіздерін және қақтығыстарды шешу тәсілдерін біледі.

Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу		3) Аналитикалық, сыни ойлау, жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік проблемаларды бағалау дағдысын қалыптастыру.	1) Әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар мен бастамаларды бағалайды.
Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	1) Азаматтық ұстанымын көрсете алу, өз көзқарасын қорғай білу.	1) Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.
		2) Қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) Әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) Мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) қоғамда мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды.
		1) Мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
	Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік	1) Педагогикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді сипаттау; 2) бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді қолдану мүмкіндіктерін айқындау.	1) Педагогикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттердің қалыптасу матрицаларын әзірлейді.
	Оқытудағы серіктестік	1) Серіктестік технологияларын қолдану.	1) Зияткерлік мінез-құлықта дербестік танытады; 2) қолдау көрсете алады;

Педагогикалық бағыттың мамандандырылған компоненті			3) серіктестік технологияларын қолданады.
	Педагогикалық стратегиялар	1) Жағдайды сыни тұрғыдан ойлай және бағалай білу; 2) оқыту мен тәрбиелеуде , педагогикалық процесті басқаруда педагогикалық стратегияларды құра білу .	1) Кәсіби мәселелерді шешуде педагогикалық тактиканы қолданады.
	Технологиялық сауаттылық	1) Ұжымдық оқыту тәсілінің әдістемелерін, технологияларын қолдану; 2) жоғары нәтижелерге қол жеткізу құралдары мен тәсілдерінің жиынтығын меңгеруге міндетті.	1) Технологиялық сауаттылықты меңгерген, кәсіби сабақтар саласындағы міндеттерді сауатты және тиімді орындау және проблемаларды шешу.
	Кәсіби даму	1) Өзінің кәсіби дамуын жоспарлай білу; 2) кәсіби құзыреттілікке ие болу .	1) Алған білімдері мен дағдыларын нақты практикалық жағдайда қолданады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
20-қосымша

Әлеуметтік- экономикалық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік- экономикалық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Математика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - әлеуметтік-экономикалық бағыттың практикалық және кәсіби қызметінде қолдану үшін, білім беруді жалғастырудың

сабақтас пәндерін зерделеу үшін, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуын қажетті математикалық білімді меңгеру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Математика негіздерін сапалы меңгеру, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, әртүрлі контексттердегі есептерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеуге ықпал жасау;

3) білім алушылардың білімдерін есептерді шешу мақсатында математикалық модельдер жасауға және кері қарай нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтау үшін логикалық және сыни ойлауды, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты беру, сондай-ақ жарияланымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалану қабілетін дамыту;

6) өз бетінше жұмыс істеу үшін де, командада жұмыс істеу үшін де қажет тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция.

2) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.

3) "Кері тригонометриялық функциялар". Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер". Қарапайым тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері. Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу.

5) "Ықтималдық". Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолданылуы. Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) жуықтап есептеулер

үшін қолдану. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері.

6) "Функцияның шегі және үзіліссіздік". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары. Сан тізбегінің шегі. Шектерді табу.

7) "Туынды". Туындының анықтамасы. Функцияны дифференциалдау туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері. Күрделі функцияның туындысы. Туындының физикалық және геометриялық, экономикалық мағынасы. Функция графигіне жүргізілген жанаманң теңдеуі.

8) "Туындыны қолдану". Функцияның өсу және кему шарттары. Функцияның кризистік нүктелері және экстремум нүктелері. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін құру. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.

9) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері.

10) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері. Анықталған интеграл. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Геометриялық және физикалық есептерді шығаруда анықталған интегралды қолдану.

11) "Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция". n -ші түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функциясының туындысы және интегралы.

12) "Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер". Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері. Иррационал теңсіздіктер және олардың жүйелері.

13) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы және интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы.

14) "Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер". Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері. Көрсеткіштік теңсіздіктер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңсіздіктер және олардың жүйелері.

15) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және аралық вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау.

16) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі

түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.

17) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі қашықтық. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтыққа ортогональды проекциясы және оның ауданы.

18) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылаын амалдар. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Вектордың үш компланарлы емес векторларға жіктелуі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.

19) "Кеңістіктегі түзу және жазықтық теңдеулерін қолдану". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық. Екі түзу арасындағы бұрышты, кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу.

20) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Дұрыс көпжақтар ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призмалар. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамиданың бетінің ауданы. Жазықтықтағы дұрыс көпжақтың көлденең қимасы. Дұрыс көпжақтар.

21) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің бетінің ауданы. Конус және оның элементтері. Конустың бетінің ауданы. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфераның бетінің ауданы. Сфераға жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.

22) "Денелердің көлемі". Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі. Пирамида мен қиық пирамиданың көлемі. Цилиндр көлемі. Конус пен қиық конустың көлемі. Кеңістіктік фигуралардың ұқсастығы. Шар және оның бөліктерінің көлемі.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 96 -144 сағатты (4-6 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
		Сабақтар	
		Теориялық	Тәжірибелік
1 бөлім. Функция, оның қасиеттері және графиктері.			
1.1. Функция және оның қасиеттері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Экономикада қолданылатын графиктер . Сұраныс пен ұсыныс функциялары.			
Тақырып 1.1.2. Функцияның қасиеттері. Экономикадағы сызықтық, квадраттық және бөлшек-сызықтық функциялар.			
1.2. Функция түрлері.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Кері функция ұғымы.			
Тақырып 1.2.2. Күрделі функция.			
2 бөлім . Тригонометриялық функциялар.			
2.1. Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Тригонометриялық			

функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
Тақырып 2.1.2. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.			
2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс.			
Тақырып 2.2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
2.3. Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Қарапайым тригонометриялық теңдеулер.			
Тақырып 2.3.2. Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
Тақырып 2.4. Тригонометриялық теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу			
3 бөлім. Дәрежелер мен түбірлер. Дәрежелік функция.			
3.1. Дәрежелер мен түбірлер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Иррационал өрнектерді түрлендіру.			

Тақырып 3.1.2. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.			
3.2. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі Дәрежелік функция және оны экономикада қолдану.			
4 бөлім. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер.			
4.1. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері.			
Тақырып 4.1.2. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
4.2. Иррационал теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Иррационал теңсіздіктер және жүйелерді шешу әдістері			
5 бөлім. Көрсеткіштік және логарифмдік функция.			
5.1. Көрсеткіштік функция.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияны экономикада қолдану.			
5.2. Логарифмдік функция.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Санның логарифмі және оның қасиеттері.			

Тақырып 5.2.2. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі.			
6 бөлім. Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер.			
6.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
Тақырып 6.1.2. Көрсеткіштік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			
6.2. Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Логарифмдік теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
Тақырып 6.2.2. Логарифмдік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			
7 бөлім. Функцияның шегі және үзіліссіздік.			
7.1. Функцияның шегі.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі.			
Тақырып 7.1.2. Шектерді табу.			
7.2. Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары.			
Тақырып 7.2.2. Сан тізбегінің шегі.			

8 бөлім. Туынды және оның қолданылуы.			
8.1.Туынды.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері.			
Тақырып 8.1.2. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функциясының туындысы.			
Тақырып 8.1.3. Күрделі функцияның туындысы.			
Тақырып 8.1.4. Тригонометриялық функциялардың туындылары.			
Тақырып 8.1.5. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың туындылары.			
Тақырып 8.1.6. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Туындының экономикалық мағынасы. Экономикалық есептерді шешу үшін туындыларды қолдану. Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі.			
8.2. Туындының қолданылуы.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Функцияның өсу және кему шарттары. Экстремум нүктелері. Экономикалық есептердегі максимумдар мен минимумдар.			
Тақырып 8.2.2. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу. Экономикадағы функцияларды зерттеу. Шекті өнімділік, сұраныс , ұсыныстар.			

Тақырып 8.2.3. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.			
9 бөлім. Алғашқы функция және интеграл. Анықталмаған интеграл.			
9.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері.			
Тақырып 9.1.2. Элементар функциялардың интегралы.			
9.2. Анықталған интеграл .	+	+	+
Тақырып 9.2.1. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.			
9.3. Геометриялық және физикалық есептерді шешуде анықталған интегралды қолдану.	+	+	+
Тақырып 9.3.1. Анықталған интегралдың көмегімен жазық фигуралардың аудандарын есептеу.			
Тақырып 9.3.2. Анықталған интегралдың көмегімен айналу денелерінің көлемін есептеу.			
Тақырып 9.3.3. Интегралдың экономикалық мағынасы. Экономикада анықталған интегралды қолдану.			
Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

- 1) білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;
- 2) адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;
- 3) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;
- 4) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;

5) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

6) көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;

7) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

4. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR -Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған.

4. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Еңбек нарығы және сұраныс", "Отандық өнеркәсіп өнімі Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті", "Ұлттық экологиялық мәдениет", "Мұхит – тіршілік мекені", "Ұлттық таным және мерекелер", "Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда", "Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне", "Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар", "Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек", "Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы", "Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік", "Қоғам және заң", "Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік", "Экология. Мұнай және атомдық индустрия", "Тіл. Өнер. Әдебиет", "Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі", "Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі", "Ұлттық театр – өнер ордасы", "Туризм: Экотуризм", "Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты", "Толеранттылық-ел бірлігі", "Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік", "Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші".

Мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тыңдалған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түртіп жазу және ақпараттарды жүйелеу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;

2) айтылым: ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану, ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын,

кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

3) оқылым: мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау, қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау, мәтінді негізгі мәселеге баға бере отырып, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

4) жазылым: ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану, сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану, мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану, сөйлем, оқшау сөздердің қызметін білу, айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше мен тақырыптар атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақ	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс.	+	+	+
1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы.			
Тақырып 1.1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы: сұраныс пен ұсыныс.			
Тақырып 1.1.2. Іскерлік әлемі. Келіссөз жүргізу әдебі.			
Тақырып 1.1.3. Өлеуметтік-экономикалық сұраныс және отандық өнім.			
1.2. Еңбек ер атандырады.			
Тақырып 1.2.1. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.			
Тақырып 1.2.2. Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкерлік – шеберлік.			

2 бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі.	+	+	+
2.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.			
Тақырып 2.1.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.			
Тақырып 2.1.2. Орталық Қазақстан – кенді аймақ.			
Тақырып 2.1.3. Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. "Қарағанды" романынан үзінді.			
Тақырып 2.1.3. Нәтиже сабақ. Әлеуметтік жарнама жасау. (сынақ сабақ).			
3 бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.	+	+	+
3.1. Қазақ киносы.			
Тақырып 3.1.1. Қазақ киносының атасы.			
Тақырып 3.1.2. Қазақстанның мәдени өмірі.			
3.2. Қазақ театры.			
Тақырып 3.2.1. Театр фестивальдары.			
Тақырып 3.2.2. Дулат Исабеков "Әпке" шығармасы.			
Тақырып 3.2.3. Нәтиже сабақ. "Қазақ киносының қазіргі даму кезеңі" эссе жазу.			
4 бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет.	+	+	+
4.1. Ұлттық экология.			
Тақырып 4.1.1. Ұлттық экология бастаулары.			
Тақырып 4.1.2. Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. "Аралым..." өлеңі.			
4.2. Экологиялық мәдениет.			

Тақырып 4.2.1. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер.			
Тақырып 4.2.2. Экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәдениеті			
Тақырып 4.2.3. Нәтиже сабақ. "Қазіргі экологияның және әлеуметтік-экономиканың өзекті мәселелері" (диспут сабақ).			
5 бөлім. Мұхит – тіршілік мекені.	+	+	+
5.1 Мұхит әлемі.			
Тақырып 5.1.1. Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі.			
5.2. Мұхиттағы экологиялық проблемалар.			
Тақырып 5.2.1. Мұхит және экологиялық проблемалар.			
Тақырып 5.2.2. Әбдіжәміл Нүрпейісов. "Қан мен тер" романы.			
Тақырып 5.2.3. Нәтиже сабақ." Адамзат тағдырының жыршысы" (талқылау сабағы).			
6 бөлім. Ұлттық таным және мерекелер.	+	+	+
6.1. Ұлттық мерекелер.			
Тақырып 6.1.1. Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!			
Тақырып 6.1.2. Жүсіпбек Аймауытов. "Әнші" әңгімесі.			
7 бөлім. Сауда мен көмек : екі жақты келісімді сауда.	+	+	+
7.1. Сауда тарихы.			
Тақырып 7.1.1. Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы			

– сауда мәдениетінің өркендеу биігі.			
Тақырып 7.1.2. Екіжақты келісімді сауда.			
7.2. Сауда мәдениеті.			
Тақырып 7.2.1. Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы.			
Тақырып 7.2.2. Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?".			
Тақырып 7.2.3. Нәтиже сабақ. "Ұлы Жібек жолы тарихы" Саяхат сабақ.			
8 бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне.	+	+	+
8.1. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары.			
Тақырып 8.1.1. Радиоарналарды тыңдаймын.			
Тақырып 8.1.2. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.			
Тақырып 8.1.3. Қазақтың тұңғыш дикторы.			
8.2. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат.			
Тақырып 8.2.1. Отбасы және гендерлік саясат.			
Тақырып 8.2.2. Телефон – байланыс құралы.			
9 бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.	+	+	+
9.1. Қауіпті қалдықтар.			
Тақырып 9.1.1. Тұрмыстық қалдықтар.			
Тақырып 9.1.2. Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар.			
9.2. Жер тағдыры ел тағдыры.			

Тақырып 9.2.1. Қайнар Олжай. "Жер мен аспан арасындағы дастан".			
Тақырып 9.2.2. Думан Рамазан. "Соңғы дем" әңгімесі.			
10 бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек.	+	+	+
10.1. Әлеуметтік теңсіздік.			
Тақырып 10.1.1. Қоғамдағы экономикалық-әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.			
Тақырып 10.1.2. Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.			
10.2. Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар.			
Тақырып 10.2.1. Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер. "Қара пима" поэмасы.			
Тақырып 10.2.2. "Қара пима" – трагедиялық шығарма.			
Тақырып 10.2.3. Нәтиже сабақ. "Әлеуметтік, экономикалық теңсіздік тудыратын факторлар". Пікірталас-полилог ұйымдастыру.			
11 бөлім. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы.	+	+	+
11.1. Зиянды әдеттер.			
Тақырып 11.1.1. Нашақорлық – қоғамдық дерт.			
Тақырып 11.1.2. Темекі тарту – зиянды әдет.			
11.2. Салауатты өмір салты.			

Тақырып 11.2.1. Бердібек Соқпақбаев. "Он алты жасар чемпион" (әңгіме).			
Тақырып 11.2.2. Саламатты өмір салтын ұстанамын.			
Тақырып 11.2.3. Нәтиже сабақ. "Спорт – денсаулық кепілі". Аргументативті эссе.			
12 бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік.	+	+	+
12.1. Сандық технология.			
Тақырып 12.1.1. Сандық технология. Сандық теңсіздік. Электронды үкімет.			
12.1.2. Интернеттің пайдасы мен зияны.			
Тақырып 12.1.3. Мұхтар Шахановтың "Компьютербасты жарты адамдар" романындағы адам концепциясы.			
Тақырып 12.1.4. "Өркениеттің адасуы" (романнан үзінді).			
Тақырып 12.1.5. Нәтиже сабақ. "Интернеттің пайдасы мен зияны?" Дебат-сабақ.			
13 бөлім. Қоғам және заң.	+	+	+
13.1. Ата Заң.			
Тақырып 13.1.1. "Тәртіпке бағынған ел құл болмайды".			
Тақырып 13.1.2. Ата Заң.			
Тақырып 13.1.3. Ермек Өтетілеуұлы "Ата Заң " өлеңі.			
13.2. Құқықбұзушылық және қылмыс.			
Тақырып 13.2.1. Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды.			

Тақырып 13.2.2. Тәртіпсіздік неден басталады?			
14 бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік.	+	+	+
14.1. Әлеуметтік теңсіздік.			
Тақырып 14.1.1. Әлеуметтік-экономика мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер.			
Тақырып 14.1.2. Отбасы – құндылық.			
14.2. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 14.2.1. Қоғамның әлеуметтік-экономика құрылымы.			
Тақырып 14.2.2. Ерболат Өбікенұлы. "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі.			
Тақырып 14.2.3. Нәтиже сабақ. "Жігітті намыс өлтірер..." сұхбат сабақ.			
15 бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия.	+	+	+
15.1. Қазақстандағы мұнай өндірісі.			
Тақырып 15.1.1. Табиғатты аяла.			
Тақырып 15.1.2. "Жасыл ел" бағдарламасына қатысамын.			
Тақырып 15.1.3. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы.			
Тақырып 15.1.4. Гүлжауһар Сейітжан. "Қара алтыны халқымның..".			
15.2. Қазақстандағы атом өнеркәсібі.			

Тақырып 15.2.1. Атомдық индустрияның болашағы.			
Тақырып 15.2.2. Туған өлкенің экологиясы.			
16 бөлім. Тіл. Өнер. Әдебиет.	+	+	+
16.1. Өнер алды – қызыл тіл.			
Тақырып 16.1.1. Екі тілді білген – екі адам.			
Тақырып 16.1.2. Қазақ тілі – қандай тіл?			
Тақырып 16.1.3. Шешендік сөз өнері.			
16.2. Әдебиет – өнер айнасы.			
Тақырып 16.2.1. Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров .			
Тақырып 16.2.2. Ілияс Жансүгіров. "Күй" поэмасы (үзінді).			
Тақырып 16.2.3. Нәтиже сабақ. "Әдебиет – өнер айнасы" эссе жазу.			
17 бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі.	+	+	+
17.1. Жұмыссыздық мәселесі.			
Тақырып 17.1.1. Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім.			
Тақырып 17.1.2. Қ о ғ а м н ы ң әлеуметтік-экономикалық құрылымы.			
Тақырып 17.1.3. Кедейлік неден туады?			
17.2. Еңбек етсең ерінбей .			
Тақырып 17.2.1. Ыбырай Алтынсарин. "Атымтай Жомарт" әңгімесі.			
Тақырып 17.2.2. Қазіргі заманның атымтайлары.			

Тақырып 17.2.3. Нәтиже сабақ. "Жұмыссыздық - әлеуметтік мәселеле". Рөлдік ойын.			
18 бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі.	+	+	+
18.1. Тәуелсіздік тарихы.			
Тақырып 18.1.1. Ұлы даланың жеті қыры.			
Тақырып 18.1.2. Атқа міну мәдениеті. Заманауи ат спорты.			
Тақырып 18.1.3. Құсбегілік – ұлттық өнер.			
18.2. Тәуелсіз ел келешегі .			
Тақырып 18.2.1. Дүкенбай Досжан. "Төрт патшаны көрген кейуана" (хикаят).			
Тақырып 18.2.2. Нәтиже сабақ. "Жаңа Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық келешегі". Пікір алмасу .			
19 бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы.	+	+	+
19.1. Сахна –өмір айнасы.			
Тақырып 19.1.1. Қазақ театрының қайнары. Көсемше.			
Тақырып 19.1.2. Сахна – өмір айнасы.			
Тақырып 19.1.3. Ұлттық өнердің тарландары.			
Тақырып 19.1.4. Сәбит Оразбай. "Өмірдің өзі – театр" (үзінді).			
20 бөлім. Туризм: Экотуризм.	+	+	+
20.1. Туризм.			
Тақырып 20.1.1. Туризм тарихын білесің ба? Туризмнің түрі көп... Көсемше.			

20.2. Қазақстандағы экотуризм.			
Тақырып 20.2.1. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. Ойталқы.			
Тақырып 20.2.1. Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?			
Тақырып 20.2.2. Сәкен Сейфуллин. "Көкшетау" поэмасы.			
Тақырып 20.2.3. Ілияс Жансүгіров. "Жетісу" суреттері.			
Тақырып 20.2.4. Нәтиже сабақ. "Қазақстанда әлеуметтік-экономика саласының даму мүмкіндіктері". Аргументативті эссе жазу.			
21 бөлім. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі.	+	+	+
21.1. Отбасы құрылымы.			
Тақырып 21.1.1. Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері.			
Тақырып 21.1.2. Асыл текті аналар.			
21.2. Қазақ отбасыларындағы гендерлік мәселелер.			
Тақырып 21.2.1. Гендер және тіл.			
Тақырып 21.2.2. Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер.			
Тақырып 21.2.3. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда.			
Тақырып 21.2.4. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғақта.			
Тақырып 21.2.5. Нәтиже сабақ. "Ата-анасын			

сыйлаған абыройға бөленер". Эссе жазу.			
22 бөлім. Жастар мәселесінің түйіткілдері.	+	+	+
22.1. Ел болашағы – жастар.			
Тақырып 22.1.1. Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері.			
Тақырып 22.1.2. Талаптыға нұр жауар. Наноспутник жасаған жас ғалымдар. Септеулік шылаулар.			
22.2. Жастар мәселесінің түйіткілдері.			
Тақырып 22.2.2. Жастар мәселесінің түйіткілдері. Демеулік шылаулар.			
Тақырып 22.2.3. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" (романнан үзінді), 3-кітап.			
23 бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.	+	+	+
23.1. Жаһандық миграция .			
Тақырып 123.1.1. "Жаһандық миграция" деген не?			
Тақырып 23.1.2. Иммиграция – үздіксіз процесс.			
23.2. Қазақ халқының көші-қон тарихы.			
Тақырып 23.2.1. Көші-қон тарихы.			
Тақырып 23.2.2. Қабдеш Жұмаділов – қаламгер.			
Тақырып 23.2.3. "Қаздар қайтып барады" повесі.			
Тақырып 23.2.4. Нәтиже сабақ. "Жаһандық миграция жағдайы". Презентация жасау.			
24 бөлім . Толеранттылық-ел бірлігі .	+	+	+

24.1. Толеранттылық – бейбітшілік кепілі.			
Тақырып 24.1.1. Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер.			
Тақырып 24.1.2. Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты .			
Тақырып 24.1.3. Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға.			
Тақырып 24.1.4. Сайын Мұратбеков. "Телі өскен ұл" повесі.			
Тақырып 24.1.4. Нәтиже сабақ. "Толеранттылық – бейбітшілік кепілі". Фотоколлаж дайындау.			
25 бөлім. Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік.	+	+	+
25.1. Отан қорғау – парыз .			
Тақырып 25.1.1. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді.			
Тақырып 25.1.2. Отан қорғау – парызым.			
Тақырып 25.1.3. Сағадат Нұрмағамбетов – халық қаһарманы.			
25.2. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі.			
Тақырып 25.2.1. Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі.			
Тақырып 25.2.2. Тыныштық – елге аманат.			
Тақырып 25.2.3. Несіпбек Айтұлы. "Бәйтерек" поэмасы.			
Тақырып 25.2.4. Нәтиже сабақ. "Ұлт қауіпсіздігі – ұрпаққа қызмет". Диспут сабақ.			
26 бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.	+	+	+

26.1. Бос уақытты жоспарлау.			
Тақырып 26.1.1. Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш.			
Тақырып 26.1.2. Демалыс мәдениеті.			
Тақырып 26.1.3. Мұқағали Мақатаев. "Сағатым қайда, сағатым?" өлеңі.			
Тақырып 26.1.4. Нәтиже сабақ. "Бос уақытты жоспарлау". Ойкөкпар.			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Еңбек нарығы және сұраныс	Қазақстандағы еңбек нарығы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады; 3) мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
	Еңбек ер атандырады	1) Стильдер ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.	1) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады; 2) мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрастырады.
Отандық өнеркәсіп өнімі	Отандық өнімді пайдаланамыз	1) Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді тірек-схема, менталды карта,	1) Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта, жарнама, презентация қорғайды;

		презентация түрінде ұсыну.	2) көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдана алады.
Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті	Қазақ киносы	1) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.	1) Драмалық шығарманы тыңдайды; 2) драмалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3) мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдайды, астарлы ойды анықтайды; 4) шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.
	Қазақ театры	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.	1) Мәтін мазмұны бойынша монолог және диалог құрастырады; 2) сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. 3) интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады;
Ұлттық экологиялық мәдениет	Ұлттық экология	1) Поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1) Мәтіннің негізгі идеясын (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілейді), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді; 2) поэзиялық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3) сан есімнің жасалу жолдарын біледі; 4) мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу).
			1)Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады; 2) "Пікірталас -монолог", "пікірталас-диалог", "

	Экологиялық мәдениет	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.	пікірталас-полилог" түрлерінде сенімді және еркін сөйлейді; 3) сан есімнің жасалу жолдарын біледі, мәтін құрауда орынды қолданады.
Мұхит – тіршілік мекені	Мұхит әлемі	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру.	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін біледі; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздерді орынды пайдаланады.
	Мұхиттағы экологиялық проблемалар	1) Мәтін ішіндегі күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын айқындайды; 3) есімдіктердің жасалу жолдарын мәтін құрауда орынды қолданады; 4) публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады.
		1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада	1)Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды;

Ұлттық таным және мерекелер	Ұлттық мерекелер	көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	3) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды.
Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда	Сауда тарихы	1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.	1)Қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын талдайды; 2) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін біледі.
	Сауда мәдениеті	1) Мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау.	1) Бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді; 2) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді; 3)жанрлық және тілдік ерекшеліктерін айыра алады; 4)оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
	Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1)Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 3) мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды

<p>Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне</p>			<p>анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.</p>
	<p>Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат</p>	<p>1) Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.</p>	<p>1) Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды; 2) мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасайды; 3) шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданады;</p>
	<p>Қауіпті қалдықтар</p>	<p>1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.</p>	<p>1) Прозалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша конспектілейді, жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді; 3) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.</p>
<p>Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар</p>	<p>Жер тағдыры ел тағдыры</p>	<p>1) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.</p>	<p>1) Деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды; 2) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады; 3) публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік</p>

			ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады.
Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек	Әлеуметтік теңсіздік	1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын ажырату.	1) Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтайды; 2) мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.
	Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар	1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.	1) ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді; 2) әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды; 3) тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсынады (тірек-схема, менталды карта, презентация); 4) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
	Зиянды әдеттер	1) Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген	1) Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;

Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы	Салауатты өмір салты	жалпыадамзаттық мәселені айқындау. 1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	3) ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды. 1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2) мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтап, түсініктеме береді.
Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік	Сандық технология	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін бойынша болжам жасайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді; 3) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді;
	Интернеттің пайдасы мен зияны	1) Пікірталастың "пікірталас -монолог", "пікірталас-диалог", "пікірталас-полилог" түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу.	1) Пікірталастың түрлері бойынша сенімді және еркін сөйлеу; 2) негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды; 3) тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсынады (тірек-схема, менталды карта, презентация).

	Ата Заң	1) Драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тындау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.	1) Драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тындайды, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 2) көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тындайды және салыстырады, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді;
Қоғам және заң	Құқықбұзушылық және қылмыс	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; 2) мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді; 3) ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды.
	Әлеуметтік теңсіздік	1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру.	1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады ; 2) ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданады, шағын мақала мәтінін құрайды.
Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік			1) Кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты анықтайды, қолданылу мақсатын талдайды;

	Қоғамның әлеуметтік құрылымы	1) Кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.	2) көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолдана алады; 3) мақала құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық және тілдік ерекшеліктеріне талдау жасайды.
Экология. Мұнай және атомдық индустрия	Қазақстандағы мұнай өндірісі	1) Мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау.	1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді; 2) мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдайды, негізгі ойды табады.
	Қазақстандағы атом өнеркәсібі	1) Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау.	1) Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдерді ажыратады, ауызша мәтін құрауда дұрыс қолданады ; 2) кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпараттардың (деректер, сипаттамалар, сандық көрсеткіштер, сілтемелер) қолданылу мақсатын айқындайды.
	Өнер алды – қызыл тіл	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау.	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша жазады (конспектілейді); 2) көркем шығарманы басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырады, тақырып ортақтығын анықтай алады;

Тіл. Өнер. Әдебиет.			3)Мәтіндегі ақпарат бойынша өзіндік пікір білдіреді.
Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі	Әдебиет – өнер айнасы	1) Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.	1)Мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтайды; 2) сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады; 3) мәтін мазмұны бойынша монолог және диалог құрайды.
	Жұмыссыздық мәселесі	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу.	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қанықтайды, қысқаша (түртіп жазды (конспектілейді); 2) көтерілген мәселе бойынша берілген ақпараттарды анықтайды.
Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі	Еңбек етсең ерінбей	1) Ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (үндеу) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.	1) Берілген мәтіннің стилін анықтап, құрылымы мен рәсімделуін нақтылайды; 2) тақырып бойынша мәтінге жоспар құрады, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтайды ; 3) мәтінді жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды, өзіндік пікір білдіреді.
	Тәуелсіздік тарихы	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, негізгі ойды анықтау.	1) Көркем шығарманы тыңдайды, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды; 2) мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды саралайды.

	Тәуелсіз ел келешегі	1) Ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалог құрастыру, көпшілік алдында сөз сөйлеуде сенімді және еркін сөйлеу.	1) Ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалог құрастырады; 2) сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатады; 3) көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданады.
Ұлттық театр – өнер ордасы	Сахна –өмір айнасы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттайды.
Туризм: Экотуризм	Туризм	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттайды.
	Қазақстандағы экотуризм	1) Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.	1) Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады; 2) көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлейді.
			1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды;

Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі	Отбасы құрылымы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу.	2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
	Қазақ отбасыларындағы гендерлік мәселелер	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі берілген ақпараттарды жүйелеу.	1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі берілген ақпараттарды жүйелейді; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
Жастар мәселесінің түйіткілдері	Ел болашағы - жастар	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау.	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттайды; 2) көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдайды және салыстырады, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізеді.
	Жастар мәселесінің түйіткілдері.	1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу.	1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді; 2) қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп әссе жазады.
	Жаһандық миграция		1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі берілген ақпараттарды жүйелейді; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында

		1) Мәтінді тыңдай отырып, негізгі берілген ақпараттарды жүйелеу.	және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты	Қазақ халқының көші-қон тарихы	1) Кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.	1) Кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтап, олардың қолданылу мақсатын талдайды; 2) әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдап, негізгі үрдістерді анықтайды.
Толеранттылық – ел бірлігі	Толеранттылық – бейбітшілік кепілі	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау.	1) Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды; 2) мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтайды.
	Отан қорғау - парыз	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
			1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және

Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік	Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі	1) Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру.	әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады ; 2) мәтіннен берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды; 3) ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастырады.
Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші	Бос уақытты жоспарлау	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтай біледі ; 2) көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
25-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Орыс тілі" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Орыс тілі" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Орыс тілі" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың құзыреттілігін (тілдік, лингвистикалық, коммуникативтік, мәдениеттану) дамыту, дүниетанымын қалыптастыру, оның көркемдік-эстетикалық дамуын, түрлі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіптік ақпараттарды салаларында пайдалану мүмкіндігіне; әлемдік білім беру кеңістігін дамыту жолдарын бағдарлауға көмектесу болып табылады.

"Орыс тілі" пәні әртүрлі деңгейдегі құралдарды пайдалану нормаларын ескере отырып, тіл туралы қалыптасқан білім негізінде сөйлеу қызметінің барлық түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) бойынша білім алушылардың функционалды/оқу сауаттылығын жетілдіру, олардың кәсіби және қарым-қатынастың өзге де салаларында тиімді сөйлеу қызметін жандандыру арқылы шығармашылық белсенді тұлға болып дамуына ықпал ету.

Пәнді оқыту барсында қазіргі заманғы орыс әдеби тілі, оның қазіргі заманғы полиэтникалық және көптілді Қазақстан жағдайында нақты жұмыс істеуі қарастырылады.

3. Оқу пәнін іске асыру келесі міндеттерді қарастырады:

1) орыс тілі туралы білімді пайдалану, әдеби тіл нормаларын (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) және әртүрлі деңгейдегі кәсіби, басқа салалардағы және коммуникациялық процестерде ауызша және жазбаша тілде сөйлеу этикеті ережелерін сақтау;

2) ақпаратты алудың ақпараттық іздеу, алу және түрлендіру дағдыларын жетілдіру;

3) сөздік қорын байыту және академиялық тілдің қолданылатын грамматикалық құралдарының шеңберін кеңейту;

4) сыни ойлау дағдыларын жетілдіру: алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру;

5) коммуникативтік міндеттерге байланысты оқытудың әртүрлі түрлерін пайдалану;

6) тыңдау және сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

7) көпшілік алдында сөйлеудің әртүрлі жанрларында монологиялық сөз құра білу, қарым-қатынас жағдайына сәйкес нормативтілік тұрғыдан тілдік құралдарды сыни тұрғыдан бағалау және таңдау қабілеттерін жетілдіру;

8) мәселені шешу жолдарын ұсына отырып, табысты диалогтік қарым-қатынас жасау, түрлі салаларда және коммуникативтік жағдайларда пікірталас жүргізу дағдыларын жетілдіру;

9) әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жасау кезінде стилистикалық сауаттылықты жетілдіру; жеке авторлық стильді қалыптастыру; мәтінді түзету және редакциялау мүмкіндігін; жеке авторлық стильді қалыптастыру;

10) орыс тілінің ұлттық-мәдени ерекшелігі, орыс, қазақ және басқа да халықтардың мәдениеті туралы түсініктерді кеңейту;

11) тілге қарым-қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершілік құндылық ретінде, қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал ететін тілдік капитал ретінде саналы қатынасты тәрбиелеу.

Грамматикалық материал сөйлеу тақырыптары аясында оқытылады. Тілді оқыту басқа пәндермен интеграция арқылы, әр түрлі пәндік салалардағы мәтіндерді қолдану, академиялық тілді дамыту арқылы жүзеге асырылады.

4. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімнен тұрады:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) сөйлеу нормаларын сақтау.

Тыңдалым және айтылым: мәтіннің негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратын түсіну; факт пен пікірдің айырмашылығы; автордың позициясына сыни көзқарас білдіру; вербалды емес қарым-қатынас құралдарын ескере отырып, негізгі ойды анықтау; мәтін авторының мақсаты мен ұстанымына сүйене отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселе бойынша мазмұнды болжау; пікірталасқа қатысу, өз ұстанымын дәлелдеу, мәселені шешудің әртүрлі жолдарын ұсыну; кеңейтілген монолог құру (берілген тақырып бойынша пайымдау, сендіру), қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және оқу-ғылыми салалар шегінде кемінде 3 микротақырыпты қамту; тыңдалған материалды ақпараттың дұрыстығы, өзектілігі тұрғысынан бағалау, өз пікірін білдіру.

Оқылым: әр түрлі мәтіндердің негізгі, егжей-тегжейлі, жасырын ақпаратын түсіну, авторлық позицияны сыни бағалау; мәтінде қамтылған ақпараттың басқа көздерден алынған ақпарат/жеке тәжірибемен байланысы барын; мәтіннің негізгі ойының берілуіндегі ескертпелер, иллюстрациялар, субтитрлер, түс, қаріптердің әртүрлілігін, дыбыс пен графикалық кескіндерін, гиперсілтемелердің рөлін анықтау; мәтіндегі арнайы лексика, аббревиатура, перифраза, тұспалдау, эвфемизмдер және басқа да мәнерлілік құралдарының қолданылуын түсіну; әр түрлі жанрдағы мәтіндердің типтерін, белгілері мен тілдік ерекшеліктерін, ғылыми-танымал ішкі стильдегі мәтіндердің ерекшеліктерін (эссе, очерк, мақала), публицистикалық стильді (ескерту, пресс-релиз, жол очерктері) анықтау; оқылған мәтін бойынша зерттеу үшін сұрақтар мен идеяларды тұжырымдау; оқылған мәтінге байланысты сканерлеу және егжей-тегжейлі оқу әдістерін қолдану оқырман өзіне қоятын коммуникативті міндеттерді қарастыру; әртүрлі көздерден ақпаратты алу және синтездеу, әртүрлі көзқарастарды салыстыру; тақырыпты, негізгі ойды, проблеманы, мақсатты, мақсатты аудиторияны, автордың ұстанымын ескере отырып, мәтіндердің стилистикалық

ерекшеліктерін (композициялық, тілдік және жанрлық) салыстыру; сөйлемнің, абзацтың мазмұнын түсіндіру, оны тақырыппен, негізгі идеямен, авторлық позициямен байланыстыру.

Жазылым: жоспардың әртүрлі түрлерін, оның ішінде атаулы және сұраулы түрлерін құрастыру; тыңдалған, оқылған және аудиовизуалды материалдың мазмұнын баяндау, негізгі ойды сақтай отырып, бастапқы материалды парафразалау; ақпаратты график, кесте, диаграмма, схема, инфографика, оның ішінде АКТ көмегімен ұсыну; ғылыми-танымал ішкі стильдің мәтіндерін (эссе, мақала), публицистикалық стиль (ескерту, пресс-релиз, жол нобайы) жасау; мақсат, мақсатты аудиторияны және сөйлеу жағдайын ескере отырып, эссенің әртүрлі түрлерін, оның ішінде сыни эссе жазу, ғылыми және публицистикалық әдебиеттерді талдау, автормен келісімін/келіспеушілігін білдіру және негіздеу; оқырманға әсер ету құралдарын пайдалана отырып, әртүрлі жанрдағы мәтін-сипаттамалар мен мәтіндер-әңгімелер жазу; мақсат, мақсатты аудиторияны, жағдайды ескере отырып, мәтіндегі барлық кемшіліктерді түзету және редакциялау қарым-қатынас және оқырманға әсер ету.

Сөйлеу нормаларын сақтау: орфографиялық нормаларды сақтау; қарым-қатынастың мақсаты мен жағдайына сәйкес ресми іскерлік стильдің, публицистикалық және ғылыми стильдердің, стилистикалық фигуралардың лексикасын қолдану; сөзжасамдық және морфологиялық (абстракттілі семантика етістіктерін, қазіргі заманның жетілмеген етістіктерін қолдану) нормаларды сақтау; қарапайым, қарапайым күрделі және күрделі сөйлемдерде тыныс белгілерін қолдану.

5. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады: "Мәтінді түсіну және жауап беру", "Мәтінді талдау және түсіндіру", "Бағалау және салыстырмалы талдау".

6. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

7. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыттары мен біліктілігіне байланысты 96 -120 сағаттан (3-4 кредиттан) тұрады.

8. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Наименование разделов, подразделов и тем	Количество часов		
	Всего	Занятия	
		Теоретические	Практические
Раздел 1. Толерантность и диалог межнациональных культур.			
1.1.Толерантность и диалог. Лексика и культура речи.	+	+	+
Тема 1.1.1. Диалог культур в Казахстане. Формирование пространства в диалоге культур. Собственная модель единства и согласия между этносами Казахстана. Фразеологизмы. Риторические фигуры.			
Тема 1.1.2. Что такое толерантность. Толерантность и интолерантность. Виды интолерантности. Общественно-политическая лексика. Стилистические фигуры.			
Тема 1.1.3. Толерантность в современном мире. Лексика публицистического стиля. Жанры публицистического стиля.			
Тема 1.1.4. Толерантная личность. Толерантность – цивилизованная норма жизни. Использование стилистических фигур в речи.			
	Subunit. Levels and Types of Managers	1) Skimming Reading бағдарламасын меңгеру; 2) тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша білдіру.	1) Қажетті ақпаратты бөлектеу үшін оқу дағдыларын пайдаланады (Skimming Reading); 2) зерттеу және қажетті ақпаратты табу дағдыларын қолданады.
Theme 1. Who are Managers? Levels and Types of Managers (Mind-map)	1) Бірқатар жалпы және оқу бағдарламалары бойынша сөйлеушілердің әртүрлі көзқарастарын қабылдау; 2) шығармашылық және топта бірлесіп есептерді шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын меңгеру.	1) Мәтін мазмұнын шығармашылық қайта жаңғырту арқылы жеткізеді; 2) диалогтік сөйлеуді дүние туралы бірқатар көзқарастарды ой елегінен өткізу және зерттеу құралы ретінде пайдаланады.	
			1) Ойларын, идеяларын, тәжірибелері мен

Unit 6. Principles of Management	Theme 2. Use of English. Relative clauses, determiners and quantifiers . The Functions of Managers	1) Белсенді және пассивті қарапайым қазіргі және өткен шақтардың кең ауқымын, сондай-ақ жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша әңгімелесуде қарапайым өткен шақтарды қолдану.	сезімдерін білдіру үшін қиялын көрсетеді; 2) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін құрбыларымен талқылайды; 3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мағынаны контекстен түсіндіреді.
	Theme 3. Organizational Structure	1) Мақала жазу үшін тақырыптар мен үлгілерді талдау дағдыларын қолдану; 2) сәйкес байланыстыратын сөздерді қолдану.	1) Мақала жазу үшін сәйкес тақырыптарды, үлгілерді және байланыстыратын сөздерді өзгертеді.
	Theme 4. A portrait of an effective manager	1) Жеке оқу мақсаттарын қою үшін кері байланысты пайдалану.	1) Жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша өзінің және басқалардың көзқарасын түсіндіреді.
	Theme 5. Preparing a Business Plan Theme 6. Progress Check 6 (Test)	1) Тақырып бойынша өз пікіріңізді жазбаша білдіру.	1) Мәтінді оқиды және оқу тақырыптарының ауқымы бойынша өз ойларын жазбаша түрде жеткізеді.
	Subunit. Types of fiction books	1) Бейнелерді, көркемдік кеңістік пен уақытты, көрнекі құралдар мен фигураларды жасаудың құралдары мен тәсілдерін талдаңыз, автордың оларды пайдалану мақсатын түсіндіру.	1) Шығармадағы көркемдік кеңістік пен уақытты құру жолдарын көрсетеді; 2) мәтіннен экспрессивтік құралдар мен сөз тіркестерін табады; 3) автордың сөз өнері мен тілдің мәнерлі құралдарын қолдануын негіздейді.
Reading for Pleasure	Theme 1. My best romance book	1) Тақырып бойынша өз пікірді ауызша және жазбаша түрде білдіру.	1) Мәтінді оқиды және оқу тақырыптарының ауқымы бойынша өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізеді.
	Theme 2. A biography of my favourite author	1) Жалпы және академиялық тақырыптардың кең ауқымы бойынша сөйлесулерде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану.	1) Негізгі проблемалық нүктелерді анықтайды.
		1) Үздіксіз формаларды және әртүрлі қарапайым	

	Theme 3. Pros and cons of reading a book. Writing a blog post	тамаша белсенді және пассивті формаларды, соның ішінде шақ үстеулерін қолдану, осы уақытқа дейін, соңғы кездері, менің бүкіл өмірім, таныс жалпы және оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша.	1) Мәтінді оқиды және оқу тақырыптарының ауқымы бойынша өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізеді.
Different Ways of Living	Subunit. People around the world	1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды пайдалану.	1) Тақырыптың нақты ақпараты мен маңызды сәттерін анықтайды; 2) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті қолданады; 3) тиісті ақпаратты бөлектеу үшін оқу дағдыларын пайдаланады (Skimming Reading).
	Theme 1. Grammar in context. Conditional sentences	1) If (if) тек шартты сөйлемнің үшінші түрінде ғана қолдану.	1) Мәтін мазмұнын шығармашылық қайта жаңғырту арқылы жеткізеді.
	Theme 2. Shop clothes for women and men	1) Дағдыларды меңгеру Skimming Reading; 2) тақырып бойынша пікірді ауызша және жазбаша түрде білдіру.	1) Тиісті ақпаратты бөлектеу үшін оқу дағдыларын пайдаланады (Skimming Reading); 2) тақырып бойынша белсенді лексиканы сөйлеуде және жазуда қолданады.
	Theme 3. Discussing whether money brings happiness. Skimming reading.	1) Рефлексия эссе жазу кезінде тақырыптар мен үлгілерді талдау дағдыларын қолдану.	1) Рефлексия эссе жазу үшін сәйкес айдарларды, үлгілерді және байланыстыратын сөздерді өзгертеді.
	Subunit. Holiday activities, situations and accommodation	1) Топта шығармашылық және бірлескен есептерді шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын көрсету; 2) диалогтік сөйлеуді әлемге көптеген көзқарастарды ой елегінен өткізу және зерттеу құралы ретінде пайдалану.	1) Тақырып бойынша гипотеза жасау үшін иммиграцияны қолдайтын және оған қарсы дәлелдерді құрбыларымен талқылайды; 2) белсенді сөздіктерді пайдалана отырып, мәтін бойынша демонстрациялық сөйлем құрастырады.
			1) Ойларын, идеяларын, тәжірибелері мен

Amazing places	Theme 1. Grammar in context. Active and Passive Voice Perfect forms	1) Белсенді және пассивті қарапайым қазіргі және өткен шақтардың кең ауқымын, сондай-ақ жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша әңгімелесуде қарапайым өткен шақтарды қолдану.	сезімдерін білдіру үшін қиялын көрсетеді; 2) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін құрбыларымен талқылайды; 3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мағынаны контекстен түсіндіреді.
	Theme 2. Describing photos from holiday	1) Тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша түрде білдіру.	1) Сәйкес зерттеу дағдыларын көрсетеді.
	Theme 3. Future Continuous Tense. A future city design	1) Әртүрлі болашақ белсенді және пассивті, сондай-ақ болашақ үздіксіз формаларды кең ауқымды таныс жалпы және оқу бағдарламалары бойынша қолдану.	1) Дәлелді эссе жазу үшін сәйкес тақырыптарды, үлгілерді және байланыстыратын сөздерді өзгертеді.
	Theme 4. Dream House: Design a home	1) Ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды пайдалану; 2) бұрын алған білімдерін басқа пәндерде (пәнаралық байланыс, CLIL) қолдану; 3) тақырып бойынша презентация құру; 4) сөйлеу және тыңдау дағдыларын топтарда шығармашылық және бірлескен мәселелерді шешу үшін пайдалану.	1) Сөйлеу және тыңдау дағдыларын топта шығармашылық және бірлескен мәселелерді шешу үшін пайдаланады; 2) тақырыптың нақты ақпараты мен маңызды сәттерін анықтайды; 3) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті пайдаланады.
	Theme 5. Places I'd like to visit. Presentation	1)Тарихтан бұрын алған білімдерін қолдану; 2)материалды зерттеу және баяндау дағдыларын меңгеру. Жалпы және академиялық тақырыптардың кең ауқымы бойынша қолдау көрсетілмейтін кеңейтілген сұхбаттардағы, соның ішінде таныс емес тақырыптардың шектеулі ауқымындағы әңгімелердегі нақты	1) Жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша өзінің және басқалардың көзқарасын түсіндіреді; 2)әртүрлі болашақ белсенді және пассивті, сондай-ақ келешек үздіксіз формаларды кең ауқымды таныс жалпы және оқу бағдарламалары бойынша қолданады.

		ақпаратты және маңызды сәттерді бөлектеу.	
Work and inventions	Various occupations	1) Шығармашылық және топта бірлесіп тапсырмаларды шешу үшін оқу және тыңдау дағдыларын меңгеру; 2) тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша білдіру.	1) Ойларын, идеяларын, тәжірибелері мен сезімдерін білдіру үшін қиялын көрсетеді; 2) тақырып бойынша гипотеза жасау үшін құрбыларымен талқылайды; 3) тақырып бойынша кеңейтілген мәтіндердегі мағынаны контекстен түсіндіреді.
	Theme 1. Investigating the world of work. Fashion vs Architecture	1) Алған білімдерін таныс және бейтаныс жағдайларда қолдану.	1) Өтілген тақырып бойынша грамматикалық және лексикалық материалды меңгереді; 2) барлық тілдік дағдыларды дұрыс қолданады. Тақырып бойынша гипотеза жасау үшін құрбыларымен талқылайды.
	Theme 2. Considering success in business	1) Тақырып бойынша пікірді ауызша және жазбаша түрде білдіру.	1) Зерттеу және қажетті ақпаратты табу дағдыларын қолданады.
	Subunit. Thoughts around us	1) Проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру ; 2) тақырып, мәселе бойынша өзіндік пікір айту.	1) Мәтін бойынша демонстрациялық сөйлем құрастырады; 2) тақырыпқа және көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді; 3) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті пайдаланады.
	Theme 1. Opinions about future career. Discussion	1) Тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелерді бағалайды; 2) жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша қолдау көрсетілмейтін кеңейтілген сұхбаттардағы нақты ақпаратты және маңызды сәттерді, соның ішінде таныс емес	1) Шығармашылық есептерді шешу және топта бірлесіп жұмыс істеу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдаланады; 2) тақырып бойынша сөйлесу үшін сәйкес

Future Career Perspectives		тақырыптардың шектеулі ауқымындағы әңгімелерді бөлектеу.	тақырып лексикасы мен синтаксисін өзгертеді.
----------------------------	--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
29-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

4. Оқу бағдарламасы тарихи ойлаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: тарихи дереккөздерді түсіндіру, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, тарихи талдау және түсіндіру дағдылары.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру: 1) өзгеріс пен сабақтастық; 2) себеп пен салдар; 3) дәлел; 4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық; 6) интерпретация

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия

және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі;

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. "Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. "Мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. "Автономдық кеңес республикасы", "Кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі –

тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары;

4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі;

5) өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. "Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдары. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы;

6) саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. "Аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. "Депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм"

ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. "Көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары ("Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты;

8) білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. XIX ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. XIX ғасырда -XX ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырып атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық
1 бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
1.1.Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы.	+	+	+
1.11-тақырып. Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері.			
Тақырып 1.1.2.Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы.			
Тақырып 1.1.3. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары.			
1.2."Ұлы Дала" өркениеті	+	+	+
Тақырып 1.2.1. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы.			
Тақырып 1.2.2. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі			

және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі).			
Тақырып 1.2.3. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті.			
1.3.Орталық Азия және әлемдік өркениет.			
Тақырып 1.3.1. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі			
Тақырып 1.3.2. Зерттеу жұмысы. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала			
2 бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер			
2.1. Қазақ халқының шығу тегі.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер.			
2.2. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары.			
Тақырып 2.2.2. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.			
Тақырып 2.2.3. Зерттеу жұмысы. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы.			
3 бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан.			
3.1. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер.	+	+	+

Тақырып 3.1.1. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы.			
3.2. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері.			
Тақырып 3.2.2. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері.			
3.3. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі.			
Тақырып 3.3.2. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары.			
3.4. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы.	+	+	+
Тақырып 3.4.1. Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі.			
Тақырып 3.4.2. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.			
Тақырып 3.4.3. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы.			
3.4.4. Зерттеу жұмысы. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы.			
4 бөлім. Мәдениеттің дамуы.			
4.1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Қазақ халқының материалдық			

мәдениеті және қолданбалы қолөнері.			
Тақырып 4.1.2. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы.			
Тақырып 4.1.3. Өлеуметтік-экономикалық дамудың қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының қалыптастырудағы орны.			
Тақырып 4.1.4. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық-мәдени типтері.			
Тақырып 4.1.5. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы.			
4.2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар.			
4.3. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы.			
Тақырып 4.3.2. Зерттеу жұмысы. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды			
5 бөлім. Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері.			
5.1. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.			
Тақырып 5.1.2. Қолөнер мен кәсіптер.			
5.2. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері.			
Тақырып 5.2.1. Қазақстан қала мәдениетінің			

дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.			
Тақырып 5.2.2. Ұлы Жібек жолының әлеуметтік-мәдени маңызы. X ғ.-XII ғ. қала мәдениетінің дамуы.			
Тақырып 5.2.3. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері.			
5.3. XVIII –XIX ғғ.Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы.			
Тақырып 5.3.1. XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі.			
Тақырып 5.3.2. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы.			
Тақырып 5.3.3. Қазақстан Республикасының экономикалық даму бағыты.			
Тақырып 5.3.4. Зерттеу жұмысы. Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері.			
6 бөлім. Саяси-құқықтық процестер.			
6.1. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы).			
Тақырып 6.1.2. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.			
6.2 Қазақстан Республикасының			

этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.			
Тақырып 6.2.1. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты			
Тақырып 6.2.2. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі.			
Тақырып 6.2.3. Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.			
Тақырып 6.2.4. Зерттеу жұмысы. Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры.			
7 бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы.			
Тақырып 7.1.2. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
Тақырып 7.1.3. "Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары.			
Тақырып 7.1.4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары.			
7.2. "Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері.			
Тақырып 7.2.2. "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократт			

арының саяси көзқарастары.			
7.3. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз .			
Тақырып 7.3.1. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі.			
Тақырып 7.3.2. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары.			
Тақырып 7.3.3. Зерттеу жұмысы.Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі.			
8 бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.			
8.1. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы.			
8.2. ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы.			
Тақырып 8.2.1. ХVІІІ-ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер.			
Тақырып 8.2.2. ХІХ - ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі.			
Тақырып 8.2.3. ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы ғылыми мекемелер мен кешенді зерттеулер.			
Тақырып 8.2.4. Кеңестік кезеңдегі халық ағарту ісі .			
Тақырып 8.2.5. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары.			

Тақырып 8.2.6. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы.			
8.3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі.			
Тақырып 8.3.1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер және зияткерлік білім.			
Тақырып 8.3.2. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы .			
Тақырып 8.3.3. Зерттеу жұмысы. Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Орталық Азия өркениеттері: саналандылығы және мәдени ортақтығы	1)"Орталық Азия" ұғымын аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану.	1) "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды; 2)Әлемдік өркениеттегі Орталық Азия өркениетінің рөлін талдайды
		1) Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлері негізінде қорытынды жасау.	1) Орта Азияның әлемдік өркениетке қосқан рөлін анықтайды; 2) әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлерін талдайды.
		1) Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау.	1) Орта Азияның ежелгі өркениетінің ерекшеліктерін анықтайды; 2) орталық Азия өркениетінің ежелгі ошақтарының қалыптасуы мен дамуын талдайды.

<p>Өркениет: даму ерекшеліктері</p>	<p>"Ұлы Дала" өркениеті.</p>	<p>1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру.</p>	<p>1) "Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтайды; 2) Тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіреді.</p>
<p>Этникалық және әлеуметтік процестер</p>	<p>Орталық Азия және әлемдік өркениет</p>	<p>1) Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау.</p>	<p>1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтайды (энеолит, қола дәуірі); 2) Ұлы дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдайды.</p>
<p>Этникалық және әлеуметтік процестер</p>	<p>Орталық Азия және әлемдік өркениет</p>	<p>1) Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін анықтау.</p>	<p>1) Отырықшы-егіншілік және көшпелі өркениет арасындағы сауда-экономикалық байланысты сипаттайды; 2) әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.</p>
	<p>Қазақ халқының шығу тегі</p>	<p>1) Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау.</p>	<p>1) Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстан аумағындағы ежелгі және ортағасырлық тарихи оқиғалар арқылы этногенездің кезеңдерін сипаттайды.</p>
	<p>Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы</p>	<p>1) Тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау.</p>	<p>1) Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады; 2) қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды; 3) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымына баға береді.</p>

	және әлеуметтік ұйымдасуы	1) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін ашып көрсету.	1) Қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдаланады; 2) қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін анықтайды.
Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	1) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру.	1) Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттерді анықтайды; 2) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтайды; 3) Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы туралы дереккөздері мәліметтерін саралайды.
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	1) Деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау.	1)1) Түркі империясының саяси-экономикалық даму ерекшелігін түсіндіреді.
		1) Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу.	2)1) Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің ерекшелігін талдайды
		1) XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау.	1) XIII-XV ғ.ғ. мемлекеттердің Еуразиядағы басты тарихи оқиғалардағы белсенділігін сипаттайды .
		1) Қазақстанда мемлекеттіліктің	1) Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи

<p>Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет</p>	<p>қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру.</p>	<p>кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттайды.</p>
	<p>1)Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде зерттеу.</p>	<p>1)Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдайды.</p>
	<p>1) Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу.</p>	<p>1) Қазақ хандығының саяси институттары мен ерте көшпелі мемлекеттерін салыстырмалы талдау негізінде көшпелі өркениеттердің мемлекеттік құрылымы нысандарының сабақтастығын дәлелдейді.</p>
<p>Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы</p>	<p>1) Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау.</p>	<p>1) Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтайды; 2) қазақ жеріндегі әскери бекіністердің мақсатын талдайды.</p>
	<p>1) Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресін зерттеу.</p>	<p>1) Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің кезеңдерін сипаттайды.</p>
	<p>1) Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі кезеңіндегі қоғамдық-саяси дамуындағы жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын талдау.</p>	<p>1) "Автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану арқылы Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін талдау; 2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін сипаттайды; 3)Қазақстанның кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси дамуындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.</p>

		<p>1) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау.</p>	<p>1) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын саралай келе қазіргі кезеңдегі қол жеткізген табыстар мен салыстырады;</p> <p>2) Қазақстанның болашақтағы дамуына байланысты болжамдар жасайды.</p>
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	<p>1) Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы колөнердегі жеткен жетістіктерін талдау.</p>	<p>1) "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттайды;</p> <p>2) Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін сақтауда материалдық мәдениет пен қолданбалы өнердің орнын айқындайды;</p> <p>3) Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдайды.</p>
		<p>1) Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы Ұлы Дала өркениетінің жалғасы екендігін дәлелдеу.</p>	<p>1) "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтайды.</p>
		<p>1)) Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының қалыптастырудағы орнын анықтау.</p>	<p>1) Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының қалыптасуына көшпелі өркениеттің тигізген әсерін талдайды.</p>
		<p>1) Қазақстан жеріндегі дәстүрлі шаруашылық-мәдени типтердің ерекшелігін сипаттау.</p>	<p>1) Қазақтың дәстүрлі шаруашылық-мәдени типтерін сипаттайды.</p>
			<p>1) Қазақ халқының мәдени мұрасындағы</p>

		1) Қазақ әдебиеті мен музыкалық мұрасының маңызды жетістіктерін халықтың рухани - адамгершілік құндылықтары тұрғысынан сипаттау.	ауыз әдебиетінің маңызын анықтайды; 2) Фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін айқындайды.
	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	1) Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдау.	1) Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтайды; 2) Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдайды.
	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	1) Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы сипаттау.	1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттайды; 2) Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіреді.
		1) Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы ерекшеліктерін айқындау.	1) Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді; 2) Көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін "тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып талдайды.
		1) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын	1) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде талдайды;

Өркениет: экономикалық дамудың ерекшеліктері

Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі
Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері

этнографиялық материалдар негізінде сипаттау.	2) Қазіргі қазақ қолөнерінің даму бағыттарын сипаттайды.
1) Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына Ұлы Жібек жолының тигізген ролін талдау.	1) Картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттейді; 2) Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне баға береді.
1) Отырықшы және көшпелі өркениет арасындағы өзара байланыстарды сипаттау.	1) Сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттайды; 2) Дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін талдайды.
1) Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысын сипаттау.	1) Сауда-экономикалық қатынастар жүйесіндегі отырықшы және көшпелі халықтың мәдениетінің өзара әсерін сипаттайды; 2) Отырықшы және көшпелі халықтың өзара мәдени байланысын талдайды.
1) XVIII –XIX ғғ. Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық дамуын сипаттайтын факторларды талдау.	1) Қазақстанның XVIII-XIX ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындайтын оң және теріс факторларды айқындайды; 2)Ресейдің отарлау саясаты кезеңіндегі ө л к е н і н әлеуметтік-экономикалық дамуын талдайды.
1) XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреу себебін анықтау.	1) Дәстүрлі мал шаруашылығының бұзылуына Ресейдің отарлау саясатының тигізген әсерін талдайды; 2)Кенес өкіметінің жүргізген экономикалық реформаларының қазақ

		ұлтының жойылып кету қаупіне тигізген әсерін зерттейді.
Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	1) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау.	1)"Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасау; 2)XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының даму бағыттарындағы басымдылықтар мен қайшылықтарды талдайды.
	1)Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау.	1)Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдайды, олардың қазіргі кездегі ерекшеліктерін анықтайды; 2)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын талдайды; 3)Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағына болжау жасайды.
Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	1)Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу	1) "Аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне талдау жасайды; 2)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін анықтайды; 3)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық

Саяси-құқықтық процестер			құрамының өзгеруінің себептерін талдайды.
		1)Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның полиэтникалық қоғамның қалыптасуы ерекшелігін сипаттау.	1)Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру себептерін талдайды; 2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени байланысын зерттейді.
	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	1)Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты талдау.	1)Көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын талдайды.
		1)Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін талдау.	1) Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісіне баға береді.
		1)Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айқындау.	1)Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін анықтайды.
		1)Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау.	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды; 2)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
			1)Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	1)Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын талдау.	тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларының мемлекеттің біртұтастығын сақтаудағы рөлін зерттейді.
		1)"Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтарын анықтау.	1) Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдері идеяларының маңыздылығын зерттейді.
		1)XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдау.	1)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	1)"Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.	1) Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдайды; 2)Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау арқылы қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді; 3) Қазақ зиялыларының Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалайды.
		1) "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарын талдау.	1)"Алаш" қозғалысының ұлттық сананың оянуына тигізген әсерін анықтайды; 2)XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөздің рөлін анықтайды.
		1)Алашорда автономиясының ұлттық демократиялық бағытын сипаттау.	1)Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызмет зерттейді; 2)Алашорда автономиясы мен қазақ зиялыларының тарихи маңызына баға береді.
		1)Алашорда үкіметінің мемлекеттік бағдарламасын талдау.	1)Алашорда үкіметінің мемлекеттік бағдарламасын талдай отырып, ұлттық мемлекеттің формасын,

		білім берудегі негізгі бағыттарды анықтайды.
"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	1)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтау; 2)Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарын талдау.	1)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтайды; 2)"Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіреді.
Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	1)Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.	1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды.
	1)XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулердің негізгі бағыттарына талдау жасау.	1)XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды; 2)XVIII-XX ғасырдың басындағы білім беру мекемелерінің негізгі қызметін талдайды.
	1)XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау.	1)XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың бағыттарын анықтайды; 2) XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеп баға береді.
XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	1)XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында жүргізілген ғылыми экспедициялардың мақсаты мен маңызын сипаттау.	1)XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында жүргізілген ғылыми экспедициялардың өлкелік әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген әсерін анықтайды; 2)Қазақ зиялыларының қалыптасуының ұлттың

Білім мен ғылымның дамуы

		оянуына тигізген әсерін талдайды.
	1)Қазақстандағы кеңестік халық ағарту ісінің жүргізілу бағыттарын анықтау.	1)Дала өлкесіндегі ауылдық мектептердегі білім беруді сипаттайды. 2)Жоғарғы оқу орындарының ашылуын талдайды.
	1)Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдау.	1)Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің даму кезеңдерін сипаттайды; 2)Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдай отырып, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтайды.
	1)Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау.	1)Қаз КСР Ғылым Академиясының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді; 2)Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалайды.
Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	1)Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау.	1)Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдайды; 2)Білім беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жетістігіне баға береді.
	1)Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер және зияткерлік білім берудің негізгі бағыттарын сипаттайды.	1)Қазақстан Республикасының білім және ғылымының әлемдік білім және ғылым кеңістігіндегі интеграциялануының негізгі бағыттарын сипаттайды.
	1)Қазақстан Республикасы білімімен	1)Әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық

	ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы, әлемдік ғылымның даму бағытын сипаттау.	ғылыми жаңалықтарды қазақстандық білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығын бағалайды.
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
30-қосымша

Әлеуметтік- экономикалық бағыттың бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты - болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетінің әлеуметтік-экономикалық бағыты бойынша кәсіби қолданбалы дене мәдениетін қалыптастыру үдерісін жетілдіру болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) әлеуметтік-экономикалық саланың кәсібі туралы, қаржылық және басқа операцияларды сәтті орындау үшін қажетті физикалық және психикалық қасиеттер туралы, болашақ кәсіби қызмет жағдайында жоғары жұмыс қабілеттілігін көрсету үшін қолданбалы біліммен қамтамасыз ету;

2) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

3) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

4) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

5) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

6) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

7) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

8) теорияны зерделеу кезінде АКТ қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

9) болжанатын (болашақ) кәсіпті таңдау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

"Дене шынықтыру" пәнін өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және анализ бастамалары", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 12 бөлімнен тұрады:

1) Дене шынықтыру туралы білім

2) Жеңіл атлетика

3) Спорттық ойындар. Футбол

4) Спорттық ойындар. Волейбол

5) Спорттық ойындар. Баскетбол

6) Спорттық ойындар. Үстел теннисі

7) Гимнастика

8) Ұлттық спорт түрлері.

9) Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10) Жүзу

11) Туризм

12) Белсенді дем алу құралдары.

Пәннің негізгі мазмұны:

1 бөлім. "Дене шынықтыру" пәніндегі қауіпсіздік техникасы. Гиподинамия. Қозғалыс белсенділігі тапшылығының алдын алу. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Салауатты және отырықшы өмір салты: сипаттамалары. Кәсіби және қолданбалы дене шынықтыру.

2 бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

2 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4 бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру. Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5 бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6 бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7 бөлім. Гимнастика

Қауіпсіздік ережесі. Жаттығу кезіндегі сақтандырудың рөлі. Гимнастиканың түрлері. Жауынгерлік жаттығулардың элементтері. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастика бойынша жаттығулар (таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру үзілісі). Сауықтыру гимнастикасының элементтері Жұмыс күнінде қолданылатын арнайы гимнастикалық жаттығулар кешендері. Гигиеналық гимнастика бойынша жаттығулар (таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру үзілісі). Спорттық жабдықтарды (

гимнастикалық таяқ, құрсау, фитбол) пайдаланатын сыртқы тарату құрылғылары. Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Акробатикалық жаттығулар. Гимнастикалық құрал-жабдықтардағы жаттығулар. Көркем гимнастика элементтері. Фитнес жаттықтыру аймақтарының түрлері (йога, стрейтинг, пилатес, табата және т.б.). Жеңіл атлетикалық гимнастиканың элементтері. Тепе-теңдік пен вестибулярлық тұрақтылыққа арналған жаттығулар.

8 бөлім. Ұлттық спорт түрлері. Асық ату. Бестас. Тоғызқұмалақ. Қазақша-күрес. Ұлттық ойындардың түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері. Ойын техникасы. Ойынның тактикалық әрекеттері.

9 бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Қозғалыс түрлері. Бұрылу түрлері. Көтерілу түрлері. Жартылай конькимен сырғанау. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау. Ауыспалы конькимен сырғанау. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау. Тиісті іс-шараларға арналған жылыту және қалпына келтіру әдістері. Қашықтықты өту тактикасының негіздері. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Сырғанаудың негізгі әдістері. Бұрылыстар. Тежеу. Артқа сырғанау. Сырғанау.

10 бөлім. Жүзу. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар. Құрғақ жүзу. Жүзу техникасын қою. Денені айналдыру және тыныс алу. Сырғанау және тепе-теңдік. Жүзу стильдері. Артпен жүзу. Жүзу. Брасс. Жүзу. Соңғы жүзу 50 м. еркін стильде.

11 бөлім. Туризм.

Туристік сапарларды ұйымдастыру, жоспарлау және өткізу. Турлар, турпакеттер, экскурсиялық бағдарламалар және туристік қызметтің басқа да өнімдерін әзірлеу. Қазақстандағы туризм. Туризм ережелері. Түйіндер. Өткелдер. Жарақат кезіндегі алғашқы көмек. Шатыр орнату. Карталар. Компас. Өрт түрлері.

12 бөлім. Белсенді демалыс құралдары.

Кәсіби емес спортпен шұғылдану. Салауатты өмір салтын ұстану принциптері. Фитнес мәдениеті.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер,

бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту;

5) Жұмыс жаттығуларының бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, қысқы спорт түрлерін рекреациялық жүгірумен және басқа аэробтық жаттығулармен ауыстыру ұсынылады;

6) Жүзумен айналысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүзу бағдарламасын іске асыруға бөлінген уақыт педагогикалық кеңестің шешімімен спорттық ойындар, гимнастика бойынша дағдыларды одан әрі жетілдіруге пайдаланылады.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 120 сағатты (5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырып атаулары		Сағат саны		
		Барлығы	Сабактар	
			теориялық	практикалық
1 бөлім. Дене шынықтыру туралы білім				
1. 1. Дене шынықтыру туралы		+	+	+
1	Тақырып 1.1 "Дене шынықтыру" пәніндегі қауіпсіздік техникасы.			
2	Тақырып 1.2 Гиподинамия. Қозғалыс белсенділігі тапшылығының алдын алу.			
3	Тақырып 1.3 Салауатты және отырықшы өмір салты : сипаттамалары. Кәсіби және қолданбалы дене шынықтыру.			
4	Тақырып 1.4 Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері.			
2 бөлім. Жеңіл атлетика				
2.1. Жеңіл атлетика жаттығулары		+	+	+
5	Тақырып 2.1 Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру			

6	Тақырып 2.2 Төменгі старт			
7	Тақырып 2.3 Орта қашықтыққа жүгіру			
8	Тақырып 2.4 Жоғары старт			
9	Тақырып 2.5 Ұзақ қашықтыққа жүгіру			
10	Тақырып 2.6 Мәреге жету техникасы			
11	Тақырып 2.7 Ұзындыққа секіру техникасы			
12	Тақырып 2.8 Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы			
13	Тақырып 2.9 Граната лақтыру.			
14	Тақырып 2.10 Эстафеталық жүгіру . Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.			
3 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол				
3.1. Футбол ойынның негізгі ережелері		+	+	+
15	Тақырып 3.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
16	Тақырып 3.2 Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допты иелену техникасының негізгі элементтерін дамыту.			
17	Тақырып 3.3 Допты иелену.			
18	Тақырып 3.4 Ойыншылардың шабуыл мен қорғаныстағы жеке әрекеттері			
	Тақырып 3.5 Ойыншылардың командалық әрекеттері.			

19	Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері.			
20	Тақырып 3.6 Екі жақты ойын. Төрелік ойындар футбол.			
4 Бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол				
4.1. Волейбол ойынның негізгі ережелері		+	+	+
21	Тақырып 4.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері			
22	Тақырып 4.2 Ойыншылардың қозғалысы.			
23	Тақырып 4.3 Волейболшының ұстанымы.			
24	Тақырып 4.4 Допты жоғарыдан беру			
25	Тақырып 4.5 Допты төменнен беру			
26	Тақырып 4.6 Допты беру			
27	Тақырып 4.7 Допты берудегі қабылдау.			
28	Тақырып 4.8 Шабуыл әрекеттері			
29	Тақырып 4.9 қорғаныстағы ойын			
30	Тақырып 4.10 Допты жоғарыдан екі қолмен қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқу волейбол ойыны			
31	Тақырып 4.11 қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын			
32	4.12 Волейбол ойындарына төрелік			
5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол				

5.1. Баскетбол ойынның негізгі ережелері		+	+	+
33	Тақырып 5.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері			
34	Тақырып 5.2 Ойыншылардың қозғалысы			
35	Тақырып 5.3 Шабуылда ойнау техникасы			
36	Тақырып 5.4 Қорғаудағы ойын техникасы			
37	Тақырып 5.5 Допты қозғалыста беру			
38	Тақырып 5.6 Допты ұстап алу және қағу			
39	Тақырып 5.7 Еркін лақтыру			
40	Тақырып 5.8 Баскетбол ойынына төрешілік ету.			
6 бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі				
6.1. Үстел теннисінің негізгі ережелері		+	+	+
41	Тақырып 6.1 үстел теннисі. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері			
42	Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс			
43	Тақырып 6.3 Берулер мен қабылдаулар			
7 бөлім Гимнастика				
7.1. Гимнастикалық жаттығулар		+	+	+
44	Тақырып 7.1 Қауіпсіздік техникасы. Гимнастика түрлері			
45	Тақырып 7.2 Саптық жаттығулардың элементтері			
	Тақырып 7.3 жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық			

46	гимнастиканы оқыту (танертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы)			
47	Тақырып 7.4 Сауықтыру гимнастикасының элементтері			
48	Тақырып 7.5 Арнайы қолданбалы жаттығулар			
49	Тақырып 7.6 Акробатикалық жаттығулар			
50	Тақырып 7.7 Гимнастикалық құрал-жабдықтардағы жаттығулар.			
51	Тақырып 7.8 Ритмикалық гимнастиканың элементтері. Түрлері фитнес - тренинг бағыттары (йога, созылу, пилатес, табата және т. б.)			
52	Тақырып 7.9 Өндірістік гимнастиканың элементтері			
53	Тақырып 7.10 Спорттық гимнастика элементтері			
54	Тақырып 7.11 Сауықтыру гимнастикасының элементтері			
8 бөлім. Ұлттық спорт түрлері				
8.1. Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері		+	+	+
55	Тақырып 8.1 Тоғызқұмалақ. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері			
	Тақырып 8.2 Тоғызқұмалақ			

56	шабуылдың техникалық-тактикалық әрекеттері			
57	Тақырып 8.3 Тоғызқұмалақ. Қорғаудың техникалық-тактикалық әрекеттері			
58	Тақырыбы 8.4 Асық ату. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері			
59	Тақырыбы 8.5 Асық ату. Техникалық-тактикалық іс-әрекеттер			
60	Тақырып 8.6 Бестас. Ойын ережелері			
61	Тақырып 8.7 Ашық ойындардағы Ұлттық ойындардың элементтері			
62	Тақырыбы 8.8 Қазақша-күрес. Негізгі ережелер.			
63	Тақырыбы 8.9 қазақша-күрес техникасы.			
9 бөлім. Қысқы спорт түрлері				
9.1. Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы		+	+	+
64	Тақырып 9.1 Шаңғы спорты. Қауіпсіздік техникасы. Бір мезгілде екі сатылы конькимен сырғанау			
65	Тақырып 9.2 Шаңғы спорты. Жартылай конькимен жүгіру			
66	Тақырып 9.3 Шаңғы спорты. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау			
67	Тақырып 9.4 Шаңғы спорты. Ауыспалы конькимен сырғанау			
68	Тақырып 9.5 Шаңғы спорты. Бір мезгілде			

	бір сатылы конькимен сырғанау			
69	Тақырып 9.6 Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Конькимен сырғанаудың негізгі әдістері			
70	Тақырып 9.7 Конькимен жүгіру. Бұрылыстар			
71	Тақырып 9.8 Конькимен жүгіру. Тежеу			
72	Тақырып 9.9 Конькимен жүгіру. Артқа сырғанау			
73	Тақырып 9.10 Конькимен жүгіру. Айналмалы сырғанау			
10 Бөлім. Жүзу				
10.1. Жүздегі негізгі ережелер		+	+	+
74	Тақырып 10.1 Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар			
75	Тақырып 10.2 Құрғақ жүзу			
76	Тақырыбы 10.3 Жүзу техникасын кою			
77	Тақырып 10.4 Өзекті айналдыру және тыныс алу			
78	Тақырып 10.5 Сырғанау және тепе-теңдік			
79	Тақырып 10.6 Жүзу стильдері			
80	Тақырып 10.7 кеудемен жүзу–			
81	Тақырып 10.8 Шалқалап жүзу			

82	Тақырып 10.9 Жүзу. Брасс			
83	Тақырып 10.10 Жүзу. Соңғы жүзу 50 м. еркін стильде			
11-бөлім. Туризм				
11.1. Дене шынықтыру жүйесіндегі туризм		+	+	+
84	Тақырып 11.1 Туризм. Туризм ережелері.			
85	Тақырып 11.2 Туристік сапарларды ұйымдастыру, жоспарлау және өткізу.			
86	Тақырып 11.3 Турлар, турпакеттер , экскурсиялық бағдарламалар және туристік қызметтің басқа да өнімдерін әзірлеу.			
87	Тақырып 11.4 Қазақстандағы туризм.			
12-бөлім. Белсенді туризм құралдары.				
12.1 Спорт түрлерімен кәсіби емес айналысу.		+	+	+
88	12.1 Салауатты өмір салтын ұстану принциптері.			
89	12.2 Фитнес мәдениеті.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
		1) Дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасын, дәрігерге	1) Дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді; 2) спорт залдарында, стадионда, бассейнде, мұз айдынында және спорт алаңдарында қауіпсіздік техникасының

Дене шынықтыру туралы білім	Дене шынықтыру туралы	<p>дейінгі алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын түсіндіру;</p> <p>2) гиподинамия туралы түсінікке ие болу.</p>	<p>талаптарын және өзін ұстау қағидаларын орындайды;</p> <p>3) түрлі жаракаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі (медициналық) алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын тізімдейді;</p> <p>5) қозғалыс белсенділігі тапшылығының алдын алу әдістерін түсіндіреді.</p>
	3) кәсіптік аурулардың алдын алу үшін дене жаттығуларын анықтау;		<p>1) Рационалды тәуліктік режим, оның денсаулық пен өнімділікке әсері. шынығу және тамақтану және тамақтану режимі туралы, жеке гигиена ережелерін біледі және орындайды;</p> <p>2) зиянды әдеттерді және олардың адам денсаулығына әсерін анықтайды және тізімдейді.</p>
	4) салауатты өмір салты және оның құрамдас бөліктері туралы түсінікке ие болу.		<p>1) Дене жаттығулары арқылы кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жаттығуларды анықтайды және орындайды;</p> <p>2) жаракаттардың алдын алу бойынша өндірістік гимнастиканы біледі және орындайды;</p> <p>3) салауатты өмір салты мен оның құрамдас бөліктерінің ережелерін біледі және сақтайды.</p>
			<p>1) Дене шынықтыру пәнінде жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді;</p> <p>2) жеңіл атлетикамен айналысу кезінде спорт залдарында және стадионда қауіпсіздік техникасының талаптарын және мінез-құлық қағидаларын орындайды;</p>

Жеңіл атлетика	Жеңіл атлетика жаттығулары	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіруі. Жалпы дамыту және арнайы жүгіру жаттығуларын орындау.</p>	<p>3) Дене шынықтыру пәнінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) дене жаттығуларын орындаудың тиімділігін бағалайды; 5) жарақаттанудың физиологиясы мен алдын алу негіздерін түсіндіреді ; 6) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдық жай-күйін талдайды; 7) арнайы жүгіру жаттығуларын орындау кезінде техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындайды; 8) жалпы дамыту және арнайы жүгіру жаттығуларын ажыратады.</p>
		<p>2) Орта және алыс қашықтықтарға жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты меңгеруге міндетті.</p>	<p>1) Қысқа, орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру фазаларын ажыратады; 2) орта және алыс қашықтықтарға жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты қолданады; 3) орта және алыс қашықтыққа жүгіру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 4) төмен және жоғары старт техникасын ажыратады.</p>
		<p>3) Орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа</p>	<p>1) Орнынан ұзындыққа секіру және жүгіруден ұзындыққа секіру фазаларын ажыратады; 2) орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа секіру техникасын</p>

		<p>секіру техникасын меңгеру.</p>	<p>меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) орнынан ұзындыққа және жүгіруден ұзындыққа секіруде техникалық-тактикалық дайындықты пайдаланады.</p>
		<p>4) Граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру.</p>	<p>1) Граната лақтыру фазаларын және ядроны итеру фазаларын анықтайды; 2) граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) граната лақтыруда және ядроны итеру техникасында техникалық-тактикалық дайындық элементтерін орындайды.</p>
		<p>5) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын меңгеру.</p>	<p>1) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын түсіндіреді және орындайды.</p>
		<p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру. Футбол спорт түрлері бойынша ойын ережелерін түсіну.</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) футбол ойынының ережелерін тізімдейді 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.</p>

<p>Спорттық ойындар. Футбол</p>	<p>Футбол ойынның негізгі ережелері</p>	<p>2) Футбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.</p>	<p>1) Футболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу); 2) футболда техникалық-тактикалық жаттығуларды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және футболдағы ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) футболда техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу).</p>
		<p>3) Футболдағы ережелерді түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.</p> <p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру. Спорт түрлері бойынша ойын ережелерін білу (волейбол).</p>	<p>1) Футболдағы ережелерді түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p> <p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы мінез-құлық қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері (волейбол) бойынша ойын ережелерін тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.</p>

<p>Спорттық ойындар. Волейбол</p>		<p>2) Волейбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.</p>	<p>1) Волейболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалыстар, берілістер, допты қабылдау, қорғаныстағы және шабуылдардағы әрекеттер); 2) волейболдағы техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және волейболдағы ойын жағдайындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) волейболда техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қимылдарды, берілістерді, допты қабылдауды, қорғаудағы және шабуыл жасаудағы іс-қимылдарды) орындайды.</p>
	<p>Волейбол ойынның негізгі ережелері Баскетбол ойынының негізгі ережелері</p>	<p>3) Волейбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу</p> <p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру. Спорт (баскетбол) бойынша ойын ережелерін түсіну.</p>	<p>1) Волейбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p> <p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері бойынша ойын ережелерін (баскетбол) тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады;</p>

Спорттық ойындар. Баскетбол Үстел теннисі Гимнастика			6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.
		2) Баскетбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.	1) Баскетболдағы техникалық әрекеттерді (қозғалыс, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер, финттер) ажыратады; 2) баскетболда техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және Баскетболдағы ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) баскетбол бойынша техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қозғалыстар, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы іс-қимылдар, финттер) орындайды.
		3) Баскетбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу	1) Баскетбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі
	Үстел теннисінің негізгі ережелері	1) Үстел теннисі ойынына техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру. 1) Үстел теннисіндегі техникалық әрекеттерді ажыратады (стендтер мен қозғалыстар, аландар мен тәсілдер, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер); 2) үстел теннисіндегі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және үстел теннисіндегі ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) үстел теннисінде техникалық және	

		<p>тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (стендтер мен қозғалыстар, беру және қабылдау, қорғау және шабуыл жасау әрекеттері).</p>
Гимнастикалық жаттығулар	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастика бойынша қауіпсіздік техникасын түсіндіруге міндетті. Сауықтыру гимнастикасының элементтерін орындау.</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастикадағы қауіпсіздік техникасын түсіндіреді; 2) гимнастикадағы қауіпсіздік техникасының талаптарын, спорт залдарындағы тәртіп ережелерін орындайды; 3) гимнастика сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) сауықтыру гимнастикасының элементтерін анықтайды және орындайды.</p>
	<p>1) Гимнастикада негізгі саптық, жалпы дамыту, қолданбалы және акробатикалық жаттығуларды орындауға міндетті.</p>	<p>1) Ритмикалық гимнастика элементтерін, өндірістік гимнастика элементтерін, спорттық гимнастика элементтерін және сауықтыру гимнастикасы элементтерін ажыратады және орындайды; 2) саптық, жалпы даму, қолданбалы және акробатикалық жаттығуларды ажыратады; 3) гимнастика терминдерін атайды.</p>
	<p>3) Гимнастикалық снарядтарда негізгі жаттығуларды орындау.</p>	<p>1) Орындалатын қозғалыс әрекеттерінің күрделілік деңгейлерін айқындайды; 2) арнайы құрылған жаттығулар кешенін орындау процесінде негізгі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды қолданады; 3) гимнастикалық снарядтардағы</p>

			жаттығулардың орындалуын көрсетеді.
Ұлттық спорт түрлері	Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері	1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы мен ойын ережесін түсіндіру.	1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) ұлттық спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында жүріс-тұрыс қағидаларын орындайды; 3) оқу ойындарын өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) ұлттық спорт түрлеріндегі ойын ережелерін түсіндіреді (тоғызқұмалақ, асық ату); 5) ұлттық спорт түрлерінің тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ұлттық спорт түрлеріндегі қателіктерді түсіндіреді.
		2) Ұлттық спорт түрлерінде техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындау.	1) Тоғызқұмалақ ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады; 2) асық ату ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады; 3) сабақта ойын жағдайларында ұлттық спорт түрлерінде ойнау дағдыларын көрсетеді; 4) қазақша күрестің күрес элементтерін көрсетеді.
		1) Дене шынықтыру пәнінде шаңғы және конькимен жүгіру спортынан қауіпсіздік техникасын түсіндіру.	1) Дене шынықтыру пәнінде қысқы спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) қысқы спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында және көшеде жүріс-тұрыс ережелерін орындайды;

<p>Қысқы спорт түрлері</p>	<p>Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы</p>	<p>2) Шаңғымен жүру техникасын түсіндіру.</p>	<p>3) сабақтарды өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды.</p> <p>1) Шаңғымен жүру техникасын ажыратады: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанау;</p> <p>2) шаңғымен: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанаумен қозғалу техникасын орындайды;</p> <p>3) ағзаның функционалдық жай-күйін және физикалық жұмысқа қабілеттілігін бағалайды.</p>
<p>Жүзу</p>	<p>Жүзудегі негізгі ережелер</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасын түсіндіру. Жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды меңгеру.</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді;</p> <p>2) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасының талаптарын орындайды;</p> <p>3) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта сабақ өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды;</p> <p>4) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдық жай-күйін айқындайды;</p> <p>5) жүзу техникасын жетілдіру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды;</p> <p>6) жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды орындайды.</p>

		2) Жүзу техникасын меңгеру.	1) Жүзу стильдерін ажыратады; 2) дұрыс тыныс алуды және суда ұстауды біледі; 3) "кеудемен жүздегі", "шалқалап жүздегі", "брасс" тәсілдерімен жүзу техникасын ажыратады.
Туризм	Дене шынықтыру жүйесіндегі туризм	1) туризм және оның ережелері туралы түсіндіру. 2) туристік сапарларды ұйымдастыру, жоспарлау және өткізу әдістері туралы түсінікке ие болуға міндетті.	1) Туризм түрлерін және оның ережелері туралы біледі және ажыратады; 2) турлар, турпакеттер, экскурсиялық бағдарламалар және туристік қызметтің басқа да пакеттерін әзірлеу тәсілдері туралы түсіндіреді; 3) Қазақстанның туристік бағыттарын атайды.
Белсенді демалыс құралдары	Спорт түрлерімен кәсіби емес айналысу.	1) Салауатты өмір салты дағдыларына ие болу.	1) "Фитнес-мәдениет" ұғымын, оның сипаттамаларын түсіндіреді

4-тарау. Білім алушылардың дене дайындығы деңгейлерінің кестесі

(ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	Х (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
Жүгіру 30 м	4,9	5,6	5,5 – 5,3	5,2 – 4,6	4,5 -4,3	4,2
Орнынан ұзындыққа секіру	213	190	191 - 201	202 – 224	225 - 235	236
допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	611,0	434,0	435,0 - 522,0	523,0 – 699,0	700,0 – 785,0	786,0
Шаттл жүгірісі 3x10	8,3	9,1	9,0 – 8,7	8,6 –7,8	7,7 -7,4	7,3
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	42,0	33,0	34,0 –37,0	38,0 -46,0	47,0 – 50,0	51,0

(қыздар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	Х (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары

Орнынан ұзындыққа секіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	170,0	146	147 -160	161 – 181	182 – 194	195
Шаттл жүгірісі 3x10	497,0	372,0	373,0 – 434,0	435,0 – 559,0	560,0 – 621,0	622,0
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	9,1	10,0	9,9 – 9,6	9,5 –8,6	8,5 –8,1	8,0
Орнынан ұзындыққа секіру	26,0	19,5	20,0 –22,5	23,0 -29,0	29,5 – 32,0	32,5

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
31-қосымша

Әлеуметтік- экономикалық бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқыту мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;

6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

4. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні 12 бөлімнен тұрады: "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері", "Атыс дайындығы" (2), "Технологиялық дайындық", "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Оқу-далалық (лагерлік) жиыны".

Бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды құрастыру кезінде білім алушылардың белгілі бір кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін тақырыпты тереңдетіп оқытатын кадрларды даярлау бағытының кәсіби ерекшелігі ескерілді.

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің негізгі мазмұны:

1) Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны;

2) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Мемлекеттің қорғаныс қабілеті, қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, олардың құрамы мен тағайындалуы.;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттері;

4) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Қазіргі әлемдегі экстремизмнің, лаңкестіктің әлеуметтік-экономикалық және саяси себептері.;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері;

6) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары –Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарылармен тілдесу ережелері;

7) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалар;

8) Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техникасы. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері;

9) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеуі;

10) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы;

11) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау –Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары;

12) Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындау;

13) Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. "Сапқа тұр!", "Түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Реттел!", "Тоқтат!", "Бас киімдеріңді (киімді) ШЕШ!", "Бас киімдеріңді (бас киімді) КИ!" пәрмендерін орындау;

14) Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адым;

15) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеу;

16) Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтер: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo;

17) Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануы;

18) Роботты басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері;

19) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібі;

20) Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдыкталуы;

21) Ядролық қару және оның сипаттамасы – Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Әлеуметтік-экономикалық салдары. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктері;

22) Химиялық қару – Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, алғашқы және екінші зақымдау аймақтары;

23) Биологиялық (бактериологиялық) қару – Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар, олардың улағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервация;

24) Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары – Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдырық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары;

25) Теріні қорғаудың жеке құралдары – Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіндіру арқылы олардың қорғаныс

қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысу;

26) Ұжымдық қорғану құралдары – Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым паналар;

27) Эвакуациялау және халықты белгілеп шоғырландыру – Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібі;

28) Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі – Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігі;

29) Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері – Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысуы;

30) Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек – Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы көмек. Асептика және антисептика туралы түсінік;

31) Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек – Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күйю және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шаралары;

32) Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдар. Қарулы Күштерді жасақтау үшін техникалық-технологиялық бағыттар бойынша азаматтарды даярлау;

33) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Әскери қызметті

өткерудің әлеуметтік және экономикалық ынталандырулары. Азаматтардың әскери міндеттері туралы Қазақстан Республикасының заңдары. Әскери қызметшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары.;

34) Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;

35) Ату ережесі – Арақашықтықты мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындау;

36) Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны;

37) Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары;

38) Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қою;

39) Жол белгілері – Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салу белгілері. Алдын ала жазылатын белгілер. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері. Сервис белгілері. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар);

40) Жол таңбалары және олардың сипаттамалары – Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелері;

41) Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу – Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі ;

42) Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі – Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету;

43) Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Электрлік және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

44) Техногендік сипаттағы қауіптілік – Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары. Жарылыстық-өрт қауіпі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар;

45) Экологиялық қауіпсіздік – Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы;

46) Табиғи жағдайда автономды өмір сүру-ерікті және мәжбүрлі автономия. Өмір сүру тәсілдері. Қажетті авариялық қор;

47) Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері – Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік;

48) Террористік акт қауіп кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Жарылыс қауіп пайда болған жағдайдағы тәртіп ережелері. Кепілдікке алынған жағдайда;

49) Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері – Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қол жетімді Wi-fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері;

50) Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету – Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдану ошақтарынан эвакуациялау тәртібі;

51) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қарулануымен және әскери техникасымен, олардың атқаратын қызметтерімен, техникалық-тактикалық сипаттамаларымен танысу. Қарулану түрлері мен әскери техникаларды іс жүзінде көрсетуді;

52) Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. Ұрыстағы сарбаздың міндеттері. Бөлімшені басқаруды;

53) Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – Нормативтерді орындау: газтұмылдырықты кию, респираторды кию, "зақымдалушыға" газтұмылдырықты кигізу, жалпыәскери қорғаныс жабдығын кию. Дербес қобдиша және химиялық улануға қарсы пакет, олардың атқаратын қызметтері және пайдалану тәртібі;

54) Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – Сарбаздың ұрыс кезінде жаяу әрекет ете отырып қозғалу тәсілдері. Ядролық жарылыс кезіндегі әрекетті;

55) Қорғаныстағы сарбаз – Ату позициясына (атыс жүргізуге арналған орынға) орналасу. Оқпана қазу және оны бүркемелеу. Қарсылас ядролық қару қолданғанда, атысқа дайындық басталғанда, әуе қарсыласы туралы дабыл қағылғанда, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдау туралы дабыл қағылғанда орындалатын әрекеттер. Қарсыластың танкілері мен жаяу әскерлері түрлі бағыттан шабуылдаған кезде тойтарыс беру. Әуе нысандары бойынша оқ атуды;

56) Шабуылдағы сарбаз – Шабуылға дайындалған кезде орындалатын әрекеттер. Жүріп келе жатып шабуылдау кезіндегі сарбаздың колоннада қозғалуы және бөлімшенің ұрыстық сапындағы өз орнын алуы. Өткелдердегі кедергілерден өту және шабуылдау. Траншеядағы жауды ату, граната лақтыру, қоян-қолтық ұрыс арқылы жою тәсілдері. Шабуыл кезінде радиоактивті (улаушы) заттармен зақымдалған жергілікті жерде әрекет етуді;

57) Бақылаушы сарбаз – Бақылау жүргізуге арналған орынды таңдау, оны жабдықтау және бүркемелеу. Нысандарды анықтау және бақылау нәтижелері туралы мәлімдеме жасау. Жергілікті жердің үлгісін құру және нысандарды үлгіде белгілеу;

58) Шолушы сарбаз – Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушылардың қозғалу, жергілікті жерді және заттарды шолу тәсілдері. Бақылау нәтижелері туралы мәлімдеу;

59) Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау, автоматтың бөлшектері мен механизмдерінің оқтауға дейінгі орналасу қалпын және ату кезіндегі бөлшек механизмдерінің жұмыс істеуімен танысу;

60) Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – Оқжатарды патрондармен оқтау және оқжатарды сөмкеге салу. Атуға ыңғайлану (атуға қажет қалыпты қабылдау және автоматты оқтау). Ату (қарауыл мен өткізгішті орнату, иыққа тіреу, көздеу, шүріппені басу және ату кезінде автоматты мықтап ұстау). Атуды тоқтату, оқжатарды алу және атып болған соң автоматты тексеру;

61) Қол гранаталарын лақтыру – Жарықшақты қол гранаталарын және танкіге қарсы гранаталарды лақтыру;

62) Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) іс жүзінде ату;

63) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие жұмысына арналған бөлме. Қару сақтауға арналған бөлме. Сарбаз асханасы, спорт базасы, оқу қалашықтары;

64) Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – Ротаның тәуліктік нарядының атқаратын қызметтері, құрамы және қарулануы, рота бойынша күндізгі кезекшінің атқаратын міндеттері. Өзінің кезекті міндетін атқаратын күндізгі кезекшінің бекетін жабдықтау және жарақтандыру, тікелей бастықтары келген кездегі, "Жиын" белгісі берілгенде, дабыл және өрт болған жағдайдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері. Бос ауысымдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері, күндізгі кезекшінің телефон бойынша мәлімдеме беру тәртібі. Ротаға басқа ротаның әскери қызметшілер келген кездегі, рота аумағынан мүліктерді шығару кезіндегі күндізгі кезекшінің әрекеттері;

65) Сақшының міндеттері – Қарауылдық қызметке тағайындалу және қарауылдың атқаратын міндеттері. Бекет және оны жабдықтау, жарақтандыру. Бекетке шабуыл жасалған кездегі сақшының әрекеттерін. Қаруды қолдану тәртібі;

66) Бекеттегі сақшының орындайтын әрекеттері – Қаруды оқтау тәртібі. Бекетте тұрған сақшы қаруының орналасу қалпы. Бекетті тапсырған және қабылдаған, бекетте өрт болған және өзінің немесе көрші бекет маңында тәртіп бұзушылық орын алған жағдайдағы сақшының әрекеттері;

67) Әскери сәлемдесу – Бір орында және қозғалыс кезінде орындалатын әскери сәлемдесу;

68) Саптан шығу және сапқа қайта тұру – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кету;

69) Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар – "Автоматты кеудеге!", "Белдікке!", "Қаруды қой!", "Қаруға!", "Қаруды!" тәсілдерін орындау;

70) Бөлімшенің сабы – Бөлімшені өрістетілген сапқа және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені өрістетілген саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан өрістетілген сапқа тұрғызу. Бөлімшенің жинақталуы және жазылуы;

71) Азимут бойынша қозғалыс – Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. Азимут бойынша қозғалыс.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 96 сағатты (4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық
Кіріспе сабағы.	+	+	
Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны			
1 Бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі.			

Тақырып 1.1. Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері .	+	+	
Тақырып 1.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері.			
Тақырып 1.3. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары.			
2 Бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары.	+	+	
Тақырып 2.1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары.			
Тақырып 2.2. Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары.			
Тақырып 2.3. Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы.			
3 Бөлім. Тактикалық дайындық.	+	+	
Тақырып 3.1. Мотоатқыштар Бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері.			
4 Бөлім. Атыс дайындығы.	+	+	+
Тақырып 4.1. Калашников автоматы және қол пулеметі.			
Тақырып 4.2. Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау.			
Тақырып 4.3. Калашников автоматын (

қол пулеметін) атуға дайындау.			
Тақырып 4.4. Жарықшақты қол гранаталары.			
5 Бөлім. Саптық дайындық.	+		+
Тақырып 5.1. Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс.			
Тақырып 5.2. Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым.			
6 Бөлім. Әскери топография.	+	+	
Тақырып 6.1. Жергілікті жерде картасыз бағдарлау.			
Тақырып 6.2. Магнитті азимутты анықтау.			
7 Бөлім. Әскери роботты техникалардың негіздері.	+	+	
Тақырып 7.1. Әскери роботты техникалардың негіздері.			
Тақырып 7.2. Роботты басқару алгоритмі.			
Тақырып 7.3. Роботтарға арналған тапсырмалар.			
басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революциясы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы "ұлттар көктемі"). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы "барқыт революциясы", Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы "Араб көктемі", бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі "түрлі-түсті революциялар"). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4 бөлім. мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі . ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет,

спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен ХХ ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары);

5 бөлім. өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері ("экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың ролі;

6 бөлім. саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы ролі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам

жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

7 бөлім. қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). ХХ ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар).

ХХ ғасырдағы – ХХІ ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

8 бөлім. білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (

Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырып атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	практикалық
1 бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
1.1. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1 "Өркениет" түсінігі.			
1.2. Өркениеттердің жіктелуі.			
Тақырып 1.2.1. Өркениеттің дәстүрлі (

аграрлықтүрі: көшпелі және отырықшы-егіншілік.			
Тақырып 1.2.2. Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі.			
1.3. Әлем өркениеттерінің тарихы.	+	+	+
Тақырып 1.3.1. Ежелгі әлем өркениеті.			
Тақырып 1.3.2. Ежелгі өркениеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы.			
Тақырып 1.3.3. Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері.			
Тақырып 1.3.4. Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.			
1.4. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі.	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.			
Тақырып 1.4.2. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық саласы.			
Тақырып 1.4.3. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси саласы.			
Тақырып 1.4.4. Мәдениеттер диалогі.			
2 бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер.			
2.1. Антропогенез және этногенез.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Адамның шығу тегі теориялары.			

Тақырып 2.1.2.

Этностардың пайда болуы туралы теориялар.			
Тақырып 2.1.3. Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта.			
2.2. Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.			
Тақырып 2.2.2. Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері.			
2.3. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.			
Тақырып 2.3.2. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.			
3 бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан.			
3.1. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары.			
Тақырып 3.1.2. Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін.			
Тақырып 3.1.3. Саяси режимдердің типтері.			
3.2. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы.			

Тақырып 3.2.2. Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан орта ғасырларға өтудің бір факторы ретінде.			
Тақырып 3.2.3. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.			
Тақырып 3.2.4. Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы.			
Тақырып 3.2.5. Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері.			
Тақырып 3.2.6. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері.			
Тақырып 3.2.7. Бірінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық нәтижелері.			
Тақырып 3.2.8. Екінші дүниежүзілік соғыстың әлеуметтік экономикалық салдары.			
3.3. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.			
Тақырып 3.3.2. Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде.			
Тақырып 3.3.3. Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.			
4 бөлім. Мәдениеттің дамуы.			

4.1. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.			
Тақырып 4.1.2. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы.			
4.2. Өнер – қоғам дамуының бейнесі.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері.			
Тақырып 4.2.2. Заманауи өнердің даму тенденциялары.			
4.3. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.			
Тақырып 4.3.2. Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі.			
Тақырып 4.3.3. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі.			
5 бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
5.1. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері.			
Тақырып 5.1.2. Дәстүрлі (аграрлық) экономика.			

Тақырып 5.1.3. Нарықтық экономика.			
Тақырып 5.1.4. Жоспарлы социалистік экономика.			
Тақырып 5.1.5. Экономиканың аралас түрлері.			
5.2. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы.			
Тақырып 5.2.2. Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары.			
5.3. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.	+	+	+
Тақырып 5.3.1. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.			
Тақырып 5.3.2. Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары.			
6 бөлім. Саяси-құқықтық процестер.			
6.1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Құқықтық мемлекет түсінігі.			
Тақырып 6.1.2. Құқықтық мемлекет принциптерінің			

жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі.			
Тақырып 6.1.3. Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы.			
Тақырып 6.1.4. Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар ҚР азаматтық қоғамды дамыту.			
6.2. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі.			
Тақырып 6.2.2. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі.			
6.3. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер.			
Тақырып 6.3.2. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері.			
7 бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары.			
7.2. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер.			
Тақырып 7.2.1. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы.			

Тақырып 7.2.2. Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы.			
Тақырып 7.2.3. Н. Мандела –апартеидке қарсы күресуші.			
7.3. XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар .	+	+	+
Тақырып 7.3.1. Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы.			
Тақырып 7.3.2. Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты" Рузвельттің әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары.			
Тақырып 7.3.3. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы Голлизм доктринасы және Франциядағы әлеуметтік - саяси процестер.			
Тақырып 7.3.4. Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы.			
Тақырып 7.3.5. Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад : "үшінші әлемнен бірінші әлемге".			
Тақырып 7.3.6. Н.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі.			
8 бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.			
8.1. Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері.			

Тақырып 8.1.2. Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін.			
Тақырып 8.1.3. Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні. Білім экономикалық өсу факторы ретінде.			
8.2. Ғылыми-техникалық прогресс.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері Ғылыми-техникалық прогресс және оның экономикалық өсуге әсері .			
Тақырып 8.2.2. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары.			
8.3. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.	+	+	+
Тақырып 8.3.1. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар.			
Тақырып 8.3.2. Қазіргі ғылымның перспективті салалары.			
Тақырып 8.3.3. Баспа ісінің тарихы. Полиграфиялық өндірістегі қазіргі заманғы әдістер.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Тарау атауы	Бөлім атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "өркениет типі" терминдерін қолдану;	1) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы ғалымдардың пікірлерін талдайды; 2) "Өркениет" ұғымын танудың негізгі бағыттарын анықтайды; 3) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы эволюциялық және

	2) "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.	өркениеттілік бағыттардың айырмашылықтарын сипаттайды.
Өркениеттердің жіктелуі	1) Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру; 2) өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің түрлерін сипаттайды; 2) ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды;
	1) Өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру; 2) өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің индустриалды және постиндустриалды түрлерін сипаттайды; 2) ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды; 3) индустриалды және постиндустриалды өркениеттердің айырмашылықтарын талдайды.
Әлем өркениеттерінің тарихы	1) Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау; 2) әлем өркениеттері мен діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау. 3) Ежелгі өркениеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтау.	1) Ежелгі өркениеттердің дамуына діни сенімдердің әсерін анықтайды; 2) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды; 3) мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттейді. 4) Ежелгі өркениеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын біледі.
	2) Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға	1) Дәстүрлі өркениет ошақтарын атайды және орналасқан жерін картадан көрсетеді; 2) аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтайды;

Өркениет: даму
ерекшеліктері

	<p>тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау.</p>	<p>3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.</p>
	<p>1) Әлемдік діндер іліміндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау; 2) әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау.</p>	<p>1) Әлемдік діндердің философиялық негіздерін анықтайды; 2) қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын сипаттайды; 3) қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалайды.</p>
	<p>1) Себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау.</p>	<p>1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды; 2) қазіргі заманғы жетекші халықаралық ұйымдарды атайды, олардың іс-әрекетінің маңыздылығын бағалайды.</p>
	<p>2) Қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау.</p>	<p>1) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтайды; 2) өркениеттерді жақындастыруда дипломатияның үлесін саралайды.</p>
	<p>3) Отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қатығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды.</p>
Өркениеттердің өзара әрекеттесуі		<p>1) Мәдениеттердің өзара ықпалдастығының өркениетті деңгейін талдайды; 2) жаһанданудың жағымды және жағымсыз</p>

		<p>4) Өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау.</p>	<p>жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау; 3) этникалық мәдениеттердің киім үлгісіндегі өрнектердің символын сараптайды.</p>
		<p>5) Адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды; 3) жаһандандудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды.</p>
<p>Этникалық және әлеуметтік процестер</p>	<p>Антропогенез және этногенез Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар</p>	<p>1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт", "социогенез", "формациялық әдіс", "өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолданады; 2) ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.</p>
		<p>1) Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; 2) қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады; 3) ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар</p>

	<p>Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары</p>	<p>1) Этникалық және мәдени әртүрлілікті, антропогенездің әртүрлі теорияларын тұжырымдау.</p>	<p>арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін талдайды.</p> <p>1) Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді; 2) жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени 3) әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын қорытындылайды; 4) антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелейді; 5) қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны болжайды.</p>
<p>Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан</p>	<p>Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде</p>	<p>1) Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар мен буржуазиялық революциялардың себептері мен салдарларын тұжырымдау.</p> <p>1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру; 2) бірінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық нәтижелерін анықтау;</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолданады; 2) тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды; 3) буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.</p> <p>1) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 2) тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 3) антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 4) дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды;</p>

		<p>3) екінші дүниежүзілік соғыстың әлеуметтік экономикалық салдары.</p>	<p>5) моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды. 5) екі дүниежүзілік соғыстың әлеуметтік-экономикалық салдарын айқындайды.</p>
		<p>1) Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау.</p>	<p>1)Тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдайды; 2) революциялардың жағымды және жағымсыз салдарын анықтайды; 3) қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасайды.</p>
<p>Мәдениеттің дамуы</p>	<p>Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары Өнер – қоғам дамуының бейнесі Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары</p>	<p>1) ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау.</p>	<p>2) ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді;</p>
		<p>1) Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын , әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау; 2) әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру.</p>	<p>1) Әлемнің ең ірі мұражайларының ерекшеліктерін анықтайды. 2. Мұражай қызметіне жаңа көзқарастар мен олардың маңызын анықтайды.</p>
		<p>1) XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттегі тың құбылыстарды түсіндіру; 2) тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдерін білу.</p>	<p>1) Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін " абстракционизм", " модернизм", " постмодернизм", " авангардизм", "футуризм ", "кубизм", "сюрреализм ", "экспрессионизм", " гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолданады; 2) Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап,</p>

			олардың ерекшеліктерін анықтайды.
		1) XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланыстыру, ерекшеліктерін анықтау.	1) Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін талдайды; 2) жаһандандудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін қорытындылайды.
Өркениет: даму ерекшеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	1) Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың әсерін анықтау, қазіргі кезеңдегі әлем елдерінің экономикалық жіктелуін түсіндіру.	1) Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдарын қолданады; 2) әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды; 3) экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіреді.
		1) Нарықтық экономиканың ерекшелігін саралау, табиғи-географиялық фактордың маңызын, рөлін бағалау.	1) Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән ерекшеліктерді талдайды; 2) мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.
			1) Экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін талдайды; 2) қазіргі заман тарихында шектеуші

		<p>1) Аралас экономиканың ерекшелігін және дамушы мемлекеттердің, аймақтардың артта қалушылығына көмектесудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау.</p>	<p>табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды;</p> <p>3) мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін зерттейді;</p> <p>4) дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжайды.</p>
<p>Саяси-құқықтық процестер</p>	<p>Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам</p> <p>Әлемнің қазіргі саяси жүйесі</p> <p>Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі</p>	<p>1) Әлемнің қазіргі саяси жүйесі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бағытындағы мемлекеттердің саяси дамуын болжау.</p> <p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру.</p>	<p>1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді ;</p> <p>2) саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам " постбиполярылық жүйе", " көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолданады;</p> <p>3) құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды;</p> <p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолданады;</p> <p>2) азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды ;</p> <p>3) азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін айқындайды.</p>

		<p>1) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын түсіндіреді; 2) қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды; 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.</p>
		<p>1) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын, қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлін бағалау.</p>	<p>1) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді; 2) XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді; 3) қоғамдық ойдың дамуын "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм", "гаңдизм", "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолданады; 4) қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі туралы қортындылар жасайды.</p>
			<p>1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолданады; 2) мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік,</p>

<p>Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</p>	<p>Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар</p>	<p>1) Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық саяси ойдың дамуы, XX және XXI ғасырдың көрнекті саясаткер-реформаторлар туралы баяндау.</p> <p>1) Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін, еліміздің стратегиялық бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау.</p>	<p>Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын саралайды. 7) экономикалық және әлеуметтік мәселелердегі голлизмге тән белгілерді айқындайды 8) Ф. Рузвельттің әлеуметтік-саяси бағдарламаларының маңыздылығын бағалайды</p> <p>1) Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды; 2) "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін зерттейді; 3) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін дәлелдейді; 4) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын қорытындылайды.</p>
-----------------------------------	---	--	---

Білім мен ғылымның дамуы

Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде
Ғылыми-техникалық прогресс

1) Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білімнің маңыздылығын анықтаңыз;

2) тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесін дамытудағы өзгерістер мен сабақтастықты айқындау.

1) Әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының нәтижесін талдау.

1) Тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейді;

2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіп революциясы", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолданады;

3) әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.

Адамзат тарихы контекстіндегі мектеп білімінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты сипаттайды;

4) елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы және экономикалық өсу серпіндегі білім берудің рөлін талдайды.

5) мектептегі білім берудің заманауи модельдерін салыстырады, олардың артықшылықтарын анықтайды

1) Білім құндылығы, ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми технологиялардың дамуын болжау.

1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды;

2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды;

3) мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады;

4) ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы

		университеттердің рөлін айқындайды.
	<p>1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын тұжырымдау;</p> <p>2) алғашқы баспаның шығу тарихын, дамуын, баспа материалдарын, баспа мамандарын, кітап көбейтудің әдістерін баяндау, баспа ісінің адамзат тарихында алатын тарихи маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>Алғашқы баспаханаларды оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихымен байланыстыра отырып ақпараттар беру; баспа ісінде қолданылатын терминдерді меңгеру.</p>	<p>1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттейді;</p> <p>2) қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын түсіндіреді;</p> <p>3) ғылыми-техникалық революцияның маңызын, рөлін бағалайды;</p> <p>4) адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды.</p> <p>5) баспа тарихын, баспа өнімдерін, арнайы мамандар мен баспа ісіндегі қолданылатын терминдерді біледі; оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихын түсіндіреді; Қазан төңкерісінен кейінгі баспа жұмысының тарихымен және оның ірге тасын қалаған тарихи тұлғалардың есімдері мен қызметіне тарихи баға бере алады.</p>

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
35 - қосымша

Әлеуметтік – экономикалық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік – экономикалық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "География" пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

4. Пәннің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: "Географиялық зерттеу әдістері", "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың ғаламдық проблемалары".

1 бөлім. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жалпы географиялық әдістер;

2) өзекті географиялық зерттеу әдістері;

2 бөлім. "Картография және геоинформатика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) картография;

2) заманауи картографиялық әдістер;

3) геоинформатика негіздері;

3 бөлім. "Табиғатты пайдалану және геоэкология" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) табиғатты пайдалану;

2) геоэкологиялық зерттеу әдістері;

3) табиғатты пайдалануды реттеу;

4) геологиялық зерттеулер негіздері;

4 бөлім. "Геоэкономика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі;

2) шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары;

3) дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы;

4) дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері;

5) дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері;

6) экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе;

7) Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті;

8) Геоэкономикалық даму стратегиялары.

5 бөлім. "Геосаясат" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі;

2) дүниежүзінің геосаяси кеңістігі;

3) геосаясаттағы географиялық факторлар;

4) мемлекеттік аумақтың морфологиясы;

5) мемлекеттік шекара;

6) заманауи геосаяси үдерістер;

7) Қазақстанның геосаяси жағдайы;

8) Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі;

9) Қазақстанның геосаяси интеграциясы;

6 бөлім. "Елтану" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру;

2) дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану;

3) дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны;

4) дүниежүзі елдерін салыстыру;

7 бөлім. "Адамзаттың ғаламдық проблемалары" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ғаламдық мәселелерді шешу;

2) ғаламдық мәселелерді шешу жолдары.

"География" пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері". Жалпы географиялық әдістер; география бойынша зерттеу тақырыбын таңдау; географиялық мониторинг әдістері; географиядағы салыстыру әдістері; географиядағы сандық әдістер; географиялық сараптама әдістері; географиялық аудандастыру әдістері. Өзекті географиялық зерттеу әдістері; Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері; эксперттік бағалау әдістері; географиядағы модельдеу әдістері.

2) "Картография және геоинформатика". Картография; заманауи картографиялық әдістер; геоинформатика негіздері; географиялық мәліметтер базасы; географиялық

деректерді визуализациялау. Құрылыс және архитектура индустриясында заманауи картографиялық әдістерді қолдану жолдары. Заманауи картографиялық әдістер; карталардың сандық моделі. Геоинформатика негіздері; геоақпараттық жүйелердің геоақпараттық әдістері мен технологияларының ерекшеліктері; геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы; геоақпараттық жүйелер технологиясын архитектура мен құрылыс жұмыстарында қолдану, болашақ дизайнерлерді кәсіби даярлаудағы графикалық қызмет және компьютерлік технологиялар, баспа-полиграфия ісінде геоақпараттық жүйелерді қолдану.

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғатты пайдалану; табиғатты пайдалану түрлері; табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау; табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары. Геоэкологиялық зерттеу әдістері; геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі; геосфералардың ластануы; геоэкологиялық аудандастыру; геоэкологиядағы антропогендік факторлар; ғаламдық экологиялық мәселелер; геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе; экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар; Қазақстанның экологиялық мәселелері. Табиғатты пайдалануды реттеу; табиғатты пайдалану үдерістерін шаруашылық және тұтыну салаларында реттеу; мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмі; мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдаланудың заңнамалық аспектілері; жергілікті күн тәртібі – ХХІ ғасыр, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік; табиғатты пайдалануды жергілікті басқару; "Экологиялық із" және тұрақты даму; Қазақстан Республикасы қолөнер шаруашылығында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Геологиялық зерттеулер негіздері; табиғатты пайдалану тұжырымдамасы; қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері; табиғатты пайдалану; қоршаған ортаның сапасын бағалау; экология және адам денсаулығы, дүниежүзіндегі қоршаған орта сапасының кеңістік сипаты; өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау (жеңіл өнеркәсіп, мамандық бойынша); дүниежүзі халқының саны – маңызды геоэкологиялық фактор; геоэкологиялық индикаторлар; Экологиялық менеджмент; тұрақты дамуға көшу.

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері; елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлі. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары; шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары; дүниежүзілік шаруашылық салаларын заманауи орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы; дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы; Дүниежүзілік шаруашылықтың

аумақтық модельдері; дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері; дамыған елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы; дамушы елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру; дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу, дамыған елдер; дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму модельдері; өтпелі экономика елдері; дамушы елдердің топтары. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары; Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы аймақтарының геэкономикалық жағдайы мен әлеуеті; Қазақстан экономикасының салалық құрылымы; Қазақстан аймақтарының экономикасы; экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы; инвестициялық тартымдылық – Қазақстан экономикасының даму механизмі. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру; мамандану және әртараптандыру – аймақтық экономиканың даму әлеуеті; Қазақстанның өнеркәсіптерінің мамандануы мен әртараптандыруы. (тоқыма, киім тігу, аяқ киім және былғары өнеркәсіптері бойынша талдау). Геэкономикалық даму стратегиялары; қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі; Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктері; Қазақстанның кластерлік бастамалары; импортты алмастыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау; Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты.

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі, геосаясаттың мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні, негізгі категориялары; негізгі геосаяси объектілері мен субъектілері, геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдары. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; Азиядағы геосаяси кеңістік; Еуропадағы геосаяси кеңістік; Америкадағы геосаяси кеңістік. Геосаясаттағы географиялық факторлар; геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы; геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызы; геосаясаттағы саяси, әскери және технологиялық факторлардың маңызы. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу. Мемлекеттік шекара; мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы; Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары, көрші мемлекеттермен қарым қатынасы, басты көрсеткіштері мен динамикасы. Заманауи геосаяси үдерістер; қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер. Қазақстанның геосаяси жағдайы; Қазақстанның геосаяси жағдайы. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі; Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін

факторлар. Қазақстанның геосаяси интеграциясы; Қазақстанның халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстары.

6) "Елтану". Дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру; дүниежүзі физикалық- географиялық аудандастыру; заманауи бейнелеу өнерінің ерекшеліктері, Қазақ театр өнерінің қалыптасуы; дүниежүзі саяси-географиялық аудандастыру, геосаяси аудандар; дүниежүзі тарихи – географиялық аудандастыру. Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер; жиынтық ішкі өнім көрсеткішін есептеу; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын демографиялық көрсеткіштер; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштер; дүниежүзі елдерінде ақпараттық технологиялардың даму ерекшеліктері; жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингі; ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі. Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны; ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның Жер серіктен түсірілген картасына дейін; мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер; Азия жүрегіндегі Ұлы дала елі. Дүниежүзі елдерін салыстыру; Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі; қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары.

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық мәселелерді шешу; адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері; бейбітшілікті сақтау мәселелері; энергетика және шикізат мәселелері; дамушы елдердегі ғаламдық мәселелер; дүниежүзілік мұхит мәселелері; геглобалистика. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары; адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе; ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№ Бөлім, бөлімше және тақырып атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық
1 бөлім. Географиялық зерттеу әдістері.			
1.1 Жалпы географиялық әдістер.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Географиядан зерттеу тақырыбын таңдау.			
Тақырып 1.1.2. Географиялық мониторинг әдістері.			
Тақырып 1.1.3. Географиядағы салыстыру әдістері.			
1.2. Өзекті географиялық зерттеу әдістері.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері.			
Тақырып 1.2.2. Эксперттік бағалау әдістері.			
Тақырып 1.2.3. Географиядағы модельдеу әдістері.			
2 бөлім. Картография және геоинформатика.			
2.1. Картография.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Заманауи картографиялық әдістер.			
Тақырып 2.1.2. Геоинформатика негіздері.			
Тақырып 2.1.3. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау.			
Тақырып 2.1.4. Құрылыс және техника индустриясында заманауи картографиялық әдістерді қолдану жолдары.			

2.2. Заманауи картографиялық әдістер.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Карталардың сандық моделі.			
2.3. Геоинформатика негіздері.	+	+	+
Тақырып 2.3.2. Геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Техникалық мамандықтарда геоақпараттық жүйелер технологиясын қолдану.			
3 бөлім. Табиғатты пайдалану және геоэкология.			
3.1. Табиғатты пайдалану .	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Табиғатты пайдалану түрлері.			
Тақырып 3.1.2. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау.			
Тақырып 3.1.3. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары, оқыту және тәрбиелік мәні.			
3.2. Геоэкологиялық зерттеу әдістері.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі.			
Тақырып 3.2.2. Геосфералардың ластануы.			
Тақырып 3.2.3. Геоэкологиялық аудандастыру.			
	Сәулет-құрылыс графикасының элементтері	құрылыс сызбаларын орындау және оқу; 3) жалпы ережелер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып талдау .	құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды; 4)құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады; 5)құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды; 6)шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.
	Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар	1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды білу.	1)"Инфографика", "зерттеу", "эскиз", "бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді; 2)қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды; 3)инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді; 4)инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды; 5)эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.
7. Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау.	1)"Жоба", "жобалау", "жобалау әдістері", "жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды; 2)жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.
			1)Графикалық құжаттарды, техникалық құжаттаманың құрамын және олардың

	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу	ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2) шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды; жобалық ұсыныстардың графикалық визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
8. Шығармашылық тапсырмалар	Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Жобалаудың мақсаттары мен міндеттерін, кезеңдерін анықтау.	1) Жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдайды және айқындайды.
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	1) Әр түрлі графикалық құралдарды(қолмен/ компьютерлік графика/ макеттеу)қолдана отырып, инженерлік / дизайн / сәулет саласындағы жобалау және жобалау элементтерімен тапсырмаларды орындау	1) Жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдай және анықтай алады, әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (қолмен/ компьютерлік графика/ макет) берілген тақырып бойынша шығармашылық жоба жасайды; 2) киригами техникасы арқылы мәзірдің қызмет көрсету формасының түрлерін жасайды; 3) киригами техникасы арқылы сәулет нысанын салады; 4) маркетингтік зерттеулер әдістерін туризм өнімдері мен қызметтерін жылжытуға бағытталған көрме сөресін модельдейді; 5) "Жер шары" туристік орталық кіру алаңының дизайнын әзірлейді; 6) әлеуметтің маңызы бар нысандардың бірінің демалыс аймағын жобалайды; 7) әлеуметтік саланы, әлеуметтік психологияны ұйымдастыру және басқаруға бағытталған бағдарламалар презентациясы алаңының дизайнын әзірлейді;

		8) шаштараз және косметологиялық қызметтер жанрамасының дизайнын әзірлейді; 9) Менің арманымдағы үйдің жобасын жасайды.
--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
37-қосымша

Әлеуметтік – экономикалық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік - экономикалық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және сақтап қалу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді қарастырады:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде білім алушылардың әлемнің іргелі физикалық заңдары мен қағидаттарын, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне көметесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, физиканың дамуы қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал ету;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, білім алу барысында меңгерген физикалық білімдерін пайдалануға ықпал ету;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы ғылымға қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады.

Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

- 1) механика;
- 2) жылу физикасы;
- 3) электр және магнетизм;
- 4) тербелістер;
- 5) толқындар;
- 6) оптика;
- 7) кванттық физика;
- 8) нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) космология.

"Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) кинематика;
- 2) динамика;
- 3) статика және гидростатика
- 4) сақталу заңдары;
- 5) гидродинамика.

"Жылу физикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалық физика;
- 2) газ заңдары;
- 3) термодинамика негіздері;
- 4) сұйық және қатты денелер.

"Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электростатика;
- 2) тұрақты ток;
- 3) әртүрлі ортадағы электр тогы.
- 4) магнит өрісі;
- 5) электромагниттік индукция.

"Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) механикалық тербелістер;
- 2) электромагниттік тербелістер;
- 3) айнымалы ток.

"Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электромагниттік толқындар.

"Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) толқындық оптика;
- 2) геометриялық оптика.

"Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) атомдық және кванттық физика;
- 2) атом ядросының физикасы.

"Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

- 1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс, қисық сызықты қозғалыс кинематикасы;

- 2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

- 3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері, қатынас ыдыстар; Паскаль заңы, атмосфералық қысым, Торричелли тәжірибесі.

- 4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары, серпінді және серпінсіз соқтығысулар;

- 5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы, денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

- 6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары, термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар, қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың моделі, молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

- 7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс;

- 8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы, термодинамикалық жұмыс, жылу мөлшері, жылу сыйымдылық, термодинамиканың бірінші заңы, термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану, адиабаталық процесс, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары;

- 9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу, ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі, сұйықтың беттік керілуі, жұғу, қылтүіктік құбылыстар;

10) "Электростатика".

Электр заряды, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс, электр сыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы;

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы, ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы, электр тогының жұмысы мен қуаты, ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті, пайдаланылған энергия құны;

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштердегі электр тогы, жартылай өткізгішті құралдар, электролит ерітінділеріндегі электр тогы, электролиз заңы, газдардағы және вакуумдегі электр тогы;

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері, Ампер тәжірибесі, магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид;

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны, электромагниттік индукция, электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы;

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері;

16) "Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық;

17) "Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

18) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

19) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

20) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары, жазықпараллель пластинадан шағылу, толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар, оптикалық құралдар;

21) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография;

22) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

23) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелері және дамуы; наноматериалдар;

24) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; қара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; қара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты сағат көлемін және пәннің мазмұнын өзгерту 25% - дан аспайды.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№ р/с	Бөлім, бөлімше және тақырыптар атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақтар	
			Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Механика.				
1.1 Кинематика.		+	+	+
Тақырып 1.1.1. Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері. Салыстырмалы қозғалыс. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.				
1.2. Динамика.		+	+	+
Тақырып 1.2.1. Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары Бүкіл әлемдік тартылыс заңы Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы.				
1.3. Статика және гидростатика.		+	+	+
Тақырып 1.3.1. Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері. Қатынас ыдыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану Торичелли тәжірибесі.				
1.4. Сақталу заңдары.		+	+	+
Тақырып 1.4.1. Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары.				
1.5. Гидродинамика.		+	+	+
Тақырып 1.5.1. Сұйықтар кинематикасы.				
Тақырып 1.5.2. № 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".				
2 бөлім. Жылу физикасы.				
2.1. Молекулалық физика.		+	+	+
Тақырып 2.1.1. Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар.				
2.2. Газ заңдары.		+	+	+

Тақырып 2.2.1. Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс.			
2.3. Термодинамика негіздері.	+	+	+
2.3.1. Термодинамика заңдарын қолдану Жылу қозғалтқыштары.			
2.4. Сұйық және қатты денелер.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүіктік құбылыстар.			
3 бөлім. Электр және магнетизм.			
3.1. Электростатика.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Электр өрісі. Электрсыйымдылық. Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері.			
3.2. Тұрақты электр тогы.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы. Толық тізбек үшін Ом заңы. Электр тогының жұмысы мен қуаты.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тогы.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы.			
Тақырып 3.3.2. № 2 зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу".			
3.4. Магнит өрісі.	+	+	+
Тақырып 3.4.1. Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі. Ампер күші, Лоренц күші. Заттың магниттік қасиеттері. Жасанды магниттер . Соленоид.			
3.5. Электромагниттік индукция.	+	+	+
Тақырып 3.5.1. Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар. Магниттік-резонанстық томография.			
4 бөлім . Тербелістер.			
4.1. Механикалық тербелістер.	+	+	+
4.1.1. Механикалық гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері .			
4.2. Электромагниттік тербелістер.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер.			

4.3. Айнымалы ток.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Айнымалы ток генераторы. Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток. Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс. Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор. Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.			
Тақырып 4.3.2. № 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау"			
Бөлім 5. Толқындар.			
5.1. Электромагниттік толқындар.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы. Радиобайланыс. Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары. Байланыс құралдары.			
6 бөлім. Оптика.			
6.1. Толқындық оптика.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы			
Тақырып 6.1.2. Дифракциялық торлар № 4 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау". Жарықтың поляризациясы. № 5 Зертханалық жұмыс: "Жарықтың поляризациясын бақылау".			
6.2. Геометриялық оптика.	+	+	+
Тақырып 6.2.1 Геометриялық оптика заңдары. Оптикалық құралдар.			
Тақырып 6.2.2. № 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін жазық паралель пластинаның көмегімен анықтау".			
7 бөлім. Кванттық физика.			
7.1. Атомдық және кванттық физика.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы. Спектрлік талдау. Электромагниттік сәулелену шкаласы. Фотоэффектіні қолдану. Жарықтың химиялық әсері. Рентгендік сәулелену. Лазерлер.			
7. 2. Атом ядросының физикасы.	+	+	+

Тақырып 7.2.1. Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы. Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардык бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция. Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану. Ядролық реактор. Ядролық энергетика.			
Тақырып 7.2.2. №7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периодын анықтау".			
8 бөлім. Нанотехнология және наноматериалдар.			
8.1. Нанотехнология и наноматериалы.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері. Наноматериалдар.			
9 бөлім. Космология.			
9.1. Космология.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар. Жұлдыздардың классификациясы. Қашықтықты анықтау. Күнгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы. Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу.			
Тақырып 9.1.2. Физикалық практикум.			

3-тарау. Оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	бағалау критерийлері
Механика	Кинематика. Динамика. Статика және гидростатика. Сақталу заңдары. Гидродинамика	1) Механикалық қозғалыс заңдарын білу және табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттау және түсіндіруде қолдану.	1) Кинематика теңдеулерін есеп шығару барысында қолданады; 2) Ньютон заңдарын түсінеді, Паскаль заңын сипаттайды; 3) импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдарын есептер шығаруда қолданады.
Жылу физикасы	Молекулалық физика. Газ заңдары. Термодинамика негіздері.	1) Газдардың негізгі қасиетін түсіндіруде молекулалық	1) Молекулалық кинетикалық теория негізгі қағидалары мен идеал газды сипаттайды, Газ заңдарын есептерді шығаруда қолданады; 2) термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мәнін сипаттайды, Ауаның

	Сұйық және қатты денелер	кинетикалық теориясын білу және қолдана алу.	салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; 3) шардың жылдамдығы бойынша оның ішкі үйкеліс коэффициентінің мәндерін анықтайды.
Электр және магнетизм	Электростатика Тұрақты электр тогы. Өртүрлі ортадағы электр тогы. Магнит өрісі. Электромагниттік индукция	1) Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру; 2) Ом заңын біртекті және біртекті емес, тұйық тізбекте қолдана алу.	1) Электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін сипаттайды, Тольк тізбек үшін Ом заңын қолданады; 2) тұрмыстағы электр құралдарының жұмыс құны мен қуатына практикалық есептеулер жүргізеді; 3) өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды анықтайды, Магнит ағыны өзгеру салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіреді; 4) электромагниттік құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Электролиттерде токтың пайда болу шарттарын эксперимент арқылы анықтайды.
Тербелістер	Механикалық тербелістер Электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	1) Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастықтарды ажырату.	1) Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді, еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) трансформатор орамдарының санын анықтайды.
Толқындар	Электромагниттік толқындар	1) Электромагниттік толқынның таралу механизмімен танысу.	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды; 2) радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді.

Оптика	Толқындық оптика. Геометриялық оптика	1)Геометриялық оптика заңдарын түсіндіре білу, жарықтың толқындық қасиетін сипаттау. Нақты есептерде Гюйгенс және Френель принциптерін қолдану.	1)Жарық толқындарының интерференциясы және дифракциясы пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) жарықтың поляризация құбылысын эксперимент арқылы зерттейді; 3) линзалар жүйесінде (телескоп, микроскоп және лупадағы) сәулелердің жолын салады және түсіндіреді; 4) шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтайды.
Кванттық физика	Атомдық және кванттық физика. Атом ядросының физикасы	1)Жарық көздерін топтастыра білу, Стефан-Больцман, Вин және Планк формуласын абсолют кара дененің жарықталынуын сипаттауда қолдана білу; 2)Эйнштейн теңдеуі мен фотоэффект заңдарын есептер шығаруда қолдану.	1)Электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатын дәлелдейтін мысалдар келтіреді; 2) электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажыратады; 3) графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтайды.
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология и наноматериалы	1)Нанотехнологияның негізгі жетістікерін білу.	1)Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды және қолданылуын атайды.
Космология	Космология	1)Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын білу.	1)Жұлдызды аспан мен негізгі қағидаларды жұлдыздар бойынша бағдарлауды сипаттайды, Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
38-қосымша

Әлеуметтік – экономикалық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсын оқытудың мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;

5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;

7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 5 бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Әлеуметтік-экономикалық бағыттың мамандандырылған құрамы".

1 бөлім. "Жаһандық құзыреттілік" бөлімі келесі бөлімшелерден қамтиды:

1) Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не.

- 2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) Жаһандық құзыреттілікті қолдану.
- 4) Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары.

2 бөлім. "Қаржылық сауаттылық" бөлімі келесі бөлімшелерден қамтиды:

- 1) Жеке қаржыдағы кірістер.
- 2) Жеке қаржыдағы шығыстар.
- 3) Отбасылық бюджет.
- 4) Жинақ және жинақтау.

3 бөлім. "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

- 1) Қарым-қатынас мәдениеті.
- 2) Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.
- 3) Әлеуметтік мәселелер.
- 4) Экологиялық қақтығыстар.
- 5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

4 бөлім. "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.
- 4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

5 бөлім. "Әлеуметтік-экономикалық бағыттың мамандандырылған құрамы".

5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен Ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.

2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен Қоғамдастық арасындағы серіктестік;

алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.

4) "Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.

5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.

6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.

7) "Отбасылық бюджет". Отбасылық бюджеттің кірістері; отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары; отбасылық бюджеттің міндетті емес шығыстары; отбасылық бюджеттің түрлері; отбасылық бюджетті жоспарлау; отбасының қаржылық мақсаттары; отбасылық бюджетті жүргізу ережелері.

8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; Инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.

9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыпайылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.

10) "Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғаишілік қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; алаңдаушылық деңгейін төмендету.

11) "Әлеуметтік мәселелер". Қоғамның әлеуметтік мәселелері; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, камту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және т.б.); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік мәселелері және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.

12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері;

экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.

13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы". Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.

14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация". Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) "Әлеуметтік-экономикалық бағыттың мамандандырылған құрамы". Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік. Қызметкерлерге ақы төлеу және көтермелеу үшін еңбекті бағалау әдістері мен формалары. Ақпаратты шоғырландыру және құрылымдау, кәсіби мансапты тиімді дамыту үшін ең бастысы. Ақпаратты талдау, өз көзқарасын айта және дәлелдей білу. Өзін-өзі ұйымдастыру және уақытты жоспарлау дағдысы. Қызмет көрсету саласы. Этикалық нормаларды сақтау. Шешім қабылдау процесі. Жобалар мен процестерді тиімді басқару.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Жаһандық құзыреттілік.			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 1.1.1.Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не.			
Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану.			
Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары.			
2 бөлім. Қаржылық сауаттылық.			
2.1 Жеке қаржыдағы кірістер.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс.			
Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс.			
Тақырып 2.1.3 Жеке табысты арттыру жолдары.			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары.			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары.			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы.			
2.2 Жеке қаржы шығындары.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану.			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар.			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу.			

Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі.			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы).			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады.			
2.3. Отбасылық бюджет.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері.			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығындары.			
Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары.			
Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері.			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары.			
Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері.			
2.4. Жинақ және жинақтау.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы.			
Тақырып 2.4.2. Жинақтарды құру жолдары.			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтары: банкте, жылжымайтын мүлікте.			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржы пирамидасы.			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық.			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар.			

Қаржылық тәуекелдердің түрлері.			
3 бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу.			
3.1 Мәселелер түрі.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті.			
Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.			
Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік мәселелер.			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қақтығыстар.			
Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.			
4 бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну.			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.			
5 бөлім. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың мамандандырылған құрамы.			
5.1. Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.			

Тақырып 5.1.2. Ұйым қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және көтермелеу жүйелері.			
Тақырып 5.1.3. Ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс.			
Тақырып 5.1.4. Жобалар мен процестерді басқару.			
Тақырып 5.1.5. Қызмет көрсету саласы және менеджер этикасы.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	1) Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттердің маңыздылығын түсіну; 2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) Жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.
		1) Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржыдағы кірістер	1) Белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіруге міндетті.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
	Жеке қаржы шығындары	1) Қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1) Несиелендіру мәселесін түсінеді және қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) Отбасы бюджетінің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) Отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) Отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) Ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі;

			3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу	Мәселелердің түрлері	1) Эмпатия мен ынтымақтастық қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	1) Басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы бар проблемаларды талдайды.
		2) Жанжалдардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Жанжалды шешу алгоритмін құрайды; 2) Медиация негіздерін және жанжалдарды шешу тәсілдерін біледі.
		3) Аналитикалық және сыни ойлауды және жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік мәселелерді бағалау дағдысын қалыптастыру.	1) Әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар мен бастамаларды бағалайды.
		1) Зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру экологиялық мәселелер бойынша дәлелдемелер	1) Жергілікті және жаһандық деңгейде экологиялық қақтығыстарды шешу жолдарын ұсынады.
Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	1) Азаматтық ұстанымын көрсете алады, өз көзқарасын қорғай алады.	1) Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.
		1) Қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) Әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) Жаһандық мәселелер мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) Мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды в обществе.

		1) Мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) Алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
Әлеуметтік-экономикалық бағыттың мамандандырылған құрамы	Мамандықтағы жаһандық мәселелер	1) Әлеуметтік-экономикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті сипаттау; 2) Әлеуметтік-экономикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді қолдану мүмкіндіктерін айқындау.	1) Әлеуметтік-экономикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттердің қалыптасу матрицаларын әзірлеу.
	Ұйым қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және көтермелеу жүйелері	1) Қызметкерлерге ақы төлеу және көтермелеу үшін еңбекті бағалау әдістері мен нысандарын пайдалана білу.	1) Бағыт бойынша персонал жұмысының тиімділігін бағалау критерийлері
	Үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс	1) Ақпаратты шоғырландыра және құрылымдай білу.	1) Үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдысы бар; 2) кәсіби мансап үшін дағдыларды тиімді пайдаланады.
	Жобалар мен процестерді басқару	1) Өзін-өзі ұйымдастыру және уақытты жоспарлау дағдыларына ие болу.	1) Компания қызметінің басымдықтарын ажырата алады, қажетті ақпаратты пайдаланады және оны талдай алады; 2) өз көзқарасын сауатты баяндайды және дәлелдейді.
	Қызмет көрсету саласы және менеджер этикасы	1) Этикалық нормативтерді, оның ішінде шешім қабылдау процестерінде сақтауға міндетті.	1) Бағыт бойынша персонал жұмысының тиімділігін бағалау критерийлері.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
39-қосымша

Техника- технологиялық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Математика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - техника-технологиялық бағыттың практикалық және кәсіби қызметінде қолдану үшін, білім беруді жалғастырудың сабақтас пәндерін зерделеу үшін, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуын қажетті математикалық білімді меңгеру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) математика негіздерін сапалы меңгеру, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, әртүрлі контексттердегі есептерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеуге ықпал жасау;

3) есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдер жасауға және керісінше нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтау үшін білім алушылардың логикалық және сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты беру, сондай-ақ жариялымыдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалану қабілетін дамыту;

6) өз бетінше жұмыс істеу үшін де, командада жұмыс істеу үшін де қажет болатын тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу жолдары. Функция графигін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция.

2) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.

3) "Кері тригонометриялық функциялар". Арксинус, арккосинус, арктангенс, арктангенс. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер". Қарапайым тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері. Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу.

5) "Ықтималдық". Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолданылуы. Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) жуықтап есептеулер үшін қолдану. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері.

6) "Функцияның шегі және үзіліссіздік". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары. Сан тізбегінің шегі. Шектерді табу.

7) "Туынды". Туындының анықтамасы. Функцияны дифференциалдау туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері. Күрделі функцияның туындысы. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оларды техника-технологиялық процестермен байланысты есептерде қолдану. Функция графигіне жүргізідген жанаманың теңдеуі.

8) "Туындыны қолдану". Функцияның өсу және кему шарттары. Функцияның кризистік және экстремум нүктелері. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.

9) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері.

10) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.

11) "Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция". n -ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функциясының туындысы және интегралы.

12) "Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер". Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері. Иррационал теңсіздіктер мен жүйелер.

13) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы және интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы.

14) "Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер". Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері. Көрсеткіштік теңсіздіктер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңсіздіктер мен жүйелер.

15) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және аралық вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау.

16) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.

17) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі қашықтық. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтыққа ортогональды проекциясы және оның ауданы.

18) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Вектордың үш компланарлы емес векторларға жіктелуі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.

19) "Кеңістіктегі түзу және жазықтық теңдеулерін қолдану". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық. Екі түзу арасындағы бұрышты, кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу.

20) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Дұрыс көпжақтар ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призмалар. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Дұрыс көпжақтар.

21) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің толық бүйір бетінің ауданы. Конус және оның элементтері. Конустың

бүйір және толық бетінің ауданы. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфераның бетінің ауданы. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.

22) "Денелердің көлемі". Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі. Пирамида мен қиық пирамиданың көлемі. Цилиндр көлемі. Конус пен қиық конустың көлемі. Шар және оның бөліктерінің көлемі. Кеңістіктегі фигуралардың ұқсастығы. Геометриялық денелердің комбинациясы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 120-144 сағатты (5-6 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
		Сабақтар	
		Теориялық	Тәжірибелік
1 бөлім. Функция, оның қасиеттері және графиктері.			
1.1. Функция және оның қасиеттері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1.Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Техника-технологиялық процесте графиктерді сызып, қолдану.			
Тақырып 1.1.2. Функцияның қасиеттері.			

1.2. Функция түрлері.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Кері функция ұғымы.			
Тақырып 1.2.2. Күрделі функция.			
2 б ө л і м . Тригонометриялық функциялар.			
2.1. Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
Тақырып 2.1.2. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу . Техника-технологиялық процессте тригонометриялық функциялардың графиктерін қолдану.			
2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс.			
Тақырып 2.2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
2.3. Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Қарапайым тригонометриялық теңдеулер.			
Тақырып 2.3.2. Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			

2.4. Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелер ..	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу.			
3 бөлім. Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция.			
3.1. Дәреже мен түбірлер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Иррационал өрнектерді түрлендіру.			
Тақырып 3.1.2. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.			
3.2. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	+	+	+
1) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау.	1) "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасау; 2) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының даму бағыттарындағы басымдылықтар мен

	<p>Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы</p>	<p>1) Қазақстан Республикасының экономикасының даму кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау.</p>	<p>қайшылықтарды талдайды.</p> <p>1) Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдайды, олардың қазіргі кездегі ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>2) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын талдайды;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағына болжау жасайды.</p>
	<p>Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы</p>	<p>1) Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу.</p> <p>1) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін сипаттау.</p>	<p>1) "Аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне талдау жасайды;</p> <p>2) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін анықтайды;</p> <p>3) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін талдайды.</p> <p>1) "Депортация", "арнайы қоныс аударушылар", "ұлттық саясат", "интернационализм", "толеранттылық" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның полиэтникалық қоғамын қалыптастыру процесін түсіндіреді;</p> <p>2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының</p>

Саяси-құқықтық процестер			ерекшеліктерін айқындайды..
	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	<p>1) Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты талдау.</p> <p>1) Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін талдау.</p> <p>1) Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айқындау.</p>	<p>1) Көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "иридента" ұғымдарын пайдаланады;</p> <p>2) Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын талдайды;</p> <p>1) Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісіне баға береді.</p> <p>1) Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін анықтайды.</p>
	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	<p>1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау.</p>	<p>1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды;</p> <p>2) Қазақ хандығының құқықтық ережелерінің маңыздылығын бағалайды;</p> <p>3) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.</p> <p>1) Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдері</p>

Қоғамдық-саяси ойдың дамуы		1) тарихи қайраткерлердің Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалау.	идеяларының маңыздылығын зерттейді ; 2) XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдайды; 3) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына XIX ғасырдағы тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	1) "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.	1) "Алаш" ұлттық идеясының біріктіруші рөлін айқындайды; 2) А. Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретіндегі қызметін зерттейді; 3) ұлттық зиялы қауым мен "Алаш" автономиясының тарихи рөліне баға береді.
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	1) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтау; 2) Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарын талдау.	1) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтайды ; 2) "Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын" зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіреді.
	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	1) Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.	1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды; 2) XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды; 3) Қазақстанның зерттеуші ғалымдарының еңбектерінің құндылығын анықтайды

Білім мен ғылымның дамуы

XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі

1) XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау.

1) XX ғасырдың басында зайырлы білім беру мен қазақ зиялыларының қалыптасу тарихын талдау.

1) Кеңестік білім беру жүйесінің реформаларын және Қазақстандағы ғылымның дамуын талдау.

1) Қазақстандағы орта, кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдау.

1) Әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау.

1) XIX - XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы білім беру мекемелерінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіреді;
2) білім беру мекемелерін олардың қызметінің ерекшелігін сипаттайды.

1) Дала өлкесінің ауылдық мектептерінде білім беруді сипаттайды;
2) қазақ зиялыларының қалыптасуының ұлттың оянуына әсерін талдайды.

1) Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің және ғылымның даму кезеңдерін сипаттайды;
2) Қаз КСР Ғылым Академиясының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді;
2) Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалайды.

1) Қазақстандағы кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдайды.

1) Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерделеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың алғышарттары мен маңызын айқындайды;
2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым әлемдік білім беру және ғылыми

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
49-қосымша

Техника-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқудың мақсаты – білім алушылардың оқу барысында алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын техника-технологиялық бағыттағы маманның кәсіби құзыреттілігіне қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) кәсіби маңызды физикалық және психофизиологиялық қасиеттерді дамыту және жетілдіру, сондай-ақ қолайсыз орта факторларына болашақ мамандар ағзасының жалпы және спецификалық емес тұрақтылығын арттыру;

2) дене қасиеттерінің деңгейін, функционалдық даярлығын арттыру, дене дамуының негізгі көрсеткіштерін жақсарту;

3) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

4) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

5) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

6) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

7) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

8) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

9) теорияны зерделеу кезінде АКТ қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

10) болжанатын (болашақ) кәсіпті тандау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

Дене шынықтыру пәнін өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және анализ бастамалары", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 11 бөлімнен тұрады:

1) Дене шынықтыру туралы білім

2) Жеңіл атлетика

3) Спорттық ойындар. Футбол

4) Спорттық ойындар. Волейбол

5) Спорттық ойындар. Баскетбол

6) Спорттық ойындар. Үстел теннисі

7) Гимнастика, көркем гимнастика

8) ұлттық спорт түрлері.

9) Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10) Жүзу

11) Туризм

12) Замануи фитнес-технологиялар.

Пәннің негізгі мазмұны:

1 бөлім. "Дене шынықтыру" пәндегі қауіпсіздік техникасы. Кәсіби-қолданбалы физикалық дайындық. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Дене шынықтырудың рекреациялық және оналту құралдары.

2 бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

3 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4 бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру. Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5 бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6 бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7 бөлім. Гимнастика

Қауіпсіздік техникасы. Жаттығуларды орындаудағы сақтандырудың рөлі. Гимнастика түрлері. Саптық жаттығулардың элементтері. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы). Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Жұмыс күні режимінде қолданылатын арнайы гимнастикалық жаттығулар кешені. Гигиеналық гимнастиканы үйрету (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы). Спорттық құралдарды (гимнастикалық таяқ, құрсау, фитбол) қолдана отырып жалпы дамыту жаттығулары. Сауықтыру гимнастикасының

элементтері. Акробатикалық жаттығулар. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Ритмикалық гимнастиканың элементтері. Түрлері фитнес - тренинг бағыттары (йога, созылу, пилатес, табата және тағы басқалар). Атлетикалық гимнастиканың элементтері. Тепе-теңдік және вестибулярлық тұрақтылық жаттығулары.

8 бөлім. Ұлттық спорт түрлері.

Асық ату. Бестас. Тоғызқұмалақ. Қазақша-күрес. Ұлттық ойындардың түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері. Ойын техникасы. Ойынның тактикалық әрекеттері.

9 бөлім. Қысқы спорт түрлері.

Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Қозғалыс түрлері. Бұрылу түрлері. Көтерілу түрлері. Жартылай конькимен сырғанау. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау. Ауыспалы конькимен сырғанау. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау. Тиісті іс-шараларға арналған жылыту және қалпына келтіру әдістері. Қашықтықты өту тактикасының негіздері. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Сырғанаудың негізгі әдістері. Бұрылыстар. Тежеу. Артқа сырғанау. Сырғанау.

10 бөлім. Жүзу.

Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар. Құрғақ жүзу. Жүзу техникасын қою. Денені айналдыру және тыныс алу. Сырғанау және тепе-теңдік. Жүзу стильдері. Кеудемен алға жүзу. Артпен жүзу. Жүзу. Брасс. Жүзу. Еркін стильде 50 м. соңғы жүзу.

11 бөлім. Туризм.

Туризм ережелері. Түйіндер. Өткелдер. Жарақат кезіндегі алғашқы көмек. Шатыр орнату.

12 бөлім. Дене шынықтырудағы инновациялық технологиялар.

Замануи фитнес технологиялар. Түсінігі, дамуы және арнайы ерекшеліктері. Фитнес индустриясы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту;

5) жұмыс жаттығуларының бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, қысқы спорт түрлерін рекреациялық жүгірумен және басқа аэробтық жаттығулармен ауыстыру ұсынылады;

6) жүзумен айналысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүзу бағдарламасын іске асыруға бөлінген уақыт педагогикалық кеңестің шешімімен спорттық ойындар, гимнастика бойынша дағдыларды одан әрі жетілдіруге пайдаланылады.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 120 сағатты (5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.			
1.1. Жалпы мәдени және кәсіптік дайындықтағы дене шынықтыру.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. "Дене шынықтыру" пәндегі қауіпсіздік техникасы.			
Тақырып 1.1.2. Кәсіби-қолданбалы физикалық дайындық.			
Тақырып 1.1.3. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері.			
Тақырып 1.1.4. Дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары.			
2 бөлім. Жеңіл атлетика.			
2.1. Жеңіл атлетика жаттығулары.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.1.2. Төменгі старт.			
Тақырып 2.1.3. Орта қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.1.4. Жоғары старт.			
Тақырып 2.1.5. Ұзақ қашықтыққа жүгіру.			

Тақырып 2.1.6. Мәреге жету техникасы.			
Тақырып 2.1.7. Ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.1.8. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.1.9. Граната лақтыру.			
Тақырып 2.1.10. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.			
3 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.			
3.1. Футбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 3.1.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 3.1.2 Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допты иелену техникасының негізгі элементтерін дамыту.			
Тақырып 3.1.3 Допты иелену.			
Тақырып 3.1.4 Ойыншылардың шабуыл мен қорғаныстағы жеке әрекеттері.			
Тақырып 3.1.5 Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері.			
Тақырып 3.1.6 Екі жақты ойын. Төрелік ойындар футбол.			
4 бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.			
4.1. Волейбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Қауіпсіздік техникасы.			

Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 4.1.2. Ойыншылардың қозғалысы.			
Тақырып 4.1.3. Волейболшының ұстанымы.			
Тақырып 4.1.4. Допты жоғарыдан беру.			
Тақырып 4.1.5. Допты төменнен беру.			
Тақырып 4.1.6. Допты беру.			
Тақырып 4.1.7. Допты берудегі қабылдау.			
Тақырып 4.1.8. Шабуыл әрекеттері.			
Тақырып 4.1.9. Қорғаныстағы ойын.			
Тақырып 4.1.10. допты жоғарыдан екі қолмен қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқу волейбол ойыны.			
Тақырып 4.1.11 қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын.			
4.1.12 Волейбол ойындарына төрелік.			
5 бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.			
5.1. Баскетбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 5.1.2. Ойыншылардың қозғалысы.			
Тақырып 5.1.3. Шабуылда ойнау техникасы.			
Тақырып 5.1.4. Қорғаудағы ойын техникасы.			
Тақырып 5.1.5. Допты қозғалыста беру.			

Тақырып 5.1.6. Допты ұстап алу және қағу.			
Тақырып 5.1.7. Еркін лақтыру.			
Тақырып 5.1.8. Баскетбол ойынына төрешілік ету.			
6 бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі.			
6.1. Үстел теннисінің негізгі ережелер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. үстел теннисі. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 6.1.2. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс.			
Тақырып 6.1.3. Берулер мен қабылдаулар.			
7 бөлім. Гимнастика.			
7.1. Гимнастикалық жаттығулар	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Гимнастика түрлері.			
Тақырып 7.1.2 Саптық жаттығулардың элементтері.			
Тақырып 7.1.3. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты , дене шынықтыру паузасы).			
Тақырып 7.1.4. Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Жұмыс күні режимінде қолданылатын арнайы гимнастикалық жаттығулар кешені.			
Тақырып 7.1.5. Гигиеналық гимнастиканы үйрету (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты , дене шынықтыру паузасы).			

Тақырып 7.1.6. Спорттық құралдарды (гимнастикалық таяқ, құрсау, фитбол) қолдана отырып жалпы дамыту жаттығулары.			
Тақырып 7.1.7. Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Акробатикалық жаттығулар.			
Тақырып 7.1.8. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар.			
Тақырып 7.1.9. Ритмикалық гимнастиканың элементтері. Фитнес - тренинг түрлерінің бағыттары (йога, созылу, пилатес, табата және тағы басқалар).			
Тақырып 7.1.10. Атлетикалық гимнастиканың элементтері.			
Тақырып 7.1.11. Тепе-теңдік және вестибулярлық тұрақтылық жаттығулары.			
8 бөлім. Ұлттық спорт түрлері.			
8.1. Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Тоғызқұмалақ. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 8.1.2. Тоғызқұмалақ шабуылдың техникалық-тактикалық әрекеттері.			
Тақырып 8.1.3. Тоғызқұмалақ.			

Қорғаудың техникалық-тактикалық әрекеттері.			
Тақырыбы 8.1.4. Асық ату. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырыбы 8.1.5. Асық ату. Техникалық-тактикалық іс-әрекеттер.			
Тақырып 8.1.6. Бестас. Ойын ережелері.			
Тақырып 8.1.7. Ашық ойындардағы Ұлттық ойындардың элементтері.			
Тақырыбы 8.1.8. Қазақша-күрес. Негізгі ережелер.			
Тақырыбы 8.1.9. Қазақша-күрес техникасы.			
9 бөлім. Қысқы спорт түрлері.			
9.1. Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Шаңғы спорты. Қауіпсіздік техникасы. Бір мезгілде екі сатылы конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.2. Шаңғы спорты. Жартылай конькимен жүгіру.			
Тақырып 9.1.3. Шаңғы спорты. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.4. Шаңғы спорты. Ауыспалы конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.5. Шаңғы спорты. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.6. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Конькимен сырғанаудың негізгі әдістері.			

Тақырып 9.1.7. Конькимен жүгіру. Бұрылыстар.			
Тақырып 9.1.8. Конькимен жүгіру. Тежеу			
Тақырып 9.1.9 Конькимен жүгіру. Артка сырғанау.			
Тақырып 9.1.10 Конькимен жүгіру. Айналмалы сырғанау.			
10 бөлім. Жүзу.			
10.1. Жүзудегі негізгі ережелер.	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар.			
Тақырып 10.1.2 . Құрғақ жүзу.			
Тақырыбы 10.1.3. Жүзу техникасын қою.			
Тақырып 10.1.4. Өзекті айналдыру және тыныс алу.			
Тақырып 10.1.5. Сырғанау және тепе-теңдік.			
Тақырып 10.1.6. Жүзу стильдері.			
Тақырып 10.1.7.Кеудемен алға жүзу.			
Тақырып 10.1.8. Артпен жүзу.			
Тақырып 10.1.9. Жүзу. Брасс.			
Тақырып 10.1.10. Жүзу. Еркін стильде 50 м. соңғы жүзу.			
11 бөлім. Туризм.			
11.1. Дене шынықтыру жүйесіндегі туризм.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Туризм. Туризм ережелері.			
Тақырып 11.1.2. Түйіндер . Өткелдер.			

Тақырып 11.1.3. Жарақаттарға алғашқы көмек. Шатырды орнату.			
12 бөлім. Дене шынықтырудағы инновациялық технологиялар			
12.1. Замануи фитнес технологиялар			
Тақырып 12.1.1. Қазіргі заманғы фитнес технологиялар. Түсінігі, дамуы және арнайы ерекшеліктері.			
Тақырып 12.1.2. Фитнес индустриясы.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Дене шынықтыру туралы білім	Дене шынықтыру туралы	1) дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасын, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын түсіндіру; 2) кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру даярлығы әдістері туралы түсінікке ие болу;	1) дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді; 2) спорт залдарында, стадионда, бассейнде, мұз айдынында және спорт алаңдарында қауіпсіздік техникасының талаптарын және өзін-өзі ұстау қағидаларын орындайды; 3) түрлі жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі (медициналық) алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын тізімдейді; 4) жұмыс істеушілердің қозғалыс белсенділігінің тапшылығын, олардың кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру даярлығын жоюға арналған жаттығуларды меңгереді.
		3) кәсіби аурулардың алдын алу үшін дене жаттығуларын анықтау.	1) Физикалық аурулардың көмегімен кәсіби аурулар алдын алу үшін жаттығуларды анықтайды және орындайды;

		<p>4) дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары туралы түсінікке ие болу</p>	<p>2) жарақаттанудың алдын алу үшін өндірістік гимнастиканы біледі және орындайды; 3) салауатты өмір салты мен оның құрамдас бөліктерінің ережелерін біледі және сақтайды</p>
	<p>1) Дене шынықтыру сабақтарында жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіру; 2) жалпы дамытушы және арнайы-жүгіру жаттығуларын орындау;</p>		<p>1) Дене шынықтыру пәнінде жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) жеңіл атлетикамен айналысу кезінде спорт залдарында және стадионда қауіпсіздік техникасының талаптарын және мінез-құлық қағидаларын орындайды; 3) Дене шынықтыру пәнінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) дене жаттығуларын орындаудың тиімділігін бағалайды; 5) жарақаттанудың физиологиясы мен алдын алу негіздерін түсіндіреді ; 6) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдық жай-күйін талдайды; 7) арнайы жүгіру жаттығуларын орындау кезінде техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындайды; 8) жалпы дамыту және арнайы жүгіру жаттығуларын ажыратады.</p>
			<p>1) Қысқа, орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру фазаларын ажыратады;</p>

Жеңіл атлетика	Жеңіл атлетика жаттығулары	3) орта және алыс қашықтыққа жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты меңгеру;	2) орта және алыс қашықтықтарға жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты қолданады; 3) орта және алыс қашықтыққа жүгіру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 4) төмен және жоғары старт техникасын ажыратады.
		4) Орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа секіру техникасын меңгеру.	1) Орнынан ұзындыққа секіру және жүгіруден ұзындыққа секіру фазаларын ажыратады; 2) орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа секіру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) орнынан ұзындыққа және жүгіруден ұзындыққа секіруде техникалық-тактикалық дайындықты пайдаланады.
		5) Граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру.	1) Граната лақтыру фазаларын және ядроны итеру фазаларын анықтайды; 2) граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) граната лақтыруда және ядроны итеру техникасында техникалық-тактикалық дайындық элементтерін орындайды.
		6) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын меңгеру.	1) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын түсіндіреді және орындайды.
			1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша

<p>Спорттық ойындар. Футбол</p>	<p>Футбол ойынның негізгі ережелері</p>	<p>1) дене шынықтыру сабақтарында спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) футбол спорт түрлері бойынша ойын ережелерін түсіну;</p> <p>3) Футбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру;</p> <p>4) Футболдағы ережелерді түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.</p>	<p>Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) футбол ойынының ережелерін тізімдейді 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.</p> <p>1) Футболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу); 2) футболда техникалық-тактикалық жаттығуларды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және футболдағы ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) футболда техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу).</p> <p>1) Футболдағы ережелерді түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p>
			<p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді;</p>

<p>Спорттық ойындар. Волейбол</p>	<p>Волейбол ойынының негізгі ережелері</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) спорт түрлері бойынша ойын ережелерін білу (волейбол);</p> <p>3) Волейбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.</p> <p>4) Волейбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.</p>	<p>2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы мінез-құлық қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері (волейбол) бойынша ойын ережелерін тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.</p> <p>1) Волейболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалыстар, берілістер, допты қабылдау, қорғаныстағы және шабуылдардағы әрекеттер); 2) волейболдағы техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және волейболдағы ойын жағдайындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) волейболда техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қимылдарды, берілістерді, допты қабылдауды, қорғаудағы және шабуыл жасаудағы іс-қимылдарды) орындайды.</p> <p>1) Волейбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p> <p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша</p>
---------------------------------------	--	---	---

<p>Спорттық ойындар. Баскетбол</p>	<p>Баскетбол ойынының негізгі ережелері</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) спорт (баскетбол) бойынша ойын ережелерін түсіну.</p> <p>3) Баскетбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру;</p> <p>4) баскетбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.</p>	<p>қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері бойынша ойын ережелерін (баскетбол) тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.</p> <p>1) Баскетболдағы техникалық әрекеттерді (қозғалыс, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер, финттер) ажыратады; 2) баскетболда техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және Баскетболдағы ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) баскетбол бойынша техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қозғалыстар, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы іс-қимылдар , финттер) орындайды.</p> <p>1) Баскетбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p> <p>1) Үстел теннисіндегі техникалық әрекеттерді</p>
--	---	--	--

<p>Спорттық ойындар. Үстел теннисі</p>	<p>Үстел теннисінің негізгі ережелері</p>	<p>1) Үстел теннисі ойынына техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.</p>	<p>ажыратады (стендтер мен қозғалыстар, алаңдар мен тәсілдер, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер); 2) үстел теннисіндегі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және үстел теннисіндегі ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) үстел теннисінде техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (стендтер мен қозғалыстар, беру және қабылдау, қорғау және шабуыл жасау әрекеттері).</p>
<p>Гимнастика, ритмикалық гимнастика</p>	<p>Гимнастикалық жаттығулар</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастика бойынша қауіпсіздік техникасын түсіндіруге міндетті; 2) сауықтыру гимнастикасының элементтерін орындау; 3) аэробикалық гимнастика жаттығулары кешенінің негізгі элементтерін, гимнастикадағы саптық, жалпы дамыту,</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастикадағы қауіпсіздік техникасын түсіндіреді; 2) гимнастикадағы қауіпсіздік техникасының талаптарын, спорт залдарындағы тәртіп ережелерін орындайды; 3) гимнастика сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) сауықтыру гимнастикасының элементтерін анықтайды және орындайды. 1) Ритмикалық гимнастика элементтерін, өндірістік гимнастика элементтерін, спорттық гимнастика элементтерін және сауықтыру гимнастикасы элементтерін ажыратады және орындайды; 2) жылыту, қарқынды және қалпына келтіру</p>

		<p>қолданбалы және акробатикалық жаттығуларды орындау;</p>	<p>жаттығуларын ажыратады; 3) гимнастика терминдерін атайды.</p>
		<p>4) Гимнастикалық снарядтарда негізгі жаттығуларды орындау.</p>	<p>1) "Степ-тач", "Марш", "кросс-степ", "Грейн вайн" қадамдарын айқындайды; 2) арнайы құрылған жаттығулар кешенін орындау процесінде негізгі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды қолданады; 3) гимнастикалық снарядтардағы жаттығулардың орындалуын көрсетеді.</p>
<p>Ұлттық спорт түрлері</p>	<p>Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша қауіпсіздік техникасы мен ойын ережесін түсіндіру.</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) ұлттық спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында жүріс-тұрыс қағидаларын орындайды; 3) оқу ойындарын өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) ұлттық спорт түрлеріндегі ойын ережелерін түсіндіреді (тоғызқұмалақ, асық ату); 5) ұлттық спорт түрлерінің тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ұлттық спорт түрлеріндегі қателіктерді түсіндіреді.</p>
		<p>2) Ұлттық спорт түрлерінде</p>	<p>1) Тоғызқұмалақ ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады; 2) асық ату ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады;</p>

		техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындау.	3) сабақта ойын жағдайларында ұлттық спорт түрлерінде ойнау дағдыларын көрсетеді; 4) қазақша күрестің күрес элементтерін көрсетеді.
Қысқы спорт түрлері	Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы	1) Дене шынықтыру пәнінде шаңғы және конькимен жүгіру спортынан қауіпсіздік техникасын түсіндіру;	1) Дене шынықтыру пәнінде қысқы спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) қысқы спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында және көшеде жүріс-тұрыс ережелерін орындайды; 3) сабақтарды өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды.
		2) шаңғымен жүру техникасын түсіндіру.	1) Шаңғымен жүру техникасын ажыратады: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанау; 2) шаңғымен: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанаумен қозғалу техникасын орындайды; 3) ағзаның функционалдык жай-күйін және физикалық жұмысқа қабілеттілігін бағалайды.
			1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді; 2) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасының талаптарын орындайды; 3) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және

Жүзу	Жүзудегі негізгі ережелер	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасын түсіндіру;</p> <p>2) жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды меңгеру.</p>	<p>құрлықта сабақ өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды;</p> <p>4) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдык жай-күйін айқындайды;</p> <p>5) жүзу техникасын жетілдіру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды;</p> <p>6) жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды орындайды.</p>
		<p>3) Жүзу техникасын меңгеру.</p>	<p>1) Жүзу стильдерін ажыратады;</p> <p>2) дұрыс тыныс алуды және суда ұстауды біледі;</p> <p>3) "кеудемен жүзудегі", "шалкалап жүзудегі", "брасс" тәсілдерімен жүзу техникасын ажыратады.</p>
Туризм	Дене тәрбиесі жүйесіндегі Туризм	<p>1) Туризм саласының мүмкіндіктерін және оның ережелері туралы түсіндіру;</p> <p>2) шатыр орнату дағдыларына ие болу.</p>	<p>1) Туризм түрлерін және оның ережелері туралы біледі және ажыратады;</p> <p>2) карталарды, компасты түсіндіреді және қолданады.</p>
Дене шынықтырудағы инновациялық технологиялар	Замануи фитнес технологиялар	<p>1) Фитнес мәдениетінің даму тарихы туралы түсінікке ие болу;</p> <p>2) фитнес-тренинг бағыттарының түрлерін ажырату.</p>	<p>1) сауықтыру процесінің тиімділігін арттыру мүддесінде белгілі бір жолмен іске асырылатын іс-қимыл алгоритмін жасау дағдыларына ие;</p> <p>2) инновациялық құралдарды, әдістерді, фитнес сабақтарының ұйымдастырушылық нысандарын, заманауи құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдалана отырып, нәтижеге кепілді қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаттығуларды орындау әдістерін түсіндіреді.</p>
		<p>1) Фитнес технологиясының</p>	

	ерекшеліктері туралы түсінікке ие болу; 2) фитнес-орталықтардың техникасы мен жабдықтарын жіктеу біліміне ие болу міндеті.	1) Фитнес орталықтарының тренажерлерін, жабдықтарын егжей-тегжейлі жіктеуді және анықтауды береді.
--	---	--

4-тарау. Білім алушылардың дене дайындығы деңгейлерінің кестесі (ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	X (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
Жүгіру 30 м	4,9	5,6	5,5 – 5,3	5,2 – 4,6	4,5 -4,3	4,2
Орнынан ұзындыққа секіру	213	190	191 - 201	202 – 224	225 - 235	236
Допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	611,0	434,0	435,0 - 522,0	523,0 – 699,0	700,0 – 785,0	786,0
Шаттл жүгірісі 3x10	8,3	9,1	9,0 – 8,7	8,6 –7,8	7,7 -7,4	7,3
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	42,0	33,0	34,0 –37,0	38,0 -46,0	47,0 – 50,0	51,0

(қыздар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	X (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
Орнынан ұзындыққа секіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	170,0	146	147 -160	161 – 181	182 – 194	195
Шаттл жүгірісі 3x10	497,0	372,0	373,0 – 434,0	435,0 – 559,0	560,0 – 621,0	622,0
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	9,1	10,0	9,9 – 9,6	9,5 –8,6	8,5 –8,1	8,0
Орнынан ұзындыққа секіру	26,0	19,5	20,0 –22,5	23,0 -29,0	29,5 – 32,0	32,5

Техника-технологиялық бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы)

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқыту мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

- 1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;
- 2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;
- 3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;
- 4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;
- 5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;
- 6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

4. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні 12 бөлімнен тұрады: "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери

құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері", "Атыс дайындығы" (2), "Технологиялық дайындық", "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Оқу-далалық (лагерлік) жиыны".

Бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды құрастыру кезінде білім алушылардың белгілі бір кәсіби дағдыларын қалыптастыру үшін тақырыпты тереңдетіп оқытатын кадрларды даярлау бағытының кәсіби ерекшелігі ескерілді.

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің негізгі мазмұны:

1) Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны;

2) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтері. Техника-технологиялық бағыт бойынша және басқа мамандарды даярлау;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттері;

4) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, лаңкестік, оларға тән белгілер. Қазіргі әлемде лаңкестік қауіптердің күшеюінің себептері;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері;

6) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары – Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарылармен тілдесу ережелері;

7) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалар;

8) Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техникасы. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері;

9) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеуі;

10) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы;

11) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау –Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары;

12) Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН , Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындау;

13) Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. "Сапқа тұр!", "Түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", " Реттел!", "Тоқтат!", "Бас киімдеріңді (киімді) ШЕШ!", "Бас киімдеріңді (бас киімді) КИ !" пәрмендерін орындау;

14) Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адым;

15) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеу;

16) Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтер: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo;

17) Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануы;

18) Роботты басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері;

19) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібі;

20) Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықтыалуы;

21) Ядролық қару және оның сипаттамасы – Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктері;

22) Химиялық қару – Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, алғашқы және екінші зақымдау аймақтары;

23) Биологиялық (бактериологиялық) қару – Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар, олардың улағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервация;

24) Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары – Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдырық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары;

25) Теріні қорғаудың жеке құралдары – Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіңдіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысу;

26) Ұжымдық қорғану құралдары – Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым паналар;

27) Эвакуациялау және халықты белгілеп шоғырландыру – Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібі;

28) Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі – Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігі;

29) Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері – Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысуы;

30) Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек – Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы көмек. Асептика және антисептика туралы түсінік;

31) Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек – Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күйу және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шаралары;

32) Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдар. Қарулы Күштерді жасақтау үшін техникалық-технологиялық бағыттар бойынша азаматтарды даярлау;

33) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Келісімшарт бойынша қызмет ететін техникалық мамандықтар бойынша мамандарды даярлаудың қағидалары. Әскери қызмет (баламалы, келісімшарт бойынша), запаста болу;

34) Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;

35) Ату ережесі – Арақашықтықты мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындау;

36) Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны;

37) Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары;

38) Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қою;

Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Тыныс алу	<p>1) Аденозинтрифосфаттың (АТФ) мәнін түсіндіріңіз; 2) жасушалық тыныс алу механизмін талдау.</p>	<p>1) аденозинтрифосфаттың (АТФ) құрылымы мен функцияларын; метаболизм түрлерін; энергия алмасу кезеңдерін; Кребс циклін сипаттайды; 2) аэробты және анаэробты тыныс алудағы АТФ синтезін салыстырады; 3) митохондрия құрылымы мен жасушалық тыныс алу процестерінің өзара байланысын орнатады.</p>
	Бөліну	<p>1) Адамның қанын тазарту процесінде бүйрек қызметін талдау.</p>	<p>1) Зәрді сүзу және қалыптастыру механизмін түсіндіреді; 2) антидиуретикалық гормонның (ADH) ағзадағы су деңгейін реттеудегі рөлін түсіндіреді.</p>

Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі		1) Бүйрек функциясының бұзылу себептерін түсіндіру.	1) Диализ механизмін түсіндіреді; 2) бүйрек трансплантациясы мен диализдің артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Жасушалық цикл. Өсу және көбею	1) Тірі организмдердің көбеюі мен дамуындағы жасушалық циклдің маңыздылығын анықтау.	1) Дайын микропрепараттардың көмегімен митоз фазаларын зерттейді; 2) өсімдіктер мен жануарларда гаметалардың пайда болу ерекшеліктерін түсіндіреді, сперматогенез мен оогенез арасындағы айырмашылықтар; 3) адамдардағы гаметогенез схемасын талдайды.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Өсу және даму	1) Онкологиялық аурулардың алдын алу шараларын түсіндіру. 2) өз өңірінде онкологиялық ісіктердің пайда болуына қоршаған орта жай-күйінің әсерін білу.	1) Жасушалардың бақыланбайтын бөлінуімен онкологиялық ісіктердің пайда болуын түсіндіреді; 2) Қоршаған орта жай-күйінің онкологиялық ісіктердің пайда болуына әсерін түсіндіреді; 3) қартаю процесін түсіндіреді.
		1) Медицинада бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіріңіз	1) Бағаналы жасушаларының пайда болу процесін түсіндіреді ; 2) бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіреді.
		1) Міндеттерді шешу арқылы тұқым	1) Модификациялық өзгергіштік заңдылықтарын зерттейді ; 2) дигибридті қиылысудың цитологиялық негіздерін, жынысқа байланысты белгілерді тұқымқуалаушылықты

<p>Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму</p>	<p>Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын түсіндіру ; 2) эпистаздың, комплементарлықтың, полимерияның өсімдіктер мен жануарлардың жаңа сорттарын өсірудегі маңыздылығын түсіндіру 3) Қазақстанның ядролық сынақтарының физикалық мутагендер санын ұлғайтудағы салдарын талдау.</p>	<p>және есептерді шешуде көп аллелизмді қолданады; 3) аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстырады; 4) эпистазды, комплементарлықты, полимерияны өсімдіктердің жаңа сорттары мен жануарлар тұқымдарын өсіруге талдайды; 5) Қазақстанның ядролық сынақтарының физикалық мутагендер санын көбейтудегі салдарын талдайды.</p>
		<p>1) Мутациялардың себептері мен салдарын талдау.</p>	<p>1) Уго де Фриз теориясының негізгі ережелерін; мутагенездің себептері және мутация түрлерін атайды; 2) хромосома санының ауытқуларымен байланысты адамның хромосомалық ауруларын сипаттайды (аутосомды және жыныстық); 3) дезоксирибонуклеин қышқылының репарациясымен, дезоксирибонуклеин қышқылының рекомбинациясымен мутациялардың байланысын орнатады; 4) техногендік ортаның жай-күйі мен мутациялардың пайда болуы арасындағы байланысты белгілейді; 5) "Адам геномы" жобасының маңыздылығын талқылайды.</p>
			<p>1) Тұқым қуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы байланысты түсіндіреді;</p>

<p>Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы мен қызметі және эволюциялық дамуы</p>	<p>Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуан түрлілігі.</p>	<p>1) Эволюция теориясының негізгі ережелерін түсіндіру;</p> <p>1) Эволюция механизмін түсіндіру; 2) түрленудің тәсілдері мен тетіктерін; Қазақстанда селекцияны дамытуды; ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларын жақсартудың селекциялық тәсілдерін зерделеу; 3) антропогенез кезеңдерін зерттеу.</p>	<p>2) эволюция процесіне әсер ететін факторларды талдайды.</p> <p>1) Техногендік фактордың спецификацияға әсерін талдайды; 2) спецификация әдістерін атайды; антропогенез кезеңдері; 3) түрленудің негізгі тетіктерін жіктейді; 4) селекция әдістерінің көмегімен ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларын жақсарту тәсілдерін ашады; 5) адам дамуындағы еңбектің рөлін, техникалық прогрестің адамзатқа әсерін талдайды</p>
<p>Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі</p>	<p>Үйлестіру және реттеу</p>	<p>1) Үйлестіру және реттеу механизмін түсіндіру; 2) бас жарақаты мен омыртқаның зақымдануы кезінде алғашқы медициналық көмек шараларын қолдануды түсіндіру.</p> <p>1) Биологиядағы басқару жүйелерін түсіндіру.</p>	<p>1) Миелінді нейрондық аксондардағы әрекет потенциалының инициациясы мен берілуін сипаттайды және түсіндіреді; 2) рефрактерлік кезең мен миелин қабығының мәнін ашады; 3) бас жарақаты мен омыртқаның зақымдануы кезінде алғашқы көмек шараларын қолдануды сипаттайды.</p> <p>1) Холинергиялық синапстың құрылымы мен функциясының өзара байланысын белгілейді; 2) механорецепторлардың (Пачини денелерінің) тітіркендіргіштерге реакциясын сипаттайды; биологиядағы басқару жүйелері; 3) гормондардың әсер ету механизмін түсіндіреді;</p>
			<p>1) Көлденең жолақты бұлшықеттердің</p>

Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Қозғалыс	<p>1) Микрографтардағы жолақты бұлшықеттің ультрақұрылымын интерпретациялау.</p>	<p>ультрақұрылымын зерттейді; 2) жылжымалы жіп теориясы арқылы бұлшықеттің жиырылу механизмін түсіндіреді; 3) жылдам және баяу бұлшықет талшықтарын ажыратады.</p>
Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар	Биомедицина және биоинформатика	<p>1) Бұлшықет қызметтерін салыстыру.</p>	<p>1) Жылдам және баяу бұлшықет талшықтарының құрылымын, орналасуын және жалпы қасиеттерін байланыстырады.</p>
		<p>1) Биология, физика, механика және информатиканың интеграциясын түсіну; 2) биониканың рөлі мен әдістерін сипаттаңыз.</p>	<p>1) Робототехникада биомеханиканың қолданылуын зерттейді; 2) биониканың рөлін ашады 3) электрокардиограмманы қолдану арқылы жүректің жұмыс істеу механизмін түсіндіреді; 4) электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсерін түсіндіреді; генетиканың гендер тізбегіне әсер етпейтін гендерді реттеу механизмдерін зерттеудегі маңызы.</p>
		<p>1) Биоинформатиканың рөлі мен әдістерін сипаттау</p>	<p>1) Экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭҚҰ) әдісінің маңыздылығын түсіндіреді; ауруларды диагностикалау мен емдеуде моноклоналды антиденелерді қолдану.</p>
		<p>1) Адам өміріндегі биотехнологияның рөлі</p>	<p>1) Артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды биотехнологияда қолданылатын тірі организмдер; генетикалық түрлендірілген ағзаларды (ГМО) қолданудың этикалық мәселелері; медицинада, химияда және өнеркәсіпте ферменттерді қолдану мүмкіндігі;</p>

<p>Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар</p>	<p>Биотехнология</p>	<p>мен маңыздылығын бағалау; 2) ауыл шаруашылығында микроағзалардың қолданылуын талдау 3) клондау мен гендік инженерияны өсімдіктер мен жануарларды өсіру құралдары ретінде бағалау.</p>	<p>2) Таксономиядағы, медицинадағы және криминалистикадағы полимеразды тізбекті реакцияның маңыздылығын сипаттайды; 3) гендік-инженерлік манипуляциялардың кезеңдерін; рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылын алу тәсілдерін; организмдерді клондау тәсілдерін түсіндіреді; 4) ауыл шаруашылығында микроорганизмдердің қолданылуын талдайды; 5) клондау мен гендік инженерияны өсімдіктер мен жануарларды өсіру құралы ретінде түсіндіреді.</p>
		<p>1) Микроағзаларды анықтау бойынша экспериментті жоспарлау, нәтижелерді сипаттау және қорытындыларды тұжырымдау.</p>	<p>1) Микробиологиялық зерттеулердің кезеңдерін сипаттайды және түсіндіреді; өсімдіктердің микроклоналды көбею әдістері; 2) оң және теріс грам бактерияларды салыстырады; 3) ферменттердің рөлін сипаттайды.</p>
<p>Ағзалар және қоршаған орта</p>	<p>Биосфера, экожүйе, популяция</p>	<p>1) Экологиялық міндеттер мен экологиялық жағдайларды шешу.</p> <p>1) Экологиялық мәдениет негіздері туралы білімді қолдану; 2) өз аймағының экожүйесінің жай-күйін зерттеу.</p>	<p>1) Биоәртүрлілік пен экожүйенің тұрақтылығы арасындағы байланысты орнатады; 2) статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып, өз өңірінің экожүйелерін далалық жағдайларда зерттейді.</p> <p>1) Жергілікті экожүйенің биоалуантүрлілігі бойынша презентациялар жасайды; 2) "тамақ тізбектеріндегі энергия беру схемаларын" модельдейді; 3) туған өлкенің флорасы мен фаунасын зерттейді;</p>

			4) өз аймағының экожүйесінің жай-күйін зерттейді.
Ағзалар және қоршаған орта	Экология және адамның қоршаған ортаға әсері	1) Адамның қоршаған ортаға әсерін талдау; 2) экологиялық проблемалардың өнеркәсіптік кешенге әсерін талдау.	1) Жаһандық климаттың жылынуының салдарын болжайды; 2) Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешу жолдарының мысалдарын келтіреді; 3) техниканың Қазақстанның экологиялық проблемаларының туындауына әсерін талдайды. 4) экологиялық проблемалардың өнеркәсіптік кешенге әсерін талдайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
53- қосымша

Техника-технологиялық бағыттың "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дүниежүзі тарихы" пәнін оқыту мақсаты – дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) әртүрлі тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ғұрыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммуникативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

9) Білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша оқу-дағдылары мен қабілеттерін дамыту.

10) Бастапқы білімді қайталау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

4. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. "Өркениет" түсінігі. "Өркениет" түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі

заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары);

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). "Этнос", "этногенез", "ұлт" ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, "ұлттық сана", этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының кандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. "Мемлекет", "билік", "басқару институты" ұғымдары

. Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революциясы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы "ұлттар көктемі"). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы "барқыт революциясы", Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы "Араб көктемі", бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі "түрлі-түсті революциялар"). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі . ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық

мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен ХХ ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары);

5) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері ("экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың ролі;

б) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы ролі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі.

Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, сwareджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н. Мандела – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар).

XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

8) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимназия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи

модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	практикалық
1 бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері			
1.1. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	+	+	+
Тақырып 1.1.1. "Өркениет" түсінігі.			
1.2. Өркениеттердің жіктелуі			
Тақырып 1.2.1. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлықтүрі: көшпелі			

және отырықшы-егіншілік			
Тақырып 1.2.2. Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі			
Тақырып 1.2.3. Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсері			
1.3. Әлем өркениеттерінің тарихы	+	+	+
Тақырып 1.3.1.Ежелгі әлем өркениеті			
Тақырып 1.3.2.Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері			
Тақырып 1.3.3. Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы			
Тақырып 1.3.4. Әлем өркениеттерінде технологияның дамуы			
1.4. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы			
Тақырып 1.4.2. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық саласы			
Тақырып 1.4.3. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси саласы			
Тақырып 1.4.5. Мәдениеттер диалогі			
2 бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер			
2.1. Антропогенез және этногенез	+	+	+

Тақырып 2.1.1.Адамның шығу тегі теориялары			
Тақырып 2.1.2. Этностардың пайда болуы туралы теориялар.			
Тақырып 2.1.3.Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта			
2.2. Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары			
Тақырып 2.2.2. Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері			
2.3. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.			
Тақырып 2.3.2.Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары			
3 бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан			
3.1. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер	+	+	+
Тақырып 3.1.1.Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары			
Тақырып 3.1.2.Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін			
Тақырып 3.1.3.Саяси режимдердің типтері			
3.2. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар	+	+	+

Тақырып 3.2.1. Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы			
Тақырып 3.2.2. Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан орта ғасырларға өтудің бір факторы ретінде			
Тақырып 3.2.3. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары			
Тақырып 3.2.4. Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы			
Тақырып 3.2.5. Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері			
Тақырып 3.2.6. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері			
3.3. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы			
Тақырып 3.3.2. Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде			
Тақырып 3.3.3. Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары			
4 бөлім. Мәдениеттің дамуы			
4.1. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары	+	+	+

Тақырып 4.1.1. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі			
Тақырып 4.1.2.Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы			
4.2. Өнер – қоғам дамуының бейнесі	+	+	+
Тақырып 4.2.1.Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері			
Тақырып 4.2.2.Заманауи өнердің даму тенденциялары			
4.3. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы			
Тақырып 4.3.2.Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі			
Тақырып 4.3.3. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі			
5 бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері			
5.1. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері			
Тақырып 5.1.2.Дәстүрлі (аграрлық) экономика			
Тақырып 5.1.3.Нарықтық экономика			

Тақырып 5.1.4.Жоспарлы социалистік экономика			
Тақырып 5.1.5. Экономиканың аралас түрлері			
5.2. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері	+	+	+
Тақырып 5.2.1.Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы			
Тақырып 5.2.2. Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары			
5.3. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	+	+	+
Тақырып 5.3.1. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі			
Тақырып 5.3.2.Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары "Қытай кереметі": 1990 жылдардағы экономикалық даму тәжірибесі			
6 бөлім. Саяси-құқықтық процестер			
6.1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	+	+	+
Тақырып 6.1.1.Құқықтық мемлекет түсінігі			
Тақырып 6.1.2.Құқықтық мемлекет принциптерінің			

жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі			
Тақырып 6.1.3. Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы			
Тақырып 6.1.4. Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар			
6.2. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі			
Тақырып 6.2.2. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі			
6.3. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер			
Тақырып 6.3.2. Ғылым мен техниканың жетістіктері және олардың халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздануға әсері			
Тақырып 6.3.3. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері			
7 бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы			
7.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары			
7.2. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер			

Тақырып 7.2.1.М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы			
Тақырып 7.2.2.Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы			
Тақырып 7.2.3. Н. Мандела –апартеидке қарсы күресуші			
7.3. XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар	+	+	+
Тақырып 7.3.1.Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы			
Тақырып 7.3.2.Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты"			
Тақырып 7.3.3.Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы			
Тақырып 7.3.4.Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы			
Тақырып 7.3.5.Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад : "үшінші әлемнен бірінші әлемге"			
Тақырып 7.3.6. Н.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі			
8 бөлім. Білім мен ғылымның дамуы			
8.1. Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде	+	+	+
Тақырып 8.1.1.Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері			
Тақырып 8.1.2. Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін			

Тақырып 8.1.3.Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгінгі			
8.2. Ғылыми-техникалық прогресс	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері			
Тақырып 8.2.2.Тарихтағы ең маңызды техникалық жаңалықтар.			
Тақырып 8.2.3. Ғылыми-техникалық революция және оның салдары..			
Тақырып 8.2.4.Елдердің ғылыми-техникалық әлеуеті			
Тақырып 8.2.5. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары			
Тақырып 8.2.6. Ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының ілгерілеуі			
8.3. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	+	+	+
Тақырып 8.3.1.Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар			
Тақырып 8.3.2.Қазіргі ғылымның перспективті салалары.			
Тақырып 8.3.3.Баспа ісінің тарихы. Полиграфиялық өндірістегі қазіргі заманғы әдістер.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
		1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен	1) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы ғалымдардың пікірлерін талдайды;

<p>Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері</p>	<p>құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "өркениет типі" терминдерін қолдану; 2) "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.</p>	<p>2) "Өркениет" ұғымын танудың негізгі бағыттарын анықтайды; 3) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы эволюциялық және өркениеттілік бағыттардың айырмашылықтарын сипаттайды.</p>
<p>Өркениеттердің жіктелуі</p>	<p>1) Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру; 2) өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p>	<p>1) Өркениеттің түрлерін сипаттайды; 2) ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды;</p>
	<p>1) Өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру; 2) өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру.</p>	<p>1) Өркениеттің индустриалды және постиндустриалды түрлерін сипаттайды; 2) ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды; 3) индустриалды және постиндустриалды өркениеттердің айырмашылықтарын талдайды. 4) Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін болжайды</p>
	<p>1) Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау; 2) әлем өркениеттері мен діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау.</p>	<p>1) Ежелгі өркениеттердің дамуына діни сенімдердің әсерін анықтайды; 2) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды; 3) мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттейді.</p>
		<p>1) Дәстүрлі өркениет ошақтарын атайды және</p>

Өркениет: даму
ерекшеліктері

Әлем өркениеттерінің
тарихы

1) Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау.

орналасқан жерін картадан көрсетеді;
2) аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтайды;
3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.

1) Әлемдік діндер іліміндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау;
2) әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау.
3) Әлем өркениеттерінде технологияның дамуын анықтау

1) Әлемдік діндердің философиялық негіздерін анықтайды;
2) қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын сипаттайды;
3) қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалайды.
4) Әлем өркениеттерінде технологияның даму ерекшеліктерін анықтайды

1) Себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау.

1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды;
2) қазіргі заманғы жетекші халықаралық ұйымдарды атайды, олардың іс-әрекетінің маңыздылығын бағалайды.

1) Қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау.

1) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтайды;
2) өркениеттерді жақындастыруда дипломатияның үлесін саралайды.

1) Отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы

1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін анықтайды;

	<p>Өркениеттердің өзара әрекеттесуі</p>	<p>жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау.</p>	<p>2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды.</p>
	<p>1) Өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау.</p>		<p>1) Мәдениеттердің өзара ықпалдастығының өркениетті деңгейін талдайды; 2) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау; 3) этникалық мәдениеттердің киім үлгісіндегі өрнектердің символын сараптайды;</p>
	<p>1) Адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау.</p>		<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды; 3) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды.</p>
	<p>1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау.</p>		<p>1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт", "социогенез", "формациялық әдіс", "өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолданады; 2) ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.</p>

<p>Этникалық және әлеуметтік процестер</p>	<p>Антропогенез және этногенез Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары</p>	<p>1) Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; 2) қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады ; 3) ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін талдайды;</p>
		<p>1) Этникалық және мәдени әртүрлілікті, антропогенездің әртүрлі теорияларын тұжырымдау.</p>	<p>1) Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді; 2) жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени 3) әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын қорытындылайды; 4) антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелейді; 5) қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны болжайды.</p>
		<p>1) Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар мен буржуазиялық революциялардың себептері мен салдарларын тұжырымдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолданады; 2) тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды; 3) буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.</p>
			<p>1) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 2) тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға</p>

<p>Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан</p>	<p>Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде</p>	<p>1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру.</p>	<p>ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 3) антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 4) дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды; 5) моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды.</p>
		<p>1) Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау.</p>	<p>1) Тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдайды; 2) революциялардың жағымды және жағымсыз салдарын анықтайды; 3) қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасайды.</p>
<p>Мәдениеттің дамуы</p>	<p>Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары Өнер – қоғам дамуының бейнесі</p>	<p>1) ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау.</p>	<p>2) ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді;</p>
		<p>1) Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын , әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау; 2) әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың ролін түсіндіру.</p>	<p>1) Әлемнің ең ірі мұражайларының ерекшеліктерін анықтайды. 2. Мұражай қызметіне жаңа көзқарастар мен олардың маңызын анықтайды.</p>
		<p>1) XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI</p>	<p>1) Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін " абстракционизм", " модернизм", " постмодернизм", " авангардизм", "футуризм ", "кубизм", "сюрреализм</p>

	<p>Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары</p>	<p>ғасырдың басындағы мәдениеттегі тың құбылыстарды түсіндіру; 2) тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдерін білу;</p>	<p>","экспрессионизм", " гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолданады; 2) Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтайды.</p>
		<p>1) XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланыстыру, ерекшеліктерін анықтау.</p>	<p>1) Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін талдайды; 2) жаһандандудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін қорытындылайды.</p>
<p>4. Өркениет: даму ерекшеліктері</p>	<p>Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері</p>	<p>1) Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың әсерін анықтау, қазіргі кезеңдегі әлем елдерінің экономикалық жіктелуін түсіндіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдарын қолданады; 2) әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды; 3) экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіреді.</p> <p>1) Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән ерекшеліктерді талдайды; 2) мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.</p>

Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі

1) Аралас экономиканың ерекшелігін және дамушы мемлекеттердің, аймақтардың артта қалушылығына көмектесудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау.

1) Экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін талдайды;
2) қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды;
3) мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін зерттейді;
4) дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжайды.
5) "Қытай кереметі": 1990 жылдардағы экономикалық даму тәжірибесін біледі

1) Әлемнің қазіргі саяси жүйесі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бағытындағы мемлекеттердің саяси дамуын болжау.

1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді;
2) саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам " постбиполярылық жүйе", " көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолданады;
3) құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды;

1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын

<p>Саяси-құқықтық процестер</p>	<p>Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам Әлемнің қазіргі саяси жүйесі Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі</p>	<p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру.</p>	<p>түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолданады; 2) азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды ; 3) азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін айқындайды.</p>
		<p>1) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау. 2) Ғылым мен техниканың жетістіктері және олардың халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздануға әсерін анықтау</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын түсіндіреді; 2) қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды; 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.</p>
		<p>1) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын, қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлін бағалау.</p>	<p>1) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді; 2) XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді; 3) қоғамдық ойдың дамуын "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм", "гандизм", "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолданады;</p>

<p>Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</p>	<p>Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар</p>		<p>4) қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі туралы қортындылар жасайды.</p>
		<p>1) Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық саяси ойдың дамуы, XX және XXI ғасырдың көрнекті саясаткер-реформаторлар туралы баяндау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолданады; 2) мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын саралайды.</p>
		<p>1) Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін, еліміздің стратегиялық бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау.</p>	<p>1) Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды; 2) "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін зерттейді; 3) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін дәлелдейді; 4) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның</p>

			белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын қорытындылайды.
Білім мен ғылымның дамуы	Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде Ғылыми-техникалық прогресс Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	1) Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білімнің маңыздылығын анықтау	1) Тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейді; 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіп революциясы", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолданады; 3) әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.
		1) Әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының нәтижесін талдау. Білім құндылығы, ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми технологиялардың дамуын болжау. 2) Тарихтағы ең маңызды техникалық жаңалықтарды болжау. 3) Ғылыми-техникалық революция және оның салдарын анықтау 4) Ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының ілгерілеуін болжайды	1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды; 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды; 3) мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады; 4) ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін айқындайды. 5) Тарихтағы ең маңызды техникалық жаңалықтарды біледі 6) Елдердің ғылыми-техникалық әлеуетін анықтайды
			1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттейді;

Тақырып 2.4.11. Тілікті орындауға арналған көлемді моделдеу тәсілдері			
Тақырып 2.4.12. Қиманы орындауға арналған көлемді моделдеу тәсілдері			
3 бөлім. Кескіндерді түрлендіру			
3.1. Кескіндерді қайта құру	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Кескіндерді қайта құру			
Тақырып 3.1.2. Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру			
4 бөлім. Пішін қалыптастыру және құрылымдау			
4.1. Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Нәрсе және оның пішімі туралы ұғым			
Тақырып 4.1.2. Геометриялық			

денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары			
4.2. Беттердің жазбасы			
Тақырып 4.2.1. Жазбалар туралы мәліметтер			
Тақырып 4.2.2. Геометриялық дене беттерінің жазбасы			
Тақырып 4.2.3. Көпжақты беттердің жазбасы			
Тақырып 4.2.4. Айналмалы дене беттерінің жазбасы			
Тақырып 4.2.5. Техника-технологиялық жабдықтардың, құрылғылар және машина бөлшектерінің жазбасын әзірлеу			
4.3. Пішін құрылымдауы	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Пішін құрылымдауы			
5 -өлім. Нәрсенің пішінін түрлендіруі			
5.1 Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіруі	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Нәрсенің пішінін түрлендіруі			
Тақырып 5.1.2. Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіруі			
6 бөлім. Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері			
6.1. Стандарттау	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Стандарттау			
Тақырып 6.1.2. Бұйым, бөлшек және оның элементтері			
6.2. Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Біріктірулер туралы жалпы мәлімет. Ажырайтын біріктірулер			

Тақырып 6.2.2. Бұранда туралы жалпы мәлімет			
Тақырып 6.2.3. Бұранданы кескіндеу және сызбада белгілеуі			
Тақырып 6.2.4. Бұрандалы біріктірулер			
Тақырып 6.2.5. Ажырамайтын біріктірулер			
Тақырып 6.2.6. Құрастыру сызбалары туралы жалпы түсінік			
Тақырып 6.2.7. Бөлшектеу туралы түсінік			
Тақырып 6.2.8. Құрастырылатын бұйым тетіктерінің нобайын орындау			
Тақырып 6.2.9. Құрастыру бірлігінің 3D-моделі			
Тақырып 6.2.10. "Негіз" 3D моделінің қасиеттерін орындау			
6.3. Сәулет-құрылыс графикасының элементтері	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат			
Тақырып 6.3.2. Ғимараттың жоспары, қасбеті мен тілігі			
Тақырып 6.3.3. Құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер			
Тақырып 6.3.4. Құрылыс сызбаларын оқу және орындау			
Тақырып 6.3.5. Құрылыс сызбаларының элементтері			
6.4. Инфографика / сұлбалар, графикалар және диаграммалар	+	+	+

Тақырып 6.4.1. Инфографика туралы жалпы мәлімет			
Тақырып 6.4.2. Әр түрлі саладағы инфографика			
7 бөлім. Жобалау және жобалау графикасы			
7.1. Жобалау әдістері. Жобалаудың негізгі кезеңдері	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жобалау әдістері			
Тақырып 7.1.2. Жобалау үрдісінің кезеңдері			
Тақырып 7.1.3. Жобалау нысандарға қойылатын талаптар			
Тақырып 7.1.4. Жобаланатын объекттерге қойылатын талаптар			
7.2. Жобалық ұсыныстарды визуалдау	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Графикалық құжаттар			
Тақырып 7.2.2. Спецификация, есеп жүргізу және түсіндірме жазба			
Тақырып 7.2.3. Шығармашылық идеяларды визуалдау			
Тақырып 7.2.4. Электрондық техникалық құжаттардың түрлері			
8 бөлім. Шығармашылық тапсырмалар			
8.1. Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктері			
8.2. Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	+	+	+

Тақырып 8.2.1. Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар			
Тақырып 8.2.2. Киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау			
Тақырып 8.2.3. Киригами техникасы арқылы қаріптік композицияны құрастыру			
Тақырып 8.2.4. Киригами техникасы арқылы сәулет нысанын орындау			
Тақырып 8.2.5. Өндіріс материалдарға арналған көрме қабырға стенді мен сөрелерді моделдеу (шыны, қағаз, пластик, және ағаш)			
Тақырып 8.2.6. Табиғи материалдарды пайдалана отырып, кітаптарға, смартфонға және ноутбуктерге арналған тіреуішті моделдеу			
Тақырып 8.2.7. Ерекше балаларды қалалық ортаға бейімдеу және тасымалдау үшін "Мәліметтер базасы мен ақпараттық желілерді құру" жобасын әзірлеу			
Тақырып 8.2.8. Қайта өңделген экологиялық материалдарды қолдана отырып саябақ пен алаңға арналған орындықтардың дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.9. Шағын сәулеттік композицияны жобалау			
Тақырып 8.2.10. Баламалы энергия көздерін пайдалана отырып, аялдама дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.11. Колледжге кіру алаңы			

мен демалыс аймағын дизайнын әзірлеу			
Тақырып 8.2.12. Автоматтандыру және процестерді басқару арқылы халыққа қызмет көрсету орталығының жобасын әзірлеу			
Тақырып 8.2.13. Супермаркет ғимаратында балаларға арналған ойын және демалыс аймағының жобасын әзірлеу			
Тақырып 8.2.14. Баламалы энергия көздерін қолдана отырып, киіз үй жобасын әзірлеу			
Тақырып 8.2.15. "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің рөлі	<p>1) Бейнелеудегі, адам өміріндегі және қызметінің әртүрлі салаларындағы ақпаратты берудегі бейнелеудің рөлін түсіндіру;</p> <p>2) графикалық бейнені орындаудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын практикада қолдану;</p> <p>3) компьютерлік графиканың түрлерін ажырату және оларды іс жүзінде қолдану.</p>	<p>1) "Графика", "карталар", "схема", "диаграмма", "сызбалар", "сызбалар" ұғымдарын айқындайды;</p> <p>2) "компьютерлік графика" ұғымын айқындайды, компьютерлік графиканың 4 түрін бөліп ажыратады;</p> <p>3) растрлық және векторлық графиканың ерекшелігін сондай-ақ кемшілігі мен ұқсастықтарын айқындайды;</p> <p>4) растрлық графикада, векторлық графикада, үш өлшемді графикада және фракталдық графикада мысалдар орындайды.</p>
			1) мақсаты бойынша және талаптарға сәйкес сызу құралдары мен жабдықтарын дұрыс пайдалана алады;

	<p>Ақпаратты визуализациялау құралдары</p>	<p>1) Графикалық жұмыстарды орындау кезінде сызу құралдарымен және құрылғылармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын көрсету; 2) 2D кескін жасауға арналған бағдарламалық жасақтаманы анықтау, векторлық және растрлық графиканың мүмкіндіктерін анықтау.</p>	<p>2) 2D объектілерін құру үшін графикалық редактордың құралдарымен және мүмкіндіктерімен жұмысты пайдаланады және орындалған практикалық жұмыстарды принтерге басып шығарады; 3) векторлық және растрлық графикадағы түс моделдерін талдайды және ажыратады; 4) 2D нысандарын құру үшін графикалық операцияларды қолданады.</p>
<p>Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары</p>	<p>Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер</p>	<p>1) Сызбаны стандарт бойынша ресімдеу және орындау ережелерін сақтау.</p>	<p>1) МЕСТ стандарттарын түрлері бойынша жіктейді; 2) "форматтар" және "масштабтар" ұғымдарын есте сақтайды және ажыратады; 3) тапсырма бойынша сызба сызықтарын сызады, оларды мақсаты бойынша анықтайды, практикалық жұмыстар кезінде дұрыс атайды және орындайды; 4) Б типті қаріпті сызу тәртібі мен ережесін, 750 көлбеулеп қаріптің Б түрін сыза біледі.</p>
		<p>1) Сызбаларда геометриялық</p>	<p>1) Циркульдің көмегімен кесіндіні екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 2) бұрыштарды циркульдің көмегімен екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 3) циркуль мен тікбұрышты бұрыштықтарды қолданып шеңберді екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 4) түйіндесуді сызады, түйіндесудің қоршаған кеңістікте, жиһазда,</p>

	Сызбадағы геометриялық құрылым	<p>құрылыстарды әртүрлі құралдармен орындау;</p> <p>2) әртүрлі сопақшаларды және қисық сызықтарды салу тәсілдерін көрсету;</p> <p>3) геометриялық құрылымдар жасап примитивтерді қолдану.</p>	<p>құрылыста, машина жасауда, киімде, тұрмыстық техникада, өнеркәсіпте қолдану мысалдарын анықтайды;</p> <p>3) примитивтерді қолданып, 2D нысандарды құрады;</p> <p>4) примитивтерді қолданып геометриялық сызбаны сызады;</p> <p>5) түйіндеме құруға арналған құжат-үлгіні қолданып, 2D нысандарды әзірлейді;</p> <p>6) 2D объектінің примитивтерін пайдаланып техника-ехнологиялық құжаттаманың құрылымы мен құжаттар тізімін құрады.</p>
	Проециялау әдістері	<p>1) Проекциялау әдістері мен тәсілдерін білу және түсіну;</p> <p>техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін сызбаны сызу барысында қолдану, анықтау.</p>	<p>1) Проециялаудың негізгі әдістерін (орталық проекциялау, аксонометриялық проекциялау, тікбұрышты проекциялау, сандық өлшемдік проекция) түсіндіреді;</p> <p>2) екі және үш проекция жазықтығында тікбұрышты проекцияны орындайды;</p> <p>3) нүктенің, кесіндінің, үшбұрыштың тікбұрышты проекциясын сызады;</p> <p>4) техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін графикалық жұмысты орындау барысында қолданады.</p>
			<p>1) "Аксонометрия", " аксонометриялық проекциялар", " изометрия", "диметрия", "триметрия" ұғымдарын түсіндіреді және анықтайды;</p>

	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құру	<p>1) Жазық геометриялық денелер мен көлемді пішіндердің (аксонометрия) бейнеленуін білу және түсіну;</p> <p>2) заттың берілген көріністеріне қарап аксонометриялық проекцияларын анықтау;</p> <p>3) аксонометриялық проекцияны сыза білу;</p> <p>4) техникалық сурет пен заттың нобайын сызудың ерекшеліктерін білу және анықтау;</p> <p>5) графикалық есептерді шешу;</p> <p>6) қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сыза білу.</p>	<p>2) кубтың, шеңбердің изометриясын және диметриясын сызады;</p> <p>3) заттың берілген көріністеріне сүйене отырып аксонометриялық проекциясын сызады;</p> <p>4) техникалық сурет пен нобайдың ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>5) нақты заттың нобайын сызады;</p> <p>6) қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сызады;</p> <p>7) 3D моделін құру үшін растрлық және векторлық графиканың мүмкіндіктерін анықтайды және тәжірибелік тапсырмаларды орындайды;</p> <p>8) қатты моделдеу операциялары негізінде 3D моделін құру бойынша практикалық жұмыстарды орындайды.</p>
Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау	Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу	<p>1) Нәрселердің геометриялық пішінінің қасиеттерін ескере отырып, өлшем кою туралы білімдерін және өлшемдерді түсіру шеберлігін көрсете білу;</p> <p>2) сызбада шартты белгілер және ықшамдауларды пайдаланып, проекциялау тәсілдері негізінде сызбаларды орындау;</p> <p>3) бұйымдардың геометриялық формаларын талдай отырып, сызбаларды оқу, сызу;</p> <p>4) 3D моделдердің визуалдау түрлері мен тәсілдерін таңдау, анықтау;</p>	<p>1) Заттардың геометриялық пішінін талдайды және сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>2) сызбадағы шартты белгілер және ықшамдауларды қолданып сызбаларды орындайды;</p> <p>3) МЕСТ бойынша сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>4) сызбаларды оқи алады және сыза алады;</p> <p>5) 3D моделдерді құру әдістерін таңдайды және талдайды;</p> <p>6) 3D моделінің текстурасы мен фактурасын анықтайды.</p>

		5) 3D моделдерін текстурасы мен фактурасын оқып үйрену.	
	Қима мен тіліктер	<p>1) Сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолданудың мақсатын білу;</p> <p>2) сызбада қималар мен тіліктерді орындау ережелерін біледі және қолдану;</p> <p>қималар мен тіліктерді орындаудың шарттылықтары мен ықшамдауларды қолдану;</p> <p>3) 2D нысанның қимасы мен тілігін орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау;</p> <p>4) 2D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі үрдістерін анықтау.</p>	<p>1) Тіліктердің барлық түрін анықтайды, сонымен қатар оның арналуын және сызбада сызылу жолдарын біледі;</p> <p>2) тіліктің графикалық рәсімделуін біледі;</p> <p>3) қарапайым және күрделі тіліктерді ажыратады;</p> <p>4) сызбада жергілікті және қиғаш тіліктерді анықтап сызады;</p> <p>5) жүргізілген және қабаттасқан қималарды анықтайды;</p> <p>6) сызбалар бойынша ресімдеу және белгілеу ережелерін біледі;</p> <p>7) қималар мен тіліктерді орындау кезінде шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданады;</p> <p>8) тәжірибелік жұмыста шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданып көрсетеді;</p> <p>9) 2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растырлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдайды;</p> <p>10) қималар мен тіліктерді орындау үшін көлемді моделдеу әдістерін анықтайды және тәжірибелік жұмыста қолданады.</p>
		1) Проекциялау әдістерін өзгерту арқылы	<p>1) "Қайта құру" түсінігіне анықтама береді және талдайды;</p> <p>2) кескіннің бөліктері арқылы объектінің кескінін қайта құрай алады;</p> <p>3) сөздік сипаттамаға сүйеніп объектінің</p>

Кескіндерді түрлендіру	Кескіндерді қайта құру	<p>заттардың сызбаларын орындау;</p> <p>2) кескіндердің түрі мен құрамын немесе масштабын өзгерте отырып, заттардың сызбаларын орындау;</p> <p>3) кескіндерді қайта құру әдістерін меңгереді және білу.</p>	<p>сызбасын немесе графикалық кескінін сызады;</p> <p>4) кескіннің түрі мен құрамын түрлендіруді орындайды (графикалық жұмыс);</p> <p>5) кескінді қайта құрып сызады(графикалық жұмыс);</p> <p>6) графикалық редакторда кескіннің түрі мен құрамын түрлендіріп сызады.</p>
Пішін қалыптастыру және құрылымдау	Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары	<p>1) Геометриялық денелерді және басқа да заттарды кескіндеудің негізгі заңдылықтары мен принциптерін меңгеру;</p> <p>2) әр түрлі беттердің пішінін қалыптастыру туралы білімі мен түсінігін көрсете білу.</p>	<p>1) Геометриялық денелерді кескіндеу заңдылықтары мен әдістерін түсінеді және анықтайды;</p> <p>2) "ұлғайту", "жою", "кезектестіру" тәсілдерін қолданып пішін құрастырады;</p> <p>3) пішінін өзгерте отырып, тіліктерді пайдаланып бөлшектің нобайын сызады.</p>
	Беттердің жазбасы	<p>1) Жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін білу және түсіну;</p> <p>2) қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сыза білу және орындау;</p> <p>3) жылжыту, айналдыру, кинематикалық тәсілді қолданып геометриялық денелер модельдерін салу ретіне сипаттама беру.</p>	<p>1) "Жазба" терминінің қолданылуын талдайды және анықтайды;</p> <p>2) қарапайым геометриялық денелердің жазбасын анықтайды және сызады;</p> <p>3) жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>4) электрлік, кондитерлік өнімдердің, косметикалық немесе ағаш, шыны, керамика, металл материалдарынан өнімдердің қаптамаларын жазбасын жүзеге асырады;</p> <p>5) компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызады.</p>

	Пішін құрылымдау	<p>1) Құрылымдау және жобалау, техникалық жобаны құру кезеңдері туралы бастапқы мәліметтерді алу.</p>	<p>1) "Құрылымдау" түсінігіне талдау жасайды; 2) берілген параметрлер бойынша заттың пішінін құрылымдап сызады; 3) жобаны біріктірудің техникалық кезеңдерін түсінеді және талдайды; 4) көрсетілген параметрлер бойынша нысанының құрылымдауын анықтайды.</p>
Нәрсенің пішінін түрлендіру	Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру	<p>1) Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып нәрсенің пішінін түрлендіру; 2) бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру.</p>	<p>1) Заттың кеңістіктегі орын өзгерту арқылы пішін түрлендіруді орындайды; 2) нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру арқылы пішінін өзгертеді; 3) бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістерін қолдану арқылы 3D модельді түрлендіруді орындайды; 4) бөлшектерді қою және басып шығару арқылы 3D моделді түрлендіруді графикалық түрде ұсынады.</p>
	Стандарттау	<p>1) Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгеру.</p>	<p>1) "Стандарттау", "өзара алмастыру", "біріктіру", "құрастыру сызбасы" жалпы ұғымдарын анықтайды; 2) "бұйым", "бөлшек", "құрастыру бірлігі", "жиынтық", "кешен" ұғымдарын талдайды және түсінеді; 3) "Тетік бөлшек", "құрастыру бірліктері" ұғымының өзара байланысы мен айырмашылығын талдайды; 4) бұйымның кескіндеріне талдау жасайды;</p>

			<p>5) тетіктің немесе құрастыру бірлігінің бейнесін анықтайды.</p>
	<p>Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.</p>	<p>1) Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер және оларды бейнелеу ережелерін білу ; 2) құрастыру сызбасын рәсімдеу және орындау ережелерін білу және орындау; 3) құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызылуын біледі және орындау; 4) жиынтық бірлігінің 3D моделін орындау.</p>	<p>1) құрастыру сызбалары туралы жалпы ақпарат береді; 2) ажырайтын және ажырамайтын біріктірулерді анықтайды ; 3) бұрандалы қосылымды , бұрамда профилінің пішіндерінің түрлерін, бұрамданың белгіленуін және бөлшектерін талдайды; 4) бұрандалы біріктірулерді сызады; 5) құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызбасын орындайды; 6) МЕСТ стандарты бойынша спецификацияны сызады; 7) құрастыру бірлігінің 3D моделін анықтайды және талдайды.</p>
<p>Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері</p>	<p>Сәулет-құрылыс графикасының элементтері</p>	<p>1) Сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын білу; 2) шартты белгілер арқылы қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу. 3) жалпы ережелер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып талдау .</p>	<p>1) Құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтерді, сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын анықтайды; 2) "бас жоспар", "жоспар", "қасбет" және "ғимарат тілігі", "құрылыс" сызбаларындағы шартты белгілер" ұғымдарын анықтайды; 3) азаматтық және өндіріс ғимараттарының құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды; 4) құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады; 5) құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды;</p>

			6) шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.
	Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар	1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды білу.	1) "Инфографика", "зерттеу", "эскиз", "бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді; 2) қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды; 3) инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді; 4) инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды; 5) эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.
	Жобалау әдістері	1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау.	1) "Жоба", "жобалау", "жобалау әдістері", "жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды; 2) жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу.	1) Графикалық құжаттарды, техникалық құжаттаманың құрамын және олардың ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2) шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды; 3) жобалық ұсыныстардың графикалық

			визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
Шығармашылық тапсырмалар	8.1 Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Алдыға қойылған мақсаты мен міндеттерін, жобалау кезеңдерін анықтау.	1) Жобалық іс- шараларға дайындықты анықтауға арналған тапсырмаларды анықтайды; 2) дағдылар тізбесін талдайды және анықтайды, тақырып пен бағытты таңдайды, сондай ақ осы жобаны топтық немесе жеке жүзеге асыруды таңдайды.
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	1) Техника/дизайн/ сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/ макеттеу) орындау.	1) Жобалық іс-әрекетті таңдайды мен жобалаудың маңыздылығын талдайды және анықтай алады; 2) киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасайды; 3) киригами техникасын қолдану арқылы сәулет нысанын орындайды; 4) өндіріс материалдарға арналған көрме қабырға стенді мен сөрелерді моделдеу (шыны, қағаз, пластик, және ағаш) моделдейді; 5) табиғи материалдарды пайдалана отырып, кітаптарға, смартфонға және ноутбуктерге арналған тіреуішті моделдейді; 6) ерекше балаларды қалалық ортаға бейімдеу және тасымалдау үшін " Мәліметтер базасы мен ақпараттық желілерді құру" жобасын әзірлейді; 7) қайта өңделген экологиялық материалдарды қолдана отырып саябақ пен алаңға арналған орындықтардың дизайнын әзірлейді; 8) баламалы энергия көздерін пайдалана

		отырып, аялдама дизайнын әзірлейді; 9) колледжге кіру алаңы мен демалыс аймағын дизайнын әзірлейді; 10) баламалы энергия көздерін қолдана отырып, киіз үй жобасын әзірлейді; 11) "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлейді.
--	--	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
56 - қосымша

Техника-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне жәрдемдесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, Физика дамуының қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етуге;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде проблемалық жағдайларды шешу үшін үйренген физикалық білімдерін пайдалануға игеруіне ықпал етуге;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы өнерге қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Бағдарламада зертханалық жұмыстарды жүргізуге оқу уақытының 10% дейін бөлінеді.

Бағдарламада материалды зерттеудегі сабақтастық, математика, биология, химия, география, тарихпен пәнаралық байланыс қарастырылған.

4. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

- 1) Механика;
- 2) Жылу физикасы;
- 3) Электр және магнетизм;
- 4) Тербелістер;
- 5) Толқындар;
- 6) Оптика;
- 7) Кванттық физика;
- 8) Нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) Космология.

1 бөлім. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Кинематика;
- 2) Динамика;
- 3) Статика және гидростатика
- 4) Сақталу заңдары;
- 5) Гидродинамика.

2 бөлім. "Молекулалық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Молекулалық физика;
- 2) Газ заңдары;
- 3) Термодинамика негіздері;
- 4) Сұйық және қатты денелер.

"Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Электростатика;
- 2) Тұрақты ток;
- 3) Өртүрлі ортадағы электр тогы.
- 4) Магнит өрісі;
- 5) Электромагниттік индукция.

3 бөлім. "Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Механикалық тербелістер;
- 2) Электромагниттік тербелістер;
- 3) Айнымалы ток.

4 бөлім. "Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Электромагниттік толқындар.

5 бөлім. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Толқындық оптика;
- 2) Геометриялық оптика.

6 бөлім. "Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Атомдық және кванттық физика;
- 2) Атом ядросының физикасы.

7 бөлім. "Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

- 1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс, қисық сызықты қозғалыс кинематикасы;

- 2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

- 3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері, қатынас ыдыстар; Паскаль заңы, атмосфералық қысым, Торричелли тәжірибесі.

- 4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары, серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

- 5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы, денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

- 6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары, термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар, қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың моделі, молекулакинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

- 7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс;

8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы, термодинамикалық жұмыс, жылу мөлшері, жылу сыйымдылық, термодинамиканың бірінші заңы, термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану, адиабаталық процесс, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары;

9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу, ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі, сұйықтың беттік керілуі, жұғу, қылтүіктік құбылыстар;

10) "Электростатика".

Электр заряды, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс, электр сыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы;

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы, ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы, электр тогының жұмысы мен қуаты, ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті, пайдаланылған энергия құны;

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштердегі электр тогы, жартылай өткізгішті құралдар, электролит ерітінділеріндегі электр тогы, электролиз заңы, газдардағы және вакуумдегі электр тогы;

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері, Ампер тәжірибесі, магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид;

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны, электромагниттік индукция, электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы;

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері;

"Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер;

"Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

16) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

17) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

18) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары, жазықпараллель пластинадан шағылу, толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар, оптикалық құралдар;

19) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлықтолқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография;

20) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

21) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелері және дамуы; наноматериалдар;

22) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; кара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; кара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2- тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабактар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Механика			
1.1 Кинематика	+	+	+
Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері. Салыстырмалы қозғалыс. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.			
№1 практикалық жұмыс. Траекторияның қисықтық радиусын анықтау, тангенциалды, центрге тартқыш және қисық қозғалыс кезінде дененің толық үдеуі №1 зертханалық жұмыс. Көлбеу ойық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау.			
1.2. Динамика	+	+	+
Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы. Гравитациялық өрістегі дененің қозғалысы.			
№2 зертханалық жұмыс. Бір-біріне бұрышпен бағытталған күштерді қосу.			
1.3. Статика және гидростатика.	+	+	+
Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері. Қатынас сосудтары. Паскаль заңын қолдану. Торичелли тәжірибесі. Атмосфералық қысым.			
1.4. Сақталу заңдары	+	+	+
Механикалық энергия мен импульстың сақталу заңдары. Серпімді және серпімді емес соққы.			

№ 2 практикалық жұмыс. Механикалық жұмыстың пайдалы әсер коэффициентін анықтау.			
1.5. Гидродинамика.	+	+	+
Сұйықтықтар мен газдардың ламинарлы және турбулентті ағымы; тұтқыр сұйықтықтағы дененің қозғалысы.			
№ 3 зертханалық жұмыс. Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын шардың қозғалысын зерттеу.			
2 бөлім. Жылу физикасы			
2.1. Молекулалық физика	+	+	+
Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар; қатты, сұйық және газ модельдері; термодинамикалық параметрлер; идеалды газ. Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі.			
2.2. Газ заңдары.	+	+	+
Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс.			
№3 практикалық жұмыс. Бөлмедегі ауа массасын анықтау. №4 зертханалық жұмыс. Газ заңдарын тексеру. №5 зертханалық жұмыс. Әмбебап газ тұрақтысын анықтау.			
2.3. Термодинамика негіздері	+	+	+
Термодинамиканың бірінші заңы; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы.			
№4 практикалық жұмыс. Судың жылу сыйымдылығын анықтау. №5 практикалық жұмыс. Жылу қозғалтқыштары.			
2.4. Сұйық және қатты денелер	+	+	+
Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; заттың критикалық күйі. Беттік керілу; сулану; капиллярлық құбылыстар; шық нүктесі.			
№6 практикалық жұмыс. Серіппенің қаттылығын анықтау.			
3 бөлім. Электр және магнетизм			
3.1. Электростатика	+	+	+
Электр өрісінің кернеулігі; потенциал; электр өрісінің потенциалдар айырмасы.			

Электр сыйымдылығы; электр өрісінің энергиясы.			
№7 практикалық жұмыс. Біріктірілген қосылған конденсаторлар тізбегінің эквивалентті сыйымдылығын есептеу және Electronic Workbench 5.12 (EWB) бағдарламасында сынау.			
3.2. Тұрақты электр тогы	+	+	+
Электр тогы. Электр қозғаушы күш және ток көзінің ішкі кедергісі. Толық тізбек үшін Ом заңы; электр тогының жұмысы мен қуаты; ток көзінің пайдалы әсер ету коэффициенті; тұтынылатын ток құны.			
№8 практикалық жұмыс. Тұрмыстық техниканың жұмыс құны мен қуатын есептеу. №9 практикалық жұмыс. Сымның кедергісін анықтау. №10 практикалық жұмыс. Күрделі резистивті тізбектің толық кедергісін есептеу және тізбектегі кедергі мәндерін мультиметрмен өлшеу. №11 практикалық жұмыс. Резистивті тізбектердегі электр шамаларын (R, U, I) есептеу және өлшеу. №6 зертханалық жұмыс. Тұрақты ток көздерінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау. Толық тізбек үшін Ом заңы. №7 зертханалық жұмыс. Өткізгіштердің аралас қосылу заңдылықтарын зерттеу.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тогы	+	+	+
Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; электролиттердің ерітінділері мен балқымаларындағы электр тогы; электролиз заңдары; газдардағы электр тогы; вакуумдағы электр тогы.			
№8 зертханалық жұмыс. Электролиттердегі токтың пайда болу жағдайын зерттеу. №9 зертханалық жұмыс. Бір валентті ионның электр зарядын өлшеу. Электролиттердің электр өткізгіштігі. Электролиз заңы. №10 зертханалық жұмыс. Қыздыру шамы, резистор және жартылай өткізгіш диодтың вольтампер сипаттамасы.			
3.4. Магнит өрісі	+	+	+

Магнит өрісі; өткізгіштердің токпен өзара әрекеттесуі; Ампер тәжірибелері; магниттік индукция векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; сол қол ережесі; магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектің қозғалысы; заттың магниттік қасиеттері.			
№ 12 практикалық жұмыс. Сол қол ережесін қолдану			
3.5. Электромагниттік индукция	+	+	+
Магнит ағыны; электромагниттік индукция құбылысы; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты ток генераторы.			
4 бөлім. Тербелістер			
4.1. Механикалық тербелістер	+	+	+
Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.			
№13 практикалық жұмыс. Математикалық маятник арқылы дененің еркін түсу үдеуін анықтау.			
4.2. Электромагниттік тербелістер	+	+	+
Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер.			
4.3. Айнымалы ток	+	+	+
Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; электр тізбегіндегі кернеулердің резонансы; электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор; Қазақстанда және әлемде электр энергиясын өндіру және пайдалану.			
№14 практикалық жұмыс. Айнымалы ток үшін R, L, C элементтерін тізбектей қосқанда толық кернеуді есептеу және векторлық диаграмма құру №15 практикалық жұмыс. Айнымалы ток үшін R, L, C элементтерінің параллель қосылуында толық кернеуді есептеу және векторлық диаграмма құру №16 зертханалық жұмыс. Трансформатор орамаларындағы орам санын анықтау. №17 зертханалық жұмыс. Сыйымдылық кедергісінің айнымалы ток жиілігіне және конденсатордың сыйымдылығына тәуелділігін зерттеу. № 18 зертханалық жұмыс. Индуктивті кедергілер, олардың айнымалы ток жиілігіне және катушканың индуктивтілігіне тәуелділігі.			

№19 зертханалық жұмыс. Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс құбылысын зерттеу				
5 бөлім. Толқындар				
5.1. Электромагниттік толқындар		+	+	+
Электромагниттік толқындарды сәулелендіру және қабылдау; аналогтық-цифрлық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары.				
№20 зертханалық жұмыс. Ауадағы дыбыс жылдамдығын анықтау.				
6 бөлім. Оптика				
6.1. Толқындық оптика		+	+	+
20	Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы. Дифракциялық торлар. Жарықтың поляризациясы.			
	№21 зертханалық жұмыс. Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау.			
	№22 зертханалық жұмыс. Жарықтың поляризациясын бақылау. №23 зертханалық жұмыс. Интерференция, дифракция және жарықтың поляризациясын бақылау.			
6.2. Геометриялық оптика		+	+	+
	Оптиканың геометриялық заңдары; жазық параллель пластинадағы сыну; толық ішкі шағылысу; оптикалық құралдар.			
	№24 зертханалық жұмыс: Шынының			

21	сыну көрсеткішін анықтау.			
7 бөлім. Кванттық физика				
7.1. Атомдық және кванттық физика		+	+	+
22	Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулелену түрлері; спектрлер; спектрлік аппараттар; спектрлік талдау; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффект қолдану; Жарық қысымы; жарықтың химиялық әрекеті; лазерлер; голография; фотография, томография.			
	№16 практикалық жұмыс. Электромагниттік сәулеленуден қорғау құралдарын есептеу №17 практикалық жұмыс. Фотоэлектронның жылдамдығын анықтау. №25 зертханалық жұмыс. Үздіксіз және сызықтық сәулелену спектрлерін бақылау			
7. 2. Атом ядросының физикасы		+	+	+
	Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атом ядросы; ядролық			

23	<p>реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакциялар ; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар.</p>			
	<p>№7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периоды анықтау". № 18 практикалық жұмыс. Ядроға нуклондардың байланыс энергиясын есептеу. № 26 ж жұмыс. Жартылай ыдырау периоды анықтау № 27 зертханалық жұмыс. Дайын фотосуреттерден зарядталған бөлшектердің траекторияларын зерттеу</p>			
8 бөлім. Нанотехнология және наноматериалдар				
8.1. Нанотехнология және наноматериалдар		+	+	+
24	<p>Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, наноматериалдарды дамытудың өзекті мәселелері және даму кезеңдері.</p>			
9 бөлім. Космология				
9.1. Космология		+	+	+
	<p>Жұлдыздар әлемі; жұлдыздарға дейінгі қашықтық; айналымы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа галактикалардың</p>			

25	ашылуы квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; ғаламның кеңеюі; ғалам эволюциясының негізгі кезеңдері; ғаламның модельдері; ғаламдағы өмір мен ақыл; нейтрондық жұлдыздар.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			

3-тарау. Оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Механика	Кинематика.	1) Есептерді шешуде кинематикалық теңдеулерді қолдану, қозғалыс графиктерін талдау; 2) күнделікті өмірден жылдамдықтар мен қозғалыстарды қосудың классикалық заңының мысалдар келтіру;	1) есептерді шешуде кинематикалық теңдеулерді қолданады және қозғалыс графиктерін талдайды, сондай-ақ қисық сызықты қозғалысты сипаттайтын шамаларды анықтайды.
	Динамика	1) Ньютон заңдарын меңгеру және нәтиже күшін анықтау; 2) бүкіләлемдік тартылыс заңын түсіндіру және ғарыш аппараттарының қозғалысын сипаттау;	1) Ньютон заңдарының мазмұнын ашады, нәтиже күшін анықтайды; 2) дененің көлденең және тігінен бұрышпен лақтырылған қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгеруін сипаттайды.
	Статика және гидростатика	1) абсолютті қатты дененің масса центрін анықтаңыз және тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін түсіндіріңіз; 2) Паскаль заңын сипаттау	1) тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін және Паскаль заңының қолданылуын біледі.
	Сақтау заңдары	1) кез-келген мөлшердегі жабық жүйенің денелері үшін импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдылықтарын түсіндіру	1) Импульс пен энергияны сақтау

		: микроәлем бөлшектері үшін де, ғарыштық денелер үшін де.	заңдарын есептерді шығаруда қолданады.
	Гидродинамика	1) күштердің әсерінен материалдық денелердің тепе-теңдік шарттарын және сұйықтар мен газдардың қозғалысын түсіну; 2) сұйықтар мен газдардың қозғалысын, олардың қабаттары мен сығылу арасындағы ішкі үйкелістің болуымен байланысты сипаттау; 3) тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын (тұрақты) физикалық шамаларды анықтау және өлшеулердің дәлдігін ескеру;	1) Сұйықтар мен газдардың ламинарлы, турбулентті ағындарын түсіндіреді және сипаттайды; 2) эксперимент нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтайды және оны жақсарту жолдарын ұсынады.
Жылу физикасы	Молекулалық физика	1) газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негіздерін түсіну; 2) молекулалық-кинетикалық теорияға негізделген қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың модельдерін сипаттау;	1) молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі ережелерін және идеалды газ моделін сипаттайды; 2) әртүрлі қатты денелер мысалында кристалды және аморфты денелердің құрылымдарын ажыратады.
	Газ заңдары	1) термодинамикалық параметрлерді өзара байланыстыратын теңдеуді сипаттау; 2) газ заңдарының графиктерін ажырату.	1) Бойль-Мариотт, Гей-Люссак заңдарын, Чарльз Заңын түсіндіреді және осы заңдарды есептерді шешуде қолданады.
	Термодинамика негіздері	1) механикалық және ішкі энергиялардың өзара түрленуіне және ішкі энергияның бір денеден екінші денеге берілуіне байланысты құбылыстарды түсіндіру.	1) термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мағынасын сипаттайды.
	Сұйық және қатты заттар	1) Сұйықтықтар мен газдардың механикалық қасиеттерін, олардың қозғалысын және олардағы қатты денелердің қозғалысын түсіндіру;	1) ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау; 2) беттік керілудің табиғатын және капиллярлық құбылыстың күнделікті өмірдегі рөлін түсіндіру.

	Электростатика	Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру.	1) есептерді шығаруда: - тізбек учаскесі, толық тізбек үшін Ом заңын, - тармақталған электр тізбектеріне қатысты Кирхгоф заңдарын, - жұмыс және қуат формулаларын қолданады; 2) өткізгіштердің электр қосылыстары мен ЭҚК мен көз кернеуі арасындағы байланысты білетіндігін көрсетеді.
	Тұрақты электр тогы	1) Тұрақты электр тогы табиғатын түсіну және оның негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу, 2) тұрақты тоқты қарапайым электр тізбектерінде есептей білу; 3) өткізгіштердің электр қосылыстары мен ЭҚК мен көз кернеуі арасындағы байланысты білу.	1) есептерді шығаруда: - тізбек учаскесі, толық тізбек үшін Ом заңын, - тармақталған электр тізбектеріне қатысты Кирхгоф заңдарын, - жұмыс және қуат формулаларын қолданады; 2) тұрмыстық құралдардың жұмыс құны мен қуатының практикалық есептеулерін жүргізу
Электр және магнетизм	Өртүрлі ортадағы электр тогы	1) Өр түрлі ортада электр тогының пайда болу мәнін және олардың практикалық қолданылуын білу.	1. Металдарда, жартылай өткізгіштерде, электролиттерде, газдарда және вакуумда электр тогының пайда болу принципін сипаттайды; 2) кедергінің металдағы және жартылай өткізгіштегі температураға тәуелділігін талдайды, резистордың вольт-амперлік сипаттамасын зерттей алады.
	Магнит өрісі	1) Магнит өрісі құбылысының мәнін түсіну және оны қолданылу аясын және	1) өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шаманы анықтайды және сол қол ережесін қолданады; 2) магнит өрісінің қозғалатын зарядталған бөлшектерге және ток өткізгішке әсерін сипаттайды;

		<p>әрекет ету принципін білу.</p>	<p>3) электр өлшеу құралдары мен электр қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципін түсіндіреді, заттардың магниттік қасиеттерін біледі.</p>
	Электромагниттік индукция	<p>1. Электромагниттік индукция құбылысының мәнін және оның заңдарының мәнін білу, электромагниттік құрылғылардың жұмыс принципін түсіну.</p>	<p>1) Есептерді шешуде электромагниттік индукция заңын қолданады; 2) қарапайым электр қозғалтқышының жұмыс принципін біледі; 3) механикалық және электр энергиясының ұқсастығын жүргізеді.</p>
Тербелістер	Механикалық тербелістер	<p>1) механикалық қозғалысты сипаттайтын физикалық шаманың мерзімді өзгерістерін түсіндіру; 2) гармоникалық тербелістер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.</p>	<p>1) гармоникалық тербелістерді ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) эксперименттік, аналитикалық және графикалық түрдесипаттайды.</p>
	Электромагниттік тербелістер	<p>1) Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістердің пайда болу жағдайларын сипаттау және механикалық және электромагниттік тербелістер арасында ұқсастықтарды құрастыру</p>	<p>1) еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын біледі.</p>
	Айнымалы ток	<p>1) Айнымалы электр тогының табиғатын білу; 2) генератор мен трансформатордың жұмыс принципін түсіну; 3) белсенді және реактивті жүктемелерді</p>	<p>1) Генератор мен трансформатордың жұмыс принциптерін зерттейді. 2) период, жиілік, кернеудің максималды және тиімді / тиімді мәндері, ток күші және электр қозғаушы күш сияқты физикалық шамаларды қолдана отырып, айнымалы токты синусоидалы функция ретінде сипаттайды; 3) белсенді және реактивті кедергісі бар</p>

		сипаттау және резонанс жағдайын түсіндіру.	тізбекті электр тізбегін есептейді. 4) электр энергиясын беру кезінде жоғары вольтты айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын көрсетеді.
Толқындар	Электромагниттік толқындар	1) жоғары жиілікті тербеліс көзінің электромагниттік толқындар арқылы қабылдағышпен сымсыз байланысымен қамтамасыз етілетін радиотехниканың негіздерін білу.	1) электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды; 2) аналогтық сигналмен салыстырғанда цифрлық форматта сигнал берудің артықшылықтарын сипаттайды.
Оптика	Толқындық оптика	1) Оптикалық құбылыстардың табиғатын интерференция, дифракция, поляризация, дисперсия ретінде сипаттау.	1) Жарық жылдамдығын анықтау әдістерін түсіндіреді 2) жарық толқындарының интерференциясы мен дифракциясын бақылау үшін қажетті шарттарды сипаттайды, 3) жарықтың поляризациясын эксперименталды түрде зерттейді
	Геометриялық оптика	1) Мөлдір ортада жарық энергиясының таралу заңдылықтарын біледі және линзалар жүйесіндегі сәулелерді түсіндіреді.	1) Жарықтың шағылысу және сыну заңдылықтарын біледі; 2) жарық сигналдарын беру кезінде талшықты-оптикалық технологияның артықшылықтарын түсіндіреді.
	Атомдық және кванттық физика	1) Спектрлік талдау әдісін және оны қолдану саласын сипаттау; 2) фотосинтез және фотосуреттегі процестер мысалында жарықтың химиялық әсерін сипаттау	1) Электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатын дәлелдейтін мысалдар келтіреді. 2) электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажыратады.

Кванттық физика			3) техникада инфрақызыл сәулеленудің қолданылуын көрсетеді;
	Атом ядросының физикасы	1) Радиоактивті ыдырау құбылыстарын (a, b және g) және жартылай ыдырау кезеңінің терминін түсіндіру; 2) иондаушы әсер және ену қабілетінің; радиоактивті сәулеленудің сипатын түсіндіру.	1) Графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтайды; 2) радиоактивті материалдарды өңдеу, қолдану, сақтау және қауіпсіздік техникасын сипаттайды
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология және наноматериалдар.	Нанотехнологияның негізгі жетістікерін білу.	Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды және қолданылуын атайды.
Космология	Космология	Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын білу.	1) Жұлдызды аспан мен негізгі қағидаларды жұлдыздар бойынша бағдарлауды сипаттайды, 2)Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
57-қосымша

Техника – технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Техника-технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсының мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;

5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;

7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 5 бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Техника-технологиялық бағыттың арнайы құрамы".

1 бөлім. "Жаһандық құзыреттілік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не.
- 2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) Жаһандық құзыреттілікті қолдану.
- 4) Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары.

2 бөлім. "Қаржылық сауаттылық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жеке қаржыдағы кірістер.
- 2) Жеке қаржыдағы шығыстар.
- 3) Отбасылық бюджет.
- 4) Жинақ және жинақтау.

3 бөлім. "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

- 1) Қарым-қатынас мәдениеті.
- 2) Қақтығыстар. Түсінік. Түрлері. Шешу жолдары.
- 3) Әлеуметтік мәселелер.
- 4) Экологиялық қақтығыстар.

5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

4 бөлім. "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.
- 4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

5 бөлім. "Техника-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.
- 2) Еңбекті бағалау әдістері мен формалары.
- 3) АТ жүйелерімен жұмыс.
- 4) Жобалар мен процестерді басқару.
- 5) Менеджердің әлеуметтік жауапкершілігі және этикасы.
5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен Ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.

2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен қоғамдастық арасындағы серіктестік; алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлқ дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.

4) "Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.

5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.

6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.

7) "Отбасылық бюджет". Отбасылық бюджеттің кірістері; отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары; отбасылық бюджеттің міндетті емес шығыстары; отбасылық бюджеттің түрлері; отбасылық бюджетті жүргізу ережелері.

8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.

9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыпайылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.

10) "Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғашылық қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; аландаушылық деңгейін төмендету.

11) "Әлеуметтік проблемалар". Қоғамның әлеуметтік мәселелері; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, қамту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және тағы басқалар); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік мәселелері және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.

12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері; экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.

13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы. Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.

14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация" . Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) "Техника-технологиялық бағыттың арнайы құрамы". Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік. Еңбекті бағалау әдістері мен формалары. Тұтынушылар мен тұтынушылардың қанағаттануын талдау. Клиенттермен және жабдықты жеткізушілермен келіссөздер. Қызметкерлердің жұмысын бағалау. АТ жүйелерімен жұмыс. Жобалар мен процестерді басқару. Жобалар бойынша коммуникациялар үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Әлеуметтік жауапкершілік.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту..

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Жаһандық құзыреттілік			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	+	+	+
Тақырып 1.1.1.Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не			

Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану			
Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары			
2 бөлім. Қаржылық сауаттылық			
2.1. Жеке қаржыдағы кірістер	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс			
Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс			
Тақырып 2.1.3 Жеке табысты арттыру жолдары			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы			
2.2. Жеке қаржы шығындары	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу			
Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы)			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады			
2.3. Отбасылық бюджет	+	+	+

Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығындары			
Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары			
Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары			
Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері			
2.4. Жинақ және жинақтау	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы			
Тақырып 2.4.2. Жинақтарды құру жолдары			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтары: банкте, жылжымайтын мүлікте			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржы пирамидасы			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар. Қаржылық тәуекелдердің түрлері			
3 бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу			
3.1 Мәселелер түрі	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті			

Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары			
Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік мәселелер			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қақтығыстар			
Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы			
4 бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті			
5 бөлім. Техника-технологиялық бағыттың мамандандырылған құрамы			
5 . 1 Техника-технологиялық бағыттың арнайы құрамы	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Мамандықтағы жаһандық құзыреттіліктер			
Тақырып 5.1.2. Еңбекті бағалау түрлері мен формалары			
Тақырып 5.1.3. АТ- жүйелерімен жұмыс			
Тақырып 5.1.4. Жобалар мен үрдістерді басқару			
Тақырып 5.1.5. Менеджердің әлеуметтік			

жауапкершілігі мен этикасы			
----------------------------	--	--	--

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	1) жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну; 2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.
		1) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржыдағы кірістер	1) белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіруге міндетті.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
	Жеке қаржы шығындары	1) қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1) несиелендіру мәселесін түсінеді және қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) отбасы бюджетінің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі; 3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
		1) эмпатия мен ынтымақтастық	1) басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы

Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу	Мәселелердің түрлері	қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	бар проблемаларды талдайды.
		2) жанжалдардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Жанжалды шешу алгоритмін құрайды; 2) Медиация негіздерін және жанжалдарды шешу тәсілдерін біледі.
		3) аналитикалық және сыни ойлауды және жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік мәселелерді бағалау дағдысын қалыптастыру.	1) әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар мен бастамаларды бағалайды.
		1) зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру экологиялық мәселелер бойынша дәлелдемелер	1) жергілікті және жаһандық деңгейде экологиялық қақтығыстарды шешу жолдарын ұсынады.
Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	1) азаматтық ұстанымын көрсете алады, өз көзқарасын қорғай алады.	1) әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.
		1) қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) жаһандық мәселелер мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды в обществе.
		1) мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
		1) техника-технологиялық бағыт бойынша	1) бағыт бойынша жаһандық құзыреттердің қалыптасу матрицаларын әзірлейді;

	Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік	жаһандық құзыреттерді сипаттауға міндетті.	2) техника-технологиялық бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді қолдану мүмкіндіктерін айқындайды.
Техника-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті	Еңбекті бағалау әдістері мен формалары	1) кәсіби мансапты тиімді дамыту үшін техника-технологиялық бағыт бойынша еңбекті бағалау әдістері мен нысандарын талдау	Бағыт бойынша персонал жұмысының тиімділігін бағалау критерийлері
	АТ- жүйелермен жұмыс	1) Компания бизнесін даму бағыттарын түсіну	1) оларды автоматтандыру үшін бизнес-процестерді ұсына алады; 2) ақпараттық жүйені таңдауды жүзеге асырады; 3) оны қолдану арқылы әсерді анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
58-қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Математика" пәнін оқытудың мақсаты - жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің озық дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуын, білім беруді жалғастырудың сабақтас пәндерін зерделеу үшін көркемдік-технологиялық бағыттың практикалық және кәсіби қызметінде қолдану үшін қажетті математикалық білімді меңгеру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) математика негіздерін сапалы меңгеру, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, әртүрлі контексттердегі есептерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеуге ықпал жасау;

3) есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдер жасауға және керісінше нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтау үшін білім алушылардың логикалық және сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты беру, сондай-ақ жариялымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалану қабілетін дамыту;

6) өз бетінше жұмыс істеу үшін де, командада жұмыс істеу үшін де қажет болатын тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция.

2) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.

3) "Кері тригонометриялық функциялар". Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер". Тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулерді және олардың жүйелерін шешу әдістері. Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу.

5) "Ықтималдық". Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолданылуы. Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) жуықтап есептеулер үшін қолдану. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері.

6) "Функцияның шегі және үзіліссіздік". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары. Сан тізбегінің шегі. Шектерді табу.

7) "Туынды". Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері. Күрделі функцияның туындысы. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Графикке жүргізілген жанаманың тендеуі.

8) "Туындыны қолдану". Функцияның өсу және кему шарттары. Функцияның экстремум нүктелері. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.

9) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері.

10) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері. Анықталған интеграл. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Геометриялық және физикалық есептерді шығаруда анықталған интегралды қолдану.

11) "Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция". n -ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функцияның туындысы және интегралы.

12) "Иррационал тендеулер мен теңсіздіктер". Иррационал тендеулер және олардың жүйелері. Иррационал теңсіздіктер.

13) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы және интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы.

14) "Көрсеткіштік және логарифмдік тендеулер мен теңсіздіктер". Көрсеткіштік тендеулер және олардың жүйелері. Көрсеткіштік теңсіздіктер. Логарифмдік тендеулер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңсіздіктер.

15) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және аралық вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдама бойынша бағалау.

16) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.

17) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі

қашықтық. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональды проекциясы және оның ауданы.

18) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Вектордың үш компланарлы емес векторларға жіктелуі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.

19) "Кеңістіктегі түзу және жазықтықтың теңдеуі". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық. Екі түзу арасындағы бұрышты, кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу.

20) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Дұрыс көпжақтар ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призмалар. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамида бетінің ауданы. Дұрыс көпжақтар. Дұрыс көпжақты жазықтықпен қию.

21) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің толық және бүйір бетінің ауданы. Конус және оның элементтері. Конустың бүйір және толық бетінің ауданы. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.

22) "Денелердің көлемі". Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі. Пирамида мен қиық пирамиданың көлемі. Цилиндрдің көлемі. Конус пен қиық конустың көлемі. Шар және оның бөліктерінің көлемі. Кеңістіктіктегі фигуралардың ұқсастығы. Геометриялық денелердің комбинациясы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге

байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-144 сағатты (4-6 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және тақырыптардың атаулары	Барлығы	Сағат саны	
		Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Функция, оның қасиеттері және графиктері.			
1.1. Функция және оның қасиеттері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру.			
Тақырып 1.1.2. Функцияның қасиеттері.			
1.2. Функцияның түрлері.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Кері функция ұғымы.			
Тақырып 1.2.2. Күрделі функция.			
2 бөлім. Тригонометриялық функциялар.			
2.1. Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Музыкадағы кезенділік.			
Тақырып 2.1.2. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.			
2.2. Кері тригонометриялық			

функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс.			
Тақырып 2.2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
2.3. Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Қарапайым тригонометриялық теңдеулер.			
Тақырып 2.3.2. Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
2.4. Тригонометриялық теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу.			
3 бөлім. Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция.			
3.1. Дәреже мен түбірлер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Иррационал өрнектерді түрлендіру.			
Тақырып 3.1.2. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.			
3.2. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.			

4. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер.			
4.1. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері.			
Тақырып 4.1.2. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
4.2. Иррационал теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Иррационал теңсіздіктер және оларды шешу әдістері.			
5-бөлім. Көрсеткіштік және логарифмдік функция.			
5.1. Көрсеткіштік функция.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі.			
5.2. Логарифмдік функция.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Музыкадағы логарифмдер			
Тақырып 5.2.2. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Музыкадағы логарифмдік спираль.			
6 бөлім. Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер			
6.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері. Математикалық модельді			

сипаттайтын қолданбалы жобаларда қолданылатын теңдеулер жүйесі.			
Тақырып 6.1.2. Көрсеткіштік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			
6.2. Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Логарифмдік теңдеулер мен жүйелері.			
Тақырып 6.2.2. Логарифмдік теңсіздіктер мен жүйелері.			
7 бөлім. Функцияның шегі және үзіліссіздік.			
7.1. Функцияның шегі.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі.			
Тақырып 7.1.2. Шектерді табу.			
7.2. Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары.			
Тақырып 7.2.2. Сан тізбегінің шегі.			
8 бөлім. Туынды және оның қолданылуы.			
8.1. Туынды	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері.			
Тақырып 8.1.2. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функцияның туындысы.			
Тақырып 8.1.3. Күрделі функцияның туындысы.			

Тақырып 8.1.4. Тригонометриялық функциялардың туындылары.			
Тақырып 8.1.5. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың туындылары.			
Тақырып 8.1.6. Көркемөнер-технологиял ық бағыт бойынша туынды тақырыптағы мәселелерді шешу.			
8.2.Туындыны қолдану.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Функцияның өсу және кему шарттары. Экстремум нүктелері.			
Тақырып 8.2.2. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу.			
Тақырып 8.2.3. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері. Функцияның ең үлкен (минималды) мәндерін табу үшін қолданбалы есептерді шешу.			
9 бөлім. Алғашқы функция және интеграл. Анықталмаған интеграл.			
9.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері.			
Тақырып 9.1.2. Элементар функциялардың интегралы.			
9.2. Анықталған интеграл .	+	+	+
Тақырып 9.2.1. Қисық сызықты трапеция және			

оның ауданы. Анықталған интеграл.			
9.3. Геометриялық және физикалық есептерді шешуде анықталған интегралды қолдану.	+	+	+
Тақырып 9.3.1. Анықталған интегралдың көмегімен жазық фигуралардың аудандарын есептеу. Студенттер саны бойынша кабинеттердің ауданын есептеу.			
Тақырып 9.3.2. Анықталған интегралдың көмегімен айналу денелерінің көлемін есептеу.			
10 бөлім. Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы .			
10.1. Ықтималдық.	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Комбинаторика элементтері және о л а р д ы ң ықтималдықтарды табуға қолдану.			
Тақырып 10.1.2. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері. Ықтималдық әдістерін қолдана отырып, практикалық есептерді шешу.			
10.2. Математикалық статистика элементтері	+	+	+
Тақырып 10.2.1. Бас жиын және таңдама. Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау.			

Тақырып 10.2.2. Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың таралу түрлері.			
11 бөлім. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы.	+	+	+
11.1. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы. Өнердегі параллельдік ұғымы.			
Тақырып 11.1.2. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы			
Тақырып 11.1.3. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.			
11.2. Кеңістіктегі бұрыштар.	+	+	+
Тақырып 11.2.1. Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу. Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы.			
Тақырып 11.2.2. Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Үш перпендикуляр туралы теорема.			
Тақырып 11.2.3. Екі жазықтықтың арасындағы бұрыш. Екі			

жақты бұрыш. Кеңістіктегі қашықтық.			
Тақырып 11.2.4. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональ проекциясы және оның ауданы.			
12 бөлім. Тікбұрышты координаталар жүйесі және кеңістіктегі векторлар.			
12.1. Кеңістіктегі векторлар	+	+	+
Тақырып 12.1.1. Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар мен компланар векторлар.			
12.2. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі.	+	+	+
Тақырып 12.2.1. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту.			
Тақырып 12.2.2. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі. Вектордың ұзындығы. Вектордың компланар емес үш векторға жіктелуі.			
Тақырып 12.2.3. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары.			
Тақырып 12.2.4. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.			
13 бөлім. Көпжақтар және айналу денелері.			
13.1. Көпжақтар.	+	+	+

Тақырып 13.1.1. Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Көпжақтар туралы ұғым. Дұрыс көпжақтар. Өнердегі көпжақтар. Көркем және технологиялық процесте дұрыс көп жақтады қолдану. Көпжақтардың жазықтықпен көлденең қимасы.			
13.2. Призма және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 13.2.1. Призма, тікбұрышты параллелепипед және олардың қасиеттері. Куб.			
Тақырып 13.2.2. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы.			
13.3. Пирамида және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 13.1.1. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Египет пирамидалары.			
Тақырып 13.3.2. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы.			
14. Айналу денелері және олардың элементтері.			
14.1. Цилиндр және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 14.1.1. Цилиндр және оның элементтері. Цилиндр бетінің ауданы. Архитектура және өнерде цилиндр мен оның элементтерін қолдану.			
14.2. Конус және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 14.2.1. Конус және оның элементтері. Конус бетінің ауданы. Архитектура және өнерде			

конус және оның элементтерін қолдану.			
Тақырып 14.2.2. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конус бетінің ауданы.			
14.3. Сфера, шар және олардың элементтері.	+	+	+
Тақырып 14.3.1. Сфера, шар және олардың элементтері. Көркемдік-технологиялық процестегі шар мен сфераның элементтері. Сфераның бетінің ауданы.			
Тақырып 14.3.2. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Жазықтықтағы айналу денелерінің қималары.			
15.1. Дене көлемі.			
15.1. Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Көпжақтардың көлемі.	+	+	+
Тақырып 15.1.1. Дененің көлемі. Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі.			
Тақырып 15.1.2. Пирамиданың көлемі. Қиық пирамиданың көлемі.			
15.2. Айналу денелерінің көлемі	+	+	+
Тақырып 15.2.1. Цилиндрдің көлемі.			
Тақырып 15.2.2. Конустың көлемі. Қиық конустың көлемі.			
Тақырып 15.2.3. Шар және оның бөліктерінің көлемі.			
Тақырып 15.2.4. Архитектурада қолданылатын көпжақтар және айналу денелері. Фигуралардың ұқсастығы			

Геометриялық денелердің комбинациясы.			
---------------------------------------	--	--	--

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Функция түрлері	Функция, оның қасиеттері және графигі	<p>1) График құру және функцияларды зерттеу дағдыларын пысықтау үшін ұғымды, функция түрлерін сипаттау;</p> <p>2) аналитикалық анықтамаға және графикалық кескінге негізделген функциялардың қасиеттерін ашу.</p>	<p>1) Функцияның анықтамасын түсіндіреді;</p> <p>2) тапсырма тәсілдері мен функция түрлерін ажыратады;</p> <p>3) берілген функциялар үшін түрлендірулерді орындайды;</p> <p>4) функцияның қасиеттерін сипаттайды;</p> <p>5) функцияның анықталу облысы мен мәндер облысын табады.</p>
		<p>1) $f(G(x))$ күрделі функциясын тану);</p> <p>2) өзара кері функциялардың графиктері салыстыру.</p>	<p>1) Күрделі функция формуласының мазмұнын түсіндіреді;</p> <p>2) функциялардың құрамын құрайды;</p> <p>3) кері функцияны анықтау ретін түсіндіреді.</p>
	Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері	<p>1) Тригонометриялық функцияларды түсіндіру;</p> <p>2) тригонометриялық функциялардың графиктері бойынша қасиеттерді оқу.</p>	<p>1) Тригонометриялық функцияларды анықтайды;</p> <p>2) тригонометриялық функциялардың қасиеттерін түсіндіреді;</p> <p>3) графиктер салады және график бойынша тригонометриялық функциялардың қасиеттерін сипаттайды;</p> <p>4) тригонометриялық функциялары бар өрнектерді түрлендіруді орындайды.</p>
		<p>1) Кері тригонометриялық функцияларды түсіндіру;</p>	<p>1) Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс мәндерін анықтайды;</p> <p>2) кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін түсіндіреді;</p> <p>3) графиктерді салады және график бойынша</p>

Тригонометриялық функциялар	Кері тригонометриялық функциялар	2) кері тригонометриялық функциялардың графиктері бойынша қасиеттерді оқу.	кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін сипаттайды; 4) кері тригонометриялық функциялары бар өрнектерді түрлендіруді орындайды.
	Тригонометриялық теңдеулер	1) Тригонометриялық теңдеулерді шешу; 2) тригонометриялық жүйелерді шешу.	1) Тригонометриялық теңдеулерді шешуге арналған формулаларды атайды; 2) есептерді шешуде қарапайым тригонометриялық теңдеулердің негізгі формулаларын қолданады; 3) тригонометриялық теңдеулердің түрлерін атайды; 4) тригонометриялық теңдеулер мен олардың жүйелерінің шешімін табады.
	Тригонометриялық теңсіздіктер	1) Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу; 2) тригонометриялық теңсіздіктер жүйелерін шешу.	1) Тригонометриялық теңсіздіктерді шешудің формулаларын атайды; 2) тригонометриялық теңсіздіктердің шешім әдістерін ажыратады; 3) тригонометриялық теңсіздіктердің шешімін түсіндіреді; 4) координаталық қарапайым тригонометриялық теңсіздіктер мен олардың жүйелерінің шешімдерін бейнелейді.
	Дәрежелік функция	1) Алгебралық өрнектерді түрлендіру.	1) n дәрежесінің түбірін және n дәрежесінің арифметикалық түбірін анықтауда сәйкестікті белгілейді; 2) иррационал және алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін n дәрежелі және рационал көрсеткішті түбірдің қасиеттерін қолданады.

Дәреже мен түбірлер. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер.	Дәрежелі функция, оның қасиеттері және графигі	1) Дәрежелі функцияның графигін салу.	1) График құру дағдыларын пысықтау үшін дәрежелік функцияның қасиеттерін пайдаланады; 2) берілген график бойынша дәрежелік функцияның қасиеттерін зерттейді.
	Иррационал теңдеулер мен жүйелер	1) Иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу алгоритмін игеру.	1) Иррационал теңдеу анықтамасының мазмұнын түсіндіреді және иррационал теңдеудің анықталу облысын табады; 2) иррационал теңдеулерді теңдеудің екі бөлігін де n-ші дәрежеге шығару әдісімен шешеді; 3) иррационал теңдеулерді айнымалыны ауыстыру әдісімен шешеді; 4) иррационалды жүйелерді шешеді.
	Иррационал теңсіздіктер мен жүйелер	1) Иррационал теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу алгоритмін меңгеру.	1) Иррационал теңсіздіктер, жүйелердің анықталу облысын табады; 2) теңдеудің екі бөлігін де n-ші дәрежеге шығару әдісімен иррационал теңсіздіктерді шешеді; 3) иррационал теңсіздіктерді айнымалыны ауыстыру әдісімен шешеді; 4) иррационал жүйелерді шешеді.
Көрсеткіштік және логарифмдік функция	Көрсеткіштік функция	1) График бойынша көрсеткіштік функцияның қасиеттерін сипаттау.	1) Көрсеткіштік функцияның анықтамасын түсіндіреді және оның графигін салады; 2) негізге байланысты көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады.
			1) Санның логарифмін, ондық және натурал логарифмнің мәндерін анықтайды;

	Логарифмдік функция	<p>1) Логарифмі бар өрнектердің мәндерін есептеу;</p> <p>2) логарифмдік функцияның негізіне байланысты қасиеттерін сипаттау.</p>	<p>2) логарифмдік өрнектерді түрлендіру үшін логарифмдердің қасиеттерін қолданады;</p> <p>3) логарифмдік функцияның анықтамасын түсіндіреді және оның қасиеттерін сипаттайды;</p> <p>4) логарифмдік функцияның графигін салады.</p>
Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер	<p>1) Көрсеткіштік теңдеулер, теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу;</p>	<p>1) Көрсеткіштік теңдеуді шешу алгоритмін қолданады;</p> <p>2) негізге байланысты көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады көрсеткіштік теңдеулер, теңсіздіктерді шешеді;</p> <p>3) көрсеткіштік теңдеулер мен жүйелерді шешеді;</p> <p>4) көрсеткіштік теңсіздіктер мен жүйелерді шешеді.</p>
	Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	<p>1) Логарифмдік теңдеулер, теңсіздіктер мен олардың жүйелерін шешу.</p>	<p>1) Логарифмдік теңдеуді шешу алгоритмін қолданады;</p> <p>2) логарифмдік теңдеулерді, теңсіздіктерді шешуде негізге байланысты логарифмдік функцияның қасиеттерін қолданады;</p> <p>3) логарифмдік теңдеулер мен жүйелерді шешу жолдарын түсіндіреді;</p> <p>4) логарифмдік теңсіздіктерді шешеді.</p>
Функцияның шегі және үзіліссіздік	Функцияның шегі	<p>1) Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегін табу.</p>	<p>1) Функцияның шегін нүктеде, шексіздікте есептейді;</p> <p>2) есептерді шешуде шектердің қасиеттерін қолдана алады.</p>
	Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі	<p>1) Функция графигінің асимптоталарын құру;</p>	<p>1) Функцияның үзіліссіздік қасиеттерін қолданады;</p> <p>2) сан тізбегінің шегін есептейді.</p>

Туынды және оның қолданылуы	Туынды	<p>1) Функциялардың туындыларын есептеу;</p> <p>2) туындының геометриялық және физикалық мағынасын игеру;</p> <p>3) күрделі функциялардың туындыларын табу.</p>	<p>1) Анықтама бойынша функцияның туындысын табады;</p> <p>2) функцияларды дифференциалдау ережелерін қолданады;</p> <p>3) функция туындысының физикалық және геометриялық мағынасын ашады;</p> <p>4) қозғалыстың жылдамдығы мен үдеуін есептейді.</p> <p>5) күрделі функциялардың туындысын есептеу ережесін қолданады.</p>
	Туындыны қолдану	<p>1) Функцияларды монотондылыққа зерттеу;</p> <p>2) кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәнін анықтау.</p>	<p>1) Алгоритм бойынша функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін құрайды;</p> <p>2) функцияның өсуінің (кемуінің) қажетті және жеткілікті шартын интервалда қолданады;</p> <p>3) туындының көмегімен функцияның қасиеттерін талдайды және оның графигін салады;</p> <p>4) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табады.</p>
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл	<p>1) Алғашқы функцияны және анықталмаған интегралды табу.</p>	<p>1) алғашқы функция және анықталмаған интеграл ұғымының мазмұнын ашады;</p> <p>2) анықталмаған интегралдарды табу формулаларын қолданады;</p> <p>3) есептерді шешуде анықталмаған интегралдар кестесін пайдаланады.</p>
	Анықталған интеграл	<p>1) Анықталған интегралды есептеу.</p>	<p>1) Қисық сызықты трапецияның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолданады;</p> <p>2) берілген сызықтармен шектелген жазық</p>

			<p>фигураның ауданын есептейді;</p> <p>3) айналу денесінің көлемін есептейді.</p>
Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы	Ықтималдық	<p>1) Комбинаторлық есептерді ықтимал нұсқаларды жүйелі түрде таңдау және көбейту ережесін қолдану арқылы шешу;</p> <p>2) Ықтималдықтар теориясының негіздерін, ықтималдықтарды қосу және көбейту теоремаларын түсіндіру.</p>	<p>1)Ньютон Биномын (табиғи көрсеткішпен) есептеу үшін қолданады;</p> <p>2) ықтималдық қасиеттерін қолдану арқылы кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептейді;</p> <p>3) ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін түсіндіреді.</p>
	Математикалық статистика элементтері	<p>1) Дискретті кездейсоқ шама, дисперсия және математикалық күтім арасындағы байланысты, орташа квадраттық (стандартты) ауытқуды түсіндіру;</p> <p>2) таңдама деректері бойынша кездейсоқ шамаларды сипаттау.</p>	<p>1) дискретті кездейсоқ шаманың математикалық күтімін есептейді;</p> <p>2) дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясын және орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептейді;</p> <p>3) таңдама деректерден кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалайды.</p>
	Кездейсоқ шамалар	<p>1)Дискретті, үздіксіз кездейсоқ шамалар ұғымдарын түсіндіру;</p> <p>2) дискретті кездейсоқ шаманы пайдаланып есептер шығару.</p>	<p>1) Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамаларды салыстырады ;</p> <p>2) кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңының кестесін жасайды.</p>
	Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы	<p>1)Стереометрия аксиомаларын және олардың салдарын түсіндіру;</p> <p>2) кеңістіктегі түзулердің , жазықтықтардың, түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын бейнелеу.</p>	<p>1) Стереометрия аксиомаларының мазмұнын, олардың салдарын түсіндіреді;</p> <p>2) есептерді шешу кезінде кеңістіктегі параллель және қиылысатын түзулердің қасиеттері туралы білімді қолданады;</p> <p>3) сызықтардың параллельдігі мен перпендикулярлығының қасиеттерін түсіндіреді, оларды есептерді шешуде қолданады.</p>

<p>Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы</p>	<p>Кеңістіктегі бұрыштар</p>	<p>1) Кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш, түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш ұғымын меңгеру; 2) үш перпендикуляр теоремасын түсіндіру.</p>	<p>1) Кеңістіктегі перпендикулярдың, көлбеу және көлбеу проекцияның мағынасын ашады; 2) түзу мен жазықтықтың параллельдігі мен перпендикулярлығының қасиеттерін түсіндіреді; 3) есептерді шешу кезінде жазықтықтардың параллельдігі және перпендикулярлық белгілерін қолданады; 4) кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрышты анықтайды; 5) түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты, жазықтықтар арасындағы бұрышты бейнелейді; 6) есептерді шешуде үш перпендикуляр теореманы қолданады.</p>
<p>Тікбұрышты координаталар жүйесі және кеңістіктегі векторлар</p>	<p>Кеңістіктегі векторлар</p>	<p>1) Вектордың анықтамасын және кеңістіктегі векторлармен амалдарды меңгеру; 2) екі нүкте арасындағы қашықтықты, кесіндінің ортасын есептеуді орындау.</p>	<p>1) Жазықтықта және кеңістікте векторды бейнелейді, оны сипаттайды; 2) вектордың координаталары мен ұзындығын табады; 3) векторларды қосу мен азайтуды, векторды санға көбейтуді орындайды; 4) векторлардың скалярлық көбейтіндісін табады; 5) екі нүкте арасындағы қашықтықты анықтайды; 6) кеңістіктегі кесіндінің ортаңғы координаталарын табады.</p>
	<p>Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі</p>	<p>1) Векторлардың коллинеарлық және компланарлық шарттарын меңгеру; 2) векторды компланар емес үш вектор бойынша жіктеу;</p>	<p>1) Кеңістіктегі векторлардың коллинеарлығы мен компланарлығын анықтайды; 2) есептерді шешу кезінде векторлардың коллинеарлығы мен компланарлығы шартын қолданады;</p>

		3) сфера теңдеуін құрастыру.	3) сфера теңдеуіне есептер шығарады.
Көпжақтар және айналу денелері	Көпжақтар	1) Көпжақтар, дұрыс көпжақтар, призма, параллелепипед, куб, пирамида, қиық пирамида ұғымын білу; 2) көпжақтар элементтерін табу, көпжақтар қимасын салу.	1) Көпжақтар мазмұнын ашады және олардың элементтерін түсіндіреді; 2) көпжақтардың қасиеттерін түрлері бойынша түсіндіреді; 3) көпжақтарды бейнелейді; 4) дұрыс көпжақтардың түрлерін анықтайды; 5) көпжақтардың элементтерін табу есептерін шешеді.
	Призма және оның элементтері	1) Призма мен оның элементтерінің анықтамасын білу; 2) призманың толық және бүйір бетінің аудандарын есептеу.	1) Есептерді шешуде призманың бүйір және толық бетінің ауданының формулаларын қолданады.
	Пирамида және оның элементтері	1) Пирамида және қиық пирамида, олардың анықтамасы мен элементтерін меңгеру; 2) пирамида және қиық пирамиданың бүйір беті мен толық бетінің аудандарын есептеу.	1) Есептерді шешу кезінде пирамида және қиық пирамиданың бүйір және толық бетінің ауданы формулаларын қолданады.
Айналу денелері және олардың элементтері	Цилиндр және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (цилиндр); 2) цилиндр элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шешу.	1) Цилиндр және оның элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде цилиндрді таниды; 3) цилиндрді жазықтықта бейнелейді; 4) цилиндрдің жазықтықпен қималарын бейнелейді; 5) цилиндр элементтерін табу есептерін шешеді.
	Конус және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (конус, қиық конус); 2) конустың, қиық конустың элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шешу.	1) конус, қиық конус және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде конусты, қиық конусты таниды; 3) конустың жазықтықпен қимасын бейнелейді;

			5) конустың, қиық конустың элементтерін табу есептерін шешеді.
	Шар және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін (шар, сфера және олардың элементтері) анықтау; 2) сфера, шар элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шешу.	1) Шар, сфера және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде шарды, сфераны таниды; 3) шарды, сфераны жазықтықта бейнелейді; 4) шар, сфераның жазықтықтағы кималарын бейнелейді; 5) шар, сфераның элементтерін табу есептерін шешеді.
Дене көлемі	Денелер көлемінің жалпы қасиеттері.	1) Призма, пирамида және қиық пирамиданың көлемін табу.	1) Призма, пирамида көлемін табу және қысқарту формуласын қолданады.
	Айналу денелерінің көлемі	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін анықтауды меңгеру.	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін табу формуласын қолданады; 2) айналу денелерінің көлемін есептеу үшін есептер шығарады

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
59 - қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Информатика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың көркемдік-технологиялық бағытта кәсіби салада заманауи ақпараттық технологиялар мен бағдарламаларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

3. Оқу пәнін іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушыларда қоғамдағы ақпараттық процестердің рөлін, саладағы ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

2) білім алушыларды компьютерлер жұмысының базалық қағидаттарын түсінумен қамтамасыз ету;

3) білім алушылардың технологиялық ойлауын қалыптастыру, көркемдік-эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін, есте сақтау қабілетін, кеңістіктік қиялын, қиялын, қол моторикасын дамыту, оқушылардың көз өлшегіштерін жетілдіру.

4) талдау, абстракциялау, модельдеу және бағдарламалау арқылы білім алушыларды әртүрлі есептерді шығаруға үйрету;

5) білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеуіш ойлауын дамыту, оның ішінде жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және ортақ заңдылықтарды бөліп көрсету, есептерді шешудің тиімді және ұтымды жолдарын табу;

6) білім алушыларда ақпараттық мәдениетті қалыптастыру-жалпы қабылданған ережелерді сақтау және жеке тұлға мен бүкіл қазақстандық қоғамның мүддесі үшін әрекет ету;

7) пән аясында студенттердің академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық сөздік қорын байытуына ықпал ету;

8) білім алушыларды есептеу платформасы негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды әзірлеу, құрастыру және бағдарламалау принциптері мен әдістерімен таныстыру;

9) заманауи бағдарламалау ортасында бағдарламалау дағдыларын дамыту;

10) практикалық қолдану арқылы білімді тереңдету, оқуға деген ынтасын арттыру;

11) ғылыми-техникалық әзірлемелерге қызығушылықты дамыту;

12) білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады:

1) Денсаулық және қауіпсіздік;

2) Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету;

3) Мәліметтерді ұсыну;

4) Ақпараттық процестер мен жүйелер;

- 5) Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру;
- 6) Қосымшаларды әзірлеу;
- 7) Компьютерлік желілер.

		<p>1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 2) таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы</p>	<p>1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтай біледі ;</p>

<p>Әлемді өзгерткен өнертабыстар.</p>	<p>9.1. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар.</p>	<p>мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 3) таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу; 4) мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып).</p>	<p>2) ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазады; 4) мәтін нормаларын сақтап жазады.</p>
		<p>1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 2) мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру 3) қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу.</p>	<p>1) Арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; 3) берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдейді және толықтырады; 4) қажетті ақпараттарды орынды қолданады; 5) көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады.</p>
		<p>1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 2) таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 3) мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.</p>	<p>1) Арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін біледі; 3) мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 4) мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана біледі.</p>
		<p>1) Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу,</p>	<p>1) Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлей біледі;</p>

Туризм: экоту Ризм.	10.1. Туризмнің дамуының қоғамға пайдасы.	тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; 2) мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау.	2) тыңдаушыларға ықпал ете біледі, шешен сөйлей біледі; 2) мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырады; 3) мәтіннің маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазады, өзіндік тұжырым жасайды.
		1) Әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 2) қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (" 4 келісу, келіспеу" эссесі).	1) Әртүрлі графиктік мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып талдайды; 2) мәтіндегі негізгі үрдістерді анықтайды; 3) қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады; 4) әдеби тіл нормаларын сақтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
б1-қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Қазақ әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ әдебиеті" оқу пәнін оқытудың мақсаты – ұлтымыздың құнды мұралары арқылы білім алушылардың ой-танымын, ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын дамыту, тұлғаның рухани-адамгершілік әлемін, танымдық-эмоционалдық

зиятын, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, креативті ойлауға бағыттау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;

2) мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын әдебиеттің ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі, тіл өнері арқылы бағалауды жетілдіру;

3) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтеуге, бағалауға баулу;

4) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

5) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес жазба және ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту және дүниетанымын жетілдіру.

4. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "түсіну және жауап беру", "анализ және интерпретация", "бағалау және салыстыру". Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады.

"Түсіну және жауап беру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс;
- 5) қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу.

"Анализ және интерпретация" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс;
- 5) қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.

"Бағалау және салыстыру" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) тарихи және көркемдік құндылығы;
- 2) заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) әдеби сын.

1) Түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну, әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін

жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын ашу, әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау, шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім.Қалың елім, қазағым	+	+	+
Тақырып 1.1 Абай шығармашылығы. "Сегіз аяқ" өлеңі			

Тақырып 1.2 Абай "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңі			
Тақырып 1.3 А.Құнанбаевтың он жетінші қарасөзі, отыз үшінші қарасөзі, отыз жетінші қарасөзі			
Тақырып 1.4 Отыз екінші қарасөзі			
Тақырып 1.5. "Масғұт" поэмасы			
2 бөлім. Қазақтың Қанышы	+	+	+
Тақырып 2.1 М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман-эссе			
Тақырып 2.2 М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев", 1 бөлім. "Кенжетай"			
Тақырып 2.3 М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман эссесінің 2 бөлімі. "Үлкен Жезқазған"			
Тақырып 2.4 М.Сәрсекенің "Қаныш Сәтбаев" роман эссесінің 3 бөлімі. "Бәрі де майдан үшін"			
3 Бөлім. Парасат пайымы	+	+	+
Тақырып 3.1 А.Кемелбаева. "Шашты" әңгімесі			
Тақырып 3.2 Т.Сұлтанбеков. "Көшпелі алтын" ғылыми фантастикалық әңгіме			
Тақырып 3.3 Оразақын Асқар. "Шетте жүрген бауырларға" өлеңі			
4 бөлім. Тарих тағылымы	+	+	+
Тақырып 4.1 Ш. Мұртаза. "Бесеудің хаты" драмасы			
Тақырып 4.2 Ж.Бөдеш "Жалғыз" поэмасы			
5 бөлім. Кеңістік пен уақыт	+	+	+

Тақырып 5.1 О.Бөкей. "Атау кере" повесі			
Тақырып 5.2 Ж.Әбдірашев. "Дала, сенің ұлыңмын" өлеңі			
6 бөлім. Зобалаң заман шындығы	+	+	+
Тақырып 6.1 Б.Мұқай. "Өмірзая" романы			
Тақырып 6.2 Титақов Мұхтызар Төлекұлы "Мұрат үшін майдан" пьесасы			
7 бөлім. Ғасырлық туынды	+	+	+
Тақырып 7.1 М. Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы 1, 2-том			
Тақырып 7.2 М. Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы 3, 4-том			
8 бөлім. Табиғат және адам	+	+	+
Тақырып 8.1 Қ.Мырзалиев. "Қызыл кітап" поэмасы			
Тақырып 8.2 Ахмет Байтұрсынұлы "Адамдық диқаншысы" өлеңі.			
Тақырып 8.3 3-5-көрініс			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі
	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер,</p>

		<p>үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; 5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады; 6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
<p>Қалың елім, қазағым</p>	<p>Анализ және интерпретация</p>	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау; 3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшелігін талдайды; 2) көркемдегіш құралдарды табады, орны мен қызметін талдайды; 3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды; 4) көтерілген мәселелер бойынша шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады; 5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
	<p>Бағалау және салыстыру</p>	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; 3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>1) шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, өзіндік баға береді; 2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығын сипаттайды және өзіндік көзқарасы тұрғысынан баға береді, 3) көркем шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, жаңашылдығына баға беріп, сипаттамалық эссе жазады.</p>
		<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну,</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды; 2) сюжет желісін негізге алып, идеялық мазмұнын түсінеді; 3) шығарманың жанрын ажыратады;</p>

2.Қазақтың Қанышы	Түсіну және жауап беру	<p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;</p> <p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>4) көркем шығармадағы кейіпкерлерге тән ортақ мінез-құлықтарды анықтайды, көркем шығармадан үзінді келтіре отырып салыстырады;</p> <p>5) шығармадан үзінді таңдап, шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазу.</p>	<p>1) шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>3) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазады.</p>
	Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;</p>	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, тарихи маңыздылығын талдайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды;</p> <p>2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға береді.</p>
	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p>	<p>1) шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;</p> <p>2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды;</p> <p>3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p> <p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді</p>

		<p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.</p>	<p>шығармашылық жұмыстарда қолданады; 6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
<p>3.Парасат пайымы</p>	<p>Анализ және интерпретация</p>	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; 2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау; 3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады; 2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметін талдайды; 3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды; 4) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме) жазады; 5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
	<p>Бағалау және салыстыру</p>	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; 2) көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; 3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>1) шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, тарихи маңыздылығын талдайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды; 2) шығармада көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға береді; 3) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.</p>
	<p>Түсіну және жауап беру</p>	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 2) әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану;</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды; 2) өлеңде көтерілген мәселені анықтайды; 3) жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді; 4) шығарма кейіпкерлерін</p>

Тарих тағылымы		<p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.</p>	<p>жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады.</p>
	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;</p> <p>3) көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазу;</p> <p>4) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.</p>	<p>1) Шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы көркемдегіш құралдардың қызметін талдайды;</p> <p>3) шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасайды;</p> <p>4) өз ойларын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазады;</p> <p>5) қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, оларға сипаттама жасайды.</p>
	Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;</p> <p>2) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>1) Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік ерекшелігін анықтайды;</p> <p>2) шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.</p>
		<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;</p> <p>2) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;</p> <p>3) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді;</p> <p>2) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды және өмірмен байланыстырады;</p> <p>3) шығарманың жанрлық табиғатын талдайды және идеясын түсінеді;</p>

5. Кеңістік пен уақыт

Түсіну және жауап беру	<p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;</p> <p>5) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;</p> <p>6) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.</p>	<p>4) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>5) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ;</p> <p>2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;</p> <p>3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;</p> <p>4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең) жазу;</p> <p>5) әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау.</p>	<p>1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады;</p> <p>3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдарың байланысын талдайды;</p> <p>4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазады;</p> <p>5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.</p>
Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;</p>	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік құндылығын анықтайды;</p> <p>2) шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды;</p>

		3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.
6. Зобалаң заман шындығы	Түсіну және жауап беру	1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 4) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.	1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмірмен байланыстырады; 4) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.
	Анализ және интерпретация	1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау; 2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 5) әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау.	1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады; 2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады; 3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды; 4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) жазады; 5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.

	Бағалау және салыстыру	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;</p> <p>2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.</p>	<p>салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік құндылығын анықтайды;</p> <p>2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, бағалайды.</p>
7. Ғасырлық туынды	Түсіну және жауап беру	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;</p> <p>3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;</p> <p>4) көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;</p> <p>5) ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді;</p> <p>2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды;</p> <p>3) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>4) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады;</p> <p>6) шығармадағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.</p>
	Анализ және интерпретация	<p>1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ;</p> <p>2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;</p> <p>3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;</p> <p>4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас</p>	<p>1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p> <p>2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады;</p> <p>3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдарың байланысын талдайды;</p> <p>4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп,</p>

		<p>тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 5) әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдау.</p>	<p>шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады; 5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.</p>
	<p>Бағалау және салыстыру</p>	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; 3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p>	<p>1) Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды, тарихи маңыздылығын бағалайды, көркемдік құндылығын анықтайды; 2) көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, бағалайды; 3) шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.</p>
<p>Табиғат және адам</p>	<p>Түсіну және жауап беру</p>	<p>1) Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; 3) көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; 4) көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.</p>	<p>1) Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды, жанрын және оның ерекшелігін түсінеді; 2) әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдайды; 3) шығарма кейіпкерлерін жинақтайды, салыстырмалы талдау жасайды; 4) көркем шығармадан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолданады.</p>
		<p>1) Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ;</p>	<p>1) Шығарманың жанрын анықтайды және композициялық ерекшеліктерін талдайды, өзі пікірін айтады;</p>

	Анализ және интерпретация	2) шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; 3) шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау; 4) әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; 5) әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау.	2) шығармадағы автордың идеясын өмір шындығымен байланыстырады; 3) шығарманың идеясы мен көркемдегіш құралдарың байланысын талдайды; 4) шығармадағы көтерілген мәселелерге өз көзқарасын дәлелдеп, шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады; 5) әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтайды, олардың үндестігін талдайды.
	Бағалау және салыстыру	Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау	Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады, сыни баға береді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
62- қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын

сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

- 1) білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;
- 2) адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;
- 3) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;
- 4) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;
- 5) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- 6) көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- 7) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

4. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR -Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған.

4. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Еңбек нарығы және сұраныс", "Отандық өнеркәсіп өнімі Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті", "Ұлттық экологиялық мәдениет", "Мұхит – тіршілік мекені", "Ұлттық таным және мерекелер", "Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда", "Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне", "Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар", "Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек", "Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы", "Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік", "Қоғам және заң", "Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік", "Экология. Мұнай және атомдық индустрия", "Тіл. Өнер. Әдебиет", "Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі", "Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі", "Ұлттық театр – өнер ордасы", "Туризм: Экотуризм", "Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жастар мәселесінің түйіткілдері", "Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты", "Толеранттылық-елбірлігі", "Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік", "Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші".

Мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тыңдалған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түртіп жазу және ақпараттарды жүйелеу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, мәтін бойынша

автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;

2) айтылым: ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану, ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

3) оқылым: мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау, қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау, мәтінді негізгі мәселеге баға бере отырып, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

4) жазылым: ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу ("келісу, келіспеу" эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану, сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану, мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану, сөйлем, оқшау сөздердің қызметін білу, айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1.Бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс.			
1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Қазақстандағы еңбек нарығы: сұраныс пен ұсыныс.			

Тақырып 1.1.2. Іскерлік әлемі. Келіссөз жүргізу әдебі.			
Тақырып 1.1.3. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім.			
1.2 Еңбек ер атандырады.	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.			
Тақырып 1.2.2. Нәтиже сабақ. Ел болашағы - білікті маман қолында (конференция сабақ).			
2. Бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі.			
2.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Отандық өнімді пайдаланамыз.			
Тақырып 2.1.2. Орталық Қазақстан – кенді аймақ .			
Тақырып 2.1.3 Қарағанды – кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. " Қарағанды" романынан үзінді.			
Тақырып 2.1.4. Нәтиже сабақ. Жарнама жасау. (сынақ сабақ).			
3. Бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.			
3.1 Қазақ киносы.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қазақ киносының атасы.			
Тақырып 3.1.2. Қазақстанның мәдени өмірі.			
3.2 Қазақ театры.			
Тақырып 3.2.1 Театр фестивальдары.			
Тақырып 3.2.2. Дулат Исабеков "Әпке" шығармасы.			

Тақырып 3.2.3. Нәтиже

сабақ. "Қазақ киносының қазіргі келбеті" эссе жазу.			
4. Бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет.			
4.1 Ұлттық экология.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Ұлттық экология бастаулары.			
Тақырып 4.1.2. Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. "Аралым..." өлеңі.			
4.2 Экологиялық мәдениет.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер.			
Тақырып 4.2.2. Экология және кәсіби маман мәдениеті.			
Тақырып 4.2.3 Нәтиже сабақ. "Қазіргі экологияның өзекті мәселелері" (диспут сабақ).			
5. Бөлім. Мұхит – тіршілік мекені.			
5.1 Мұхит әлемі.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі.			
5.2 Мұхиттағы экологиялық проблемалар.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Мұхит және экологиялық проблемалар.			
Тақырып 5.2.2. Әбдіжәміл Нұрпейісов. "Қан мен тер" романы.			
Тақырып 5.2.3. Нәтиже сабақ. "Адамзат тағдырының жыршысы" (талқылау сабағы).			
6. Бөлім. Ұлттық таным және мерекелер.			
6.1 Ұлттық мерекелер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!			

Тақырып 6.1.2. Жүсіпбек Аймауытов. "Әнші" әңгімесі.			
Тақырып 6.1.3. Нәтиже сабақ. "Қазақстандағы діни мерекелер". Интервью алу.			
7. Бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда.			
7.1 Сауда тарихы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.			
Тақырып 7.1.2. Екіжақты келісімді сауда.			
7.2 Сауда мәдениеті.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы.			
Тақырып 7.2.2. Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?".			
Тақырып 7.2.3. Нәтиже сабақ. "Ұлы Жібек жолы тарихы" Саяхат сабақ.			
8. Бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне.			
8.1 Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Радиоарналарды тыңдаймын.			
Тақырып 8.1.2. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары.			
Тақырып 8.1.3. Қазақтың тұңғыш дикторы.			
8.2 Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Отбасы және гендерлік саясат.			
Тақырып 8.2.2. Телефон – байланыс құралы.			

Тақырып 8.2.3. Нәтиже сабақ. "Гендерлік саясат – мемлекет пен қоғам ісі" аргументативті эссе жазу.			
9. Бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.			
9.1 Қауіпті қалдықтар.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Тұрмыстық қалдықтар.			
Тақырып 9.1.2. Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар.			
9.2 Жер тағдыры- ел тағдыры.	+	+	+
Тақырып 9.2.1. Қайнар Олжай. "Жер мен аспан арасындағы дастан" .			
Тақырып 9.2.2. Думан Рамазан. "Соңғы дем" әңгімесі.			
Тақырып 9.2.3. Нәтиже сабақ. "Жер тағдыры – ел тағдыры. Шағын мақала жазу.			
10. Бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек.			
10.1 Әлеуметтік теңсіздік .	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.			
Тақырып 10.1.2. Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.			
10.2 Әлеуметтік теңсіздік тудыратын факторлар.			
Тақырып 10.2.1. Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер. "Қара пима" поэмасы.			
Тақырып 10.2.2. "Қара пима" – трагедиялық шығарма.			
Тақырып 10.2.3. Нәтиже сабақ. "Әлеуметтік			

теңсіздік тудыратын факторлар". Пікірталас-полилог ұйымдастыру.			
11. Бөлім. Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы.			
11.1 Зиянды әдеттер.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Нашакорлық – қоғамдық дерт.			
Тақырып 11.1.2. Темекі тарту – зиянды әдет.			
11.2 Салауатты өмір салты.			
Тақырып 11.2.1. Бердібек Соқпақбаев. "Он алты жасар чемпион" (әңгіме).			
Тақырып 11.2.2. Саламатты өмір салтын ұстанамын.			
Тақырып 11.2.3. Нәтиже сабақ. "Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі". Аргументативті эссе.			
12. Бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік.			
12.1 Сандық технология.	+	+	+
Тақырып 12.1.1. Сандық технология. Сандық теңсіздік. Электронды үкімет.			
12.2 Интернеттің пайдасы мен зияны.			
Тақырып 12.2.1. Мұхтар Шахановтың "Компьютербасты жарты адамдар" романындағы адам концепциясы.			
Тақырып 12.2.2. "Өркениеттің адасуы" (романнан үзінді).			
Тақырып 12.2.3. Нәтиже сабақ. "Интернет кітапты алмастыра ала ма?" Дебат-сабақ.			
13. Бөлім. Қоғам және заң.			

13.1 Ата Заң.	+	+	+
Тақырып 13.1.1. "Тәртіпке бағынған ел құл болмайды".			
Тақырып 13.1.2. Ата Заң.			
Тақырып 13.1.3. Ермек Өтетілеуұлы "Ата Заң " өлеңі.			
13.2 Құқықбұзушылық және қылмыс.	+	+	+
Тақырып 13.2.1. Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды.			
Тақырып 13.2.2. Тәртіпсіздік неден басталады?			
Тақырып 13.2.3. Нәтиже сабақ. "Заңды білу – заман талабы". Конференция сабақ.			
14. Бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік.			
14.1 Әлеуметтік теңсіздік .	+	+	+
Тақырып 14.1.1. Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер.			
Тақырып 14.1.2. Отбасы – құндылық.			
14.2 Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 14.2.1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 14.2.2. Ерболат Әбікенұлы. "Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесі.			
Тақырып 14.2.3. Нәтиже сабақ. "Жігітті намыс өлтірер..." сұхбат сабақ.			
15. Бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия.			
15.1 Қазақстандағы мұнай өндірісі.	+	+	+

Тақырып 15.1.1. Табиғатты аяла.			
Тақырып 15.1.2. "Жасыл ел" бағдарламасына қатысамын.			
Тақырып 15.1.3. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы.			
Тақырып 15.1.4. Гүлжауһар Сейітжан. "Қара алтыны халқымның..".			
15.2 Қазақстандағы атом өнеркәсібі.	+	+	+
Тақырып 15.2.1. Атомдық индустрияның болашағы.			
Тақырып 15.2.2. Туған өлкенің экологиясы.			
Тақырып 15.2.3. Нәтиже сабақ. "Қазақстандағы атом өнеркәсібі" пікірталас ұйымдастыру.			
16. Бөлім.Тіл. Өнер. Әдебиет.			
16.1 Өнер алды – қызыл тіл.	+	+	+
Тақырып 16.1.1. Екі тілді білген – екі адам.			
Тақырып 16.1.2. Қазақ тілі – қандай тіл?			
Тақырып 16.1.3 Шешендік сөз өнері.			
16.2 Әдебиет – өнер айнасы.	+	+	+
Тақырып 16.2.1. Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров .			
Тақырып 16.2.2. Ілияс Жансүгіров. "Күй" поэмасы (үзінді) .			
Тақырып 16.2.3. Нәтиже сабақ. "Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін" эссе жазу.			
17. Бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі.			

17.1 Жұмыссыздық мәселесі.	+	+	+
Тақырып 17.1.1. Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім.			
Тақырып 17.1.2. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.			
Тақырып 17.1.3. Кедейлік неден туады?			
17.2 Еңбек етсең ерінбей.	+	+	+
Тақырып 17.2.1. Ыбырай Алтынсарин. "Атымтай Жомарт" әңгімесі.			
Тақырып 17.2.2. Қазіргі заманның атымтайлары.			
Тақырып 17.2.3. Нәтиже сабақ. "Жұмыссыздық - әлеуметтік мәселеле". Рөлдік ойын.			
18. Бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі.			
18.1 Тәуелсіздік тарихы.	+	+	+
Тақырып 18.1.1. Ұлы даланың жеті қыры.			
Тақырып 18.1.2. Атқа міну мәдениеті. Заманауи ат спорты.			
Тақырып 18.1.3. Құсбегілік – ұлттық өнер.			
18.2 Тәуелсіз ел келешегі.	+	+	+
Тақырып 18.2.1. Дүкенбай Досжан. "Төрт патшаны көрген кейуана" (хикаят).			
Тақырып 18.2.2. Нәтиже сабақ. "Жаңа Қазақстанның келешегі". Пікір алмасу.			
19. Бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы.			
19.1 Сахна – өмір айнасы.	+	+	+
Тақырып 19.1.1. Қазақ театрының қайнары. Көсемше.			
Тақырып 19.1.2. Сахна – өмір айнасы.			

Тақырып 19.1.3. Ұлттық өнердің тарландары			
Тақырып 19.1.4. Сәбит Оразбай. "Өмірдің өзі – театр" (үзінді).			
Тақырып 19.1.5. Нәтиже сабақ. "Өзің кездескің келетін театр тарланы". Шағын әңгіме құрастыру.			
20. Бөлім.Туризм: Экотуризм.			
20.1 Туризм.	+	+	+
Тақырып 20.1.1. Туризм тарихын білесің ба? Туризмнің түрі көп... Көсемше.			
20.2 Қазақстандағы экотуризм.	+	+	+
Тақырып 20.2.1. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. Ойталқы.			
Тақырып 20.2.2. Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?			
Тақырып 20.2.3. Сәкен Сейфуллин. "Көкшетау" поэмасы.			
Тақырып 20.2.4. Ілияс Жансүгіров. "Жетісу" суреттері.			
Тақырып 20.2.5. Нәтиже сабақ. "Қазақстанда экотуризм саласының даму мүмкіндіктері". Аргументативті эссе жазу .			
21. Бөлім.Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі.			
21.1 Отбасы құрылымы.	+	+	+
Тақырып 21.1.1. Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері.			
Тақырып 21.1.2. Асыл текті аналар.			
21.2 Қазақ отбасыларындағы гендерлік мәселелер.			

Тақырып 21.2. Гендер және тіл.	+	+	+
Тақырып 21.2.1. Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер.			
Тақырып 21.2.2. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда.			
Тақырып 21.2.3. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғақта.			
Тақырып 21.2.4. Нәтиже сабақ. "Атасын сыйлаған абыройға бөленер". Эссе жазу.			
22 Бөлім. Жастар мәселесінің түйіткілдері.			
22.1 Ел болашағы – жастар.	+	+	+
Тақырып 22.1.1. Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері.			
Тақырып 22.1.2. Талаптыға нұр жауар. Наноспутник жасаған жас ғалымдар. Септеулік шылаулар.			
22.2 Жастар мәселесінің түйіткілдері.	+	+	+
Тақырып 22.2.1. Жастар мәселесінің түйіткілдері. Демеулік шылаулар.			
Тақырып 22.2.2. Мұхтар Әуезов. "Абай жолы" (романнан үзінді), 3-кітап.			
Тақырып 22.2.3. Нәтиже сабақ. "Бүгінгі жастарға сенуге бола ма?" презентация дайындау.			
23. Бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.			
23.1 Жаһандық миграция.	+	+	+
Тақырып 23.1.1. "Жаһандық миграция" деген не?			

Тақырып 23.1.2. Иммиграция – үздіксіз процесс.			
23.2 Қазақ халқының көші-қон тарихы.	+	+	+
Тақырып 23.2.1. Көші-қон тарихы.			
Тақырып 23.2.2. Қабдеш Жұмаділов – каламгер.			
Тақырып 23.2.3. "Қаздар қайтып барады" повесі.			
Тақырып 23.2.4. Нәтиже сабақ. "Жаһандық миграция жағдайы". Баспасөз конференция сабағы.			
24 . Бөлім.Толеранттылық-ел бірлігі.			
24.1 . Толеранттылық – бейбітшілік кепілі.	+	+	+
Тақырып 24.1.1. Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер.			
Тақырып 24.1.2. Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты .			
Тақырып 24.1.3. Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға.			
Тақырып 24.1.4. Сайын Мұратбеков. "Телі өскен ұл" повесі.			
Тақырып 24.1.5. Нәтиже сабақ. "Қазақстан – біздің ортақ үйіміз". Фотоколлаж дайындау.			
25. Бөлім.Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік.			
25.1 Отан қорғау – парыз.	+	+	+
Тақырып 25.1.1. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді.			
Тақырып 25.1.2. Отан қорғау – парызым.			

Тақырып 25.1.3. Сағадат Нұрмағамбетов – халық қаһарманы.			
25.2 Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі.	+	+	+
Тақырып 25.2.1. Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі.			
Тақырып 25.2.2. Тыныштық – елге аманат.			
Тақырып 25.2.3. Несіпбек Айтұлы. "Бәйтерек" поэмасы.			
Тақырып 25.2.4. Нәтиже сабақ. "Ұлт қауіпсіздігі – ұрпаққа қызмет". Диспут сабақ.			
26. Бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.			
26.1 Бос уақытты жоспарлау	+	+	+
Тақырып 26.1.1. Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш.			
Тақырып 26.1.2. Демалыс мәдениеті.			
Тақырып 26.1.3. Мұқағали Мақатаев. "Сағатым қайда, сағатым?" өлеңі.			
Тақырып 26.1.4. Нәтиже сабақ. "Бос уақыт". Ойкөкпар.			

3 тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі
	1.1 Қазақстандағы еңбек нарығы	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.	1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 2) сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады;

Еңбек нарығы және сұраныс	1.2 Еңбек ер атандырады	1) Стильдер ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу.	3) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады. 1) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазады; 2) мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрастырады.
Отандық өнеркәсіп өнімі	2.1. Отандық өнімді пайдаланамыз	1) Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді тірек-схема, менталды карта, презентация түрінде ұсыну.	1) Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта, жарнама, презентация қорғайды; 2) көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдана алады.
Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті	3.1 Қазақ киносы	1) Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.	1) Драмалық шығарманы тыңдайды; 2) драмалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды; 3) мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдайды, астарлы ойды анықтайды; 4) шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.
	3.2 Қазақ театры	1) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.	1) Мәтін мазмұны бойынша монолог және диалог құрастырады; 2) сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. 3) интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады;

<p>Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы</p>			<p>келтіру үшін күрестегі қазақ зиялыларының рөлін бағалайды.</p>
		<p>7) Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі кезеңіндегі қоғамдық-саяси дамуындағы жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын талдау;</p>	<p>1) Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін сипаттайды; 2) кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін сипаттайды; 3) кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қайшылықтардың себептерін айқындайды.</p>
		<p>8) Қазақстан Республикасының даму перспективаларын болжай отырып, мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу.</p>	<p>1) Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнына және қазіргі кезеңде елдегі қол жеткізілген өзгерістер деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізеді; 3) Қазақстан Республикасының даму перспективаларын болжайды.</p>
		<p>1) Қазақ халқының материалдық мәдениетінің жетістіктерін талдау;</p>	<p>1) Қазақ халқының материалдық мәдениетінің жетістіктерін сипаттайды; 2) ұлттық бірегейлікті сақтаудағы материалдық мәдениеттің маңыздылығын айқындайды; 3) Қазақстан аумағындағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын негіздейді.</p>
		<p>2) көшпенділердің ең үлкен өнертабысы – киіз үйдің ерекшеліктерін</p>	<p>1) Көшпенділердің көшпелі тұрғын үйінің ерекшеліктерін сипаттайды; 2) көшпенділер өміріндегі ең үлкен өнертабыс - киіз үйдің</p>

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті-дала өркениетінің мұрасы.

сипаттайтын маңыздылығын анықтау;	маңыздылығына баға береді.
3) қазіргі кезеңдегі қолөнермен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып, қазақтардың дәстүрлі қолөнеріне сипаттама беру;	1) Қазақтардың дәстүрлі қолөнеріне сипаттама береді; 2) қазіргі қолөнердің қазақтардың дәстүрлі қолөнерімен сабақтастығын белгілейді .
4) көшпелі халықтың күнделікті тұрмысындағы тұрмыстық заттардың маңызын анықтау;	1) Қазақ халқының тұрмыстық қолөнерінің түрлеріне сипаттама береді; 2) көшпелі халықтың күнделікті тұрмысындағы тұрмыстық заттардың маңызын анықтайды.
5) қазақ халқының қолөнері мен тұрмыстық қолөнер бұйымдарын эстетикалық безендіру ерекшеліктерін сипаттау;	1) Қазақ халқының қолөнері мен тұрмыстық бұйымдарын эстетикалық безендіру ерекшеліктерін сипаттайды; 2) қолданбалы өнердің ерекшелігін ұлттың мәдени коды ретінде бағалайды.
6) қазақтардың сәндік-қолданбалы өнері ою-өрнектерінің мотивтері мен мағынасын анықтау;	1) Қазақ ою-өрнектерінің мотивтері мен ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасайды; 2) қазақ ою-өрнегінің қазақ өндірісінің заманауи дизайнындағы орнын бағалайды.
7) әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде қазақ халқының рухани және адамгершілік құндылықтарын түсіндіру;	1) Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының ерекшеліктерін анықтайды; 2) әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді талдау арқылы қазақ халқының адамгершілік құндылықтарының мәнін сипаттайды.
	1) Тарих және мәдениет ескерткіштерін жіктейді; 2) Қазақстанның киелі картасын жасайды;

Мәдениеттің дамуы

8) дала өркениетінің тарихы мен мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін сипаттау;	3) қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастырудағы Қазақстанның рухани киелі орындарының маңызын анықтайды.
9) халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін қазақ әдебиетінің жетістіктерін сипаттау;	1) Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауызша халық шығармашылығының маңызын айқындайды; 2) қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтайды
10) қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау;	1) Фольклор шығармалары мен зерттеушілердің еңбектерін талдау негізінде дәстүрлі музыка мәдениетінің шығу тегі мен ерекшеліктерін анықтайды; 2) музыкалық мәдениет дәстүрлерінің маңыздылығын бағалайды; 3) музыкалық шығармаларды заманауи өңдеудегі ұлттық музыкалық аспаптардың орны мен рөлін анықтайды.
11) қазақтардың дәстүрлі мерекелерінің қазіргі жағдайда болуына мысалдар келтіре отырып, олардың мәнін анықтау;	1) Қазақтың дәстүрлі мерекелерінің мәнін талдайды; 2) қазіргі жағдайда қазақтың дәстүрлі мерекелерінің болуына мысалдар келтіреді.
12) кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	1) Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтайды; 2) Қазақстанның социалистік мәдениетінің жетістіктері мен қайшылықтарын сипаттайды; 3) кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы

Кеңестік кезеңдегі
Қазақстан мәдениеті

	қайшылықтардың себептерін анықтайды.
13) кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымның жетістіктерін талдау, олардың даму қиындықтарын анықтау;	1) Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуындағы жетістіктерді анықтайды; 2) кеңестік кезеңдегі білім мен ғылымның дамуына мемлекеттің әміршіл-әміршіл жүйесінің ықпалын анықтайды.
14) тоталитарлық жүйенің жазушылар мен ақындардың өмірі мен шығармашылығына ықпалын анықтай отырып, кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің жетістіктерін талдау;	1) Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің жетістіктерін сипаттайды ; 2) тоталитарлық жүйенің қазақ жазушылары мен ақындарының өмірі мен шығармашылығына ықпалын анықтайды.
15) қазақ кәсіби театрының дамуын зерттеу арқылы өнер саласындағы жаңғыртуды талдау;	1) Қазақ театрының шығу тегі мен даму ерекшеліктерін анықтайды; 2) Қазақстан кәсіби театрының кеңестік кезеңдегі ең маңызды жетістіктерін көрсетеді..
16) режиссер Ш.Аймановтың оның дамуына қосқан үлесін бағалай отырып, қазақ киносының пайда болу және даму процесін зерттеу;	1) Қазақ киносының шығу тегі мен ерекшеліктерін анықтайды; 2) кеңестік киноның бейнеленген шындығына баға береді; 3) қазақ кинорежиссері Ш.Аймановтың дамуына қосқан үлесін бағалайды.
17) композиторлар мен суретшілердің дамуына қосқан үлесін бағалай отырып, кеңестік кезеңдегі Қазақстанның музыка өнерінің жанрларын зерттеу;	1) Кеңестік кезеңдегі Қазақстан өнеріндегі музыкалық жанрлардың дамуын талдайды; 2) еңбек сіңірген композиторлар мен өнер қайраткерлерінің Қазақстанның музыка өнерінің дамуына қосқан үлесін бағалайды.
	1) Қазақ авторларының бейнелеу өнері шығармаларындағы

		<p>18) Ә.Қастеевтің қазақ бейнелеу өнерінің дүниеге келуіндегі рөлін анықтау;</p>	<p>қоғамдық өмірдің көрінісін талдайды; 2) Ә.Қастеев шығармаларының әлемдік өнердегі орнына баға береді..</p>
<p>Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет</p>	<p>19) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттары мен жанрларын сипаттау;</p>		<p>1) Қазақстан мәдениетіндегі жаңа бағыттар мен жанрлардың ерекшеліктерін айқындайды; 2) халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялау процесінің маңыздылығын сипаттайды.</p>
	<p>20) Қазақстан Республикасының өнер саласындағы басымдықтарын талдайды;</p>		<p>1) Қазақстандағы өнер саласындағы жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындайды; 2) қазақ қоғамындағы өнердің жаңа жанрларына деген сұранысты негіздейді; 3) қазақ өнерінің халықаралық мәдени кеңістіктегі орнын бағалайды..</p>
	<p>21) қазіргі Қазақстанның халық қолданбалы өнерінің даму перспективаларын айқындайды;;</p>		<p>1) Өткен және қазыргы қазақ қоғамының халық қолөнерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарының салыстырмала талдау арқылы айқындайды; 2) халық қолөнерінің даму деңгейін кәсіпкерлік түрі ретінде бағалайды; 3) жаңа Қазақстан халықтық-қолданбалы өнер дамыту перспективалы болжайды .</p>
			<p>1) Тарихи-мәдени сәулет мұрасын сақтау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын сипаттайды; 2) Тәуелсіз Қазақстанның сәулет өнерінің</p>

		22) Қазіргі Қазақстанның казак сәулет өнерінің ерекшеліктерін анықтау.	ерекшеліктерін анықтайды; 3) Қазақстанның киелі ескерткіштерінің туристік сипаттамасын құрастырады..
Өркениет: экономикалық дамудың ерекшеліктері	Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	1) Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін анықтау;	1) Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық фактордың әсерін айқындайды; 2) көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін сипаттайды;
		2) Этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау;	1) Этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын талдайды; 2) қазақтардың дәстүрлі қолөнерімен және кәсіптерінің өзара байланысын айқындай отырып, Қазақстанның қазіргі заманғы қолөнерін зерттейді
		3) Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына Ұлы Жібек жолының тигізген рөлін талдау;	1) Сауда қатынастарына қатысушы елдердің шаруашылық-мәдени алмасуы мен дипломатиясындағы Ұлы Жібек жолының маңыздылығын айқындайды; 2) Ұлы Жібек жолының Қазақстан қалаларының пайда болуы мен дамуындағы рөлін бағалайды; 3) Ұлы Жібек жолының құлдырау себептерін талдайды;
		4) отырықшы және көшпелі өркениет	1) Сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттайды;

		арасындағы өзара байланыстарды сипаттау	2) дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтайды.
	Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	5) XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау	1) Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдайды; 2) XX ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң және теріс факторларын бөліп көрсетеді.
		6) Қазақстан Республикасы экономикасының ерекшеліктерін анықтау арқылы, даму кезеңдерін талдау	1) Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасының даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттайды; 2) мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнына және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына салыстырмалы талдау жүргізеді;
Саяси-құқықтық процестер	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	1) Қазақстан территориясындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу ;	1) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру процесін түсіндіреді; 2) Қазақстан аумағында халықтың этникалық құрамының өзгеру себептерін айқындайды; 3) Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін сипаттайды.
		2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін сипаттау;	1) Қазақстанның полиэтникалық қоғамын қалыптастыру процесін түсіндіреді; 2) этностардың өзара мәдени байланыстарының ерекшеліктерін айқындайды.

	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	3) этносаралық, конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін бағалау.	<p>1) Көші-қон саясатының ерекшеліктерін айқындайды;</p> <p>2) Заңнамалық актілер мен бағдарламалар негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіреді;</p> <p>3) Қазақстандағы этносаралық тұрақтылықтың негізгі факторларын сипаттайды.</p>
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстанның қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау;	<p>1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды;</p> <p>2) Қазақ хандығының құқықтық ережелерінің маңыздылығын бағалайды;</p> <p>3) ежелгі және ортағасырлық ойшылдардың көзқарастарының қазіргі уақыттағы өзектілігін анықтайды.</p>
		2) тарихи тұлғалардың Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалау;	<p>1. "Зарзаман" өкілдерінің негізгі идеяларын түсіндіреді;</p> <p>2. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдайды;</p> <p>3. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына қосқан үлесін бағалайды.</p>
			<p>1) "Алаш" ұлттық идеясының біріктіруші рөлін айқындайды;</p> <p>2) ұлттық зиялы қауымның қазақ мемлекеттілігін дамыту жолдары туралы</p>

	"Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея	3) "Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін айқындау;	қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырады; 3) қазақ зиялыларының Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына қосқан үлесін бағалайды.
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	4) "Мәңгілік Ел" идеясының біріктірушілік құндылықтарының маңыздылығын анықтау.	1) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеяның негізгі құндылықтарын талдайды; 2) мемлекеттің идеология саласындағы саясатын " Мәңгілік Ел Патриоттық актісін" зерделеу негізінде түсіндіреді; 3) "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші рөлін бағалайды.
	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	1)Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу;	1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды; 2) XVIII - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттарын анықтайды; 3) Қазақстан ғалым-зерттеушілерінің еңбектерінің құндылығын айқындайды .
	XIX-XX ғасырлардағы Қазақстанда	2) XIX - XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында білім беру мекемелерінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты талдау;	1) XIX - XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында білім беру мекемелерінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіреді; 2) білім беру мекемелерін олардың қызметінің ерекшелігіне қарай сипаттайды. 1) Қазақстандағы кеңестік білім беру және ғылым жүйесін дамытудың негізгі кезеңдерін сипаттайды;

Білім мен ғылымның дамуы	ғы білім мен ғылымның дамуы	3) Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің реформаларын және ғылымның дамуын талдау;	2) Қазақстандағы кеңестік білім және ғылым жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдайды; 3) Қазақ КСР Ғылым академиясының Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлін айқындайды; 4) Қазақстанның көрнекті ғалымдарының кеңестік кезеңдегі ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалайды.
	Қазіргі кезеңдегі қазақстандық білім және ғылым жүйесі	4) әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау	1) Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерделеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың алғышарттары мен маңызын айқындайды; 2) Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялаудың негізгі бағыттарын сипаттайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
68 - қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқудың мақсаты – білім алушылардың оқу барысында алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын көркемөнер-технологиялық бағыттағы маманның кәсіби құзыреттілігіне қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда кәсіби маңызды психофизикалық қасиеттерді, арнайы білімді, дағдыларды қалыптастыру;

2) өмірлік және кәсіби мақсаттарға жету үшін үйде, отбасында және жұмыста дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды шығармашылықпен пайдалану тәжірибесін жинақтау;

3) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

4) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

5) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

6) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

7) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

8) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

9) теорияны зерделеу кезінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

10) болжанатын (болашақ) кәсіпті таңдау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

Дене шынықтыру пәнін өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және талдаудың басталуы", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 11 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

3-бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.

6-бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі.

7-бөлім. Гимнастика, көркем гимнастика.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10-бөлім. Жүзу.

11-бөлім. Туризм.

12-бөлім. Фитнес мәдениеті.

Пәннің негізгі мазмұны:

1-бөлім. "Дене шынықтыру" пәндегі қауіпсіздік техникасы. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау. Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы. Жеке гигиена. Шынығу. Тамақтану және тамақтану режимі. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Қазіргі қоғамдағы дене шынықтыру және спорт. Салауатты өмір салты және оның компоненттері. Жеке гигиена

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

3-бөлім Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру. Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6-бөлім. Үстел теннисі

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7-бөлім. Гимнастика.

Қауіпсіздік техникасы. Жаттығуларды орындаудағы сақтандырудың рөлі. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы). Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Аэробты гимнастика. Жаттығу кешенінің негізгі элементтері. Қауіпсіз техника. Ритмикалық гимнастика кешені: жылыту жаттығулары, қарқынды жаттығулар, қалпына келтіру. "Тік соққы жүктемесі": соққысыз, төмен соққы, жоғары соққы. "Степ-тач", "Марш", "Кросс-степ", "Грейн вайн". Күш жаттығуларының кешені. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері. Асық ату. Бестас. Тоғызқұмалақ. Қазақша-күрес. Ұлттық ойындардың түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері. Ойын техникасы. Ойынның тактикалық әрекеттері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Қозғалыс түрлері. Бұрылу түрлері. Көтерілу түрлері. Жартылай конькимен сырғанау. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау. Ауыспалы конькимен сырғанау. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау. Тиісті іс-шараларға арналған жылыту және қалпына келтіру әдістері. Қашықтықты өту тактикасының негіздері. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Сырғанаудың негізгі әдістері. Бұрылыстар. Тежеу. Артқа сырғанау. Сырғанау.

10-бөлім. Жүзу. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар. Құрғақ жүзу. Жүзу техникасын қою. Денені айналдыру және тыныс алу. Сырғанау және тепе-теңдік. Жүзу стильдері. Артпен жүзу. Жүзу. Брасс. Жүзу. Соңғы жүзу 50 м. еркін стильде.

11-бөлім. Туризм. Туризм ережелері. Түйіндер. Өткелдер. Жарақат кезіндегі алғашқы көмек. Шатыр орнату. Карталар. Компас. Өрт түрлері.

12-бөлім. Фитнес мәдениеті. Фитнес мәдениетінің тарихы. Қазіргі фитнес мәдениеті. Фитнес сәні. Фитнес қозғалыс белсенділігінің заманауи түрі ретінде. Түрлі фитнес-тренинг бағыттары (йога, стретчинг, пилатес, табата және басқалар).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту;

5) Жұмыс жаттығуларының бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, қысқы спорт түрлерін рекреациялық жүгірумен және басқа аэробтық жаттығулармен ауыстыру ұсынылады;

6) Жүзумен айналысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүзу бағдарламасын іске асыруға бөлінген уақыт педагогикалық кеңестің шешімімен спорттық ойындар, гимнастика бойынша дағдыларды одан әрі жетілдіруге пайдаланылады.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 120 сағатты (5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 Бөлім. Дене шынықтыру туралы білім			
1.1. Жалпы мәдени және кәсіптік дайындықтағы дене шынықтыру.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Тұлға дамуы мен оны кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы дене мәдениетінің әлеуметтік рөлі.			
Тақырып 1.1.2. Қазақстанда дене			

шынықтыру мен спорттың даму тарихы.			
Тақырып 1.1.3. Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің негізгі бөлігі ретінде.			
Тақырып 1.1.4. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері.			
Тақырып 1.1.5. Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің негізгі бөлігі ретінде.			
Тақырып 1.1.6. Спорт және өнер.			
2 Бөлім. Жеңіл атлетика.			
2.1. Жеңіл атлетика жаттығулары.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.1.2. Төменгі старт.			
Тақырып 2.1.3. Орта қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.1.4. Жоғары старт.			
Тақырып 2.1.5. Ұзақ қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.1.6. Мәреге жету техникасы.			
Тақырып 2.1.7. Ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.1.8. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.1.9. Граната лақтыру.			
Тақырып 2.1.10. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.			
3 Бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.			
3.1. Футбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+

Тақырып 3.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 3.2 Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допты иелену техникасының негізгі элементтерін дамыту.			
Тақырып 3.3 Допты иелену.			
Тақырып 3.4 Ойыншылардың шабуыл мен қорғаныстағы жеке әрекеттері.			
Тақырып 3.5 Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері.			
Тақырып 3.6 Екі жақты ойын. Төрелік ойындар футбол.			
4 Бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.			
4.1. Волейбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 4.1.2. Ойыншылардың қозғалысы.			
Тақырып 4.1.3. Волейболшының ұстанымы.			
Тақырып 4.1.4. Допты жоғарыдан беру.			
Тақырып 4.1.5. Допты төменнен беру.			
Тақырып 4.1.6. Допты беру.			
Тақырып 4.1.7. Допты берудегі қабылдау.			
Тақырып 4.1.8. Шабуыл әрекеттері.			

Тақырып 4.1.9. қорғаныстағы ойын.			
Тақырып 4.1.10. допты жоғарыдан екі қолмен қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқу волейбол ойыны.			
Тақырып 4.1.11 қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын.			
4.1.12 Волейбол ойындарына төрелік.			
5 Бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.			
5.1. Баскетбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 5.1.2. Ойыншылардың қозғалысы.			
Тақырып 5.1.3. Шабуылда ойнау техникасы.			
Тақырып 5.1.4. Қорғаудағы ойын техникасы.			
Тақырып 5.1.5. Допты қозғалыста беру.			
Тақырып 5.1.6. Допты ұстап алу және қағу.			
Тақырып 5.1.7. Еркін лақтыру.			
Тақырып 5.1.8. Баскетбол ойынына төрешілік ету.			
6 Бөлім. Үстел теннисі.			
6.1. Үстел теннисінің негізгі ережелер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. үстел теннисі. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 6.1.2. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс.			
Тақырып 6.1.3. Берулер мен қабылдаулар.			

7 Бөлім. Гимнастика.			
7.1. Гимнастикалық жаттығулар	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты , дене шынықтыру паузасы)			
Тақырып 7.1.2. Сауықтыру гимнастикасының элементтері			
Тақырып 7.1.3. Аэробты гимнастика. Жаттығу кешенінің негізгі элементтері. Қауіпсіз техника.			
Тақырып 7.1.4. Ритмикалық гимнастика кешені: жылыту жаттығулары, қарқынды жаттығулар, қалпына келтіру.			
Тақырып 7.1.5. "Тік соққы жүктемесі": соққысыз, төмен соққы, жоғары соққы.			
Тақырып 7.1.6. "Степ-гач", "Марш", "Кросс-степ", "Грейн вайн".			
Тақырып 7.1.7. Күш жаттығуларының кешені.			
Тақырып 7.1.8. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар.			
Тақырып 7.1.9. Өндірістік гимнастиканың элементтері			
Тақырып 7.1.10. Спорттық гимнастиканың элементтері			
Тақырып 7.1.11. Сауықтыру			

гимнастикасының элементтері			
8 Бөлім. Ұлттық спорт түрлері.			
8.1. Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Тоғызқұмалақ. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырып 8.1.2. Тоғызқұмалақ шабуылдың техникалық-тактикалық әрекеттері.			
Тақырып 8.1.3. Тоғызқұмалақ. Қорғаудың техникалық-тактикалық әрекеттері.			
Тақырыбы 8.1.4. Асық ату. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері.			
Тақырыбы 8.1.5. Асық ату. Техникалық-тактикалық іс-әрекеттер.			
Тақырып 8.1.6. Бестас. Ойын ережелері.			
Тақырып 8.1.7. Ашық ойындардағы Ұлттық ойындардың элементтері.			
Тақырыбы 8.1.8. қазақша-күрес. Негізгі ережелер.			
Тақырыбы 8.1.9. қазақша-күрес техникасы.			
9 Бөлім. Қысқы спорт түрлері.			
9.1. Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы.	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Шаңғы спорты. Қауіпсіздік техникасы. Бір мезгілде екі сатылы конькимен сырғанау.			

Тақырып 9.1.2. Шаңғы спорты. Жартылай конькимен жүгіру.			
Тақырып 9.1.3. Шаңғы спорты. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.4. Шаңғы спорты. Ауыспалы конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.5. Шаңғы спорты. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау.			
Тақырып 9.1.6. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Конькимен сырғанаудың негізгі әдістері.			
Тақырып 9.1.7. Конькимен жүгіру. Бұрылыстар.			
Тақырып 9.1.8. Конькимен жүгіру. Тежеу.			
Тақырып 9.1.9. Конькимен жүгіру. Артқа сырғанау.			
Тақырып 9.1.10. Конькимен жүгіру. Айналым сырғанау.			
10 Бөлім. Жүзу.			
10.1. Жүздегі негізгі ережелер.	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар.			
Тақырып 10.1.2. Құрғақ жүзу.			
Тақырыбы 10.1.3. Жүзу техникасын қою.			
Тақырып 10.1.4. Өзекті айналдыру және тыныс алу.			
Тақырып 10.1.5. Сырғанау және тепе-теңдік.			

Тақырып 10.1.6. Жүзу стильдері.			
11-бөлім. Туризм.			
11.1. Дене шынықтыру жүйесіндегі туризм.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Туризм. Туризм ережелері. Жарақаттарға алғашқы көмек.			
Тақырып 11.1.2. Шатырды орнату. Карталар. Компас. От жағу түрлері.			
12 бөлім. Фитнес мәдениеті.			
Фитнес индустриясы.			
Тақырып 12.1 Фитнес мәдениетінің даму тарихы.			
Тақырып 12.2 Заманауи фитнес мәдениеті. Фитнес сәні.			
Тақырып 12.3 Түрлері фитнес-тренинг бағыттары (йога, пилатес, табата және тағы басқалар).			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлімнің атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Дене шынықтыру туралы білім	Дене шынықтыру туралы білім	<p>1) Жеке тұлғаны дамытудағы және кәсіби қызметке дайындықтағы дене шынықтырудың рөлін түсіну;</p> <p>2) дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасын және салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігін, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек</p>	<p>1) Жалпы мәдениет ұғымындағы дене шынықтырудың орнын түсіндіреді;</p> <p>2) дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді;</p> <p>3) спорт залдарында, стадионда, бассейнде, мұз айдынында және спорт алаңдарында қауіпсіздік техникасының талаптарын және мінез-құлық қағидаларын орындайды;</p> <p>4) физикалық қасиеттерді жақсарту үшін салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігін түсіндіреді;</p>

		көрсетудің негіздері мен қағидаттарын түсіндіру.	5) түрлі жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі (медициналық) алғашқы көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттарын тізімдейді; 6) әртүрлі жарақаттар мен қан кетулердің тән белгілерін айқындайды.
		2) Жеке гигиена, ұтымды тәуліктік режим, оның денсаулық пен жұмысқа қабілеттілікке әсері, қатаю туралы түсіндіру; 3) жаман әдеттерді және олардың адам денсаулығына әсерін анықтау.	1) Жеке гигиена қағидаларын, ұтымды тәуліктік режимді, оның денсаулық пен жұмысқа қабілеттілікке әсерін біледі және орындайды; 2) зиянды әдеттерді және олардың адам денсаулығына әсерін анықтайды және тізімдейді.
		1) Спорттың эстетикалық көрінісі туралы түсінікке ие болу.	1) Спорт алаңдарын, снарядтарды, спорттық атрибуттарды, спортшылардың костюмдерін және т. б. эстетикалық безендіруді түсіндіреді.
Жеңіл атлетика	Жеңіл атлетика жаттығулары	1) Дене шынықтыру сабақтарында жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіру; 2) жалпы дамытушы және арнайы-жүгіру жаттығуларын орындау;	1) Дене шынықтыру пәнінде жеңіл атлетиканың қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) жеңіл атлетикамен айналысу кезінде спорт залдарында және стадионда қауіпсіздік техникасының талаптарын және мінез-құлық қағидаларын орындайды; 3) Дене шынықтыру пәнінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) дене жаттығуларын орындаудың тиімділігін бағалайды; 5) жарақаттанудың физиологиясы мен алдын алу негіздерін түсіндіреді; 6) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық

		<p>жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдық жай-күйін талдайды;</p> <p>7) арнайы жүгіру жаттығуларын орындау кезінде техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындайды;</p> <p>8) жалпы дамыту және арнайы жүгіру жаттығуларын ажыратады.</p>
	<p>3) орта және алыс қашықтыққа жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты меңгеру;</p>	<p>1) Қысқа, орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру фазаларын ажыратады;</p> <p>2) орта және алыс қашықтықтарға жүгіруде техникалық-тактикалық дайындықты қолданады;</p> <p>3) орта және алыс қашықтыққа жүгіру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды;</p> <p>4) төмен және жоғары старт техникасын ажыратады.</p>
	<p>4) Орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа секіру техникасын меңгеру.</p>	<p>1) Орнынан ұзындыққа секіру және жүгіруден ұзындыққа секіру фазаларын ажыратады;</p> <p>2) орнынан ұзындыққа секіру техникасын және жүгіруден ұзындыққа секіру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды;</p> <p>3) орнынан ұзындыққа және жүгіруден ұзындыққа секіруде техникалық-тактикалық дайындықты пайдаланады.</p>
		<p>1) Граната лақтыру фазаларын және ядроның итеру фазаларын анықтайды;</p>

		5) Граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру.	2) граната лақтыру техникасын және ядроны итеру техникасын меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) граната лақтыруда және ядроны итеру техникасында техникалық-тактикалық дайындық элементтерін орындайды.
		6) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын меңгеру.	1) Эстафеталық таяқшаны беру техникасын түсіндіреді және орындайды.
Спорттық ойындар. Футбол	Футбол ойынның негізгі ережелері	1) дене шынықтыру сабақтарында спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) футбол спорт түрлері бойынша ойын ережелерін түсіну;	1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) футбол ойынының ережелерін тізімдейді 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің кимылдарын ажыратады.
		3) Футбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру;	1) Футболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу); 2) футболда техникалық-тактикалық жаттығуларды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және футболдағы ойын

			жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) футболда техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (қозғалу, допқа ие болу, қорғаныс пен шабуылда әрекет ету қақпасына соғу).
		4) Футболдағы ережелерді түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.	1) Футболдағы ережелерді түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.
Спорттық ойындар. Волейбол	Волейбол ойынның негізгі ережелері	1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) спорт түрлері бойынша ойын ережелерін білу (волейбол);	1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы мінез-құлық қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері (волейбол) бойынша ойын ережелерін тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.
		3) Волейбол ойнауға техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.	1) Волейболдағы техникалық әрекеттерді ажыратады (қозғалыстар, берілістер, допты қабылдау, қорғаныстағы және шабуылдардағы әрекеттер); 2) волейболдағы техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және волейболдағы ойын

			жағдайындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) волейболда техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қимылдарды, берілістерді, допты қабылдауды, қорғаудағы және шабуыл жасаудағы іс-қимылдарды) орындайды.
		4) Волейбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.	1) Волейбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.
Спорттық ойындар. Баскетбол	Баскетбол ойынының негізгі ережелері	1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша техника қауіпсіздігі қағидаларын түсіндіру; 2) спорт (баскетбол) бойынша ойын ережелерін түсіну.	1) Дене шынықтыру пәнінде спорттың ойын түрлері бойынша қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) спорттың ойын түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасының талаптарын және спорт залдарындағы тәртіп қағидаларын орындайды; 3) спорттық ойындар сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды. 4) спорт түрлері бойынша ойын ережелерін (баскетбол) тізімдейді; 5) спорттық ойындардың тарихы мен даму кезеңдерін ашады; 6) ойын спортындағы төрешілердің қимылдарын ажыратады.
		3) Баскетбол ойнауға техникалық және	1) Баскетболдағы техникалық әрекеттерді (қозғалыс, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер, финттер) ажыратады; 2) баскетболда техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды;

		<p>тактикалық дайындықты меңгеру;</p>	<p>3) әдістерді орындау техникасындағы және Баскетболдағы ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) баскетбол бойынша техникалық және тактикалық іс-қимылдарды (қозғалыстар, жүргізу, Пас беру, сақинаға лақтыру, қорғаныстағы және шабуылдағы іс-қимылдар, финттер) орындайды.</p>
		<p>4) баскетбол ережелерін түсіндіріп, ойында төрелік ете білу.</p>	<p>1) Баскетбол ережелерін түсіндіреді және ойында төрелік етуді біледі.</p>
<p>Спорттық ойындар. Үстел теннисі</p>	<p>Үстел теннисінің негізгі ережелері</p>	<p>1) Үстел теннисі ойынына техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру.</p>	<p>1) Үстел теннисіндегі техникалық әрекеттерді ажыратады (стендтер мен қозғалыстар, аландар мен тәсілдер, қорғаныстағы және шабуылдағы әрекеттер); 2) үстел теннисіндегі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды меңгеру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 3) әдістерді орындау техникасындағы және үстел теннисіндегі ойын жағдайларындағы қателіктерді түсіндіреді; 4) үстел теннисінде техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді орындайды (стендтер мен қозғалыстар, беру және қабылдау, қорғау және шабуыл жасау әрекеттері).</p>
<p>Гимнастика, ритмикалық гимнастика</p>	<p>Гимнастикалық жаттығулар</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастика бойынша қауіпсіздік техникасын түсіндіруге</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде гимнастикадағы қауіпсіздік техникасын түсіндіреді; 2) гимнастикадағы қауіпсіздік техникасының талаптарын, спорт залдарындағы тәртіп ережелерін орындайды;</p>

		міндетті; 2) сауықтыру гимнастикасының элементтерін орындау;	3) гимнастика сабақтарында гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) сауықтыру гимнастикасының элементтерін анықтайды және орындайды.
		3) аэробты Гимнастика жаттығулары кешенінің негізгі элементтерін орындауға; гимнастикадағы саптық, жалпы дамыту, қолданбалы және акробатикалық жаттығуларға.	1) Ритмикалық гимнастика элементтерін, өндірістік гимнастика элементтерін, спорттық гимнастика элементтерін және сауықтыру гимнастикасы элементтерін ажыратады және орындайды; 2) жылыту, қарқынды және қалпына келтіру жаттығуларын ажыратады; 3) гимнастика терминдерін атайды.
		4) Гимнастикалық снарядтарда негізгі жаттығуларды орындау.	1) "Степ-тач", "Марш", "кросс-степ", "Грейн вайн" қадамдарын айқындайды; 2) арнайы құрылған жаттығулар кешенін орындау процесінде негізгі техникалық-тактикалық іс-қимылдарды қолданады; 3) гимнастикалық снарядтардағы жаттығулардың орындалуын көрсетеді.
Ұлттық спорт түрлері	Ұлттық ойындардағы қауіпсіздік ережелері мен әдістері	1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы мен ойын ережесін түсіндіру.	1) Дене шынықтыру пәнінде ұлттық спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді; 2) ұлттық спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында жүріс-тұрыс қағидаларын орындайды; 3) оқу ойындарын өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) ұлттық спорт түрлеріндегі ойын

			<p>ережелерін түсіндіреді (тоғызқұмалақ, асық ату);</p> <p>5) ұлттық спорт түрлерінің тарихы мен даму кезеңдерін ашады;</p> <p>6) ұлттық спорт түрлеріндегі қателіктерді түсіндіреді.</p>
		<p>2) Ұлттық спорт түрлерінде техникалық-тактикалық іс-қимылдарды орындау.</p>	<p>1) Тоғызқұмалақ ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады;</p> <p>2) асық ату ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды ажыратады;</p> <p>3) сабақта ойын жағдайларында ұлттық спорт түрлерінде ойнау дағдыларын көрсетеді;</p> <p>4) қазақша күрестің күрес элементтерін көрсетеді.</p>
Қысқы спорт түрлері	Қысқы спорт түрлеріндегі қауіпсіздік ережелері мен техникасы	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде шаңғы және конькимен жүгіру спортынан қауіпсіздік техникасын түсіндіру;</p>	<p>1) Дене шынықтыру пәнінде қысқы спорт түрлері бойынша Қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіндіреді;</p> <p>2) қысқы спорт түрлері бойынша техника қауіпсіздігі талаптарын және спорт залдарында және көшеде жүріс-тұрыс ережелерін орындайды;</p> <p>3) сабақтарды өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды.</p>
		<p>2) шаңғымен жүру техникасын түсіндіру.</p>	<p>1) Шаңғымен жүру техникасын ажыратады: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанау;</p> <p>2) шаңғымен: конькимен және жартылай конькимен, көлденең және бір мезгілде конькимен сырғанаумен қозғалу техникасын орындайды;</p> <p>3) ағзаның функционалдык</p>

			жай-күйін және физикалық жұмысқа қабілеттілігін бағалайды.
Жүзу	Жүзудегі негізгі ережелер	1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасын түсіндіру; 2) жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды меңгеру.	1) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасы қағидаларын тізімдейді; 2) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта қауіпсіздік техникасының талаптарын орындайды; 3) Дене шынықтыру пәнінде бассейнде және құрлықта сабақ өткізу кезінде гигиеналық ережелерді сақтайды; 4) сауықтыру әсеріне қол жеткізу және физикалық жағдайларын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалдық жай-күйін айқындайды; 5) жүзу техникасын жетілдіру үшін жеткізу жаттығуларын орындайды; 6) жүзушілерге арналған арнайы жаттығуларды орындайды.
		3) Жүзу техникасын меңгеру.	1) Жүзу стильдерін ажыратады; 2) дұрыс тыныс алуды және суда ұстауды біледі; 3) "кеудемен жүзудегі", "шалкалап жүзудегі", "брасс" тәсілдерімен жүзу техникасын ажыратады.
Туризм	Дене тәрбиесі жүйесіндегі Туризм	1) Туризм саласының мүмкіндіктерін және оның ережелері туралы түсіндіру; 2) шатыр орнату дағдыларына ие болу.	1) Туризм түрлерін және оның ережелері туралы біледі және ажыратады; 2) карталарды, компасты түсіндіреді және қолданады.
		1) Фитнес мәдениетінің даму тарихы туралы түсінікке ие болу;	1) Қазіргі фитнес мәдениетінің бағыттарын түсіндіреді;

Фитнес мәдениеті	Фитнес индустрия	2) фитнес-тренинг бағыттарының түрлерін ажырату.	2) фитнес сәніндегі трендтердің дамуын түсіндіреді; 3) йога, пилатес, Табата және т. б.
------------------	------------------	--	--

4 тарау. Білім алушылардың дене дайындығы деңгейлерінің кестесі

(ұлдар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	X (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
Жүгіру 30 м	4,9	5,6	5,5 – 5,3	5,2 – 4,6	4,5 -4,3	4,2
Орнынан ұзындыққа секіру	213	190	191 - 201	202 – 224	225 - 235	236
Допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	611,0	434,0	435,0 - 522,0	523,0 – 699,0	700,0 – 785,0	786,0
Шаттл жүгірісі 3x10	8,3	9,1	9,0 – 8,7	8,6 –7,8	7,7 -7,4	7,3
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	42,0	33,0	34,0 –37,0	38,0 -46,0	47,0 – 50,0	51,0

(қыздар)

Сынақ түрлері	Дене шынықтыру деңгейлері					
	X (орташа)	төмен	орташадан төмен	орташа	орташадан жоғары	жоғары
Орнынан ұзындыққа секіру	5,4	6,3	6,2 – 5,9	5,8 – 5,0	4,9 -4,6	4,5
допты екі қолмен бастың үстінен лақтыру	170,0	146	147 -160	161 – 181	182 – 194	195
Шаттл жүгірісі 3x10	497,0	372,0	373,0 – 434,0	435,0 – 559,0	560,0 – 621,0	622,0
Қылқалам динамометриясы (оң жақ)	9,1	10,0	9,9 – 9,6	9,5 –8,6	8,5 –8,1	8,0
Орнынан ұзындыққа секіру	26,0	19,5	20,0 –22,5	23,0 -29,0	29,5 – 32,0	32,5

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқыту мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

- 1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;
- 2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;
- 3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;
- 4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;
- 5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;
- 6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

4. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні 12 бөлімнен тұрады: "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери

құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері", "Атыс дайындығы" (2), "Технологиялық дайындық", "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" және "Оқу-далалық (лагерлік) жиыны".

Бөлімдерді, кіші бөлімдер мен тақырыптарды құрастыру кезінде білім алушылардың Қарулы Күштердегі идеологиялық жұмыстың мәдени құрамдас бөлігінің мәнін қалыптастыру үшін тақырыптарды тереңдетіп оқытатын кадрларды даярлау бағытының кәсіби ерекшелігі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің рәміздері мен белгілі бір кәсіби дағдылар үшін әскери атрибуттарды көркемдік-эстетикалық қабылдау ескерілді.

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің негізгі мазмұны:

1) Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны;

2) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қорғаныс қабілеті, қауіпсіздік, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтері;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттері;

4) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, оларға тән белгілері. Қазіргі әлемде лаңкестік қауіптердің күшеюінің себептері;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері;

6) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары –Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарылармен тілдесу ережелері;

7) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалар;

8) Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техникасы. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері;

9) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеуі;

10) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы;

11) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау – Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары;

Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Тамақтану	1) Фотосинтез процестерінің ерекшеліктерін және хлоропласт функцияларын талдау; 2) ферменттердің белсенділігіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтау; 3) фотосинтезге әртүрлі факторлардың әсерін анықтау.	1) Хлоропластың құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнатады; 2) фотосинтездің Жарық фазасында жүретін процестерді түсіндіреді; 3) фотосинтездің шектеуші факторларын зерттейді және түсіндіреді.
Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Заттарды тасымалдау	1) Заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерін жүйелеу; 2) заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің механизмін түсіндіру.	1) Пассивті және белсенді тасымалдау механизмдерін салыстырады; 2) жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің механизмін салыстырады; 3) мембраналық потенциалды сақтаудағы белсенді тасымалдаудың рөлін анықтайды.
			1) Адензинтрифосфаттың (АТФ) құрылымы мен қызметін сипаттайды;

Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Тыныс алу	1) Аденозинтрифосфаттың (АТФ) мәнін түсіндіру; 2) жасушалық тыныс алу механизмін талдау.	2) аэробты және анаэробты тыныс алудағы АТФ синтезін салыстырады; 3) митохондрия құрылымы мен жасушалық тыныс алу процестерінің өзара байланысын орнатады.
Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Выделение	1) Адамның қанын тазарту процесінде бүйрек қызметін талдау; 2) бүйрек функциясының бұзылу себептерін түсіндіру.	1) Зәрді сүзу және қалыптастыру механизмін түсіндіреді; 2) организмдегі су деңгейін реттеудегі антидиуретикалық гормонның (ADH) рөлін түсіндіреді; 3) диализ механизмін түсіндіреді; 4) бүйрек трансплантациясы мен диализдің артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Жасуша циклі. Өсу және көбею	1) Тірі организмдердің көбеюі мен дамуындағы жасушалық циклдің маңыздылығын анықтау; 2) онкологиялық аурулардың алдын алу шараларын түсіндіру.	1) Дайын микропрепараттар арқылы митоздың фазаларын зерттейді; 2) өсімдіктер мен жануарларда гаметалардың түзілу ерекшеліктерін түсіндіреді; 3) адамдағы гаметогенездің схемасын талдайды; 4) жасушалардың бақыланбайтын бөлінуімен онкологиялық ісіктердің пайда болуын түсіндіреді; 5) қартаю процесін түсіндіреді.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Өсу және даму	1) Медицинада бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіру.	1) Бағаналы жасушаларының мамандану процесін түсіндіреді; 2) бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіреді.

<p>Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму</p>	<p>Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>1) Міндеттерді шешу арқылы тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын түсіндіру ; 2) мутациялардың дамуына техногендік органың әсерін түсіндіру; 3) мутациялардың себептері мен салдарын талдау.</p>	<p>1) Модификациялық өзгергіштік заңдылықтарын зерттейді ; 2) дигибридті қиылысудың цитологиялық негіздерін, жынысқа байланысты белгілерді мұрагерлікті және есептерді шешуде көп аллелизмді қолданады; 3) аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстырады; 4) "Адам геномы" жобасының маңыздылығын талқылайды.</p>
<p>Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы мен қызметі және эволюциялық дамуы</p>	<p>Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі организмдердің алуан түрлілігі.</p>	<p>1) Эволюция теориясының негізгі ережелерін түсіндіру; 2) эволюция механизмін түсіндіру; 3) түрленудің тәсілдері мен механизмдерін зерделеу; 4) антропогенез кезеңдерін зерттеу.</p>	<p>1) Тұқым қуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы байланысты түсіндіреді; 2) эволюция процесіне әсер ететін факторларды талдайды; 3) климаттың ықтимал жаһандық жылынуының салдарын болжайды; 4) спецификация әдістерін атайды; антропогенез кезеңдері; 5) түрленудің негізгі тетіктерін жіктейді.</p>
<p>Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі</p>	<p>Үйлестіру және реттеу</p>	<p>1) Үйлестіру және реттеу механизмін түсіндіру; 2) биологиядағы басқару жүйелерін түсіндіру.</p>	<p>1) Биологиядағы басқару жүйелерін сипаттау; 2) гормондардың әсер ету механизмін түсіндіреді; 3) механорецепторлардың (Пачини денелерінің) тітіркендіргіштерге реакциясын сипаттайды.</p>
		<p>1) Микрографта жолақты бұлшықет тінінің</p>	<p>1) Жолақты бұлшықеттердің ультрақұрылымын түсіндіреді; 2) жылжымалы жіп теориясы арқылы бұлшықеттің жиырылу механизмін түсіндіреді;</p>

Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Қозғалыс	ультрақұрылымын түсіндіру; 2) бұлшықет функцияларын салыстыру.	3) жылдам және баяу бұлшықет талшықтарын ажыратады; 4) жылдам және баяу бұлшықет талшықтарының құрылымын, орналасуын және жалпы қасиеттерін байланыстырады.
Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар	Биомедицина және биоинформатика	1) Биология, физика, механика және информатиканың интеграциясын түсіну.	1) Робототехникада биомеханиканың қолданылуын ашады; 2) электрокардиограмманы қолдану арқылы жүректің жұмыс істеу механизмін түсіндіреді; 3) электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсерін түсіндіреді; 4) гендер тізбегіне әсер етпейтін гендерді реттеу механизмдерін зерттеудегі эпигенетиканың маңызы.
Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар	Биотехнология	1) Адам өміріндегі биотехнологияның рөлі мен маңыздылығын бағалау. 1) Микроорганизмдерді анықтау бойынша экспериментті жоспарлау, нәтижелерді сипаттау және қорытындыларды тұжырымдау.	1) Экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКҰ) әдісінің маңыздылығын түсіндіреді. 1) Биотехнологияда қолданылатын тірі организмдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды; 2) таксономиядағы, медицинадағы және криминалистикадағы полимеразды тізбекті реакцияның маңыздылығын сипаттайды; 3) организмдерді клондау тәсілдерін түсіндіреді. 1) Микробиологиялық зерттеулердің кезеңдерін сипаттайды және түсіндіреді; 2) грам оң және грам теріс бактерияларын сипаттайды.

Тірі ағзалар және қоршаған орта	Биосфера, экожүйе, популяция	1) Экологиялық міндеттер мен экологиялық жағдайларды шешу.	1) Биоәртүрлілік пен экожүйенің тұрақтылығы арасындағы байланысты орнатады; 2) статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып, өз өңірінің экожүйелерін далалық жағдайларда зерттейді.
		1) Экологиялық мәдениет негіздері туралы білімді қолдану.	1) Жергілікті экожүйенің биоалуантүрлілігі бойынша презентациялар жасайды.
Тірі ағзалар және қоршаған орта	Экология және адамның қоршаған ортаға әсері	1) Адамның қоршаған ортаға әсерін талдау.	1) Жаһандық климаттың жылынуының салдарын болжайды; 2) Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешу жолдарының мысалдарын келтіреді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
72- қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Дүние жүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Дүние жүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дүние жүзі тарихы" пәнін оқыту мақсаты – дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ғұрыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) тарихи кезеңде өнердің алатын орнын, оның адамзат өміріндегі маңыздылығын, қоғамның алмасу үдерісінің өнерге әсерін анықтап, талдауға үйрету;

4) өнердегі жаңа үрдістер, құндылықтар мен стильдердің мәнін ажырата білуге, білім алушыларды талғампаздыққа тәрбиелеу;

5) білім алушыларды ежелгі өркениеттердің мәдени мұраларымен таныстырып, көзқарастарын кеңейту, оларды сақтап, қорғаудың маңыздылығын түсіндіру;

6) ЮНЕСКО ұйымының әлемдік мәдени мұраларды қорғаудағы қызметі жайлы түсінік беру;

7) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

8) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

9) тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

10) деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

11) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

12) коммуникативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

4. "Дүние жүзі тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "

Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. "Өркениет" және "әлемдік мәдениет" ұғымы. "Өркениет" түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі мәдениет. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары);

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). "Этнос", "этногенез", "ұлт" ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, "ұлттық сана", этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның-мәдени әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы

теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтикалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. "Мемлекет", "билік", "басқару институты" ұғымдары. Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Шыңғыс хан жорықтарының Еуразияның этномәдени дамуына әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Наполеонның Еуропа мәдениетін өзгертуге бағытталған әскери жорықтарының салдары (еуропалық мәдениеттің бет-бейнесін өзгерту, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таралуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революциясы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы "ұлттар көктемі"). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы "барқыт революциясы", Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы "Араб көктемі", бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі "түрлі-түсті революциялар"). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы,

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен ХХ ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары);

5) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері ("экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика және оның мәдениеттің дамуына әсері. Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Мәдени-географиялық фактордың мемлекеттердің экономикалық дамуына әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі;

6) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының мәдени-тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының

тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы ролі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар).

XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның

қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

8) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимназия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	практикалық

1 Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
1.1. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. " Өркениет" түсінігі.			
1.2. Өркениеттердің жіктелуі.			
Тақырып 1.2.1. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлықтүрі: көшпелі ж ә н е отырықшы-егіншілік.			
Тақырып 1.2.2. Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы.			
1.3. Әлем өркениеттерінің тарихы.	+	+	+
Тақырып 1.3.1. Ежелгі әлем өркениеті.			
Тақырып 1.3.2. Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері.			
Тақырып 1.3.3. Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы.			
1.4. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі.	+	+	+
Тақырып 1.4.1. Өркениеттер әрекеттестігінің сауда-экономикалық саласы.			
Тақырып 1.4.2. Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық саласы.			
Тақырып 1.4.3. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси саласы.			

Тақырып 1.4.4. Мәдениеттер диалогі.			
2 Бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер.			
2.1. Антропогенез және этногенез.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Адамның шығу тегі теориялары.			
Тақырып 2.1.2. Этностардың пайда болуы туралы теориялар.			
Тақырып 2.1.3. Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта.			
2.2. Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар.	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.			
Тақырып 2.2.2. Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері.			
2.3. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының мәдени-тарихи формалары.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.			
Тақырып 2.3.2. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.			
3 Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан			
3.1. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары.			
Тақырып 3.1.2. Мемлекет формаларының			

эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін.			
Тақырып 3.1.3. Саяси режимдердің типтері.			
3.2. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Антикалық дәуірдегі әлемдік империялардың мәдениеті.			
Тақырып 3.2.2. Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан орта ғасырларға өтудің бір факторы ретінде.			
Тақырып 3.2.3. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары.			
Тақырып 3.2.4. Еуразияның этномәдени дамуына Шыңғыс хан жорықтарының әсері.			
Тақырып 3.2.5. Наполеонның Еуропа мәдениетін өзгертуге әскери жорықтарының салдары.			
Тақырып 3.2.6. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері.			
3.3. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы.			
Тақырып 3.3.2. Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде.			

Тақырып 3.3.3. Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары.			
4 Бөлім. Мәдениеттің дамуы.			
4.1. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.			
Тақырып 4.1.2. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы. Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу мен сақтаудағы мұражайлардың рөлі.			
Тақырып 4.1.3. Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі.			
4.2. Өнер – қоғам дамуының бейнесі.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Мәдени-тарихи процестер контекстіндегі өнер бағыттары мен стильдері.			
Тақырып 4.2.2. Заманауи өнердің даму тенденциялары.			
4.3. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы.			
Тақырып 4.3.2. Мәдени-тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі. Қоғамның адамгершілік құндылықтарын қайта			

бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың мәдени-тарихи оқиғалары..			
Тақырып 4.3.3. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі.			
5 Бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері.			
5.1. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері.			
Тақырып 5.1.2. Дәстүрлі (аграрлық) экономика.			
Тақырып 5.1.3. Нарықтық экономика және оның мәдениеттің дамуына әсері.			
Тақырып 5.1.4. Жоспарлы социалистік экономика.			
Тақырып 5.1.5. Экономиканың аралас түрлері.			
5.2. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері.	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Мәдени-географиялық факторларға байланысты мемлекеттердің түрлері.			
Тақырып 5.2.2. Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы шектеулі табиғи-географиялық факторларды женудің мәдени-тарихи мысалдары.			
5.3. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық			

даму деңгейі бойынша жіктелуі.	+	+	+
Тақырып 5.3.1. Экономикалық даму деңгейі бойынша әлем елдерін саралау.			
Тақырып 5.3.2. Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары.			
6 Бөлім. Саяси-құқықтық процестер.			
6.1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Құқықтық мемлекет түсінігі.			
Тақырып 6.1.2. Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі.			
Тақырып 6.1.3. Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы.			
Тақырып 6.1.4. Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі.			
6.2. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі.			
Тақырып 6.2.2. Әлем құрылысының постбиполярьлық жүйесі.			
6.3. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.	+	+	+
Тақырып 6.3.1. Мәдени дамудағы халықаралық саясаттың қазіргі заманғы сын-кәтерлері мен қауіптері.			
Тақырып 6.3.2. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда			

мемлекеттердің бірлескен әрекеттері.			
7 Бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы.	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары.			
7.2. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер.			
Тақырып 7.2.1. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы			
Тақырып 7.2.2. Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы			
Тақырып 7.2.3. Н. Мандела –апартеидке қарсы күресуші			
7.3. XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар	+	+	+
Тақырып 7.3.1. Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы.			
Тақырып 7.3.2. Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты".			
Тақырып 7.3.3. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы.			
Тақырып 7.3.4. Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы.			
Тақырып 7.3.5. Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад : "үшінші әлемнен бірінші әлемге".			
Тақырып 7.3.6. Н.Назарбаев және			

модернизацияның қазақстандық моделі.			
Тақырып 7.3.7. Тарихтағы тұлғаның ролі. Көрнекті саясаткер-реформаторлардың оқу-ағарту саласындағы саясаты.			
8 Бөлім. Білім мен ғылымның дамуы.			
8.1. Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде.	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Жазу мен типография – адамзат мәдениетінің ең үлкен жетістігі.			
Тақырып 8.1.2. Құндылықтар-қатынастар, құндылықтар-сапа, құндылықтар-білім.			
Тақырып 8.1.3. Батыс еуропа елдеріндегі XIX-XX ғасырлардағы мектеп пен тәрбие.			
8.2. Ғылыми-техникалық прогресс.	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. Мәдениеттің, ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының дамуына технологиялық факторлардың әсері.			
Тақырып 8.2.2. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары.			
8.3. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.	+	+	+
Тақырып 8.3.1. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар.			
Тақырып 8.3.2. Қазіргі ғылымның перспективті салалары. (робототехника			

, космонавтика, гендік инженерия және тағы басқалар).			
Тақырып 8.3.3. Баспа ісінің тарихы. Полиграфиялық өндірістегі қазіргі заманғы әдістер.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Тарау атауы	Бөлім атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "әлемдік мәдениет" терминдерін қолдану; 2) "Өркениет", "әлемдік мәдениет" түсінігтерінің зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.	1) "Өркениет", "әлемдік мәдениет" ұғымдардың анықтаудағы ғалымдардың пікірлерін талдайды; 2) "Өркениет", "әлемдік мәдениет" ұғымдарының негізгі бағыттарын анықтайды; 3) "Өркениет", "әлемдік мәдениет" ұғымдарының анықтаудағы эволюциялық және өркениеттілік бағыттардың айырмашылықтарын сипаттайды.
		1) Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру; 2) өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің түрлерін сипаттайды; 2) ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды;
		1) Өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру; 2) өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің индустриалды және постиндустриалды түрлерін сипаттайды; 2) ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды; 3) индустриалды және постиндустриалды

1. Өркениет: даму ерекшеліктері	Өркениеттердің жіктелуі	өркениеттердің айырмашылықтарын талдайды.
	2) Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау.	1) Дәстүрлі өркениет ошақтарын атайды және орналасқан жерін картадан көрсетеді; 2) аймақтардың өркениеттік ерекшеліктерін трансформациясының себептерін анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.
	1) Әлемдік діндер іліміндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау; 2) әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау.	1) Әлемдік діндердің философиялық негіздерін анықтайды; 2) қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын сипаттайды; 3) қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалайды.
	1) Себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау.	1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды; 2) қазіргі заманғы жетекші халықаралық ұйымдарды атайды, олардың іс-әрекетінің маңыздылығын бағалайды.
	2) Қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау.	1) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтайды; 2) өркениеттерді жақындастыруда дипломатияның үлесін саралайды.
	3) Отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің	1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін анықтайды;

	<p>Өркениеттердің өзара әрекеттесуі</p>	<p>себеп-салдарлық байланысын анықтау.</p>	<p>2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды.</p>
		<p>4) Өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау.</p>	<p>1) Мәдениеттердің өзара ықпалдастығының өркениетті деңгейін талдайды; 2) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау; 3) этникалық мәдениеттердің киім үлгісіндегі өрнектердің символын сараптайды; 4) әлем өркениеттерінің архитектурасының стильдерін анықтайды, таниды; 5) ритуалды билердің шығу тарихын түсіндіреді</p>
		<p>5) Адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды; 3) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды.</p>
			<p>1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт", "социогенез", "</p>

<p>Этникалық және әлеуметтік процестер</p>	<p>Антропогенез және этногенез Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары</p>	<p>1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау.</p>	<p>формациялық әдіс", " өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолданады; 2) ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.</p>
		<p>1) Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын түсіндіреді; 2) қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады ; 3) ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін талдайды;</p>
		<p>1) Этникалық және мәдени әртүрлілікті, антропогенездің әртүрлі теорияларын тұжырымдау.</p>	<p>1) Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді; 2) жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени 3) әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын қорытындылайды; 4) антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелейді; 5) қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны болжайды.</p>
		<p>1) Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар мен буржуазиялық революциялардың себептері мен салдарларын тұжырымдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолданады; 2) тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды; 3) буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік</p>

<p>Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан</p>	<p>Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде</p>	<p>1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру.</p> <p>1) Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау.</p>	<p>құрылымдағы өзгерістерді саралайды.</p> <p>1) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 2) тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 3) антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 4) дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды; 5) моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды.</p> <p>1)Тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдайды; 2) революциялардың жағымды және жағымсыз салдарын анықтайды; 3) қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасайды.</p>
		<p>1) Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын , әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау; 2) әлемнің атақты , үздік театр сахналарының ерекшеліктері және қойылымдары мен өнер майталмандары туралы түсінік беру; Әлемнің ең танымал, атақты театрлары – кәсіби шеберліктің жемісі ретінде тарихымен</p>	<p>1) Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін " абстракцианизм", " модернизм", " постмодернизм", " авангардизм", "футуризм ", "кубизм", "сюрреализм ", "экспрессионизм", " гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолданады; 2) ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді;</p>

<p>таныстыру (Ковент-Гарден-Лондондағы театр, Ла Скала- Италияның Милан қаласындағы театр, Гранд Опера – Парижде, Үлкен театр – Мәскеуде, Вена операсы – Австрияның Вена қаласында).</p>	<p>(3) әлемнің ең ірі мұражайларының ерекшеліктерін анықтайды. 4) әлемнің үздік театрларының тарихын, көрсетілген қойылымдар мен сол сахналарда өнер көрсеткен артистерді біледі, салыстырады;</p>
<p>1) Көрнекті мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын, жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру; 2) өнердің шығу тарихы, Палеолит, мезолит, неолит, қола дәуірінің өнері және ескерткіштерімен таныстыру; 3) Орта ғасырдағы өнердің өзіндік ерекшелігі, түсті шыны мен тастардың колөнерде қолданылуы, рельеф, оның архитектурамен байланысы, романдық және готикалық стильдердің ортағасырлық қала құрылысында көрініс табуы туралы баяндау; 4) Италиялық Қайта өрлеудің эстетикасы, Ренессанс идеалдарының Флоренцияның архитектурасында көрініс табуы. 5) қайта өрлеу дәуірінің музыкалық мәдениеті, Қайта өрлеу кезеңінің көркемсуреттік құндылықтары мен тарихи маңыздылығын баяндау, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Тициан өмірбаяндары мен шығармашылықтарымен таныстыру;</p>	<p>1) Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдайды; 2) бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін, оның қазіргі қоғамға әсерін негіздейді; 3) қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын салыстырады; 4) ежелгі дәуірдегі өнердің даму тарихын, Испаниядағы Альтамир, Франциядағы Фон-де Гром үңгірлеріндегі және Африкадағы Тассилин-Аджера жартаc суреттерін біледі, Ежелгі дәуірдің өзіне тән символдарын , қола дәуірінің мегалиттік архитектурасын салыстырады; 5) орта ғасырлық дәуірдің өнерін</p>

Мәдениеттің дамуы

Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары
Өнер – қоғам дамуының бейнесі
Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары

6) Ұлы Француз буржуазиялық революциясының 19ғ. еуропалық мәдениеттің дамуында маңыздылығы, Батыс еуропалық өнердегі Францияның басымдық ролі; өнердің революциялық классицизм тақырыбына бұрылуы (Ж.Л.Давид). 7) Антикалық азаматтық идеалдар мен революциялық басымдықтар. Қала өмірі мен тұрмысқа, сәнге, каллиграфияға ықпалы туралы түсіндіру;

8) Мәдениет пен өнердің дамуындағы жаңа кезең, бұқаралық өнердің өнердегі социалистік реализмнің орнығуы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өнердің патриоттық ролі мен қаһармандық мәні, суретшілер мен халықтың бірлігі, бейбітшілік үшін күрес тақырыптарының кеңестік суретшілердің еңбектерінде қалай көрініс тапты түсіндіру;

9) Әлемдік кинематографияның үздік туындылары. Кинематографиядағы үздік туындылар, режиссерлар, кино өнерінің қазіргі замандағы даму бағытын түсіндіру;

10) Әлемдік хореографияның заманауи келбеті мен таныстыру. Би қимылындағы қазіргі ерекшеліктер, техникалар, қойылым тақырыбы, би стилін туралы сараптау.

11) XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы бағалайды, ерекшелігін айқындайды;

6) қайта өрлеу дәуірінің көркемсуреттік және архитектуралық өзіндік ерекшеліктерін атайды, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, Тициан еңбектерінің тарихи маңыздылығын түсіндіреді, культтік және зайырлы музыкалық жанрлардың дамуын біледі;

7) 19 ғ. еуропалық өнердің дамуының негізгі кезеңдерін, Ж.Л.Давид, Д.Канграның шығармашылық жолдарын біледі;

8) Кеңестік өнердің дамуының негізгі кезеңдерін біледі, Б.В.Иогансон, А.А.Дейнеки, А.А.Пластов. С.А.Чуйков, П.Ф.Никонов, П.Д.Корин, Д.Д.Жилинский тағы басқа суретшілердің еңбектерін атайды;

9) кино жанрларын біледі, хореографиядағы жаңа стильдерді ажыратады, постмодернизмнің басты идеяларын түсіндіреді;

	<p>мәдениеттегі тың құбылыстарды түсіндіру; 12) постмодернизм және архитектура. Архитектурадағы көркемдік шешім, әртүрлі кезеңдер мен дәуірдегі элементтер мен стильдердің көрінісі, компьютерлік технология ,архитектурадағы жаңа бағыттар- хай-тек, органи-тек, эко-тек, параметрикалық архитектура. Архитектураның теоретигі Чарлз Дженкстің шығармашылығымен таныстыру; 13) әдебиеттегі постмодернизм. Жанрдың әдебиеттегі шығу тарихы, өзіне тән ерекшеліктері және атақты шығармаламен таныстыру.</p>	
	<p>14) XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланыстыру, ерекшеліктерін анықтау.</p>	<p>1) Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін талдайды; 2) жаһандандудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін қорытындылайды.</p>
	<p>1) Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың әсерін анықтау, қазіргі кезеңдегі әлем елдерінің экономикалық жіктелуін түсіндіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және " экономикалық жүйе" ұғымдарын қолданады; 2) әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды; 3) экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың</p>

<p>Өркениет: даму ерекшеліктері</p>	<p>Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық</p> <p>Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері</p> <p>Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі</p>	<p>1) Нарықтық экономиканың ерекшелігін саралау, табиғи-географиялық фактордың маңызын, рөлін бағалау.</p> <p>1) Аралас экономиканың ерекшелігін және дамушы мемлекеттердің, аймақтардың артта қалушылығына көмектесудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау.</p>	<p>ерекшеліктерін түсіндіреді.</p> <p>1) Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән ерекшеліктерді талдайды;</p> <p>2) мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді;</p> <p>3) мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады.</p> <p>1) Экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін талдайды;</p> <p>2) қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды;</p> <p>3) мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін зерттейді;</p> <p>4) дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжайды.</p>
		<p>1) Әлемнің қазіргі саяси жүйесі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау</p>	<p>1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді ;</p> <p>2) саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам "</p>

<p>Саяси-құқықтық процестер</p>	<p>Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам Әлемнің қазіргі саяси жүйесі Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі</p>	<p>бағытындағы мемлекеттердің саяси дамуын болжау.</p>	<p>постбиполярылық жүйе", "көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолданады; 3) құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды;</p>
		<p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін "азаматтық қоғам" ұғымын қолданады; 2) азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды; 3) азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін айқындайды.</p>
		<p>1) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын түсіндіреді; 2) қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды; 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды.</p>
			<p>1) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді; 2) XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді;</p>

<p>Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</p>	<p>Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар</p>	<p>1) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын, қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлін бағалау.</p>	<p>3) қоғамдық ойдың дамуын "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм", "гандизм", "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолданады; 4) қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі туралы қортындылар жасайды.</p>
		<p>1) Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық саяси ойдың дамуы, XX және XXI ғасырдың көрнекті саясаткер-реформаторлар туралы баяндау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолданады; 2) мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын саралайды.</p>
			<p>1) Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды; 2) "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет</p>

		<p>1) Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін, еліміздің стратегиялық бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау.</p>	<p>дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін зерттейді;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін дәлелдейді;</p> <p>4) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын қорытындылайды.</p>
		<p>1) Әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының нәтижесін талдау.</p>	<p>1) Тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейді;</p> <p>2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін "өнеркәсіп революциясы", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолданады;</p> <p>3) әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.</p>
		<p>1) Білім құндылығы, ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми технологиялардың дамуын болжау.</p>	<p>1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды;</p> <p>2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды;</p> <p>3) мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады;</p> <p>4) ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін айқындайды.</p>

<p>Білім мен ғылымның дамуы</p>	<p>Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде Ғылыми-техникалық прогресс</p>	<p>1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын тұжырымдау. 2) алғашқы баспаның шығу тарихын, дамуын, баспа материалдарын, баспа мамандарын, кітап көбейтудің әдістерін баяндау, баспа ісінің адамзат тарихында алатын тарихи маңыздылығын түсіндіру. Алғашқы баспаханаларды оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихымен байланыстыра отырып ақпараттар беру; баспахана ісінде қолданылатын терминдерді меңгеру.</p>	<p>1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттейді; 2) қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын түсіндіреді; 3) ғылыми-техникалық революцияның маңызын, рөлін бағалайды; 4) адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды. 5) баспахана тарихын, баспахана өнімдерін, арнайы мамандар мен баспа ісіндегі қолданылатын терминдерді біледі; оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихын түсіндіреді; Қазан төңкерісінен кейінгі баспа жұмысының тарихымен және оның ірге тасын қалаған тарихи тұлғалардың есімдері мен қызметіне тарихи баға бере алады.</p>
---------------------------------	---	---	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
73 - қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы

орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "География" пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

4. Пәннің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: "Географиялық зерттеу әдістері", "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың ғаламдық проблемалары".

1. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) жалпы географиялық әдістер;
- 2) өзекті географиялық зерттеу әдістері;

2. "Картография және геоинформатика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) картография;
- 2) заманауи картографиялық әдістер;
- 3) геоинформатика негіздері;

3. "Табиғатты пайдалану және геоэкология" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) табиғатты пайдалану;
- 2) геоэкологиялық зерттеу әдістері;
- 3) табиғатты пайдалануды реттеу;
- 4) геоэкологиялық зерттеулер негіздері;

4. "Геоэкономика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі;

- 2) шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері;
- 5) дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері;
- 6) экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе;
- 7) Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті;
- 8) Геоэкономикалық даму стратегиялары.

5. "Геосаясат" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі;
- 2) дүниежүзінің геосаяси кеңістігі;
- 3) геосаясаттағы географиялық факторлар;
- 4) мемлекеттік аумақтың морфологиясы;
- 5) мемлекеттік шекара;
- 6) заманауи геосаяси үдерістер;
- 7) Қазақстанның геосаяси жағдайы;
- 8) Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі;
- 9) Қазақстанның геосаяси интеграциясы;

6. "Елтану" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру;
- 2) дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану;
- 3) дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны;
- 4) дүниежүзі елдерін салыстыру;

7. "Адамзаттың ғаламдық проблемалары" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ғаламдық мәселелерді шешу;
- 2) ғаламдық мәселелерді шешу жолдары.

"География" пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері". Жалпы географиялық әдістер; география бойынша зерттеу тақырыбын таңдау; географиялық мониторинг әдістері; географиядағы салыстыру әдістері; географиядағы сандық әдістер; географиялық сараптама әдістері; географиялық аудандастыру әдістері. Өзекті географиялық зерттеу әдістері; Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері; эксперттік бағалау әдістері; географиядағы модельдеу әдістері.

2) "Картография және геоинформатика". Картография; заманауи картографиялық әдістер; геоинформатика негіздері; географиялық мәліметтер базасы; географиялық деректерді визуализациялау. Құрылыс және архитектура индустриясында заманауи картографиялық әдістерді қолдану жолдары. Заманауи картографиялық әдістер; карталардың сандық моделі. Геоинформатика негіздері; геоақпараттық жүйелердің геоақпараттық әдістері мен технологияларының ерекшеліктері; геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы;

геоакпараттық жүйелер технологиясын архитектура мен құрылыс жұмыстарында қолдану, болашақ дизайнерлерді кәсіби даярлаудағы графикалық қызмет және компьютерлік технологиялар, баспа-полиграфия ісінде геоакпараттық жүйелерді қолдану.

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғатты пайдалану; табиғатты пайдалану түрлері; табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау; табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары. Геоэкологиялық зерттеу әдістері; геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі; геосфералардың ластануы; геоэкологиялық аудандастыру; геоэкологиядағы антропогендік факторлар; ғаламдық экологиялық мәселелер; геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе; экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар; Қазақстанның экологиялық мәселелері. Табиғатты пайдалануды реттеу; табиғатты пайдалану үдерістерін шаруашылық және тұтыну салаларында реттеу; мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмі; мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдаланудың заңнамалық аспектілері; жергілікті күн тәртібі – ХХІ ғасыр, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік; табиғатты пайдалануды жергілікті басқару; "Экологиялық із" және тұрақты даму; Қазақстан Республикасы қолөнер шаруашылығында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Геоэкологиялық зерттеулер негіздері; табиғатты пайдалану тұжырымдамасы; қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері; табиғатты пайдалану; қоршаған ортаның сапасын бағалау; экология және адам денсаулығы, дүниежүзіндегі қоршаған орта сапасының кеңістік сипаты; өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау (жеңіл өнеркәсіп, мамандық бойынша); дүниежүзі халқының саны – маңызды геоэкологиялық фактор; геоэкологиялық индикаторлар; Экологиялық менеджмент; тұрақты дамуға көшу.

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі; геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері; елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлі. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары; шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары; дүниежүзілік шаруашылық салаларын заманауи орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы; дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы; Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері; дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері; дамыған елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы; дамушы елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы. Дүниежүзі елдерінің

экономикалық даму көрсеткіштері; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру; дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу, дамыған елдер; дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму модельдері; өтпелі экономика елдері; дамушы елдердің топтары. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары; Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті; Қазақстан экономикасының салалық құрылымы; Қазақстан аймақтарының экономикасы; экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы; инвестициялық тартымдылық – Қазақстан экономикасының даму механизмі. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру; мамандану және әртараптандыру – аймақтық экономиканың даму әлеуеті; Қазақстанның өнеркәсіптерінің мамандануы мен әртараптандыруы. (тоқыма, киім тігу, аяқ киім және былғары өнеркәсіптері бойынша талдау). Геоэкономикалық даму стратегиялары; қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі; Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктері; Қазақстанның кластерлік бастамалары; импортты алмастыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау; Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты.

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі; геосаясаттың мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні, негізгі категориялары; негізгі геосаяси объектілері мен субъектілері, геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдары. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі; Азиядағы геосаяси кеңістік; Еуропадағы геосаяси кеңістік; Америкадағы геосаяси кеңістік. Геосаясаттағы географиялық факторлар; геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы; геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызы; геосаясаттағы саяси, әскери және технологиялық факторлардың маңызы. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу. Мемлекеттік шекара; мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы; Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары, көрші мемлекеттермен қарым қатынасы, басты көрсеткіштері мен динамикасы. Заманауи геосаяси үдерістер; қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер. Қазақстанның геосаяси жағдайы; Қазақстанның геосаяси жағдайы. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі; Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар. Қазақстанның геосаяси интеграциясы; Қазақстанның халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстары.

6) "Елтану". Дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру; дүниежүзі физикалық- географиялық аудандастыру; заманауи бейнелеу өнерінің ерекшеліктері, Қазақ театр өнерінің қалыптасуы; дүниежүзі саяси-географиялық аудандастыру,

геосаяси аудандар; дүниежүзі тарихи – географиялық аудандастыру. Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер; жиынтық ішкі өнім көрсеткішін есептеу; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын демографиялық көрсеткіштер; дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштер; дүниежүзі елдерінде ақпараттық технологиялардың даму ерекшеліктері; жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингі; ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі. Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны; ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның Жер серіктен түсірілген картасына дейін; мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер; Азия жүрегіндегі Ұлы дала елі. Дүниежүзі елдерін салыстыру; Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі; қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары.

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық мәселелерді шешу; адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері; бейбітшілікті сақтау мәселелері; энергетика және шикізат мәселелері; дамушы елдердегі ғаламдық мәселелер; дүниежүзілік мұхит мәселелері; геглобалистика. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары; адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе; ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері; Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас маман рөлі.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлімдердің, бөлімшелердің және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабактар	
			теориялық	практикалық
1.	Географиялық зерттеу әдістері			

1.1 Жалпы географиялық әдістер		+	+	+
1	Тақырып 1.1.1. Географиядан зерттеу тақырыбын таңдау.			
2	Тақырып 1.1.2. Географиялық мониторинг әдістері			
3	Тақырып 1.1.3. Географиядағы салыстыру әдістері.			
4	Тақырып 1.1.4. Географиядағы сандық әдістер.			
5	Тақырып 1.1.5. Географиялық сараптама әдістері.			
6-7	Тақырып 1.1.6. Географиялық аудандастыру әдістері.			
1.2. Өзекті географиялық зерттеу әдістері		+	+	+
8	Тақырып 1.2.1. Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері.			
9	Тақырып 1.2.2. Эксперттік бағалау әдістері.			
10	Тақырып 1.2.3. Географиядағы модельдеу әдістері.			
2. Картография және геоинформатика				
2.1. Картография		+	+	+
11	Тақырып 2.1.1. Заманауи картографиялық әдістер			
12	Тақырып 2.1.2. Геоинформатика негіздері.			
13-14	Тақырып 2.1.3. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау.			

15	Тақырып 2.1.4. Құрылыс және архитектура индустриясында заманауи картографиялық әдістерді қолдану жолдары			
2.2. Заманауи картографиялық әдістер		+	+	+
16	Тақырып 2.2.1. Карталардың сандық моделі.			
2.3. Геоинформатика негіздері		+	+	+
17	Тақырып 2.3.1. Геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктері.			
18	Тақырып 2.3.2. Геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Геоақпараттық жүйелер технологиясын архитектура мен құрылыс жұмыстарында қолдану. Болашақ дизайнерлерді кәсіби даярлаудағы графикалық қызмет және компьютерлік технологиялар. Баспа-полиграфия ісінде геоақпараттық жүйелерді қолдану.			
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология				
3.1. Табиғатты пайдалану		+	+	+
19	Тақырып 3.1.1. Табиғатты пайдалану түрлері			
	Тақырып 3.1.2. Табиғатты			

20	пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау			
21	Тақырып 3.1.3. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары			
3.2. Геоэкологиялық зерттеу әдістері		+	+	+
22	Тақырып 3.2.1. Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі			
23	Тақырып 3.2.2. Геосфералардың ластануы			
24	Тақырып 3.2.3. Геоэкологиялық аудандастыру			
25	Тақырып 3.2.4. Геоэкологиядағы антропогендік факторлар			
26	Тақырып 3.2.5. Ғаламдық экологиялық мәселелер			
27	Тақырып 3.2.6. Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау.			
28	Тақырып 3.2.7. Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе			
29	Тақырып 3.2.8. Экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар			
30	Тақырып 3.2.9. Қазақстанның экологиялық мәселелері			

3.3. Табиғатты пайдалануды реттеу		+	+	+
31	Тақырып 3.3.1. Табиғатты пайдалану үдерістерін шаруашылық және тұтыну салаларында реттеу			
32	Тақырып 3.3.2. Мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмі			
33	Тақырып 3.3.3. Мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдаланудың заңнамалық аспектілері			
34	Тақырып 3.3.4. Жергілікті күн тәртібі – ХХІ ғасыр. Әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік			
35	Тақырып 3.3.5. Табиғатты пайдалануды жергілікті басқару.			
36	Тақырып 3.3.6. "Экологиялық із" және тұрақты даму			
37	Тақырып 3.3.7. Қазақстан Республикасы қолөнер шаруашылығында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.			
3.4. Геоэкологиялық зерттеулер негіздері		+	+	+
38	Тақырып 3.4.1. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасы			
39	Тақырып 3.4.2. Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері			

40	Тақырып 3.4.3. Табиғатты пайдалану			
41	Тақырып 3.4.4. Қоршаған ортаның сапасын бағалау			
42	Тақырып 3.4.5. Экология және адам денсаулығы. Дүниежүзіндегі қоршаған орта сапасының кеңістік сипаты			
43	Тақырып 3.4.6. Өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау (жеңіл өнеркәсіп, мамандық бойынша)			
44	Тақырып 3.4.7. Дүниежүзі халқының саны – маңызды геоэкологиялық фактор			
45	Тақырып 3.4.8. Геоэкологиялық индикаторлар			
46	Тақырып 3.4.9. Экологиялық менеджмент			
47	Тақырып 3.4.10. Тұрақты дамуға көшу			
4 . Геоэкономика				
4.1. Геоэкономика негіздері. Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі		+	+	+
48	Тақырып 4.1.1. Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері			
49	Тақырып 4.1.2. Елдер мен аймақтардың экономикалық			

	дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлі			
4.2. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары		+	+	+
50	Тақырып 4.2.1. Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары			
51	Тақырып 4.2.2. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын заманауи орналастыру факторлары			
4.3. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы		+	+	+
52	Тақырып 4.3.1. Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы			
4.4. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері		+	+	+
53	Тақырып 4.4.1. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері			
54	Тақырып 4.4.2. Дамыған елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы.			
55	Тақырып 4.4.3. Дамушы елдердегі шаруашылықтың (жеңіл өнеркәсіптің, соның ішінде тоқыма, киім, аяқ киім және былғары өнеркәсіптерінің) аумақтық құрылымы			

4.5. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері		+	+	+
56	Тақырып 4.5.1. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру			
57	Тақырып 4.5.2. Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу. Дамыған елдер.			
58	Тақырып 4.5.3. Дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму модельдері			
59	Тақырып 4.5.4. Өтпелі экономика елдері			
60	Тақырып 4.5.5. Дамушы елдердің топтары			
4.6. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе		+	+	+
61	Тақырып 4.6.1. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары			
62	Тақырып 4.6.2. Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері			
4.7. Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті		+	+	+
63	Тақырып 4.7.1. Қазақстан экономикасының салалық құрылымы			
64	Тақырып 4.7.2. Қазақстан аймақтарының экономикасы			

65	Тақырып 4.7.3. Экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы			
66	Тақырып 4.7.4. Инвестициялық тартымдылық – Қазақстан экономикасының даму механизмі. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру			
67	Тақырып 4.7.5. Мамандану және әртараптандыру – аймақтық экономиканың даму әлеуеті			
68	Тақырып 4.7.6. Қазақстанның өнеркәсіптерінің мамандануы мен әртараптандыруы. (тоқыма, киім тігу, аяқ киім және былғары өнеркәсіптері бойынша талдау)			
4.8. Геоэкономикалық даму стратегиялары		+	+	+
69	Тақырып 4.8.1. Қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі			
70	Тақырып 4.8.2. Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктері			
71	Тақырып 4.8.3. Қазақстанның кластерлік бастамалары			
72	Тақырып 4.8.4. Импортты алмастыру арқылы отандық			

	өндірушілерді қолдау			
73	Тақырып 4.8.5. Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты			
5. Геосаясат				
5.1. Геосаясат негіздері. Геосаясаттың өзектілігі		+	+	+
74	Тақырып 5.1.1. Геосаясаттың мақсаты мен міндеттері. Зерттеу пәні, негізгі категориялары			
75	Тақырып 5.1.1. Негізгі геосаяси объектілері мен субъектілері. Геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдары.			
5.2. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі		+	+	+
76	Тақырып 5.2.1 Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі			
77	Тақырып 5.2.2 Азиядағы геосаяси кеңістік			
78	Тақырып 5.2.3 Еуропадағы геосаяси кеңістік			
79	Тақырып 5.2.4 Америкадағы геосаяси кеңістік			
5.3. Геосаясаттағы географиялық факторлар		+	+	+
80	Тақырып 5.3.1 Геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы			
81	Тақырып 5.3.2 Геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық			

	факторлардың маңызы			
82-83	Тақырып 5.3.3 Геосаясаттағы саяси , әскери және технологиялық факторлардың маңызы			
5.4. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы		+	+	+
84	Тақырып 5.4.1 Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері			
85	Тақырып 5.4.2 Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу			
5.5. Мемлекеттік шекара		+	+	+
86	Тақырып 5.5.1 Мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы			
87	Тақырып 5.5.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары. Көрші мемлекеттермен қарым қатынасы, басты көрсеткіштері мен динамикасы			
5.6. Заманауи геосаяси үдерістер		+	+	+
88	Тақырып 5.6.1 Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер			
5.7. Қазақстанның геосаяси жағдайы		+	+	+
89	Тақырып 5.7.1 Қазақстанның геосаяси жағдайы			
5.8. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі		+	+	+
	Тақырып 5.8.1 Қазақстан Республикасының			

90	геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар			
5.9. Қазақстанның геосаяси интеграциясы		+	+	+
91	Тақырып 5.9.1 Қазақстанның халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстары			
6. Елтану				
6.1. Дүниежүзі аймақтары. Кешенді географиялық аудандастыру.		+	+	+
92	Тақырып 6.1.1 Дүниежүзі физикалық-географиялық аудандастыру			
93	Тақырып 6.1.2 Дүниежүзі тарихи-мәдени аудандастыру. Қазақ мәдениетіндегі заманауи бейнелеу өнерінің ерекшеліктері. Қазақ театр өнерінің қалыптасуы.			
94	Тақырып 6.1.3 Дүниежүзі саяси-географиялық аудандастыру. Геосаяси аудандар.			
95-96	Тақырып 6.1.4 Дүниежүзі тарихи – географиялық аудандастыру			
6.2. Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану		+	+	+
97	Тақырып 6.2.1 Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер			
98	Тақырып 6.2.2 Жиынтық ішкі өнім көрсеткішін есептеу			
	Тақырып 6.2.3 Дүниежүзі елдерін салыстыруда			

99	қолданылатын демографиялық көрсеткіштер			
100	Тақырып 6.2.3 Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштер			
101	Тақырып 6.2.4 Дүниежүзі елдерінде ақпараттық технологиялардың даму ерекшеліктері			
102	Тақырып 6.2.5 Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингі.			
103	Тақырып 6.2.6 Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі			
6.3. Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны		+	+	+
104	Тақырып 6.3.1 Ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның Жер серіктен түсірілген картасына дейін			
105	Тақырып 6.3.2 Мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер			
106	Тақырып 6.3.3 Азия жүрегіндегі Ұлы дала елі			
6.4. Дүниежүзі елдерін салыстыру		+	+	+
107	Тақырып 6.4.1 Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі			
	Тақырып 6.4.2 Қолданбалы елтану			

108-109	ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары			
7 тарау. Адамзаттың ғаламдық проблемалары				
7.1. Ғаламдық мәселелерді шешу		+	+	+
110	Тақырып 7.1.1 Адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері			
111	Тақырып 7.1.2 Бейбітшілікті сақтау мәселелері			
112	Тақырып 7.1.3 Энергетика және шикізат мәселелері			
113	Тақырып 7.1.4 Дамушы елдердегі ғаламдық мәселелер			
114	Тақырып 7.1.5 Дүниежүзілік мұхит мәселелері			
115-116	Тақырып 7.1.6 Геглобалистика			
7.2. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары		+	+	+
117	Тақырып 7.2.1 Адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе			
118	Тақырып 7.2.2 Ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері			
119-120	Тақырып 7.2.3 Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас маман рөлі.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері

Географиялық зерттеу әдістері	Жалпы географиялық әдістер	1) Жалпы географиялық зерттеу әдістерін меңгереді.	1) Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдісінің элементтерін сандық салыстырмалы, әдістерді қолданады.
	Өзекті географиялық зерттеу әдістері	1) Зерттеу тақырыбындағы өзекті географиялық әдістерді тиімді және сауатты пайдалану.	1) Зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік модельдеуді бағалау әдістерін қолданады; 2) зерттеу нәтижелерінің электрондық нұсқаларын дайындайды.
Картография және геоинформатика	Картография	1) Заманауи картографиялық әдістерге сипаттама бере отырып геоинформатика негіздерімен таныстыру; 2) географиялық деректер базасын пайдалана отырып сандық т.б карталарды оқу және талдау.	1) Картографиялық әдістерді қолдана отырып электронды карталармен жұмыс істейді; 2) тақырыпқа сай компьютерлік бағдарламаларды, соның ішінде, Microsoft Excel-ді қолдану және географиялық деректер базасын құрады.
	Геоинформатика негіздері	1) Геоинформатика негіздері игере отырып Геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктерін, басқада көркемдік-технология салаларымен байланыстырып түсіндіру.	1)Компьютерлік бағдарламалардың артықшылықтарын салыстырып географиялық деректерді жинақтап, таңдаулы мамандықтары бойынша геоинформатиканы қолданады.
	Табиғатты пайдалану	1) Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, бағалап тиімді пайдаланудың қағидаттарын білу; 2) мамандыққа байланысты табиғатты пайдалану түрлерімен тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар беру.	1) Табиғатты пайдалану және мамандық арасындағы қажеттілікті түсінеді; 2) экологиялық таза өндірістік жобаларды дайындайды.
		1) Геоэкологиялық зерттеу пәнінің өзектілігін түсіну; 2) геоэкологиялық кеңістіктегі антропогендік факторларды білу;	1) Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтайды;

Табиғатты пайдалану және геоэкология	Геоэкологиялық зерттеу әдістері	3) экологиялық жағдайдың мамандыққа қатысты мәселелерін шешудегі инновациялық технологияларға сипаттама беру.	2) ғаламдық экологиялық мәселелерді біледі, оны шешудегі инновациялық технологиялардың рөлін анықтай алады.
	Табиғатты пайдалануды реттеу	1) Мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдаланудың заңнамалық аспектілерімен танысу және әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділікті жіктеу; 2) табиғатты пайдалануды жергілікті басқарудың жолдарын анықтап, мамандық бойынша табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды білу.	1) Табиғатты пайдалану түрлерінің нормаларға сәйкестігін анықтайды; 2) табиғатты пайдаланудағы жергілікті басқарманың құрылымын, рөлін түсінеді; 3) табиғатты қорғау саласындағы құқықтар мен міндеттерін мамандық бойынша күнделікті тұрмыста пайдалана алады.
	Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	1) Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін талдап, орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу және бағалау; 2) антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау барысында мамандық бойынша маңызды геоэкологиялық фактор екенін түсіну.	1) Табиғатқа әсер етуші антропогендік өзгерістердің адамзат қоғамының қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің тарихи аспектілерін, табиғатты пайдалану жолдарын біледі; 2) қоршаған орта сапасының нормалары мен түрлерін тіршілік үшін қажеттілігін біледі.
	Геоэкономика негіздері. Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	1) Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктерін сипаттау; 2) Қазақстан аймақтарының экономикалық әлеуметтік дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін айқындау.	1) Геоэкономиканың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсінеді; 2) Қазақстан аймақтарының экономикалық әлеуметтік және демографиялық жағдайын географиялық кеңістіктегі рөлін айқындайды.
	Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары	1) Шаруашылықты ұйымдастырудың негізгі факторларын айқындау және заманауи орналасу факторларын сипаттау.	1) Шаруашылықтың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды орналастыру факторлары мен шарттарының жиынтығын талдайды.

Геоэкономика

<p>Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы</p>	<p>1) Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын білу.</p>	<p>1) Шекаралас елдерінің шаруашылық құрылымын салыстырмалы түрде Қазақстан экономикасымен байланысын біледі.</p>
<p>Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері</p>	<p>1) Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы мен модельдерімен танысу; 2) шаруашылықты мамандықтар бойынша аумақтық құрылымына сипаттама беру және аумақтық құрылымының ерекшеліктерін сипаттау.</p>	<p>1) Дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерімен танысу; 2) мамандық бойынша аумақтық құрылымының сипаттамасын және ерекшеліктерін біледі.</p>
<p>Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері</p>	<p>1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерімен танысу, даму деңгейі бойынша жіктеу, сипаттама беру.</p>	<p>1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырады, жіктейді және сипаттай алады, Қазақстанның экономикасын әлемдегі орнын біледі.</p>
<p>Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе</p>	<p>1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларын. мақсатты көрсеткіштерін талдау.</p>	<p>1) Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға береді және мақсатты көрсеткіштерін біледі.</p>
<p>Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті</p>	<p>1) Қазақстан экономикасының салалық құрылымын сипаттау; 2) мамандану және әртараптандыру – аймақтық экономиканың даму әлеуетінің негізгі жолына баға беру; 3) Қазақстан шаруашылығының мамандануы бойынша оқу мақсаттарына сай әртараптандыруын сипаттау (тоқыма, киім тігу, т.б) бойынша талдау.</p>	<p>1) Тиімді шаруашылық құрылымын, салаларының арақатынасын, аумақтық құрылымын және экономикалық дамудың тиімді көрсеткіштерін айқындайды; 2) Қазақстан өңірлерінің экономикалық даму әлеуетін айқындайды (өз өңірі мысалында); 3) мамандану және әртараптандыру түрлерін біледі. Әртараптандырудың басымдығын түсінеді.</p>
	<p>1) Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктеріне сипаттама беру;</p>	<p>1) Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктердің қызметін біледі;</p>

	Геоэкономикалық даму стратегиялары	2) Қазақстан өнер кәсіптік кластерлік бастамаларын талдау.	2) кластер тұжырымдамаларын түсінеді, стратегиялық жобаларын ұсына алады.
Геосаясат	Геосаясат негіздері. Геосаясаттың өзектілігі	1) Геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін білу. негізгі; 2) геосаяси объектілері мен субъектілерін талдау. Геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдарын сипаттау.	1) Қазіргі геосаясаттың негізгі мақсаттары мен мәнін түсінеді; 2) геосаясаттың негізгі объектілері мен субъектілерін айқындай алады.
	Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	1) Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігіне баға беру. Қазақстанның геосаяси кеңістік ерекшеліктерін анықтау және сипаттама беру.	1) Дүниежүзінің геосаяси кеңістігінің алуан-түрлілігімен танысып, оны талдайды; 2) Қазақстанның геосаяси факторлар жағдайымен танысады, геосаяси қарым-қатынастарын біледі.
	Геосаясаттағы географиялық факторлар	1) Геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызын түсіну; 2) геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызына түсініктеме беру; 3) геосаясаттағы саяси, әскери және технологиялық факторлардың маңыздылығына баға беру.	1) Физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторлардың геосаясатындағы ролін бағалайды; 2) қазіргі геосаяси процестерді талдайды.
	Мемлекеттік аумақтың морфологиясы	1) Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін сипаттау және жіктеу.	1) Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдайды және ерекшеліктері бойынша жіктей алады.
	Мемлекеттік шекара	1) Мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу; 2) Қазақстанның мемлекеттік шекараларының қалыптасу үдерісін,	1) Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды; 2) мемлекеттік шекараның қалыптасуының негізгі

	басты көрсеткіштерін айқындау.	көрсеткіштерін, серпінін және нығайту жөніндегі шараларды біледі.
Заманауи геосаяси үдерістер	1) Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістерге сипаттама беру.	1) Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістердің ерекшеліктерін айқындап , оларды сипаттай алады.
Қазақстанның геосаяси жағдайы	1) Қазақстанның геосаяси жағдайына түсініктеме беру.	1) Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайына кешенді баға береді.
Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	1) Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсерететін факторларды анықтап, талдау жасау.	1)Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне ықпал ететін факторларды айқындайды.
Қазақстанның геосаяси интеграциясы	1) Қазақстанның халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстарын оқып-үйреніп, оларды күшейту жолдарымен танысу.	1) Қазақстанның халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстарын оқып-үйренеді, оларды күшейту жолдарын біледі ; 2) сыртқы саяси бастамаларды талдай отырып, халықаралық саяси ұйымдармен байланыстарына баға береді.
Дүниежүзі аймақтары. Кешенді географиялық аудандастыру.	1) Дүниежүзінің түрлі белгілері бойынша физикалық-географиялық аудандарға бөлінуін картадан көрсете білі және талдау; 2) қазақ мәдениетіндегі заманауи бейнелеу өнерінің сипатының тарихи-мәдени аудандастырумен байланысын анықтап, талдау. 3) дүниежүзінің тарихи – географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын анықтау.	1) Әлемнің физикалық-географиялық , тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіреді; 2) шығармашылық нысанда әлемнің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын біледі; 3) қазақ мәдениетіндегі заманауи бейнелеу өнерінің сипатының тарихи-мәдени аудандастырумен байланысын анықтап, талдайды.

Елтану	Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану	<p>1) Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштермен танысу;</p> <p>2) дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын демографиялық көрсеткіштерін саралау. Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстерімен танысу және рейтингін құрастыру;</p> <p>3) ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексімен танысу.</p>	<p>1) Әлем елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштерді айқындайды;</p> <p>2) салыстыруда қолданылатын көрсеткіштердің бірін есептеу әдістемесін түсінеді, халықтың жан басына шаққандағы, сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі, гендерлік теңдік және тағы басқалар) біледі;</p> <p>3) әлем елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттай алады және біледі.</p>
	Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны	<p>1) Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін анықтау, жағдайы мен қатерлерін болжау.</p>	<p>1) Қазақстанның физикалық-географиялық , тарихи-географиялық және геосаяси аймақтарындағы жағдайын айқындай алады;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының геосаяси, тарихи және қазіргі жағдайының өзгеруін түсіндіре алады.</p>
	Дүниежүзі елдерін салыстыру	<p>1) Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингін түсіну және баға беру;</p> <p>2) қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау .</p>	<p>1) Көрсеткіштер жиынтығы бойынша анықталатын индекстер мен рейтингтердегі Қазақстанның орнының динамикасын біледі (таңдау бойынша бір рейтинг мысалында) ;</p> <p>2) көрсеткіштер жиынтығы бойынша есептелетін индекстер мен рейтингтерде Қазақстанның орнына әсер ететін географиялық , әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды айқындай алады.</p>
		<p>1) Адамзат дамуындағы мәселелер және олардың критерийлерін анықтау;</p>	<p>1) Адамзаттың дамуындағы ғаламдық проблемаларды жіктейді, біледі және айқындайды;</p>

Адамзаттың ғаламдық проблемалары	Ғаламдық мәселелерді шешу	2) ғаламдық мәселелерінің пайда болу, себептерін және салдарын анықтау және топтастыру.	2) ғаламдық мәселелерді шешудегі геоглобалистика ұғымының рөлін және оның географиямен байланысын анықтайды.
	Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары	1) Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешудегі әлемдік тәжірибесін саралау, анықтау; 2) ғаламдық мәселелердің Қазақстан аумағындағы көріністерін анықтау; 3) Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас маман рөлін айқындау.	1) Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде әлемдік тәжірибені түсінеді; 2) ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында көрініс табатын мәселелерді шешу бойынша өз жобаларын ұсынады; 3) Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолындағы жас маман рөлін айқындайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
74- қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Графика мен жобалау" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Графика мен жобалау" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Графика және жобалау" пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды проекциялау әдістерімен, графикалық модельдеу заңдылықтарымен және кескіндер теориясының негіздерімен таныстыру, жобалық және шығармашылық іс-әрекеттің дамуына әсері, графикалық мәдениетін қалыптастыруына әсер ету. және заманауи және дәстүрлі графикалық құралдарды қолдану дағдылары және оларды практикалық қызметте қолдану үшін жағдай жасау.

3. Оқу пәнін жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді құрайды:

1) білім алушылардың бойында графикалық кескіннің бастапқы функциясы таным құралы, визуалды ақпарат беру құралы деген түсініктің қалыптасуына ықпал ету;

2) проекциялау әдістері заңдылықтары туралы білімдерінің, ақпаратты көрсету, құру және берудің дәстүрлі және қазіргі құрал – жабдықтары туралы түсініктердің білімін қалыптастыруға ықпал ету;

3) білім алушылардың әр түрлі графикалық іс – әрекетпен байланысты интеллектуалды қабілеттері мен зерттеу дағдыларын дамыту және кеңейтуге, бейнелі, кеңістік, логиклық, абстрактілі және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

4) білім алушылардың жобалау, графикалық моделдеу мен макеттеу әдістерін меңгерулеріне ықпал ету, сонымен қатар барлық оқу қызметтерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану дағдыларын қалыптастыру (жобалау, зерттеу, көрсетілім), графикалық формада ақпаратты оқу және визуализациялау дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

5) шығармашылық жобалау үрдісінде эстетикалық талғамдарын дамыту.

4. Көркемөнер - технологиялық бағытына арналған "Графика және жобалау" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында 8 бөлім қарастырылған:

1) "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары";

2) "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау";

3) "Кескіндерді түрлендіру";

4) "Пішін қалыптастыру және құрылымдау";

5) "Пішінді түрлендіру";

6) "Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері";

7) "Жобалау. Жоба графикасы";

8) "Шығармашылық тапсырмалар".

"Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары" I -бөлімі келесідей бөлімшелері қамтиды:

1) Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі;

2) Ақпаратты визуализациялау құралдары;

3) Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер;

4) Сызбадағы геометриялық құрылым.

"Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау" II -бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Проекциялау әдістері;

2) Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру әдістері;

3) Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу;

4) Қима мен тіліктер.

"Кескіндерді түрлендіру" III-бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру.

"Пішін қалыптастыру және құрылымдау" IV- бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары;

2) Беттердің жазбасы;

3) Пішін құрылымдау.

"Пішінді түрлендіру" V-бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру.

"Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері" VI-бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Стандарттау;

2) Тетіктерді біріктіру, құрастыру сызбасы;

3) Сәулет-құрылыс графикасының элементтері;

4) Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар.

"Жобалау және жобалау графикасы" VII- бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Жобалау әдістері, жобалаудың негізгі кезеңдері;

2) Жобалық ұсыныстарды визуалдау.

"Шығармашылық тапсырмалар" VIII-бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар;

2) Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар.

"Графика және жобалау" пәнінің негізгі мазмұны

1) "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары".

Кескіндердің ақпараттық визуализациялаудың рөлі мен кескін тарихы, адам қызметінің әртүрлі салаларындағы (ғылымда, техникада және өнерде) кескіндердің рөлі туралы түсінік бере. Графикалық кескіндерді орындау әдістері; ақпаратты визуализациялау құралдары; негізгі сызу құралдары; олармен жұмыс істеу тәсілдері және жұмыс орнын ұйымдастыру; сонымен қатар сызбаны орындаудағы негізгі ережелер; сызық түрлері; сызбаны жобалау ережелері; стандарт, формат, масштаб, негізгі жазба; практикалық жұмыс: сызба сызықтарының түрлері, сызба қаріптері, сызбағы өлшемдерді түсіру; сызбалардағы геометриялық конструкциялар; кесіндіні, шеңберді және бұрышты тең бөліктерге бөлу; түйіндесуді орындау жайында түсінік беру. Компьютерлік графиканың негізгі түрлері; растрлық және векторлық графикаға арналған бағдарламалар; 2D кескіндерді жасауға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету; 2D кескіндерді жасау; растрлық және векторлық графиканың түсті модельдері; растрлық және векторлық графиканың графикалық операциялары; графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сызбаны жобалау; примитивтерді (кітапханаларды) пайдаланып 2D объектілерін құру; примитивтерді қолданып геометриялық құрылымдар жасау; 2D нысандарын қажетті пішімде сақтау, 2D нысанында кескіндерді басып шығару.

2) "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау". Проекция, проекциялаудың негізгі әдістері; екі және үш проекциялық жазықтықтағы тікбұрышты проекция; графикалық кескіндерді құрастырудың негізгі тәсілдері; аксонометриялық проекциялар ; техникалық сызба және эскиз; заттардың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және сызу; сызбаға өлшемдерді түсіру; сызбалардағы шарттылықтар мен ықшамдаулар ; сызбаны оқу және сызу. Қималар мен тіліктер; қималар мен тіліктердің түрлері; сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолдану ережелері. Компьютерлік графиканың көмегімен көлемді модельдеудің негізгі әдістері; 3D моделін құрудың негізгі кезеңдері; 3D модельдерді құруға арналған растрлық және векторлық бағдарламалардың мүмкіндіктері (аксонометриялық проекция, техникалық сурет); көлемді модельдеу операциялары негізінде 3D моделін құру; 3D модельдің визуализация түрлерін анықтау ; 3D модельдерді құру әдістерін таңдау; 3D модельдің текстурасы мен фактурасы; 2D объектінің қималары мен тіліктерін орындау үшін бағдарламалық құралды таңдау; қималар мен тіліктерді сызу үшін көлемді модельдеу әдістерін қарастыру.

3) "Кескіндерді түрлендіру". Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс); Кескіндерді қайта құру (графикалық жұмыс). Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық редакторда жұмыс).

4) "Пішін қалыптастыру және құрылымдау". Геометриялық денелердің пішінін құрылымдау заңдылықтары; геометриялық денелердің (заттардың) жазбасы; заттардың (геометриялық денелердің) пішіндерін құрылымдау; нысанның пішінін өзгерту; объектінің кеңістіктегі орны мен бөліктерін түрлендіру. Компьютерлік графиканың көмегімен геометриялық денелердің (заттардың) жазбасын орындау; пішін құрылымдау ; "құрылымдау" - ұғымын талдау; берілген параметрлер бойынша нысанның пішінін құрылымдау.

5) "Пішінді түрлендіру". Заттың кеңістіктегі орнын өзгерту арқылы пішінін түрлендіру, объект бөліктерінің кеңістіктегі қатынасын өзгертумен пішінді түрлендіруді жүзеге асырады; Бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістері арқылы 3D моделін түрлендіру; бөлшектерді жылжыту арқылы 3D моделін түрлендіру.

6) "Техникалық, сәулет– құрылыс және ақпараттық графика элементтері". Стандарттау; стандарттау жайында жалпы мағлұматтар, өзара алмастыру, бөлшектер мен құрастыру бірліктерінің жалпы түсініктері; құрастыру сызбасы; бөлшектерді қосу; ажыратылатын және ажыратылмайтын қосылыстар; құрастыру сызбасын орындау және рәсімдеу ережелері; архитектуралық құрылыс графика - элементтері; құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтер (жоспар, бас жоспар, қасбет, тілік); қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу. Құрастыру сызбасының 3D моделі; графикалық бағдарламалар кітапханасымен жұмыс істеу; графикалық редактордағы құрылыс сызбалары; инфографика (схемалар, графиктер, диаграммалар). Әр түрлі қызмет салаларындағы инфографика.

7) "Жобалау. Жоба графикасы". Жобалау әдістері; жобалаудың негізгі кезеңдері; жобаланған объектілерге қойылатын талаптар (функционалдық, эстетикалық); жобалық ұсыныстарды визуализациялау; графикалық құжаттар; техникалық құжаттаманың құрамы және олардың ерекшеліктері; шығармашылық идеяларды визуализациялау; жобалық ұсыныстарға арналған графикалық визуализация құралдары (эскиз, сызба, макет).

8) "Шығармашылық тапсырмалар". Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар; шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктері; идеядан жобаға дейінгі тапсырмалар; жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар; техника/дизайн/ сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/ макеттеу) орындау; берілген тақырып бойынша шығармашылық жоба; жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар; киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау; киригами техникасы арқылы мерекелік жалаулар мен ойыншықтарды құрастыру; киригами техникасы арқылы сәулет нысанын салу; гүл қоятын сөрелі модельдеу; кітап қоятын сөрелі модельдеу; кітапті безендіруге арналған қорапты модельдеу; ұялы телефонға арналған трансформер -сөрелің дизайнын әзірлеу; ұялы телефонға арналған трансформатор- сөреге ою-өрнектерді қойып дизайнын әзірлеу; қазақтың қымыз құятын ұлттық ыдысының дизайнын әзірлеу; колледжге кіру алаңының дизайнын әзірлеу; колледждің демалыс аймағын жобалау; кітап дүкені ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлеу; киіз үй жобасын әзірлеу; "менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 48-72 сағатты (2-3 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру қарастырылады.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлім, бөлімшелер, тақырыптардың атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақтар	
			теориялық	практикалық
1 бөлім. Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары				
1. 1 Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі		+	+	+
1	1-тақырып. Кескіннің мәні мен тарихы			
2	2- тақырып. Графикалық кескінді орындау әдістері			
3	3-тақырып. Компьютерлік графиканың негізгі түрлері			
1.2 Ақпаратты визуализациялау құралдары		+	+	+
4	4-тақырып. Сызу аспаптары мен құрал жабдықтары			
5	5-тақырып. Жұмыс о р н ы н ұйымдастыру және сызу құралдарымен жұмыс істеудің тиімді әдістері			
6	6-тақырып. 2D кескінін құру үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету)			
7	7-тақырып. 2D кескіндерді құруға арналған графикалық редакторлар			
8	8-тақырып. 2D нысандарын құруға арналған графикалық редактордың құралдары			
	9-тақырып. 2D нысандарын құруға арналған			

9	графикалық редакторы, жылдам пернелер			
10	10-тақырып. Векторлық графикадағы түстік модельдерді талдау			
11	11-тақырып. Растрлық графикадағы түстік модельдерді талдау			
12	12-тақырып. 2D нысандарды құруға арналған графикалық операцияларды қолдану			
13	13-тақырып. 2D нысандарын құру үшін "құру", "көшіру", "көшірме", "жою", "сақтау" графикалық операцияларын қолдану			
1.3 Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер		+	+	+
14	14-тақырып. Стандарттар туралы түсінік. КҚБЖ			
15	15-тақырып. Пішімдер және негізгі жазулар			
16	16-тақырып. Сызба сызықтары			
17	17-тақырып. Сызба сызықтарының негізгі тағайындалуы			
18	18-тақырып. Сызба қаріптері			
19	19-тақырып. Сызба қаріптері, Б (түріндегі) типіндегі қаріп			
20	20-тақырып. Сызбаға өлшемдерді түсіру			
	21-тақырып. Сызбаны рәсімдеу			

21	ережелері (пішім, масштаб)			
22	22-тақырып. Негізгі жазбаны рәсімдеу ережелері			
1.4 Сызбадағы геометриялық құрылым		+	+	+
23	23- тақырып. Параллель және өз ара перпендикуляр түзулерді салу. Кесіндіні және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу			
24	24- тақырып. Циркуль арқылы шеңберді тең бөліктерге бөлу			
25	25- тақырып. Бұрыштардың көмегімен шеңберді тең бөліктерге бөлу			
26	26- тақырып. Түйіндесу. Түйіндесудің түрлері			
27	27- тақырып. Бөлшектердің түйіндесуі			
28	28- тақырып. 2D объектінің примитивтерін пайдаланып аудио және видео жазбаларының тізімін құру			
29	29- тақырып. 2D нысандарының примитивтерін пайдалана отырып фотосуреттер мен фильмдерден клиптерден түсініктеме мәтін жасау.			
30	30-тақырып. 2D нысандарды әзірлеу кезінде қолданылатын			

	құжат-үлгілер, клип-арттар, кітапханалар			
31	31- тақырып. Түйіндеме құруға арналған құжат-үлгіні колданып, 2D нысандарды әзірлеу			
32	32- тақырып. Примитивтерді колдана отырып, геометриялық құрылымдар орындау			
33	33- тақырып. Бөлшектің геометриялық пішінін талдау			
2 бөлім. Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау				
2.1 Проекциялау әдістері		+	+	+
34	1-тақырып. Проекциялаудың негізгі әдістері			
35	2-тақырып. Екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау			
36	3-тақырып. Тік бұрышты проекциялар жүйесіндегі денелердің сызбасы			
37	4-тақырып. Техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелері			
38	5-тақырып. Сызбадағы негізгі, қосымша және жергілікті көріністер			
2.2 Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру әдістері		+	+	+

39	6- тақырып. Аксонметриялық проекциялар			
40	7- тақырып. Көпбұрыштардың аксонметриялық проекциялары			
41	8- тақырып. Айналу денелерінің аксонметриялық проекциялары			
42	9-тақырып. Техникалық сурет			
43	10-тақырып. Нобай туралы түсінік			
44	11-тақырып. 3D моделін құрудың негізгі кезеңдері.			
45	12- тақырып. Қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін салу			
46	13-тақырып. 3D моделін құрудағы расторлық және векторлық бағдарлама мүмкіндіктері			
47	14-тақырып. Көлемді моделдеу операциясының негізіне сүйеніп 3D моделін құру			
48	15- тақырып. Көлемді модельдеу операцияларына негізделген 3D моделін түрлендіру және қайта құру			
2.3 Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу		+	+	+
49	16-тақырып. Сызбаларға өлшемдерді түсіру			
50	17-тақырып. Сызбаны орындау кезіндегі шарттылықтар мен ықшамдаулар			

51	18- тақырып. 3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау			
52	19-тақырып. 3D моделдерін тұрғызу тәсілдерін таңдау			
53	20-тақырып. 3D моделдерін текстурасы мен фактурасы			
2.4 Қима мен тіліктер		+	+	+
54	21- тақырып. Тіліктер туралы жалпы мағлұмат			
55	22- тақырып. Қарапайым тіліктер			
56	23- тақырып. Көрініс пен тілікті біріктіру			
57	24- тақырып. Симметриялық бөлшектердегі тілік			
58	25- тақырып. Күрделі тіліктер			
59	26- тақырып. Қималар. Қималардың түрлері			
60	27-тақырып. Тіліктер мен қималардың айырмашылығы			
61	28- тақырып. Тілік және қиманы орындау кезіндегі шарттылықтар мен ықшамдаулар			
62	29- тақырып. 2D нысанның тілігін орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау			
63	30- тақырып. 2D нысанның қимасын орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау			

64	31-тақырып. Тілікті орындауға арналған көлемді моделдеу тәсілдері			
65	32- тақырып. Қиманы орындауға арналған көлемді моделдеу тәсілдері			
3 бөлім. Кескіндерді түрлендіру				
3.1. Кескіндерді қайта құру		+	+	+
66	1-тақырып. Кескіндерді қайта құру			
67	2-тақырып. Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру			
4 бөлім. Пішін қалыптастыру және құрылымдау				
4.1 Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары		+	+	+
68	1- тақырып. Нәрсе және оның пішімі туралы ұғым			
69	2-тақырып. Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары			
4.2 Беттердің жазбасы		+	+	+
70	3-тақырып. Жазбалар туралы мәліметтер			
71	4-тақырып. Геометриялық дене беттерінің жазбасы			
72	5- тақырып. Көпжақты беттердің жазбасы			
73	6- тақырып. Айналымы дене беттерінің жазбасы			
74	7- тақырып. Қағаз модельдің жазбасы: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт			

	және ашық құттықтау хат			
4.3	Пішін құрылымдауы	+	+	+
75	8- тақырып. Пішін құрылымдауы			
5 бөлім. Нәрсенің пішінін түрлендіруі				
5.1	Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіруі	+	+	+
76	1-тақырып. Нәрсенің пішінін түрлендіруі			
77	2-тақырып. Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіруі			
6 бөлім. Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері				
6.1	Стандарттау	+	+	+
78	1- тақырып. Стандарттау			
79	2-тақырып. Бұйым, бөлшек және оның элементтері.			
6.2	Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.	+	+	+
80	3-тақырып. Біріктірулер туралы жалпы мәлімет. Ажырайтын біріктірулер			
81	4- тақырып. Бұранда туралы жалпы мәлімет			
82	5- тақырып. Бұранданы кескіндеу және сызбада белгілеуі			
83	6- тақырып. Бұрандалы біріктірулер			
84	7- тақырып. Ажырамайтын біріктірулер			
85	8-тақырып. Құрастыру сызбалары туралы жалпы түсінік			

86	9- тақырып. Бөлшектеу туралы түсінік				
87	10- тақырып. Құрастырылатын бұйымтетіктерінің нобайын орындау				
88	11- тақырып. Құрастыру бірлігінің 3D-моделі				
89	12- тақырып. "Негіз " 3D моделінің қасиеттерін орындау				
6.3 Сәулет-құрылыс графикасының элементтері		+	+	+	+
90	13-тақырып. Құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат				
91	14- тақырып. Ғимараттың жоспары, қасбеті мен тілігі				
92	15- тақырып. Құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер				
93	16- тақырып. Құрылыс сызбаларын оқу және орындау				
94	17- тақырып. Құрылыс сызбаларының элементтері				
6.4 Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар					
95	18-тақырып. Инфографика туралы жалпы мәлімет				
96	19- тақырып. Әр түрлі саладағы инфографика				
7 бөлім. Жобалау және жобалау графикасы		+	+	+	
7.1 Жобалау әдістері. Жобалаудың негізгі кезеңдері					

97	1-тақырып. Жобалау әдістері			
98	2- тақырып. Жобалау үрдісінің кезендері.			
99	3-тақырып. Жобалау нысандарға қойылатын талаптар			
100	4-тақырып. Жобаланатын объектерге қойылатын талаптар			
7.2 Жобалық ұсыныстарды визуалдау				
101	5-тақырып. Графикалық құжаттар			
102	6-тақырып. Спецификация, есеп жүргізу және түсіндірме жазба.			
103	7-тақырып. Шығармашылық идеяларды визуалдау.			
104	8-тақырып. Электрондық техникалық құжаттардың түрлері.			
8 бөлім. Шығармашылық тапсырмалар				
8.1 Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар		+	+	+
105	1-тақырып. Шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктері			
8.2 Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар		+	+	+
106	2-тақырып. Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар			
107	3- тақырып. Киригами техникасы арқылы ұлттық ою-өрнек жасау			

108	4- тақырып. Киригами техникасы арқылы тігін бұйымдарын жобалауда лекалоларды құрастыру			
109	5- тақырып. Киригами техникасы арқылы сәулет нысанын салу			
110	6- тақырып. Былғарыдан жасалған бұйымдар қоятын сөрелі модельдеу			
111	7- тақырып. Киім, аяқ киім қоятын сөрелі модельдеу			
112	8- тақырып. Тоқылған ойыншықты безендіруге арналған қорапты модельдеу			
113	9- тақырып. Қолөнер туындыларына арналған трансформер сөрелің дизайнын әзірлеу			
114	10- тақырып. Қолөнер туындыларына арналған трансформатор-сөреге ою-өрнектерді қойып дизайнын әзірлеу.			
115	11- тақырып. Бас киімнің дизайнын әзірлеу			
116	12- тақырып. Колледжге кіру алаңының дизайнын әзірлеу			
	13- тақырып. Колледждің			

117	демалыс аймағын жобалау			
118	14- тақырып. Сән үйі ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлеу			
119	15- тақырып. Киіз үй жобасын әзірлеу			
120	16- тақырып. "Менің арманымдағы үй" жобасын әзірлеу			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары	Ақпаратты визуализациялаудағы кескіндердің ролі	<p>1) Бейнелеудегі, адам өміріндегі және қызметінің әртүрлі салаларындағы ақпаратты берудегі бейнелеудің ролін түсіндіру;</p> <p>2) графикалық бейнені орындаудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын практикада қолдану;</p> <p>3) компьютерлік графиканың түрлерін ажырату және оларды іс жүзінде қолдану.</p>	<p>1) "графика", "карталар", "схема", "диаграмма", "сызбалар", "сызбалар" ұғымдарын айқындайды;</p> <p>2) "компьютерлік графика" ұғымын айқындайды, компьютерлік графиканың 4 түрін бөледі: растрлық графика, векторлық графика, үш өлшемді графика және фракталдық графика;</p> <p>3) растрлық және векторлық графиканың қадір-қасиеті мен кемшіліктерін, сондай-ақ айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айқындайды;</p> <p>4) растрлық графикада, векторлық графикада, үш өлшемді графикада және фракталдық графикада мысалдар орындайды.</p>
		<p>1) Графикалық жұмыстарды орындау кезінде сызу құралдарымен және</p>	<p>1) мақсаты бойынша және талаптарға сәйкес сызу құралдары мен жабдықтарын дұрыс пайдалана алады;</p> <p>2) 2D объектілерін құру үшін графикалық редактордың құралдарымен және мүмкіндіктерімен жұмысты пайдаланады</p>

	<p>Ақпаратты визуализациялау құралдары</p>	<p>құрылғылармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын көрсету; 2) 2D кескін жасауға арналған бағдарламалық жасақтаманы анықтау, векторлық және растрлық графиканың мүмкіндіктерін анықтау.</p>	<p>және орындалған практикалық жұмыстарды принтерге басып шығарады; 3) векторлық және растрлық графикадағы түс модельдерін талдайды және ажыратады; 4) 2D нысандарын құру үшін графикалық операцияларды қолданады.</p>
	<p>Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер</p>	<p>1) Сызбаны стандарт бойынша ресімдеу және орындау ережелерін сақтауға.</p>	<p>1) ГОСТ стандарттарын түрлері бойынша жіктейді; 2) "форматтар" және "масштабтар" ұғымдарын есте сақтайды және ажыратады; 3) тапсырма бойынша сызба сызықтарын сызады, оларды мақсаты бойынша анықтайды, практикалық жұмыстар кезінде дұрыс атайды және орындайды.</p>
		<p>1)сызбаларда геометриялық құрылыстарды әртүрлі құралдармен орындау; ә р т ү р л і</p>	<p>1)Циркульдің көмегімен кесіндіні екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 2)бұрыштарды циркульдің көмегімен екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 3)циркуль мен тікбұрышты бұрыштықтарды қолданып шеңберді екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 4)ішкі, сыртқы, аралас түйіндесуді түрлері бойынша анықтайды; 5)түйіндесуді сызады, түйіндесудің қоршаған кеңістікте, жиһазда, құрылыста, машина жасауда, киімде, тұрмыстық техникада, өнеркәсіпте қолдану мысалдарын анықтайды;</p>

Сызбадағы геометриялық құрылым		<p>конъюгацияларды, сопақшаларды және кысық сызықтарды салу тәсілдерін көрсету; геометриялық құрылымдар жасаңыз примитивтерді қолдану.</p>	<p>6) примитивтерді қолданып, 2D нысандарды құрады; 7) примитивтерді қолданып геометриялық сызбаны сызады; 8) Модульдер арқылы шеңбер мен шаршыларды тең бөліктерге бөледі, 2D нысанының шаблондарын қолданып абстрактілі және дұрыс пішіндерді жасайды; 9) 2D объектінің примитивтерін пайдаланып аудио және видео жазбаларының тізімін құрады; 10) 2D нысандарының примитивтерін пайдалана отырып фотосуреттер мен фильмдерден клиптерден түсініктеме мәтін жасайды; 11) түйіндеме құруға арналған құжат-үлгіні қолданып, 2D нысандарды әзірлейді.</p>
	Проекциялау әдістері	<p>1) Проекциялау әдістері мен тәсілдерін біледі және түсіну; техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін сызбаны сызу барысында қолданады, анықтау.</p>	<p>1) Проекциялаудың негізгі әдістері (орталық проекциялау, аксонометриялық проекциялау, тікбұрышты проекциялау, сандық өлшемдік проекция) түсіндіреді; 2) екі және үш проекция жазықтығында тікбұрышты проекцияны орындайды; 3) нүктенің, кесіндінің, үшбұрыштың тікбұрышты проекция сызады; 4) техникалық сызбаларда нәрселердің кескіндерін орындау ережелерін графикалық жұмысты орындау барысында қолданады.</p>
			<p>1) "Аксонометрия", " аксонометриялық проекциялар", "</p>

	<p>Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құру</p>	<p>1) Жазық геометриялық денелер мен көлемді пішіндердің (аксонометрия) бейнеленуін біледі және түсіну; заттың берілген көріністеріне қарап аксонометриялық проекцияларын анықтау; аксонометриялық проекцияны сыза білу; техникалық сурет пен заттың нобайын сызудың ерекшеліктерін біледі және анықтау; графикалық есептерді шешу; қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сыза білу.</p>	<p>изометрия", "диметрия", "триметрия" ұғымдарын түсіндіреді және анықтайды; 2)кубтың, шеңбердің изометриясын және диметриясын сызады; 3)заттың берілген көріністеріне сүйене отырып аксонометриялық проекциясын сызады; 4)техникалық сурет пен нобайдың ерекшеліктерін анықтайды; 5)нақты заттың нобайын сызады; 6)қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сызады; 7)3D моделін құру үшін растрлық және векторлық графиканың мүмкіндіктерін анықтайды және тәжірибелік тапсырмаларды орындайды; 8)қатты модельдеу операциялары негізінде 3D моделін құру бойынша практикалық жұмыстарды орындайды.</p>
<p>Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау</p>	<p>Нәрселердің сызбаларын орындау және оқу</p>	<p>1) Нәрселердің геометриялық пішінінің қасиеттерін ескере отырып, өлшем қою туралы білімдерін және өлшемдерді түсіру шеберлігін көрсете білу; сызбада шартты белгілер және ықшамдауларды пайдаланып, проекциялау тәсілдері негізінде сызбаларды орындау; бұйымдардың геометриялық формаларын талдай отырып, сызбаларды оқу, сызу; 3D моделдердің визуалдау түрлері мен</p>	<p>1)Заттардың геометриялық пішінін талдайды және сызбаларға өлшемдерді түсіреді; 2)сызбадағы шартты белгілер және ықшамдауларды қолданып сызбаларды орындайды; 3)МЕСТ бойынша сызбаларға өлшемдерді түсіреді; 4)сызбаларды оқи алады және сыза алады; 5)3D модельдерді құру әдістерін таңдайды және талдайды;</p>

		тәсілдерін таңдау, анықтау; 3D моделдерін текстурасы мен фактурасын оқып үйрену.	6)3D моделінің текстурасы мен фактурасын анықтайды.
	Қима мен тіліктер	1) Сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолданудың мақсатын білу; сызбада қималар мен тіліктерді орындау ережелерін біледі және қолдану; қималар мен тіліктерді орындаудың шарттылықтары мен ықшамдаулардың қолдану; 2D нысанның қимасы мен тілігін орындау үшін БЖ(бағдарламалық жасақтаманы) таңдау; 2D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі үрдістерін анықтау.	1)Тіліктердің барлық түрін анықтайды, сонымен қатар оның арналуын және сызбада сызылу жолдарын біледі; 2)тіліктің графикалық рәсімделуін біледі; 3)қарапайым және күрделі тіліктерді ажыратады; 4)сызбада жергілікті және қиғаш тіліктерді анықтап сызады; 5)жүргізілген және қабаттасқан қималарды анықтайды; 6)сызбалар бойынша ресімдеу және белгілеу ережелерін біледі; 7)қималар мен тіліктерді орындау кезінде шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданады; 8)тәжірибелік жұмыста шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданып көрсетеді; 9)2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растырлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдайды; 10)қималар мен тіліктерді орындау үшін көлемді модельдеу әдістерін анықтайды және тәжірибелік жұмыста қолданады.
			1)"Қайта құру" түсінігіне анықтама береді және талдайды; 2)кескіннің бөліктері арқылы объектінің кескінін қайта құрай алады;

Кескіндерді түрлендіру	Кескіндерді қайта құру	<p>1) Проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың сызбаларын орындау;</p> <p>кескіндердің түрі мен құрамын немесе масштабын өзгерте отырып, заттардың сызбаларын орындау;</p> <p>кескіндерді қайта құру әдістерін меңгереді және білу.</p>	<p>3)сөздік сипаттамаға сүйеніп объектінің сызбасын немесе графикалық кескінін сызады;</p> <p>4)кескіннің түрі мен құрамын түрлендіруді орындайды (графикалық жұмыс);</p> <p>5)кескінді қайта құрып сызады(графикалық жұмыс);</p> <p>6)графикалық редакторда кескіннің түрі мен құрамын түрлендіріп сызады.</p>
Пішін қалыптастыру және құрылымдау	Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары	<p>1) Геометриялық денелерді және басқа да заттарды кескіндеудің негізгі заңдылықтары мен принциптерін меңгеру;</p> <p>әр түрлі беттердің пішінін қалыптастыру туралы білімі мен түсінігін көрсете білу.</p>	<p>1)Геометриялық денелерді кескіндеу заңдылықтары мен әдістерін түсінеді және анықтайды;</p> <p>2) "ұлғайту", "жою", "кезектестіру" тәсілдерін қолданып пішін құрастырады;</p> <p>3)пішінін өзгерте отырып , тіліктерді пайдаланып бөлшектің нобайын сызады.</p>
	Беттердің жазбасы	<p>1) Жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін білу және түсіну;</p> <p>қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сыза білу және орындау;</p> <p>Компас - 3 D кітапханасының не екенін біледі;</p> <p>жылжыту, айналдыру, кинематикалық тәсілді қолданып геометриялық денелер модельдерін салу ретіне сипаттама беру.</p>	<p>1)"Жазба" терминінің қолданылуын талдайды және анықтайды;</p> <p>2)қарапайым геометриялық денелердің жазбасын анықтайды және сызады;</p> <p>3)жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>4)шырша әшекейлерінің, кондитерлік өнімдердің, косметикалық немесе басқа да өнімдердің қаптамаларын жазуды жүзеге асырады;</p> <p>5)компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызады;</p>

			6) қағаз модельдің жазбасын жасайды: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт және ашық құттықтау хат .
	Пішін құрылымдау	1) Құрылымдау және жобалау, техникалық жобаны құру кезеңдері туралы бастапқы мәліметтерді алу.	1)"Құрылымдау" түсінігіне талдау жасайды; 2)берілген параметрлер бойынша заттың пішінін құрылымдап сызады; 3)жобаны біріктірудің техникалық кезеңдерін түсінеді және талдайды; 4)көрсетілген параметрлер бойынша нысанының құрылымдалуын анықтайды.
Нәрсенің пішінін түрлендіру	Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру	1) Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып нәрсенің пішінін түрлендіру; бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру.	1)Заттың кеңістіктегі орын өзгерту арқылы пішін түрлендіруді орындайды; 2)нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру арқылы пішінін өзгертеді ; 3)бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістерін қолдану арқылы 3D модельді түрлендіруді орындайды; 4)бөлшектерді қою және басып шығару арқылы 3D модельді түрлендіруді графикалық түрде ұсынады.
	Стандарттау	1) Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгеру.	1)"Стандарттау", "өзара алмастыру", "біріктіру", "құрастыру сызбасы" жалпы ұғымдарын анықтайды; 2)"бұйым", "бөлшек", "құрастыру бірлігі", "жиынтық", "кешен" ұғымдарын талдайды және түсінеді; 3)"Тетікбөлшек", "құрастыру бірліктері" ұғымының өзара байланысы мен

			<p>айырмашылығын талдайды;</p> <p>4)бұйымның кескіндеріне талдау жасайды;</p> <p>5)тетіктің немесе құрастыру бірлігінің бейнесін анықтайды.</p>
	<p>Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.</p>	<p>1) Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер және оларды бейнелеу ережелерін білу ;</p> <p>құрастыру сызбасын рәсімдеу және орындау ережелерін білу және орындау;</p> <p>құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызылуын білу және орындау;</p> <p>жиынтық бірлігінің 3D моделін орындау.</p>	<p>1)құрастыру сызбалары туралы жалпы ақпарат береді;</p> <p>2)ажырайтын және ажырамайтын біріктірулерді анықтайды ;</p> <p>3)бұрандалы қосылымды, бұрамда профилінің пішіндерінің түрлерін, бұрамданың белгіленуін және бөлшектерін талдайды;</p> <p>4)бұрандалы біріктірулерді сызады;</p> <p>5)құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызбасын орындайды;</p> <p>6)МЕСТ бойынша спецификацияны сызады;</p> <p>7)құрастыру бірлігінің 3D модельін анықтайды және талдайды.</p>
<p>Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері</p>	<p>Сәулет-құрылыс графикасының элементтері</p>	<p>1) Сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын білу.</p> <p>Шартты белгілер арқылы қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу.</p> <p>Жалпы ережелер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып талдау .</p>	<p>1)Құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтерді, сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын анықтайды;</p> <p>2)"бас жоспар", "жоспар", "қасбет" және "ғимарат тілігі", "құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер" ұғымдарын анықтайды;</p> <p>3)Азаматтық және өндіріс ғимараттарының құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды;</p> <p>4)Құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады;</p>

			5)Құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды; 6)шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.
	Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар	1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды білу.	1)"Инфографика", "зерттеу", "эскиз", "бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді; 2)қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды; 3)инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді; 4)инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды; 5)эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау.	1)"Жоба", "жобалау", "жобалау әдістері", "жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды; 2)жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.
	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың	1)Графикалық құжаттарды, техникалық құжаттаманың құрамын және олардың ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2)шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды;

		ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу .	жобалық ұсыныстардың графикалық визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
Шығармашылық тапсырмалар	Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Жобалаудың мақсаттары мен міндеттерін, кезеңдерін анықтау.	1) жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдайды және айқындайды.
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	1) Әр түрлі графикалық құралдарды(қолмен/ компьютерлік графика/ макеттеу)қолдана отырып, инженерлік / дизайн / сәулет саласындағы жобалау және жобалау элементтерімен тапсырмаларды орындау	1) жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдай және анықтай алады, әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (қолмен/ компьютерлік графика/ макет) берілген тақырып бойынша шығармашылық жоба жасайды; 2) киригами техникасын пайдалана отырып, ұлттық ою-өрнекті әзірлейді; 3) киім мен аяқ киімге арналған сөрелерді модельдейді; 4) қолөнерге арналған трансформаторлық стендтің дизайнын жасайды; 5) колледждің демалыс аймағының дизайнын әзірлейді; 6)"сән үйі" ғимаратының қасбеті үшін пандус жобасын әзірлейді; 7) киіз үй жобасын әзірлейді; 8) Менің арманымдағы үйдің жобасын жасайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
75- қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне жәрдемдесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, Физика дамуының қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етуге;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде проблемалық жағдайларды шешу үшін үйренген физикалық білімдерін пайдалануға игеруіне ықпал етуге;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы өнерге қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Бұл ретте Бірліктердің Халықаралық жүйесін, оның негізгі және туындыларын, еселіктерін және үлестік бірліктерін қатаң

пайдалану қажет. Бағдарламада зертханалық жұмыстарды жүргізуге Оқу уақытының 10% дейін бөлінеді.

Бағдарламада материалды зерттеудегі сабақтастық, математика, биология, химия, география, тарихпен пәнаралық байланыс қарастырылған.

4. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

- 1) механика;
- 2) молекулалық физика;
- 3) электр және магнетизм;
- 4) тербелістер;
- 5) толқындар;
- 6) оптика;
- 7) кванттық физика;
- 8) нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) космология.

"Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) кинематика;
- 2) динамика;
- 3) статика және гидростатика
- 4) сақталу заңдары;
- 5) гидродинамика.

"Молекулалық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалық физика;
- 2) газ заңдары;
- 3) термодинамика негіздері;
- 4) сұйық және қатты денелер.

"Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электростатика;
- 2) тұрақты ток;
- 3) әртүрлі ортадағы электр тогы.
- 4) магнит өрісі;
- 5) электромагниттік индукция.

"Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) механикалық тербелістер;
- 2) электромагниттік тербелістер;
- 3) айнымалы ток.

"Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электромагниттік толқындар.

11. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) толқындық оптика;

2) геометриялық оптика.

"Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдық және кванттық физика;

2) атом ядросының физикасы.

"Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.

2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері; қатынас ыдыстар; Паскаль заңы; атмосфералық қысым; Торричелли тәжірибесі.

4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары; серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы; денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".

6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары; термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар; қатты денелердің; сұйықтар мен газдардың моделі; молекулакинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс.

8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс; жылу мөлшері; жылусыйымдылық; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары.

9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; шық нүктесі; сұйықтың беттік керілуі; жұғу; қылтүтіктік құбылыстар.

10) "Электростатика".

Электр заряды; Кулон заңы; электр өрісі; электр өрісінің кернеулігі; біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс;

электр сыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы.

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы; ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы; электр тогының жұмысы мен қуаты; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті; пайдаланылған энергия құны.

Практикалық жұмыс: "Тұрмыстық құралдардың тұтынатын қуаты мен жұмысын есептеу".

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; жартылай өткізгішті құралдар; электролит ерітінділеріндегі электр тогы; электролиз заңы; газдардағы және вакуумдегі электр тогы.

№ 2 Зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болуын зерттеу".

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері; Ампер тәжірибесі; магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид.

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны; электромагниттік индукция; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы.

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.

16) "Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық.

17) "Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.

№ 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау".

18) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары.

19) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы.

№ 4 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау".

№ 5 Зертханалық жұмыс: "Поляризация құбылысын бақылау".

20) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары; жазықпараллель пластинадан шағылу; толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар; оптикалық құралдар.

№ 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін анықтау".

21) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлықтолқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография.

22) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар.

№ 7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периодын анықтау".

23) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері; өзекті мәселелелері және дамуы; наноматериалдар.

24) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; кара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; кара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 72 -96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 -тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлімдердің, бөлімшелердің және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақтар	
			Теориялық	Практикалық
1-бөлім. Механика				
1.1 Кинематика				
	Дене қозғалысының кинематикасының графиктері мен теңдеулері. Салыстырмалы қозғалыс Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша) Бидің кванттық теориясы. Толқын механикасы.			
1.2. Динамика				
	Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары Бүкіләлемдік тартылыс заңы Дененің гравитациялық өрістегі қозғалысы.			
	Практикалық жұмыс (бейініге сәйкес)			
1.3. Статика және гидростатика.				

2.	<p>Масса орталығы. Баланс түрлері. Коммуникациялық ыдыстар. Паскаль заңының колданылуы. Торричелли тәжірибесі. Атмосфералық қысым.</p>			
	<p>Практикалық жұмыс (бейіні бойынша) Субұрқақтар архитектурасы.</p>			
1.4. Сақталу заңдары		+	+	+
3.	<p>Импульстің және механикалық энергияның сақталу заңдары Серпімді және серпімді емес соқтығыс.</p>			
	<p>Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)</p>			
1.5. Гидродинамика.		+	+	+
4.	<p>Сұйықтар мен газдардың ламинарлы және турбулентті ағыны; дененің тұтқыр сұйықтықтағы козғалысы.</p>			
	<p>Практикалық жұмыс. Зертханалық жұмыс № 1. Өртүрлі тұтқырлықтағы сұйықтықтардағы шардың козғалысын зерттеу</p>			
2-бөлім Молекулалық физика				
2.1.Молекулалық физика		+	+	+
	<p>Газдардың молекулалық-кинет икалық теориясының негізгі ережелері. Кристалды және кристалды емес</p>			

5.	заттар; қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың модельдері; термодинамикалық параметрлер; идеалды газ. Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
2.2. Газ заңдары.		+	+	+
6.	Идеал газдың күй теңдеуі. Изопроцестер. адиабаталық процесс.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
2.3. Термодинамика негіздері		+	+	+
7.	Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс. Термодинамиканың бірінші заңы; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
2.4. Сұйықтар мен қатты заттар		+	+	+
9	Қаныққан және қанықпаған бу; ылғалдылық ауа; заттың критикалық күйі. Беттік керілу; ылғалдандыру; капиллярлық құбылыстар; Шық нүктесі.			

	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
3-бөлім электр және магнетизм				
3.1. Электростатика		+	+	+
10	Электр өрісінің кернеулігі; потенциал; электр өрісінің потенциалдар айырымы. Электр қуаты; электр өрісінің энергиясы.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
3.2. Тұрақты ток		+	+	+
11	Электр тоғы. электр қозғаушы күш және ток көзінің ішкі кедергісі. Толық тізбек үшін Ом заңы; Электр тоғының жұмысы мен қуаты; Ағымдағы көздің тиімділігі; ағымдағы құны.			
	Практикалық жұмыс. Тұрмыстық техниканың жұмысының құны мен қуатын есептеу.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тоғы		+	+	+
12	Металдардағы электр тоғы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тоғы; электролит ерітінділеріндегі және балқымалардағы электр тоғы; электролиз заңдылықтары;			

	газдардағы электр тогы; вакуумдағы электр тогы.			
	Практикалық жұмыс. Зертханалық жұмыс № 2 . Электролиттердегі токтың пайда болу шарттарын зерттеу.			
3.4. Магниттік өріс		+	+	+
13	Магниттік өріс; өткізгіштердің токпен әрекеттесуі; Ампер тәжірибелері ; магниттік индукция векторы; гимлет ережесі; Ампер қуаты; сол қол ережесі зарядталған бөлшектің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
3.5.Электромагниттік индукция		+	+	+
14	магнит ағыны; электромагниттік индукция құбылысы ; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқышы және тұрақты ток генераторы.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
4-бөлім Ауытқулар				
4.1.Механикалық тербеліс		+	+	+
15	Гармоникалық тербелістердің тендеулері мен графиктері.			

	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
4.2. Электромагниттік тербеліс		+	+	+
16	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
4.3. Айнымалы ток		+	+	+
17	генератор; мәжбүрлі электромагниттік тербелістер; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; өндіріс, трансформатор; Қазақстанда және әлемде электр энергиясын өндіру және пайдалану.			
18	Практикалық жұмыс Зертханалық жұмыс № 3 . Трансформатор орамаларының айналым санын анықтау.			
5-бөлім Толқындар				
5.1. Электромагниттік толқындар		+	+	+
19	Электромагниттік толқындарды шығару және қабылдау; аналогты-цифрлық түрлендіргіш; қосылу арналары; байланыс құралдары.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
6-бөлім Оптика				
6.1. Толқындық оптика		+	+	+
	Жарық кедергісі; Жарықтың дифракциясы.			

	Дифракциялық торлар; жарық поляризациясы.			
20	Практикалық жұмыс Зертханалық жұмыс № 4. Дифракциялық тор арқылы жарықтың толқын ұзындығын анықтау. Зертханалық жұмыс №5. Жарықтың поляризациясын бақылау.			
6.2. оптика		+	+	+
	Оптиканың геометриялық заңдары; жазық-параллель пластинадағы сыну; толық ішкі рефлексия; оптикалық құрылғылар.			
21	Практикалық жұмыс. Зертханалық жұмыс №6. Шынының сыну көрсеткішін анықтау. Практикалық жұмыс (бейіні бойынша) Сәулет және құрылыстағы оптикалық иллюзиялар.			
7-бөлім Кванттық физика				
7.1.Атомдық және кванттық физика		+	+	+
	Жарықтың корпускулалық-толқындық табиғатының бірлігі; сәулелену түрлері; спектрлер; спектрлік құрылғылар; спектрлік талдау; инфрақызыл және ультракүлгін			

22	<p>сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жеңіл қысым; жарықтың химиялық әрекеті; лазерлер; голография; фотосурет, томография.</p> <p>Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)</p>			
7.2. Атом ядросының физикасы		+	+	+
23	<p>Т а б и ғ и радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атом ядросы; ядролық реакциялар; ж а с а н д ы радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакциялар; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациялық қорғаныс; ядролық реактор; ядролық энергия; термоядролық реакциялар.</p> <p>Практикалық жұмыс (бейіні бойынша) Зертханалық жұмыс № 7. Жартылай ыдырау периоды анықтау.</p>			
8-бөлім Нанотехнология және наноматериалдар				
8.1. Нанотехнология және наноматериалдар.		+	+	+
	Нанотехнологиядағы негізгі жетістіктер; наноматериалдарды			

24	дамытудың мәселелері мен перспективалары.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			
9-бөлім. Космология				
9.1. Космология		+	+	+
25	жұлдыздар әлемі; жұлдыздарға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің галактика; басқа галактикалардың квазарларының ашылуы; үлкен жарылыс теориясы; ғаламның кеңеюі; Ә л е м эволюциясының негізгі кезеңдерін; ғаламның модельдері; ғаламдағы өмір мен ақыл; нейтрондық жұлдыздар, суперновалар.			
	Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Кинематика	1) Есептер шығаруда кинематикалық теңдеулерді қолдану, қозғалыс графиктерін талдау; 2) жылдамдықтарды және орын ауыстыруларды косудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру; 3) қисық сызықты қозғалысты сипаттайтын шамаларды анықтау.	1) Есептерді шешуде кинематикалық теңдеулерді қолданады және қозғалыс графиктерін талдайды, сонымен қатар қисық сызықты қозғалысты сипаттайтын шамаларды анықтайды.
		1) Ньютон заңдарын түсіндіріп, нәтиже күшін анықтау;	

Механика

<p>Бидің кванттық теориясы . Толқын механикасы</p>	<p>2) би – механикалық құбылыстың анықтамасын түсіндіру; 3) дененің қозғалысы кезінде физикалық шамалардың өзгеруін сипаттау; 4) физика заңдарын түсініп, билердің шығармашылығында қолдану.</p>	<p>1) Билеушілердің ерікті жүйелеріне қатысты тыйымның маңызды принципін түсінеді және би теориясы - толқындық механика ұғымының мазмұнын ашады..</p>
<p>Динамика</p>	<p>1) Ньютон заңдарын біліп , нәтиже күшін анықтау; 2) бүкіл әлемдік тартылыс заңын түсіндіру және ғарыш аппараттарының қозғалысын сипаттау; 3) денені көкжиекке және тігінен бұрышпен лақтырған кезде физикалық шамалардың өзгеруін сипаттау.</p>	<p>1) Ньютон заңдарының мазмұнын ашады, нәтиже күшін анықтайды және горизонтқа бұрышпен және тік лақтырылған дененің қозғалысы кезінде физикалық шамалардың өзгеруін сипаттайды.</p>
<p>Статика және гидростатика</p>	<p>1) Абсолют қатты дененің массалар центрін анықтау және тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін түсіндіру; 2)Паскаль заңын және оның қолданылуын сипаттау; 3) субұрқақтар сәулетіндегі физиканың негізгі заңдылықтарының көріну және қарастырылу аймағын анықтау.</p>	<p>1) Абсолютті қатты дененің масса центрін анықтайды және тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін түсіндіреді, сонымен қатар Паскаль Заңын сипаттайды және оның қолданылуын түсіндіреді.</p>
<p>Сақталу заңдары</p>	<p>1) Кез-келген мөлшердегі жабық жүйенің денелері үшін импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдылықтарын түсіндіру : микроәлем бөлшектері үшін де, ғарыштық денелер үшін де.</p>	<p>1) Мәселелерді шешуде импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді және қолданады.</p>
	<p>1) Күштердің әсерінен және сұйықтар мен газдардың қозғалысы кезіндегі материалдық денелердің тепе-теңдік шарттарын түсіну;</p>	

	Гидродинамика	<p>2) олардың қабаттары арасындағы ішкі үйкелістің болуымен және сығылу қабілетімен байланысты сұйықтықтар мен газдардың қозғалысын сипаттау;</p> <p>3) тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын (тұрақты) физикалық шамаларды анықтау және өлшемдердің дәлдігін есепке алу;</p> <p>4) эксперимент нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау және оны жақсарту жолдарын ұсыну.</p>	1) Сұйықтар мен газдардың ламинарлы, турбулентті ағынын түсіндіреді және сипаттайды.
Молекулалық физика	Молекулалық физика	<p>1) Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негіздерін түсіну;</p> <p>2) молекулалық-кинетикалық теория негізінде қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың модельдерін сипаттау; 3) кристалдық және кристалды емес қатты заттардың құрылымдарын ажырату.</p>	1) Молекулярлық-кинетикалық теорияның және идеал газ моделінің негізгі ережелерін сипаттайды.
	Газ заңдары	<p>1) Термодинамикалық параметрлерге қатысты теңдеуді сипаттау;</p> <p>2) газ заңдарының графиктерін ажырату.</p>	1) Бойль-Мариотта, Гей-Люссак заңдарын, Шарль заңын түсіндіреді және осы заңдарды есептерді шығаруда қолданады.
	Термодинамика негіздері	1) Механикалық және ішкі энергиялардың өзара түрленуімен және ішкі энергияның бір денеден екінші денеге ауысуымен байланысты құбылыстарды түсіндіру.	1) Термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мағынасын сипаттайды.
	Сұйық денелер	1) Сұйықтар мен газдардың механикалық қасиеттерін, олардың қозғалысын және олардағы қатты заттардың қозғалысын түсіндіру;	1) Ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды және беттік керілудің табиғатын және күнделікті өмірдегі

		<p>2) ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау;</p> <p>3) беттік керілу сипатын және капиллярлық құбылыстың күнделікті өмірдегі рөлін түсіндіру.</p>	<p>капиллярлық құбылыстардың рөлін түсіндіреді.</p>
Электр және магнетизм	Электростатика	<p>1) Электр өрісінің қасиеттерін талқылап, оның қуат сипаттамасын анықтау;</p> <p>2) тұрақты зарядтардың өзара әрекеттесуін сипаттау;</p> <p>3) зарядтың қозғалысына электростатикалық өрістің әсерін сипаттау;</p> <p>4) гравитациялық және электростатикалық өрістердің сипаттамаларын салыстыру.</p>	<p>1) Электр өрісінің қасиеттерін түсіндіреді және оның күштік сипаттамасын анықтайды, электростатикалық өрістің заряд қозғалысына әсерін сипаттайды</p>
	Тұрақты ток	<p>1) Тұрақты токтың заңдылықтарын түсіндіру;</p> <p>2) электр қозғаушы күш және ішкі кедергі ұғымдарын түсіндіру;</p> <p>3) сыртқы тізбектегі электр қозғаушы күш пен кернеудің төмендеуінің айырмашылығын түсіндіру;</p> <p>4) Ом заңын толық тізбекке қолдану және қысқа тұйықталудың салдарын түсіну;</p> <p>5) тұрмыстық техниканың жұмыс құны мен қуатының практикалық есептеулерін жасау.</p>	<p>1) Толық тізбек үшін Ом заңын қолданады және тұрмыстық техниканың қуатынан жұмыс құнын практикалық есептеулер жүргізеді.</p>
	Әртүрлі ортадағы электр тогы.	<p>1) Әртүрлі орталарда электр тогының пайда болу принциптерін салыстыру;</p> <p>2) электролиттерде токтың пайда болу жағдайларын эксперименталды түрде анықтау;</p>	<p>1) Әртүрлі ортадағы электр тогының әрекет ету принципін салыстырады және асқын өткізгіштік құбылысын және оның практикалық қолданылуын сипаттайды.</p>

		3) жартылай өткізгіш құрылғыларды пайдалану мысалдарын келтіру.	
	Магниттік өріс	1) Қозғалатын зарядқа әсер ететін заттың түрін сипаттау (ток өткізгіштер, магниттік моменті бар денелер); 2) магниттік материалдарды пайдаланудың заманауи салаларын сипаттау және оларды қолдану үрдістерін талқылау.	1) Өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шаманы анықтайды және сол қол ережесін қолданады, сондай-ақ магнит өрісінің қозғалатын зарядталған бөлшектерге және Ток өткізгішке әсерін сипаттайды.
	Электромагниттік индукция	1) Электромагниттік индукция құбылысын сипаттау.	1) Ленц ережесін және электромагниттік құрылғылардың жұмыс істеу принципін, сонымен қатар магнитті-резонансты бейнелеудің практикалық маңызын түсіндіреді.
	Механикалық тербеліс	1) Механикалық қозғалысты сипаттайтын физикалық шамадағы периодтық өзгерістерді түсіндіру; 2) гармоникалық тербеліс туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.	1) Гармоникалық тербелістерді ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) эксперименталды, аналитикалық және графикалық түрде сипаттайды.
	Электромагниттік тербеліс	1) Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау және механикалық электромагниттік тербелістердің ұқсастығын көрсету.	1) Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттайды.
	Айнымалы ток	1) Сыртқы, периодты түрде өзгертін ЭҚК әсерінен болатын мәжбүрлі электромагниттік тербелістерді сипаттау; 2) резонанстық шартты түсіндіру және оның қолданылу аясын айту; 3) трансформатор орамдарының айналым санын тәжірибе жүзінде анықтау;	1) Период, жиілік сияқты физикалық шамаларды пайдалана отырып, айнымалы тоқты сипаттайды және резонанс жағдайын

ауытқулар		4) Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау.	түсіндіреді, оның қолданылу аясын атайды.
Толқындар.	Электромагниттік толқындар	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау; 2) цифрлық сигналды жіберудің аналогтық сигнал беруден артықшылығын түсіндіру; 3) байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жақсартудың мүмкін жолдарын ұсыну.	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды, сонымен қатар аналогтық сигналмен салыстырғанда сигналды цифрлық форматта берудің артықшылықтарын сипаттайды.
Оптика	Толқындық оптика	1) Жарық толқындарының интерференциясы мен дифракциясын байқауға қажетті жағдайларды сипаттау; 2) толқын ұзындығын анықтау үшін дифракциялық тордың қолданылуын сипаттау; 3) жарықтың поляризациясын тәжірибе жүзінде зерттеу.	1) Жарық толқындарының интерференциясы мен дифракциясын байқауға қажетті жағдайларды сипаттайды, жарықтың поляризациясын тәжірибе жүзінде зерттейді.
		1) Шынының сыну көрсеткішін тәжірибе жүзінде анықтау;	

	Геометриялық оптика	<p>2) жарық сигналдарын берудегі талшықты-оптикалық технологияның артықшылықтарын түсіндіру;</p> <p>3) лупадағы, телескоптағы, микроскоптағы сәулелердің жүруін құрастыру және түсіндіру.</p>	<p>1) Жарық сигналдарын берудегі талшықты-оптикалық технологияның артықшылықтарын түсіндіреді; линзалар жүйесіндегі сәулелердің жүруін құрастырады және түсіндіреді (лупа, телескоп, микроскоп).</p>
	Атомдық және кванттық физика	<p>1) Спектрлік талдау әдісін және оның қолданылу саласын сипаттау;</p> <p>2) электромагниттік сәулелерді пайда болу және затпен әрекеттесу сипатына қарай ажырату;</p> <p>3) фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оның қолданылуына мысалдар келтіру;</p> <p>4) фотосуреттегі фотосинтез және процестер мысалында жарықтың химиялық әсерін сипаттау;</p> <p>5) есептеу және магнитті-резонансты бейнелеуді салыстыру;</p> <p>6) лазердің жұмысы мен қолданылуын түсіндіру;</p> <p>7) голографияның даму перспективаларын талқылау.</p>	<p>1) Спектрлік талдау әдісін және оның қолданылу саласын сипаттайды, фотоэффектінің табиғатын түсіндіреді және оның қолданылуына мысалдар келтіреді.</p>
Кванттық физика.	Атом ядросының физикасы	<p>1) Радиоактивті ыдырау құбылыстарын (a, b және g) және жартылай ыдырау периоды терминін түсіндіру;</p> <p>2) жартылай ыдырау периодының графикалық әдіспен есептей білу;</p> <p>3) ядроның ыдырауы мен қосылу процестерін түсіндіру;</p> <p>4) фотосинтез және фотосуреттегі процестер мысалында жарықтың химиялық әсерін сипаттау;</p>	<p>1) Радиоактивті ыдырау құбылыстарын түсіндіреді (a,b және g) және радиоактивті материалдардың</p>

		5) компьютерлік және магнитрезонанстық томографияны салыстыру; 6) лазердің әрекеттері мен қолданылуын түсіндіріңіз; 7) голографияны дамыту перспективаларын талқылау.	өңделуін, қолданылуын, сақталуын және қауіпсіздігін сипаттайды.
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология және наноматериалдар	1) Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін, оларды алу және қолдану әдістерін түсіндіру; 2) нанотехнологияның негізгі жетістіктерін түсіндіру.	1) Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алу жолдарын түсіндіреді; Нанотехнологияның қолдану салаларын атайды.
Космология	Космология	1) Қашықтықты анықтау үшін "стандартты шамдар" әдісін қолдануды сипаттау; 2) ғаламның үдеуі мен кара энергияның айналасындағы дауларды талқылау; 3) жұлдыздар жарықтың жарықтығына қарай жіктелетінін және ұғымдармен сипатталатынын түсіндіру: көрінетін шама және абсолютті шама; 4) астрономия ғылымының негіздерін түсіндіру.	1) Жұлдызды аспанды және жұлдыздар арқылы жүзудің негізгі принциптерін сипаттайды және қашықтықты анықтаудың жаңа әдістерін қолданады.

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің

2023 жылғы 6 қаңтардағы

№ 1 бұйрығына

76- қосымша

Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көркемөнер-технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсының мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

- 1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;
- 2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;
- 3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;
- 4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;
- 5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- 6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;
- 7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 4 бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті".

"Жаһандық құзыреттілік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жаһандық құзыреттер дегеніміз не.
- 2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) Жаһандық құзыреттерді қолдану.
- 4) Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары.

"Қаржылық сауаттылық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жеке қаржыдағы кірістер.
- 2) Жеке қаржыдағы шығыстар.
- 3) Отбасылық бюджет.
- 4) Жинақтау және жинақтау.

"Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

- 1) Қарым-қатынас мәдениеті.
- 2) Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.
- 3) Әлеуметтік мәселелер.
- 4) Экологиялық қақтығыстар.
- 5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

"Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.
- 4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

"Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.
 - 2) Кәсіби менеджмент.
 - 3) Компанияның инновациялық саясаты.
 - 4) Жобалар мен процестерді басқару.
 - 5) Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері.
5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

- 1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.
- 2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен қоғамдастық арасындағы серіктестік; алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.
- 4) "Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.
- 5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.
- 6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.
- 7) "Отбасылық бюджет". Отбасы бюджетінің кірістері; отбасы бюджетінің міндетті шығыстары; отбасы бюджетінің міндетті емес шығыстары; отбасы бюджетінің түрлері; отбасы бюджетін жоспарлау; отбасының қаржылық мақсаттары; отбасы бюджетін жүргізу ережелері.
- 8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.
- 9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыйпаылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.
- 10) "Қақтығыстар. Түсінгі. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғаишілік қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; алаңдаушылық деңгейін төмендету.
- 11) "Әлеуметтік проблемалар". Қоғамның әлеуметтік проблемалары; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, қамту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және тағы басқалар); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік проблемалар және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.
- 12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері; экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.
- 13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы. Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.
- 14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Өртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация". Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) Көркемөнер-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті". Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік. Жобалар мен процестерді тиімді басқару. Жобаны басқару жоспары (PMP). Ақпаратты талдау және өңдеу, өз көзқарасын дәлелдей білу. Дәлелді команда. Аванстық сенім. Кәсіби менеджмент. Қызметкерлермен жұмысты ұйымдастыру принциптері. Бизнес этикасы. Тиімді байланыс. Компанияның инновациялық саясаты. Стратегиялар.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесі 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімшелер және тақырыптардың атаулары	Сағаттар саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Жаһандық құзыреттілік			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не			
Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану			
Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары			
2 бөлім. Қаржылық сауаттылық			
2.1 Жеке қаржыдағы кірістер	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс			

Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс			
Тақырып 2.1.3. Жеке табысты арттыру жолдары			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы			
2.2 Жеке қаржы шығындары	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу			
Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы)			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады			
2.3. Отбасылық бюджет	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары			
Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары			
Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары			

Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері			
2.4. Жинақ және жинақтау	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы			
Тақырып 2.4.2. Жлайинақтау тәсілдері			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржылық пирамида			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар. Қаржылық тәуекелдердің түрлері			
3 бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу			
3.1 Проблемалар түрі	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті			
Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Түсінігі. Түрлері. Шешу жолдары			
Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік проблемалар			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қақтығыстар			
Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы			
4 бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және			

әлеуметтік жауапкершілік			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті			

5 бөлім. Көркемөнер-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті			
5.1 Жаһандық құзыреттілік		+	+
Тақырып 5.1 Мамандықтағы жаһандық құзыреттер			
Тақырып 5.2 Кәсіби менеджмент			
Тақырып 5.3 Компанияның инновациялық саясаты			
Тақырып 5.4 Жобалар мен процестерді басқару			
Тақырып 5.5 Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	1) Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну; 2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) Жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.
		1) Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
	Жеке қаржыдағы кірістер	1) Белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіру.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
			1) Несиелендіру мәселесін түсінеді және

Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржы шығындары	1) Қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) Отбасылық бюджеттің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) Отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) Отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) Ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі; 3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу	Проблемалар түрлері	1) Эмпатия мен ынтымақтастық қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	1) Басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы бар проблемаларды талдайды.
		2) Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Қақтығысты шешу алгоритмін құрайды; 2) медиация негіздерін және қақтығыстарды шешу тәсілдерін біледі.
		3) Аналитикалық, сыни ойлау, жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік проблемаларды бағалау дағдысын қалыптастыру.	1) Әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар мен бастамаларды бағалайды.
		1) Экологиялық проблемалар бойынша дәлелдемелерді зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	1) Жергілікті және жаһандық деңгейде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсынады.
		1) Азаматтық ұстанымын көрсете алу, өз көзқарасын қорғай білу;	1) Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.

Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	2) қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) Әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) Мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) қоғамда мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды.
		1) Мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
Көркемөнер-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті	Мамандықтағы жаһандық құзыреттер	1) көркемдік-технологиялық бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді сипаттауға; 2) бағыт бойынша жаһандық құзыреттерді қолдану мүмкіндіктерін айқындау	1) көркемдік-технологиялық бағыт бойынша жаһандық құзыреттердің қалыптасу матрицаларын әзірлейді.
	Кәсіби менеджмент	1) Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.	1) Персоналмен жұмысты ұйымдастыру қағидаттарын біледі.
	Компанияның инновациялық саясаты	1) Компанияның технологиялық қайта жаратандыру стратегияларын түсіндіру (позицияларды белсендіру және технологиялық серпіліс)	1) Жедел ойлау қабілеті мен зерттеу жұмысының дағдысы бар.
	Жобалар мен процестерді басқару	1) Процестер мен жобаларды жоспарлау дағдысына ие болу: көлемнен, кестеден және бюджеттен бастап негізгі қатысушыларды басқару тәсілдеріне дейін.	1) Жобалар мен процестерді басқару дағдыларын қолданады.
			1) Бизнесі жүргізу этикасын түсінеді (Заңның әрпінен сенімге

	Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері	1) Іскерлік мінез-құлық қағидаттарын қолдану; 2) бастамашылық танытуға және орындалатын жұмысқа жауапкершілікпен қарау.	дейін; құқықтық нормаларды құрметтеу; көпжақты өндірістік қатынастарды қолдау; қоршаған ортаға қамқорлық жасау; заңсыз әрекеттерден бас тарту және т. б.)
--	--	--	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
77-қосымша

Аграрлық-техникалық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-техникалық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Математика" пәнін оқытудың мақсаты - жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуын, білім беруді жалғастырудың сабақтас пәндерін зерделеу үшін аграрлық-технологиялық бағыттың практикалық және кәсіби қызметінде қолдану үшін қажетті математикалық білімді меңгеру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) математика негіздерін сапалы меңгеру, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, әртүрлі контексттердегі есептерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеуге ықпал жасау;

3) есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдер жасауға және керісінше нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтау үшін білім алушылардың логикалық және сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты беру, сондай-ақ жариялымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалану қабілетін дамыту;

6) өз бетінше жұмыс істеу үшін де, командада жұмыс істеу үшін де қажет болатын тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция.

2) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.

3) "Кері тригонометриялық функциялар". Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер". Қарапайым тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері. Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу.

5) "Ықтималдық". Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолданылуы. Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) жуықтап есептеулер үшін қолдану. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері.

6) "Функцияның шегі және үзіліссіздік". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары. Сан тізбегінің шегі. Шектерді табу.

7) "Туынды". Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері. Күрделі функцияның туындысы. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі

8) "Туындыны қолдану". Функцияның өсу және кему шарттары. Функцияның экстремум нүктелері. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.

9) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері.

10) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері. Анықталған интеграл. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы.

11) "Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция". n -ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функцияның туындысы және интегралы.

12) "Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер". Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері. Иррационал теңсіздіктер мен жүйелер.

13) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы және интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы.

14) "Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер". Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері. Көрсеткіштік теңсіздіктер. Логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңсіздіктер мен жүйелер.

15) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және аралық вариациялық қатарлар. Таңдама бойынша кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын бағалау.

16) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.

17) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі қашықтық. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональды проекциясы және оның ауданы.

18) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Вектордың үш компланарлы емес

векторларға жіктелуі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары.

19) "Кеңістіктегі түзу және жазықтықтың теңдеуі". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық. Екі түзу арасындағы бұрышты, кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу.

20) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Дұрыс көпжақтар ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призмалар. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамида бүйір және толық беттерінің ауданы. Жазықтықтағы дұрыс көпжақтың көлденең қимасы.

21) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің толық және бүйір бетінің ауданы. Конус және оның элементтері. Конустың бүйір және толық бетінің ауданы. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.

22) "Денелердің көлемі". Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі. Пирамида мен қиық пирамиданың көлемі. Цилиндрдің көлемі. Конус пен қиық конустың көлемі. Шар және оның бөліктерінің көлемі. Кеңістіктіктегі фигуралардың ұқсастығы. Геометриялық денелердің комбинациясы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыттары мен біліктілігіне байланысты 120-144 сағатты (5-6 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
		Сабақтар	
		Теориялық	Тәжірибелік
1 бөлім. Функция, оның қасиеттері және графиктері			
1.1. Функция және оның қасиеттері.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Аграрлық-технологиялық процесте қолданылатын графиктер.			
Тақырып 1.1.2. Функцияның қасиеттері.			
1.2. Функцияның түрлері	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Кері функция ұғымы.			
Тақырып 1.2.2. Күрделі функция.			
2 бөлім. Тригонометриялық функциялар			
2.1. Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
Тақырып 2.1.2. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.			
2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс.			
Тақырып 2.2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың			

қасиеттері мен графиктері.			
2.3. Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Қарапайым тригонометриялық теңдеулер мен теңдеулер жүйелері.			
Тақырып 2.3.2. Тригонометриялық теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешу әдістері.			
2.4. Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелер	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу.			
3 бөлім. Дәрежелер мен түбірлер. Дәрежелік функция			
3.1. Дәрежелер мен түбірлер.	+	+	+
Тақырып 3.1.1. n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Иррационал өрнектерді түрлендіру.			
Тақырып 3.1.2. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.			
3.2. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.			
4. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.			

4.1. Иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешу әдістері.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері.			
Тақырып 4.1.2. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
4.2. Иррационал теңсіздіктер және олардың жүйелері.	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Иррационал теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу әдістері			
5-бөлім. Көрсеткіштік және логарифмдік функция			
5.1. Көрсеткіштік функция	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі.			
5.2. Логарифмдік функция	+	+	+
Тақырып 5.2.1. Санның логарифмі және оның қасиеттері.			
Тақырып 5.2.2. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі			
6 бөлім. Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер			
6.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешу әдістері.			
Тақырып 6.1.2. Көрсеткіштік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			

6.2. Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Логарифмдік теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешу әдістері			
Тақырып 6.2.2. Логарифмдік теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу әдістері.			
7-бөлім. Функцияның шегі және үзіліссіздік			
7.1. Функцияның шегі	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі.			
Тақырып 7.1.2. Шектерді табу.			
7.2. Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары.			
Тақырып 7.2.2. Сан тізбегінің шегі.			
8 бөлім. Туынды және оның қолданылуы			
8.1. Туынды	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері.			
Тақырып 8.1.2. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функцияның туындысы.			
Тақырып 8.1.3. Күрделі функцияның туындысы.			
Тақырып 8.1.4. Тригонометриялық функциялардың туындылары.			

Тақырып 8.1.5. Көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың туындылары.			
Тақырып 8.1.6. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Функция графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуі. Агротехнологиялық есептерді шығару үшін туындыларды қолдану.			
8.1. Туындының қолданылуы	+	+	+
Тақырып 8.2.1. Функцияның өсу және кему шарттары. Кризистік нүктелер және экстремум нүктелері.			
Тақырып 8.2.2. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу.			
Тақырып 8.2.3. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері. Аграрлық-технологиялық бағыт бойынша есептердегі максимум және минимум нүктелері.			
9 бөлім. Алғашқы функция және интеграл. Анықталмаған интеграл.			
9.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл	+	+	+
Тақырып 9.1.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері.			
Тақырып 9.1.2. Элементар функциялардың интегралы			
9.2. Анықталған интеграл	+	+	+
.			

Тақырып 9.2.1. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.			
9.3. Аграрлық-технологиялық бағыт бойынша геометриялық және физикалық есептерді шешуде анықталған интегралды қолдану	+	+	+
Тақырып 9.3.1. Анықталған интегралдың көмегімен жазық фигуралардың аудандарын есептеу.			
Тақырып 9.3.2. Анықталған интегралдың көмегімен айналу денелерінің көлемін есептеу.			
10 бөлім. Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы			
10.1. Ықтималдық	+	+	+
Тақырып 10.1.1. Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолдану.			
Тақырып 10.1.2. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері. Ықтималдық әдістерін қолдана отырып, практикалық есептерді шешу.			
10.2. Математикалық статистика элементтері	+	+	+
Тақырып 10.2.1. Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және интервалдық қатарлар. Таңдама бойынша кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын бағалау.			

Тақырып 10.2.2. Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың таралу түрлері. Математикалық статистика элементтерін қолдана отырып, аграрлық-технологиялық бағыттағы практикалық есептерді шешу.			
11-бөлім. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы	+	+	+
11.1. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы.	+	+	+
Тақырып 11.1.1. Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы.			
Тақырып 11.1.2. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы			
Тақырып 11.1.3. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.			
11.2. Кеңістіктегі бұрыштар	+	+	+
Тақырып 11.2.1. Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу. Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы.			
Тақырып 11.2.2. Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Үш перпендикуляр туралы теорема.			

Тақырып 11.2.3. Екі жазықтықтың арасындағы бұрыш. Екі жақты бұрыш. Кеңістіктегі қашықтық.			
Тақырып 11.2.4. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональ проекциясы және оның ауданы. Аграрлық-технологиялық бағыт бойынша практикалық есептерді шығару.			
12 бөлім. Тікбұрышты координаталар жүйесі және кеңістіктегі векторлар			
12.1. Кеңістіктегі векторлар	+	+	+
Тақырып 12.1.1. Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар мен компланар векторлар.			
12.2. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі.	+	+	+
Тақырып 12.2.1. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту.			
Тақырып 12.2.2. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі. Вектордың ұзындығы. Вектордың компланар емес үш векторға жіктелуі.			
Тақырып 12.2.3. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары.			

Аграрлық-технологиялық бағыттағы қолданбалы есептерді шешуде координаталар мен векторларды пайдалану.			
Тақырып 12.2.4. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.			
13 Бөлім. Көпжақтар және айналу денелері			
13.1. Көпжақтар	+	+	+
Тақырып 13.1.1. Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Көпжақтар туралы ұғымы. Аграрлық-технологиялық сектордағы көпжақтар. Дұрыс көпжақтар. Көпжақтарды жазықтықпен қию. Аграрлық-технологиялық процесте дұрыс көпжақтарды қолдану.			
13.2. Призма және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 13.2.1. Призма, тікбұрышты параллелепипед және олардың қасиеттері. Куб.			
Тақырып 13.2.2. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Аграрлық-технологиялық бейіндегі қолданбалы есептерді шығару			
13.3. Пирамида және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 13.3.1. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Египет пирамидалары			
Тақырып 13.3.2. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Аграрлық-технологиялық			

бейіндегі қолданбалы есептерді шығару			
14. Айналу денелері және олардың элементтері			
14.1. Цилиндр және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 14.1.1. Цилиндр және оның элементтері. Цилиндр бетінің ауданы. Аграрлық-технологиялық секторда цилиндр мен оның элементтерін қолдану.			
14.2. Конус және оның элементтері.	+	+	+
Тақырып 14.2.1. Конус және оның элементтері. Конус бетінің ауданы. Аграрлық-технологиялық секторда конус пен оның элементтерін қолдану. .			
Тақырып 14.2.2. Киық конус және оның элементтері. Қиық конус бетінің ауданы			
14.3. Сфера, шар және олардың элементтері	+	+	+
Тақырып 14.3.1. Сфера, шар және олардың элементтері. Аграрлық-технологиялық процестегі шар мен сфераның элементтері. Сфера бетінің ауданы.			
Тақырып 14.3.2.Сфераға жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.			
Дене көлемі			
15.1. Денелер көлемінің жалпы қасиеттері. Көпжақтар көлемі	+	+	+
Тақырып 15.1.1. Дене көлемі. Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі.			
Тақырып 15.1.2. Пирамиданың көлемі. Қиық пирамиданың көлемі.			

15.2. Айналу денелерінің көлемі	+	+	+
Тақырып 15.1.1. Цилиндр көлемі.			
Тақырып 15.1.2. Конустың көлемі. Қиық конустың көлемі.			
Тақырып 15.1.3. Шар және оның бөліктерінің көлемі			
Тақырып 15.1.4. Кеңістіктіктегі фигуралардың ұқсастығы . Геометриялық денелердің комбинациясы. Аграрлық-технологиялық бейіндегі қолданбалы есептерді шығару.			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция және қасиеттері	1) График салу және функцияларды зерттеу дағдыларын пысықтау үшін функция ұғымын, түрлерін сипаттау; 2) аналитикалық анықтама және графикалық сурет негізінде функциялардың қасиеттерін көрсету.	1) Функция түрлерін және берілу тәсілдерін ажыратады; 3) берілген функциялар үшін графиктік түрлендірулерді орындайды; 3) берілген функцияның анықталу облысы және мәндер жиынын табады.
	Функция түрлері	1) $f(G(x))$ күрделі функциясын таба білу; 2) өзара кері функциялардың графиктерін салыстыру; 3) аграрлық-технологиялық бағыттағы есептерді модельдеу кезінде функциялар мен графиктерді көрсету.	1) Функциялардың композициясын құрайды; 2) кері функцияны табу ретін түсіндіреді; 3) аграрлық-технологиялық бағыттағы есептерді модельдеуге функциялар мен графиктердің қасиеттерін қолданады.
		1) тригонометриялық функциялардың	1) графиктер салады және график бойынша тригонометриялық функциялардың қасиеттерін сипаттайды;

Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар және олардың графигі	графиктері бойынша қасиеттерді оқу.	4) тригонометриялық функциялары бар өрнектерді түрлендіруді орындайды.
	Кері тригонометриялық функциялар	1) Кері тригонометриялық функциялардың графиктері бойынша қасиеттерді оқу.	1) Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс мәндерін табады; 2) кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін біледі. 3) кері тригонометриялық функциялары бар өрнектерді түрлендіруді орындайды.
	Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелер	1) Тригонометриялық теңдеулер мен теңдеулер жүйелерін шешу әдістерін білу;	1) Тригонометриялық теңдеулерді шешуге арналған формулаларды қолданады; 2) тригонометриялық теңдеулер мен теңдеулер жүйелерінің шешімін табады;
	Тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелер	1) тригонометриялық теңсіздіктер және теңсіздіктер жүйелерін шешу әдістерін білу.	1) тригонометриялық функциялардың графигін пайдаланып тригонометриялық теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерді шешу алгоритмін қолданады; 2) бірлік шеңбер арқылы тригонометриялық теңсіздіктер мен жүйелерді шешу алгоритмін қолданады.
	Дәрежелік функция	1) Алгебралық өрнектерді түрлендіру.	1) n дәрежесінің түбірін және n дәрежесінің арифметикалық түбірін анықтауда сәйкестікті белгілейді; 2) иррационалды және алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін n дәрежелі және рационал көрсеткішті түбірдің қасиеттерін қолданады.
			1) График құру дағдыларын пысықтау

Дәрежелер мен түбірлер Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	1) Дәрежелік функцияның графигін құру	үшін дәрежелік функциясының қасиеттерін пайдаланады; 2) берілген график бойынша дәрежелік функцияның қасиеттерін зерттейді.
	Иррационал теңдеулер мен жүйелер	1) Иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу алгоритмін игеру,	1) Иррационал теңдеу анықтамасын біледі және иррационал теңдеудің анықталу облысын табады; 2) иррационал теңдеулер мен теңделур жүйесін шешу әдістерін біледі және қолданады.
	Иррационал теңсіздіктер мен жүйелер	1) Иррационал теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу алгоритмін игеру.	1) Иррационал теңсіздік анықтамасын біледі және иррационал теңсіздіктің анықталу облысын табады; 2) иррационал теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйесін шешеді.
Көрсеткіштік және логарифмдік функция	Көрсеткіштік функция	1) График бойынша көрсеткіштік функцияның қасиеттерін сипаттау.	1) Көрсеткіштік функциясының анықтамасын біледі және оның графигін салады; 2) негізге байланысты көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады.
	Логарифмдік функция	1) Логарифмі бар өрнектердің мәндерін есептеу. 2) негізге байланысты логарифмдік функцияның қасиеттерін график бойынша сипаттау.	1) Санның логарифмін, ондық және натурал логарифмнің мәндерін анықтайды; 2) логарифмдік өрнектерді түрлендіру үшін логарифмдердің қасиеттерін қолданады. 3) логарифмдік функцияның анықтамасын біледі және оның қасиеттерін сипаттайды; 4) логарифмдік функцияның графигін салады.
			1) Көрсеткіштік теңдеуді шешу алгоритмін қолданады;

Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	1) Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу.	2) көрсеткіштік теңдеулерді, теңсіздіктерді шешуде көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады; 3) көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешеді.
	Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, жүйелер.	1) Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу	1) Логарифмдік теңдеуді шешу алгоритмін қолданады; 2) логарифмдік теңдеулерді, теңсіздіктерді шешуде логарифмдік функцияның қасиеттерін қолданады; 3) логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін шешеді.
Функцияның шегі және үзіліссіздік	Функцияның шегі	1) Нүктедегі және аралықтағы функцияның шегін анықтау	1) Функцияның шегін нүктеде, шексіздікте есептейді; 2) есептерді шешуде шектердің қасиеттерін қолдана алады
	Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі	1) Функция графигінің асимптоталарын салу	1) Функцияның үзіліссіздік қасиеттерін қолданады; 2) сан тізбегінің шегін есептейді
Туынды	Туынды	1) Функциялардың туындыларын есептеу; 2) туындының геометриялық және физикалық мағынасын игеру; 3) күрделі функциялардың туындыларын табу	1) Анықтама бойынша функцияның туындысын табады; 2) функцияларды дифференциалдау ережелерін қолданады; 3) функция туындысының физикалық және геометриялық мағынасын ашады; 4) қозғалыс жылдамдығы мен үдеуін есептейді. 5) күрделі функциялардың туындысын есептеу ережесін қолданады
			1) Алгоритм бойынша функцияның графигіне

Туынды және оның қолданылуы	Туындыны қолдану	<p>1) Функцияларды монотондылыққа зерттеу;</p> <p>2) кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәнін анықтау;</p> <p>3) туындының механикалық мағынасын ашу.</p>	<p>жүргізілген жанаманың теңдеуін құрайды;</p> <p>2) функцияның өсуі (кемуі) қажетті және жеткілікті шартын интервалда қолданады;</p> <p>3) туынды көмегімен функцияның қасиеттерін талдайды және оның графигін салады.</p> <p>4) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табады;</p> <p>5)</p> <p>аграрлық-технологиялық бағыт бойынша есептерді туынды формулаларды қолдану арқылы шешеді</p>
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл	1) Алғашқы функция және анықталмаған интегралды табу	<p>1) Алғашқы функция және анықталмаған интеграл ұғымының мазмұнын ашады;</p> <p>2) анықталмаған интегралдарды табу формулаларын қолданады;</p> <p>3) есептерді шешуде анықталмаған интегралдар кестесін пайдаланады</p>
	Анықталған интеграл	<p>1) Анықталған интегралды есептеу;</p> <p>2) интегралдың физикалық мағынасын түсіндіру.</p>	<p>1) Қисық ссызықты трапецияның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолданады;</p> <p>2) берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептейді;</p> <p>3) айналу денесінің көлемін есептейді;</p> <p>4)</p> <p>аграрлық-технологиялық бағыт бойынша есептерді анықталған интегралдың формуласын қолдану арқылы шешеді</p>
		1) Комбинаторлық есептерді ықтималдық нұсқаларды жүйелі түрде таңдау және көбейту ережесін қолдану арқылы шешу;	1)Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) есептеу үшін қолданады;
			2) ықтималдық қасиеттерін қолдану арқылы кездейсоқ

Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы	Ықтималдық	2) ықтималдықтар теориясының негіздерін, ықтималдықтарды қосу және көбейту теоремаларын түсіндіру; 3) ықтималдық әдістерін қолдана отырып, практикалық есептерді түсіндіру.	оқиғалардың ықтималдығын есептейді; 3) ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін түсіндіреді; 4) ықтималдық әдістерін қолдана отырып, практикалық есептерді шығарады.
	Математикалық статистика элементтері	1) Дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясы және математикалық күтімі арасындағы байланысты, орташа квадраттық ауытқуды түсіндіру; 2) кездейсоқ шамаларды таңдама түрде сипаттау.	1) Дискретті кездейсоқ шама, дисперсия, математикалық күтім және орташа квадраттық (стандартты) ауытқу арасындағы байланысты түсіндіреді; кездейсоқ шамаларды таңдама мәліметтері бойынша сипаттайды; 2) дискретті кездейсоқ шаманы математикалық күтімін есептейді; 3) дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясын және орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептейді; 4) кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамаларын таңдама мәліметтері бойынша бағалайды.
	Кездейсоқ шамалар	1) Дискретті, үздіксіз кездейсоқ шамалары ұғымдарын түсіндіру; 2) дискретті кездейсоқ шаманы қолдана отырып есептерді шығару; 3) практикалық есептерді шығару үшін математикалық статистика элементтерін қолдану алгоритмін табу.	1) Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамаларды салыстырады; 2) кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім заңының кестесін жасайды; 3) математикалық статистика элементтерін қолдана отырып, практикалық есептерді шешеді.
	Стереометрия аксиомалары.	1) Стереометрия аксиомалары және олардың салдарларын түсіндіру;	1) Стереометрия аксиомаларының мазмұнын, олардың салдарларын түсіндіреді; 2) есептерді шешу кезінде кеңістіктегі параллель және

	<p>Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы</p>	<p>2) кеңістіктегі түзулердің , жазықтықтардың, түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын бейнелеу.</p>	<p>қиылысатын түзулердің қасиеттері туралы білімді қолданады; 3) түзулердің параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін түсіндіреді, оларды есептерді шешуде қолданады.</p>
<p>Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы</p>	<p>Кеңістіктегі бұрыштар</p>	<p>1) Кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш, түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш ұғымын меңгеру; 2) үш перпендикуляр туралы теоремасын түсіндіру.</p>	<p>1) Кеңістіктегі перпендикулярдың, көлбеу және көлбеу проекцияның мағынасын ашады; 2) түзу мен жазықтықтың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін түсіндіреді; 3) есептерді шешу кезінде жазықтықтардың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін қолданады; 4) кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрышты анықтайды; 5) түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты, жазықтықтар арасындағы бұрышты бейнелейді; 6) есептерді шешуде үш перпендикуляр туралы теореманы қолданады.</p>
<p>Тікбұрышты координаталар жүйесі</p>	<p>Кеңістіктегі векторлар</p>	<p>1) Вектордың анықтамасын және кеңістіктегі векторлармен амалдарды меңгеру; 2) екі нүкте арасындағы қашықтықты, кесіндінің ортасын есептеуді орындау.</p>	<p>1) Жазықтықта және кеңістікте векторды бейнелейді, вектордың координаталары мен ұзындығын табады; 2) векторларды қосу мен азайтуды, векторды санға көбейтуді орындайды; 3) векторлардың скалярлық көбейтіндісін табады; 4) екі нүкте арасындағы қашықтықты анықтайды; 5) кеңістіктегі кесіндінің ортаңғы координаттарын табады.</p>
			<p>1) Кеңістіктегі векторлардың</p>

және кеңістіктегі векторлар	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	<p>1) Векторлардың коллинеарлық және компланарлық шарттарын меңгеру;</p> <p>2) векторды үш компланарлы емес вектор бойынша жіктеу;</p> <p>3) сфера теңдеуін құрастыру;</p> <p>4) қолданбалы есептерді шешуде координаталар мен векторларды пайдалану.</p>	<p>коллинеарлығы мен компланарлығын анықтайды;</p> <p>2) есептерді шешу кезінде векторлардың коллинеарлығы мен компланарлығы шартын қолданады;</p> <p>3) сфера теңдеуіне есептер шығарады;</p> <p>4) аграрлық-технологиялық бейіндегі қолданбалы есептерді шешу кезінде векторлардың қасиеттерін қолданады.</p>
	Analysis of scientific film from different perspectives (physics, biology, economics)	1) Бұрын алған білімдерін басқа пәндерде қолдану (пәнаралық байланыс, CLIL); 2) ойларды, идеяларды, тәжірибелер мен сезімдерді білдіру үшін қиялды пайдалану.	мәселелерді шешу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдаланады; 2) тақырыптың нақты ақпараты мен негізгі тұстарын анықтайды; 3) тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті қолданады.
--	---	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
86 - қосымша

Аграрлық-технологиялық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-технологиялық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

4. Оқу бағдарламасы тарихи ойлаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: тарихи дереккөздерді түсіндіру, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, тарихи талдау және түсіндіру дағдылары.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру: 1) өзгеріс пен сабақтастық; 2) себеп пен салдар; 3) дәлел; 4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық; 6) интерпретация

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің желгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі;

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. "Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық

процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. "Мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. "Автономдық кеңес республикасы", "Кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары;

4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "

қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі;

5) өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. "Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдары. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы;

6) саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. "Аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. "Депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. "Көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі.

Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары ("Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты;

8) білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. ХVІІІ-ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. ХІХ ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. ХІХ ғасырда -ХХ ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері			
1.1 Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері.			
Тақырып 1.1.2. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы.			
Тақырып 1.1.3. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары.			
1.2 "Ұлы Дала" өркениеті	+	+	+
Тақырып 1.2.1. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы			
Тақырып 1.2.2. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)			
Тақырып 1.2.3. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті.			
1.1.Орталық Азия және әлемдік өркениет.			

Тақырып 1.3.1. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі			
Зерттеу жұмысы. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала			
2- бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер			
2.1. Қазақ халқының шығу тегі.	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер.			
2.2. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары.			
Тақырып 2.2.2. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.			
Зерттеу жұмысы. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы			
3-бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан			
3.1. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы			
3.2. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Түркі империясы - көшпенділер			

мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері			
Тақырып 3.2.2. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері			
3.3. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі			
Тақырып 3.3.2. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары			
3.4. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	+	+	+
Тақырып 3.4.1. Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі.			
Тақырып 3.4.2. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.			
Тақырып 3.4.3. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы.			
Зерттеу жұмысы. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы			
4-бөлім. Мәдениеттің дамуы			
4.1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері			
Тақырып 4.1.2. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы.			
Тақырып 4.1.3. Мал өнімдерінен дайындалатын ұлттық тағамдар			

Тақырып 4.1.4. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, қонақжайлық			
Тақырып 4.1.5. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мұрасы			
4.2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	+	+	+
Тақырып 4.2.1. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар.			
4.3. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	+	+	+
Тақырып 4.3.1. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы.			
Зерттеу жұмысы. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды			
5- бөлім. Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері			
5.1. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі.	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.			
Тақырып 5.1.2. Қолөнер мен кәсіптер.			
5.2. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері			
Тақырып 5.2.1. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.			
Тақырып 5.2.2. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері			
Тақырып 5.2.3. Ортағасырлық қалалардағы көшпелі және отырықшы			

халықтар арасындағы сауда байланыстарының дамуы			
Тақырып 5.2.4. XVIII – XIX ғғ.Қазақстандағы көшпелі мал шаруашылығы			
Тақырып 5.2.5. XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі			
Тақырып 5.2.6.. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы			
Тақырып 5.2.7. Қазақстан Республикасының экономикалық даму бағыты			
Зерттеу жұмысы. Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері			
6-бөлім. Саяси-құқықтық процестер.			
6.1. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы).			
Тақырып 6.1.2. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.			
6.2 Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты			
Тақырып 6.2.1. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты.			
Тақырып 6.2.2. Ұлтаралық және конфессияаралық			

келісімнің қазақстандық үлгісі.			
Тақырып 6.2.3. Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.			
Зерттеу жұмысы. Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры			
7 бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
7.1. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	+	+	+
Тақырып 7.1.1. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы.			
Тақырып 7.1.2. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
Тақырып 7.1.3. "Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары			
Тақырып 7.1.4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары.			
7.2. "Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея.	+	+	+
Тақырып 7.2.1. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері			
Тақырып 7.2.2. "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары.			
7.3. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз			
Тақырып 7.3.1. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі.			

Тақырып 7.3.2. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары.			
Зерттеу жұмысы. Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі			
8-бөлім. Білім мен ғылымның дамуы			
8.1. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	+	+	+
Тақырып 8.1.1. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы			
8.2. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы			
Тақырып 8.2.1. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер.			
Тақырып 8.2.2. XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі			
Тақырып 8.2.3. XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы ашылған ауылшаруашылық мектептерінің қызметі			
Тақырып 8.2.4. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары			
Тақырып 8.2.5. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты және Қазақ ауылшаруашылық институты			
Тақырып 8.2.6. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы			
8.3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі			

Тақырып 8.3.1. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер		
Тақырып 8.3.2. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы		
Зерттеу жұмысы. Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.		

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	1)"Орталық Азия" ұғымын аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану;	1) "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды; 2)Әлемдік өркениеттегі Орталық Азия өркениетінің рөлін талдайды
		2) Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлері негізінде қорытынды жасау;	1) Орта Азияның әлемдік өркениетке қосқан рөлін анықтайды; 2)Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлерін талдайды.
		3)Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау;	1) Орта Азияның ежелгі өркениетінің ерекшеліктерін анықтайды; 2) Орталық Азия өркениетінің ежелгі ошақтарының қалыптасуы мен дамуын талдайды.
	"Ұлы Дала" өркениеті.	4)Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	1)"Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтайды; 2) Тарихи дерек көздерді талдау негізінде "Ұлы Дала" ұғымының мәнін түсіндіреді; 3)Ұлы дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдайды.

		5)Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау	1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтайды (энеолит, қола дәуірі); 2) Ұлы дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдайды.
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	6)Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін анықтау;	1)Отырықшы-егіншілік және көшпелі өркениет арасындағы сауда-экономикалық байланысты сипаттайды; 2)Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.
Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	1)Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау	1)Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады; 2)Қазақстан аумағындағы ежелгі және ортағасырлық тарихи оқиғалар арқылы этногенездің кезеңдерін сипаттайды.
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	2)Тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;	1)Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды; 3)Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымына баға береді.
		3) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың	1)Қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдаланады;

		функционалдык рөлін ашып көрсету.	2) Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін анықтайды.
Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер		1)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін талдау;	1)Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттерді анықтайды; 2)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтайды; 3)Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы туралы дереккөздері мәліметтерін саралайды.
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	2)Деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	1)1)Түркі империясының саяси-экономикалық даму ерекшелігін түсіндіреді.
		3)Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу;	2)1)Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің ерекшелігін талдайды
		4)XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	1)XIII-XV ғ.ғ. мемлекеттердің Еуразиядағы басты тарихи оқиғалардағы белсенділігін сипаттайды ;
		5)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	1)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттайды
	6)Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде зерттеу	1)Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдайды;	

Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	7)Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу	1)Қазақ хандығының саяси институттары мен ерте көшпелі мемлекеттерін салыстырмалы талдау негізінде көшпелі өркениеттердің мемлекеттік құрылымы нысандарының сабақтастығын дәлелдейді
Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы		8)Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау;	1)Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтайды; 2)Қазақ жеріндегі әскери бекіністердің мақсатын талдайды.
		9)Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресін зерттеу	1) Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің кезеңдерін сипаттайды
		10) Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі кезеңіндегі қоғамдық-саяси дамуындағы жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын талдау	1)"Автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану арқылы Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін талдау; 2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін сипаттайды; 3)Қазақстанның кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси дамуындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.
		11)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	1)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын саралай келе қазіргі кезеңдегі қол жеткізген табыстар мен салыстырады; 2) Қазақстанның болашақтағы дамуына

			байланысты болжамдар жасайды.
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	1)Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнердегі жеткен жетістіктерін талдау	1)"Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттайды; 2)Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін сақтауда материалдық мәдениет пен қолданбалы өнердің орнын айқындайды; 3)Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдайды.
		2)Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы Ұлы Дала өркениетінің жалғасы екендігін дәлелдеу	1)"Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтайды.
		3) Мал шаруашылығы өнімдеріне байланысты қалыптасқан ұлттық тағамдардың тиімділігін түсіндіру	1) Қазақ халқының ұлттық тағамдардың ерекшелігін айқындайды.
		4) Қазақ халқының қонақжайлылыққа байланысты әдет-ғұрыптарын талдау	1) Қазақ халқының қонақжайлылықпен байланысты әдет-ғұрыптарын сипаттайды; 2)Әдет-ғұрыптарды рухани-адамгершілік құндылықтармен байланыстырады.
		5)Қазақ әдебиеті мен музыкалық мұрасының маңызды жетістіктерін халықтың рухани - адамгершілік құндылықтары тұрғысынан сипаттау	1) Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтайды; 2)Фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық

		мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін айқындайды.
Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	6)Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	1) Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтайды; 2) Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдайды.
Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	7)Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы сипаттау	1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттайды; 2) Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіреді.
	1)Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы ерекшеліктерін айқындау	1) Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді; 2) Көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып талдайды.
	2)Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде сипаттау	1) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде талдайды; 2) Қазіргі қазақ қолөнерінің даму бағыттарын сипаттайды.
	3)Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына	1)Қартаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының

Өркениет: экономикалық дамудың ерекшеліктері

Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі
Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері

<p>Ұлы Жібек жолының тигізген рөлін талдау 4) Қазақстанның ортағасырлық қалаларының айырбас саудасындағы рөлін анықтау;</p>	<p>Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттейді; 2)Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне баға береді;</p>
<p>4)Отырықшы және көшпелі өркениет арасындағы өзара байланыстарды сипаттау</p>	<p>1)Сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттайды; 2)Дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін талдайды;</p>
	<p>1) Қазақ жеріндегі айырбастау саудасындағы негізгі өнімдерді айқындайды;; 2) Ортағасырлық қалалардың айырбас саудасын жүргізудегі рөлін бағалайды;</p>
<p>5)XVIII –XIX ғғ. Қазақстандағы көшпелі мал шаруашылығының ерекшелігін талдау</p>	<p>1)Қазақтардың өміріндегі XVIII-XIX ғасырдағы мал шаруашылығының орнын анықтайды; 2) Қазақтардың қосалқы шаруашылығын жүргізу түрлерін талдайды және жіктейді;</p>
<p>7)XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреу себебін анықтау</p>	<p>1)Дәстүрлі мал шаруашылығының бұзылуына Ресейдің отарлау саясатының тигізген әсерін талдайды; 2)Кеңес өкіметінің жүргізген экономикалық реформаларының казак ұлтының жойылып кету қаупіне тигізген әсерін зерттейді.</p>
	<p>1)"Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның экономикалық даму</p>

	<p>Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы</p>	<p>8)XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау</p> <p>9)Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау</p>	<p>ерекшеліктеріне талдау жасау;</p> <p>2)XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының даму бағыттарындағы басымдылықтар мен қайшылықтарды талдайды.</p> <p>1)Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдайды, олардың қазіргі кездегі ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>2)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын талдайды;</p> <p>3)Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағына болжау жасайды.</p>
	<p>Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы</p>	<p>1)Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу ;</p> <p>2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның полиэтникалық қоғамның қалыптасуы ерекшелігін сипаттау</p>	<p>1) "Аграрлық саясат", " көші-қон саясаты", " моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне талдау жасайды;</p> <p>2)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін анықтайды;</p> <p>3)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін талдайды.</p> <p>1)Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру себептерін талдайды;</p> <p>2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени байланысын зерттейді.</p>

6.Саяси-құқықтық процестер	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	3)Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты талдау	1)Көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "иридента" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын талдайды;
7.Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	4)Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін талдау	1) Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісіне баға береді.
		5)Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айқындау	1)Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін анықтайды.
		1)Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды; 2)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
2)Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын талдау	1)Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларының мемлекеттің біртұтастығын сақтаудағы рөлін зерттейді.		
3)"Зарзаман" ағымы өкілдерінің	1) Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдері		

		идеологиялық құндылықтарын анықтау	идеяларының маңыздылығын зерттейді .
		4)XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдау	1)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	5)"Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау	1) Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдайды; 2)Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау арқылы қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді; 3) Қазақ зиялыларының Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалайды
		6) "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарын талдау	1)"Алаш" қозғалысының ұлттық сананың оянуына тигізген әсерін анықтайды; 2)XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөздің рөлін анықтайды.
		8)Алашорда үкіметінің мемлекеттік бағдарламасындағы жер мәселесін талдау	1)Алашорда үкіметінің мемлекеттік бағдарламасындағы жер мәселесі шешімін талдайды; 2)Қазақ зиялыларының жерді сату идеясына қарсылық білдіруінің себептерін анықтайды; 3.) "Алаш" партиясы бағдарламасының сәтсіздікке ұшырау себептерін зерттейді.
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	9)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтау 10)Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарын талдау	1)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтайды ; 2)"Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын"

			зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіреді.
8.Білім мен ғылымның дамуы	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	1)Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу	1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды
		2)XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулердің негізгі бағыттарына талдау жасау	1)XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды; 2)XVIII-XX ғасырдың басындағы білім беру мекемелерінің негізгі қызметін талдайды.
		3)XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау	1)XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың бағыттарын анықтайды; 2. XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеп баға береді.
		4) XX ғасырдың басында қазақ жерінде ашылған ауыл шаруашылығы мектептерінің қызметін талдау	1) XX ғасырдың басында қазақ жерінде ауыл шаруашылығы мектептерін ашудағы Ресей империясының мақсаттарын айқындайды
	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	5)Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдау	1)Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің даму кезеңдерін сипаттайды; 2)Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдай отырып, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтайды
			1)Алматы зоотехникалық және ветеринарлық институтының кеңестік кезеңде ауыл шаруашылығы

		6) Алматы зоотехникалық және ветеринарлық институты мен Қазақ ауыл шаруашылығы институтын ашудың маңыздылығын айқындау	мамандарын даярлауға қосқан үлесін сипаттайды ; 2) Қазақ ауыл шаруашылығы институтының Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына қосқан үлесіне баға береді
		7) Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының ролін анықтау	1) Қаз КСР Ғылым Академиясының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді; 2) Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалайды.
	Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	8) Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау	1) Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдайды; 2) Білім беруді дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жетістігіне баға береді.
		9) Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы , әлемдік ғылымның даму бағытын сипаттау	1) Әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми жаңалықтарды қазақстандық білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығын бағалайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
87 - қосымша

Аграрлық-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-технологиялық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты - болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетінің агротехнологиялық бағыты бойынша кәсіби қолданбалы дене мәдениетін қалыптастыру үдерісін жетілдіру болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) дене шынықтыру саласында теориялық білімдерді қалыптастыру және болашақ кәсіптік қызметке дайындық сапасын арттыру;

2) "агроном" және "инженер" мамандарының кәсіптік қызметінің қозғалыс ерекшеліктерін, олардың үлгілік сипаттамаларын анықтау;

3) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

4) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

5) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

6) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

7) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

8) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

9) теорияны зерделеу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

10) болжанатын (болашақ) кәсіпті таңдау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

"Дене шынықтыру" пәнін өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және анализ бастамалары", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 12 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

3-бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.

6-бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі.

7-бөлім. Гимнастика.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10-бөлім. Жүзу.

11-бөлім. Туризм.

12-бөлім. Спорттық тағам.

Пәннің негізгі мазмұны:

1-бөлім. "Дене шынықтыру" пәніндегі қауіпсіздік техникасы. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау. Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы. Жеке гигиена. Шынығу. Тамақтану және тамақтану режимі. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Қазіргі қоғамдағы дене шынықтыру және спорт. Салауатты өмір салты және оның компоненттері. Жеке гигиена

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

3-бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру. Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6-бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7-бөлім. Гимнастика.

Қауіпсіздік ережесі. Жаттығу кезіндегі сақтандырудың рөлі. Гимнастиканың түрлері. Жауынгерлік жаттығулардың элементтері. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастика бойынша жаттығулар (таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру үзілісі). Сауықтыру гимнастикасының элементтері Жұмыс күнінде қолданылатын арнайы гимнастикалық жаттығулар кешендері. Гигиеналық гимнастика бойынша жаттығулар (таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру үзілісі). Спорттық жабдықтарды (гимнастикалық таяқ, құрсау, фитбол) пайдаланатын сыртқы тарату құрылғылары. Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Акробатикалық жаттығулар. Гимнастикалық құрал-жабдықтардағы жаттығулар. Көркем гимнастика элементтері. Фитнес жаттықтыру аймақтарының түрлері (йога, стрейтинг, пилатес, табата және тағы басқалар). Жеңіл атлетикалық гимнастиканың элементтері. Тепе-теңдік пен вестибулярлық тұрақтылыққа арналған жаттығулар.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері. Асық ату. Бестас. Тоғызқұмалақ. Қазақша-күрес. Ұлттық ойындардың түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері. Ойын техникасы. Ойынның тактикалық әрекеттері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Қозғалыс түрлері. Бұрылу түрлері. Көтерілу түрлері. Жартылай конькимен сырғанау. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау. Ауыспалы конькимен сырғанау. Бір

мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау. Тиісті іс-шараларға арналған жылыту және қалпына келтіру әдістері. Қашықтықты өту тактикасының негіздері. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Сырғанаудың негізгі әдістері. Бұрылыстар. Тежеу. Артқа сырғанау. Сырғанау.

10-бөлім. Жүзу. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар. Құрғақ жүзу. Жүзу техникасын қою. Денені айналдыру және тыныс алу. Сырғанау және тепе-теңдік. Жүзу стильдері. Артпен жүзу. Жүзу. Брасс. Жүзу. Соңғы жүзу 50 м. еркін стильде.

11-бөлім. Туризм.

Туризм ережелері. Түйіндер. Өткелдер. Жарақат кезіндегі алғашқы көмек. Шатыр орнату. Карталар. Компас. Өрт түрлері.

12-бөлім. Спорттық тамақтану.

Спорттық тамақтану өнімдерін дамытудың қазіргі заманғы тенденциялары. Спортшыларға арналған өнімдер. Спорттық тамақтанудың негізгі компоненттерінің эргогендік тиімділігі.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту;

5) Жұмыс жаттығуларының бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, қысқы спорт түрлерін рекреациялық жүгірумен және басқа аэробтық жаттығулармен ауыстыру ұсынылады;

6) Жүзумен айналысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүзу бағдарламасын іске асыруға бөлінген уақыт педагогикалық кеңестің шешімімен спорттық ойындар, гимнастика бойынша дағдыларды одан әрі жетілдіруге пайдаланылады.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 120 сағатты (5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тарау, бөлім және тақырып атаулары	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		теориялық	практикалық

1 бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.			
1. 1. Дене шынықтыру туралы.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру, оның өңірлік және кәсіптік бағдары.			
Тақырып 1.1.2. Сабақтардағы қауіпсіздік техникасы дене шынықтыру. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау			
Тақырып 1.1.3. Жеке гигиена. Қатаю. Тамақтану және тамақтану режимі.			
Тақырып 1.1.4. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Салауатты өмір салты және оның компоненттері.			
1.2 дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы			
Тақырып 1.2.1. Олимпиада ойындары және Олимпиада қозғалысы			
Тақырып 1.2.2. Шет елдердегі дене шынықтыру: тарихи және заманауи көзқарас.			
Тақырып 1.2.3. Кеңес дәуіріндегі және Егеменді Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт.			
2 бөлім. Жеңіл атлетика.			
2.1. Жеңіл атлетика жаттығулары.	+	+	+
Тақырып 2.1 Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.2 Төменгі старт.			

Тақырып 2.3 Орта қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.4 Жоғары старт.			
Тақырып 2.5 Ұзақ қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.6 Мәреге жету техникасы.			
Тақырып 2.7 Ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.8 Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.9 Граната лақтыру.			
Тақырып 2.10 Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.			
3 бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.			
3.1. Футбол ойынның негізгі ережелері.	+	+	+
Тақырып 3.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 3.2 Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допты иелену техникасының негізгі элементтерін дамыту.			
Тақырып 3.3 Допты иелену.			
Тақырып 3.4 Ойыншылардың шабуыл мен қорғаныстағы жеке әрекеттері.			
Тақырып 3.5 Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері.			
Тақырып 3.6 Екі жақты ойын. Төрелік ойындар футбол.			

4 бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.			
4.1. Волейбол ойынның негізгі ережелері	+	+	+
Тақырып 4.1 Қауіпсіздік техникасы. Ойынның негізгі ережелері.			
Тақырып 4.2 Ойыншылардың қозғалысы.			
Тақырып 4.3 Волейболшының ұстанымы.			
Тақырып 4.4 Допты жоғарыдан беру.			
Тақырып 4.5 Допты төменнен беру.			
Тақырып 4.6 Допты беру.			
Тақырып 4.7 Допты берудегі қабылдау.			
Тақырып 4.8 Шабуыл әрекеттері.			
Тақырып 4.9 Қорғаныстағы ойын.			
Тақырып 4.10 Допты жоғарыдан екі қолмен қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқу волейбол ойыны			
Тақырып 4.11 Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын.			
4.12 Волейбол ойындарына төрелік.			
5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.			
		<p>1) Органикалық заттардың құрамы мен құрылысын білу.</p>	<p>1) Изомерлердің формулаларын құрастырады: қосылыстың құрылымдық формулалары мен функционалдық топтары; 2) радикалдардың құрылысы мен тірі ағзалар тіршілігіндегі рөлін ашады; 3) гомологтық қатарлардың түзілуін түсіндіреді; 4) гомологтардың қасиеттерінің</p>

айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіреді;
5) қосылыстардың құрылымдық формулаларын құрастырады және оларды IUPAC номенклатурасына сәйкес а т а й д ы (IUPAC-Халықаралық таза және қолданбалы химия одағы);

2) Органикалық заттардың классификациясын білу.

1) спирттердің, альдегидтердің және кетондардың, карбон қышқылдарының, күрделі эфирлердің функционалды топтарының құрылымын сипаттайды;
2) органикалық қосылыстардың адам өміріндегі маңызын ашады;
3) қазақ ғалымдарының органикалық химияның дамуына қосқан үлесін ашады.

3) Қаныққан көмірсутектерді білу.

1) Алкандардың жану өнімдерін атайды және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
2) берілген жану өнімдері бойынша заттың молекулалық формуласын анықтайды;
3) элементтердің массалық үлестері және олардың буларының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттардың қарапайым және молекулалық формулаларын табады;
4) гомологтық қатарды, құрылымын, химиялық құрамын және циклоалкандардың физикалық қасиеттерін сипаттайды.;
5) изомерлердің құрылымдық

Көміртек және оның қосылыстарының химиясы

формулалары мен формулаларын құрастырады, IUPAC номенклатурасы (IUPAC – Халықаралық таза және қолданбалы химия одағы) бойынша заттарды атайды.

4) Қанықпаған көмірсутектерді білу.

- 1) Қанықпаған көмірсутектердің гомологтық қатарын құрайды;
- 2) қанықпаған көмірсутектердің құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіреді;
- 3) оларды өндіру әдістерін ашады;
- 4) алкендерге (қанықпауға) сапалық реакцияларды сипаттайды;
- 5) алкендердің құрылымдық формулаларын құрайды;

5) Полимерлену реакциялары мен полиэтилен өндірісін сипаттау.

- 1) Полимерлену реакцияларын құрайды (полиэтилен, полипропилен, поливинилхлорид);
- 2) "мономер", "элементар буын", "олигомер", "полимер", "полимерлену дәрежесі" ұғымдарын ажыратады;
- 3) полимерлену және поликонденсациялау реакция теңдеуін құрастырады;
- 4) полиэтилен және басқа полимерлердің қолдану аймақтарын атайды;

6) Практикалық жұмысты орындау.

- 1) Органикалық заттардың молекулаларының үлгілерін жинайды;
- 2) органикалық заттар молекуласының құрылысын түсіндіреді;

	<p>3) қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді;</p> <p>4) қорытындылайды.</p>
7) Практикалық жұмысты орындау.	<p>1) Байланыстың қанықпауына сапалық реакциялар жүргізеді;</p> <p>2) "қанықпау" терминін және қанықпаудың қосылыстың қасиеттеріне әсерін түсіндіреді;</p> <p>3) алкендердегі байланыстардың қанықпағандығын тәжірибе жүзінде дәлелдейді ;</p>
8) Алкадиендер мен алкиндер туралы білім алу.	<p>1) Алкадиендер мен алкиндердің құрылысын, қасиеттерін түсіндіреді ;</p> <p>2) алкадиендер мен алкиндердің құрылысына қарай қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>3) диендердің полимерленуі (изопрен) реакция өнімдерінің шарикті үлгілерін құрастырады;</p> <p>4) алкадиендер мен алкиндердің гомологтық қатарын құрайды ;</p>
9) Ароматты қосылыстарға сипаттама беру.	<p>1) Делокализациясы тұрғысынан бензол молекуласының құрылымын түсіндіреді;</p> <p>2) бензолға және оның гомологтарына тән қасиеттерді сипаттайды;</p> <p>3) бензолды және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастырады;</p> <p>4) бензолдың органикалық синтезде қолданылуын түсіндіреді;</p>
	<p>1) Гетероциклді қосылыстардың молекуласының құрылысын ашады;</p> <p>2) гетероциклді қосылыстардың</p>

Химия және қоршаған орта

Көміртек және оның қосылыстарының химиясы

<p>1) Гетероциклді қосылыстарға сипаттама беру.</p>	<p>номенклатурасы мен изомериясын түсіндіреді; 3) гетероциклді қосылыстардың қолданылу аясын ашады;</p>
<p>2) Көмірсутектердің қайнар көздерін білу.</p>	<p>1) Көміртекті қосылыстарды отын ретінде пайдалануды ашады; 2) картада Қазақстандағы көмір, мұнай және табиғи газ кен орындарын анықтайды;</p>
<p>3) Табиғи газды, мұнайға серік газдардың жылу энергиясының көздері ретінде сипаттау.</p>	<p>1) Мұнайға серік газдар мен табиғи газдардың шығу тегін түсіндіреді; 2) мұнайға серік газдар мен табиғи газдардың құрамы мен пайдаланылуын атайды; 3) химиялық реакция теңдеулерін құрастырады .</p>
<p>4) Тас көмірдің шығу тегі мен кокстеу процесін білу.</p>	<p>1) Құрамында көміртегі бар қосылыстардың отын ретінде қолдану аймақтарын атайды; 2) көмірді кокстеу процесін түсіндіреді; 3) картада Қазақстандағы табиғи газ, көмір, мұнай және кен орындарын анықтайды;</p>
<p>1) Галоалкандарды алу реакцияларының механизмін білу .</p>	<p>1) Галогеналкандардың органикалық синтез үшін маңызын түсіндіреді ; 2) галоалкандарды алу әдістерін көрсетеді ; 3) галогеналкандардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіреді;</p>
<p>2) Құрамында оттегі бар органикалық қосылыстарды, бір</p>	<p>1) спирттерді алу әдістері мен қолдану аймақтарын тізіп көрсетеді; 2) спирттердің адам ағзасына улы әсерін анықтайды; 3) спирттердің құрылымдық формулаларын құрастырады және оларды IUPAC</p>

Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	атомды және көп атомды спирттерді білу.	номенклатурасы бойынша атайды (IUPAC-Халықаралық таза және қолданбалы химия одағы); 4) изомерлерді жіктейді және тұжырымдайды: құрылымдық , функционалдық топтар және сыныпаралық.
	3) Практикалық жұмысты орындау	1) Спирттердің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады; 2) бір атомды және көп атомды спирттерге сапалық реакциялар жүргізеді; 3) атомдардың өзара әсер етуі негізінде спирттердің химиялық қасиеттерін түсіндіреді;
	3) Фенолдарды, олардың құрылысы мен қасиеттерін білу.	1) Фенолдарды алу әдістерін атайды; 2) фенолдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастырады ; 3) фенолдардың қолдану аймақтарын атайды;
	4) Альдегидтер мен кетондарды білу.	1) Альдегидтер мен кетондардың құрылымдық формулаларын IUPAC номенклатурасы бойынша (IUPAC-Халықаралық таза және қолданбалы химия одағы) құрастырады; 2) альдегидтер мен кетондарды атайды 3) альдегидтер мен кетондарды алу реакцияларының теңдеулерін құрастырады ; 4) альдегидтер мен кетондардың тотығу және тотықсыздану өнімдерін атайды;

<p>1) Карбон қышқылдарын білу.</p>	<p>1) Карбон қышқылдарының құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды халықаралық номенклатура бойынша атайды;</p> <p>2) карбон қышқылдарының физикалық қасиеттерін және алу әдістерін түсіндіреді;</p> <p>3) карбон қышқылдарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін жазады;</p> <p>4) карбон қышқылдарының қолданылу аймақтарын атайды.</p>
<p>2) Күрделі эфирлер мен сабындарды, майларды білу.</p>	<p>1) Эфирлердің құрылымдық формулаларын құрастырады және оларды халықаралық номенклатура бойынша атайды;</p> <p>2) майлардың құрамы мен құрылымын сипаттайды;</p> <p>3) майлардың қызметін түсіндіреді;</p> <p>4) майларға сапалық реакция жүргізеді;</p> <p>5) майлардың гидролизі мен сабындану өнімдерін атайды.</p>
<p>3) Сабындар мен синтетикалық жуғыш заттарды білу.</p>	<p>1) Сабын, синтетикалық жуғыш заттарды өндіру әдістерін сипаттайды;</p> <p>2) беттік-белсенді заттардың (беттік белсенді заттардың) қасиеттерін түсіндіреді;</p> <p>3) табиғатты синтетикалық жуғыш заттармен ластанудан қорғау қажеттілігін ашады.</p>

Көміртек және оның қосылыстарының химиясы

4) Макромолекулалық қосылыстардың химиясын білу.

- 1) Пластмассалар мен талшықтарды тәжірибе жүзінде таниды;
- 2) Қазақстанда өндірілетін полимерлердің түрлерін ажыратады;
- 3) кейбір полимерлер мен пластмассалардың қасиеттері мен қолданылуын атайды;
- 4) органикалық қосылыстардың негізгі кластарының генетикалық байланысы диаграммасын құрастырады;
- 5) реагент мөлшері бойынша реакция өнімі (көлемі, салмағы) өнім шығымын, санын (көлемін, салмағы) есептейді;

5) Поликонденсация, полиамидтер мен полиэфирлерді алу реакцияларын меңгеру.

- 1) Поликонденсация реакциясын анықтайды;
- 2) полиамидтер мен полиэфирлерді алу реакцияларын жазады;
- 3) талшықтардың маңызды түрлерінің классификациясын ашады;

6) Пластмассалардың қолданылуын және қоршаған ортаға әсерін бағалау.

- 1) Агротехнологиялық бағытта пластмассаларды қолдану аймақтарын атайды;
- 2) пластмассалардың қоршаған ортаға әсерін сипаттайды;
- 3) Қазақстандағы полимерлер өндірісін ашады;

7) Практикалық жұмысты орындау

- 1) Химиялық реагенттерге қатысты пластмассалардың салыстырмалы инерттілігін тәжірибе жүзінде дәлелдейді;
- 2) агротехнологиялық бағытта пластмассалар мен талшықтарды қолдану аймақтарын атайды;

		3) агротехнологиялық бағытта оларды өңдеу өнімдерінің маңыздылығын бағалайды;
Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	1) Жаңа заттар мен материалдарды қалай жасау керектігін білу.	1) Заманауи әдістерді қолдана отырып, жаңа материалдарды алу жолдарын түсіндіреді; 2) жаңа полимерлердің маңызын түсіндіреді; 3) заттардың құрылымдық формулаларын құрастырады; 4) жаңа материалдардың практикалық маңызын түсіндіреді; 5) дәрілік заттарды әзірлеу және синтездеу әдісін ашады;
	2) Қазіргі ғылым саласы ретінде нанотехнология туралы білу.	1) Нанохимия " ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіреді ; 2) нанобөлшектерді синтездеу, зерттеу және қолдану әдістерін атайды ;
	1) Көмірсулар класын меңгеру.	1) Глюкоза, фруктоза, рибоза, дезоксирибоза, сахароза, крахмал және целлюлоза молекулаларының формулаларын ажыратады; 2) глюкозаның спирттік, сүтқышқылды ашыту реакцияларының теңдеулерін құрастырады ; 3) сахарозаның, крахмалдың және целлюлозаның гидролизі өнімдерін атайды; 4) крахмал мен целлюлозаның құрылысы мен қасиеттерін салыстырады;
		1) Глюкозада функционалдық

Химия және өмір	Биохимия	2) Практикалық жұмысты орындау	<p>топтардың болуын эксперименталды түрде анықтайды;</p> <p>2) крахмалға сапалық реакция жүргізеді;</p>
		3) Аминдер туралы білу.	<p>1) Аминдердің жіктелуін және номенклатурасын ашады;</p> <p>2) аммиак, амин және анилиннің құрылысы мен негізгі қасиеттерін салыстырады;</p> <p>3) аминдер мен анилиннің физикалық қасиеттерін түсіндіреді;</p> <p>4) аминдер мен анилин алу реакцияларының теңдеулерін құрастырады ;</p>
		4) Аминқышқылдарды ақуыздардың ең маңызды класы ретінде білу.	<p>1) Аминқышқылдарының тривиальды және жүйелі атауларын санайды;</p> <p>2) аминқышқылдарының молекулаларының құрамы мен құрылысын сипаттайды;</p> <p>3) аминқышқылдарының амфотерлілігін ашады.</p>
		5) Ақуыз молекуласының түзілуін, құрылымын және пептидтік байланыстарын білу.	<p>1) Ақуыз гидролизінің өнімдерін атайды;</p> <p>2) а - а м и н қышқылдарынан ақуыздарды алу кезінде пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіреді;</p> <p>3) ақуыз молекуласының біріншілік, екіншілік, үшіншілік және төрттік құрылымдарын құрайды;</p> <p>4) ақуыздардың қызметін сипаттайды;</p>
		6) Ферменттердің рөлі мен қолданылуын білу.	<p>1) Ферменттердің рөлін түсіндіреді;</p> <p>2) ферменттердің тиімділігін сипаттайды;</p> <p>3) ферменттердің қолданылу аясын ашады.</p>
			<p>1) Нуклеин қышқылдарының құрылысын және</p>

		<p>7) Дезоксирибонуклеин қышқылдарының (ДНҚ) және рибонуклеин қышқылдарының (РНҚ) құрылысын білу.</p>	<p>о л а р д ы ң классификациясын сипаттайды; 2) дезоксирибонуклеин қышқылдарының (ДНҚ) және рибонуклеин қышқылдарының (РНҚ) құрылымдарын салыстырады; 3) дезоксирибонуклеин қышқылдарының (ДНҚ) және рибонуклеин қышқылдарының (РНҚ) биологиялық рөлін түсіндіреді ; 4) гендік инженерия мен биотехнологияның маңыздылығын ашады;</p>
		<p>8) Практикалық жұмысты орындау</p>	<p>1) Ақуыздың денатурациялану қасиетін түсіндіреді; 2) ақуыздарға сапалық реакциялар жүргізеді; 3) тақырып бойынша бұрын алған білімдерін қолданады.</p>

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
90-қосымша

Аграрлық-техникалық бағыттың "Биология" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-техникалық бағыттың "Биология" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. Оқу пәнінің мақсаты: білім алушыларда қазіргі заманғы биологиялық білім мен дағдыларды дамыту; оны ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуы мен көрінісін түсіну; тірі организмдерге тән негізгі заңдылықтарды түсіндіру арқылы практикалық дағдыларды қалыптастыру; өмірдің маңыздылығын ең жоғары құндылық ретінде түсінетін және аграрлық-техникалық бағыт саласында пәндік білімді қолданатын жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) аграрлық-техникалық бағыт саласындағы оның даму заңдарын түсіну негізінде адамның табиғаттағы рөлін айқындайтын маңызды биологиялық білім мен іскерлікті кеңейту;

2) табиғаттың дамуы мен жұмыс істеу заңдарын жаңа білім алу, оларды аграрлық-техникалық бағыт саласында одан әрі кеңейту және тереңдету үшін негіз және құрал ретінде қолдануға;

3) білім жүйесін және ғылыми дүниетаным негіздерін меңгеру процесінде шығармашылық дербестік пен сыни ойлауды, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға;

4) этикалық мәселелермен және қоғамның әлеуметтік өміріне және аграрлық сектордың еңбек қызметіне жеке қатысумен байланысты дербес шешімдер қабылдауға дайын бола отырып, қоршаған шындыққа еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамытуға;

5) білім алушылардың бойында білім алуды және өзін-өзі тәрбиелеуді жалғастыру үшін қажетті зияткерлік дағдыларды дамытуға міндетті.

4. Оқу пәнінің мазмұны 19 бөлімнен тұрады: "Молекулалық биология және биохимия", "Жасуша биологиясы", "Тамақтану", "Заттарды тасымалдау", "Тыныс алу", "Оқшаулау", "Жасушалық цикл", "Көбею", "Өсу және даму", "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары", "Эволюциялық даму", "Селекция негіздері", "Тірі организмдердің әртүрлілігі", "Үйлестіру және реттеу", "Қозғалыс", "Биомедицина және биоинформатика", "Биотехнология", "Биосфера, экожүйе, популяция", "Экология және адамның қоршаған ортаға әсері".

Бөлімшелерді зерделеу мынадай оқыту мақсаттарына қол жеткізуді көздейді: 1.1. бөлім "Молекулалық биология және биохимия", оқыту мақсаттары: Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңыздылығын түсіндіру, көмірсуларды құрамы мен қызметі бойынша жіктеу; майлардың функцияларын сипаттау; құрамы мен қасиеттері бойынша ақуыздарды сипаттау; тірі организмдер үшін ақуыздардың рөлін түсіндіру; транскрипция және трансляция кезеңдерін түсіндіру; генетикалық кодтың мәнін сипаттау; 1.2. бөлім "Жасуша биологиясы", оқыту мақсаттары: онкологиялық ісіктердің пайда болуына қоршаған орта жағдайының ерекшеліктерін, әсерін түсіндіру; 3.2. бөлім "Өсу және даму", оқыту мақсаттары бағаналы жасушалардың қасиеттерін сипаттау; 3.3. бөлім "Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары", оқыту мақсаттары: модификациялық өзгергіштікті зерттеу, белгілердің тұқым қуалаушының цитологиялық

негіздерін зерттеу; моногибридті және дигибридті қиылысуды салыстыру; белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтарын түсіндіру, генетикалық мәселелерді шешу; эпистаздың, комплементарлықтың, полимерияның маңыздылығын түсіндіру өсімдіктер мен жануарлардың жаңа сорттарын өсіру; Уго де Фриздің мутация теориясын зерттеу; физикалық мутагендер санының ұлғаюындағы Қазақстанның ядролық сынақтарының салдарын талдау; адамның геномдық мутацияларын зерттеу, адамның хромосомалық жиынтығының кариограммасын жасау; адамның хромосомалық ауруларын түсіндіру, техногендік ортаның адам мутацияларының пайда болуына әсерін талдау; мутациялардың дезоксирибонуклеин қышқылының репарациясымен, дезоксирибонуклеин қышқылының рекомбинациясымен, дезоксирибонуклеин қышқылының репликациясымен байланысын сипаттау; "Адам геномы" жобасының маңыздылығын талқылау; 4.1.бөлім "Эволюциялық даму", оқыту мақсаттары: тұқым қуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы байланысты түсіндіру; эволюция дәлелдерін талдау; жердегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін талдау; кладограммалар, филогенетикалық ағаштар жасау; түрлену тәсілдерін зерттеу, түрленуге техногендік факторлардың әсерін түсіндіру; селекция әдістерін зерделеу, Қазақстанда селекцияның дамуын талдау; жер бетіндегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін талдау; өсімдік сорттары мен жануарлар тұқымдарын жақсарту; антропогенез кезеңдерін зерттеу; қазіргі кезеңде адамның, адам мен техниканың дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру; 5.1. бөлім "Үйлестіру және реттеу", оқыту мақсаттары: жүйке жасушаларының құрылымын сипаттау және түсіндіру; орталық жүйке жүйесі, отқа төзімді кезеңнің рөлін түсіндіру; техникада жұмыс істеу кезінде бас жарақаттарының алдын алуды зерттеу, омыртқаның зақымдануы кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін зерттеу; механорецепторлар тітіркендіргіштің өзгеруіне қалай жауап береді; холинергиялық синапстың құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату; биологиядағы басқару жүйелерін зерттеу, өсу заттарының әсер ету механизмін түсіндіру; 5.2.бөлім "Қозғалыс", оқыту мақсаттары: жолақты бұлшықет тінінің құрылымын зерттеу, бұлшықет талшықтарының жиырылу механизмін түсіндіру ; жылдам және баяу бұлшықет талшықтарының құрылымын, локализациясын және жалпы қасиеттерін зерттеу; 6.1. бөлім "Биомедицина және биоинформатика", оқыту мақсаттары: сипаттау биомедицинаның рөлі, биониканың маңыздылығын түсіндіру, жердегі тірі организмдердің қозғалысының биомеханикасын зерттеу; жүрек автоматикасының механизмдерін түсіндіру, Жүректе болатын электрлік процестерді зерттеу; электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсер ету ерекшеліктерін талдау; "эпигенетика", "биоинформатика" ұғымдарын, оларды қолдану салаларын түсіндіру; экстракорпоральды ұрықтандыру әдісінің маңыздылығын түсіндіру; 6.2. бөлім "Биотехнология", оқыту мақсаттары: экономиканың әртүрлі салаларында микроорганизмдерді пайдалануды зерттеу, ауыл шаруашылығында микроорганизмдерді пайдалану туралы айту; полимеразды тізбекті реакциялар;

гендік-инженерлік манипуляция кезеңдерін сипаттау; генетикалық түрлендірілген организмдерді қолданудың оң және теріс жақтарын талдау; микробиологиялық зерттеулердің кезеңдерін сипаттау; ГМО (генетикалық түрлендірілген организмдер) қолданудың оң және теріс жақтарын салыстыру; ашытылған сүт өнімдерінің микрофлорасын зерттеу; грам-позитивті және грам-теріс бактериялардың маңыздылығын зерттеу; "Рекомбинантты дезоксирибо-нуклеин қышқылы", "Клондау" ұғымдарын түсіндіру; клондау әдістерін зерттеу; ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыру құралы ретінде клондау және гендік инженерия әрекеттерін талдау; "Микроклоналды көбею" ұғымын түсіндіру; медицинада, химияда және өнеркәсіпте ферменттердің қолданылуын зерттеу; техникада қолданылатын полимерлерді жасаудағы ферменттердің рөлін түсіндіру; 18.1. бөлім биосфера, экожүйе, популяция, оқыту мақсаттары: тамақ тізбектерінде энергия беру схемаларын құру, Харди-Вайнбергтің генетикалық тепе-теңдік заңын түсіндіріңіз; жергілікті экожүйе организмдерінің саны мен таралуын анықтауда әртүрлі статистикалық әдістерді қолдануды түсіндіру; талдаудың статистикалық әдістерін пайдалана отырып, өз өңірінің экожүйесінің жай-күйін зерттеу; 19.1. бөлім "Экология және адамның қоршаған ортаға әсері", оқыту мақсаттары: жаһандық жылырудың салдарын талдау; Қазақстанның экологиялық проблемаларын зерделеу; техника мен технологиялардың дамуының Қазақстанның экологиялық проблемаларының туындауына әсерін талдау; аграрлық секторды дамытудың өзара байланысын және елдің экологиялық жай-күйінің нашарлауын талдау, ел мен өңірдің экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсыну.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыттары мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар			
1.1. Молекулалық биология және биохимия	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Судың Жердегі тіршілік үшін маңызы. Қазақстанның су ресурстары. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы судың рөлі.			
Тақырып 1.1.2. Көмірсулардың жіктелуі. Химиялық құрылым. Көмірсулар тірі ағзалар үшін энергия көзі, жануарлардың диетасындағы көмірсулар көзі ретінде.			
Тақырып 1.1.3. Төмендететін және төмендетпейтін қанттар. №1 зертханалық жұмыс. "Төмендететін және төмендетпейтін қанттардың қалпына келтіру қабілетін зерттеу"			
Тақырып 1.1.4. Липидтердің құрылымдық компоненттері. Майлардың қасиеттері мен функциялары.			
Тақырып 1.1.5. Ақуыздардың құрамы мен қызметі бойынша жіктелуі. №2 зертханалық жұмыс. "Әр түрлі жағдайлардың (температура, pH) ақуыз құрылымына әсері"			
Тақырып 1.1.6. Биологиялық объектілердегі ақуыздардың мөлшері.			

<p>Жануарлардың тамақтануында ақуыздардың рөлі.</p> <p>№ 3 Зертханалық жұмыс.</p> <p>"Биологиялық объектілердегі ақуыздардың құрамын анықтау"</p>			
<p>Тақырып 1.1.7. Антиденелердің құрылымы мен құрылымы. Антиденелердің ерекшелігі (белсенді орталық).</p>			
<p>Тақырып 1.1.8. Антиген мен антидене арасындағы өзара әрекеттесу механизмі</p>			
<p>Тақырып 1.1.9. Ферменттердің бәсекеге қабілетті және бәсекеге қабілетсіз тежелуі.</p> <p>№ 4 зертханалық жұмыс.</p> <p>"Ингибиторлар мен активаторлардың ферментативті реакция жылдамдығына әсері"</p>			
<p>Тақырып 1.1.10. Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының құрылымы</p>			
<p>Тақырып 1.1.11. Дезоксирибонуклеин қышқылының (ДНҚ) репликация механизмі.</p>			
<p>Тақырып 1.1.12. Рибонуклеин қышқылы молекулаларының құрылымы мен қызметі</p>			
<p>Тақырып 1.1.13. Дезоксирибонуклеин қышқылы мен рибонуклеин қышқылы молекулаларының құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар</p>			

Тақырып 1.1.14.

Транскрипция. Трансляция кезеңдері.			
Тақырып 1.1.15. Генетикалық кодтың қасиеттері.			
1.2. Жасуша биологиясы	+	+	+
Тақырып 1.2.1. Жасушадағы органOIDтардың құрылымы мен функцияларының ерекшеліктері.			
Тақырып 1.2.2. Жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері мен функциялары арасындағы байланыс. № 5 зертханалық жұмыс. "Жасуша мембранасына әртүрлі факторлардың әсері"			
Тақырып 1.2.3. Бактериялар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының құрылымы мен қызметінің ерекшеліктері			
Тақырып 1.2.4. Жасушалардың негізгі компоненттерін анықтау. № 6 зертханалық жұмыс. "Микрофотографияны қолдана отырып, жасушалардың негізгі компоненттерін сипаттау "			
Тақырып 1.2.5. Органеллалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. № 7 зертханалық жұмыс. "Микрометр мен объектмикрометрін қолдана отырып нақты жасуша өлшемін анықтау ". Техника мен биологиядағы микрометр .			

2 бөлім. Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі			
2.1. Тамақтану	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Ферменттердің белсенділігіне әсер ететін факторлар мен жағдайлар . № 8 зертханалық жұмыс. "Әр түрлі жағдайлардың ферменттердің белсенділігіне әсері"			
Тақырып 2.1.2. Хлоропласттың құрылымдық компоненттері және олардың қызметі. Rf Мәні. №9 зертханалық жұмыс. "Әртүрлі өсімдік жасушаларындағы фотосинтез пигменттерінің мазмұнын зерттеу"			
Тақырып 2.1.3. Фотосинтездің жарық фазасы. Фотофосфорлану .			
Тақырып 2.1.4. Фотосинтездің қараңғы фазасы. Кальвин циклі			
Тақырып 2.1.5. Өсімдіктердің С3 және С4 жапырақтарының анатомиясы.			
Тақырып 2.1.6. Фотосинтез жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 10 зертханалық жұмыс . "Фотосинтез қарқындылығына шектеу факторларының әсері"			
Тақырып 2.1.7. Химосинтез. Фотосинтез және химосинтез процестерін салыстыру.			
2.2. Заттарды тасымалдау	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Адамның гемоглобині мен			

миоглобинінің құрылымы мен қызметі.			
Тақырып 2.2.2. Диффузия жылдамдығының аудан көлемінің қатынасының әсері. Диффузияның технологиядағы және биологиялық процестердегі түсінігі мен рөлі. № 11 зертханалық жұмыс . “Аудан көлемінің жасуша көлеміне қатынасын анықтау”			
Тақырып 2.2.3. Өсімдіктердегі заттардың транслокация механизмі			
Тақырып 2.2.4. Заттарды тасымалдаудың симпластикалық, апопластикалық, вакуолярлық жолдары және олардың маңызы			
Тақырып 2.2.5. Пассивті тасымалдау механизмі. Жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдау түрлері.			
Тақырып 2.2.6. Натрий-калий сорғысының мысалында белсенді тасымалдау механизмі.			
Тақырып 2.2.7. Су әлеуеті. Мембраналық потенциалды сақтаудағы белсенді тасымалдаудың рөлі. № 12 зертханалық жұмыс . "Тұздардың әртүрлі концентрациясы бар ерітінділердегі жасушалардың су потенциалын анықтау"			
2.3. Тыныс алу	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Аденозинтрифосфор қышқылының (АТФ) құрылымы мен қызметі.			
Тақырып 2.3.2. Аденозинтрифосфор			

қышқылының синтезі. Глюкозаның анаэробты және аэробты ыдырау кезеңдері			
Тақырып 2.3.3. Метаболизм түрлері. Энергия алмасу кезеңдері			
Тақырып 2.3.4. Митохондриялардың құрылымдық компоненттері және олардың қызметі.			
Тақырып 2.3.5. Кребс циклі.			
Тақырып 2.3.6. Биологиялық жүйелер үшін электрондық тасымалдау тізбегінің маңызы			
2.4. Бөліну	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Сіңіру және реабсорбция. Зәрдің пайда болуы			
Тақырып 2.4.2. Су алмасуын реттеу. Мақсатты органдар			
Тақырып 2.4.3. Жасанды қан тазарту			
Тақырып 2.4.4. Диализ әдістері			
Тақырып 2.4.5. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі. Бүйрек трансплантациясы және диализ.			
3 бөлім. Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму			
3.1. Жасушалық цикл	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Митоз. №13 зертханалық жұмыс. "Пияз тамырының жасушаларындағы митоздық белсенділік деңгейін анықтау"			
Тақырып 3.1.2. Жануарлардағы гаметогенез.			

Тақырып 3.1.3. Өсімдіктердегі спорогенез және гаметогенез.			
Тақырып 3.1.4. Гаметогенез. Адам гаметогенезінің кезеңдері .			
Тақырып 3.1.5. Қатерлі ісіктердің пайда болуы. Қоршаған орта жағдайының қатерлі ісіктердің пайда болуына әсері			
Тақырып 3.1.6. Қартаю. Қартаю процесі туралы теориялар.			
3.2. Өсу және даму.	+	+	+
Тақырып 3.2.1. Бағаналы жасушалары: түсінігі мен қасиеттері.			
3.3. Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары	+	+	+
Тақырып 3.3.1. Модификациялық өзгергіштік. № 14 зертханалық жұмыс . "Модификациялық өзгергіштікті зерттеу, вариациялық қатар мен қисық сызықты құру"			
Тақырып 3.3.2. Белгілердің тұқым қуалауының цитологиялық негіздері. Мәселелерді шешу			
Тақырып 3.3.3. Дигибридті крест			
Тақырып 3.3.4. Жынысқа байланысты тұқымқуалаушылық			
Тақырып 3.3.5. Көп аллелизм. Мәселелерді шешу			
Тақырып 3.3.6. Кроссинговер нәтижесінде белгілердің мұрагерлік заңдылықтарын бұзу			

Тақырып 3.3.7. Тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы.			
Тақырып 3.3.8 Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуі.			
Тақырып 3.3.9. Эпистаздың, комплементарлықтың, полимерияның өсімдіктер мен жануарлардың жаңа сорттарын өсірудегі маңызы			
Тақырып 3.3.10. Уго де Фриздің мутация теориясы. Физикалық мутагендер санының артуындағы Қазақстанның ядролық сынақтарының салдары.			
Тақырып 3.3.11. Адамның геномдық мутациясы. "Адамның хромосомалық жиынтығының кариограммасын құруды" модельдеу. Геномдық мутацияларды зерттеу			
Тақырып 3.3.12. Хромосомалардың қалыптан тыс санымен байланысты адамның хромосомалық аурулары. Мутациялардың пайда болуына техногендік ортаның әсері			
Тақырып 3.3.13. Дезоксирибонуклеин қышқылының өздігінен мутациясы			
Тақырып 3.3.14. Белгілердің тұқымқуалаушылығының дұрыстығын талдаудың статистикалық әдістері (X ² критерий, t-критерий). № 15 зертханалық жұмыс . "Белгілердің тұқым			

куалаушылық сенімділігін талдау"			
Тақырып 3.3.15. "Адам геномы" жобасы			
4 бөлім. Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі организмдердің алуан түрлілігі.			
4.1. Эволюциялық даму.	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Тұқым қуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы байланыс. Өсімдіктер мен жануарлардың ароморфоздары.			
Тақырып 4.1.2. Эволюцияның дәлелі.			
Тақырып 4.1.3. Жердегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдері			
Тақырып 4.1.4. Филогенетикалық ағаштар. Кладограммалар . "Кладограмма құрастыру" модельдеу			
Тақырып 4.1.5. Спецификация әдістері. Түрлену механизмдері. Техногендік фактордың спецификацияға әсері			
Тақырып 4.1.6. Селекция әдістері арқылы ауылшаруашылық өсімдіктері мен жануарларын жақсарту жолдары. Қазақстанда селекцияны дамыту.			
Тақырып 4.1.7. Будандастыру, полиплоидия, жасанды мутагенез ауылшаруашылық өсімдіктері мен жануарларын жақсарту жолдары ретінде			
Тақырып 4.1.8. Антропогенез кезеңдері. Адамның дамуындағы			

еңбектің рөлі. Қазіргі кезеңдегі адам мен техника.			
5 бөлім. Тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі			
5.1. Үйлестіру және реттеу	+	+	+
Тақырып 5.1.1. Жүйке жасушаларының құрылымы			
Тақырып 5.1.2. Мембраналық потенциал			
Тақырып 5.1.3. Рефрактерлік кезең және оның рөлі			
Тақырып 5.1.4. Орталық жүйке жүйесінің құрылымы			
Тақырып 5.1.5. Мидың құрылымы мен қызметі. Техникада жұмыс істеу кезінде бас жарақаттарының алдын алу			
Тақырып 5.1.6. Жұлынның құрылымы мен қызметі. Омыртқаның зақымдануына алғашқы көмек			
Тақырып 5.1.7. Механорецепторлардың түрлері.			
Тақырып 5.1.8. Холинергиялық синапстың құрылымы мен қызметі арасындағы байланыс.			
Тақырып 5.1.9. Биологиядағы басқару жүйелері			
Тақырып 5.1.10. Өсу заттары. Өсу заттарының өсімдікке әсер ету механизмі			
5.2. Қозғалыс	+	+	+

Тақырып 5.2.1. Жолақты бұлшықет тінінің құрылымы			
Тақырып 5.2.2. Бұлшықет талшығының жиырылу механизмі.			
Тақырып 5.2.3. Жылдам және баяу бұлшықет талшықтарының құрылымы, орналасуы және жалпы қасиеттері			
6 бөлім. Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар			
6.1. Биомедицина және биоинформатика	+	+	+
Тақырып 6.1.1. Биомеханиканы робототехникада қолдану . Бионика ғылым ретінде. "Жердегі тірі организмдердің қозғалысының биомеханикасын зерттеу" модельдеу			
Тақырып 6.1.2. Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматикасы механизмі. "Жүректе болатын электрлік процестерді зерттеу" модельдеу			
Тақырып 6.1.3. Электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсер ету ерекшеліктері			
Тақырып 6.1.4. " Эпигенетика" ұғымы			
Тақырып 6.1.5. " Биоинформатика" ұғымы			
Тақырып 6.1.6. Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі және оның маңызы			
6.2. Биотехнология	+	+	+
Тақырып 6.2.1. Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, медицинада, тұрмыста микроағзаларды			

пайдаланудың оң және теріс жақтары. Ауыл шаруашылығында микроағзаларды қолдану			
Тақырып 6.2.2. Полимеразды тізбекті реакцияны (ПТР) қолдану			
Тақырып 6.2.3. Гендік-инженерлік манипуляция кезеңдері.			
Тақырып 6.2.4. Генетикалық түрлендірілген ағзаларды қолданудың оң және теріс жақтары			
Тақырып 6.2.5. Микробиологиялық зерттеулердің кезеңдері.			
Тақырып 6.2.6. № 16 зертханалық жұмыс. "Әр түрлі коректік ортадағы ашытылған сүт өнімдерінің микрофлорасын зерттеу"			
Тақырып 6.2.7. Оң және теріс грам бактериялар.			
Тақырып 6.2.8. "Рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылы" ұғымы. "Клондау" ұғымы			
Тақырып 6.2.9. Ағзаларды клондау әдістері			
Тақырып 6.2.10. Гендік инженерия ауыл шаруашылығындағы өнімділікті арттыру үшін өсімдіктер мен жануарларды өсіру құралдары ретінде			
Тақырып 6.2.11. "Микроклоналды көбею" ұғымы			
Тақырып 6.2.12. Ферменттерді медицинада, химияда және өнеркәсіпте қолдану.			

18-19 бөлім. Ағзалар және қоршаған орта			
18.1 Биосфера, экожүйе, популяция	+	+	+
Тақырып 18.1.1. "Азық-түлік тізбектерінде энергия беру схемаларын құру" модельдеу. Экологиялық міндеттер мен экологиялық жағдайларды шешу.			
Тақырып 18.1.2. Түрлердің биоалуантүрлілігі. Харди-Вайнбергтің генетикалық тепе-теңдік заңы.			
Тақырып 18.1.3. Жергілікті экожүйе организмдерінің көптігі мен таралуын анықтауда әртүрлі статистикалық әдістерді қолдану.			
Тақырып 18.1.4. № 17 зертханалық жұмыс "Статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып, өз өңірінің экожүйесінің жай-күйін зерттеу"			
19.1 Экология және адамның қоршаған ортаға әсері	+	+	+
Тақырып 19.1.1. Жаһандық жылыну.			
Тақырып 19.1.2. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары.			
Тақырып 19.1.3. Техника мен технологиялардың дамуының Қазақстанның экологиялық проблемаларының туындауына әсері.			
Тақырып 19.1.4. Қазақстанның аграрлық секторын дамытудың экологияға әсері			

Тақырып 19.1.5. Қазақстандағы жердің шөлейттенуі, жердің құнарлылығын қалпына келтіру жолдары			
Тақырып 19.1.6. Қазақстанның су ресурстарының проблемалары, проблемаларды шешу жолдары			
Тақырып 19.1.7. Қазақстанның Қызыл кітабы			
Тақырып 19.1.8. " Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешу нұсқаларын зерттеу" жобалық жұмысы			
Тақырып 19.1.9. Аймақтың техникалық прогресі дамуының әуе бассейніне әсері, мәселені шешу жолдары			

3 тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
		1) Бейорганикалық және органикалық заттардың өмір үшін маңызы мен қызметін бағалау;	1) Судың жердегі тіршілік үшін іргелі маңыздылығын өз аймағының мысалында түсіндіреді; агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін судың рөлі; антиген мен антидене арасындағы өзара әрекеттесу; кешеннің фермент-субстратының түзілу механизмі; генетикалық кодтың қасиеттері; 2) көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметі бойынша жіктейді; 3) майлардың химиялық құрылымы мен функцияларын; майлардың техникадағы р о л і н ;

<p>Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар</p>	<p>Молекулалық биология және биохимия</p>	<p>2) өз өңірінің мысалында Қазақстанның су ресурстарының маңыздылығын бағалау; 3) агроөнеркәсіптік саланың дамуы мен жұмыс істеуі үшін судың рөлін бағалау; 4) майлардың қызметін сипаттау.</p>	<p>дезоксирибонуклеин қышқылының репликация процесін сипаттайды; ақуыз биосинтезі процесінде транскрипция және трансляция; тірі организмдер үшін ақуыздардың рөлі, ауылшаруашылық жануарларының рационында ақуыздарды қолдану; 4) рибонуклеин қышқылы молекулалары түрлерінің құрылымы мен қызметін ажыратады; 5) дезоксирибонуклеин құрылымы арасында байланыс орнатады қышқыл және оның атқаратын қызметі; 6) рибонуклеин қышқылы мен дезоксирибонуклеин қышқылы молекулаларының құрылымын салыстырады.</p>
		<p>1) органикалық заттарды анықтау бойынша эксперименттер жүргізу.</p>	<p>1) Белоктардың құрылымына әртүрлі жағдайлардың әсерін зерттейді; 2) төмендететін және азайтпайтын қанттардың, олардың құрылымы, құрамы мен қызметі бойынша ақуыздарды, биологиялық объектілердегі ақуыздардың құрамын айқындайды.</p>
		<p>1) мембрананың жартылай өткізгіштігін зерттеу.</p>	<p>1) Электронды микроскоппен көрінетін жасуша органоидтарының құрылымы мен функциясының ерекшеліктерін түсіндіреді; 2) сұйық – мозаикалық модельді қолдана отырып, жасуша мембранасының</p>

<p>Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар</p>	<p>Жасуша биологиясы</p>	<p>құрылымы, қасиеттері мен функциялары арасындағы байланысты анықтайды.</p>	
		<p>2) прокариот пен эукариот жасушаларын салыстыру; 3) микрометрді техника мен биологияда қолдану мүмкіндіктерін салыстыру.</p>	<p>1) Микрофотографияны қолдана отырып, жасушалардың негізгі компоненттерін анықтайды және сипаттайды; 2) жасуша компоненттерінің нақты мөлшерін анықтайды және сипаттайды; 3) микрометрді техника мен биологияда қолдану мүмкіндіктерін салыстырады.</p>
<p>Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі</p>	<p>Тамақтану</p>	<p>1) фотосинтез процестерінің ерекшеліктерін және хлоропласт функцияларын талдау; 2) ферменттердің белсенділігіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтау.</p>	<p>1) Хлоропластың құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнатады; 2) Фотосинтездің Жарық фазасында жүретін процестерді түсіндіреді; Фотосинтездің қараңғы фазасында жүретін процестер; 3) Фотосинтездің шектеуші факторларын зерттейді және түсіндіреді; 4) фотосинтез және химосинтез процестерін салыстырады.</p>
		<p>1) фотосинтезге әртүрлі факторлардың әсерін анықтау.</p>	<p>1) Фотосинтездің шектеуші факторларын зерттейді және түсіндіреді.</p>
		<p>1) заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерін жүйелеу.</p>	<p>1) Аудан бетінің жасуша көлеміне қатынасының мәнін есептейді; 2) пассивті және белсенді тасымалдау механизмдерін салыстырады; пассивті тасымалдау механизмі; өсімдіктердегі заттардың транслокация механизмі; заттарды тасымалдаудың симпластикалық,</p>

Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Заттарды тасымалдау		апопластикалық, вакуолярлық жолдарының мәні.
		2) заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің механизмін түсіндіру; 3) биологиялық процестердегі заттарды тасымалдау механизмдерін салыстыру.	1) Жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің механизмін салыстырады; натрий-калий сорғысының мысалында белсенді тасымалдау механизмі; 2) мембраналық потенциалды сақтаудағы белсенді тасымалдаудың рөлін анықтайды; 1)1) биологиялық процестердегі заттарды тасымалдау механизмдерін салыстырады.
Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Тыныс алу	1) аденозинтрифосфаттың (АТФ) мәнін түсіндіріңіз; 2) жасушалық тыныс алу механизмін талдау.	1) Аденозинтрифосфаттың (АТФ) құрылымы мен функцияларын; метаболизм түрлерін; энергия алмасу кезеңдерін; Кребс циклін сипаттайды; 2) аэробты және анаэробты тыныс алудағы АТФ синтезін салыстырады; 3) митохондрия құрылымы мен жасушалық тыныс алу процестерінің өзара байланысын орнатады.
Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Бөліну	1) адамның қанын тазарту процесінде бүйрек қызметін талдау.	1) Зәрді сүзу және қалыптастыру механизмін түсіндіреді; 2) антидиуретикалық гормонның (ADH) ағзадағы су деңгейін реттеудегі рөлін түсіндіреді.
		2) бүйрек функциясының бұзылу себептерін түсіндіру.	1) Диализ механизмін түсіндіреді; 2) бүйрек трансплантациясы мен диализдің

			артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Жасушалық цикл. Өсу және көбею	1) тірі организмдердің көбеюі мен дамуындағы жасушалық циклдің маңыздылығын анықтау.	1) Д а й ы н микропрепараттардың көмегімен митоз фазаларын зерттейді; 2) өсімдіктер мен жануарларда гаметалардың пайда болу ерекшеліктерін түсіндіреді, сперматогенез мен оогенез арасындағы айырмашылықтар; 3) адамдардағы гаметогенез схемасын талдайды.
		2) онкологиялық аурулардың алдын алу шараларын түсіндіру. 3) өз өңірінде онкологиялық ісіктердің пайда болуына қоршаған орта жай-күйінің әсерін білу.	1) Жасушалардың бақыланбайтын бөлінуімен онкологиялық ісіктердің пайда болуын түсіндіреді; 2) қоршаған орта жай-күйінің онкологиялық ісіктердің пайда болуына әсерін түсіндіреді; 3) қартаю процесін түсіндіреді.
Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму	Өсу және даму	1) медицинада бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіріңіз	1) Бағаналы жасушаларының пайда болу процесін түсіндіреді ; 2) бағаналы жасушаларының практикалық қолданылуын түсіндіреді.
		1) міндеттерді шешу арқылы тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын түсіндіру ; 2) эпистаздың, комплементарлықтың, полимерияның өсімдіктер мен	1) Модификациялық өзгергіштік заңдылықтарын зерттейді ; 2) дигибридті қиылысудың цитологиялық негіздерін, жынысқа байланысты белгілерді тұқымқуалаушылықты және есептерді шешуде көп аллелизмді қолданады; 3) аллельді және аллельді емес гендердің өзара

<p>Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму</p>	<p>Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>жануарлардың жаңа сорттарын өсірудегі маңыздылығын түсіндіру 3) Қазақстанның ядролық сынақтарының физикалық мутагендер санын ұлғайтудағы салдарын талдау.</p>	<p>әрекеттесуін салыстырады; 4) эпистазды, комплементарлықты, полимерияны өсімдіктердің жаңа сорттары мен жануарлар тұқымдарын өсіруге талдайды; 5) Қазақстанның ядролық сынақтарының физикалық мутагендер санын көбейтудегі салдарын талдайды.</p>
		<p>4) мутациялардың себептері мен салдарын талдау.</p>	<p>1) Уго де Фриз теориясының негізгі ережелерін; мутагенездің себептері және мутация түрлерін атайды; 2) хромосома санының ауытқуларымен байланысты адамның хромосомалық ауруларын сипаттайды (аутосомды және жыныстық); 3) дезоксирибонуклеин қышқылының репарациясымен, дезоксирибонуклеин қышқылының рекомбинациясымен мутациялардың байланысын орнатады; 4) техногендік ортаның жай-күйі мен мутациялардың пайда болуы арасындағы байланысты белгілейді; 5) “Адам геномы” жобасының маңыздылығын талқылайды.</p>
		<p>1) эволюция теориясының негізгі ережелерін түсіндіру;</p>	<p>1) Тұқым қуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы байланысты түсіндіреді; 2) эволюция процесіне әсер ететін факторларды талдайды.</p>
			<p>1) Техногендік фактордың</p>

<p>Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы мен қызметі және эволюциялық дамуы</p>	<p>Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуан түрлілігі.</p>	<p>2) эволюция механизмін түсіндіру; 3) түрленудің тәсілдері мен тетіктерін; Қазақстанда селекцияны дамытуды; ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларын жақсартудың селекциялық тәсілдерін зерделеу; 4) антропогенез кезеңдерін зерттеу.</p>	<p>спецификацияға әсерін талдайды; 2) спецификация әдістерін атайды; антропогенез кезеңдері; 3) түрленудің негізгі тетіктерін жіктейді; 4) селекция әдістерінің көмегімен ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларын жақсарту тәсілдерін ашады; 5) адам дамуындағы еңбектің рөлін, техникалық прогрестің адамзатқа әсерін талдайды</p>
<p>Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі</p>	<p>Үйлестіру және реттеу</p>	<p>1) үйлестіру және реттеу механизмін түсіндіру; 2) бас жарақаты мен омыртқаның зақымдануы кезінде алғашқы медициналық көмек шараларын қолдануды түсіндіру.</p>	<p>1) Миелінді нейрондық аксондардағы әрекет потенциалының инициациясы мен берілуін сипаттайды және түсіндіреді; 2) рефрактерлік кезең мен миелин қабығының мәнін ашады; 3) бас жарақаты мен омыртқаның зақымдануы кезінде алғашқы көмек шараларын қолдануды сипаттайды.</p>
		<p>2) биологиядағы басқару жүйелерін түсіндіру.</p>	<p>1) Холинергиялық синапстың құрылымы мен функциясының өзара байланысын белгілейді; 2) механорецепторлардың (Пачини денелерінің) тітіркендіргіштерге реакциясын сипаттайды; биологиядағы басқару жүйелері; 3) гормондардың әсер ету механизмін түсіндіреді;</p>
		<p>1) микрографтардағы жолақты бұлшықеттің ультрақұрылымын интерпретациялау.</p>	<p>1) Көлденең жолақты бұлшықеттердің ультрақұрылымын зерттейді; 2) жылжымалы жіп теориясы арқылы бұлшықеттің жиырылу механизмін түсіндіреді;</p>

Тірі ағзалардың әртүрлілігі, құрылымы және қызметі	Қозғалыс		3) жылдам және баяу бұлшықет талшықтарын ажыратады.
		1) Бұлшықет қызметтерін салыстыру	1) жЖлдам және баяу бұлшықет талшықтарының құрылымын, орналасуын және жалпы қасиеттерін байланыстырады.
Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар	Биомедицина және биоинформатика	1) биология, физика, механика және информатиканың интеграциясын түсіну; 2) биониканың рөлі мен әдістерін сипаттаңыз.	1) Робототехникада биомеханиканың қолданылуын зерттейді; 2) биониканың рөлін ашады 3) электрокардиограмманы қолдану арқылы жүректің жұмыс істеу механизмін түсіндіреді; 4) электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсерін түсіндіреді; генетиканың гендер тізбегіне әсер етпейтін гендерді реттеу механизмдерін зерттеудегі маңызы.
		1) биоинформатиканың рөлі мен әдістерін сипаттау	1) Экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭҚҰ) әдісінің маңыздылығын түсіндіреді; ауруларды диагностикалау мен емдеуде моноклоналды антиденелерді қолдану.
		1) адам өміріндегі биотехнологияның рөлі мен маңыздылығын бағалау;	1) Артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды биотехнологияда қолданылатын тірі организмдер; генетикалық түрлендірілген ағзаларды (ГМО) қолданудың этикалық мәселелері; медицинада, химияда және өнеркәсіпте ферменттерді қолдану мүмкіндігі; 2) Таксономиядағы, медицинадағы және криминалистикадағы полимеразды тізбекті

<p>Қолданбалы және интеграцияланған ғылымдар</p>	<p>Биотехнология</p>	<p>2) ауыл шаруашылығында микроағзалардың қолданылуын талдау 3) клондау мен гендік инженерияны өсімдіктер мен жануарларды өсіру құралдары ретінде бағалау.</p>	<p>реакцияның маңыздылығын сипаттайды; 3) гендік-инженерлік манипуляциялардың кезеңдерін; рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылын алу тәсілдерін; ; организмдерді клондау тәсілдерін түсіндіреді; 4) ауыл шаруашылығында микроорганизмдердің қолданылуын талдайды; 5) клондау мен гендік инженерияны өсімдіктер мен жануарларды өсіру құралы ретінде түсіндіреді.</p>
		<p>1)микроағзаларды анықтау бойынша экспериментті жоспарлау, нәтижелерді сипаттау және қорытындыларды тұжырымдау.</p>	<p>1) Микробиологиялық зерттеулердің кезеңдерін сипаттайды және түсіндіреді; өсімдіктердің микроклоналды көбею әдістері; 2) оң және теріс грам бактерияларды салыстырады; 3) ферменттердің рөлін сипаттайды.</p>
<p>Ағзалар және қоршаған орта</p>	<p>Биосфера, экожүйе, популяция</p>	<p>1) экологиялық міндеттер мен экологиялық жағдайларды шешу.</p>	<p>1) Биоәртүрлілік пен экожүйенің тұрақтылығы арасындағы байланысты орнатады; 2) статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып, өз өңірінің экожүйелерін далалық жағдайларда зерттейді.</p>
		<p>1) Экологиялық мәдениет негіздері туралы білімді қолдану; 2) өз аймағының экожүйесінің жай-күйін зерттеу.</p>	<p>1) Жергілікті экожүйенің биоалуантүрлілігі бойынша презентациялар жасайды; 2) ”тамақ тізбектеріндегі энергия беру схемаларын ” модельдейді; 3) туған өлкенің флорасы мен фаунасын зерттейді; 4) өз аймағының экожүйесінің жай-күйін зерттейді.</p>

Ағзалар және қоршаған орта	Экология және адамның қоршаған ортаға әсері	1) адамның қоршаған ортаға әсерін талдау; 2) экологиялық проблемалардың агроөнеркәсіптік кешенге әсерін талдау.	1) Жаһандық климаттың жылынуының салдарын болжайды; 2) Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешу жолдарының мысалдарын келтіреді; 3) техниканың Қазақстанның экологиялық проблемаларының туындауына әсерін талдайды. 4) экологиялық проблемалардың агроөнеркәсіптік кешенге әсерін талдайды.
----------------------------	---	--	---

Қазақстан Республикасы
 Оқу-ағарту министрінің
 2023 жылғы 6 қаңтардағы
 № 1 бұйрығына
 91- қосымша

Аграрлық-технологиялық бағыттың "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-технологиялық бағыттың "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дүниежүзі тарихы" пәнін оқыту мақсаты – дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) әртүрлі тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ғұрыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммуникативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

4. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".

			<p>1) ГОСТ стандарттарын түрлері бойынша жіктейді; 2) "форматтар" және "масштабтар" ұғымдарын есте сақтайды және ажыратады;</p>

Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	1) Сызбаны стандарт бойынша ресімдеу және орындау ережелерін сақтауға.	3) тапсырма бойынша сызба сызықтарын сызады, оларды мақсаты бойынша анықтайды, практикалық жұмыстар кезінде дұрыс атайды және орындайды. 4) Б типіндегі қаріпті тік және 750 көлбей сызады.
Сызбадағы геометриялық құрылым	1)сызбаларда геометриялық құрылыстарды әртүрлі құралдармен орындау; әртүрлі конъюгацияларды, сопақшаларды және қисық сызықтарды салу тәсілдерін көрсету; геометриялық құрылымдар жасаңыз примитивтерді қолдану.	1)Циркульдің көмегімен кесіндіні екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 2)бұрыштарды циркульдің көмегімен екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 3)циркуль мен тікбұрышты бұрыштықтарды қолданып шеңберді екі немесе одан да көп тең бөліктерге бөледі; 4)ішкі, сыртқы, аралас түйіндесуді түрлері бойынша анықтайды; 5)түйіндесуді сызады, түйіндесудің қоршаған кеңістікте, жиһазда, құрылыста, машина жасауда, киімде, тұрмыстық техникада, өнеркәсіпте қолдану мысалдарын анықтайды; 6)примитивтерді қолданып, 2D нысандарды құрады; 7)примитивтерді қолданып геометриялық сызбаны сызады; 8)модульдер арқылы шеңбер мен шаршыларды тең бөліктерге бөледі, 2D нысанының шаблондарын қолданып абстрактілі және дұрыс пішіндерді жасайды; 9) 2D объектілерінің примитивтерін пайдалана отырып, аграрлық-технологиялық жабдықтардың, аппараттар мен

		машиналардың тізімін жасайды.
	Проециялау әдістері	<p>1) Проециялау әдістері мен тәсілдерін біледі және түсіну;</p> <p>2) техникалық сызбаларда заттардың кескіндерін орындау ережелерін \ анықтау.</p>
	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құру әдістері	<p>1) "Аксонетрия", " аксонетриялық проекциялар", " изометрия", " диметрия", "триметрия" ұғымдарын түсіндіреді және анықтайды;</p> <p>2) кубтың, шеңбердің изометриясын және диметриясын сызады;</p> <p>3) заттың берілген көріністеріне сүйене (о т ы р ы п аксонетриялық проекциясын сызады;</p> <p>4) техникалық сурет пен нобайдың ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>5) нақты заттың нобайын сызады;</p> <p>6) қарапайым геометриялық денелердің 3D моделін сызады;</p> <p>7) 3D моделін құру үшін растрлық және векторлық графиканың мүмкіндіктерін анықтайды және тәжірибелік</p>

			<p>тапсырмаларды орындайды;</p> <p>8) қатты модельдеу операциялары негізінде 3D моделін құру бойынша практикалық жұмыстарды орындайды.</p>
<p>Кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау</p>	<p>Заттың сызбаларын орындау және оқу</p>	<p>1) Заттардың геометриялық пішінінің қасиеттерін ескере отырып, өлшем қою туралы білімдерін және өлшемдерді түсіру шеберлігін көрсете білу;</p> <p>2) сызбада шартты белгілер және ықшамдауларды пайдаланып, проекциялау тәсілдері негізінде сызбаларды орындау;</p> <p>3) заттардың геометриялық формаларын талдай отырып, сызбаларды оқу, сызу;</p> <p>4) 3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау.</p>	<p>1) Заттардың геометриялық пішінін талдайды және сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>2) сызбадағы шартты белгілер және ықшамдауларды қолданып сызбаларды орындайды;</p> <p>3) МЕСТ бойынша сызбаларға өлшемдерді түсіреді;</p> <p>4) сызбаларды оқи алады және сыза алады;</p> <p>5) 3D модельдерді құру әдістерін таңдайды және талдайды;</p> <p>6) 3D моделінің текстурасы мен фактурасын анықтайды.</p>
	<p>Қима мен тіліктер</p>	<p>1) Сызбалардағы қималар мен тіліктерді қолданудың мақсатын білу;</p> <p>сызбада қималар мен тіліктерді орындау ережелерін біледі және қималар мен тіліктерді орындаудың</p>	<p>1) Тіліктердің барлық түрін анықтайды, сонымен қатар оның арналуын және сызбада сызылу жолдарын біледі;</p> <p>2) тіліктің графикалық рәсімделуін біледі;</p> <p>3) қарапайым және күрделі тіліктерді ажыратады;</p> <p>4) сызбада жергілікті және қиғаш тіліктерді анықтап сызады;</p> <p>5) жүргізілген және қабаттасқан қималарды анықтайды;</p> <p>6) сызбалар бойынша ресімдеу және белгілеу ережелерін біледі;</p> <p>7) қималар мен тіліктерді орындау кезінде шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданады;</p>

		<p>шарттылықтары мен ықшамдаулардын қолдану;</p> <p>2D нысанның қимасы мен тілігін орындау үшін БЖ (бағдарламалық жасақтаманы) таңдау.</p>	<p>8)тәжірибелік жұмыста шарттылықтар мен ықшамдауларды қолданып көрсетеді;</p> <p>9)2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растырлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдайды;</p> <p>10)қималар мен тіліктерді орындау үшін көлемді модельдеу әдістерін анықтайды және тәжірибелік жұмыста қолданады.</p>
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын қайта құру	<p>1) Проециялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың сызбаларын орындау.</p>	<p>1)"Қайта құру" түсінігіне анықтама береді және талдайды;</p> <p>2)кескіннің бөліктері арқылы объектінің кескінін қайта құрай алады;</p> <p>3)сөздік сипаттамаға сүйеніп объектінің сызбасын немесе графикалық кескінін сызады;</p> <p>4)кескіннің түрі мен құрамын түрлендіруді орындайды (графикалық жұмыс);</p> <p>5)кескінді қайта құрып сызады(графикалық жұмыс);</p> <p>6)графикалық редакторда кескіннің түрі мен құрамын түрлендіріп сызады.</p>
	Геометриялық денелердің пішіндерін қалыптастыру заңдылықтары	<p>1) Геометриялық денелерді және басқа да заттарды кескіндеудің негізгі заңдылықтары мен принциптерін меңгеру;</p> <p>2) әр түрлі беттердің пішінін қалыптастыру туралы білімі мен түсінігін көрсете білу.</p>	<p>1)Геометриялық денелерді кескіндеу заңдылықтары мен әдістерін түсінеді және анықтайды;</p> <p>2) "ұлғайту", "жою", "кезектестіру" тәсілдерін қолданып пішін құрастырады;</p> <p>3)пішінін өзгерте отырып , тіліктерді пайдаланып бөлшектің нобайын сызады.</p>

<p>Пішін қалыптастыру және құрылымдау</p>	<p>Беттердің жазбасы</p>	<p>1) Жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін білу және түсіну; 2) кинематикалық тәсілді қолданып жылжыту, айналдыру, геометриялық денелер модельдерін салу ретіне сипаттама беру.</p>	<p>1)"Жазба" терминінің қолданылуын талдайды және анықтайды; 2)қарапайым геометриялық денелердің жазбасын анықтайды және сызады; 3)жазылатын және жазылмайтын беттердің кескін ерекшеліктерін анықтайды; 4)шырша әшекейлерінің, кондитерлік өнімдердің, косметикалық немесе басқа да өнімдердің қаптамаларын жазуды жүзеге асырады; 5)компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызады; 6) қағаз модельдің жазбасын жасайды: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт және ашық құттықтау хат .</p>
	<p>Пішін құрылымдау</p>	<p>1) Құрылымдау және жобалау, техникалық жобаны құру кезеңдері туралы бастапқы мәліметтерді алу.</p>	<p>1)"Құрылымдау" түсінігіне талдау жасайды; 2)берілген параметрлер бойынша заттың пішінін құрылымдап сызады; 3)жобаны біріктірудің техникалық кезеңдерін түсінеді және талдайды; 4)көрсетілген параметрлер бойынша нысанның құрылымдалуын анықтайды.</p>
			<p>1)Заттың кеңістіктегі орын өзгерту арқылы пішін түрлендіруді орындайды; 2)заттың немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру арқылы пішінін өзгертеді ;</p>

<p>Заттың пішінін түрлендіру</p>	<p>Заттың немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру</p>	<p>1) Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып заттың пішінін түрлендіру.</p>	<p>3)бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістерін қолдану арқылы 3D модельді түрлендіруді орындайды; 4)бөлшектерді қою және басып шығару арқылы 3D модельді түрлендіруді графикалық түрде ұсынады.</p>
	<p>Стандарттау</p>	<p>1) Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгеру.</p>	<p>1)"Стандарттау", "өзара алмастыру", "біріктіру", "құрастыру сызбасы" жалпы ұғымдарын анықтайды; 2)"бұйым", "бөлшек", "құрастыру бірлігі", "жиынтық", "кешен" ұғымдарын талдайды және түсінеді; 3)"Тетікбөлшек", "құрастыру бірліктері" ұғымының өзара байланысы мен айырмашылығын талдайды; 4)бұйымның кескіндеріне талдау жасайды; 5)тетіктің немесе құрастыру бірлігінің бейнесін анықтайды.</p>
	<p>Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.</p>	<p>1) Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер және оларды бейнелеу ережелерін білу ; 2) құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызылуын білу және орындау, жиынтық бірлігінің 3D моделін орындау.</p>	<p>1)Құрастыру сызбалары туралы жалпы ақпарат береді; 2)ажырайтын және ажырамайтын біріктірулерді анықтайды ; 3)бұрандалы қосылымды, бұрамда профилінің пішіндерінің түрлерін, бұрамданың белгіленуін және бөлшектерін талдайды; 4)бұрандалы біріктірулерді сызады; 5)құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызбасын орындайды; 6)МЕСТ бойынша спецификацияны сызады;</p>

<p>Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері</p>			<p>7)құрастыру бірлігінің 3D моделін анықтайды және талдайды.</p>
	<p>Сәулет-құрылыс графикасының элементтері</p>	<p>1) Сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын білу; 2)шартты белгілер арқылы қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу.</p>	<p>1)Құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтерді, сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын анықтайды; 2)"бас жоспар", "жоспар", "қасбет" және "ғимарат тілігі", "құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер" ұғымдарын анықтайды; 3)азаматтық және өндіріс ғимараттарының құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды; 4)құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады; 5)құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды; 6)шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.</p>
	<p>Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар</p>	<p>1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды білу.</p>	<p>1)"Инфографика", "зерттеу", "эскиз", "бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді; 2)қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды; 3)инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді; 4)инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды;</p>

			5)эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау.	1)"Жоба", "жобалау", "жобалау әдістері", "жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды; 2)жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.
	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу .	1)Графикалық құжаттарды, техникалық құжаттаманың құрамын және олардың ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2)шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды; жобалық ұсыныстардың графикалық визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
Шығармашылық тапсырмалар	Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Жобалаудың мақсаттары мен міндеттерін, кезеңдерін анықтау.	1) Жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдайды және айқындайды.
		1) Әр түрлі графикалық құралдарды(қолмен/ компьютерлік графика/ макеттеу)қолдана	1) жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдай және анықтай алады, әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (қолмен/ компьютерлік графика/ макет) берілген тақырып б о й ы н ш а шығармашылық жоба жасайды; 2) киригами техникасы арқылы ауыл шаруашылық техникасы өткерме ойықтарымен бөлшектерді жасайды;

	<p>Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар</p>	<p>отырып, инженерлік / дизайн / сәулет саласындағы жобалау және жобалау элементтерімен тапсырмаларды орындау</p>	<p>3) сүт өнімдеріне арналған трансформер сөрелің дизайнын әзірлейді; 4) бау - бақша өнімдерінен жиналған букеттің дизайнын әзірлейді; 5) колледждің демалыс аймағының дизайнын әзірлейді; 6) ет өнімдерін өндіретін кәсіп орын ғимаратының қасбетіне пандус жобасын әзірлейді; 7) мал фермасының жобасын әзірлейді; 8) "Менің арманымдағы үйдің" жобасын жасайды.</p>
--	---	---	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
94 - қосымша

Аграрлық-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-технологиялық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне жәрдемдесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, Физика дамуының қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етуге;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде проблемалық жағдайларды шешу үшін үйренген физикалық білімдерін пайдалануға игеруіне ықпал етуге;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы өнерге қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Бағдарламада зертханалық жұмыстарды жүргізуге оқу уақытының 10% дейін бөлінеді.

Бағдарламада материалды зерттеудегі сабақтастық, математика, биология, химия, география, тарихпен пәнаралық байланыс қарастырылған.

4. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

- 1) Механика;
- 2) Молекулалық физика;
- 3) Электр және магнетизм;
- 4) Тербелістер;
- 5) Толқындар;
- 6) Оптика;
- 7) Кванттық физика;
- 8) Нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) Космология.

"Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Кинематика;
- 2) Динамика;
- 3) Статика және гидростатика

4) Сақталу заңдары;

5) Гидродинамика.

"Молекулалық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Молекулалық физика;

2) Газ заңдары;

3) Термодинамика негіздері;

4) Сұйық және қатты денелер.

"Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Электростатика;

2) Тұрақты ток;

3) Әртүрлі ортадағы электр тогы.

4) Магнит өрісі;

5) Электромагниттік индукция.

"Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Механикалық тербелістер;

2) Электромагниттік тербелістер;

3) Айнымалы ток.

"Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Электромагниттік толқындар.

11. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Толқындық оптика;

2) Геометриялық оптика.

"Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Атомдық және кванттық физика;

2) Атом ядросының физикасы.

"Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс, қисық сызықты қозғалыс кинематикасы;

2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері, қатынас ыдыстар; Паскаль заңы, атмосфералық қысым, Торричелли тәжірибесі.

4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары, серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы, денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары, термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар, қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың моделі, молекулакинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс;

8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы, термодинамикалық жұмыс, жылу мөлшері, жылусыйымдылық, термодинамиканың бірінші заңы, термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану, адиабаталық процесс, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары;

9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу, ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі, сұйықтың беттік керілуі, жұғу, қылтүтіктік құбылыстар;

10) "Электростатика".

Электр заряды, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс, электрсыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы;

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы, ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы, электр тогының жұмысы мен қуаты, ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті, пайдаланылған энергия құны;

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштердегі электр тогы, жартылай өткізгішті құралдар, электролит ерітінділеріндегі электр тогы, электролиз заңы, газдардағы және вакуумдегі электр тогы;

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері, Ампер тәжірибесі, магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид;

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны, электромагниттік индукция, электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы;

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері;
"Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер;
"Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

16) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

17) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

18) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары, жазық параллель пластинадан шағылу, толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар, оптикалық құралдар;

19) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлық толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография;

20) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролалық бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

21) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелері және дамуы; наноматериалдар;

22) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; кара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; кара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Механика			
1.1 Кинематика	+	+	+
Тақырып 1.1.1 Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері. Салыстырмалы қозғалыс. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.			
№1 зертханалық жұмыс. Көлбеу ойық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау.			
1.2. Динамика	+	+	+
Тақырып 1.2.1 Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы. Гравитациялық өрістегі дененің қозғалысы.			
№2 зертханалық жұмыс. Бір-біріне бұрышпен			

бағытталған күштерді қосу.			
1.3. Статика және гидростатика.	+	+	+
Тақырып 1.3.1 Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері. Қатынас сосудтары. Паскаль заңын қолдану. Торичелли тәжірибесі. Атмосфералық қысым.			
1.4. Сақталу заңдары	+	+	+
Тақырып 1.4.1 Механикалық энергия мен импульстың сақталу заңдары. Серпімді және серпімді емес соққы.			
№ 1 практикалық жұмыс. Механикалық жұмыстың пайдалы әсер коэффициентін анықтау.			
1.5. Гидродинамика.	+	+	+
Тақырып 1.5.1 Сұйықтықтар мен газдардың ламинарлы және турбулентті ағымы; тұтқыр сұйықтықтағы дененің қозғалысы.			
№ 3 зертханалық жұмыс. Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын шардың қозғалысын зерттеу.			
2 бөлім. Жылу физикасы			
2.1. Молекулалық физика	+	+	+
Тақырып 2.1.1 Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар; қатты, сұйық және газ модельдері; термодинамикалық параметрлер; идеалды газ Газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі.			

2.2. Газ заңдары.	+	+	+
Тақырып 2.2.1 Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс.			
№2 практикалық жұмыс. Бөлмедегі ауа массасын анықтау. №4 зертханалық жұмыс. Газ заңдарын тексеру. №5 зертханалық жұмыс. Әмбебап газ тұрақтысын анықтау.			
2.3. Термодинамика негіздері	+	+	+
Тақырып 2.3.1 Термодинамиканың бірінші заңы; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы.			
№3 практикалық жұмыс. Судың жылу сыйымдылығын анықтау. №4 практикалық жұмыс. Жылу қозғалтқыштары.			
2.4. Сұйық және қатты денелер	+	+	+
Тақырып 2.4.1 Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; заттың критикалық күйі. Беттік керілу; сулану; капиллярлық құбылыстар; шық нүктесі.			
№5 практикалық жұмыс. Серіппенің қаттылығын анықтау.			
3 бөлім. Электр және магнетизм			
3.1. Электростатика	+	+	+
Тақырып 3.1.1 Электр өрісінің кернеулігі; потенциал; электр өрісінің потенциалдар айырмасы. Электр сыйымдылығы; электр өрісінің энергиясы.			
3.2. Тұрақты электр тогы	+	+	+

Тақырып 3.2.1 Электр тогы. Электр қозғаушы күш және ток көзінің ішкі кедергісі. Толық тізбек үшін Ом заңы; электр тогының жұмысы мен қуаты; ток көзінің пайдалы әсер ету коэффициенті; тұтынылатын ток құны.			
№6 практикалық жұмыс. Тұрмыстық техниканың жұмыс құны мен қуатын есептеу. №7 практикалық жұмыс. Сымның кедергісін анықтау. №6 зертханалық жұмыс. Тұрақты ток көздерінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау. Толық тізбек үшін Ом заңы. №7 зертханалық жұмыс. Өткізгіштердің аралас қосылу заңдылықтарын зерттеу.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тогы	+	+	+
Тақырып 3.3.1 Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; электролиттердің ерітінділері мен балқымаларындағы электр тогы; электролиз заңдары; газдардағы электр тогы; вакуумдағы электр тогы.			
№8 зертханалық жұмыс. Электролиттердегі токтың пайда болу жағдайын зерттеу. №9 зертханалық жұмыс. Қыздыру шамы, резистор және жартылай өткізгіш диодтың вольтампер сипаттамасы.			
3.4. Магнит өрісі	+	+	+

Тақырып 3.4.1 Магнит өрісі; өткізгіштердің токпен өзара әрекеттесуі; Ампер тәжірибелері; магниттік индукция векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; сол қол ережесі; магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектің қозғалысы; заттың магниттік қасиеттері.			
№ 6 практикалық жұмыс. Сол қол ережесін қолдану			
3.5. Электромагниттік индукция	+	+	+
Тақырып 3.5.1 Магнит ағыны; электромагниттік индукция құбылысы; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты ток генераторы.			
4 бөлім. Тербелістер			
4.1. Механикалық тербелістер	+	+	+
Тақырып 4.1.1 Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.			
№7 практикалық жұмыс. Математикалық маятник арқылы дененің еркін түсу үдеуін анықтау.			
4.2. Электромагниттік тербелістер	+	+	+
Тақырып 4.2.1 Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер.			
4.3. Айнымалы ток	+	+	+
Тақырып 4.3.1 Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; электр тізбегіндегі кернеулердің резонансы; электр			

энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор; Қазақстанда және әлемде электр энергиясын өндіру және пайдалану.			
№10 зертханалық жұмыс. Трансформатор орамаларындағы орам санын анықтау. №11 зертханалық жұмыс. Сыйымдылық кедергісінің айнмалы ток жиілігіне және конденсатордың сыйымдылығына тәуелділігін зерттеу. № 12 зертханалық жұмыс . Индуктивті кедергілер, олардың айнмалы ток жиілігіне және катушканың индуктивтілігіне тәуелділігі. №13 зертханалық жұмыс. Айнмалы ток тізбегіндегі резонанс құбылысын зерттеу			
5 бөлім. Толқындар			
5.1. Электромагниттік толқындар	+	+	+
Тақырып 5.1.1 Электромагниттік толқындарды сәулелендіру және қабылдау; аналогтық-цифрлық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары.			
№14 зертханалық жұмыс. Ауадағы дыбыс жылдамдығын анықтау.			
6 бөлім. Оптика			
6.1. Толқындық оптика	+	+	+
Тақырып 6.1.1 Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы. Дифракциялық торлар. Жарықтың поляризациясы.			

№15 зертханалық жұмыс. Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау.			
№16 зертханалық жұмыс. Интерференция, дифракция және жарықтың поляризациясын бақылау.			
6.2. Геометриялық оптика	+	+	+
Тақырып 6.2.1 Оптиканың геометриялық заңдары; жазық параллель пластинадағы сыну; толық ішкі шағылысу; оптикалық құралдар.			
№17 зертханалық жұмыс: Шынының сыну көрсеткішін анықтау.			
7 бөлім. Кванттық физика			
7.1. Атомдық және кванттық физика	+	+	+
Тақырып 7.1.1 Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы.; сәулелену түрлері; спектрлер; спектрлік аппараттар; спектрлік талдау; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффект қолдану; Жарық қысымы; жарықтың химиялық әрекеті; лазерлер; голография; фотография, томография.			
№8 практикалық жұмыс. Электромагниттік сәулеленуден қорғау құралдарын есептеу №9 практикалық жұмыс. Фотоэлектронның жылдамдығын анықтау. №18 зертханалық жұмыс. Үздіксіз және сызықтық			

сәулелену спектрлерін бақылау			
7.2. Атом ядросының физикасы	+	+	+
Тақырып 7.1.1 Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атом ядросы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакциялар; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор ; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар.			
№19 Зертханалық жұмыс. Жартылай ыдырау периоды анықтау. № 9 практикалық жұмыс. Ядродағы нуклондардың байланыс энергиясын есептеу. № 20 зертханалық жұмыс . Дайын фотосуреттерден зарядталған бөлшектердің траекторіні зерттеу			
8 бөлім. Нанотехнология және наноматериалдар			
8.1. Нанотехнология және наноматериалдар	+	+	+
Тақырып 8.1.1 Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, наноматериалдарды дамытудың өзекті мәселелері және даму кезеңдері.			
9 бөлім. Космология			
9.1. Космология	+	+	+
Тақырып 9.1.1 Жұлдыздар әлемі; жұлдыздарға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа галактикалардың			

ашылуы квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы ; ғаламның кеңеюі; ғалам эволюциясының негізгі кезеңдері; ғаламның модельдері; ғаламдағы өмір мен ақыл; нейтрондық жұлдыздар.			
Практикалық жұмыс (бейіні бойынша)			

3 тарау. Оқыту нәтижелері мен бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Механика	Кинематика.	1) Есептерді шешуде кинематикалық теңдеулерді қолдану, қозғалыс графиктерін талдау; 2) күнделікті өмірден жылдамдықтар мен қозғалыстарды қосудың классикалық заңының мысалдар келтіру;	1) Есептерді шешуде кинематикалық теңдеулерді қолданады және қозғалыс графиктерін талдайды, сондай-ақ қисық сызықты қозғалысты сипаттайтын шамаларды анықтайды.
	Динамика	1) Ньютон заңдарын меңгеру және күшті анықтау; 2) бүкіләлемдік тартылыс заңын түсіндіру және ғарыш аппараттарының қозғалысын сипаттау;	1) Ньютон заңдарының мазмұнын ашады; 2) дененің көлденең және тігінен бұрышпен лақтырылған қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгеруін сипаттайды.
	Статика және гидростатика	1) абсолютті қатты дененің масса центрін анықтаңыз және тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін түсіндіріңіз; 2) Паскаль заңын сипаттау	1) Тепе-теңдіктің әртүрлі түрлерін және Паскаль заңының қолданылуын біледі.
	Сақтау заңдары	1) кез-келген мөлшердегі жабық жүйенің денелері үшін импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдылықтарын түсіндіру : микроәлем бөлшектері үшін де, ғарыштық денелер үшін де.	1) Импульс пен энергияны сақтау заңдарын есептерді шығаруда қолданады.
			1) күштердің әсерінен материалдық денелердің тепе-теңдік шарттарын және сұйықтар мен

	Гидродинамика	газдардың қозғалысын түсіну; 2) сұйықтар мен газдардың қозғалысын, олардың қабаттары мен сығылу арасындағы ішкі үйкелістің болуымен байланысты сипаттау; 3) тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын (тұрақты) физикалық шамаларды анықтау және өлшеулердің дәлдігін ескеру;	1) Сұйықтар мен газдардың ламинарлы, турбулентті ағындарын түсіндіреді және сипаттайды; 2) эксперимент нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтайды және оны жақсарту жолдарын ұсынады.
Жылу физикасы	Молекулалық физика	1) газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негіздерін түсіну; 2) молекулалық-кинетикалық теорияға негізделген қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың модельдерін сипаттау;	1) Молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі ережелерін және идеалды газ моделін сипаттайды; 2) әртүрлі қатты денелер мысалында кристалды және аморфты денелердің құрылымдарын ажыратады.
	Газ заңдары	1) термодинамикалық параметрлерді өзара байланыстыратын теңдеуді сипаттау; 2) газ заңдарының графиктерін ажырату.	1) Бойль-Мариотт, Гей-Люссак заңдарын, Чарльз Заңын түсіндіреді және осы заңдарды есептерді шешуде қолданады.
	Термодинамика негіздері	1) механикалық және ішкі энергиялардың өзара түрленуіне және ішкі энергияның бір денеден екінші денеге берілуіне байланысты құбылыстарды түсіндіру.	1) Термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мағынасын сипаттайды.
	Сұйық және қатты заттар	1) Сұйықтықтар мен газдардың механикалық қасиеттерін, олардың қозғалысын және олардағы қатты денелердің қозғалысын түсіндіру;	1) Ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау; 2) беттік керілудің табиғатын және капиллярлық құбылыстың күнделікті өмірдегі рөлін түсіндіру.
		Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық	1) Есептерді шығаруда: - тізбек учаскесі, толық тізбек үшін Ом заңын, - тармақталған электр тізбектеріне қатысты Кирхгоф заңдарын,

Электр және магнетизм	Электростатика	өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру.	- жұмыс және қуат формулаларын қолданады; 2) өткізгіштердің электр қосылыстары мен ЭҚК мен көз кернеуі арасындағы байланысты білетіндігін көрсетеді.
	Тұрақты электр тогы	1) Тұрақты электр тогы табиғатын түсіну және оның негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу, 2) тұрақты токты қарапайым электр тізбектерінде есептей білу; 3) өткізгіштердің электр қосылыстары мен ЭҚК мен көз кернеуі арасындағы байланысты білу.	1) Есептерді шығаруда: - тізбек учаскесі, толық тізбек үшін Ом заңын, - тармақталған электр тізбектеріне қатысты Кирхгоф заңдарын, - жұмыс және қуат формулаларын қолданады; 2) тұрмыстық құралдардың жұмыс құны мен қуатының практикалық есептеулерін жүргізу
	Өртүрлі ортадағы электр тогы	1)Өр түрлі ортада электр тогының пайда болу мәнін және олардың практикалық қолданылуын білу.	1)Металдарда, жартылай өткізгіштерде, электролиттерде, газдарда және вакуумда электр тогының пайда болу принципін сипаттайды; 2) кедергінің металдағы және жартылай өткізгіштегі температураға тәуелділігін талдайды, резистордың вольт-амперлік сипаттамасын зерттей алады.
	Магнит өрісі	1) Магнит өрісі құбылысының мәнін түсіну және оны қолданылу аясын және әрекет ету принципін білу.	1) Өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шаманы анықтайды және сол қол ережесін қолданады; 2)магнит өрісінің қозғалатын зарядталған бөлшектерге және ток өткізгішке әсерін сипаттайды; 3) электр өлшеу құралдары мен электр қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципін түсіндіреді, заттардың

			магниттік қасиеттерін біледі.
	Электромагниттік индукция	1.Электромагниттік индукция құбылысының мәнін және оның заңдарының мәнін білу, электромагниттік құрылғылардың жұмыс принципін түсіну.	1) Есептерді шешуде электромагниттік индукция заңын қолданады; 2) қарапайым электр қозғалтқышының жұмыс принципін біледі; 3) механикалық және электр энергиясының ұқсастығын жүргізеді.
Тербелістер	Механикалық тербелістер	1) механикалық қозғалысты сипаттайтын физикалық шаманың мерзімді өзгерістерін түсіндіру; 2) гармоникалық тербелістер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету.	1) Гармоникалық тербелістерді $(x(t), v(t), a(t))$ эксперименттік, аналитикалық және графикалық түрде сипаттайды.
	Электромагниттік тербелістер	1) Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістердің пайда болу жағдайларын сипаттау және механикалық және электромагниттік тербелістер арасында ұқсастықтарды құрастыру	1) Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын біледі.
	Айнымалы ток	1) Айнымалы электр тогының табиғатын білу; 2) генератор мен трансформатордың жұмыс принципін түсіну; 3) белсенді және реактивті жүктемелерді сипаттау және резонанс жағдайын түсіндіру.	1) Генератор мен трансформатордың жұмыс принциптерін зерттейді. 2) период, жиілік, кернеудің максималды және тиімді / тиімді мәндері, ток күші және электр қозғаушы күш сияқты физикалық шамаларды қолдана отырып, айнымалы токты синусоидалы функция ретінде сипаттайды; 3) белсенді және реактивті кедергісі бар тізбекті электр тізбегін есептейді. 4) электр энергиясын беру кезінде жоғары вольтты айнымалы токтың экономикалық

			артықшылықтарын көрсетеді.
Толқындар	Электромагниттік толқындар	1) жоғары жиілікті тербеліс көзінің электромагниттік толқындар арқылы қабылдағышпен сымсыз байланысымен қамтамасыз етілетін радиотехниканың негіздерін білу.	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды; 2) аналогтық сигналмен салыстырғанда цифрлық форматта сигнал берудің артықшылықтарын сипаттайды.
Оптика	Толқындық оптика	1) Оптикалық құбылыстардың табиғатын интерференция, дифракция, поляризация, дисперсия ретінде сипаттау.	1) Жарық жылдамдығын анықтау әдістерін түсіндіреді 2) жарық толқындарының интерференциясы мен дифракциясын бақылау үшін қажетті шарттарды сипаттайды, 3) жарықтың поляризациясын эксперименталды түрде зерттейді
	Геометриялық оптика	1) Мөлдір ортада жарық энергиясының таралу заңдылықтарын біледі және линзалар жүйесіндегі сәулелерді түсіндіреді.	1) Жарықтың шағылысу және сыну заңдылықтарын біледі; 2) жарық сигналдарын беру кезінде талшықты-оптикалық технологияның артықшылықтарын түсіндіреді.
Кванттық физика	Атомдық және кванттық физика	1) Спектрлік талдау әдісін және оны қолдану саласын сипаттау; 2) фотосинтез және фотосуреттегі процестер мысалында жарықтың химиялық әсерін сипаттау	1) Электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатын дәлелдейтін мысалдар келтіреді. 2) электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажыратады. 3) техникада инфрақызыл сәулеленудің қолданылуын көрсетеді;
		1) Радиоактивті ыдырау құбылыстарын (a, b және g) және жартылай ыдырау кезеңінің терминін түсіндіру;	1) Графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтайды;

	Атом ядросының физикасы	2) иондаушы әсер және ену қабілетінің; радиоактивті сәулеленудің сипатын түсіндіру.	2) радиоактивті материалдарды өңдеу, қолдану, сақтау және қауіпсіздік техникасын сипаттайды
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология және наноматериалдар.	Нанотехнологияның негізгі жетістіктерін білу.	1) Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды және қолданылуын атайды.
Космология	Космология	Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын білу.	1) Жұлдызды аспан мен негізгі қағидаларды жұлдыздар бойынша бағдарлауды сипаттайды, 2) Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
95-қосымша

Аграрлық-технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Аграрлық-технологиялық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсының оқытудың мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;

5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;

7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 5 бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті".

"Жаһандық құзыреттілік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жаһандық құзыреттер дегеніміз не.
- 2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) Жаһандық құзыреттерді қолдану.
- 4) Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары.

"Қаржылық сауаттылық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жеке қаржыдағы кірістер.
- 2) Жеке қаржыдағы шығыстар.
- 3) Отбасылық бюджет.
- 4) Жинақтау және жинақтау.

"Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

- 1) Қарым-қатынас мәдениеті.
- 2) Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.
- 3) Әлеуметтік мәселелер.
- 4) Экологиялық қақтығыстар.
- 5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

"Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.

4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

"Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.

2) Кәсіби менеджмент.

3) Компанияның инновациялық саясаты.

4) Жобалар мен процестерді басқару.

5) Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері.

5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.

2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен қоғамдастық арасындағы серіктестік; алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.

4) "Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.

5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.

6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.

7) "Отбасылық бюджет". Отбасы бюджетінің кірістері; отбасы бюджетінің міндетті шығыстары; отбасы бюджетінің міндетті емес шығыстары; отбасы бюджетінің түрлері;

отбасы бюджетін жоспарлау; отбасының қаржылық мақсаттары; отбасы бюджетін жүргізу ережелері.

8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.

9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыпайылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.

10) "Қақтығыстар. Түсінгі. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғаишілік қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; алаңдаушылық деңгейін төмендету.

11) "Әлеуметтік проблемалар". Қоғамның әлеуметтік проблемалары; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, қамту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және тағы басқалар); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік проблемалар және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.

12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері; экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.

13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы. Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.

14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация". Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті

проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) "Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті". Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік. Жобалар мен процестерді тиімді басқару. Жобаны басқару жоспары (ЖБЖ). Ақпаратты талдау және өңдеу, өз көзқарасын дәлелдей білу. Дәлелді команда. Аванстық сенім. Кәсіби менеджмент. Қызметкерлермен жұмысты ұйымдастыру принциптері. Бизнес этикасы. Тиімді байланыс. Компанияның инновациялық саясаты. Стратегиялар.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыттары мен біліктілігіне байланысты 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Жаһандық құзыреттілік			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не			
Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану			

Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары			
2 бөлім. Қаржылық сауаттылық			
2.1 Жеке қаржыдағы кірістер	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс			
Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс			
Тақырып 2.1.3. Жеке табысты арттыру жолдары			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы			
2.2 Жеке қаржы шығындары	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу			
Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы)			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады			
2.3. Отбасылық бюджет	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары			

Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары			
Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары			
Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері			
2.4. Жинақ және жинақтау	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы			
Тақырып 2.4.2. Жинақтау тәсілдері			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржылық пирамида			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар. Қаржылық тәуекелдердің түрлері			
3 бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу			
3.1 Проблемалар түрі	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті			
Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Түсінігі. Түрлері. Шешу жолдары			
Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік проблемалар			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қақтығыстар			

Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы			
4 бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті			
5 бөлім. Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті			
5.1 Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік		+	+
Тақырып 5.1.1. Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік			
Тақырып 5.1.2. Кәсіби менеджмент			
Тақырып 5.1.3. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану			
Тақырып 5.1.4. Жобалар мен процестерді басқару			
Тақырып 5.1.5. Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
		1) Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну;	

Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) Жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.
		1) Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржыдағы кірістер	1) Белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіру.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
	Жеке қаржы шығындары	1) Қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1) Несиелендіру мәселесін түсінеді және қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) Отбасылық бюджеттің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) Отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) Отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) Ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі; 3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу	Проблемалар түрлері	1) Эмпатия мен ынтымақтастық қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	1) Басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы бар проблемаларды талдайды.
		2) Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Қақтығысты шешу алгоритмін құрайды; 2) медиация негіздерін және қақтығыстарды шешу тәсілдерін біледі.
		3) Аналитикалық, сыни ойлау, жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік	1) Әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар

		проблемаларды бағалау дағдысын қалыптастыру.	мен бастамаларды бағалайды.
		1) Экологиялық проблемалар бойынша дәлелдемелерді зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	1) Жергілікті және жаһандық деңгейде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсынады.
Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	1) Азаматтық ұстанымын көрсете алу, өз көзқарасын қорғай білу;	1) Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.
		2) қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) Әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) Мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) қоғамда мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды.
		1) Мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
	Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік	1) Аграрлық-технологиялық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті сипаттау; 2) бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті қолдану мүмкіндіктерін айқындау	1) Аграрлық-технологиялық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті қалыптасу матрицаларын әзірлейді.
	Кәсіби менеджмент	1) Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.	1) Персоналмен жұмысты ұйымдастыру қағидаттарын біледі.
		1) Компанияның технологиялық қайта құру стратегияларын	

Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті	Компанияның инновациялық саясаты	түсіндіру (позицияларды белсендіру және технологиялық серпіліс).	1) Жедел ойлау қабілеті мен зерттеу жұмысының дағдысын біледі.
	Жобалар мен процестерді басқару	1) Процестер мен жобаларды жоспарлау дағдысына ие болу: көлем, кесте және бюджеттен бастап негізгі қатысушыларды басқару тәсілдеріне дейін	1) Жобалар мен процестерді басқару дағдыларын қолданады.
	Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері	1) Іскерлік мінез-құлық қағидаттарын қолдану; 2) бастамашылық таныту және орындалатын жұмысқа жауапкершілікпен қарау.	1) Бизнесі жүргізу этикасын түсінеді (заңның әрпінен сенімге дейін; құқықтық нормаларды құрметтеу; көпжақты өндірістік қатынастарды қолдау; қоршаған ортаға қамқорлық жасау; заңсыз әрекеттерден бас тарту және т. б.)

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
96-қосымша

Қоғамдық- гуманитарлық бағыттың "Математика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық- гуманитарлық бағыттың "Математика" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Математика" пәнін оқытудың мақсаты – жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің озық дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуын, білім беруді жалғастырудың сабақтас пәндерін зерделеу үшін қоғамдық-гуманитарлық бағыттың практикалық және кәсіби қызметінде қолдану үшін қажетті математикалық білімді меңгеру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Математика негіздерін сапалы меңгеру, тұлғаның зияткерлік қасиеттерін дамытуға бағытталған математикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды одан әрі қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, әртүрлі контексттердегі есептерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеуге ықпал жасау;

3) білім алушылардың білімдерін есептерді шешу мақсатында математикалық модельдер жасауға және кері қарай нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтау үшін логикалық және сыни ойлауды, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) коммуникативтік дағдыларды, оның ішінде ақпаратты дәл және сауатты беру, сондай-ақ жарияланымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалану қабілетін дамыту;

6) өз бетінше жұмыс істеу үшін де, командада жұмыс істеу үшін де қажет тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден және тақырыптардан тұрады:

1) "Функция, оның қасиеттері және графигі". Функция және оның берілу жолдары. Функция графигін түрлендіру. Функцияның қасиеттері. Кері функция ұғымы. Күрделі функция.

2) "Тригонометриялық функциялар". Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері. Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.

3) "Кері тригонометриялық функциялар". Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.

4) "Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер". Қарапайым тригонометриялық теңдеулер. Тригонометриялық теңдеулер және олардың жүйелерін шешу әдістері. Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу.

5) "Ықтималдық". Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолданылуы. Ньютон биномын (натурал көрсеткішпен) жуықтап есептеулер үшін қолдану. Оқиғаның ықтималдығы және оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері.

6) "Функцияның шегі және үзіліссіздік". Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі. Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары. Сан тізбегінің шегі. Шектерді табу.

7) "Туынды". Туындының анықтамасы. Функцияны дифференциалдау туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері. Күрделі функцияның туындысы. Туындының физикалық және геометриялық мағынасы.

8) "Туындыны қолдану". Функцияның өсу және кему шарттары. Функцияның экстремум нүктелері. Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін құру. Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.

9) "Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары". Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері.

10) "Алғашқы функция және интеграл". Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері. Анықталған интеграл. Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Геометриялық және физикалық есептерді шығаруда анықталған интегралды қолдану.

11) "Дәреже мен түбірлер. Дәрежелік функция". n -ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Иррационал өрнектерді түрлендіру. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі. Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функцияның туындысы және интегралы.

12) "Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер". Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері. Иррационал теңсіздіктер.

13) "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар". Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі. Санның логарифмі және оның қасиеттері. Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі. Көрсеткіштік функцияның туындысы және интегралы. Логарифмдік функцияның туындысы.

14) "Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер". Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері. Көрсеткіштік теңсіздіктер. Логарифмдік теңдеулер және олардың жүйелері. Логарифмдік теңсіздіктер.

15) "Математикалық статистика элементтері". Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау.

16) "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы". Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары. Кеңістіктегі түзулердің өзара орналасуы. Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Екі жазықтықтың өзара орналасуы.

17) "Кеңістіктегі перпендикулярлық". Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы. Перпендикуляр және көлбеу. Үш перпендикуляр туралы теорема. Кеңістіктегі

қашықтық. Кеңістіктегі бұрыштар. Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональ проекциясы және оның ауданы.

18) "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар". Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылаын амалдар. Коллинеар және компланар векторлар. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі. Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту, координатасымен берілген векторды санға көбейту. Вектордың үш компланар емес векторларға жіктелуі. Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.

19) "Кеңістіктегі түзу және жазықтық теңдеулерін қолдану". Кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы. Кеңістіктегі нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық. Екі түзу арасындағы бұрышты, кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты табу.

20) "Көпжақтар". Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Дұрыс көпжақтар ұғымы. Призма және оның элементтері. Тік және дұрыс призмалар. Тікбұрышты параллелепипед және оның қасиеттері. Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы. Пирамида және оның элементтері. Қиық пирамида. Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамида бетінің ауданы. Дұрыс көпжақтар. Дұрыс көпжақты жазықтықпен қию.

21) "Айналу денелері және олардың элементтері". Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің толық және бүйір бетінің ауданы. Конус және оның элементтері. Конустың бүйір және толық бетінің ауданы. Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы. Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы. Сфераға жүргізілген жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию.

22) "Денелердің көлемі". Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі. Пирамида мен қиық пирамиданың көлемі. Цилиндрдің көлемі. Конус пен қиық конустың көлемі. Шар және оның бөліктерінің көлемі. Кеңістіктік фигуралардың ұқсастығы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге

байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 96 -144 сағатты (4-6 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлімдер, бөлімшілердің мен тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
			Сабақтар	
			Теориялық	Тәжірибелік
1 бөлім. Функция, оның қасиеттері және графиктері				
1.1. Функция және оның қасиеттері.		+	+	+
1.	Функция және оның берілу тәсілдері. Функция графигін түрлендіру. Қоғамдық-гуманитарлық зерттеулердің нәтижелерін жасауда графиктерді қолдану.			
2.	Функцияның қасиеттері.			
1.2. Функция түрлері		+	+	+
3.	Кері функция ұғымы.			
4.	Күрделі функция.			
2 бөлім. Тригонометриялық функциялар				
2.1. Тригонометриялық функциялар және олардың графиктері		+	+	+
5.	Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
6.	Түрлендірулер арқылы тригонометриялық функциялардың графигін салу.			
2.2. Кері тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері		+	+	+
	Арксинус, арккосинус,			

7.	арктангенс, арккотангенс.			
8.	К е р і тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері.			
2.3. Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер		+	+	+
9.	Қарапайым тригонометриялық теңдеулер.			
10.	Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
2.4. Тригонометриялық теңсіздіктер		+	+	+
11.	Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу .			
3 бөлім. Дәрежелер мен түбірлер. Дәрежелік функция				
3.1. Дәрежелер мен түбірлер		+	+	+
12.	n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері. Иррационал өрнектерді түрлендіру.			
13.	Рационал көрсеткішті дәреже. Рационал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру.			
3.2. Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.		+	+	+
14.	Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.			
4. Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер.				
4.1. Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.		+	+	+
15.	Иррационал теңдеулер және олардың жүйелері.			

16.	Иррационал теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
4.2. Иррационал теңсіздіктер		+	+	+
17	Иррационал теңсіздіктер және оларды шешу әдістері			
5-бөлім. Көрсеткіштік және логарифмдік функция				
5.1. Көрсеткіштік функция		+	+	+
18.	Көрсеткіштік функция, оның қасиеттері және графигі.			
5.2. Логарифмдік функция		+	+	+
19.	Санның логарифмі және оның қасиеттері.			
20.	Логарифмдік функция, оның қасиеттері және графигі			
6 бөлім. Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер				
6.1. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер		+	+	+
21.	Көрсеткіштік теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері.			
22.	Көрсеткіштік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			
6.2. Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер		+	+	+
23.	Логарифмдік теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістері			
24.	Логарифмдік теңсіздіктер мен жүйелерді шешу әдістері.			
7-бөлім. Функцияның шегі және үзіліссіздік				
7.1. Функцияның шегі		+	+	+

25.	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі шегі.			
26.	Шектерді табу.			
7.2. Функцияның үзіліссіздігі және сан тізбегінің шегі.		+	+	+
27.	Функцияның нүктедегі және шексіздіктегі үзіліссіздігі. Функция графигінің асимптоталары.			
28.	Сан тізбегінің шегі.			
8 бөлім. Туынды және оның қолданылуы				
8.1. Туынды		+	+	+
29.	Туындының анықтамасы. Функцияның дифференциалы туралы түсінік. Туындыларды табу ережелері.			
30.	Нақты көрсеткіші бар дәрежелік функциясының туындысы.			
31.	Күрделі функцияның туындысы.			
32.	Тригонометриялық функциялардың туындылары.			
33.	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялардың туындылары.			
34.	Туындының физикалық және геометриялық мағынасы. Қоғамдық-гуманитарлық зерттеулерде туындыны қолдану.			
8.2. Туындының қолданылуы		+	+	+
35.	Функцияның өсу және кему шарттары. Экстремум нүктелері.			

36.	Функцияны туынды арқылы зерттеу және оның графигін салу.			
37.	Кесіндідегі функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.			
9 бөлім. Алғашқы функция және интеграл. Анықталмаған интеграл.				
9.1. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл		+	+	+
38.	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдың қасиеттері.			
39.	Элементар функциялардың интегралы			
9.2. Анықталған интеграл.		+	+	+
40.	Қисық сызықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл.			
9.3. Геометриялық және физикалық есептерді шешуде анықталған интегралды қолдану		+	+	+
41.	Анықталған интегралдың көмегімен жазық фигуралардың аудандарын есептеу.			
42.	Анықталған интегралдың көмегімен айналу денелерінің көлемін есептеу.			
10 бөлім. Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы				
10.1. Ықтималдық		+	+	+
43.	Комбинаторика элементтері және олардың ықтималдықтарды табуға қолдану.			
	Оқиғаның ықтималдығы және			

44	оның қасиеттері. Шартты ықтималдық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелері. Қоғамдық-гуманита рлық зерттеулердің есептерінде қолдану .			
10.2. Математикалық статистика элементтері		+	+	+
45.	Бас жиынтық және таңдама. Дискретті және интервалды вариациялық қатарлар. Кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын таңдамалар бойынша бағалау. Қоғамдық-гуманита рлық зерттеулердің нәтижелерін құруда графиктерді қолдану.			
46.	Кездейсоқ шамалар. Дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалар. Дискретті кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Дискретті кездейсоқ шамалардың үлестірім түрлері. Қоғамдық-гуманита рлық зерттеулердің есептерінде дискретті кездейсоқ шамаларды қолдану .			
11-бөлім. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы		+	+	+
11.1. Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы.		+	+	+
47.	Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары.			

	Кеңістіктегі екі түзудің өзара орналасуы.			
48.	Түзу мен жазықтықтың өзара орналасуы			
49.	Екі жазықтықтың өзара орналасуы.			
11.2. Кеңістіктегі бұрыштар		+	+	+
50.	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу. Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы.			
51.	Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Үш перпендикуляр туралы теорема.			
52.	Екі жазықтықтың арасындағы бұрыш. Екі жақты бұрыш. Кеңістіктегі қашықтық.			
53.	Жазықтықтардың перпендикулярлығы. Жазық фигураның жазықтықтағы ортогональ проекциясы және оның ауданы.			
12 бөлім. Тікбұрышты координаталар жүйесі және кеңістіктегі векторлар				
12.1. Кеңістіктегі векторлар		+	+	+
54.	Кеңістіктегі векторлар және оларға қолданылатын амалдар. Коллинеар мен компланар векторлар.			
12.2. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі.		+	+	+
55.	Кеңістіктегі вектордың координаталары. Координатасымен берілген векторларды қосу және азайту,			

	координатасымен берілген векторды санға көбейту.			
56.	Векторлардың скалярлық көбейтіндісі. Вектордың ұзындығы. Вектордың компланар емес үш векторға жіктелуі.			
57.	Екі нүктенің арақашықтығы. Кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасының координаталары.			
58.	Сфера теңдеуі. Кеңістіктегі түзудің теңдеуі.			
13 Бөлім. Көпжақтар және айналу денелері				
13.1. Көпжақтар		+	+	+
59	Көпжақты бұрыш, геометриялық дене туралы түсінік. Көпжақтар туралы ұғымы. Дұрыс көпжақтар. Көпжақтарды жазықтықпен кию. Қоғамдық-гуманитарлық зерттеулердің есептерінде көпжақтарды қолдану.			
13.2. Призма және оның элементтері.		+	+	+
60.	Призма, тікбұрышты параллелепипед және олардың қасиеттері. Куб.			
61.	Призманың бүйір және толық беттерінің ауданы.			
13.2. Пирамида және оның элементтері.		+	+	+
62.	Пирамида және оның элементтері.			

	Қиық пирамида. Египет пирамидалары			
63.	Пирамиданың бүйір және толық беттерінің ауданы. Қиық пирамида бүйір және толық беттерінің ауданы.			
14. Айналу денелері және олардың элементтері				
14.1. Цилиндр және оның элементтері.		+	+	+
64.	Цилиндр және оның элементтері. Цилиндр бетінің ауданы.			
14.2. Конус және оның элементтері.		+	+	+
65.	Конус және оның элементтері. Конус бетінің ауданы.			
66.	Қиық конус және оның элементтері. Қиық конустың бетінің ауданы			
14.3. Сфера, шар және олардың элементтері		+	+	+
67.	Сфера, шар және олардың элементтері. Сфера бетінің ауданы.			
68.	Сфераға жанама жазықтық. Айналу денелерін жазықтықпен қию. Қоғамдық-гуманитарлық зерттеулердің есептерінде айналу денелерін қолдану.			
15. Дене көлемі				
15.1. Денелер көлемінің жалпы қасиеттері. Көпжақтар көлемі		+	+	+
69.	Дене көлемі. Дене көлемінің жалпы қасиеттері. Призманың көлемі.			
70.	Пирамиданың көлемі. Қиық пирамиданың көлемі.			

15.2. Айналу денелерінің көлемі.		+	+	+
71.	Цилиндрдің көлемі.			
72.	Конустың көлемі. Қиық конустың көлемі.			
73.	Шардың және оның бөліктерінің көлемі			
74.	Кеңістіктіктегі фигуралардың ұқсастығы.			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлімнің атауы	Бөлімшенің атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция және қасиеттері	1) График салу және функцияларды зерттеу дағдыларын пысықтау үшін функция ұғымын, түрлерін сипаттау; 2) аналитикалық анықтама және графикалық сурет негізінде функциялардың қасиеттерін көрсету.	1) Функцияның анықтамасын түсіндіреді; 2) функция түрлерін және берілу тәсілдерін ажыратады; 3) берілген функциялар үшін түрлендірулерді орындайды; 4) берілген функцияның анықталу және мәндер облысын табады.
	Функция түрлері	1) $f(G(x))$ күрделі функциясын таба білу; 2) өзара кері функциялардың графиктерін салыстыру.	1) Күрделі функция формуласының мазмұнын түсіндіреді; 2) функциялардың құрамын құрайды; 3) кері функцияны анықтау ретін түсіндіреді.
	Тригонометриялық функциялар және олардың графигі	1) Тригонометриялық функцияларды түсіндіру; 2) тригонометриялық функциялардың графиктері бойынша қасиеттерді оқу.	1) Тригонометриялық функцияларды анықтайды; 2) тригонометриялық функциялардың қасиеттерін түсіндіреді; 3) графиктер салады және график бойынша тригонометриялық функциялардың қасиеттерін сипаттайды; 4) тригонометриялық функциялары бар графиктерін түрлендіруді орындайды.
			1) Арксинус, арккосинус, арктангенс, арккотангенс мәндерін анықтайды;

Тригонометриялық функциялар	Кері тригонометриялық функциялар;	1) Кері тригонометриялық функцияларды түсіндіру; 2) кері тригонометриялық функциялардың графиктері бойынша қасиеттерді оқу.	2) кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін түсіндіреді; 3) графиктерді құрастырады және график бойынша кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін сипаттайды.
	Тригонометриялық теңдеулер	1) Тригонометриялық теңдеулерді шешу; 2) тригонометриялық жүйелерді шешу.	1) Тригонометриялық теңдеулер мен жүйелерді шешу әдістерін біледі.
	Тригонометриялық теңсіздіктер	1) Қарапайым тригонометриялық теңсіздіктерді шешу.	1) Тригонометриялық теңсіздіктердің шешімін түсіндіреді; 2) координаталық жазықтықта қарапайым тригонометриялық теңсіздіктер мен олардың жүйелері шешімдерінің жиынын көрсетеді.
Дәрежелер мен түбірлер Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктер.	Дәрежелік функция	1) Алгебралық өрнектерді түрлендіру.	1) n дәрежесінің түбірін және n дәрежесінің арифметикалық түбірін анықтауда сәйкестікті белгілейді; 2) иррационал және алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін n дәрежелі және рационал көрсеткішті түбірдің қасиеттерін қолданады.
	Дәрежелік функция, оның қасиеттері және графигі.	1) Дәрежелік функцияның графигін салу.	1) График құру дағдыларын пысықтау үшін дәрежелік функциясының қасиеттерін пайдаланады; 2) берілген график бойынша дәрежелік функцияның қасиеттерін зерттейді.
	Иррационал теңдеулер мен жүйелер	1) Иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу алгоритмін игеру.	1) Иррационал теңдеу анықтамасының мазмұнын түсіндіреді және иррационал теңдеудің анықталу облысын табады; 2) иррационал теңдеулерді теңдеудің екі

			жағын n-ші дәрежеге шығару әдісімен шешеді; 3) иррационал теңдеулерді айнymалыны ауыстыру әдісімен шешеді.
	Иррационал теңсіздіктер мен жүйелер	1) Иррационал теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу алгоритмін меңгеру.	1) Иррационал теңсіздіктердің анықталу облысын табады; 2) иррационал теңсіздіктерді теңсіздіктің екі жағын n-ші дәрежеге шығару әдісімен шешеді; 3) иррационал және айнymалыны ауыстыру әдісі арқылы шешеді.
Көрсеткіштік және логарифмдік функция	Көрсеткіштік функция	1) График бойынша көрсеткіштік функцияның қасиеттерін сипаттау.	1) Көрсеткіштік функциясының анықтамасын түсіндіреді және оның графигін салады; 2) негізге байланысты көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады; 3) көрсеткіштік функцияларының графиктерін салады.
	Логарифмдік функция	1) Логарифмі бар өрнектердің мәндерін есептеу; 2) негізге байланысты логарифмдік функцияның қасиеттерін график бойынша сипаттау.	1) Санның логарифмін, ондық және натурал логарифмнің мәндерін анықтайды; 2) логарифмдік өрнектерді түрлендіру үшін логарифмдердің қасиеттерін қолданады; 3) логарифмдік функцияның графигін салады.
	Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер	1) Көрсеткіштік теңдеулер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу.	1) Көрсеткіштік теңдеуді шешу алгоритмін қолданады; 2) көрсеткіштік теңдеулерді, теңсіздіктерді шешуде негізге байланысты көрсеткіштік функцияның қасиеттерін қолданады;

Көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер			3) көрсеткіштік теңдеулер мен жүйелерді шешу жолдарын атайды; 4) көрсеткіштік теңсіздіктерді шешеді.
	Логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	1) Логарифмдік теңдеулерді, олардың теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу.	1) Логарифмдік теңдеулер мен жүйелерді шешу жолдарын түсіндіреді; 2) логарифмдік теңсіздіктерді шешеді.
Функция шегі және шексіздік	Функция шегі	1) Нүктеде және шексіздікте функцияның шексіздігін анықтау	1) Функцияның шегін нүктеде, шексіздікте есептейді; 2) есептерді шешуде шектердің қасиеттерін қолдана алады.
	Функцияның шексіздігі және сан тізбегі	1) Функция графигінің асимптоталарын салу.	1) Функцияның шексіздік қасиеттерін қолданады; 2) сан тізбегінің шегін есептейді.
Туынды және оның қолданылуы	Туынды	1) Функциялардың туындыларын есептеу; 2) туындының геометриялық және физикалық мағынасын игеру; 3) Күрделі функциялардың туындыларын табу.	1) Анықтама бойынша функцияның туындысын табады; 2) функцияларды дифференциалдау ережелерін қолданады; 3) функция туындысының физикалық және геометриялық мағынасын ашады; 4) қозғалыс жылдамдығы мен үдеуін есептейді; 5) күрделі функцияны анықтайды және құрастырады; 6) күрделі функциялардың туындысын есептеу ережесін қолданады.
	Туындыны қолдану	1) Функцияларды монотондылыққа зерттеу; 1) есептердің математикалық модельдерін жасау; 3) кесіндідегі функцияның ең үлкен	1) Алгоритм бойынша функцияның графигіне қатысты теңдеу құрайды; 2) функцияның өсуі (кемуі) қажетті және жеткілікті шартын интервалда қолданады; 3) туынды көмегімен функцияның қасиеттерін талдайды және оның графигін салады;

		және ең кіші мәнін анықтау.	4) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табады.
Алғашқы образ және интеграл	Алғашқы образ және анықталмаған интеграл.	1) Алғашқы образ және анықталмаған интегралды табу.	1) Алғашқы образ және анықталмаған интеграл ұғымының мазмұнын ашады; 2) анықталмаған интегралдарды табу формулаларын қолданады; 3) есептерді шешуде анықталмаған интегралдар кестесін пайдаланады.
	Анықталған интеграл	1) Анықталған интегралды есептеу; 2) интегралдың физикалық мағынасын түсіндіру.	1) Қисық трапецияның ауданын табу үшін Ньютон-Лейбниц формуласын қолданады; 2) берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есептейді; 3) айналу денесінің көлемін есептейді.
Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы	Ықтималдық	1) Комбинаторлық есептерді ықтимал нұсқаларды жүйелі түрде таңдау және көбейту ережесін қолдану арқылы шешу; 2) ықтималдықтар теориясының негіздерін, ықтималдықтарды қосу және көбейту теоремаларын түсіндіру; 3) ықтималдық әдістерін қолдана отырып, практикалық есептерді түсіндіру.	1) Ньютон Биномын есептеу үшін қолданады (натурал көрсеткішпен); 2) ықтималдық қасиеттерін қолдану арқылы кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығын есептейді; 3) ықтималдықтарды қосу және көбейту ережелерін түсіндіреді.
	Математикалық статистика элементтері	1) Дискретті кездейсоқ шаманың дисперсияның және математикалық күту арасындағы байланысты, орташа квадраттық ауытқуды түсіндіру;	1) Дискретті кездейсоқ шама, дисперсия математикалық нәтижесі және орташа квадраттық (стандартты) ауытқу арасындағы байланысты түсіндіреді; кездейсоқ шамаларды таңдамалы мәліметтер бойынша сипаттайды;

		2) кездейсоқ шамаларды таңдамалы түрде сипаттау.	2) дискретті кездейсоқ шаманы математикалық нәтижесін есептейді; 3) дискретті кездейсоқ шаманың дисперсиясын және орташа квадраттық (стандартты) ауытқуын есептейді.
	Кездейсоқ шамалар	1) Дискретті, үздіксіз кездейсоқ шамалары ұғымдарын түсіндіру; 2) дискретті кездейсоқ шаманы қолдана отырып есептерді шығару.	1) Дискретті және үздіксіз кездейсоқ шамаларды салыстырады ; 2) кейбір дискретті кездейсоқ шамалардың таралу заңының кестесін жасайды.
	Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы	1) Стереометрия аксиомалары және олардың салдарларын түсіндіру; 2) кеңістіктегі түзулердің, жазықтықтардың, түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын бейнелеу.	1) Стереометрия аксиомаларының мазмұнын, олардың салдарларын түсіндіреді; 2) есептерді шешу кезінде кеңістіктегі параллель және қиылысатын түзулердің қасиеттері туралы білімді қолданады; 3) түзулердің параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін түсіндіреді, оларды есептерді шешуде қолданады.
Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы	Кеңістіктегі бұрыштар	1) Кеңістіктегі екі түзу арасындағы бұрыш, түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш ұғымын игеру; 2) үш перпендикуляр туралы теоремасын түсіндіру.	1) Кеңістіктегі перпендикулярдың, көлбеу және көлбеу проекцияның мағынасын ашады; 2) түзу мен жазықтықтың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін, қасиеттерін түсіндіреді; 3) есептерді шешу кезінде жазықтықтардың параллельдік және перпендикулярлық белгілерін қолданады; 4) кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрышты анықтайды; 5) түзу мен жазықтық арасындағы бұрышты,

			жазықтықтар арасындағы бұрышты бейнелейді; 6) есептерді шешуде үш перпендикуляр туралы теореманы қолданады.
Тікбұрышты координаталар жүйесі және кеңістіктегі векторлар	Кеңістіктегі векторлар	1) Вектордың анықтамасын және кеңістіктегі векторлармен амалдарды меңгеру; 2) екі нүкте арасындағы қашықтықты, кесіндінің ортасын есептеуді орындау.	1) Жазықтықта және кеңістікте векторды бейнелейді, оны сипаттайды; 2) вектордың координаталары мен ұзындығын табады; 3) векторларды қосу мен азайтуды, векторды санға көбейтуді орындайды; 4) векторлардың скалярлық көбейтіндісін табады; 5) екі нүкте арасындағы қашықтықты анықтайды; 6) кеңістіктегі сегменттің ортаңғы координаттарын табады.
	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	1) Векторлардың коллинеарлық және компланарлық шарттарын меңгеру; 2) векторды үш компланарлы емес вектор бойынша жіктеу; 3) сфера теңдеуін құрастыру; 4) қолданбалы есептерді шешуде координаталар мен векторларды пайдалану.	1) Кеңістіктегі векторлардың коллинеарлығы мен компланарлығын анықтайды; 2) есептерді шешу кезінде векторлардың коллинеарлығы мен компланарлығы шартын қолданады; 3) сфера теңдеуіне есептерді шешеді.
Көпжақтар және айналу денелері	Көпжақтар	1) Көпжақтар, дұрыс көпжақтар, призма, параллелепипед, куб, пирамида, қиық пирамида ұғымын игеру; 2) көпжақтар элементтерін табу, көпжақтар қималарын құру есептерін шығару	1) Көпжақтар және олардың элементтері туралы түсінік береді; 2) көпжақтар қасиеттерін түрлері бойынша түсіндіреді; 3) көпжақтарды бейнелейді; 4) дұрыс көпжақтардың түрлерін анықтайды; 5) көпжақтар элементтерін табу есептерін шығарады.
		1) Призма мен оның элементтерінің анықтамасын меңгеру;	1) Есептерді шығару кезінде призmanın бүйір және толық бетінің

	Призма және оның элементтері	2) призманың толық бетінің бүйір бетінің аудандарын есептеу	ауданының формулаларын қолданады.
	Пирамида және оның элементтері	1) Пирамида, қиық пирамида және олардың элементтерінің анықтамасын менсгеру; 2) пирамида, қиық пирамиданың бүйір беті мен толық бетінің аудандарын есептеу.	1) Есептерді шешу кезінде пирамиданың және қиық пирамиданың бүйір және толық бетінің ауданы формулаларын қолданады.
Айналу денелері және оның элементтері	Цилиндр және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (цилиндр); 2) цилиндр элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шешу; 3) есептерді шығаруда цилиндрдің қасиеттерін және оның элементтерін пайдалану.	1) Цилиндр және оның элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде цилиндрді таниды; 3) цилиндрді жазықтықта бейнелейді; 4) цилиндрдің жазықтықпен қималарын бейнелейді; 5) цилиндр элементтерін элементтері және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.
	Конус және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін анықтау (конус, қиық конус); 2) конус, қиық конустың элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шығару.	1) Конус, қиық конус және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде конусты, қиық конусты таниды; 3) жазықтықта конусты, қиық конусты бейнелейді; 4) конустың, қиық конустың элементтері және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.
	Сфера, шар және оның элементтері	1) Айналу денесінің түрлерін (сфера, шар және олардың элементтері) анықтау; 2) сфера, шар элементтерін табуға арналған стереометриялық есептерді шығарады.	1) Сфера, шар және олардың элементтерін анықтайды; 2) сызбалар мен модельдерде сфераны, шарды таниды; 3) сфераны, шарды жазықтықта бейнелейді; 4) сфера, шар элементтері және бетінің ауданын табуға есептер шығарады.

Дененің көлемі	Денелер көлемінің жалпы қасиеттері. Көпжақтардың көлемі	1) Призма, пирамида және қиық пирамиданың көлемін анықтауды игеру.	1) Призма, пирамида және қиық пирамиданың көлемін табу формуласын қолданады.
	Айналу денелерінің көлемі	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін анықтауды игеру.	1) Цилиндр, конус, қиық конус, шардың көлемін табу формуласын қолданады; 2) айналу денелерінің көлемін есептеу үшін есептер шығарады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
97-қосымша

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Информатика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Информатика" оқу пәнін оқытудың мақсаты– білім алушылардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кәсіби салада заманауи ақпараттық технологиялар мен бағдарламаларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

3. Оқу пәнін жүзеге асыру келесі міндеттерді қамтиды:

1) білім алушыларда ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі, салада ақпараттық технологияларды қолданудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінік қалыптастыру;

2) білім алушыларға компьютердің негізгі принциптері туралы түсінік беру;

3) білім алушылардың технологиялық ойлауын қалыптастыру, көркемдік-эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін, есте сақтау қабілетін, кеңістіктік қиялын, қиялын, қол моторикасын дамыту, білім алушылардың көз өлшемін жетілдіру.

4) талдау, абстракциялау, модельдеу және бағдарламалау арқылы білім алушыларды әртүрлі есептерді шығаруға үйрету;

5) білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеуіш ойлауын дамыту, оның ішінде жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және ортақ заңдылықтарды бөліп көрсету, тапсырмаларды шешудің тиімді және ұтымды жолдарын табу;

6) білім алушылар арасында ақпараттық мәдениетті – жалпы қабылданған ережелерді сақтауға және жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғамның мүдделері үшін әрекет етуге қалыптастыру;

7) пән аясында білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және терминологиялық сөздік қорын байытуына ықпал ету;

8) білім алушыларды есептеу платформасы негізінде басқарылатын электрондық құрылғыларды әзірлеу, құрастыру, бағдарламалау принциптері және әдістерімен таныстыру;

9) заманауи бағдарламалау ортасында бағдарламалау дағдыларын дамыту;

10) практикалық қолдану арқылы білімді тереңдету, оқуға деген ынтасын арттыру;

11) ғылыми-техникалық әзірлемелерге қызығушылықты дамыту;

12) білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

4. Пәннің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

1) Денсаулық және қауіпсіздік;

2) Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету;

3) Мәліметтерді ұсыну

4) Ақпараттық процестер мен жүйелер

5) Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру

6) қосымшаларды әзірлеу

7) компьютерлік желілер

1) "Денсаулық және қауіпсіздік" келесі тақырыптарды қамтиды: Жұмыс орнының эргономикасы. Компьютерді пайдаланудың кемшіліктері Вирусқа қарсы қауіпсіздік. Интернеттегі қауіпсіздік және желідегі этикет. Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау. Жеке тұлғаны анықтау әдістері.

2) "Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету" келесі тақырыптарды қамтиды: Аппараттық қамтамасыз ету, мобильді құрылғылардың сипаттамасы; Бағдарламалық қамтамасыз ету, виртуалды машиналар; Қоғамдық-гуманитарлық бағытта виртуалды машиналарды пайдалану мүмкіндігі; Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарламалық қамтамасыз ету мысалдары.

3) "Деректерді көрсету" келесі тақырыптарды қамтиды: Сандық жүйелер, сандарды бір санау жүйесінен екіншісіне түрлендіру; Логикалық амалдар, ақиқат кестесі және оны құру; Компьютерлік логиканың элементтері және негіздері

4) "Ақпараттық процестер мен жүйелер" мыналарды қамтиды: Мәліметтер қорының негізгі түсініктері, реляциялық мәліметтер қоры; Мәліметтер қорындағы бастапқы кілт; Мәліметтер қорын әзірлеу, мәліметтер қорын, мәліметтер типтерін, бір кестелі және көп кестелі мәліметтер қорын құру; Формалар, есептеулер; Құрылымдық сұраныстар: конструкторлық режимде таңдаулы сұраныстарды құру, SQL, веб-беттерде мәліметтер қорымен байланыс; Қоғамдық-гуманитарлық бағытта деректер қорын құру және пайдалану мысалдары; ақпараттық технологияларды дамытудағы заманауи процестер, машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілер; жасанды интеллект ауқымы. Жасанды интеллектті Қоғамдық-гуманитарлық бағытта пайдалану мүмкіндіктері; Блокчейн технологиясы (блокчейн); Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи үрдістері, Қазақстанның Қоғамдық-гуманитарлық бағытын цифрландыру; электрондық цифрлық қолтаңба және сертификат; электрондық үкімет порталы, электрондық үкімет порталында Қоғамдық-гуманитарлық салада көрсетілетін қызмет түрлері .

5) "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру" келесі тақырыптарды қамтиды: Бұлтты технологиялардың міндеттері мен классификациясы. Бұлтты технологияларды қолдану салалары. Бұлтты технология қызметтері. Google Drive бұлттық сервисінің қолданбасы. Бейнемен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар. Бейне түсіру. Бейнені өңдеу ережелері. Бейне өңдеу. Виртуалды және толықтырылған шындық, виртуалды шындықтағы адам; 3D - панорамалық және виртуалды тур; IMAGE COMPOSITE EDITOR бағдарламасында 3D панораманы құру; FreeDEXpano бағдарламасында виртуалды тур мен сфералық панораманы құру; Қоғамдық-гуманитарлық бағытта VR және AR технологияларын қолдану, цифрлық сезімдерді модельдеу; 3D панораманы құру және (виртуалды саяхат); Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 3D панорама; дизайн теориясы, біздің өміріміздегі дизайн, "жақсы дизайн" принциптері; веб-беттерге арналған графика; веб-сайт дизайнын әзірлеу; шеберхана; веб-сайт дизайнын әзірлеу; сайттың дизайнын, сайттың негізгі бетін құру; веб-беттегі контент, мультимедиа; саланың Қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған шаблондар мен сайттардың дизайны; веб-сайтты жариялау, веб-сайтты жылжыту.

6) "Қолданбаларды әзірлеу" келесі тақырыптарды қамтиды: Теңшелетін функциялар мен процедуралар; файлдармен жұмыс істеу; сұрыптау әдістері; графиктер және оларды алгоритмдерде қолдану; мобильді қосымшалар; заманауи мобильді қосымшалар. Мобильді интернет пен мобильді қосымшалардың тарихы. Мобильді қосымшалардың түрлері; мобильді қосымшалардың дизайнерлері және мобильді қосымшаларды әзірлеу; мобильді қосымша интерфейсі; жылжымалы қосқыштарды әзірлеу және орнату; Қоғамдық-гуманитарлық бағытта қолданылатын қосымшаларды әзірлеу; смарт үй, смарт үй құрылғыларын басқару бағдарламаларын әзірлеу; IT іске қосу. Қоғамдық-гуманитарлық сала үшін стартапты қалай іске қосу керек; платформа краудфандинг (краудфандинг); жобаны жылжыту және маркетинг.

7) "Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік" келесі тақырыптарды қамтиды: Компьютерлік желілерді ұйымдастыру; желі құрамдастары, IP мекенжайы, DNS, жеке виртуалды желілер; ақпараттық қауіпсіздік, желіде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары

5. Оқу жоспарларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, нысандарын, ұйымдастыру әдістерін және оқу процесін бақылау түрлерін таңдауға;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге сүйене отырып, пәннің бөлімдері мен тақырыптарының ретін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі оқыту бағыттары мен біліктілігіне байланысты 48 - 72 сағат (2-3 кредит) аралығында.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлімдер, бөлімшілердің мен тақырыптардың атауы	Барлығы	Сағат саны	
			Дәрістер	
			Теориялық	Практикалық
1-бөлім Денсаулық және қауіпсіздік				
1.1 Эргономика және қауіпсіздік		+	+	+
1	Тақырып 1.1.1. Жұмыс орнының эргономикасы. Компьютерді пайдаланудың жағымсыз жақтары			
2	Тақырып 1.1.2. Вирусқа қарсы қауіпсіздік. Интернеттегі қауіпсіздік және желідегі этикет			
3	Тақырып 1.1.3. Ақпараттық қауіпсіздік.			
4	Тақырып 1.1.4. Ақпаратты және			

	зияткерлік меншікті қорғау.			
5	Тақырып 1.1.5. Жеке тұлғаны анықтау әдістері			
2-бөлім Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету				
2.1 Аппараттық құрал		+	+	+
6	Тақырып 2.1.1. Аппараттық құрал. Мобильді құрылғылардың сипаттамасы.			
2.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету				
7	Тақырып 2.1.2. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Виртуалды машиналар			
8	Тақырып 2.1.3. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта виртуалды машиналарды қолдану мүмкіндіктері			
9	Тақырып 2.1.4. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарламалық қамтамасыз ету мысалдары			
3-бөлім. Мәліметтерді ұсыну				
3.1 Санау жүйелері		+	+	+
10	Тақырып 3.1.1. Сандық жүйелер. Сандарды бір санау жүйесінен екінші санау жүйесіне ауыстыру			
3.2 Логика		+	+	+
11	Тақырып 3.1.2. логикалық операциялар. Ақиқат кестесі және оны құру			
12	Тақырып 3.1.3. Компьютерлік			

	логиканың элементтері және негіздері			
4-бөлім. Ақпараттық процестер мен жүйелер				
4.1. Мәліметтер базасы		+	+	+
13	Тақырып 4.1.1. үлкен деректер. Мәліметтер қорының негізгі түсініктері. Реляциялық мәліметтер базасы.			
14	Тақырып 4.1.2. Мәліметтер қорындағы негізгі кілт			
15	Тақырып 4.1.3. Мәліметтер базасын әзірлеу. Мәліметтер қорын, мәліметтер типтерін, бір кестелі және көп кестелі мәліметтер қорын құру.			
16	Тақырып 4.1.4. Пішіндер. Есептер.	+	+	+
17	Тақырып 4.1.5. Сұраулар. Құрылымдық сұраныстар: конструкторлық режимде таңдаулы сұраныстарды құру, SQL, веб-беттерде дерекқорға қосылу			
18	Тақырып 4.1.6. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта деректер қорын құру және пайдалану мысалдары			
4.2 Ақпараттық процестер		+	+	+
19	Тақырып 4.2.1. Ақпараттық технологияның дамуындағы қазіргі заманғы процестер.			

	Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілер.			
20	Тақырып 4.2.2. Жасанды интеллект саласы. Жасанды интеллектті Қоғамдық-гуманитарлық бағытта қолдану мүмкіндіктері			
21	Тақырып 4.2.3. Блокчейн технологиясы (блокчейн)			
4.3. Қазақстандағы цифрландыру		+	+	+
22	Тақырып 4.3.1. Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи тенденциялары. Қазақстанның Қоғамдық-гуманитарлық секторын цифрландыру			
23	Тақырып 4.3.2. Электрондық цифрлық қолтаңба және сертификат			
24	Тақырып 4.3.3. электрондық үкімет порталы. Электрондық үкімет порталында Қоғамдық-гуманитарлық бағытта көрсетілетін қызмет түрлері			
Бөлім 5. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру				
5.1. Бұлтты технологиялар.		+	+	+
25	Тақырып 5.1.1. Бұлтты технологиялардың міндеттері және классификациясы.			
26	Тақырып 5.1.2. Бұлтты технологияларды қолдану салалары			

27	Тақырып 5.1.3. Бұлтты технология қызметтері			
28	Тақырып 5.1.4. Google Drive бұлттық сервисінің қолданбасы			
5.2. Бейне контентті құру				
29	Тақырып 5.2.1. Бейне бағдарламалық қамтамасыз ету			
30	Тақырып 5.2.2. Бейне түсіру			
31	Тақырып 5.2.3. Бейнені өңдеу ережелері.			
32	Тақырып 5.2.4. Бейне өңдеу			
33	Тақырып 5.2.5. Шеберхана. Жобаны әзірлеу және қорғау			
5.3. 3D модельдеу				
34	Тақырып 5.3.1. Виртуалды және толықтырылған шындық. Виртуалды шындықтағы адам.			
35	Тақырып 5.3.2. 3D - панорамалық және виртуалды тур.			
36	Тақырып 5.3.3. I M A G E C O M P O S I T E E D I T O R бағдарламасында 3D панораманы құру.			
37	Тақырып 5.3.4. FreeDEXpano бағдарламасында виртуалды тур мен сфералық панораманы құру.			
	Тақырып 5.3.5. VR және AR технологияларын қоғамдық-гуманита			

38	рлық бағытта қолдану . Сандық сезімдерді модельдеу			
39	Тақырып 5.3.6. 3D панорама жасау және (виртуалды саяхат)			
40	Тақырып 5.3.7. Қоғамдық-гуманитарлық саладағы 3D панорама			
5.4. веб-дизайн		+	+	+
41	Тақырып 5.4.1. дизайн теориясы. Біздің өміріміздегі дизайн. "Жақсы дизайн" принциптері.			
42	Тақырып 5.4.2. Веб-беттерге арналған графика.			
43	Тақырып 5.4.3. Веб-сайт дизайнын әзірлеу			
44	Тақырып 5.4.4. Шеберхана. Веб-сайт дизайнын әзірлеу.			
45	Тақырып 5.4.5. Веб-сайт дизайнын құру. сайттың басты беті			
46	Тақырып 5.4.6. Мазмұны. Веб-беттегі медиа			
47	Тақырып 5.4.7. Қоғамдық-гуманитарлық салаға арналған шаблондар мен веб-сайт дизайны			
48	Тақырып 5.4.8. Сайтты жариялау. Веб-сайтты жылжыту			
6-бөлім. Қолданбаларды әзірлеу				
6.1. Алгоритмдеу және бағдарламалау		+	+	+
	6.1.1-тақырып. Теңшелетін			

49	функциялар мен процедуралар			
50	Тақырып 6.1.2. Файлдармен жұмыс			
51	6.1.3-тақырып. Сұрыптау әдістері			
52	6.1.4-тақырып. Графиктер және олардың алгоритмдерде қолданылуы			
6.2. Мобильді қолданбалар				
53	6.2.1-тақырып. Мобильді қолданбалар	+	+	+
54	Тақырып 6.2.2. Қазіргі заманғы мобильді қосымшалар. Мобильді интернет пен мобильді қосымшалардың тарихы. Мобильді қосымшалардың түрлері.			
55	Тақырып 6.2.3. Мобильді қолданбаларды құрастырушылар және мобильді қосымшаларды әзірлеу.			
56	Тақырып 6.2.4. Мобильді қолданба интерфейсі			
57	Тақырып 6.2.5. Мобильді қосқыштарды әзірлеу және орнату			
58	Тақырып 6.2.6. Қоғамдық-гуманитарлық бағытта қолданылатын қосымшаларды әзірлеу			
59	Тақырып 6.2.7. Ақылды үй, смарт үй құрылғыларын басқару бағдарламаларын әзірлеу.			

6.3. IT іске қосу		+	+	+
60	6.3.1-тақырып. IT іске қосу. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы стартапты қалай іске қосуға болады			
61	Тақырып 6.3.2. Краудфандинг платформаларының жұмыс істеу принциптері . (краудфандинг)			
62	Тақырып 6.3.3. Жобаны жылжыту және маркетинг	+	+	+
Бөлім 7. Компьютерлік желілер.				
7.1 Желі құрамдастары және ақпараттық қауіпсіздік		+	+	+
63	7.1.1-тақырып. Компьютерлік желілерді ұйымдастыру.			
64	Тақырып 7.1.2. Желі компоненттері, IP мекенжайы, DNS, жеке виртуалды желілер			
65	Тақырып 7.1.3. Ақпараттық қауіпсіздік. Желілік қауіпсіздік шаралары			

3-тарау. Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Social change and further study	1)Тақырып бойынша пікірді ауызша және жазбаша түрде білдіру.	1) өткен тақырып бойынша грамматикалық және лексикалық материалды меңгерген; 2) барлық тілдік дағдыларды дұрыс қолданады. Тақырып бойынша гипотеза жасау үшін кұрдастарымен талқылайды.
Future Career Perspectives	Subunit. Thoughts around us	1) Проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру ; 2) тақырып, мәселе бойынша өзіндік пікір айту.	1) Мәтін бойынша демонстрациялық сөйлем кұрастырады; 2) тақырыпқа және көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді; 3)тақырыпты талқылау үшін тиісті белсенді сөздік пен синтаксисті пайдаланады.
	Opinions about future career. Discussion	1)Тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелерді бағалайды; 2) жалпы және оқу бағдарламаларының кең ауқымы бойынша қолдау көрсетілмейтін кеңейтілген сұхбаттардағы нақты ақпаратты және маңызды сәттерді, соның ішінде таныс емес тақырыптардың шектеулі ауқымындағы әңгімелерді бөлектеу.	1) Шығармашылық есептерді шешу және топта бірлесіп жұмыс істеу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдаланады; 2) тақырып бойынша сөйлесу үшін сәйкес тақырып лексикасы мен синтаксисін өзгертеді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
105 - қосымша

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Қазақстан тарихы" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

3. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен ролі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

4. Оқу бағдарламасы тарихи ойлаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: тарихи дереккөздерді түсіндіру, уақыт пен кеңістіктегі бағдар, тарихи талдау және түсіндіру дағдылары.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру: 1) өзгеріс пен сабақтастық; 2) себеп пен салдар; 3) дәлел; 4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық; 6) интерпретация

Пәннің мазмұны 8 бөлімнен тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі;

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. "Антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. "Ауызша тарихнама", "шежіре", "ру", "тайпа", "ата-жұрт", "атамекен", "ел" ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. "Ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. "Мемлекет", "билік", "саяси ұйым" ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы

түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. "Автономдық кеңес республикасы", "Кеңес одағы республикасы", "унитарлы мемлекет" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары;

4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. "Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. "Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі;

5) өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. "Тіршілікті қамтамасыз ету

жүйесі", "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдары. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы;

6) саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. "Аграрлық саясат", "көші-қон саясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. "Депортация", "арнайы қоныс аударылғандар", "полиэтникалық қоғам", "ұлттық саясат", "интернационализм" ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. "Көші-қон", "эмиграция", "иммиграция", "репатриант", "диаспора", "ирридента" ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. "Зар заман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. "Алаш" – қоғамдық ой және ұлттық идея. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары ("Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. "Мәңгілік Ел" идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты;

8) білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен

ғылымның дамуы. XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. XIX ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. XIX ғасырда -XX ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының "Болашақ" халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 96-120 сағатты (4-5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлім, бөлімше және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабактар	
			Теориялық	Практикалық
1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері				
	1.1.Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	+	+	+

1	1.1 тақырып. Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері.			
2	1 . 2 тақырып.Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы.			
3	1.3 тақырып. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары.			
1.2."Ұлы Дала" өркениеті.		+	+	+
4	1.4 тақырып "Ұлы Дала" ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы			
5	1.5 тақырып. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)			
6	1.6 тақырып. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті.			
1.3.Орталық Азия және әлемдік өркениет.				
7	1.7 тақырып. Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі			
Зерттеу жұмысы. Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала				
2- бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер				
2.1. Қазақ халқының шығу тегі.		+	+	+
8	2.1 тақырып. Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер.			
2.2. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы		+	+	+

9	2.2 тақырып. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары.			
10	2.3 тақырып. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.			
Зерттеу жұмысы. Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы				
3-бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан				
3.1. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер		+	+	+
11	3.1 тақырып. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы			
3.2. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары		+	+	+
12	3.2 тақырып. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері			
13	3.3 тақырып. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері			
3.3. Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет		+	+	+
14	3.4 тақырып. Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі			
15	3.5 тақырып. Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары			
3.4. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы		+	+	+
	3.6 тақырып. Мемлекеттік			

16	егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі.			
17	3.7 тақырып. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.			
18	3.8 тақырып. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы.			
Зерттеу жұмысы. Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы				
4-бөлім. Мәдениеттің дамуы				
4.1. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы.				
19	4.1 тақырып. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері			
20	4.2 тақырып. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы.			
21	4.3 тақырып. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының қалыптастырудағы орны			
22	4.4 тақырып. Тарихи және мәдени ескерткіштер			
23	4.5 тақырып. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы			
4.2. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті				
24	4.6 тақырып. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар.			

4.3. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет		+	+	+
25	4.7 тақырып. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы.			
Зерттеу жұмысы. Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды				
5- бөлім. Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері				
5.1. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі.		+	+	+
26	5.1 тақырып. Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы.			
27	5.2 тақырып. Қолөнер мен кәсіптер.			
5.2. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері				
28	5.3 тақырып. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.			
29	5.4 тақырып. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері.			
30	5.5 тақырып. X ғ.- XII ғ. қала мәдениетінің дамуы			
31	5.6. XVIII –XIX ғғ. Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы			
32	5.7 тақырып. XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреуі			
33	5.8 тақырып. XX ғасырдағы			

	Қазақстан экономикасының дамуы			
34	5.9 тақырып. Қазақстан Республикасының экономикалық даму бағыты			
Зерттеу жұмысы. Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері				
6-бөлім. Саяси-құқықтық процестер.				
6.1. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы		+	+	+
35	6.1 тақырып. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы).			
36	6.2 тақырып. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.			
6.2 Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты				
37	6.3 тақырып. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты			
38	6.4 тақырып. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі.			
39	6.5 тақырып. Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі.			
Зерттеу жұмысы. Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры				
7 бөлім. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы.				

7.1. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы		+	+	+
40	7.1 тақырып. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы.			
41	7.2 тақырып. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.			
42	7.3 тақырып. "Зарзаман" ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары			
43	7.4 тақырып. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары.			
7.2. "Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея.		+	+	+
44	7.5 тақырып. "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері			
45	7.6 тақырып. "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары.			
7.3. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз				
46	7.7 тақырып. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі.			
47	7.8 тақырып. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары.			
Зерттеу жұмысы. Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі				
8-бөлім. Білім мен ғылымның дамуы				
8.1. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы		+	+	+

48	8.1 тақырып. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы			
8.2. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы				
49	8.2 тақырып. XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер.			
50	8.3 тақырып. XIX - XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі			
51	8.4 тақырып. XX ғасырдың басындағы оқу орындары мен зайырлы мектептер			
52	8.5 тақырып. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары			
53	8.6 тақырып. Кеңестік кезеңде Қазақстанның орта білім беру, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін дамыту			
54	8.7 тақырып. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы			
8.3. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі				
55	8.8 тақырып. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі өзгерістер			
56	8.9 тақырып. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы			

дамуының мәселелері мен болашағы			
Зерттеу жұмысы. Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
1.Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	1)"Орталық Азия" ұғымын аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану;	1) "Орталық Азия" ұғымының тарихи және географиялық ерекшеліктерін талдайды; 2)Әлемдік өркениеттегі Орталық Азия өркениетінің рөлін талдайды
		2) Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлері негізінде қорытынды жасау;	1) Орта Азияның әлемдік өркениетке қосқан рөлін анықтайды; 2)Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлерін талдайды.
		3)Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау;	1) Орта Азияның ежелгі өркениетінің ерекшеліктерін анықтайды; 2) Орталық Азия өркениетінің ежелгі ошақтарының қалыптасуы мен дамуын талдайды.
	"Ұлы Дала" өркениеті.	4)Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	1)"Ұлы Дала" тарихи-географиялық аймағын анықтайды; 2) тарихи дереккөздерді талдау негізінде "Ұлы Даланың тарихи-мәдени құрамдас бөліктерін айқындайды; 3) Ұлы Даланың ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы мен өзара ықпалын белгілейді.
		5)Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау	1) Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтайды (энеолит, қола дәуірі); 2) Ұлы дала ежелгі мәдениеттерінің

			сабақтастығын және өзара байланысын талдайды.
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	6)Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін анықтау;	1)Отырықшы-егіншілік және көшпелі өркениет арасындағы сауда-экономикалық байланысты сипаттайды; 2)Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесін саралайды.
2.Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	1)Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау	1)Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдаланады; 2)Қазақстан аумағындағы ежелгі және ортағасырлық тарихи оқиғалар арқылы этногенездің кезеңдерін сипаттайды; 3)этникалық процестердің сабақтастығын анықтайды
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	2)Тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;	1)Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттарын атайды; 3)Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымына баға береді.
		3) Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін ашып көрсету.	1)Қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін "ақсүйек", "қарасүйек", "хан", "сұлтан", "би", "батыр" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақтардың ру-тайпалық

			ұйымдасуының біріктіруші рөлін анықтайды.
3.Мемлекет соғыс және революциялар тарихынан	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	1)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;	1)Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттерді анықтайды; 2)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтайды; 3)Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы туралы дереккөздері мәліметтерін саралайды.
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	2)Деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	1)1)Түркі империясының саяси-экономикалық даму ерекшелігін түсіндіреді.
		3)XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	1)XIII-XV ғ.ғ. мемлекеттердің Еуразиядағы басты тарихи оқиғалардағы белсенділігін сипаттайды; 2)Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлы жүйесінің ерекшелігін талдайды
	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	4)Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	1) Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы фактілерін анықтайды және талдайды; 2)тарихи деректер негізінде Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдайды; 3)мемлекетті құру мен күшейтудегі қазақ хандарының рөлін бағалайды

	<p>5)Мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу</p>	<p>1)Қазақ хандығының саяси институттары мен ерте көшпелі мемлекеттерін салыстырмалы талдау негізінде көшпелі өркениеттердің мемлекеттік құрылымы нысандарының сабақтастығын дәлелдейді</p>
<p>Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы</p>	<p>6)Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресін зерттеу</p>	<p>1)Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтайды; 2) Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің кезеңдерін сипаттайды; 3)XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойдың қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дамытуға әсерін айқындайды; 4) мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін күресте қазақ зиялыларының рөлін бағалайды.</p>
	<p>7)Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі кезеңіндегі қоғамдық-саяси дамуындағы жетістіктері мен карама-қайшылықтарын талдау</p>	<p>1)"Автономдық кеңес республикасы", "кеңес одағы республикасы", " унитарлы мемлекет" ұғымдарын пайдалану арқылы Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін талдау; 2)Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктерін сипаттайды; 3)Қазақстанның кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси дамуындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.</p>
		<p>1)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың</p>

		8)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	мазмұнын саралай келе қазіргі кезеңдегі қол жеткізген табыстар мен салыстырады; 2) Қазақстанның болашақтағы дамуына байланысты болжамдар жасайды.
4.Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	1)Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы колөнердегі жеткен жетістіктерін талдау	1)"Мәдениет", "дала өркениеті", "материалдық мәдениет", "рухани мәдениет", "қолданбалы өнер", "мәдени мұра" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттайды; 2)Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін сақтауда материалдық мәдениет пен қолданбалы өнердің орнын айқындайды; 3)Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдайды.
		2)Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы Ұлы Дала өркениетінің жалғасы екендігін дәлелдеу	1)"Әдет-ғұрып" "рәсім", "салт-дәстүр", "діл (менталитет)" ұғымдарын пайдалану арқылы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтайды.
		3)қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтарын сипаттау	1) қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтарын, салт дәстүрін зертеу
		4) дала өркениетінің тарихы мен мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін сипаттау	1) Дала өркениетінің тарихы мен мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін зерттейді; 2) типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдениет ескерткіштерін жіктейді..
		5)Қазақ әдебиеті мен музыкалық мұрасының маңызды жетістіктерін	1) Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтайды;

	халықтың рухани адамгершілік құндылықтары тұрғысынан сипаттау	2)Фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін айқындайды.
Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	6)Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	1) Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтайды; 2) Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктерді сипаттайды ; 3) Кеңестік дәуірдегі мәдениет саласындағы қайшылықтардың себебін анықтайды.
Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	7)Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы сипаттау	1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттайды; 2) Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіреді.
	1)Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы ерекшеліктерін айқындау	1) Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді; 2) Көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі" , "қоныстану жүйесі", "экожүйе" ұғымдарын пайдалана отырып талдайды.
	2)Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын	1) Қазақ қолөнері мен кәсібінің дамуын этнографиялық материалдар негізінде талдайды;

5. Өркениет:
экономикалық дамудың
ерекшеліктері

Қазақтардың тіршілікті
камтамасыз етудің
дәстүрлі жүйесі
Дала мен қала: өзара
қарым-қатынас және
өзара әсері

этнографиялық материалдар негізінде сипаттау	2) Қазіргі қазақ қолөнерінің даму бағыттарын сипаттайды.
3)Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуына Ұлы Жібек жолының тигізген ролін талдау	1)Картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттейді; 2)Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне баға береді;
4)Отырықшы және көшпелі өркениет арасындағы өзара байланыстарды сипаттау	1)Сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттайды; 2)Дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін талдайды; 3) Ұлы Жібек жолының құлдырау себептерін талдайды.
4)Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысын сипаттау	1)Сауда-экономикалық қатынастар жүйесіндегі отырықшы және көшпелі халықтың мәдениетінің өзара әсерін сипаттайды; 2) Отырықшы және көшпелі халықтың өзара мәдени байланысын талдайды;
5)X-XII ғасырлардағы Ұлы Жібек жолындағы қалалық мәдениеттің даму ерекшеліктерін талдау;	1) картаны пайдалана отырып, Ұлы Жібек жолындағы қалалардың орналасуын айқындайды; 2) ортағасырлық қалалық мәдениеттің ерекшеліктерін талдайды.
6)XVIII –XIX ғғ. Қазақстандағы әлеуметтік – экономикалық дамуын сипаттайтын факторларды талдау	1) Ресейдің отаршылдық саясаты кезеңіндегі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдайды; 2) капиталистік қатынастардың дамуын сипаттайды.
	1)Дәстүрлі мал шаруашылығының

		7)XX ғасырдың басындағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйреу себебін анықтау	бұзылуына Ресейдің отарлау саясатының тигізген әсерін талдайды; 2)Кенес өкіметінің жүргізген экономикалық реформаларының казак ұлтының жойылып кету қаупіне тигізген әсерін зерттейді.
Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы		8)XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы бағыттарын айқындайтын факторларды талдау	1)"Экономикалық жүйе", "дәстүрлі (аграрлы) экономика", "жоспарлы (социалистік) экономика" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасау; 2)XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының даму бағыттарындағы басымдылықтар мен қайшылықтарды талдайды.
		9)Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау	1)Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдайды, олардың қазіргі кездегі ерекшеліктерін анықтайды; 2)Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын талдайды; 3)Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағына болжау жасайды.
		1)Қазақстанның этникалық құрамының	1) "Аграрлық саясат", "көші-қонсаясаты", "моноэтностық құрам" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісіне талдау жасайды;

6.Саяси-құқық
тық процестер

<p>Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы</p>	<p>өзгеру кезеңдерін зерттеу ;</p>	<p>2)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін анықтайды; 3)Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеруінің себептерін талдайды.</p>
	<p>2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін сипаттау</p>	<p>1) "Депортация", "арнайы қоныс аударушылар", " ұлттық саясат", " интернационализм", " толеранттылық" ұғымдарын пайдалана отырып, Қазақстанның полиэтникалық қоғамын қалыптастыру процесін түсіндіреді; 2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының мәдени өзара ықпалының ерекшеліктерін айқындайды..</p>
<p>Қазақстан Республикасы ның этносаралық қатынастар саласындағы саясаты</p>	<p>3)Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты талдау</p>	<p>1)Көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін "көші-қон", " эмиграция", "иммиграция" ", "репатриант", " диаспора", "ирридента" ұғымдарын пайдаланады; 2) Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын талдайды;</p>
	<p>4)Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін талдау</p>	<p>1) Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісіне баға береді.</p>
	<p>5)Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айқындау</p>	<p>1)Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін анықтайды.</p>

7.Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	1)Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын талдау	1) Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды; 2) Қазақ хандығының құқықтық ережелерінің маңыздылығын бағалайды; 3)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
		2) тарихи қайраткерлердің Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының дамуына қосқан үлесін бағалау;	1) Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы "Зар-заман" өкілдері идеяларының маңыздылығын зерттейді; 2)XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдайды; 3)Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына XIX ғасырдағы тарихи қайраткерлердің қосқан үлесіне баға береді.
	"Алаш" –қоғамдық ой және ұлттық идея	3)"Алаш" ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау	1) "Алаш" ұлттық идеясының біріктіруші рөлін айқындайды; 2) А. Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретіндегі қызметін зерттейді; 3) ұлттық зиялы қауым мен"Алаш" автономиясының тарихи рөліне баға береді.
	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы - XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	4)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтау 10)Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарын талдау	1)"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізін анықтайды; 2)"Мәңгілік Ел – патриоттық актісін" және "Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын"

			зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіреді.
8.Білім мен ғылымның дамуы	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	1)Ғылымның дамуына Қазақстандағы ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу	1) Ортағасырлық ойшылдардың Қазақстанның ғылыми білімін дамытуға қосқан үлесін бағалайды; 2) XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды; 3)Қазақстанның зерттеуші ғалымдарының еңбектерінің құндылығын анықтайды
	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	2)XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау	1) XIX - XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы білім беру мекемелерінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіреді; 2) білім беру мекемелерін олардың қызметінің ерекшелігін сипаттайды.
		3) XX ғасырдың басында зайырлы білім беру мен қазақ зиялыларының қалыптасу тарихын талдау;	1) Дала өлкесінің ауылдық мектептерінде білім беруді сипаттайды; 2) қазақ зиялыларының қалыптасуының ұлттың оянуына әсерін талдайды.
		4) кеңестік білім беру жүйесінің реформаларын және Қазақстандағы ғылымның дамуын талдау;	1)Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің және ғылымның даму кезеңдерін сипаттайды; 2) Қаз КСР Ғылым Академиясының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға береді; 2)Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалайды.
		5) Қазақстандағы орта, кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы	1) Қазақстандағы кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы

		кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтарын талдау;	жетістіктер мен қайшылықтарды талдайды.
	Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	б) Әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың проблемалары мен перспективаларын талдау	1)Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерделеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың алғышарттары мен маңызын айқындайды; 2)Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялаудың негізгі бағыттарын сипаттайды

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
106 - қосымша

Қоғамдық- гуманитарлық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық- гуманитарлық бағыттың "Дене шынықтыру" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Дене шынықтыру" пәнін оқытудың мақсаты - жеке тұлғаның рухани және дене күштерін үйлестіру, денсаулық, дене мәдениеті, еңбек өнімділігін арттыру, дене шынықтыру, салауаттылық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) тұлғаның, оның қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кәсіби қызметінде салауатты және нәтижелі өмір салтында, өзінің білімін іске асыру үшін қабілеттері мен дайындығын дамыту;

2) тұлғаның гуманитарлық-тұлғалық дамуына, тәндік- рухани дамудың бірлігіне бейімдеуді қамтамасыз ету, физикалық және психикалық салауаттылықтың алғышарттарын жасау;

3) төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдыларын дамыту;

4) патриотизм, құрмет, жауапкершілік және өзара түсіністік сезімін тәрбиелеу;

5) білім алушыларды өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру және одан әрі алған дағдыларын қолдану;

6) жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру туралы идеяны қалыптастыру;

7) дене шынықтырумен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдануға қажеттілік пен дағдыға тәрбиелеу;

8) жарыс қызметін ұйымдастыру арқылы оқу процесінде практикалық дағдылар мен теориялық білімдермен алмасу және салауатты бәсекелестікті дамыту;

9) теорияны зерделеу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану (ойын спорты ережелері, тактиканы үйрену, тестілеу және т. б.);

10) болжанатын (болашақ) кәсіпті таңдау кезінде жеке кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығына бағдарлану.

Дене шынықтыру пәнің өткізу барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", "Ағылшын тілі": дене шынықтыру саласындағы терминдермен сөздік қорын толықтыру;

2) "Физика": "механикалық жұмыс", "ауаға төзімділік", "дене салмағы", "біркелкі емес және біркелкі сырғанау", "қуат" ұғымдары туралы алынған білімді пайдалану;

3) "Алгебра және талдаудың басталуы", "геометрия": ұзындықты, биіктікті, жылдамдықты, қашықтықты, уақытты өлшеу, ұзындық пен биіктікке секіру кезінде жүгіруді есептеу;

4) "Биология": темекі шегу мен алкогольдің ағзаға, зат алмасуға теріс әсері туралы материалды пайдалану;

5) "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы": олимпиадалық қозғалыс тарихы; қазақтың ұлттық спорт түрлерінің пайда болу тарихы;

6) "География": жер бедерін білу, түрлі белгілер бойынша, карта бойынша жер бедерін бағдарлай білу;

7) "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық": саптық жаттығуларды пайдалану; кедергілер жолақтарынан өту; өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен

дағдыларына үйрету, оларды күрделілігі әртүрлі жағдайларда қолдану; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

4. Оқу пәнінің мазмұны 11 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

3-бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол.

6-бөлім. Спорттық ойындар. Үстел теннисі.

7-бөлім. Гимнастика.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру.

10-бөлім. Жүзу.

11-бөлім. Туризм.

Пәннің негізгі мазмұны:

1-бөлім. "Дене шынықтыру" сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданду кезінде өзін-өзі бақылау. Қазақстанда дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы. Жеке гигиена. Шыңдау. Тамақтану және тамақтану режимі. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Қазіргі қоғамдағы дене шынықтыру және спорт. Салауатты өмір салты және оның компоненттері. Жеке гигиена. Дене шынықтыру және спорт тарихы. Олимпиада қозғалысы. Шет елдердегі дене шынықтыру: тарихи және заманауи көзқарас. Кеңес дәуіріндегі және Егеменді Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт.

2-бөлім. Жеңіл атлетика.

Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Төменгі мәре. Орта қашықтыққа жүгіру. Жоғары бастама. Ұзақ қашықтыққа жүгіру. Аяқтау техникасы. Орнынан ұзындыққа секіру техникасы. Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы. Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.

3-бөлім. Спорттық ойындар. Футбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың алаң бойымен қозғалысы. Допқа иелік ету техникасының негізгі элементтерін дамыту. Допқа иелік ету. Шабуылдағы және қорғаныстағы ойыншылардың жеке әрекеттері. Ойыншылардың командалық әрекеттері. Футболдағы ойыншылардың тактикалық әрекеттерінің негіздері. Екі жақты ойын. Футбол ойынына төрешілік ету.

4-бөлім. Спорттық ойындар. Волейбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойынның негізгі ережелері. Ойыншылардың қозғалысы. Волейбол алаңы. Допты жоғарыдан беру. Допты төменнен беру. Допты беру.

Жоғарыдан допты қабылдау. Шабуыл әрекеттері. Қорғаныс ойыны. Допты екі қолмен жоғарыдан қабылдау және беру дағдыларын жетілдіру. Оқыту ойыны волейбол. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Екі жақты ойын. Волейбол ойынына төрешілік ету.

5-бөлім. Спорттық ойындар. Баскетбол. Стритбол.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойыншылардың алаңдағы қозғалысы. Шабуыл техникасы. Қорғаныс техникасы. Қозғалыста допты беру. Допты ұстап алу және соғу. Еркін лақтыру. Баскетбол ойынына төрешілік ету.

6-бөлім. Үстел теннисі.

Қауіпсіздік ережесі. Ойын ережесі. Ойын кезіндегі тұрыс пен қозғалыс. Беру және алу. Ойынның Тактикалық әрекеттері.

7-бөлім. Гимнастика.

Қауіпсіздік техникасы. Жаттығуларды орындаудағы сақтандырудың рөлі. Гимнастика түрлері. Саптық жаттығулардың элементтері. Жалпы дамыту жаттығулары. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы). Сауықтыру гимнастикасының элементтері жұмыс күні режимінде қолданылатын арнайы гимнастикалық жаттығулар кешені болып табылады. Гигиеналық гимнастиканы оқыту (таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру паузасы). Спорттық құралдарды (гимнастикалық таяқ, құрсау, фитбол) қолдана отырып ОРУ. Сауықтыру гимнастикасының элементтері. Акробатикалық жаттығулар. Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар. Ритмикалық гимнастиканың элементтері. Түрлері фитнес - тренинг бағыттары (йога, созылу, пилатес, табата және тағы басқалар). Спорттық гимнастиканың элементтері. Тепе-теңдік және вестибулярлық тұрақтылық жаттығулары.

8-бөлім. Ұлттық спорт түрлері. Асық ату. Бестас. Тоғызқұмалақ. Қазақша-күрес. Ұлттық ойындардың түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Ойын ережелері. Ойын техникасы . Ойынның тактикалық әрекеттері.

9-бөлім. Қысқы спорт түрлері. Шаңғы спорты. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Қозғалыс түрлері. Бұрылу түрлері. Көтерілу түрлері. Жартылай конькимен сырғанау. Қолмен итерусіз конькимен сырғанау. Ауыспалы конькимен сырғанау. Бір мезгілде бір сатылы конькимен сырғанау. Тиісті іс-шараларға арналған жылыту және қалпына келтіру әдістері. Қашықтықты өту тактикасының негіздері. Конькимен жүгіру. Қауіпсіздік техникасы. Сырғанаудың негізгі әдістері. Бұрылыстар. Тежеу. Артқа сырғанау. Сырғанау.

10-бөлім. Жүзу. Қауіпсіздік техникасы. Құрлықтағы жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар. Құрғақ жүзу. Жүзу техникасын қою. Денені айналдыру және тыныс алу. Сырғанау және тепе-теңдік. Жүзу стильдері. Артпен жүзу. Жүзу. Брасс. Жүзу. Соңғы жүзу 50 м. еркін стильде.

11-бөлім. Туризм.

Туризм ережелері. Түйіндер. Өткелдер. Жарақат кезіндегі алғашқы көмек. Шатыр орнату. Карталар. Компас. Өрт түрлері.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту;

5) Жұмыс жаттығуларының бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, қысқы спорт түрлерін рекреациялық жүгірумен және басқа аэробтық жаттығулармен ауыстыру ұсынылады;

6) Жүзумен айналысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүзу бағдарламасын іске асыруға бөлінген уақыт педагогикалық кеңестің шешімімен спорттық ойындар, гимнастика бойынша дағдыларды одан әрі жетілдіруге пайдаланылады.

6. Оқу жүктемесінің көлемі 120 сағатты (5 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлімдердің, бөлімшелердің және тақырыптардың атауы	Сағат саны		
	Барлығы	Сабактар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Дене шынықтыру туралы білім.			
1. 1. Дене шынықтыру туралы.	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Сабактардағы қауіпсіздік техникасы дене шынықтыру. Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде өзін-өзі бақылау.			
Тақырып 1.1.2. Жеке гигиена. Шыңдау. Тамақтану және тамақтану режимі.			

Тақырып 1.1.3. Жаман әдеттер. Олардың адам денсаулығына әсері. Салауатты өмір салты және оның компоненттері.			
1.2 дене шынықтыру мен спорттың даму тарихы			
Тақырып 1.2.1. Олимпиада ойындары және Олимпиада қозғалысы			
Тақырып 1.2.2. Шет елдердегі дене шынықтыру: тарихи және заманауи көзқарас.			
Тақырып 1.2.3. Кеңес дәуіріндегі және Егеменді Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт.			
2 бөлім. Жеңіл атлетика.			
2.1. Жеңіл атлетика жаттығулары.	+	+	+
Тақырып 2.1 Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.2 Төменгі старт.			
Тақырып 2.3 Орта қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.4 Жоғары старт.			
Тақырып 2.5 Ұзақ қашықтыққа жүгіру.			
Тақырып 2.6 Мәреге жету техникасы.			
Тақырып 2.7 Ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.8 Жүгіруден ұзындыққа секіру техникасы.			
Тақырып 2.9 Граната лақтыру.			
Тақырып 2.10 Эстафеталық жүгіру. Эстафеталық таяқшаны беру техникасы.			

катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революциясы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы "ұлттар көктемі"). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы "барқыт революциясы", Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы "Араб көктемі", бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі "түрлі-түсті революциялар"). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі . ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм , бейресми жастар ұйымдары);

5) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері ("экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және

географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың ролі;

б) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы ролі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. "Постбиполярлы жүйе", "көпвекторлы саясат", "бірполярлы әлем" ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

7) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). ХХ ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және

оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар).

XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты". Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы ("қытайлық ерекшелігі бар социализм", "бір ел – екі жүйе"). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге" ("экономикалық ғажайып", "азиялық серпініс", жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" даму стратегиялары, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

8) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимназия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті "еркін өнер", мектептер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің ролі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. "Өнеркәсіп төңкерісі", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Бөлімдер, бөлімшілердің мен тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақтар	
			Теориялық	практикалық
1 тарау. Өркениет: даму ерекшеліктері				
1.1. Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері				
1	"Өркениет" түсінігі.	+	+	+
1.2. Өркениеттердің жіктелуі				
2	Өркениеттің дәстүрлі (аграрлық түрі: көшпелі және отырықшы-егіншілік			
3	Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі			
1.3. Әлем өркениеттерінің тарихы				
4	Ежелгі әлем өркениеті			
5	Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері			
6	Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы			
1.4. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі				
	Өркениеттер әрекеттестігінің			

7	сауда-экономикалық саласы			
8	Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық саласы			
9	Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси саласы			
10	Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы			
11	Зерттеу жұмысы Ежелгі философиялық ілімдер және олардың діни нанымдарға әсері			
12	Мәдениеттер диалогі			
2 тарау. Этникалық және әлеуметтік процестер				
2.1. Антропогенез және этногенез		+	+	+
13	Адамның шығу тегі теориялары			
14	Этностардың пайда болуы туралы теориялар.			
15	Әлемнің этникалық картасы: өткен заманда және қазіргі уақытта			
16	Шағын халықтар мәселесі. Этностардың ассимиляциясы			
2.2. Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар		+	+	+
17	Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары			
18	Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері			

2.3. Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары		+	+	+
19	Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі.			
20	Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары			
3 тарау. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан				
3.1. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер		+	+	+
21	Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары			
22	Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін			
23	Саяси режимдердің типтері			
3.2. Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери –саяси оқиғалар		+	+	+
24	Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы			
25	Ежелгі мәдениеттің әлемдік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына әсері			
22	Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан орта ғасырларға өтудің бір факторы ретінде			
23	А р а б шапқыншылықтары мен Крест жорықтары			
	Зерттеу жұмысы Мәдениет, сауда және дінді дамыту мысалында Шығыс және Батыс			

	өркениеттерінің өзара енуі мен симбиозы			
24	Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы			
25	Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері			
26	XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері			
27	XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік-мәдени қатынастардың дамуы			
3.3. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде		+	+	+
27	Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы			
28	Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде			
29	Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары			
4 тарау. Мәдениеттің дамуы				
4.1. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары		+	+	+
30	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап			

	қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі			
31	Зерттеу жұмысы. Қазақстан аумағында орналасқан ЮНЕСКО қорғауындағы объектілер			
32	Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы Өткеннің тарихи маңыздылығын сақтаудағы мұражайлардың рөлі.			
4.2. Өнер – қоғам дамуының бейнесі		+	+	+
33	Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері			
34	Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға әсері			
35	Заманауи өнердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы өнердің түрлері мен стильдері.			
4.3. Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары		+	+	+
36	Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы. Тарихи контексте жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытудың әлемдік діндердің қалыптасуына әсері.			
37	Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі			

38	Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі			
5 тарау. Өркениет: даму ерекшеліктері				
5.1. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық		+	+	+
39	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері			
40	Дәстүрлі (аграрлық) экономика			
41	Нарықтық экономика			
42	Жоспарлы социалистік экономика			
43	Экономиканың аралас түрлері			
44	Зерттеу жұмысы. Нарықтық экономика: даму және қалыптасу тарихы			
5.2. Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері		+	+	+
45	Табиғи географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы			
46	Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары			
5.3. Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі		+	+	+
47	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі			
	Жекелеген мемлекеттер мен			

48	аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары			
6 тарау. Саяси-құқықтық процестер				
6.1. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам		+	+	+
49	Құқықтық мемлекет түсінігі			
50	Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі			
51	Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы			
52	Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесін дамытудың қазіргі тенденциялары			
53	Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар			
6.2. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі		+	+	+
54	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі			
60	Әлем құрылысының постбиполярылық жүйесі			
6.3. Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі		+	+	+
55	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер			
56	Әлемнің биполярылық жүйесінің ыдырауы (1985-1996)			
57	Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері			
	Зерттеу жұмысы. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау			

58	ұйымдары: өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары.			
7 тарау. Қоғамдық-саяси ойдың дамуы				
7.1. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы		+	+	+
59	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары			
7.2. XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер				
60	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы			
61	Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы			
62	Н. Мандела – апартеидке қарсы күресуші			
63	О. Ариас Санчес, М. Юнус, ж. Рамуш-Хорта-бостандық үшін күресушілер және олардың қызметі.			
7.3. XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар		+	+	+
64	Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы			
65	Франклин Делано Рузвельт және оның "жаңа бағыты"			
66	Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы			
67	Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы			
68	Маргарет Тэтчер-алғашқы әйел "темір канцлер "			

69	Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: "үшінші әлемнен бірінші әлемге"			
70	Н.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі			
7 тарау. Білім мен ғылымның дамуы				
8.1. Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде		+	+	+
73	Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері			
74	Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін			
75	Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні			
76	Зерттеу жұмысы. Қазақстандағы мектеп және жоғары білім беру жүйесі: тарихы, мәселелері және оларды шешу жолдары.			
8.2. Ғылыми-техникалық прогресс		+	+	+
76	Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері			
77	Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары			
8.3. Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар		+	+	+
78	Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар			
79	Қазіргі ғылымның перспективті салалары.			
80	Ақпараттық технологиялардың			

	қоғамның дамуына әсері			
81	Баспа ісінің тарихы. Полиграфиялық өндірістегі қазіргі заманғы әдістер.			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Тарау атауы	Бөлім атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
	Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "өркениет", "өркениет типі" терминдерін қолдану; 2) "Өркениет" түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.	1) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы ғалымдардың пікірлерін талдайды; 2) "Өркениет" ұғымын танудың негізгі бағыттарын анықтайды; 3) "Өркениет" ұғымын анықтаудағы эволюциялық және өркениеттілік бағыттардың айырмашылықтарын сипаттайды.
	Өркениеттердің жіктелуі	1) Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру; 2) өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің түрлерін сипаттайды; 2) ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды;
		1) Өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру; 2) өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру.	1) Өркениеттің индустриалды және постиндустриалды түрлерін сипаттайды; 2) ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтайды; 3) индустриалды және постиндустриалды өркениеттердің айырмашылықтарын талдайды.
		1) Ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін	1) Ежелгі өркениеттердің дамуына діни сенімдердің әсерін анықтайды;

1. Өркениет: даму ерекшеліктері	Әлем өркениеттерінің тарихы	салыстырмалы талдау негізінде анықтау; 2) әлем өркениеттері мен діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау.	2) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды; 3) мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттейді.
		2) Локальді өркениеттердің ерекшеліктерін, оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау.	1) Дәстүрлі өркениет ошақтарын атайды және орналасқан жерін картадан көрсетеді; 2) аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтайды; 3) шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды.
		1) Әлемдік діндер іліміндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау; 2) әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау.	1) Әлемдік діндердің философиялық негіздерін анықтайды; 2) қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын сипаттайды; 3) қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалайды.
		1) Себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау.	1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды; 2) қазіргі заманғы жетекші халықаралық ұйымдарды атайды, олардың іс-әрекетінің маңыздылығын бағалайды.
		2) Қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау.	1) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтайды; 2) өркениеттерді жақындастыруда

			<p>дипломатияның үлесін саралайды.</p>
		<p>3) Отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды.</p>
	<p>Өркениеттердің өзара әрекеттесуі</p>	<p>4) Өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау.</p>	<p>1) Мәдениеттердің өзара ықпалдастығының өркениетті деңгейін талдайды; 2) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау; 3) этникалық мәдениеттердің киім үлгісіндегі өрнектердің символын сараптайды; 4) әлем өркениеттерінің архитектурасының стильдерін анықтайды, таниды; 5) ритуалды билердің шығу тарихын түсіндіреді</p>
		<p>5) Адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, байланысын бағалау.</p>	<p>1) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 2) қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды; 3) жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды.</p>

2.Этникалық және әлеуметтік процестер

Антропогенез және этногенез
Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар
Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары

1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау.

1) Ұлтаралық қатынастардың сипатын, интеграциялық процестердің тиімділігін негіздеу.

1) Этникалық және мәдени әртүрлілікті, антропогенездің әртүрлі теорияларын тұжырымдау.

1) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін "этнос", "этногенез", "ұлт", "социогенез", "формациялық әдіс", "өркениеттік әдіс" ұғымдарын қолданады;
2) ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
3) ұлттық, рулық-тайпалық, аумақтық, конфессиялық бірегейлік белгілерін айқындайды
4) кіші халықтардың ассимиляциясы мен жойылу себептерін атайды.

1) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын түсіндіреді;
2) қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін салыстырады ;
3) ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін талдайды;

1) Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттейді;
2) жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени
3) әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын қорытындылайды;
4) антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелейді;
5) қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны болжайды.

<p>3.Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан</p>	<p>Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -саяси оқиғалар Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде</p>	<p>1) Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар мен буржуазиялық революциялардың себептері мен салдарларын тұжырымдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін "мемлекет", "билік", "басқару институты" терминдерін қолданады; 2) тарихи құжаттарды талдау негізінде - бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын айқындайды; 3) буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді саралайды.</p>
		<p>1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру. Шығыс және Батыс мәдениеттері арасында салыстырмалы талдау жүргізу.</p>	<p>1) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 2) тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 3) антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 4) Макиавелли, Томас Аквинский және Аристотельдің жұмысын талдайды. дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды; 5) моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды.</p>
		<p>1)Тарихи дамудың заңдылығын, революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау.</p>	<p>1)Тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдайды; 2) революциялардың жағымды және жағымсыз салдарын анықтайды; 3) екі дүниежүзілік соғыс арасындағы кезеңдегі</p>

			әлеуметтік-мәдени қатынастардағы өзгерістерді талдайды
3.Мәдениеттің дамуы	Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары Өнер – қоғам дамуының бейнесі Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары	1)ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау. 2)ЮНЕСКО қорғауындағы қазақстандық объектілер туралы білімге ие болу	2) ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіреді; 5) әлемдік контексте ЮНЕСКО қорғауындағы қазақстандық объектілердің рөлін анықтайды
		1) Тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын , әлем мұражайларының ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындау; 2) әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру.	1) Әлемнің ең ірі мұражайларының ерекшеліктерін анықтайды. 2. Мұражай қызметіне жаңа көзқарастар мен олардың маңызын анықтайды.
		1) XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы мәдениеттегі тың құбылыстарды түсіндіру; 2) тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдерін білу;	1) Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін " абстракционизм", " модернизм", " постмодернизм", " авангардизм", "футуризм ", "кубизм", "сюрреализм ", "экспрессионизм", " гиперреализм", "хайтек" терминдерін қолданады; 2) Әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтайды.
		1) XX ғасырдың тарихи оқиғаларының себеп салдарын, байланыстыру, ерекшеліктерін анықтау.	1) Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін талдайды; 2) жаһандандудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін қорытындылайды. 5) қазіргі заманғы өнер түрлерін атайды және түсінеді

<p>4.Өркениет: даму ерекшеліктері</p>	<p>Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі</p>	<p>1) Экономикалық жүйелердің тарихи типтерін, табиғи-географиялық фактордың әсерін анықтау, қазіргі кезеңдегі әлем елдерінің экономикалық жіктелуін түсіндіру.</p>	<p>1) Мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін "экономика" және "экономикалық жүйе" ұғымдарын қолданады; 2) әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін талдайды; 3) экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіреді.</p>
		<p>1) Нарықтық экономиканың ерекшелігін саралау, табиғи-географиялық фактордың маңызын, рөлін бағалау.</p>	<p>1) Әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән ерекшеліктерді талдайды; 2) мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер мен аймақтардың әрқелкі экономикалық дамуын салыстырады. 5) нарықтық экономиканың оң және теріс ерекшеліктерін бағалайды.</p>
		<p>1) Аралас экономиканың ерекшелігін және дамушы мемлекеттердің, аймақтардың артта қалушылығына</p>	<p>1) Экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін талдайды; 2) қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдайды;</p>

		<p>көмектесудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау.</p>	<p>3) мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін зерттейді; 4) дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжайды.</p>
<p>5.Саяси-құқықтық процестер</p>	<p>Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам Әлемнің қазіргі саяси жүйесі Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі</p>	<p>1) Әлемнің қазіргі саяси жүйесі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бағытындағы мемлекеттердің саяси дамуын болжау.</p> <p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру.</p>	<p>1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді ; 2) саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам " постбиполярылық жүйе", " көпвекторлы саясат", "бір полярлы әлем" ұғымдарын қолданады; 3) құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды; 4) мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесін дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін анықтайды;</p> <p>1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін " азаматтық қоғам" ұғымын қолданады; 2) азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды ; 3)азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін айқындайды.</p>

		<p>1) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау.</p>	<p>1) Тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын түсіндіреді; 2) қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжайды; 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін тұжырымдайды. 5) Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдайды;</p>
		<p>1) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын, қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлін бағалау.</p>	<p>1) Қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын пікір білдіреді; 2) XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейді; 3) қоғамдық ойдың дамуын "либерализм", "ұлтшылдық", "социал-демократия", "марксизм", "экзистенциализм", "прагматизм", "позитивизм", "гандизм", "нәсілдік кемсітушілік", "сегрегация" ұғымдарын қолданады; 4) қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі туралы қортындылар жасайды. 5) бостандық пен әділдік үшін күресте о. Ариас, М. Юнус, ж. Рамуш-ортаның белсенді азаматтық ұстанымының</p>

<p>6.Қоғамдық-саяси ойдың дамуы</p>	<p>Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар</p>	<p>1) Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық саяси ойдың дамуы, XX және XXI ғасырдың көрнекті саясаткер-реформаторлар туралы баяндау.</p> <p>1) Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін, еліміздің стратегиялық бағдарламаларының негізгі бағыттарын тұжырымдау.</p>	<p>маңыздылығын бағалайды</p> <p>1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "этатизм", "зайырлы мемлекет" ұғымдарын қолданады; 2) мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлін негіздейді; 3) мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль, М.Ататүрік, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммадтың ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы "экономикалық ғажайып" факторларын саралайды.</p> <p>1) Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалайды; 2) "Қазақстан - 2030", "Қазақстан - 2050" стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін зерттейді; 3) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін дәлелдейді; 4) Азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының</p>
-------------------------------------	---	--	---

			маңыздылығын қорытындылайды.
7.Білім мен ғылымның дамуы	Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде Ғылыми-техникалық прогресс	1) Елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білімнің маңыздылығын анықтаңыз.	1) Тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейді; 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін " өнеркәсіп революциясы", "ғылыми-техникалық революция" ұғымдарын қолданады; 3) әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.
		1) Әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының нәтижесін талдау. 2) Білім құндылығы, ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми технологиялардың дамуын болжау	1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды; 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды; 3) мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады; 4) ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін айқындайды.
		1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын тұжырымдау.	1) Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттейді; 2) қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын түсіндіреді;

		<p>2) алғашқы баспаның шығу тарихын, дамуын, баспа материалдарын, баспа мамандарын, кітап көбейтудің әдістерін баяндау, баспа ісінің адамзат тарихында алатын тарихи маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>Алғашқы баспаханаларды оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихымен байланыстыра отырып ақпараттар беру; баспахана ісінде қолданылатын терминдерді меңгеру.</p>	<p>3) ғылыми-техникалық революцияның маңызын, рөлін бағалайды;</p> <p>4) адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжайды.</p> <p>5) баспахана тарихын, баспахана өнімдерін, арнайы мамандар мен баспа ісіндегі қолданылатын терминдерді біледі; оның ішінде қазақ тілінде кітап басып шығару ісінің тарихын түсіндіреді; Қазан төңкерісінен кейінгі баспа жұмысының тарихымен және оның ірге тасын қалаған тарихи тұлғалардың есімдері мен қызметіне тарихи баға бере алады.</p>
--	--	--	--

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
111 - қосымша

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың бағыттың бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың бағыттың "География" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "География" пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

2) геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

3) білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

4) білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

4. Пәннің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: "Географиялық зерттеу әдістері", "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың ғаламдық проблемалары".

1. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) жалпы географиялық әдістер;
- 2) өзекті географиялық зерттеу әдістері;

2. "Картография және геоинформатика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) картография;
- 2) заманауи картографиялық әдістер;
- 3) геоинформатика негіздері;

3. "Табиғатты пайдалану және геоэкология" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) табиғатты пайдалану;
- 2) геоэкологиялық зерттеу әдістері;
- 3) табиғатты пайдалануды реттеу;
- 4) геоэкологиялық зерттеулер негіздері;

4. "Геоэкономика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) геоэкономика негіздері, геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі;
- 2) шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері;
- 5) дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері;
- 6) экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе;
- 7) Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті;
- 8) Геоэкономикалық даму стратегиялары.

5. "Геосаясат" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі;
- 2) дүниежүзінің геосаяси кеңістігі;
- 3) геосаясаттағы географиялық факторлар;
- 4) мемлекеттік аумақтың морфологиясы;
- 5) мемлекеттік шекара;
- 6) заманауи геосаяси үдерістер;
- 7) Қазақстанның геосаяси жағдайы;
- 8) Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі;
- 9) Қазақстанның геосаяси интеграциясы;

6. "Елтану" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) дүниежүзі аймақтары, кешенді географиялық аудандастыру;
- 2) дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану;
- 3) дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны;
- 4) дүниежүзі елдерін салыстыру;

7. "Адамзаттың ғаламдық проблемалары" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ғаламдық мәселелерді шешу;
- 2) ғаламдық мәселелерді шешу жолдары.

"География" пәнінің негізгі мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері".. Жалпы географиялық әдістер; география бойынша зерттеу тақырыбын таңдау; географиялық мониторинг әдістері; географиядағы салыстыру әдістері. Зерттеудің өзекті географиялық әдістері; географиялық талдаудың алгоритмі мен түрлері; сараптамалық бағалау әдістері; қоғамдық ортаны зерттеу әдістері.

2) "Картография және геоинформатика". Картография; заманауи картографиялық әдістер; Геоинформатика негіздері; географиялық мәліметтер базасы; географиялық деректерді визуализациялау; қоғамдық ортаны дамытуда заманауи картографиялық әдістерді қолдану. Заманауи картографиялық әдістер; карталардың сандық моделі. Геоинформатика негіздері; геоақпараттық жүйелердің геоақпараттық әдістері мен технологияларының ерекшеліктері; геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Қоғам өміріндегі геоақпараттық жүйелер технологияларының рөлін анықтау.

3) "Табиғатты пайдалану және геоэкология". Табиғат пайдалану; табиғат пайдалану түрлері; табиғат пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау. Табиғатты тиімді пайдаланудың білім алу және тәрбиелік маңызы. Геоэкологиялық зерттеу әдістері; геоэкологияны зерттеудің пәні мен өзектілігі; геосфералардың ластануы; геоэкологиялық аудандастыру; геоэкологиядағы антропогендік факторлар; Жаһандық экологиялық проблемалар; геоэкологиялық процестердегі географиялық қабық заңдылықтарының қоғамдық рөлін анықтау; Жаһандық экологиялық мәселелерді

шешудегі әлемдік тәжірибе; экологиялық проблемаларды шешудегі инновациялық технологиялар; Қазақстанның экологиялық проблемалары, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Табиғат пайдалануды реттеу; шаруашылық және тұтыну салаларындағы табиғат пайдалану процестерін реттеу; табиғат пайдалануды реттеу тетігі; мемлекеттік және жергілікті табиғат пайдаланудың заңнамалық аспектілері; жергілікті күн тәртібі-XXI ғасыр. Әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік; табиғатты пайдалануды жергілікті басқару; "экологиялық із" және тұрақты даму; Қазақстан Республикасында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану. Геологиялық зерттеулердің негіздері; табиғатты пайдалану тұжырымдамасы; қоршаған ортаны қорғау; экология және адам денсаулығы, әлемдегі қоршаған орта сапасының кеңістіктік сипаты; антропогендік факторлардың қоршаған ортаға әсерін талдау; өндірістік экологиялық бақылау жүйесі.

4) "Геоэкономика". Геоэкономика негіздері; зерттеу пәні және геоэкономиканың өзектілігі; геоэкономика бағытының мақсаттары мен міндеттері, негізгі ұғымдары; елдер мен өңірлердің экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлі. Шаруашылықты ұйымдастырудың факторлары мен шарттары; шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары; әлемдік экономика салаларының қазіргі заманғы орналасу факторлары. Әлемдік экономиканың құрылымы; әлем елдерінің экономикалық құрылымы. Әлемдік экономиканың аумақтық модельдері; әлемдік экономиканың аумақтық құрылымы мен модельдері; дамушы елдердегі экономиканың аумақтық құрылымы. Әлем елдерінің Экономикалық даму көрсеткіштері; әлем елдерінің Экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру; әлем елдерінің Экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі, дамыған елдер. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе; әлем елдерінің Экономикалық даму стратегиялары; Қазақстан Республикасының Экономикалық даму стратегиясының нысаналы көрсеткіштері. Қазақстан Республикасы өңірлерінің геоэкономикалық жай-күйі мен әлеуеті; Қазақстан экономикасының салалық құрылымы; Қазақстан өңірлерінің экономикасы; экономикалық-географиялық аудандастыру теориясы мен практикасы; инвестициялық тартымдылық-Қазақстан экономикасын дамыту тетігі, Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын теңестіру; мамандандыру және әртараптандыру-өңірлік экономиканы дамыту әлеуеті; Қазақстан өнеркәсібін мамандандыру және әртараптандыру. Геоэкономикалық даму стратегиялары; қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі; Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктері.

5) "Геосаясат". Геосаясат негіздері, геосаясаттың өзектілігі; геосаясаттың мақсаттары мен міндеттері, зерттеу пәні, негізгі категориялар; негізгі геосаяси объектілер мен субъектілер, геосаяси ықпалдың негізгі құралдары. Әлемнің геосаяси кеңістігі; қазіргі әлемнің геосаяси кеңістігі. Геосаясаттағы географиялық факторлар; геосаясаттағы физика-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы;

геосаясаттағы Әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызы. Мемлекеттік аумақтың морфологиясы; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері; мемлекеттік аумақты морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу. Мемлекеттік шекара; мемлекеттік шекараларды анықтау және белгілеу функциялары, түрлері, шаралары, динамикасы; Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары, көрші мемлекеттермен қатынастар, негізгі көрсеткіштер мен динамика. Қазіргі геосаяси процестер; Қазіргі әлемдегі геосаяси процестер. Қазақстанның геосаяси жағдайы; Қазақстанның геосаяси жағдайы. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі; Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар. Қазақстанның геосаяси интеграциясы; Қазақстанның халықаралық және өңірлік ұйымдармен байланысы.

6) "Елтану". Әлемнің өңірлері, кешенді географиялық аудандастыру; әлемнің физика-географиялық аудандастыру; дүниежүзілік тарихи-мәдени аудандастыру. Әлем елдерін салыстыру әдістері, салыстырмалы елтану; әлем елдерін салыстыру кезінде қолданылатын көрсеткіштер; жиынтық ішкі өнім көрсеткішін есептеу. Қазақстанның әлем өңірлерінің картасындағы орны; ғарыштық түсірілімнен Қазақстанның спутниктік картасына дейін; мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қауіптер; Азияның жүрегіндегі ұлы дала елі. Әлем елдерін салыстыру; Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі; қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері және тұтынушылары.

7) "Адамзаттың ғаламдық проблемалары". Ғаламдық мәселелерді шешу; адамзат дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері; бейбітшілікті сақтау мәселелері; энергетика және шикізат мәселелері; дамушы елдердегі ғаламдық мәселелер; дүниежүзілік мұхит мәселелері; геглобалистика. Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары; адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешудегі әлемдік тәжірибе; ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлу (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлау бағыты мен біліктілігіне байланысты 72-96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Тарау, бөлім және тақырып атаулары	Сағат саны		
		Барлығы	Сабактар	
			теориялық	практикалық
1. Географиялық зерттеу әдістері				
1.1 Жалпы географиялық әдістер				
1	Тақырып 1.1.1. Географиядан зерттеу тақырыбын таңдау.			
2	Тақырып 1.1.2. Географиялық мониторинг әдістері			
3	Тақырып 1.1.3. Географиядағы салыстыру әдістері.			
1.2. Өзекті географиялық зерттеу әдістері				
4	Тақырып 1.2.1. Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері.			
5	Тақырып 1.2.2. Эксперттік бағалау әдістері.			
6	Тақырып 1.2.3. Қоғамдық ортаны зерттеуге бағытталған әдістер			
2. Картография және геоинформатика				
2.1. Картография				
7	Тақырып 2.1.1. Заманауи картографиялық әдістер			
8	Тақырып 2.1.2. Геоинформатика негіздері.			
9	Тақырып 2.1.3. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау.			

10	Тақырып 2.1.4. . Қоғамдық ортаның дамуындағы заманауи картографиялық әдістерді қолдану			
2.2. Заманауи картографиялық әдістер		+	+	+
11	Тақырып 2.2.1. Карталардың сандық моделі.			
2.3. Геоинформатика негіздері		+	+	+
12	Тақырып 2.3.2. Геоақпараттық жүйелер технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы. Геоақпараттық жүйелер технологиясын қоғамдамуындағы ролін анықтау			
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология				
3.1. Табиғатты пайдалану		+	+	+
13	Тақырып 3.1.1. Табиғатты пайдалану түрлері			
14	Тақырып 3.1.2. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау			
15	Тақырып 3.1.3. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары, оқыту және тәрбиелік мәні			
3.2. Геоэкологиялық зерттеу әдістері		+	+	+
16	Тақырып 3.2.1. Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі			
17	Тақырып 3.2.2. Геосфералардың ластануы			

18	Тақырып 3.2.3. Геозологиялық аудандастыру			
19	Тақырып 3.2.4. Геозологиядағы антропогендік факторлар			
20	Тақырып 3.2.5. Ғаламдық экологиялық мәселелер			
21	Тақырып 3.2.6. Геозологиялық үдерістерде географиялық қ а б ы қ заңдылықтарының рөлін анықтау.			
		жылжыту, айналдыру, кинематикалық тәсілді қолданып геометриялық денелер модельдерін салу ретіне сипаттама беру.	5)компьютерлік графика құралдары арқылы қысық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызады; 6) қағаз модельдің жазбасын жасайды: алғыс хат және құттықтау хаты, сертификат, конверт және ашық құттықтау хат .
	Пішін құрылымдау	1) Құрылымдау және жобалау, техникалық жобаны құру кезеңдері туралы бастапқы мәліметтерді алу.	1)"Құрылымдау" түсінігіне талдау жасайды; 2)берілген параметрлер бойынша заттың пішінін құрылымдап сызады; 3)жобаны біріктірудің техникалық кезеңдерін түсінеді және талдайды; 4)көрсетілген параметрлер бойынша нысанының құрылымдалуын анықтайды.
5. Нәрсенің пішінін түрлендіру	Нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру	1) Қосу және кесіп алу тәсілін қолданып нәрсенің пішінін түрлендіру; бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру.	1)Заттың кеңістіктегі орын өзгерту арқылы пішін түрлендіруді орындайды; 2)нәрсенің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі жағдайын түрлендіру арқылы пішінін өзгертеді ; 3)бөлшектерді ығыстыру және өшіру әдістерін қолдану арқылы 3D модельді түрлендіруді орындайды; 4)бөлшектерді қою және басып шығару арқылы 3D модельді түрлендіруді графикалық түрде ұсынады.
			1)"Стандарттау", "өзара алмастыру", "біріктіру", "кұрастыру сызбасы" жалпы ұғымдарын анықтайды; 2)"бұйым", "бөлшек", "кұрастыру бірлігі", "жиынтық", "кешен"

	Стандарттау	1) Стандарттау, өзара алмастыру, бұйым, бөлшек және оның құраушы элементтері туралы жалпы түсініктерді меңгеру.	ұғымдарын талдайды және түсінеді; 3)"тетікбөлшек", "құрастыру бірліктері" ұғымының өзара байланысы мен айырмашылығын талдайды; 4)бұйымның кескіндеріне талдау жасайды; 5)тетіктің немесе құрастыру бірлігінің бейнесін анықтайды.
	Тетіктерді біріктіру Құрастыру сызбасы.	1) Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер және оларды бейнелеу ережелерін білу ; құрастыру сызбасын рәсімдеу және орындау ережелерін білу және орындау; құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызылуын білу және орындау; жиынтық бірлігінің 3D моделін орындау.	1)Құрастыру сызбалары туралы жалпы ақпарат береді; 2)ажырайтын және ажырамайтын біріктірулерді анықтайды ; 3)бұрандалы қосылымды, бұрамда профилінің пішіндерінің түрлерін, бұрамданың белгіленуін және бөлшектерін талдайды; 4)бұрандалы біріктірулерді сызады; 5)құрастыру сызбасының нобайы мен бұйым тетіктерінің сызбасын орындайды; 6)МЕСТ бойынша спецификацияны сызады; 7)құрастыру бірлігінің 3D модельін анықтайды және талдайды.
6.Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері		1) Сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын білу. Шартты белгілер арқылы қарапайым құрылыс	1)Құрылыс сызбалары туралы жалпы мәліметтерді, сәулет-құрылыс сызбасының ерекшеліктерін және оның мақсатын анықтайды; 2)"бас жоспар", "жоспар", "қасбет" және "ғимарат тілігі", "құрылыс сызбаларындағы шартты белгілер" ұғымдарын анықтайды; 3)Азаматтық және өндіріс ғимараттарының

	Сәулет-құрылыс графикасының элементтері	сызбаларын орындау және оқу. Жалпы ережелер мен анықтамалық әдебиеттерді оқып талдау .	құрылыс кезеңдерін біледі және талдайды; 4)құрылыс материалдары туралы жалпы мағлұмат алады; 5)құрылыс сызбасында қолданылатын құрылыс терминдерін анықтайды; 6)шартты белгілерді пайдалана отырып, графикалық редакторда құрылыс сызбаларының сызбасын сызып, талдайды.
	Инфографика /сұлбалар, графикалар және диаграммалар	1) Инфографика, сұлба, графикалар және диаграммалар жөнінде жалпы мағлұматтарды білу.	1)"Инфографика", "зерттеу", "эскиз", "бағаналы диаграмма" ұғымдарына анықтама береді; 2)қызметтің әртүрлі салаларындағы инфографиканың рөлін анықтайды; 3)инфографика зерттеу нәтижесі туралы ақпаратты (графикалар, диаграммалар, сұлбалар) арқылы көрнекі түрде көрсетеді; 4)инфографика символ мен белгілерін қолдана отырып, әңгіме немесе эссе жасайды; 5)эсселерді, жарияланымдарды, презентацияларды қорғаудағы инфографиканың рөлін анықтайды.
7. Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	1) Әр түрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау.	1)"Жоба", "жобалау", "жобалау әдістері", "жобалау кезеңдері" ұғымдарын талдайды және анықтайды; 2)жобаланатын объектілерге қойылатын негізгі функционалдық, эстетикалық және басқа талаптарды анықтайды.
			1)Графикалық құжаттарды, техникалық құжаттаманың құрамын және олардың

	Жобалық ұсыныстарды визуалдау	1) Техникалық құжаттаманың түрлері мен құрамын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білу	ерекшеліктерін таниды және анықтайды; 2) шығармашылық идеялардың көрнекілігін анықтайды; жобалық ұсыныстардың графикалық визуализация құралдарын талдайды (эскиз, сызба, макет).
8. Шығармашылық тапсырмалар	Жобалық әрекеттерге жалпы дайындықты дамытатын тапсырмалар	1) Жобалаудың мақсаттары мен міндеттерін, кезеңдерін анықтау.	1) Жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдайды және айқындайды.
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	1) Әр түрлі графикалық құралдарды(қолмен/ компьютерлік графика/ макеттеу)қолдана отырып, инженерлік / дизайн / сәулет саласындағы жобалау және жобалау элементтерімен тапсырмаларды орындау	1) Жобалау қызметін таңдау мен жобалаудың маңыздылығын талдай және анықтай алады, әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (қолмен/ компьютерлік графика/ макет) берілген тақырып бойынша шығармашылық жоба жасайды; 2) киригами техникасын пайдалана отырып, ұлттық ою-өрнекті әзірлейді; 3) киригами техникасы арқылы мерекелік жалаулар мен ойыншықтарды құрастырады; 4) іскерлік және қоғамдық-саяси коммуникация саласында ақпараттық-сандық технологиялар жағдайында кәсіби қызметте аударма дағдыларын қолдануға бағытталған зерттеу жұмыстарынан құралған сөрені модельдейді; 5) аудио және видео жазбалар сөресін модельдейді; 6) дін және тарихи – гуманитарлық оқулықтарға арналған трансформаторлық

		стендтің дизайнын жасайды; 7) кітапті безендіруге арналған қорапты модельдейді; 8) Менің арманымдағы үйдің жобасын жасайды.
--	--	---

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
113- қосымша

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Физика" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Физика" оқу пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру.

3. Бағдарламаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын байқау, талдау және жазу қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерін игеруіне жәрдемдесу;

3) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау дағдыларын дамытуға ықпал ету;

4) білім алушыларда физика жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатыны туралы, Физика дамуының қоғам, техника және басқа да ғылымдардың дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға ықпал етуге;

5) білім алушылардың күнделікті өмірде, оқуда және одан әрі еңбек қызметінде проблемалық жағдайларды шешу үшін үйренген физикалық білімдерін пайдалануға игеруіне ықпал етуге;

6) білім алушыларда заттардың әртүрлі физикалық құбылыстары мен қасиеттерін, физикалық терминдерді, физикалық білімді, зияткерлік және жалпы өнерге қатысты мәдениет деңгейін түсінуді дамыту.

Физиканы оқуға деген қызығушылықты, шығармашылық қабілеттер мен мотивацияны дамыту үшін физикалық білімді игерудің барлық кезеңдерінде тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Бұл ретте Бірліктердің Халықаралық жүйесін, оның негізгі және туындыларын, еселіктерін және үлестік бірліктерін қатаң пайдалану қажет. Бағдарламада зертханалық жұмыстарды жүргізуге Оқу уақытының 10% дейін бөлінеді.

Бағдарламада материалды зерттеудегі сабақтастық, математика, биология, химия, география, тарихпен пәнаралық байланыс қарастырылған.

4. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

- 1) механика;
- 2) молекулалық физика;
- 3) электр және магнетизм;
- 4) тербелістер;
- 5) толқындар;
- 6) оптика;
- 7) кванттық физика;
- 8) нанотехнология және наноматериалдар;
- 9) космология.

"Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) кинематика;
- 2) динамика;
- 3) статика және гидростатика
- 4) сақталу заңдары;
- 5) гидродинамика.

"Молекулалық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалық физика;
- 2) газ заңдары;
- 3) термодинамика негіздері;
- 4) сұйық және қатты денелер.

"Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электростатика;
- 2) тұрақты ток;
- 3) әртүрлі ортадағы электр тогы.
- 4) магнит өрісі;
- 5) электромагниттік индукция.

"Тербелістер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) механикалық тербелістер;
- 2) электромагниттік тербелістер;
- 3) айнымалы ток.

"Толқындар" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электромагниттік толқындар.

11. "Оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) толқындық оптика;
- 2) геометриялық оптика.

"Кванттық физика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) атомдық және кванттық физика;
- 2) атом ядросының физикасы.

"Физика" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

- 1) "Кинематика".

Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.

- 2) "Динамика".

Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

- 3) "Статика және гидростатика".

Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері; қатынас ыдыстар; Паскаль заңы; атмосфералық қысым; Торричелли тәжірибесі.

- 4) "Сақталу заңдары".

Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары; серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

- 5) "Гидродинамика".

Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы; денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".

- 6) "Молекулалық физика".

Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары; термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар; қатты денелердің; сұйықтар мен газдардың моделі; молекулакинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

7) "Газ заңдары".

Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс.

8) "Термодинамика негіздері".

Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс; жылу мөлшері; жылусыйымдылық; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың бірінші заңын әртүрлі процестерге қолдану; адиабаталық процесс; термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары.

9) "Сұйық және қатты денелер".

Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; шық нүктесі; сұйықтың беттік керілуі; жұғу; қылтүтіктік құбылыстар.

10) "Электростатика".

Электр заряды; Кулон заңы; электр өрісі; электр өрісінің кернеулігі; біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс; электрсыйымдылық; конденсаторлар; сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы.

11) "Тұрақты ток".

Электр тогы; ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы; электр тогының жұмысы мен қуаты; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті; пайдаланылған энергия құны.

Практикалық жұмыс: "Тұрмыстық құралдардың тұтынатын қуаты мен жұмысын есептеу".

12) "Әртүрлі ортадағы электр тогы".

Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; жартылай өткізгішті құралдар; электролит ерітінділеріндегі электр тогы; электролиз заңы; газдардағы және вакуумдегі электр тогы.

№ 2 Зертханалық жұмыс: "Электролиттердегі электр тогының пайда болуын зерттеу".

13) "Магнит өрісі".

Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері; Ампер тәжірибесі; магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид.

14) "Электромагниттік индукция".

Магнит ағыны; электромагниттік индукция; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы.

15) "Механикалық тербелістер".

Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.

16) "Электромагниттік тербелістер".

Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық.

17) "Айнымалы ток".

Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.

№ 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау".

18) "Электромагниттік толқындар".

Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары.

19) "Толқындық оптика".

Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы.

№ 4 Зертханалық жұмыс: "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау".

№ 5 Зертханалық жұмыс: "Поляризация құбылысын бақылау".

20) "Геометриялық оптика".

Геометриялық оптика заңдары; жазықпараллель пластинадан шағылу; толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар; оптикалық құралдар.

№ 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін анықтау".

21) "Атомдық және кванттық физика".

Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография.

22) "Атом ядросының физикасы".

Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядроның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардың бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар.

№ 7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периоды анықтау".

23) "Нанотехнология және наноматериалдар".

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері; өзекті мәселелері және дамуы; наноматериалдар.

24) "Космология".

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; кара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; кара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесінің көлемі даярлықтың бағыттары мен біліктілігіне байланысты 72 -96 сағатты (3-4 кредит) құрайды.

7. Оқу пәнін іске асыру кезінде дәптерлер мен жазбаша жұмыстарды тексеру көзделеді.

2 тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№ р/с	Бөлім, бөлімше және тақырыптар атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Сабақтар	
			теориялық	практикалық
Бөлім 1. Механика				
1.1 Кинематика		+	+	+
1.	Дене қозғалысы кинематикасының тендеулері мен графиктері. Салыстырмалы қозғалыс. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы.			
1.2. Динамика		+	+	+
	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары Бүкіл			

2.	әлемдік тартылыс заңы Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы			
1.3. Статика және гидростатика.		+	+	+
3.	Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері. Қатынасы дыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану. Торичелли тәжірибесі.			
1.4. Сақталу заңдары		+	+	+
4.	Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары.			
1.5. Гидродинамика.		+	+	+
5.	Сұйықтық кинематикасы.			
	№ 1 Зертханалық жұмыс: "Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу".			
Бөлім 2. Жылу физикасы				
2.1. Молекулалық физика		+	+	+
6.	Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар.			
2.2. Газ заңдары.		+	+	+
7.	Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер. Адиабаталық процесс.			
2.3. Термодинамика негіздері		+	+	+
	Термодинамика заңдарын қолдану			

8.	Ж ы л у қозғалтқыштары.			
2.4. Сұйық және қатты денелер		+	+	+
9	А у а н ы ң ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу , қылтүіктік құбылыстар.			
Бөлім 3. Электр және магнетизм				
3.1. Электростатика		+	+	+
10	Электр өрісі. Электрсыйымдылық . Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері.			
3.2. Тұрақты электр тогы		+	+	+
11	Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы. Толық тізбек үшін Ом заңы . Электр тогының жұмысы мен қуаты.			
3.3. Өртүрлі ортадағы электр тогы		+	+	+
12	Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы.			
	№ 2 Зертханалық жұмыс : " Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу".			
3.4. Магнит өрісі		+	+	+
13	Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі. Ампер күші, Лоренц күші. Заттың магниттік			

	қасиеттері. Жасанды магниттер . Соленоид			
3.5. Электромагниттік индукция		+	+	+
14	Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар. Магниттік-резонанстық томография.			
Бөлім 4. Тербелістер				
4.1. Механикалық тербелістер		+	+	+
15	Механикалық гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.			
4.2. Электромагниттік тербелістер		+	+	+
16	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер.			
4.3. Айнымалы ток		+	+	+
17	Айнымалы ток генераторы. Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток. Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс. Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор. Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану.			
18	№ 3 Зертханалық жұмыс: "Трансформатор орамасындағы ораманың анықтау"			
Бөлім 5. Толқындар				
5.1. Электромагниттік толқындар		+	+	+
	Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы.			

19	Радиобайланыс. Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары. Байланыс құралдары.			
Бөлім 6. Оптика				
6.1. Толқындық оптика		+	+	+
20	Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы			
	Дифракциялық торлар № 4 Зертханалық жұмыс : "Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау". Жарықтың поляризациясы. № 5 Зертханалық жұмыс : "Жарықтың поляризациясын бақылау".			
6.2. Геометриялық оптика		+	+	+
21	Геометриялық оптика заңдары. Оптикалық құралдар.			
	№ 6 Зертханалық жұмыс: "Шынының сыну көрсеткішін жазық паралель пластинаның көмегімен анықтау".			
Бөлім 7. Кванттық физика				
7.1. Атомдық және кванттық физика		+	+	+
22	Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы. Спектрлік талдау. Электромагниттік сәулелену шкаласы. Фотоэффектіні қолдану. Жарықтың химиялық әсері. Рентгендік			

	сәулелену. Лазерлер			
7. 2. Атом ядросының физикасы		+	+	+
23	Т а б и ғ и радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы. Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардық бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция. Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану. Ядролық реактор. Ядролық энергетика.			
	№7 Зертханалық жұмыс: "Жартылай ыдырау периоды анықтау".			
Бөлім 8. Нанотехнология және наноматериалдар				
8.1. Нанотехнология и наноматериалы.		+	+	+
24	Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері . Наноматериалдар			
Бөлім 9. Космология				
9.1. Космология		+	+	+
25	Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар. Жұлдыздардың классификациясы. Қашықтықты анықтау. Күңгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы. Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу.			
	Физикалық практикум			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
-------------	---------------	------------------	----------------------

Механика	Кинематика. Динамика. Статика және гидростатика. Сақталу заңдары. Гидродинамика	1) Механикалық қозғалыс заңдарын білу және табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттау және түсіндіруде қолдану.	1) Кинематика теңдеулерін есеп шығару барысында қолданады; 2) Ньютон заңдарын түсінеді, Паскаль заңын сипаттайды; 3) импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңдарын есептер шығаруда қолданады.
Жылу физикасы	Молекулалық физика. Газ заңдары. Термодинамика негіздері. Сұйық және қатты денелер.	1) Газдардың негізгі қасиетін түсіндіруде МКТ білу және қолдана алу.	1) МКТ негізгі қағидалары мен идеал газды сипаттайды, газ заңдарын есептерді шығаруда қолданады; 2) термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мәнін сипаттайды, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; 3) шардың жылдамдығы бойынша оның ішкі үйкеліс коэффициентінің мәндерін анықтайды.
Электр және магнетизм	Электростатика. Тұрақты электр тогы. Өртүрлі ортадағы электр тогы. Магнит өрісі. Электромагниттік индукция.	1) Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру; 2) Ом заңын біртекті және біртекті емес, тұйық тізбекте қолдана алу.	1) Электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін сипаттайды, толық тізбек үшін Ом заңын қолданады, тұрмыстағы электр құралдарының жұмыс құны мен қуатына практикалық есептеулер жүргізеді; 2) өткізгіштердің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды анықтайды, магнит ағыны өзгеру салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіреді, электромагниттік құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіреді; 3) электролиттерде токтың пайда болу шарттарын эксперимент арқылы анықтайды.
			1) Механикалық тербелістер мен

Тербелістер	Механикалық тербелістер . Электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток.	1) Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастықтарды ажырату.	электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді, еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) трансформатор орамдарының санын анықтайды; 3) еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды; 4) компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттейді.
Толқындар	Электромагниттік толқындар.	1) Электромагниттік толқынның таралу механизмімен түсіндіру.	1) Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды, радио қабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді.
Оптика	Толқындық оптика. Геометриялық оптика.	1) Геометриялық оптика заңдарын түсіндіре білу, жарықтың толқындық қасиетін сипаттау. 2) Нақты есептерде Гюйгенс және Френель принциптерін қолдану.	1) Ж а р ы қ толқындарының интерференциясы және дифракциясы пайда болу шарттарын сипаттайды; 2) жарықтың поляризация құбылысын эксперимент арқылы зерттейді; 3) линзалар жүйесінде (телескоп, микроскоп және лупадағы) сәулелердің жолын салады және түсіндіреді. Шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтайды.
Кванттық физика	Атомдық және кванттық физика.	1) Жарық көздерін топтастыра білу, Стефан-Больцман, Вин және Планк формуласын абсолют қара дененің жарықталынуын сипаттауда қолдана білу;	1) Электромагниттік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатын дәлелдейтін мысалдар келтіреді; 2) электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен

	Атом ядросының физикасы.	2) Эйнштейн теңдеуі мен фотоэффект заңдарын есептер шығаруда қолдану.	затпен әрекеттесуіне қарай ажыратады; 3) Графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтайды.
Нанотехнология және наноматериалдар	Нанотехнология, наноматериалы.	1) Нанотехнологияның негізгі жетістіктерін түсіндіру.	1) Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды және қолданылуын атайды.
Космология	Космология	1) Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын сипаттау.	1) Жұлдызды аспан мен негізгі қағидаларды жұлдыздар бойынша бағдарлауды сипаттайды, Хаббл заңын қолданып, әлемнің жасын анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2023 жылғы 6 қаңтардағы
№ 1 бұйрығына
114-қосымша

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" курсы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың "Жаһандық құзыреттілік" пәні бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8170 тіркелген) және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

2. "Жаһандық құзыреттілік" курсының оқытудың мақсаты - мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. "Жаһандық құзыреттілік" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курс бағдарламасын іске асыру мынадай міндеттерді көздейді:

1) білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;

2) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

3) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;

5) білім алушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

6) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;

7) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

4. Курстың мазмұны 4 бөлімнен тұрады: "Жаһандық құзыреттілік", "Қаржылық сауаттылық", "Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу", "Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу", "Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті".

"Жаһандық құзыреттілік" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жаһандық құзыреттер дегеніміз не.
- 2) Жаһандық құзыреттілік мәдениеті.
- 3) Жаһандық құзыреттерді қолдану.
- 4) Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары.

"Қаржылық сауаттылық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жеке қаржыдағы кірістер.
- 2) Жеке қаржыдағы шығыстар.
- 3) Отбасылық бюджет.
- 4) Жинақтау және жинақтау.

"Жергілікті және жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

- 1) Қарым-қатынас мәдениеті.
- 2) Қақтығыстар. Ұғым. Түрлері. Шешу жолдары.
- 3) Әлеуметтік мәселелер.
- 4) Экологиялық қақтығыстар.
- 5) Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы.

"Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну, тиімді мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік.
- 2) Мәдени бірегейлікті қалыптастыру.
- 3) Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.

4) Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті.

"Аграрлық-технологиялық бағыттың мамандандырылған компоненті" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Мамандықтағы жаһандық құзыреттер.

2) Кәсіби менеджмент.

3) Компанияның инновациялық саясаты.

4) Жобалар мен процестерді басқару.

5) Іскерлік мінез-құлықтың этикалық принциптері.

5. "Жаһандық құзыреттілік" курсының негізгі мазмұны:

1) "Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не". Жаһандық құзыреттіліктің анықтамасы, түрлері; функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; аналитикалық және сыни ойлауды дамыту; жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу қабілеті; дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну; әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен ашық, орынды және тиімді өзара іс-қимылға қатысу; ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуға жәрдемдесу.

2) "Жаһандық құзыреттілік мәдениеті". Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну; басқаларға құрметпен қарауды қалыптастыру; әр адамның адамдық қадір-қасиетін тану; басқа адамдардың сенімдерін түсіну және тану қабілеті; күнделікті өмірде, жұмыста жаһандық құзыреттілік мәдениетін көрсету; жаһандық құзыреттілік мәдениетін дамытуды қолдау; кәсіби даму және жаһандық құзыреттілік мәдениеті.

3) "Жаһандық құзыреттілікті қолдану". Жаһандық құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін дәстүрлер мен құндылықтар; отбасы мен қоғамдастық арасындағы серіктестік; алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары; жоспарлау және шешім қабылдау; әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік; салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары; зерттеу, жобалау, еріктілік жұмыс дағдылары.

4) "Жаһандық құзыреттерді дамыту жолдары". Зерттеулер жүргізу, дәлелге немесе мәселеге қатысты ақпарат пен дәлелдемелерді іріктеу; баламалы көзқарастарды талқылау; қоғамның қазіргі заманғы проблемаларын талдау; инновациялық идеяларды дамыту және насихаттау; өзі және басқа адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін шаралар қабылдау.

5) "Жеке қаржыдағы кірістер". Белсенді және пассивті кірістер; жеке табысты арттыру тәсілдері; ақша функциялары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; ұлттық және шетел валютасы.

6) "Жеке қаржыдағы шығыстар". Қалта ақшасын тиімді пайдалану; ірі сатып алулар; эмоционалды сатып алулар; ипотека; тұрғын үй несиесі; несиелендіру (жеке тұлғалардың банкроттығы); отбасылық іс-шараларды қалай бюджеттеуге болады.

7) "Отбасылық бюджет". Отбасы бюджетінің кірістері; отбасы бюджетінің міндетті шығыстары; отбасы бюджетінің міндетті емес шығыстары; отбасы бюджетінің түрлері;

отбасы бюджетін жоспарлау; отбасының қаржылық мақсаттары; отбасы бюджетін жүргізу ережелері.

8) "Жинақ және жинақтау". Қаржылық қауіпсіздік жастығы; жинақтау тәсілдері; ақшалай жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте; қаржылық алаяқтық түрлері; қаржы пирамидасы; қаржылық байлық; инвестициялар; қаржылық тәуекелдердің түрлері.

9) "Қарым-қатынас мәдениеті". Қарым-қатынас мәдениеті; гуманизм, адамдарға құрмет, сыпайылық, ізгі ниет және төзімділік; өз пікірін басқаларға таңа алмау мүмкіндігі; нәзіктік, коммуникативті құзыреттілік; іскерлік әңгіме мәдениеті; қарым-қатынас стандарттары мен принциптері; мәдени әртүрлілік, мәдениетаралық қарым-қатынас.

10) "Қақтығыстар. Түсінгі. Түрлері. Шешу жолдары". Тұлғаишілік қақтығыстар: мотивациялық, моральдық, рөлдік және бейімделу; тұлғааралық қақтығыстар; топаралық қақтығыстар; қақтығыстардың себептері; қақтығыстарды шешу жолдары; жанжалды шешу стратегиялары; медиация; алаңдаушылық деңгейін төмендету.

11) "Әлеуметтік проблемалар". Қоғамның әлеуметтік проблемалары; әлеуметтік проблемалардың түрлері (шығу тегі бойынша, қамту дәрежесі бойынша, қарым-қатынас деңгейі, сипаты және саласы бойынша және тағы басқалар); әлеуметтік проблемаларды, олардың себептері мен салдарын бағалап түсіну; қазіргі қоғамның өңірлік, ұлттық және жаһандық әлеуметтік проблемалар және оларды шешу; әлеуметтік теңсіздік.

12) "Экологиялық қақтығыстар". Экологиялық қақтығыстардың себептері; экологиялық қақтығыстардың түрлері; экологиялық қақтығыстарды реттеу тәсілдері; экологиялық белсенділік; әлеуметтік-экологиялық қақтығыстар және оларды жеке, аймақтық, ұлттық және жаһандық тұрғыдан шешу.

13) "Климаттың өзгеруі". Ауа мен судың ластануы. Экологиялық қауіптер; халықтың өсуі, қоршаған ортаның деградациясы; Тұщы су тапшылығы; климаттың өзгеруінің салдары: жаппай көші-қон және қақтығыстар қауіпсіздіктің төмен деңгейі.

14) "Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік". Өзін елдің азаматы ретінде сезінуге, өз Отанына тиесілігін сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер; әлеуметтік жауапкершілік; жеке қасиеттер: адалдық, әдептілік, әдептілік, ізгі ниет, ұжымда жұмыс істей білу; құқықтық мәдениет.

15) "Мәдени бірегейлікті қалыптастыру". Мәдени бірегейлікті қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері; ұлттық бірегейлік; көпмәдениеттілік; қоғам мен мәдени бірегейлікті қамтамасыз етудің негізі ретінде тіл;

16) "Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация". Дүниетаным мен басқалардың көзқарасын түсіну және құрметтеу; көпмәдениетті

проблемаларды сыни талдау дағдысы; көпмәдениетті қоғамдағы оң және тиімді өзара іс-қимыл; жергілікті және жаһандық проблемаларды шешуге қатысатын елдің және әлемнің белсенді азаматтарын қалыптастыру.

17) Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың мамандандырылған компоненті". Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік; мансаптық өсу перспективалары; шығармашылық мамандық-кәсіп және өмір салты; жобалар мен процестерді басқару; кәсіби этика құндылық ретінде.

5. Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім беру ұйымының мүмкіндігі бар:

1) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін және бақылау түрлерін таңдау;

2) оқу уақыты сағаттарының жалпы көлемін бөлімдер мен тақырыптарға бөлуге (пәнді оқуға бөлінген сағат көлемінен);

3) нақты дәлелдер мен фактілерге негізделген пәннің бөлімдері мен тақырыптарының реттілігін өзгерту;

4) жұмыс берушілердің талаптары және бөлімдер мен тақырыптар тізбесін тереңдету және кеңейту мақсатында өңірлік компонентті енгізу және бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптарды дайындық бағыты бойынша элементтерді енгізуге байланысты тақырыптардағы сағат көлемі мен пәннің мазмұнын 25% - дан аспайтындай өзгерту.

6. Оқу жүктемесі 24 сағатты (1 кредит) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бөлімдер, бөлімшілердің мен тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
	Барлығы	Сабақтар	
		Теориялық	Практикалық
1 бөлім. Жаһандық құзыреттілік			
1.1 Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	+	+	+
Тақырып 1.1.1. Жаһандық құзыреттілік дегеніміз не			
Тақырып 1.1.2. Жаһандық құзыреттілік мәдениеті			
Тақырып 1.1.3. Жаһандық құзыреттілікті қолдану			
Тақырып 1.1.4. Жаһандық құзыреттілікті дамыту жолдары			

2 бөлім. Қаржылық сауаттылық			
2.1 Жеке қаржыдағы кірістер	+	+	+
Тақырып 2.1.1. Белсенді табыс			
Тақырып 2.1.2. Пассивті табыс			
Тақырып 2.1.3. Жеке табысты арттыру жолдары			
Тақырып 2.1.4 Ақша функциялары			
Тақырып 2.1.5. Еңбекті бағалаудың әдістері мен формалары			
Тақырып 2.1.6. Ұлттық және шетел валютасы			
2.2 Жеке қаржы шығындары	+	+	+
Тақырып 2.2.1. Қалта ақшасын тиімді пайдалану			
Тақырып 2.2.2. Ірі сатып алулар			
Тақырып 2.2.3. Эмоционалды сатып алу			
Тақырып 2.2.4. Ипотека. Тұрғын үй несиесі			
Тақырып 2.2.5. Кредиттеу (жеке тұлғалардың банкроттығы)			
Тақырып 2.2.6. Отбасылық іс-шаралардың бюджетін қалай құруға болады			
2.3. Отбасылық бюджет	+	+	+
Тақырып 2.3.1. Отбасылық бюджеттің кірістері			
Тақырып 2.3.2. Отбасылық бюджеттің міндетті шығыстары			
Тақырып 2.3.3. Отбасылық бюджеттің қосымша шығындары			

Тақырып 2.3.4. Отбасылық бюджеттің түрлері			
Тақырып 2.3.5. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Отбасының қаржылық мақсаттары			
Тақырып 2.3.6. Отбасылық бюджетті жүргізу ережелері			
2.4. Жинақ және жинақтау	+	+	+
Тақырып 2.4.1. Қаржылық қауіпсіздік жастығы			
Тақырып 2.4.2. Жлайинақтау тәсілдері			
Тақырып 2.4.3. Ақша жинақтар: банкте, жылжымайтын мүлікте			
Тақырып 2.4.4. Қаржылық алаяқтық түрлері. Қаржылық пирамида			
Тақырып 2.4.5. Қаржылық байлық			
Тақырып 2.4.6. Инвестициялар. Қаржылық тәуекелдердің түрлері			
3 бөлім. Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу			
3.1 Проблемалар түрі	+	+	+
Тақырып 3.1.1. Қарым-қатынас мәдениеті			
Тақырып 3.1.2. Қақтығыстар. Түсінігі. Түрлері. Шешу жолдары			
Тақырып 3.1.3. Әлеуметтік проблемалар			
Тақырып 3.1.4. Экологиялық қақтығыстар			
Тақырып 3.1.5. Климаттың өзгеруі. Ауа мен судың ластануы			

4 бөлім. Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну			
4.1 Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	+	+	+
Тақырып 4.1.1. Азаматтық ұстаным және әлеуметтік жауапкершілік			
Тақырып 4.1.2. Мәдени бірегейлікті қалыптастыру			
Тақырып 4.1.3. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық байланыс.			
Тақырып 4.1.4. Басқа адамның көзқарасын түсіну және қабылдау қабілеті			
5 бөлім. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың мамандандырылған компоненті			
5.1 Жаһандық құзыреттілік		+	+
Тақырып 5.1.1. Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік			
Тақырып 5.2 Мансаптық өсу перспективалары			
Тақырып 5.3 Шығармашылық мамандық-кәсіп және өмір салты			
Тақырып 5.4 Жобалар мен процестерді басқару			
Тақырып 5.5 Кәсіби этика құндылық ретінде			

3-тарау. Оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері

Бөлім атауы	Бөлімше атауы	Оқыту нәтижелері	Бағалау критерийлері
Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік мәдениеті	1) Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктің маңыздылығын түсіну; 2) жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау.	1) Жаһандық құзыреттілікті сипаттайды.

		1) Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру.	1) Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.
Қаржылық сауаттылық	Жеке қаржыдағы кірістер	1) Белсенді және пассивті кірістердің мәнін түсіну; 2) жеке табысты арттыру тәсілдерін түсіндіру.	1) Жеке табысқа әсер ететін факторларды айқындайды.
	Жеке қаржы шығындары	1) Қалта ақшасын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1) Несиелендіру мәселесін түсінеді және қиындық тудыратын несиелерге жол бермейді.
	Отбасылық бюджет	1) Отбасылық бюджеттің кірістері мен шығыстарын талдай білу; 2) жоспарлау дағдыларын қалыптастыру және отбасылық бюджетті жүргізу.	1) Отбасылық бюджетті жоспарлау кезеңдерін құрайды.
	Жинақ және жинақтау	1) Отбасының қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	1) Ақшалай жинақтау көздерінің тізбесін және олардың қажеттілігін негіздей отырып шығыстар тізімін жасайды; 2) ақша жинақтарын құру тәсілдерін біледі; 3) қаржы пирамидаларына қатысуға жол бермей, қаржылық тәуекелдердің түрлерін талдайды.
Жергілікті және жаһандық маңызы бар проблемаларды шешу	Проблемалар түрлері	1) Эмпатия мен ынтымақтастық қабілетіне негізделген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру.	1) Басқа адамдардың сенімдерін түсінеді және қабылдайды; 2) құрдастарының қарым-қатынасындағы бар проблемаларды талдайды.
		2) Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	1) Қақтығысты шешу алгоритмін құрайды; 2) медиация негіздерін және қақтығыстарды шешу тәсілдерін біледі.
		3) Аналитикалық, сыни ойлау, жергілікті және жаһандық маңызы бар әлеуметтік проблемаларды бағалау дағдысын қалыптастыру.	1) Әлеуметтік жобаны, волонтерлік акциялар мен бастамаларды бағалайды.

		1) Экологиялық проблемалар бойынша дәлелдемелерді зерттеу және талдау жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	1) Жергілікті және жаһандық деңгейде экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсынады.
Әр түрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіну	Тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимылға қатысу	1) Азаматтық ұстанымын көрсете алу, өз көзқарасын қорғай білу;	1) Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді.
		2) қоғамдағы мәдени бірегейліктің маңыздылығын бағалау.	1) Әр түрлі мәдениеттердің құндылығы туралы өзіндік көзқарасын дәлелдеу үшін дәлелдер келтіреді; 2) мәдени әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды біледі және түсінеді.
		1) Жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау; 2) басқа мәдениеттердің өкілдеріне құрметпен қарау негізінде коммуникация құру дағдысын қалыптастыру.	1) Мәдени, діни және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін түсінеді; 2) қоғамда мәдениетаралық коммуникация ережелерін жасайды.
		1) Мәселе бойынша дәлелдер, айғақтар, ақпаратты таңдай білу.	1) алынған ақпаратты, әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан бағалайды.
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттың мамандандырылған компоненті	Мамандықтағы жаһандық құзыреттілік	1) Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті сипаттау; 2) бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті қолдану мүмкіндіктерін айқындау	1) Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілікті қалыптасу матрицаларын әзірлейді.
	Мансаптық өсу перспективалары	1) Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.	1) Ойлауда басымдылық көрсетеді және орындалған жұмысқа жауапкершілікпен қарайды
		1) Жарқын көркем образдар жасай білу;	1) Шығармашылық өнімнің семантикалық шкаласы (Creative Product Semantic Scale) бойынша жоба жасай алады;

Шығармашылық мамандық-кәсіп және өмір салты	2) қарым-қатынас пен эмпатияны қалыптастыру дағдысының болуы.	2) түпнұсқа бейнелерді жасауды және талғампаз функционалды шешімдерді табуды біледі.
Жобалар мен процестерді басқару	1) Көлемі, кестесі және бюджеті негізінде қатысушыларды қалай басқаруға дейінгі процестер мен жобаларды жоспарлау дағдыларына ие болу.	1) Көлеміне сай және бюджеті негізінде қатысушыларды қалай басқаруға дейінгі процестер мен жобаларды жоспарлау дағдыларына ие болады.
Кәсіби этика құндылық ретінде	1) Кәсіби этика негіздерін пайдалана білу.	1) Моральдық-құқықтық нормаларды, құпиялылық қағидаттарын сақтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК